

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
К. ЖҰБАНОВ атындағы АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университеті



ZHUBANOV
UNIVERSITY

Ф.ғ.к, доцент Н.А.Садуақас пен ф.ғ.к, аға
оқытушы К.Ә.Қондыбайдың 60 жасқа толу
мерейтойына орай ұйымдастырылған
**«ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ
БАҒДАРЛАМАСЫ:ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ОНЫ
ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
атты республикалық
ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
19 сәуір, 2019 жыл

Ақтөбе, 2019

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университеті**

**«ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫ: ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ОҚЫТУ
ӘДІСТЕМЕСІ»**

республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары

19 сәуір, 2019 жыл

Материалы республиканской научно-методической конференции

**«ОБНОВЛЕННАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА: КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И
ПРОБЛЕМЫ ЕГО ПРЕПОДАВАНИЯ»**

19 апреля, 2019 года

Ақтөбе-2019

УДК 01
ББК 91.9
Н 86

Ғылыми басылым

Баспаға конференцияның редакциялық Кеңесі ұсынған

Редакциялық кеңес:

Ердембеков Б.А. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор; Бекназаров Р.А. – ғылым және инновациялар жөніндегі проректор, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Иісбекұлы Б. – ғылыми-инновациялық бағдарламалар департаментінің директоры, филология магистрі; Садирова К.Қ. – филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор; Айтбенбетова А.Қ. – филология ғылымдарының кандидаты, Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасының меңгерушісі.

Редакция алқасы: Садуақас Н.А. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент; Мұратбек Б.Қ. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент; Күштаева М.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент; Қарағұлова Б.С. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент; Иманғазина А.Ә. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент; Кушкимбаева А.С. – PhD; Есенова Г.С. – магистр, аға оқытушы; Бекниязова Д.Д. - оқытушы, магистр; Сәдірова Ә.С. – оқытушы, магистр.

Н 86 Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Н.Ә.Сәдуақас және филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы К.Ә.Қондыбайдың **«Жаңартылған білім бағдарламасы: қазақ тілі және оқыту әдістемесі»** республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Жұбанов университеті» баспа бөлімі. 2019. – 383 бет.

ISBN 978-601-7959-74-6

Бұл жинақта Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде филология ғылымдарының кандидаты, доцент Н.Ә.Сәдуақас және филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы К.Ә.Қондыбайдың «Жаңартылған білім мазмұны: қазақ тілі және оқыту әдістемесі» республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары енгізілген. Ғылыми жинақ студенттер, магистранттар мен оқытушылардың, жалпы оқырман қауымның пайдалануына ұсынылады.

УДК 01
ББК 91.9

ISBN 978-601-7959-74-6

©Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2019

Абзал аға
(Садуақас Нұрбол Абдуллаұлы 60 жаста)

ӘЗИ Есентүгел Амангелдіұлы
Л.Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университетінің
докторанты, ҚР Журналистер Одағының мүшесі, Халықаралық
айтыс ақындары мен жыршы-термешілер Одағының мүшесі,
айтыс ақыны

«Бір ауылдан түлеп ұшқан жастар едік» деп ақын Н.Әлімқұлов жырлағандай, біз бір ауылда өскен жандармыз. Мен сол жердегі Баршақұм деген елден болсам да, совхоздың орталығы болғандықтан барлық жүріс-тұрысымыз, оқуымыз сол Алтай ауылымен, ондағы адамдармен тікелей байланысып жататын. Жасы үлкен Нұрболды алыстан «аға» деп сыйлайтынбыз. Нұрбол ағай Байғанин ауданындағы Жарқамыс ауылында дүниеге келгенімен, оның барлық жастық шағы, мектептегі он жылы, әскерге барып келгеннен соң және институтты бітіргеннен кейінгі жұмыс жасаған жері осы ауданның Алтай ауылында өтті. Нұрбол аға сол Алтай ауылындағы А.С.Пушкин атындағы орта мектепте оқыды. Ол Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтты бітіріп, қайтадан ауылға келіп, өзі оқыған А.С.Пушкин атындағы орта мектепке Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдігіне жұмысқа орналасты. Жаңа ғана оқу бітірген жас маман ауылдағы мектептің күнделікті өтіп жататын бір-біріне ұқсас «тыныш өміріне» өзгеріс әкелді. Мектептегі кітап оқуға құмар, әдебиетті жақсы көретін оқушылардың бәрі Нұрбол ағайдың қасынан табылатын еді. Сол тұста мектепте болғандардың барлығы да, өткенді еске алғанда, Дүйсек ағай мен Нұрбол ағайды алдымен ауызға алады. Себебі мектептің бір шетіндегі спорт залында дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі Дүйсек ағайдың жаттықтыруымен балуандар күресі болып жатса, екінші бір бөлмеде Нұрбол ағайдың жетекшілігімен әдебиет үйірмесінде оқушылар өлең оқып, ақын-жазушылар шығармалары бойынша түрлі кештер өткізіліп жататын еді. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған Нұрбол ағайдың ұйымдастыруымен мектептегі әдебиет үйірмесінің оқушылары ауылдағы мәдениет үйінде, совхоздың малшы-шопандарының алдында да өнер көрсетіп тұратын-ды. Нұрбол ағайымыз әртүрлі жиналыс, семинар деп аудан, облыс орталығына да жиі барып келетін. Аудан бойынша өткізілетін пән олимпиадасы, ерекше куәлікке ұсынылған оқушылардың шығармаларын тексеру, мұғалімдердің әдістемелік жиындарында сабақ өткізу, әдістемелік баяндамалар жасау сияқты, т.б. шаралардың бел ортасында жүретін еді. Оның тек мектепте жүре бермей, басқа ортада да өзін білікті маман ретінде көрсетіп, сол кезден кәсіби ізденіс үстінде болғанын қазір түсініп жүрміз.

Ауылда он жыл ұстаздық еткен ағайымыз жұмысын тапсырып, Ақтөбеге қоныс аударды. Оның Ақтөбе педагогикалық институтындағы Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасына оқытушы болып жұмысқа тұрғанын еститінмін. Кейіннен ағайымыздың ұстаздық еңбегін ғылым жолымен ұштастырып, Алматы қаласында профессор Қ.Жұбанов еңбектері бойынша филология ғылымдарының кандидаттығына жазған диссертациясын қорғағанын естідім[1].

Мен де өзгелер сияқты қалаға қоныс аударып, ақындық, айтыс жолына түсіп жүрген кезім болатын. Жерлес ағамызбен сәлеміміз түзу, көрген кезде әдебиет, өнер, айтыс туралы ой қозғап, әңгімеміз жарасып қалатын-ды. Бірде Нұрбол ағай маған ақындығын мен айтысыңды одан әрі шыңдай түсу үшін оқуға түсуге кеңес берді. Өзімнің де ойымда жүрген шаруа болғасын ағайдан ақыл-кеңес сұрап, мен де келісе кеттім. Сөйтіп маған тапсырма беріп, оқуға дайындығымды тексеріп көрді. Қазақ әдебиеті бойынша дайындығыма риза болып, қазақ тілінің заңдылықтарын әлі де пысықтауды тапсырды. Сонымен менің арманым ағайдың қостауы сай келіп, қазақ тілі мен әдебиеті

мамандығының студенті атанып, оны да сәтімен бітіріп шықтым. Студент кезімде Жұбаназар Асанов деген әдебиетші ғалым ағамызбен танысып, сол ағамыздың жетекшілігімен әдебиет саласы бойынша зерттеулермен шұғылдануыма да жол көрсетті. Кейіннен осы ізденістерімді аяқсыз қалдырмай, магистратураға, оны бітіріп алаңсыз жүргенімде доктарантураға баруға да түрткі болған осы Нұрбол ағайымның маған деген ақ көңілі мен сенімі дер едім. Адам кейбір кездерде өзі тәуекел етуге батылы бармай тұрғанында, жақын адамның сенім білдіріп, қанаттандыруы үлкен биіктерге жетелейтініне Нұрбол ағамның арқасында көзім жетіп отыр. Әрине, сенім білдіргенмен ештеңе бітпейді, соған сай еңбектену, іздену адамның өзіне байланысты ғой. Мен де алдымдағы ағаларымның ізімен, солардың үлгі-өнегесімен алға ұмтылып келемін.

Мен өзімнің шығармашылығым бойынша «Сәлем саған, Сартоғай», «Көк бөрі» деген өлең жинақтарымды шығарғанымда да оған алғашқылардың бірі болып жылы пікір айтқан Нұрбол ағам болды[2]. «Көк бөрі» деген өлең жинағыма енген өлеңдерге талдау жасап, асау толқын, көкжал толқын, ақжал толқын, аққанат толқын, ақбауыр толқын, ақ толқын, алмастай толқын, тулаған толқын, т.б. тіркестеріндегі көркемдікті, «Асау толқын» өлеңіндегі «Ақжал толқындар, арманымды алып қашпаңдар, Өздерің куә сырымды жанға шашпаңдар!» деген сөздердің мазмұнды терең оймен өрілгендігін айтқан еді. «Арғымақ мінез жырларды жалынан сипап жараттым» деген өлең жолдарымды да ауыл тұрмысы, ауыл адамының өмірімен астастыра келесі ойды қозғап тұрған, сәтті жымдасқан, терең ойлы тіркестер деп бағалағаны бар. Нұрбол ағамның тек жай фонетист маман ғана емес, әдебиетті де жанына серік еткен сыншылық қасиетін, әдеби үдеріске ерекше назар аударып жүретінін осындайда байқап жүреміз. Одан кейін шығарған «Ақтан Керейұлы», «Жайық деген жанды су. Ақтан Керейұлы өлеңдері, шығармалары» деген зерттеу-жинақтарыма да оң пікір білдірді[3]. Оның пединститутта жүрген кезінде қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып, «Нұрпейіс Байғанин шығармашылығы және қазіргі әдебиеттану мәселелері», «Ақтан Керейұлы және аймақтық әдебиеттану мәселелері», «ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы Жайық алқабы ақындарының әдеби мұрасы» деген тақырыптарда республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастырғаны да осы әдебиетке жақындығын, бейім-қабілетін танытады.

Өзі тіл саласының маманы болса да, Нұрбол ағам өз мақалаларын әдебиет мәселелерімен байланыстыра зерттеуге ерекше назар аударады. Оның қаламынан туған «Қ.Жұмалиев зерттеуі және Махамбет өлеңдерінің дыбыстық ерекшеліктері», «Қобыланды батыр» жырының зерттелуі туралы», «Шешендік сөздердің фонетикалық ерекшеліктері», «Эпикалық дастандар және «Қобыланды батыр» жыры», «Едіге» жырының тілдік ерекшелігі туралы», т.б. мақалалары осыған дәлел болады. Нұрбол ағам туралы айтқан кезде оны әріптестері профессор Қ.Жұбановтың фонологиялық ой-танымдары жан-жақты зерттеген маман деп таниды. Ол осы салада үнемі ізденіп жүретінін білеміз. Үнемі жазу үстіндегі Нұрбол ағамыздың өткен жылы «Профессор Қ.Жұбановтың фонетика-фонологиялық зерттеулері» деген монографиясының жарыққа шыққанын да көріп, кітабына құтты болсын айтқанбыз[4].

Нұрбол ағамыз осы жасқа дейінгі ұстаздық жұмысында, тек мен емес, өзінің талай шәкірттеріне оң жол көрсетіп, ағалық қамқорлығын жасап келеді. Сондықтан абзал ағамызды алпыс жасқа толуымен құттықтап, оған алдағы уақытта да аман болып, шығармашылық табыстарға жете беруіне өлең арқылы тілек жолдаймын!

Абзал ағаға арнау!

(Садуақас Нұрбол Абдуллаұлы 60 жаста!)

Жем-Сағыздан ақ тілектер топтанып,
Көңіл босап, кеудені ыстық от қарып.
Асау ұлдай жақсы ағасын аңсаған,
Ақтөбені қанат қақты бетке алып.

Етегіне ел түнетіп ұшқан мұң,
Мұнды көрдім, қуанышқа құштармын.
Ақ тілектер аспан жақтан саулайды,
Қанатынан төгілгендей құстардың

Жан-жүрегі жып-жылы бір ұядай,
Қасиеті қыран қонар қиядай.
Бір адам жүр, Құдайберген көкемнің,
Қаламынан тамып қалған сиядай.

Шіренбейді шәкірттерге төс керіп,
Тіленбейді атақ үшін көшке еріп.
Өйткені ол өмір көрген өр елдің,
Өксік толы көкірегін өсті еміп.

Шәкірт емес, бауырым деп қараған,
Теңесе алмас тұлғасына жан адам.
Қамқорлығын аямайтын кішіден,
Дәл өзіңдей болса, шіркін, бар ағам!

Алтайымның ақ құмынан жаралып,
Өскен аға, бізге кеуден нар алып.
Сіздей ұлды бауырынан самғатқан,
Алтайда бір құдіреттің бары анық.

Шабысың бар топтан озған ақтабан,
Намысың бар отқа жанын қақтаған.
Қаратаудай арқа сүйеп жүретін,
Сіздей ағам болғанына мақтанам!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Садуақас Н.А. Профессор Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері. ҚДА. – Алматы, 1999.- 26 б.
2. Әзи Е. Көк бөрі. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2012.- 96 б.
3. Әзи Е. «Жайық деген жанды су. Ақтан Керейұлы өлеңдері, шығармалары». – Алматы: 2015.- 248 б.
4. Садуақас Н.А. Профессор Қ.Жұбановтың фонетика-фонологиялық зерттеулері. Монография. – Алматы: Эверо, 2018.- 216 б.

Жаны жайсаң, мінезі көркем ғалым

Исакова С.С.

*Филология ғылымдарының докторы, профессор
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Қазақстан, Ақтөбе қ.
sabira-i@yandex.ru*

Бүгін алпыстың асуына қол созып отырған ғылыми ортаға танымал белгілі фонетист-ғалым Нұрбол Абдуллаұлының өміріндегі алғашқы қадамдары, Байғанин ауданының Жарқамыс деп аталатын аядай ғана ауылдан басталады да, білім мен ғылымның биік асуларына қажымай-талмай сатылап көтеріле беруден тұрады. Ол 1976 жылы А.С.Пушкин атындағы орта мектепті, 1977 жылы №19 кәсіптік-техникалық училищені, 1984 жылы

Орал педагогика институтын, 1999 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің аспирантурасын бітіреді. Еңбек жолын орта мектеп бітірген соң "Алтай" совхозындағы "Жас толқын" комсомол-жастар бригадасы құрамында шопан болып бастайды. 1977-1979 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтейді. Жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін он жыл А.С.Пушкин атындағы орта мектебінде мұғалім, мектеп директорының орынбасары қызметтерін атқарады. Бұдан кейін Ақтөбе ауданындағы Қарғалы орта мектебінде ұстаздық етіп, 1994 жылы Ақтөбе педагогика институтына оқытушылыққа ауысады. Н.А. Садуақас 1999 жылы қазақ тілі мамандығы бойынша "Профессор Қ.Қ.Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктемесінің негіздері" тақырыбында диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алады. «Мансап іздеме, мақсат ізде» деген аталы сөзді жадына мықтап сақтаған ғалым қазақ тілін, оның ішінде фонетика саласын зерттеуді өзіне мақсат етіп келеді.

Орал педагогика институтын бітірген соң, қатардағы мұғалімнен мектеп директорының орынбасарына дейінгі баспалдақтарды тегіс өтіп шыққан Нұрбол Абдуллаұлы - шәкірттерге білім берудің жай-жапсарын, ішкі қалтарыс-бүкпесін жетік білетін жан және қазіргі оқыту проблемалары туралы өзіндік айрықша көзқарасы бар педагог.

Ғалым Қ.Жұбановтың қазақ фонетикасының ғылыми курсы жасаушы, қазақ тіліндегі буын туралы тұжырымдары, фонетикалық терминдер, фонологиялық танымдары, қазақ жазуы мен әліпбиіне қатысты көзқарастарын жан-жақты зерттеп, ғылыми мақалалар мен монография, оқу құралдарын жазып, тілші мамандар даярлауда өз үлесін қосып келеді. Теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды еңбектерінің бірі - ЖҰБАНОВТАНУ:Фонетика мәселелері. Оқу құралы (Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2018.- 167 бет) [1] болып табылады. Ғалым оқу құралының алғы сөзінде «Қ.Жұбанов еңбектеріндегі фонетика, лексика-грамматикалық және терминология мен орфографиялық танымдарды, оның ғылыми дискурсын бүтінгі тіл білімінің теориялық жетістіктері деңгейінде жаңа қырынан қарастырудың маңызы зор», - деп атап көрсетеді[1,4]. Оқу құралында Қ.Жұбановтың қазақ тіліндегі дыбыстар құрамы, фонемалардың фонетикалық ерекшеліктері, олардың жіктелуі, буын типологиясы, буын жігі, сингармонизм, екпін, латын негізді қазақ әліпбиі, жазу емлесі, фонетикалық терминдер т.б. жөніндегі фонетика-фонологиялық зерттеулеріне талдау жасалып, қазіргі қазақ тілі фонетикасының ғылыми-теориялық жетістіктерімен байланысы көрсетіледі. Қ.Жұбановтың қазақ тілі фонетикасына қатысты зерттеулері бойынша тақырыптар көрсетіліп, соған орай дәрістер мен практикалық жұмыстар, студенттердің өз бетімен орындайтын жаттығулары, бақылау-пысықтауға арналған аралық бақылау, тест сұрақтары мен глоссарий, қажетті әдебиеттер дерегі, т.б. оқу-әдістемелік ұсынымдар берілген.

Нұрбол Абдуллаұлы аталған оқу құралында Қ. Жұбановтың тіл дыбыстарының басқа дыбыстардан айырмашылығын анықтаған пікірлерін, тілдің дыбыстау мүшелерінің қызметі туралы танымдарын, фонологиялық мәселелерді, Қ.Жұбанов зерттеулеріндегі қазақ тілі дыбыстарының құрамы мен топтастырылуын, қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың жіктелуі, дауыссыз дыбыстардың жіктелуі, буын, буынның түрлері мен дыбыстық құрамы, үндестік заңына, қазақ тілі тарихи фонетикасына қатысты тұжырымдары мен екпіннің, интонацияның қызметі туралы көзқарастарына жан-жақты талдау жасаған.

Оқу құралында ғалым Қ.Жұбановтың терминжасам мәселелері туралы былай деп жазады: «Қ.Жұбанов өзіне дейінгі терминдерді жетілдіріп қана қоймай, қазақ тілі дыбыстарын түрлі ерекшеліктеріне қарай топтап, жіктеу барысында терминдерді де жаңадан ойлап таба білген»[1,114]. Қ.Жұбанов ұсынған төмендегідей *келте дауысты, жуан дауысты, жіңішке дауысты, қосынды дауысты, ерін дауысты, езу дауыстылары, үнді дауыссыз, үнсіз дауыссыз, үздікті дауыссыз, үздіксіз дауыссыз, тіс дауыссызы, ерін дауыссызы, көмей дауыссызы, жабысыңқы дауыссыз, жуысыңқы*

дауыссыз, сыбыр дыбыс, сыбыс дыбыс, сонор, тура жолды сонор, айналма жолды сонор, мұрын жолды айналма сонор, ауыз жолды айналма сонор, жалаң буын, жеңіл тұйық буын, ауыр тұйық буын, жеңіл бітеу буын, ауыр бітеу буын, екпінді буын, сөз екпіні, буындардың жылысуы, буындардың кірігуі, ұмтыла үндесу, тартына үндесу, дауыс сазы, кішкене тіл, дыбыстау аппараты, өрleme дифтонг, құлама дифтонг, дыбыс физиологиясы т.б. фонетика терминдерінің көпшілігі ғылыми қолданыста бар екенін айта отырып, қазақ тілінің төл сөздері негізінде терминжасау үлгісін А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбановтан алуымыз керек деген ғалым пікірінің құнды екенін айтқымыз келеді.

Қ.Жұбановтың латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі мен емлесі туралы пікірлері де оқу құралында қарастырылған. Н. Абдуллаұлының латын графикасы мәселелері туралы «Ақтөбе» облыстық қоғамдық саяси газетінде «Латын әліпбиіне көшү-тіліміз үшін жасалған игі қадам» (№ 10-11. 24.01.2013 ж.) [3]; «Мемлекеттік тіл және латын әліпбиі» (№ 44. 14.04.2017 ж.) [4]; «Латын әліпбиі-қазақ тілінің жаңа көкжиегі» (№ 135. 17.11.2017 ж.) [5], «Актюбинский вестник» газетінде «Возвращение латиницы» (№ 132-133. 16.11.2017 г.) [6], Алматы қаласының «Жас қазақ» Ұлттық апталық газетінде «Жаңа әліпби жаңалыққа бастайды» (№42. 01.11. 2013 ж.) [7], «Жем-Сағыз» Байғанин аудандық газетіндегі «Қазақ тілін латын қарпіне көшіру – заман талабы» (қараша, 2017 ж.) [8], т.б. мақалаларында қазіргі таңда қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы Елбасының рухани жаңғыру бағытында баяндаған терең мәнді ұстанымдарын халықтың ықыласына ие болып, қолдау тауып отырған мәңгі елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі істердің, маңызды тарихи оқиғалардың бірі деп санап, қазір латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр деген пікір білдіреді.

Фонетика мен морфологияның аралығындағы құбылыстарды немесе заңдылықтарды зерттеуге бағытталған морфонология саласы бойынша студенттерге арнаулы курс дайындаған ғалым ол пән туралы былай деп жазады: «Морфонологияның дүниеге келіп, зерттеле бастауына әсер еткен басты себептердің бірі фонетика мен морфология аясында «шешімі қиын» мәселелердің саны артып, бірдей құбылыстарды бірде фонетика, енді бірде морфология аясында қарастырылуы еді. Дегенмен, зерттеушілер фонетика мен морфология қағидаларымен түсіндіруге көне бермейтін құбылыстарды байқап, оның басқа да сыры бар екендігіне назар аударған. Морфонология нысанына енетін құбылыстарды ең алғаш фонетиктер байқап, олар фонетика заңына сәйкес келе бермейтін грамматикалық өзгерістер болатынын аңғарып, оған жауап іздей бастады».

Ғалымның сингорморфонология арнаулы курсы студенттер арасында аса қызығушылықпен таңдалатын пән болып саналады. Нұрбол Абдуллаұлы әдеби шығармаларды да талдауға назар аударып, өлең мен шешендік сөздердегі дыбыстық үйлесімдерді анықтауда тың тұжырымдар жасағанын айта кеткен дұрыс, мысалы, «Өлең немесе қара сөз мәтінінде дауысты немесе дауыссыз дыбыстар тіркесі қайталана айтылады. Бұл құбылыс дыбыстық анафора деп аталады.

Жағаға жақын қонғанда,
Жайылып сулар алмас па!

Жаманға дос болғанда,

Жазымда басың қалмас па! – деген Шалкиіз ақынның сөзінде “жа” дауыссыз бен дауысты дыбыстарының тіркесі дыбыстық анафора ретінде өлең сөзіне ерекше леп беріп тұр».

Алпысқа толғанымен шығармашылық бабына енді келгендей қажыр-қайраты мол әріптесімізді шын жүректен құттықтап, үдемелі табыстар тілейміз. Оның ізгілік іздеушісі ретінде алда да талай биіктерді бағындыратыны күмән тудырмайды.

Өмірлік еңбек пен тұрмыс тәрбиесі, жеке басыңыздың кіршіксіздігі отбасыңыз үшін ғана емес, қатар жүрген әріптестеріңіз, тілектес дос-жарандарыңыз үшін де зор мақтаныш,

абырой, сондай-ақ, студенттерге және жас ұрпақтар үшін нағыз өмір мектебі екендігі даусыз.

Бүгінгі мерейтойыңызда Сізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбекте тың табыстар мен өмірдің асқақ абыройын тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын қызықтап, Алланың берген жасын жасап, несібе-дәулеттеріңіздің арта беруіне шын жүректен тілектеспіз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Садуақас Н.А. Жұбановтану: Фонетика мәселелері. Оқу құралы (Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2018.- 167 бет.
2. Садуақас Н.А. «Латын әліпбиіне көшу-тіліміз үшін жасалған игі қадам». «Ақтөбе» облыстық қоғамдық саяси газеті. № 10-11. 24.01.2013 ж.
3. Садуақас Н.А. «Мемлекеттік тіл және латын әліпбиі». «Ақтөбе» облыстық қоғамдық саяси газеті. № 44. 14.04.2017 ж.
4. Садуақас Н.А. «Латын әліпбиі-қазақ тілінің жаңа көкжиегі». «Ақтөбе» облыстық қоғамдық саяси газеті. № 135. 17.11.2017 ж.
5. Садуақас Н.А. «Возвращение латиницы». «Актюбинский вестник» газеті. № 132-133. 16.11.2017 г.
6. Садуақас Н.А. «Жаңа әліпби жаңалыққа бастайды». «Жас қазақ» Ұлттық апталық газеті. №42. 01.11. 2013 ж.
7. Садуақас Н.А. «Қазақ тілін латын қарпіне көшіру – заман талабы». «Жем-Сағыз» Байғанин аудандық газеті. қараша, 2017 ж.

Н.А.Садуақастың зерттеушілік және ағартушылық қызметі

Садирова Күлзат Қаниқызы

филология ғылымдарының докторы, доцент

Қазақстан, Ақтөбе,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,

kulzat.sadirova@mail.ru

Адам баласының өмірі мен кәсібі өзі қызмет ететін ортасында танылып, сол ортада пісіп жетіледі, өзгенің қалыптасуына да ықпал етеді, өз бағасын да алады. Жеке жанның басындағы әр жаңалық пен өзгеріс елдің өзгерісімен тікелей байланысты болады. Осындай елдегі өзгерістің елеулісі біз өмір сүріп отырған бүгінгі уақытта болып жатыр. Жаңа жүкті бірлесе көтерісіп, иық тіресіп маман даярлау ісінде қызметтес болып келе жатқан бүгінде алпыстың белесіне көтеріліп тұрған, біздің әріптесіміз филология ғылымдарының кандидаты, доцент Садуақас Нұрбол Абдуллаұлы туралы бір ауыз сөз жазуды мақсат тұтып отырмыз. Аталған мерейтой иесінің еліміздегі білім беру мазмұнының жаңартылуы мен латын әліпбиіне көшу мәселелеріне байланысты орындаған ісі мен қазақ тіл ғылымының дамуына қосқан үлесін тілге тиек етпекпіз. Ең алдымен, Садуақас Нұрбол Абдуллаұлының аталған екі мәселеге қосқаны мен қосары туралы айтайық.

Латын әліпбиіне көшу ісі қолға алынған алғашқы күннен бастап-ақ филология ғылымдарының кандидаты, доцент Н.А.Садуақас осы мемлекеттік маңызы бар істі ел арасында насихаттауға белсене ат салысты, мұның айтарлықтай маңызы бар, себебі кез келген жаңалық көпшілікке бірден қабылдана салмайды, жаңа өзгерісті тосырқай қабылдайтын, қалыптасқан дағдыдан ажырап жаңа дағдыны иеленуді қиынсыну, барынан айырылып қаламын-ау деген уайым мен қорқыныш адам табиғатына тән құбылыс. Мұндай сезім тек жеке басқа қатысты шаруаларда ғана емес, қоғамның әр мүшесіне қатысы бар мемлекеттік деңгейдегі шешім қабылданғанда да бастан өтеді. Ақтөбе облысының аудандары мен елді мекендерін аралап, үлкенге де, кішіге де жаңа латын негізді әліпбиге көшудің қазақстандықтар үшін, оның ішінде қазақтар үшін не беретінін, ел болашағы үшін

кандай маңызға ие екендігін, бұл өзгерістің қазақ тарихында бұған дейін де орын алғандығын, сол кезеңдегі жасалып, ұсынылған, қолданылған латын негізді әліпбиден кейінгі әліпбидің айырмашылығын, қазіргі түркі тілдес елдердің латын негізді әліпбиге көшу тәжірибелерін, олардың ұтқаны мен ұтылған тұстарын саралап ауызша да түсіндіріп, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы – теледидар арқылы да, газет арқылы да – көпшілікке өз ой-пікірлері мен тұжырымдарымен бөлісіп жүрді. Латын негізді әліпбидің бірінші нұсқасы қабылданғанға дейінгі талқылауларға да белсене қатысып, өз нұсқасын ұсынды, латын негізді әліпбидің нұсқаларын талқылаумен айналысқан ғылыми бас қосуларда да өз тұжырымдарын ғылыми негіздеп ұсынып жүрді, кейін әліпбидің екінші нұсқасының, соңғы үшінші нұсқасының қабылданғанында, соңғы нұсқадағы латын негізді қазақ әліпбиінің емле ережелерінің талқылануында да өзіндік пікірі мен талдауларын, ұсыныстарын енгізді. Қазақ тілінің төл табиғатына сай фонетикалық заңдылықтардың орфоэпиялық та, орфографиялық та ережелерде дұрыс берілуіне де барынша жұмыстанды. Н.Садуақастың латын негізді қазақ әліпбиінің жазу емлесіне қатысты жазған зерттеулерінде берілген пікірлерге назар аударсақ, ел үшін маңызды істің үдерісін толықтай білетініне анық көз жеткіземіз: «Қазіргі кезде, жаңа әліпби бойынша жазу емлесі талқылауларда айтылған ұсыныстар негізінде толықтырылып отыр. Алдағы уақытта да жетілдіріле түседі. Сондықтан жазу емлеміздегі әр жаңалықты тіліміздің болашағы үшін жасалып жатқан жақсы істердің жалғасы деп түсіну керек. Латын әліпбиіне көшу - ана тілімізді дамытып, оның қолданыс аясын кеңейте түсіп, мәртебесін әлемдік деңгейге көтеруге жасалған ең тиімді, дұрыс шешім» [1, 4]. Латын әліпбиін қабылдау маңыздылығын түсіндіріп қана қоймай, елді латын негізді жаңа әліпбимен жазуға үйрету ісінде де ғалым нақты істерді атқарып жүр. Атап айтсақ, «Жұбанов университеті» облыстық ақпараттық-танымдық газетте «Жаңа емле» айдарында арнайы сабақтар жүргізу ісін қолға алып, газет оқырмандарын жаңа әліпбимен жазуға дағдыландырып жүр. Латын негізді әліпбиге көшу ісінде ғалым Н.Садуақастың белсенді әрекет етуі заңды, бұл белсенділікті тілші-ғалым ретіндегі кәсіби борышын адал атқаруы деп ұғамыз. Өзге тілші-ғалымдар да бұл іске белсене ат салысқанымен Н.Садуақастың өзгелерден гөрі мемлекет үшін маңызды мәселеде үні басымдау шығуы – оның ғылыми зерттеулерінің қазақ тілінің фонетикасы саласына тікелей қатысты болуынан, әрі қазақ тіл ғылымының негізін салушы ғалымдардың бірі, тұңғыш қазақ тіл білімі бойынша профессор атанған ғалым Қ.Жұбановтың ғылыми тұжырымдарын, фонетикаға қатысты пайымдауларын фонологиялық аспектіде зерделеуінен туындап отыр.

Н.Садуақастың қазақ тіл ғылымындағы қомақты үлесі де «Жұбановтану» бағытындағы тұшымды зерттеулері. Ғалым 1999 жылы 22 қазанда Алматы қаласындағы ҚР БжҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы Д 53.38.01 диссертациялық ғылыми Кеңесте 10.02.02-қазақ тілі мамандығы бойынша «Профессор Қ.Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері» тақырыбында филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазған диссертациясын сәтті қорғады. Осы диссертациялық еңбегінде Қ.Жұбановтың ғылыми тұжырымдарын фонологияның қазіргі ғылыми қорытындыларымен сабақтастыра отырып талдап, Қ.Жұбанов зерттеулеріндегі ой пікірлердің фонология теориясындағы терминдік атаулармен нақты аталмаса да, олардың сипаттамасы мен анықтап көрсеткен заңдылықтарының фонологиялық мәселемен мазмұндас келетінін негіздейді. Ғалымның өз сөзімен берсек: «Тілді зерттеу барысында фонема теориясы туралы қалыптасқан көзқарастар тіл дыбыстарын фонологиялық жағынан тексеруге жол ашты. Қ.Жұбанов өзінің «Қазақ тілі грамматикасы» атты оқулығында «фонема» деп айтпай, оның орнына «сапалы дыбыс» терминін қолданады. Қ.Жұбанов қазақ тілінде 26 сапалы дыбыс бар екенін айта келіп, олардың «е»-ден басқалары бірде жуан, бірде жіңішке айтылуы арқылы екі түрлі болып, барлығы 51 дыбыс орнына жүретінін ескертеді. Мұның өзі Қ.Жұбановтың фонема мен оның реңктері туралы заңдылықтарды зерттеу барысында жете танығандығын көрсетеді. Тілдегі фонеманың санын білу үшін тек қана күшті позицияға көңіл аудару

керек болады. Фонеманың бұл ерекшелік белгілері де ғалымның назарынан тыс қалмаған. Фонема тілдің жеке мағыналы сөздерін, сөз бөліктерін жасауға қажетті, артикуляциясы жағынан тұрақталған арнаулы мағыналы дыбыстық элементтердің жүйесі ретінде, тілдің дыбыстық құрылысының ары қарай бөлуге келмейтін ең кіші мағыналық бөлшегі болғандықтан жеке сөздерді, олардың грамматикалық формаларын құрастырушы ретінде маңызды функциясы бар дыбыс болып табылады. Қ.Жұбанов фонема заңдылығына ерекше көңіл бөлген. Оның пікірлері қазіргі зерттеушілер ойларымен ұштасып жатқанын көреміз» [2, 104], - деп Қ.Жұбановтың тіл дыбыстарының фонологиялық ерекшеліктерін дәл танығанын атап көрсетеді. Н.Садуақастың Қ.Жұбановтың зерттеуіндегі пікірді төмендегідей талдауы да назар аудартады: «Қ.Жұбанов «Бір сөзді екінші сөзден айырғанда, екеуінің дыбысталуында бір айырмашылық болғаннан айырамыз», - деп, сөз бен сөзді айыратын негізгі белгі ретінде дыбысталу және дыбысталуының мағынамен байланысын айтады. Демек, фонема теориясы дыбыстарды мағына айқындау жағынан бір-біріне қарама-қарсы қоятынын ескерсек, Қ.Жұбанов «манда», «танда» деген сөздердің екі басқа сөз болуының негізгі белгісі дыбысталуында деп дұрыс айтқан. Ғалым бұл пікірі арқылы тек қазақ тілінің ғана емес, жалпы фонетика мәселелерін сөз еткен деп білеміз. Ол фонема заңдылықтарын қалай терең меңгерген болса, өз ойын да шебер жеткізе білгенін көреміз. «Бір сөз екінші сөзден өзге болу үшін біреуінің бір-ақ бөлшегінің өзгеше дыбысталуы жеткілікті, түгелімен өзгеше дыбысталуы шарт емес», - дейді де, «манда», «танда» сөздеріндегі «и, т» дыбыстарынан басқа дыбыстары бірдей, яғни бұл екі сөздің ішіндегі бөлшектерінің көбі бірдей дыбысталатындығынан ұйқасып тұрғандығын айтады. Демек, бір сөзді екіншісінен өзгеше етіп, мағынасын өзгертуде фонеманың сапасы негізгі роль атқаратынын және бір ғана фонема өзгеше болуы сөз мағынасын түбірімен өзгертетіндігін де фонема теориясына сүйене отырып түсіндірген. Ол дыбысқа төмендегідей анықтама береді: «Біреуі ғана өзгерсе де сөзді өзгертіп (я сөз қылмай, я басқа сөз қылып) жіберуге жарайтын сөз бөлшектерін «дыбыс» дейміз». Ғалымның бұл пікірі лингвистикада дыбыстың атқаратын қызметін дәл біліп, анықтай алғанын көрсетеді. Сондай-ақ «Дыбыстары бірдей сөздердің көбінесе мағыналары да бірдей болады», - деп дыбысталу мен мағына тығыз бірлікте болатындығын білдіреді. Сонда, қазақ тілінде дыбыстары бірдей жағдайда, фонематикалық кезеңі де жоқ болса, бірдей сөздердің мағыналарында да айырмашылық болмайтынын ескертеді. Ғалым «Сөз мүшелерінің дыбыстары бірдей болғанда, мағынасы әр түрлі болуы сирек кездеседі», - дейді де, «ам» деген бір сөздің «ам (жылқы), ам (біреуді атайтын сөз), ам (мылтық ам)» деген үш мағына беретінін, бірақ «мұндайлар көп кездеспейді» дегенді айтады. Ал кездесе қалса, «екі кісінің аты бір болғаннан шатасып қалмайтынымыз сияқты, екі сөздің дыбыстары бірдей болғаннан да шатаспаймыз» дейді. «Сөз тұлғасына қарап, я сөз алқасына қарап, қай мағынада екенін ашып аламыз» дегенді айтады. Бұл мысалда «ам» деген сөздегі «а» фонемасы үш сөзде де акустика-артикуляциялық жағынан алғанда бірдей, сол сияқты «т» дыбысы да үшеуінде де бірдей болғандықтан мағына өзгертетін кезеңдер байқалмайды. Демек, ғалым дыбыстардың сөз ішіндегі тіркесуінде белгілі заңдылықтармен қатар, сәйкестіктер болатынын аңғарған дейміз» [2, 106].

Н.Садуақастың Қ.Жұбановтың фонологиялық ойларын бүгінгі ғылым тұрғысынан талдауын жұбановтану бағытын қалыптастыру мен дамытуға қосқан үлкен үлесі деп бағалауға болады. Бұл ғылыми маңызды іс, әрі оның білім беру мазмұнының ұлттық таным тұрғысынан толығына ықпалы болатыны анық. Н.Садуақастың латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі мен жазуын үйретудегі ісі мен жұбановтанушы ғалым ретіндегі зерттеулері оның оқытушылық шеберлігімен ұштасып жатыр. Ғалым өз зерттеулерінде алдыңғы қазақ тілші ғалымдардың қазақ тіліндегі сингармонизм заңына қатысты айтқан пікірлерін жалғастыра отырып, өзінің ой-қорытындысын былайша ұсынады: «Қазақ тіліне басқа тілден енген сөз де тіліміздің сингармониялық заңына сәйкес дыбысталса, онда ол сөзді қазақ индивиді ана тілінің төл сөзіндей қабылдайды. Ал сөзді дыбыстауда сингармонизм заңы бұзылса, онда ол сөздің тура, тез қабылдануы қиынға

түседі. Сондықтан біріншіден, алфавитте өзге тіл дыбыстары шама келгенше болмағаны, ал болса да оны қазақ тілінің үндестік заңына сай айту орынды болады деп есептейміз. Бұл тіліміздегі өзге тіл салмағын жеңілдетудің бір жолы екендігін де ескерген жөн» немесе «орыс тілінде сөз екпіні дыбыстарды бір сөзге біріктіріп, дұрыс қолданылуын қамтып тұратын болса, қазақ тілінде бұл фонологиялық қызметті сингармонизм атқарады. Сондықтан сингармонизмнің фонологиялық қызметін жан-жақты зерттеу барысында ғана тіліміздің өзіндік табиғатын терең тануға қол жеткіземіз» [3, 13].

Н.Садуақастың қаламынан туындаған 1 монография, 6 оқу құралы, 8 оқу-әдістемелік құрал мен 200-ден астам ғылыми және әдістемелік мақалалар қазіргі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жоғары құзыреттілікке ие мамандар дайындау ісінде кеңінен қолданылып келеді. Әсіресе жаңартылған білім бағдарламасын игеру мен игерту, әрі сол бағдарламамен мектеп оқушыларын оқытатын тіл мен әдебиет мұғалімдерін дайындау бағытында Н.Садуақастың әдістемелік еңбектері маңызға ие. Әсіресе ғалымның «Қазіргі білім берудің жаңа жүйесі» [4], «Сабақ барысындағы топтық жұмыстардың маңызы» [5] мақалаларында жазған ойлары білім беру саласында өзекті.

Топтық және жұптық оқыту технологияларын сабақ үдерісінде пайдалану негіздері мен практикалық, қолданбалылық сипаттағы жұмыс түрлерінің жүйеленіп ұсынылуы мәселесіне де қатысты өзіндік пікір тұжырымдары кәсіби ортада оң бағаға ие.

Н.Садуақас қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ филологиясы мамандықтары бойынша маман дайындау ісінде ғылыми және ұстаздық қызметімен қатар, оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми жұмыстарды кафедра, факультет деңгейінде ұйымдастыруда да ерекше еңбек етіп келеді. Болашақ мамандардың практикалық білік-дағдыларын қалыптастырып, кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мен жетілдіруге бағытталған еңбектері де маңызға ие. Жоғары оқу орнында білім беру қызметін өндіріспен байланыстыру ісінде өзінің өзгелермен ерекше іскерлік қарым-қатынас орната алатынын танытып келеді. Сол арқылы студенттер мен магистранттардың, докторанттардың кәсіби тәжірибелерін ұйымдастыруда да өзінің ұйымдастырушылық қабілетін таныта білді.

Ғылым жолында да, білім беру ісінде де өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан әріптесімізге алты асқарды асып жеткен жетістіктері еселене түссін дегіміз келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Латын графикасына көшу: қазақ тілі **әліпбиі мен емлесі** (ғылыми-танымдық еңбек) – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2018. –80 б.
- 2 Садуақас Н. А. Қ.Жұбановтың фонологиялық танымдары //«Жұбанов тағылымы - ІХ» дәстүрлі халықаралық ғылыми конференция материалдары жинағы (30.11.2017 ж). - Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе ӨМУ, 2017.- – 465 б. - 103-106 б.
- 3 Сингармонизмнің фонологиялық қызметі// ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – Алматы, 2008. №3(169). –19-23 б.
- 4 Қазіргі білім берудің жаңа жүйесі» // Білім беру жүйесі мен ғылымды жаңғырту: мәселелері мен артықшылықтары. Халықаралық ғылыми-практикалық семинар материалдары(28.03.2017ж.). – Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ,2017.–190-193 б. (авторлар бірлестігімен: ҚондыбайК.Ә., ӘбдіроваШ.Г.).
- 5 Сабақ барысындағы топтық жұмыстардың маңызы// «Орта білім берудің мазмұнын жаңарту: мәселелері және болашағы» облыстық ғылыми-практикалық конференция материалдары (21.04.2017ж.). – Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, 2017.– 372 б. (148-152 б.).

К. Қондыбаева еңбектеріндегі ықшамдалу заңдылығының мәселелері

Балтабаева Ж.Қ.,

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры, п.ғ.д.

Тіліміздегі тілдік бірліктердің өзіндік қызметі, өзіндік орны бар екені талассыз жайт. Сонымен қатар тілдік бірліктер, тілдік жүйе тілдің ішкі даму заңдылықтарына қарай бағынады, яғни тіл, ғалымдардың көрсетуінше, үнемі өзіне қажеттісін таңдап, іріктеп алады, артығынан құтылуға әрекет жасайды. Профессор Н.Оралбаева тіліміздің грамматикалық құрылысында тек қана күрделену заңдылығы орын алса, онда тілдің қиын, ауыр тілге айналуы да мүмкін екендігін, бірақ тілде мұндай жағдайға жібермейтін екінші ықшамдалу заңдылығы бар екендігін және осы заңдылықтың негізгі принципі – ойды жеткізуге тиісті тілдік элементтердің санын да, дыбыстық, морфемдік құрамын да қысқарту екендігін баса айтқан еді[1,29]. Ал белгілі ғалым Р.Сыздықова «Сөз мәдениетінің мәселелері» атты мақаласында «Тілдегі әрбір құбылыстың дәл бүгінгі таңда норма екендігін немесе еместігін жеке адамдардың танымынан шығармай, сол құбылыстың (яғни лексикалық, грамматикалық, фонетикалық элементтердің) табиғаты мен тарихи барысын талдап, оны өзге параллельдермен байланыстыра (салыстыра) отырып айту керек», -дей келіп, оған мынадай мысалдарды келтіреді: « барғасын, келгесін деген есімше тұлғалары қазіргі әдеби норма бола ала ма, жоқ па дегенді айту үшін, осы сияқты тұлғалардың ықшамдала түсу процесі өзге тұстарда да байқала ма екен, жалпы осы процестің болашағы қандай(өсіп бара ма, өшіп бара ма) дегендерді зерттеу қажет болады»[2,31], - деген ой тұжырымдайды.

Осылайша қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымдары назар аударған тіліміздегі ықшамдалу заңдылығы - көне кезеңдерден бастау алатын, ауызекі сөйлеуде орын алған құбылыс. Тілдегі бұл заңдылықтың қолданылатын орны ауқымды. Соның ішінде жалғаулардың қолданыста ықшамдалуы өте жиі кездесетін жайт. К.Қондыбаева өз зерттеуінде қазақ тіліндегі жалғаулардың ықшамдалу мәселесін сөз етіп, жалғаулардың қалыптасуында да, қазіргі қолданысында да ықшамдалудың қызметін анықтаған[3]. Ғалымның еңбегінде жалғаулардың қолданыстағы ықшамдалу процесі тілдік нақты мысалдармен дәйектелген. Зерттеуші алдымен жіктік жалғауының ықшамдалуын сөз еткенде алдымен олардың екі түрлі өзгерісін көрсеткен: 1) жіктелу жүйесінде нөлдік тұлға пайда болған; 2) жіктік жалғауының қысқа түрлері қалыптасқан. Одан әрі автор жіктелу жүйесіндегі нөлдік тұлғаны тарихи және жарыспалы нөлдік тұлға деп екіге бөледі де, тарихи нөлдік тұлғаны ықшамдалу заңдылығының әсерінен деп дәлелдеген. Жіктік жалғауының тарихи нөлдік тұлғасына бұйрық райдың 2-жақ, жекеше түрінің тұлғасын жатқызған. Сондай-ақ ашық райдың ауыспалы осы шақ пен бұрынғы өткен шақтың көсемше түрінен басқа шақтардың, райдың кейбір түрлеріндегі 3- жақтың нөлдік тұлғасын жатқызған. Бұл ерекшелікті ғалым жіктелу жүйесінде 3- жақтың жалғауы барына қарамастан, оның тек екі жағдайда ғана етістікке жалғанып, етістіктің басқа түрлеріне жалғанбауы мүмкін емес, бұл ықшамдалу әсерінен кейін пайда болған құбылыс деп санайды[3,15]. Ғалымның айтып отырған жіктік жалғауы ықшамдалуының екі түрлі өзгерісін мынадай кестеге түсіріп көрсетуге болады:

| Жіктелу жүйесіндегі нөлдік тұлға | | жіктік жалғауының қысқа түрлері |
|----------------------------------|------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| тарихи нөлдік тұлға | жарыспалы нөлдік тұлға | көсемшенің -а,-е,-й жұрнағынан соң жалғанатын I, III жақ жекеше түрінің жалғауы – м; есімшенің қысқарған түріне жалғанатын I жақ жекеше түрінің жалғауы – м; т.б. |

Ғалымның пайымдауынша, қазақ тіліндегі жіктелу жүйесіндегі жарыспалы нөлдік тұлға 1,2-жақтың жіктік жалғауларының сөзге жалғанбай, сөздің нөлдік тұлғада қосымшалы тұлғамен жарыса, қатарласа қолданылуы да тілдегі ықшамдалу заңдылығына байланысты.

Қазақ тіліндегі септік жалғауларының қолданыста ықшамдалуы да зерттеуші назарынан тыс қалмаған. Септік жалғауларының қолданыста ықшамдалуы септік жалғауларының түсіріліп, жалғаусыз қолданылуына тығыз байланысты. Бұл мәселе жайында профессор Н.Оралбайдың «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» атты оқулығында былайша тұжырымдалған: «Септік жалғауларының бірсыпырасының жалғаулары бола тұра, қолданыста нөлдік жалғаумен қолданылатыны ғылымда ертеден танылған, бірақ олар тек септіктің жасырын қолданылуы, тасалануы сияқты терминдермен аталып келген, ол, әсіресе, ілік септік пен табыс септігіне қатысты. Кейінгі зерттеулер қолданыста барлық дерлік септіктер, әсіресе, бірыңғай мүшелерде нөлдік жалғаумен қолданылатынын дәлелдеді» [4,15]. Сондай-ақ қазақ тіліндегі ілік, табыс септіктердің ықшамдалу заңдылығы мен стильдік мақсатта қосымшасыз тұлғада жиі қолданылатыны ғылымда дәлелденген [5].

К.Қондыбаева өз зерттеуінде барыс септігінің қолданыста ықшамдалуын тіл фактілеріне сүйеніп талдай келіп, ауды, келді, барды, өтіп кетпекші тәрізді бағыт-бағдар мағынасын білдіретін қозғалу етістіктерімен тіркескен жалқы есімдер барыс септік көрсеткіштерініңсіз-ақ ықшам қолданылуға бейім келетіндігін және ақын-жазушыларымыз әрі стильдік, әрі ықшамдау мақсатында барыс септік жалғауын бірыңғай мүшелердің тек соңғысына жалғайды деп көрсеткен[3,101]. Осылайша зерттеуші әр септіктің қосымшаларының ықшамдалып келетін орындарын тілдік деректермен дәйектеген.

Тіліміздегі нөлдік морфема мәселесі де ықшамдалу заңдылығына қатысты. Ғалым А.Омарова нөлдік формалар тілде жалғаулар мен грамматикалық жұрнақтардың қызметін атқаратынын айта келіп, грамматикалық нөлдік морфеманы – тұрақты және ауыспалы деп екіге бөліп қарастырған[6,16]. Мысалы, тәуелдік жалғауы стильдік мақсатта ықшамдалу заңдылығына сай сөйлемде түсіріліп айтылады. Сөйтіп, тәуелділіктің ауыспалы нөлдік морфемасы қолданылады. Ал меншіктілік мәндегі матаса байланысқан сөз тіркесінің екі мүшесінің де сөзтұлғасын жасайтын грамматикалық көрсеткіштері өте тұрақты екендігі, сөз тіркесінің иелік мәндегі сыңары үнемі ілік септік жалғауымен, меншіктілік мәндегі сыңары (мүшесі) үнемі тәуелдік жалғауымен қолданылатындығы ғылымда дәлелденген жайт. Тілдік бірліктердің қолданыста осы тілдік жүйедегі, тілдің құрылысындағы қалпына өзіндік өзгеріс, түрлену енгізуі бары белгілі, сондықтан да қазір әр тілде қолданбалы грамматика мәселесі көтеріліп отыр.. Қолданыста ілік септік, кейбір тәуелдік жалғаулары түсіп қалып, сөз нөлдік тұлғада тұрса да, ілік, тәуелдік мәнін білдіретіні белгілі жағдай. Мысалы,

Танып ниет теңізін,

Біз бәріміз бір ағаштың бұтағы,

Үлкен-іні,

Кіші-аға тұтады (Қ.М.).

Осы өлең жолдарында *ниет*, *біздеген* сөздер-ілік септіктің нөлдік тұлғасындағы сөздер. Ал, *бұтағы* деген сөз-тәуелдік категориясының 1 -жақ көпше түрдегі нөлдік тұлғасындағы сөз.

Тәуелдік категориясының I-жақ көпше түрінің жалғауы бар, бірақ соған қарамастан, *бұтағы* деген сөз *бұтағымыз* түрінде қолданылмай, нөлдік тұлғада қолданылып, өленде I -жақ көпше тәуелдік мағынасын білдірген[4,70].

Тәуелдік жалғауының стильдік мақсатта түсірілуі, әсіресе бірыңғай мүшелердің тек соңғысына жалғануы тілде орын алған құбылыс екендігін К.Қондыбаева өз еңбегінде атап көрсеткен[3,111-113].

Тілде көптік мағынаның көрсеткіші, жалғауы бола тұра, белгілі сөздердің тобында көптік мағынаның нөлдік жалғаумен берілетін кездері де бар.Бұл мәселе де зерттеуші

назарынан тыс қалмаған. Көптік көрсеткіштерінің жалғаусыз, жалғаулы қолданыстарын тіл фактілеріне сай қарастыра келіп, мынадай тұжырым жасаған: «1. Зат есімдер мен заттық мағынада қолданылатын басқа сөз таптары да өздерінің алдарынан көптік мәнді білдіретін сөздермен тіркесе қолданылғанда, көптік жалғауынсыз (қосымшасыз) қолданылады. 2. Стилдік мақсатта көптік жалғауының көрсеткіштерінің бірыңғай мүшелердің тек соңғысына ғана жалғануы тілімізде қолданысқа енген құбылыстардың бірінен саналады[3,116].

К.Қондыбаева зерттеген ықшамдалу құбылысындағы ерекше көңіл бөлер жайт - түбір мен қосымша жігінде орын алуы. Осы түбір мен қосымша жігінде дыбыстардың түсіріліп қолданылуы мынадай етістіктерде қолданылады екен, оны кесте түрінде көрсетсек:

| Ықшамдалу құбылысы жиі кездесетін көсемше тұлғалы етістіктер | Көркем шығармалардан алынған мысалдар |
|--------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <i>болып</i> | Салтанат қып-қызыл <i>боп</i> , ұяң нұрлы көзін төмен салып тұр еді. (М.Әуезов) |
| <i>алып</i> | Алпамсадай болған, асау қара баласы Абайдың кеудесіне мініп <i>ап</i> , тұрғызбай жатыр екен. (М. Әуезов) |
| <i>салып</i> | Өздері сүйтіп жүріп, он жеті жылқы, үш түйені алдарына <i>сап</i> , қуа кетуді ұмытпапты. (Ә.Кекілбаев) |
| <i>қалып</i> | Қодардың денесі шыныда әлі тітіркенгендей дірілдеп <i>қап</i> , кейде тартыла түсіпқояды. (М. Әуезов) |
| <i>қылып</i> | Үстіне келген шалдарды талап,қан-жоса <i>қып</i> сойып тастады. (Ә.Нұрпейісов) |

Мұндай ықшамдалу етістіктің аналитикалық форманттарының құрамында да кездеседі екен. Оны зерттеуші М.Әуезовтің «Абай жолы» роман –эпопеясының 1-томынан жинаған материалдары арқылы дәлелдеген. Ғалымның көрсетуінше, шығармадағы *боп,кеп,қап,ап,сап,қып,қап* тұлғаларының қолданыс жиілігі төмендегідей:

| Ықшам тұлғалар | саны |
|----------------|------|
| боп | 381 |
| кеп | 229 |
| қып | 109 |
| ап | 89 |
| қап | 67 |
| сап | 11 |

Одан әрі ғалым осы ықшамдалу заңдылығымен өзгеріске түскен етістіктердің қандай сөздермен тіркесетіндігіне де көңіл бөліп, тілдік нақты мысалдармен дәлелдей білген. Мысалы, бір ғана *боп* етістігі есімшеге, *-ғандай* тұлғасына, сын есімге, зат есімге, тұрақты тіркестерге т.б. тіркесіп келеді екен.

К.Қондыбаева зерттеуіндегі тағы бір көңіл бөлерлік жайт – екі ықшам тұлғаның қатар ықшамдалған түрде қолданысы. Мысалы, Өзің үлкейіп, жігіт *боп қапсың*. Мұның қасында тұрған Байсал да осы кезде қатты тебініп, қатарласып *кеп қап* еді(М. Әуезов). Автор

осындай етістіктердің де ықшам тұлғада келуі ауыз әдебиеті туындыларынан бастау алып, күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан заңдылық екендігін анықтаған.

Қорыта айтқанда, фонетикалық өзгерістерден бастау алып, тілдегі құрылымдық өзгерістерді тудыратын ықшамдалу заңдылығының қыры-сырын, оның ішінде қазақ тіліндегі жалғаулардың қолданыстағы ықшамдалу ерекшеліктерін жан-жақты дәлелдеп, теориялық тұжырымдама жасаған филология ғылымдарының кандидаты К.Қондыбаева қаламынан шыққан құнды еңбектің тілші-ғалымдар үшін, жастар үшін мәні үлкен. Бүгінгі мерейтойында ғалымға шығармашылық белестердің биігінен көріне беруін, денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Оралбаева Н. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысының Совет дәуірінде дамуы.ҚазССР Ғылым Академиясының хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы,Алматы, 1981.№1, 27-32-бб.
- 2 Сыздықова Р. Сөз мәдениетінің мәселелері. ҚазССР Ғылым Академиясының хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы,Алматы, 1985.№1, 31-42-бб.
- 3 Қондыбаева К. Қазіргі қазақ тіліндегі жалғаулардың қолданыста ықшамдалуы. Фил.ғыл.канд...дисс. Алматы,1999.-148 б.
- 4 Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. ЖОО-на арналған оқулық. Алматы,2007.-390 б.
- 5 Балтабаева Ж. Семантико-стилистические функции неформленного родительного и винительного падежей в казахском языке. Дисс. канд.филол.наук. Алма-Ата, 1984.-170 с.
- 6 Омарова А. Қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың функционалдық және семантикалық аспектісі. Фил. ғыл. докт...дисс.авторeref. Алматы,2006.-48 б.

І БАҒЫТ

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ – ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

Критериалды бағалаудағы дескрипторлар

Наренова А.Б.

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Ақтөбе қаласы.
narenova60@list.ru*

XXI ғасыр мектебі жедел өзгеріп жатқан заманға бейімделуге мүмкіндік беретін түбегейлі өзгерістер енгізуді, өз кәсіби шығармашылығымызды шыңдауды талап етеді. Бүгінгі күн - білім беру мазмұнына, оқушы мен педагог тұлғасына және қызметіне деген көзқарастардың түбегейлі өзгеріске бет бұрып отырған кезеңі.

Оқушылар баға алған кезде, мұғалімдер проблемаға тап болады: «Мен түсінбеймін, мұғалімге менен не керек!» Неге: «4», «5» емес, деген сияқты? Оқушылардың ата-аналарынан көбінесе еститініміз: «Балама дұрыс баға берілмеді! Менің балам жақсы оқып жатыр, оның үштігі болмау керек! «Не себепті көп адамдар оқушылардың білімдерін бағалауды өте оңай деп ойлайды.

Оқушылардың білімін бағалау күрделі педагогикалық проблема болып қала береді. Ол оқушылардың, пәнге, мұғалімге, мектепке және қоршаған ортаға деген көзқарасына үлкен әсер етеді. Оқушылар бағалау кезінде қандай жетістіктерді мұғалім олардан күтеді және ең бастысы күтілетін жетістіктер мен қандай критерийлерді пайдаланғанымызды түсінуі керек. Сондықтан бағалау процесі мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың тіпті әр мектептің өткір талқыланып отырған өзекті тақырыптардың бірі болып табылады [1, 22 б].

1. Оң көзқарас. Аңыз:

Жарлы еврей раввинге келді: Ребе, қалай өмір сүру керек? Отбасы үлкен, барлығы бір бөлмеде. Күшім жоқ, қиындықты қалай жеңуге болатынына қандай кеңес бересіз?

- Сізде ешкі бар ма? - деп сұрады раввин.

- Бар.

- Оны бөлмеге әкеліңіз.

- Бірақ мен сол бөлмеде, мен, әйелім және бес балам бар.

Ешкіні қалай әкелемін? Мен өз басыма отырғызаман ба?

- Кеңес алу үшін келдің бе, ендеше айтқанымды тыңдаңыз! Ешкіні үйіңізге әкеліңіз!!!

Бірнеше күннен кейін еврей келеді.

- Ребе, өмір сүруіміз мүлдем қиындап кетті!

- Енді сіз ешкіні бөлмеден шығарыңыз!

Еврей ешкіні бөлмеден шығарды және өмір әлдеқайда қарапайым және жақсы бола бастады.

Ал қазір - тапсырма.

2-3 минут ішінде әрқайсысы өздерінің назарын аударатын мәселелердің, алаңдаушылықтардың, кедергілердің жеке тізімін жасайды, осы сәттерде тыныштандыруға жол бермейді. Қайтадан неден қиналып, қорқатын тізімді оқыңыз.

Жазғандарыңды қалтаңызға, сөмкелеріңге жасырыңыз. «Ешкіні шығарыңыздар!»

... Кем дегенде, біздің сабақтың соңына дейін жазылған туралы ұмытыңыз.

Критерийлерді бағалау принциптері

1. БАҒАЛАУ - стандартты немесе эталонмен салыстыру

2. ЭТАЛОН - (қалаған нәтижеге) біз ұмтыламыз!

Қажетті қалаған нәтиже туралы алдын-ала нақты түсінік беру керек, ол интуитивті анықталмауы керек, бірақ нақты болуы керек, әйтпесе жұмыс істеу және оған жету қиын болады!

Бағалау критерийлері - стандартты нақтылау (қалаған нәтиже)

Қорытынды: критерий толық бағалау үшін қажет. Бұл білім деңгейін және дағдыларды қалыптастыру үшін де орынды.

3. Бағалау критерийлері жүйесі мыналарға мүмкіндік береді:

- қандай да бір материалды қаншалықты табысты деп анықтау;
- осы немесе практикалық шеберліктің қалыптасуы.

Критерийлерді бағалау - бұл оқушылардың оқу жетістіктерінің процестің барлық қатысушыларына белгілі және сабақтың мақсаттарына сәйкес келетін нақты анықталған, ұжымдық әзірленген критерийлермен салыстыру үрдісі.

Критериалды бағалау оқушының табыстары мен сәтсіздіктері туралы ақпаратты алған кезде кері байланыс функциясын орындайды. Бұл жағдайда аралық жұмыстың ең қанағаттанарлықсыз нәтижелерін тіпті оқушы өз нәтижелерін жақсарту бойынша ұсыныстар ретінде қабылдайды. Бұл критерий бойынша сіздің жетістіктеріңізді бағалау және жетілдіру үшін қосымша мүмкіндіктер бар. Критериалды бағалау кезінде оқушылар өздерін басқа оқушылармен салыстырмайды [2, 116].

«Үздік оқушы», «орташа», «оқу екпіндісі» сияқты белгілер өздігінен жоғалып кетеді, бірақ олардың бір немесе басқа критерийге сәйкес олардың жетістіктерін бағалау және жетілдіру үшін қосымша мүмкіндіктер бар. Критерийлерді бағалау нүктелік жүйенің цифрлы, формальды белгісінен бас тартуды білдірмейді. Ең бастысы, әрбір балл толығымен толтырылады және олар нақты жетістік деңгейін көрсетті. Неліктен бағалау критерийлері қажет?

* Мұғалімдер үшін: оқу үрдісінің анық бағыт нұсқаулықтары бар. Оқушылардың оқу үрдісін бағалаудың нақты критерийлері бар.

* Бағалау процесін объективті және дәйекті ету.

* Мұғалімдер үшін оқушыларды бағалау прогресінің үрдісі жеңілдейді.

Оқушылар үшін: Оқу мақсаттарының, күтілетін нәтиженің, бағалау критерийлерінің және өз жұмысын жетілдірудің жолдарын түсіну.

* Оқушылар мұғалімдерден күтілетін нәтижеге қатысты нақты ұсыныстарды алады.

* Оқушылар үнемі бағалау критерийлерін қолдануға үйренген кезде, олар түпкілікті өнім үшін жауапты болады. Бұл «Мен әлі бәрін жасамадым ба?» деген сияқты сұрақтарды жояды.

* Оқушылардың өзіндік жұмысына жағдай жасау.

Бағалау критерийлерінің кейбір мысалдарын келтірейік. Ұсынылған мысалдарда біз критерийді, оның градациясын және қандай қателіктерді болдырмау керек екенін көреміз.

Берілген бағалау түрлерінің артықшылықтары:

1. Оқушының жеке басын емес, тек оның жұмысы бағаланады.
2. Оқушының жұмысы алдын-ала өзіне белгілі бағалау критерийлеріне сәйкес тексеріледі.
3. Оқушылардың тек оқып, үйренгендері ғана бағаланады.
4. Оқушылар бағалаудың нақты алгоритмі туралы біледі, оның көмегімен олар өздерінің оқу деңгейлерін анықтай алады.
5. Оқушылардың өзін-өзі бағалау мен оқуға деген ынтасы арта түсті.

Осы педагогикалық технологияны таныстыру және енгізу кезінде біз рубрика, критерий, дескриптор сияқты түсініктермен танысамыз.

Критерийлер - оқушылардың әртүрлі іс-шаралары мен әрекеттері.

Дескрипторлар - бұл бір немесе басқа критерийге жету деңгейлері, әрбір критерий бойынша ең жақсы нәтижеге жету үшін оқушылардың барлық қадамдарын дәйекті түрде көрсету және оларды белгілі бір балл арқылы бағалау.

Рубрика баланың неге үйренетінін көрсетеді, критерийлер ол нені үйрену керек екенін көрсетеді, ал дескрипторлар оны қалай жасауға болатындығын көрсетеді.

Мысалы: бір-біріне тәуелсіз екі топ 5 минутта келесі тапсырмаларды орындайды:

1-топ: Көбелектерді салу.

2-топ: Көбелектерді келесі критерийлерге сүйеніп салу: түстер гаммасын, өлшемі, суретте кемінде 8 бөлшекті таңдау;

Барлық салынған суреттер тақтаға ілінеді және мұғалімдер өзіндік бағалауды жүзеге асырады. Оқушылар оқу барысында қол жеткізуге болатын мақсаттар туралы жеткілікті анық болған жағдайда ғана өздерін бағалауы мүмкін. Оқушылар бұл идеяны алған кезде, олар тиімділігі мен нәтижелілігін арттырады: олардың бағалары мұғаліммен және бір-бірімен талқыланады.

2-тапсырма. 1-топ: Борщты дайындау критерийлерін әзірлеу бойынша практикалық сабақ - 6 минут.

Талаптары:

*Критерийлер саны - 5 негізгі тапсырма + 5 шығармашылық

*Ең маңызды белгілері

*Бір жақты қысқаша түсіндіріледі.

Критерилер сәйкестігінің үш деңгейі:

* 0 – жоқ;

* 1 – ішінара;

* 2 – толық.

| Критерилер | 2 | 1 | 0 |
|------------------------|-----------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|---------------------------|
| Дәмді тағамдар | Өте дәмді | Дәмді | Дәмді емес |
| Тағамның түрі мен иісі | Өте жақсы | Бұданда керемет болатын еді | Маңызды кемшіліктер |
| Тағамның құрамы | Оңтайлы пропорциялар және сапалы пісіру ингредиенттері (құрамы) | Кішігірім ауытқулар оңтайлы пропорциялар мен жағдайлар | Елеулі оңтайлы ауытқулар |
| Дәмдеуіш қосылғыштар | Идеалды баланс | Баланстың маңызсыз бұзылуы | Баланстың маңызды бұзылуы |
| Астың құндылығы | Тойымды және диеталы пайдалы | Дәмі айтарлықтай қанағаттанарлық емес | Дәмі қанағаттанарлық емес |

2-топ: Бағалаушы рубрикаторды құрып, «Борщты пісіру» практикалық сабағы үшін дескрипторларды дайындаңыз.

Критерийдің дескрипторлары критерийдің аспектілері (жетістік деңгейі) ретінде пайда болатын міндеттерді орындаудың белгілі бір деңгейін сипаттайды.

Жетістік мақсаты мен дәрежесі іс жүзінде сипатталған. Әрбір критерий графикалық және кесте түрінде, жетістіктер арасындағы деңгейлер (бағалалары) және пәндік тапсырмалардың орындалатын дескрипторлары сипатталады.

Осылайша, критериалды тапсырмаларды әзірлеуге қосымша талаптар қойылады: олар дескрипторлардың аспектілері ретінде критерийлерде пайда болатын объективті міндеттерге сәйкес келетін іс-қимылдарды ғана емес, сондай-ақ әр түрлі, соның ішінде жетістікке жетудің ең жоғары деңгейлерін көрсетуге мүмкіндік беруі тиіс [3, 3-4. б].

Критерийдің мазмұны:

| Критерилер | Дескрипторлар |
|--------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| А Білу және түсіну | Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасы мақсатына сәйкес келетін нақты фактілерді, ақпараттар және сипаттамаларды білу және жаңғырту. Алынған ақпаратты талдау, қайта жаңғырту, болжау жасау |

| | | |
|---|-----------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | | арқылы түсінгендігін көрсете білу |
| В | Қолдану | Бұрын алған ақпараттар мен білімдерін жаңа немесе таныс емес жағдайларда және контекстерде қолдану, пайдалану. Білгенін, түсінгенін, дағдыларын сабақ барысында қолдану арқылы көрсету. Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін білімдерін қолдануды көрсетудің жолдары: практикалық жұмыс, диаграммалармен жұмыс, кескін картада жұмыс жасай алуы, есептер шығару, жобалар, мәселені шешу және жаңа нәтижелер ойлап табу болып табылады |
| С | Сыни ойлау және зерттеу | Білім көзінен алған ақпараттарды талдау, синтездеу, бағалау арқылы пікірлер қалыптастыру. Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар мен нәтижелерді жинақтай алу және оларды талдай алу қабілеттілігін көрсету. Ұсынылған болжамдарды дұрыс ақпараттар жинақтау және деректерді пайдалану арқылы зерттеп, бағалап, өз бетімен қорытынды жасау. Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін жасалған қорытынды жайында ой қозғау қабілеттілігін көрсету. |
| Д | Коммуникация және рефлексия | Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар, фактылар мен ойларын, пікірлерін ауызша және жазбаша ұсыну. Басқа адамдар ұсынған ақпаратты тыңдап және сәйкесінше жауап қайтара алу қабілеттілігін, басқа адамдардың көзқарасын қабылдай отырып, өз көзқарасын түсіндіру арқылы ортақ ойға келу. Айтылған ойларды, пікірлерді, оқиғаларды ой елегінен өткізу арқылы шешім қабылдау немесе ой толғаныс нәтижесінде іс-әрекет жасау. |

Критериалды бағалау технологиясы оқушы бойындағы үрейленуді басады және мұғалімді «төрешілік» қызметінен босатып, оқушы бойында өзін-өзі бағалау, өз іс-әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпал етеді. Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет. Мұндай бағалау кезінде өзінді басқа адаммен салыстыру шарты жоқ, сондықтан критерий түрлері бойынша мүмкіндігіңді бағалап, жетістікке жету жолдарын қарастыру болып табылады [4, 16-18 б].

Қорытынды: Балалар үшін психологиялық атмосфера маңызды. Демек, қарапайым қорытынды: оқушының мақсатқа жету жолында аз ғана жетістікке жетелеуге, жеке жетістіктерін жақсы сөзбен айқындауға, мадақтауға, сыныптастарыңда өзара әрекеттесуінде микроклиматты және өзара көмек көрсетуді қалыптастырамыз. Егер біздің балаларымыз еңбекті құрметтесе және өздерінің басқа адамдарыңда еңбектерін дұрыс бағалануын үйренсе, оқушылар болашаққа сенімді болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Орта білім мазмұнын Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі негізінде жаңарту. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014.- 43 бет.
2. Камалова С.Т. Сыныпты оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау: оқу –әдістемелік құрал. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014, 60бет.
3. Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие. – Астана.: Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, 2013.- 80стр.
4. Айтпукешев А.Т., Кусаинов Г.М., Сагинов К.М. оценивание результатов обучения: Метод. пособие. –Астана: Центр педагогического мастерства, 2014.-108 стр.
5. <http://moodle.nis.edu.kz>

Мазмұнды жаңару аясындағы педагогтің ролі

Алдашева Гүлмира Хамитқызы

педагогика ғылымдарының магистрі

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ. aldasheva28@mail.ru

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау оқушылар үшін жоғары стандарттарды қажет ететіндігі белгілі. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінде жаңаша білім беру міндеттерін негізгі үш бағыт – бағдар мен мақсаттар арқылы жүзеге асыруға болатындығы белгілі. Жаңартылған білім беру жүйесіндегі педагогикалық әдіс тәсілдерді осы үш бағыт – бағдар төңірегіне топтастыруға болады.

Атап айтқанда, дүниетанымдық бағыт, шығармашылық бағыт және де терең білімділік бағыты. Қазақстан білім беру жүйесіндегі осындай бағыт- бағдарлар арқылы мұғалімдердің де өз жұмысында қолданатын әдіс тәсілдерінің оқушының білімді игерудегі қандаә тиімді жолдары арқылы жүзеге асқанын да байқауға болады. Сондықтан да педагогте заман талабына сәйкес жаңаша ойлап, жаңа білім беру үлгілері мен тәжірибелерін игеріп, тиімді жолдарын таңдау арқылы өзінің де жаңаруы өте орынды.

Педагог – педагогикалық технология және техниканы толық меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, креативті, педагогикалық ойлау қабілеті дамыған толысқан шығармашыл тұлға құзыреті деп танымыз. Олай болса, қазіргі заман жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар осы күннің заман үрдісінен туындаған қажеттілік. Білім беру жүйесінде, әсіресе мектеп қабырғасындағы жұмыс жасайтын мұғалімдерге қойылатын талаптар мен міндеттер күнен күнге көбейіп келеді. Дегенмен де мектеп мұғалімінің бойынан мынадай үш қасиетті (шартты түрде болса да) көруге болады: бәсекеге қабілеттілік, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби машықтығы мен әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Мазмұнды жаңару аясындағы педагогтің ролі туралы айтқанда, жоғарыда көрсетілген бағыттыр мен міндеттер жаңа формация кезеңіндегі мұғалім - рефлексияға қабілетті, өзін білімі мен тәжірибесін сабақ беру үдерісінде жүзеге асыра алатын және әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық – әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға. Мазмұнды жаңару аясында педагог – біріншіден, жаңа формациядағы педагог ретінде өз мүмкіндігін объективті түрде бағалайтын, яғни өзінің күшті жақтарымен қатар, әлі де болса жетіспейтін тұстарын білуі қажет; екіншіден – интеллектуалдық іс-әрекеттің жалпы мәдениеттік педагогикалық этикасын меңгеруі тиіс; үшіншіден – әлемдік білім беру кеңістігінің даму тенденциясында жүріп жатқан интеграциялық процестерге бейімделуі және оны игеріп өз тәжірибесінде қолдана білуі керек.[3]

Білім беру жүйесі өзгергендіктен, білім беру процесіндегі негізгі жылжымалы күш – педагог та өзгеруі тиіс. Білім беру шеңберіндегі «Педагог – оқушы – ата-ана» бір бағытта

жұмыс істегенде білім беру процесіндегі салаларға максималды нәтижеге қол жеткіземіз. Ертеңгі жаңа формация мұғалімі қысқа және ұзақ мерзімді әдістемелік мәселелерді әзірлеп, оларды шешу деңгейін бағалауға, өз-өзіне талдау жасауға көп уақыт бөліп, өз-өзін оқытып, үйретуге ұмтылады. Ал кездескен қиындықтар белсенділікті көтеріп, кәсіби дамуды басқарып, одан нәтижеге жетеді.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр. Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық , психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Психологтер де, педагогтер де адамның рухани интеллектуалдық, кәсіби шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы өмірінің әр кезеңінде әр қалай деп көрсетеді. Мысалы, ұлы педагогтер А.Дистерверг ,К.Ушинский А.Макаренко ,В.Сухомлинский ,т.б мұғалімдік еңбекті адамтану ғылымы, адамның жан дүниесі, рухани әлеміне бойлай алу өнері дей отырып, педагогикалық шеберліктің дамуына зор үлес қосқан. Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогикалық шеберлік- кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін мұғалімнің жеке қасиеттерінің , оның білімі мен білігінің жүйесі. Осы мәселені терең зерттеген А.Маркова мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің төмендегідей психологиялық критерийлерін анықтаған.[5]

Объективті критерийлер. Мұғалімнің өз мамандығына қаншалықты сәйкес әлеуметтік тәжірибеге қосар үлесі қандай екендігі. Жоғары еңбек көрсеткіші, әртүрлі мәселелерді шығармашылықпен шеше алу біліктері, т.б жататындығын атап өтеді.

Субъективті критерийлер. Адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушыларына сәйкес қаншалықты ол өз ісінен қанағат табатындығымен байланысты. Мұғалім еңбегіндегі субъективті критерийлерге кәсіби – педагогикалық бағыттылық, кәсіптің маңыздылығын , оның құндылығын түсіну, маман иесі ретінде өзіне позитивті көзқарастың болуын жатқызады.

Нәтижелі критерийлер. Мұғалім өз ісіне қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізіп отыр ма деген мәселе тұрғысынан қарастырады. Біреулер нәтиже ретінде оқушылардың білімдерінің стандартқа сай болуын алса, енді біреулер олардың қарым-қабілетін дамытуды алады, ал кейбіреулері оқушылардың өмірге дайындығын басты назарда ұстайды, ал оқыту нәтижесі біз үшін баланың психологиялық функцияларын жетіліп, өзінің педагогикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуге қолдана алуы.

Шығармашылық критерийлер. Мұғалім өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатқызылады. Шығармашыл мұғалім үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алуының, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор.[2.,3.,5]

Кәсібиліктің бірден келе салмайтындығы белгілі, оны әр мұғалім ерте ме, кеш пе меңгеруі тиіс. А.Маркова оның кезеңдерін төмендегідей етіп бөледі: мұғалімнің өз мамандығына бейімделу кезеңі: мамандықта өзін-өзі өзектендіру кезеңі:мамандықты еркін меңгерген кезең: мамандықта шығармашылық деңгейге жеткен кезең. Осылайша ғалым кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер- мұғалімнің , жаңашыл- мұғалімнің, зерттеуші- мұғалімнің, кәсіби дәрежесіне көтерілген мұғалімдердің жиынтық бейнесі ретінде қарастырады.[6]

Ең бірінші кезекте мұғалімнің « өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек.Қазіргі кәсіптік- педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.[2.3]

Ал, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық- ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс- қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз.

Құзыретті маман даярлау мақсатында «білім алушылардың білімдік белсенділігін арттыру технологиясын» пайдалана отырып, жаңа оқыту технологиясы бойынша білім беру мақсаты студенттерге өндірістік ситуациялар беру арқылы өз бетінше жұмыс жасау қабілетін, дұрыс шешім қабылдау мүмкіндігін қалыптастыру арқылы бәсекеге қабілетті маман ретінде дамуына көмектесу.

Ақпаратты, коммуникативті, әлеуметті-құқықтық құзыреттер педагогтан ақпараттық технологияларды қолдана алу (мультимедиа, смартмедиа, электрондық пошта, интернет) мүмкіндіктерін, бұған қоса студент пен педагог арасындағы байланысын, бірін-бірі түсінуін, топпен жұмыс жасауын, ұйымдастыру басқару шешімдерін дұрыс таба алуын, қолдану қабілеттерінің басым болуын, әлеуметтік қызметтердің маңызын түсінуін, қоғамдық міндеттерге тұрақты қарауын талап етеді.[3]

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үдерістің қарқыны, білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ең бастысы –өз жұмыс орнына және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын құзыретті маман тұлғасын қалыптастыру міндетті. Біліміне, біліктілігіне, парасатына пайымы сай ұстаз бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістерге байыппен қарап, оның заман талабына сай мән-маңызын түсінуі хақ. Сондықтан, жүктеліп отырған аса жауапты міндет, білім саласындағы реформалар, педагогикалық әдіс-тәсілдердің тың, мәнді, әрі сапалы болуын талап етіп отырған осы бір айтулы кезеңде, педагогтың жылдар бойы жинақтаған іс-тәжірибесін жаңа ақпараттық технологияға ұштастыруын қажетті санайды.

Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқына Жолдауы», «Қазақстан – 2050»«Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» және т.б. бағдарламалары мен стратегиялық жоспарларында көрсетілген және де Қазақстанның әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақ мерзімді басымдықтары белгіленген.[1] Осы жолдағы басым бағыттардың бірі сапалы бірегей білім беру жүйесі бар ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс, педагогтан ақпаратты коммуникативті құзыреттілігін арттыруын талап етеді, осы тұжырым бағдарламаны негізге ала отырып, кәсіптік білім берудің ұлттық

жүйесін қалыптастыруда педагог құзыреттілігі, студенттен кәсіби құзыретті маман қалыптастыруды бәсекеге қабілетті, білімді, азаматтар тәрбиелеуді жүктейді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050, Бір мақсат, бір мүдде» Астана, 2017
2. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
3. Білім беру қызметкерлерінің Бірінші Республикалық Педагогикалық оқулары «Педагогтің кәсіби өсуі - білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етудің шарты» баяндамалар жинағы, Алматы, 2013 ж., I бөлім, 482 б.
4. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі. //Білім әлемі. Алматы., 2004 ж. №6.
5. Маркова А.К. Психология труда учителя: Книга для учителя. М. Просвещение, 1993. С.6-11

Жоғары оқу орындарындағы бағалаудың тәсілдері

Сарқұлова Самал Қайратқызы

Оқытушы

Қазақстан. Ақтөбе қаласы, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ,

Sarkulova.samal@mail.ru

Жалпы «бағалау не үшін қажет?» деген сұраққа дәстүрлі оқыту жүйесінде біз студенттердің білімін тексеру үшін және оқытушы тарапынан студенттің білім деңгейін анықтау болып қарастырылады. Осы тұрғыдан оқытушылар өз әрекеттерін межелік/аралық бақылауда немесе емтиханда студенттерден берілген сұрақтарға ауызша немесе жазбаша тест қабылдаумен шектейді. Бірақ мұндай тексеріс көп жағдайда студенттердің есте сақтау қабілетін ғана анықтап, олардың не үйренгендігін, білімділігі мен біліктілігінің жалпы деңгейін айқындамайды.

Бағалау бірінші кезекте білімнің сапасын айқындау үшін қажет. Егер біз өз жұмысымызда елеулі табыстарға қол жеткізгіміз келсе, онда өткен уақыттағы және қазіргі нәтижелерімізді жинақтауымыз керек, яғни жұмысымыздың оң жақтары мен кемшіліктерін айқындап, оны бағалауымыз қажет. Сапа – жоғары оқу орнының оқу нәтижесінде қол жеткізуде студентке қандай деңгейде көмектесіп, студенттің не үйренгендігінің айғағы. Осыған орай оқу/оқыту сапасын қажетті деңгейде қамтамасыздандыру үшін жоғары оқу орындары өз жұмысын бағалуда мынадай мәселелерге назар аударып [1,163] Әлімов А.Қ. *Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы. А., 2013.*

1) **Мақсат.** Білім жүйесінде бағалау не үшін керек? Нәтижелерін кім пайдаланады?

- Бағалау білім деңгейінің сапасын айқындау үшін қажет:
- Студент өзінің білім ахуалын білгісі келеді,
- Оқытушы студенттің білімі қандай дәрежеде екендігін және өзінің оқыту әдіс-тәсілдерінің нәтижелігін анықтағысы келеді

2) **Нәтиже.** Нені бағалау керек?

- Ақпараттың шексіз көп мөлшерінен өзіне қажеттісін таңдап алып, оны өз қажеттілігіне бейімдеп, практикада қолдану,
- Өздігімен үйрене білу,
- Проблемаларды шешу мен шешім қабылдау секілді күрделі тапсырмаларды орындау,

Өз білімі мен танымының қандай деңгейде екендігін біліп, оларды әрқашан да дамытып отыру.

3) **Тұжырымдама.** Бағалауда қандай саясат ұстану керек? Бағалауда ұстанған қағидалары қандай?

4) **Құрал.** Оқу үлгерімінің дәлелдерін жинақтау. Қалай бағалау керек? Студенттердің қандай пән бойынша қандай білім (білік, дағды, машық, құзырлылық, құндылықтар т.б) қандай деңгейде білім игрегендігінің дәлелі қандай болу керек. Бағалаудың қандай тәсілдері мен құралдарын қолдану керек?

5) **Талаптар.** Бағалаудың критерийлері қандай болуы керек.

6) **Жарылау.** Бағалаудың нәтижелерімен көпшілікті қалай және қашан таныстыру қажет?

Бағалау процесіне қатысты адамдар үшін оның нәтижелерін жариялау маңызды. Мұнда жариялаудың әртүрлі тәсілдерін қарастыру қажет: жазу жұмыстарын аудитория қабырғасына іліп қою, кітапша түрінде басып шығару, қабырға немесе электронды газет түрінде жариялау, слайд жасау т.б.

7) **Кері байланыс.** Бағалаудан кейін оқу процесіне қандай өзгерістер енгізу керек? Бағалау білім игерудің белгілі бір кезеңіндегі студент жұмысының сапасын анықтайды, ал студент оның нәтижелерін өзгерту мүмкіндігіне ие болады.

Профессор Дайана Хесс бағалаудың алты қағидасын бөліп жіктейді. [2,58] *Методические пособия для тренера. Мухтарова А.К., Булудктаев Ю.О., Калинина А.А., Асанбекова Г.С., Алматы, 2001.*

1. Маңыздылық
2. Дәлділік
3. Объективтілік
4. Оқудың ажырамас бөлігі
5. Жариялылық
6. Қарапайымдылық

Жалпы материалының маңызын бағалау; салыстыру және айырмашылықтарын айқындау, тыңдау, дәлелдеу арқылы шешім қабылдау. Мұнда тұжырымдар нақты талаптар тұрғысынан болу керек. Таным деңгейі алты деңгейден тұрады. Олар: білім, түсіну, қолдану, анализ, синтез, бағалау. Ал бағалау деп отырғанымыз - күмәнді, даулы және пікірталас туғызатын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны нанымды дәлелдер арқылы айғақтау. Мұнда да шығармашылық әрекеттердің маңызы зор. Үйренуші бағалау тапсырмаларын орындауда келесі әрекеттерді атқарады:

1. Өз позициясының (идея, пікір, түсінік) дұрыс-бұрыстығын анықтап, оны жан-жақты пысықтайды.
2. Өзінің дербес көзқарасын қалыптастырып, тұжырым ретінде келтіреді.
3. Өз пікірін негіздейді, жақтайды, дәлел келтіреді, сілтеме жасайды, қорғайды. Бағалау «Сіздің ойыңызша бұл дұрыс па, бұрыс па, маңызды ма, маңызды емес пе, жақтайсыз ба – қарсысыз ба?» деген пікірталас пен дау-дамай туғызатын сұрақтар арқылы жүзеге асырылады. Бағалау – тиянақтау, салмақтау, бағалау, маңыздылығына қарап жіктеу, тексеру, салыстыру, қайта қарастыру, рет-ретімен қою, сұрыптау, ұсыныс жасау, таңдау, өлшеу, таразылау, сынау, шешу, дәлелдер келтіру.

Бағалау синтезбен тығыз байланыста болады, сол себепті үйренушінің қандайда бір проблема бойынша таңдау жасап, шешім қабылдауы жазбаша түрде жүзеге асырылуы тиіс. Жазу жұмыстарының үлгілері дегеніміз студенттердің сабақта, өздік жұмыста немесе межелік бақылау кезінде орындайтын жазба жаттығулары. Бұл жұмыстар студенттердің сабақтағы белсенділік, тақырыпты игеру, өзіндік ойлау, шығармашылық, берілген тапсырмаларды орындау деңгейін көрсетеді. Мұнда ешқанда көшіру мен қайталауға негізделген әрекеттер жоқ. Жазу тәсілдері студенттерде оқу дағдыларымен біліктері қандай дәрежеде қалыптасқандығын көрсетіп, олардың әртүрлі мазмұнда жазбаша тапсырмаларды орындауда ойлау әрекеттерін қолданғандығының дәлелі болады:

- Сипаттау.
- Түсіндіру
- Интерпретациялау
- Аналогияларды келтіру
- Салыстыру
- Жүйелеу
- Болжау
- Қорытындылау
- Тұжырымдау
- Себебеін анықтау
- Жаңа түсінік құрастыру

Бағалау тәсілдерінің түрлері көп. Мысалы, сауалнама, есеп беру, өзін-өзі бағалау, эссе, рубрика, тест, портфолио, интервью, бақылау.

Эссе – студенттің практикалық сабақта қарастырылған тақырып жөнінде өз ойлары мен түсініктерін, идеялары мен пайымдауларын келтіретін бағалау тәсілі. Студент сабақ соңында 5-10 минут уақыт аралығында жазады. Эссе арқылы оқытушы студенттің ойлау деңгейі мен сабақта қалай жұмыс жасағандығын бағалайды, бұған қоса эссе студенттердің әр сабақта болған-болмағандығын тексерусіз айқындайтын құрал. Эссе студенттерді өз ойларын нақышымен құрастырып, оларды нақытылап, дәлелді түрде жеткізумен қатар ақпаратты жүйелеуге, оған талдау жасауды үйретеді. Эсседе студент проблеманы сипаттайды, оқулық пен лекцияда жоқ мысалдар келтіріп, еш көшірусіз мәселеленің себеп-салдарын айқындайды, өз ойларын айғақтайтын дәлелдер ізденеді, яғни өзіндік ұстанымының болуын міндеттейді. Эссе – бір жағынан ой толғаныс жұмысы, ал екіншіден ғылыми жұмыс түрі. Сапалы эссе қалай жазылады?

-Сіз қажетті ғылыми әдебиетті мұқият оқыдыңыз ба ?

-Сіз берілген тапсырманы мұқият оқып, тапсырманың мән-жайын түсіндіңіз бе?

-Берілген проблеманы шешуде өз ұстанымыңызды жан-жақты ойластырдыңыз ба?

- Сіз өз ұстанымыңызды қалайша қорғайтыныңызды ойластырдыңыз ба?

- Эссенің құрылымы бойынша мына сұрақтарға жауап беріңіз?

-Эссе жазу кезінде өзіңізге сұрақтар қойыңыз! Жұмысыңыз талаптарға сәйес келе ме?

Эссені тексеру кезінде мына сұрақтарға жауап беріңіз! Эссенің жазылу стилі қандай?

Сонымен эссе жазу тәсілі арқылы бақылаудың түрі есте сақтауға өз ықпалын тигізеді.

Бағалаудың жұмысы топтық/жұптық, студенттің өзін-өзі бағалауы, қарсылас студентті не топты бағалау жұмыстары бағалау парактары арқылы жүзеге асырылады. Практикалық сабақтарда екі жақ пікір-таласқа түскенде яки ойын сабақтарында бірі сыншы, бақылаушы, бірі даттаушы/жақтаушы түрінде де өз-өздеріне әділ, шынайы, сапалы білім бағаланады. Бағалау кестелеріне мысалдар келтірсек:

Студенттің өзін-өзі бағалау кестесі:

| Критерийлер | әрқаша н | әдет те | кей де | Ешқаша н |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|------------|-----------|-------------|
| Мен талқыланып жатқан проблеманы салыстыру, айырмашылықтарын айқындау | | | | |
| Мен мәселені жан-жақты қарастырып, жалпыламалап, қорытынды жасаймын, барлық ойлармен болжамдарды ортаға саламын. | | | | |
| Мен нақты дерек көздеріне сілтеме жасап, барлық ұсыныстарымды нанымды түрде дәлелдеймін. | | | | |

| | | | | |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|--|
| Талқылау барысында мен басқалардың пікірлерін мұқият тыңдаймын, олардың сөздерін бөлмеймін, олармен санасамын. | | | | |
| Проблема шешуде ортақ мәмілеге келу үшін мен өз пікірлеріме өзгерту енгіземін. | | | | |

Топ жұмысын бағалау кестесі

| Критерийлер Топ мүшелері | Идеяларды ұсыну | Жолдас-тырын топ жұмысын а жұмылдыру | Идеяларының дербестігі | Сұрақ қою | Сұрақтарға жауап беру | Белсенді түрде тыңдау | Жалпы балл |
|-----------------------------|-----------------|--------------------------------------|------------------------|-----------|-----------------------|-----------------------|------------|
| сабит | + | | | | | + | 5 |
| клара | | | + | + | | | |
| асан | | + | | | | | |
| марат | | | | + | | + | 6 |
| Топ бойынша | | | | | | | 80 балл |

Сабақты бағалау парағы

Пән -----
оқытушы -----
уақыты-----

Талаптар

| Аудиториядағы психологиялық климат | коментарийлер |
|--------------------------------------------------------------------------------|---------------|
| Студенттердің қызығушылығы | |
| Студенттердің белсенділігі | |
| Студенттердің бірлесе жұмыс жасауы | |
| Блум таксономиясы бойынша жоғары деңгейдегі сұрақтар мен тапсырмаларды қолдану | |
| Сабақ құрылымының жүйелілігі | |
| Бағалау тәсілдерін қолдану | |
| Сабақтың нәтижелігі туралы жалпылама пікір | |

Сонымен бағалау – студенттердің қолынан не келетіндігін (білім, білік, дағды, машық, құзырлық, құндылықтар) айқындау болып табылады. Білім игеру процесіне қатысушылардың әрекеттері қандай деңгейде, олардың сапасын анықтау болып есептеледі. Студенттердің білімін қалайша әрі қарай дамытып, олардың алдағы білім игеру әрекеттерінің деңгейін қалайша жақсартуға болатынын, жоспарлау және студенттерді соған ынталандыру керек. Оқу процесінің (студент әрекеттерінің, сабақтың, пәннің, курстың) қаншалықты нәтижелі екендігін анықтап, мақсаттардың қандай дәрежеде жүзеге асырылып жатқандығын анықтау болып танылады.

Әдебиеттер:

1. А.Қ.Әлімов. Интербелсенді әдістемені ЖОО –да қолдану мәселелері. А., 2013ж.
2. Методические пособие для тренера. Мухтарова А.К, Булудктаев Ю.О., Калинина А.А., Асанбекова Г.С., Алматы, 2001.
3. <https://agartu.com,777-blm-sahasyn-art>.

Жоғары оқу орындарындағы білім беру мазмұнының интегративтік сипаты

*Н.П.Албытова, п.ғ.к., профессор м.а.
Г.К.Шолпанқұлова, п.ғ.к., профессор м.а.
Сламқұлова Т.С., п.ғ.к., профессор м.а.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан
nalbytova@mail.ru*

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы үздік халықаралық стандарттар бойынша сапалы білім беру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Білім берудің қызметі білім беру үдерісінің нәтижесі, ол білім алушылар әрекетінің мақсатын ашып, бекітілген ережелерге сәйкес категориялар мен критерийлер арқылы кәсіби деңгейге жету деп атап көрсетіледі [1].

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңының 13-бапыныда: «Білім беру мазмұны - жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені)» деп анықталады [2].

Қазіргі білім мазмұнының маңызды ерекшелігінің бірі - ғылымның жаңа идеяларын қалыптастыру шарты деп есептелетін фундаменталдық, дүниетанымдық, философиялық, танымдық және әдіснамалық мәселелерді толық ашып талдау. Әлемді меңгерудің әртүрлі тәсілдері өнер, философия, ғылым арқылы мәселені жан-жақты көруге мүмкіндік береді. Сондықтан интеграция таным үрдісімен анықталатын тенденциясы болып табылады. Ғылымның бұл ерекшеліктері ХХІ ғасырда кәсіби және әлеуметтік салада белсенді әрекет етуге бейім, бәсекелестікке қабілетті әлемді тұтас қабылдайтын, көпөлшемді шығармашыл, креативті, интегративті, күзиретті, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруды негізгі мақсат ететін білім дамуының жаңа жолдарын іздестіруге көмектеседі.

Білім мазмұнының құрылымдық нәтижесі ретінде білімге жаңа қатынастың мәні оның құндылық мағынасын қазіргі түсінігінен тереңірек әлемдік мәдениеттің тұтастық контекстінде білімнің жаңа формасын құруға бағдарлайды. Бұл мәселені шешу тәсілдерінің бірі оқу материалының мазмұнын ұйымдастыру формасы ретінде интеграциялаумен байланысты. Интеграция (латын сөзінен шыққан, қайта қалпына келтіру, толықтыру деген мағынаны білдіреді) кез-келген бөлік, элементті тұтасқа біріктіруді көрсетеді.

Ғаламдық білім беру кеңістігінде «интеграция» анықтамасы әлемдегі өтіп жатқан инновациялық үрдістерді саналы түрде түсінуді ескере отырып, философиялық, әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық аспектіде өзінің кеңейтілген түсініктемесін береді. Бұл оның ғылым мен практиканың интеграциясы теориялық тұжырымдама дәрежесіне дейін өсуіне мүмкіндік туғызады, әрі білімнің ары қарай дамуы үшін қолданылуы тиіс.

Сондықтан білім мазмұнындағы интеграцияның ерекшелігі ғылымдағы интегративтік үрдістердің өзіндік ерекшелігіне тікелей байланысты. Білім мазмұны интеграциясының әдіснамалық негізін анықтау үшін интеграцияны пәндік емес, объектілі сипатта түсіну маңызды болып табылады.

А.А.Бейсенбаеваның пікірінше, интеграция білім мазмұнының негізгі үш компонентінде, атап айтқанда, пәнаралық байланыс әсерімен сапа жағынан өзгертетін білім жүйесінде; пәнаралық байланыс жүзеге асыратын оқу-танымдық қызметте ерекше қасиетке ие болатын дағдылар жүйесінде; әр түрлі пәндер білімдерінің синтезі үрдісінде қалыптасатын оқу-танымдық қатынастар жүйесінде көрініс табады [3].

Педагогика ғылымында интеграцияның бастапқы қағидасы пәнаралық байланыс дамуының генезисі оның жүйетүзушілік факторы, жеделдетушілік функциясы, қозғаушы күш құрал ретінде қолданылуы, қазіргі қоғамға қажетті креативті, күзиретті, бәсекеге барынша қабілетті, интегративті тұлғаны қалыптастырудағы мәні мен маңызы, әсері айқындалады [4].

Білім мазмұнының құрылымы барлық иерархиялық өзара байланысқан элементтері ретінде оқу пәнінің жалпы теориялық деңгейінен оқыту үдерісі және оның субъектісі білім алушы тұлғасының деңгейіне дейін қамтиды. Өртүрлі пәндер арасындағы байланыс жалпы негізде құрастырылады: пәнаралық, метапәндік; тұлғалық - бағдарлық, гуманизация, фундаменталдылық, алған білімді жаңа жағдайда қолдана білу мүмкіндігін қамтамасыз ететін әмбебаптық; білім алушының денсаулығын сақтау; практикалық бағдарлығын қамтамасыз ету; іс-әрекеттік компонентті күшейту; білім мазмұнының интеграциясы (білім алушы бойында әлем туралы тұтас түсінік қалыптастыру); дифференциация және профилдік, т.б.

Білім мазмұны білім алушылардың біліміне, іскерлігіне, әлемге деген шығармашылық қатынас әрекеттерінің негізгі көзін құрайтын әлеуметтік тәжірибеге байланысты болып табылады. Тұлғалық бағдарлық парадигмада білім мазмұны екі құраушыға бөлінеді: сыртқы - білім беру ортасы, ішкі – білім алушының тұлғалық өзгерісі. Сыртқы көріністерінде білім мазмұны тұтас алғандағы білім; оқыту баспалдақтары; оқу курстарының циклдері – оқу курсы – жеке пәндер – модульдер, тақырыптар, сабақтар деңгейінде ұсынылады. Ішкі (тұлғалық) көріністерінде білім мазмұны әрбір нақты білім алушының тұлғалық жаңа өзгерісіне сәйкес келетін деңгейлерді ұсынады: білім, білік, дағды түрлері және іс-әрекет тәсілдері, қабілеттілік, құндылық бағдар. Білім мазмұнының ішкі құрылымы және оның элементтері сыртқы мазмұнының құрылымы мен деңгейлеріне сәйкес келмейді. Білім мазмұнының ішкі құрылымы білім алушы туғызатын білімдік өнім арқылы айқындалады.

Жоғары оқу орнында оқытушыларды кәсіби даярлау білім беру мазмұнын сауатты құрылымдау үшін қажетті бағдардың екі тобын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: біріншісі, ол ғалымдардың негіздеуімен қалыптасқан және бүгінгі таңда да өзінің әсерін тигізіп отырған дәстүрлі бағдарлар тобы; екіншісі, жоғары мектептегі білім беру мазмұнын құрылымдаумен және іріктеумен түбегейлі өзгерісті жағдаятты қамтитын жаңа бағдарлар тобы.

Бірінші топтағы бағдарлар қатарына білім мазмұны туралы концептуалды түсініктер; білім мазмұнын таңдау барысында оқыту үдерісінің процессуальдық және мазмұндық жақтарының бірлігі жөніндегі дидактикалық ережелер; бітіруші түлектің болашақ кәсіби іс-әрекетінің сипаты; кәсіби біліктілікті меңгеруге қажетті білім, білік және дағдының жиынтығын дидактикалық өңдеудің әдіснамалық ережелері жатқызылады.

Бағдардың екінші тобына жаһандану мен оқыту үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының пайда болуы, Қазақстан Республикасының Болон үдерісіне қосылуы және құзыреттілік тұрғыдан жоғары мектепті реформалау (үздіксіз білім беру моделі, көпдеңгейлі білім беру, қашықтан оқыту, академиялық ұтқырлық, электрондық білім беру ресурстары, т.б.); білім мазмұнының әртүрлі компоненттерін меңгеру тісілін өзгертетін ақпараттық және интернет технологиялар (иновациялық және педагогикалық технологиялар, интербелсенді және психологиялық қолайлы білім беру ортасы, т.б.); білім алушылар, жұмыс берушілер, қоғам, мемлекеттің сұраныстарын сипаттайтын жаңа нормативті құжаттардың пайда болуы және оларға өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (31.10.2018ж., №604), «Педагог» кәсіби стандарты, Жоғарғы және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелері (30.10.2018ж., №595), Кредиттік технология бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру ережелері (12.10.2018ж., №563), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды

дайындау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы (13.10.2018ж., №569), т.б.) жатады.

Жалпы бүгінгі таңға дейін педагогика ғылымында білім беру мазмұнының тұжырымдамалары қалыптасқан. Оның алғашқысы әрі білімге қойылатын қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келетіні мәдени білім мазмұны тұжырымдамасы (М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер, В.В.Краевский) білім беру мазмұнын қалыптастыру деңгейлері мен қағидаларын сақтауға мүмкіндік береді [5].

Білім мазмұнын іріктеуде оқытудың процессуалдық және мазмұндық жақтарының бірлігі жөніндегі дидактикалық ережелер (М.Я.Виленский, П.И.Образцов, А.И.Уман, т.б.), бұл тұжырымдама педагогқа оқытудың мақсатын оқу үшдерісінде ғылыми негізде жүзеге асыруға мүмкіндік береді [6].

В.И.Гинецинский ғылыми білім құрылымының тарихи өзгерісін әдіснамалық тұрғыдан талдай отырып, ғылым дамуының кезеңдерін сипаттайтын тенденцияларды бөліп көрсетеді. Бұл тенденциялар ғылыми білім салаларының байланыс жүйесінде төмендегі: ғылым дифференциациясынан интеграциясына; координациядан субординацияға; ғылым байланыстарын негіздеуде субъективтіліктен объективтілікке; жекеліктен пәнаралыққа; тұйықтықтан әрекеттестікке; көп функционалдықтан субтрактылыққа; көптен бірлікке алмасулармен суреттеледі [7].

С.В.Леднев білім мазмұнының құрылымдық компонентінің жиынтығына және олардың өзара байланысына әсер ететін факторларды бөліп көрсетеді: ғаламдық деңгейдегі факторлар (білім негізгі салалар мен баспалдақтарға бөлінеді); жалпы факторлар (политехникалық және әлеуметтік білімнің құрылымын, олардың теориялық және практикалық бөлімдерін ескере отырып, анықтайды); жалпы орта мектептегі, кәсіптік және техникалық білім беру, орта және жоғары оқу орындарындағы білім мазмұнының факторлары; жеке факторлар (оқу курстары, оқу жобалары мен практиканың түрлерінің мазмұнын анықтайды) [8].

Отандық тұжырымдамаларда білім беру мазмұнына педагогикалық бейімделген ғылым негізі; білім, білік және дағдылар жүйесі, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі және әлемге эмоционалды-еріктік қатынастар; адамзат мәдениетінің құрылымы бойынша педагогиканың бейімделген әлеуметтік тәжірибе; тұлғаның сапалық қасиеттерінің прогрессивті өзгеру үрдістерінің мазмұны мен нәтижесі; білім беру ортасы, яғни адамзат тәжірибесіндегі қол жеткен жетістіктер енеді.

А.В.Хуторской білім мазмұнын қалыптастырудың төмендегідей жалпы қағидаларын бөліп көрсетеді: қоғам сұранысы мен әлеуметтік жағдайларды ескеру қағидасы; білім мазмұнының таңдалған білім моделіне сәйкес келу қағидасы; оқытудың мазмұндық және іс-әрекеттік жақтарының бірлік қағидасы; білім мазмұнының жалпы және пәнаралық деңгейдегі құрылымдық бірлік қағидасы; білім мазмұнының табиғи жинақтылық және жеткіліктілік қағидасы [9].

Осы қағидалардың ішіндегі жалпы және педагогикалық деңгейіндегі құрылымдық бірлік қағидасына баса назар аударылады. Оқу пәндерінің ішкі табиғи байланыстарын, «табиғат-қоғам-адам ойының» даму заңдылықтарын ашу білім мазмұнына тірек болады.

Ғалым-педагог М.Н.Берулава интеграциялық көздердің объективті көптүрлілігін қорытындылай отырып, интеграцияның үш типін бөліп көрсетеді: жалпы әдіснамалық, жалпығылыми және жеке ғылыми. Интеграцияның жалпыәдіснамалық типі ғылыми білім жүйесіндегі философияның интеграциялық рөлін күшейтуге бағытталған. Интеграцияның жалпығылыми типі оқу процесінде жалпығылыми формалар мен таным құралдарын пайдаланумен байланысты. Интеграция көзіне қарай бұл тип ұғымдық (жалпығылыми ұғым және категория); әдістемелік (жалпығылыми әдістер мен танымдық тұрғылар); проблемалық (жалпығылыми проблемалар); негізгі өзектік (жалпығылыми пәндер); әдіснамалық (әлемнің жалпы ғылыми бейнесі) типтерге жіктеледі. Интеграцияның үшінші жеке ғылыми типіне автор (трансляциялық) таратушылық типті (жалпы және кәсіптік білім мазмұнының жалпы құрылымдық элементі), объектісі типті (зерттеудің жалпы

объектісі), проблемалық типті (кешенді мәселелер), алмасу типін (кешенді ғылымдары) жатқызады. Сонымен бірге интеграцияның үш деңгейін анықтады: тұтастық деңгейі, жеке зерттеу пәні бар, интегративті сипатқа ие, жаңа оқу пәндерін қалыптастырумен аяқталады; дидактикалық синтез деңгейі, оқу пәндері интеграциясы негізінен кәсіптік циклдегі пәндер базасында жүзеге асырылады. Дидактикалық синтез жалпы білім беретін мектептегі оқу пәндері интеграциясының мазмұнымен анықталады [10].

Жалпы және кәсіптік білім интеграциясының ерекшелігін түсінуде оқу үдерісінде интеграцияның мазмұндық және процессуалдық жақтарының арақатынасын анықтау негізінде оның жүзеге асырылу деңгейі маңызды.

Сонымен білім мазмұны интеграциясының жоғары деңгейі жаңа оқу пәнін қалыптастырумен аяқталатын интегративті сипатқа ие. Осы деңгейде толық мазмұндық және процессуалдық интеграция жүзеге асырылады.

Интеграцияның екінші деңгейі кәсіптік-техникалық цикл пәндері базасындағы дидактикалық синтезбен сипатталады. Бұл жағдайда оқу пәндерінің мазмұндық интеграциясы ғана емес, жалпы және кәсіптік пәндерде оқу сабақтары интеграциясының формасын ұсынатын процессуалдық синтез де болады (интеграцияланған сабақтар, семинарлар, т.б.).

Жалпы және кәсіптік білім интеграциясының үшінші деңгейіне білім алушылар білімін көкейкестендіру ретінде оның жалпы қорытындылау мен жүйелеуді қарастыратын пәнаралық байланыс жатқызылады.

Г.Н.Сериков білім берудің интегративтік бейнесінің тұжырымдамасын дайындап, оның өзегіне «білімділікті иеленген» мақсатты іс алынды. Бұл бейнеде білім беру мазмұны, оқыту мен үйренудің интеграцияланған әрекеті, көшбасшылық (жетекшілік пен басқарушылық) үлкен рөл атқарады. Меңгерілген білім мен білім беру үдерісінің жиынтығында білім берудің интегративтік бейнесі білім алушылардың тікелей қатысумен болатын аспектісін көрсететін жағын құрайды. Осыған сәйкес білімділікті иеленген интеграция білім беру үдерістерін меңгеру есебінде тұлғаның дербестігінің дамуына әкеліп соғатынын анықтайды [11].

Сондықтан әртүрлі сапалардың жиынтығын қамтитын тұтас түсінікті айқындайтын білімнің белгілі бір формасы қалыптасады. Сол арқылы герменевтикалық шеңбер проблемасын білімдік деңгейде шешудің біртұтастықты түсіну үшін оның жеке бөліктер, ал жеке бөліктерді түсіну үшін тұтастық туралы түсініктер болуы керек деген шарттарын бекітуге болады: бұл білімді, оның әр түрлі аспектілерінде біріккен тұтастық ретінде ғылыми түсініктің мақсаттылығы, сонымен қатар жүйелілік тұрғысынан, білім берудің интегративтік бейнесін құрастыру үрдісінде қолдану қажет деп ұсынылып отырған интегративтік бейне білімнің қызметі мен дамуының ашық динамикалық жүйесі болып табылатындығы негізделеді.

Осыдан ғылыми зерттеудің негізгі қағидасы интеграция және жүйелі тәсіл болып табылатын қазіргі ғылымның мұндай ерекшеліктері білімнің мәні мен мақсатын өзгертуге себепші болатын ғылыми-техникалық революцияның кілті ретінде бүгінгі білімнің даму перспективасы мен заңдылығын түсінуге көмектеседі. Бұл тәсіл алдымен білімнің бірлігін және көпөлшемділігін, бір мезгілде оның үш компонентін, атап айтқанда, оқыту, тәрбие, тұлғаның шығармашылық дамуы және олардың өзара байланысы мен өзара әрекеттесуін басқарады.

Білімнің болашақта дамуы танымның гуманитарлық тәсілдері және жаратылыстануда ғылыми әдіснамалық өзара толықтыру принципіне сүйенуі керек. Бұл тәсіл әлем, әлем бейнесі туралы тұтас үдеріс ретінде біртұтас түсінікті қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Білім беруде әлемнің ғылыми бейнесі үш қызмет атқарады: дүнитанымдық, ғылым танымның ажыратылмайтын бөлігі ретінде қарастырылады; әдіснамалық, барлық теорияларды қосу, ол білім мазмұнында білімді жүйелейді; психологиялық, ойлаудың сыни, жүйелі, диалектикалық типтерін қалыптастырады.

Жоғары оқу орнындағы білім беру үрдісін гуманизациялаудың педагогикалық-психологиялық негіздері және оған ықпал ететін факторлары әртүрлі аспектіде зерттелінген: білім мазмұнын гуманитаризациялау (В.П.Зинченко, Б.Б.Коссов, Ю.В.Сенько, В.А.Сластенин, А.А.Бейсенбаева, т.б.); оқу үрдісін дифференциациялау және индивидуализациялау (Д.А.Белухин, В.И.Загвязинский, И.С.Якиманская, т.б.); оқытудың компьютерлік және мультимедиялық технологияларын қолдану (К.К.Колин, А.Трофимов, т.б.); білім беру кеңістігін гуманизациялауға оқытушыларды дайындау (Т.И.Блинова, М.Н.Берулава, В.В.Сериков, т.б.).

Жоғары білім берудегі құзыреттілік тұғырдың мәнін ғылыми білім беру үдерісінің өнімділік сипатын қамтамасыз ететін білім беру мазмұнын практикалық құраушыларына бағдарлығы айқындайды. Құзыреттілік білімнің интеллектуалдық және дағдылық (тәжірибелік) құраушыларын біріктіреді және іс-әрекет саласына жататын білім, білікті тандауға мүмкіндік туғызатын интегративтік табиғатын меңгереді. Сондықтан жоғары оқу орнындағы оқытушының дайындық дәрежесі кәсіби құзыреттіліктерінің белгілі бір компоненттерінің қалыптасуы, нәтижесінде білім мен біліктілікті меңгеріп қана қоймай, оны практикада пайдалануын қалыптастырады. Құзыреттілік өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын оқу нәтижесінде алынатын сапа.

Қорыта келгенде, ғылымдар интеграциясы оқу пәнінің білім мазмұнының құрылымындағы білім, біліктілік және қарым-қатынастар жүйесі секілді компоненттерінде бейнеленуі керек. Білім мазмұнын анықтау және құру негізінде оқытуды дамытатын жетекші принциптерімен қатар, оның интегративті сипаты қамтамасыз етілді. Жоғары оқу орнындағы білім беру мазмұнының интегративтік сипаты төмендегі мәнді сапалармен айқындалады: өзін-өзі жетілдіру (өзіндік ресурстарын белсендендіру, ерік-жігерін ретке келтіру және өзінің ішкі өзгерістері мен сыртқы белсенділігіне өзі себеп бола алуға қабілеттілік); өзін-өзі ұйымдастыру (өзінің әлемді түсінуін және ұмтылыстарының жүйесін ретке келтіре алуға қабілеттілік); өзін-өзі дамыту (өзінің ішкі әлемі мен қоршаған ортаның сандық өзгерістерден сапалық өзгерістерге өтуіне ықпал етуге қабілеттілік). Осы анықталған жағдай нәтижесінде білім алушы тұлғасының «Мен» жүйесі ретінде көрсетуіне негіз болды. Демек ғылым мен практиканың интеграциясын генетикалық қағида деңгейінде пайдалану сапалық жаңа жүйенің жоғары реттегі интегралды білім беру кеңістігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010 ж., ҚР Президентінің № 1118 Жарлығы, Астана.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2018.04.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). - Астана: Ақорда, 2018 жылғы 4 сәуірдегі № 171-VI ҚРЗ.
3. Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. Монография. - Алматы: Ғылым, 1998. -225с.
4. Шолпанқұлова Г.К. Қазақстанның педагогика ғылымында пәнаралық байланыстың қалыптасуы мен дамуы. Монография. – Алматы, 2007. – 355б.
5. Краевский В.В. Общие основы педагогики. – М.: Академия, 2008. -256с.
6. Виленский М.Я., Образцов П.И., Уман А.И. Технология профессионально-ориентированного обучения в высшей школе: Учебное пособие/Под ред. В.А.Сластенина. - М.: Педагогическое общество России, 2004. -192с.
7. Гинецинский В.И. Проблемы структурирования мирового образовательного пространство // Педагогика. 1977. №3. – С. 10-15
8. Леднев В.С. Содержание общего среднего образования. Проблемы структуры. –М.,1990. - 264с.
9. Хуторской А.В. Современная дидактика: Учебник для вузов. - СПб. 2001. -442с.
10. Берулава М.Н. Теория и практика интеграции содержания общего и

профессионального образования в профтехучилщах: Дисс.д.п.н.13.00.01. - Бийск,1989. - 309с.

11. Сериков В.В. Образование и личность. Теория и практика проектирования педагогических систем. – М., 1999. - 272с.

Роль обновленной образовательной программы в подготовке будущих специалистов в высших учебных заведениях

Адильшинова З.У.

к.п.н,доцент АРГУим. К.Жубанова (Казахстан,Актюбе)

Амантай А.А.

магистрант АРГУ им. К.Жубанова(Казахстан,Актюбе)

zina-0471@mail.ru

Akerke-amantay@mail.ru

На сегодняшний день президент ставит очень высокие требования к национальной образовательной сфере «В системе среднего образования необходимо довести общеобразовательные школы до уровня обучения в Назарбаев Интеллектуальные школы. Выпускники школ должны знать казахский, русский и английский языки, результат их обучения должен обладать навыками конструктивного мышления, самостоятельного поиска и глубокого анализа информации».

«Наша система образования должна становится более конкурентоспособной, чтобы выпускники школ могли продолжить свое образование в университетах мирового уровня, в меняющемся мире воспитание конкурентоспособной, талантливой молодежи является одной из актуальных проблем. С этой целью в стране внедрена система оценивания и обновленная программа обучения.

В программе «Мәңгілік ел» (Вечная страна) отражены национальные ценности, сохранен национальный код а также зрелый взгляд на национальное самосознание и национальную духовность. Говорят: «Какой будет учитель, такой будет и школа, и дети соответственно получают больше знаний».[1]

«Поэтому, прежде всего для школы нужен хорошо знающий , педагогическую методику учитель», - сказал А. Байтурсинов. Поэтому сегодня эти требования предъявляются ВУЗам, готовящим будущих педагогов. В этом направлении 5 профессоров кафедры Педагогика и методика начального обучения прошли курсы повышения квалификации педагогических кадров, по предметам начальной школы. Глобальные изменения в мире являются причиной пересмотра системы образования.

Это главный, важный вопрос, как для педагогов в области образования, так и для будущих учителей" -что нужно изучать в XXI веке?» и второй вопрос по важности - " как учителя готовят учеников к XXI веку?». Особенности обновленной учебной программы заключаются в следующей структуре, состоящей из нескольких разделов.

Важность дисциплины;

Цель учебной программы по дисциплине;

Реализация языковых целей;

Требования к организации учебного процесса;

Педагогические методы, используемые в преподавании дисциплины;

Ценности национальной идеи " Мәңгілік ел";

Компетентность использования информационных и коммуникационных технологий;

Развитие коммуникативных навыков у учеников;

Оценка результатов обучения;

Содержание, организация и последовательность обучения.

Это будущие специалисты:

знать обновленный контент программы;

использование педагогических подходов и учебных материалов в соответствии с обновленной программой;

Требование знать систему критериального оценивания для достижения знаний учебной программы.

По обновленному содержанию образования, обучающиеся должны владеть следующими навыками:

1. Общие положения обучения (чтение, произношение, слушание, письмо);
2. Навыки мышления (знание, понимание, применение, анализ, сравнение, оценка);
3. Навыки творческого мышления.
4. Навыки логического мышления
5. Навыки критического мышления
6. Навыки алгоритмического мышления
7. Навыки критериального мышления
8. Навыки проблемного мышления
9. Навыки технологического мышления
10. Навыки языковой компетенции[2]

Развитие коммуникативных навыков у кучащихся в обновленной образовательной программе поможет узнать все аспекты передовых технологий.

Например: критическое мышление особенно важно для развития

Если моделирование, проектирование, экспериментальные занятия ориентированы по дисциплине «Естествознание», то в предмете "Обучение грамоте" реализуется задачи адаптации к учебной деятельности, формирование постоянного внимания и памяти, логического мышления и интереса к знаниям, совершенствование мышления, развитие словарного запаса, обучение общению. Кроме того, развитие речевой деятельности через чтение и письмо является основой для изучения других дисциплин.

Еще одна особенность программы «Лидерство учителя " – проведение коучинга и наставничества (mentoring), с помощью которых учителя учат коллег, а учителя, освоившие ее, являются лидерами, реализуя обучение учащихся и учителей в своих школах.

В этом направлении с 2016 года по специальности 5В010200 - Педагогика и методика начального обучения введена в учебный план элективная дисциплина «Основы обновленного образования в начальных классах", в 2017-2018 году прошли переподготовку около тридцати учителей школ.

Университет подписал меморандум со средней школой в п. Новый, работающей по пилотному проекту в рамках обновления содержания образования города, где будущие учителя начальных классов проходят педагогическую практику.

Проект «определение и отбор компетенций», разработанный организацией экономического сотрудничества и развития (ОЭСР), был представлен моделью навыков XXI века. [3]

Данный проект показывает, что учащиеся с глубоким концептуальным пониманием усвоили основную грамотность, то есть развивают не только знания и навыки ученика, но и, в целом, максимально индивидуализируют его обучение- формирует умение читать, и позволяет ему развиваться как личность. На основании этого, в ВУЗе при подготовке будущих специалистов, выданное Организацией экономического сотрудничества и развития заключение, взять как руководство.

- стратегии обучения, умение сочетать различные педагогические подходы, а также, как и когда использовать конкретные методы и стратегии;

применяемые стратегии в целом касаются вопросов обучения всего класса, а также направлений проводимых исследований, групповых работ, самостоятельных работ и

индивидуальных исследований. Поэтому необходимо учитывать, что образовательные стратегии всегда связаны с каждым учеником индивидуально;

учитель должен сотрудничать со своими коллегами по своему и соответствующему предмету; внутри одной организации или с представителями ряда других организаций; в рамках сетевого профессионального сообщества, в рамках других мероприятий, предусматривающих систему наставничества.;

владеть прочными навыками в области информационно-коммуникационных технологий, владеть методиками их использования как эффективного средства обучения, а также уметь эффективно использовать информационно-управляющие системы в контроле учебного процесса. [4]

Таким образом, содержание новых учебных программ – направлено на развитие навыков XXI века: развитие навыков поиска, анализа и интерпретации информации; формирование их первоначальных знаний о человеке, природе и обществе ; развитие духовно-нравственных ценностей.

Если говорить о формировании функциональных навыков: то в этом направлении в вузах ведется подготовка будущих специалистов, слова великого казахского просветителя Ахмета Байтурсынова «Коррекция страны должна начинаться с коррекции образования ребенка». В своем выступлении он отметил, что в настоящее время в области образования и воспитания молодежи нет серьезных проблем, и определил, что основа развития лежит в образовании и науке.

Использованная литература:

1. Государственная программа развития образования и науки в Республике Казахстан на 2016 - 2019 годы. - Астана, 2016. .
2. Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Основное правило. Астана. - 2008. - 40 с.
3. Концепция 12-летнего общего среднего образования в Республике Казахстан. -Астана, 2005. -31 с
4. Рыжков М.В. Ключевые компетенции: возможность применения.
// Стандарты и мониторинг в образовании. - М., 1999. - № 4.С.17-19.

Білім беру жүйесінде ұлттық шешендік дәстүрге баулу – рухани құндылықтар негізі

Абат Қыдыршаев

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жанындағы «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі

Нәзік Ғазез

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің магистранты

Түркі әлемінде де, Ұлы Дала елінде де, еуропа төрінде де бірегей даналардың дуалы аузынан шығып, ұрпағына мирас болып қалған құнды ойлардың күллісі сөз құдіреті арқылы берілетіні мәлім. Ал даналар дүниеге келтірген құндылықтардың бірден-бір заңды мұрагері – сол халықтың өзі. Демек, халық даналығы – ұлттық сана межесі, ой-өріс тұнбасы. Олай болса, халық даналығы – тілінде. Тексіздік – тілсіздіктен. Егер де тіл мүмкіндігі шектеліп, сөз байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жетіспей жатса, даналық ой-пікір де шарықтап дамымақ емес. Ендеше даналықты білдіретін түйін-тұжырымдар, ұғым-түсініктер сапына аталы сөз, мақал-мәтел, қанатты сөз, нақыл сөз, шешен сөз, өсиет сөздерді қосар едік. Бұлар – даналық пен парасаттылықтан туындаған терең ой, логикалық тұжырым, философиялық толғаныс, дүниетаным, өмір тәжірибесі, тағылым-тәлім

көріністері, көркем сөзбен көмкерілген қалыптасқан тіркес, шағын мәтін, қысқа да нұсқа ой үзіктері.

Қазақтың көне тарихындағы, көркем әдебиетіндегі шешен-билерді (Майқы, Кетбұға, Асан қайғы, Жиренше, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Сырым) түгел түптеп білу, мұраларына үңілу, керегінше пайдалану да жас ұрпаққа қажетті қағида. Шешендік өнердің туып, қалыптасуы қоғамның пайда болуымен байланыстылығы туралы пікірді қазақ шешендік өнерінің даму тарихы да дәлелдейді. Демек, қазақ халқының зор мақтаныш боларлық мәдени бай мұраларының мол саласы - әдебиет мұрасы. Философиямен қабысқан терең ой-пікірлер арнасынан асқан ақыл, сезімді сергітіп, жүрек тербеткендей қажырлы қайрат, екпін, ынта, аңсаған әділдік, бой шымырлатып, жүйе босатарлықтай сөз - осылардың бәрі қазақ халқының ауыз әдебиетінің асылдығын көрсететін қасиеттер. Сол себептен де «Өнер алды-қызыл тіл» дейді қазақ мақалы. Қазақ халқы адам баласының қоғамдық қатынасының ең маңызды құралы сөзді өте жоғары бағалай білген. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деп, орынды айтылған жақсы сөздер отыз тістен шығып, рулы елге жайылған, көпке өнеге болған. Мұндай жүйелі сөздер ауыздан-ауызға көшіп, атадан балаға ауып, біздің заманға да жеткенін көреміз. Қазақ халқының ғасырлар бойы сақталып келе жатқан ауыз әдебиеті - түпсіз бұлақ, бітпес мол қазына. Қазақ халқының мәдени мұрасының ішінде көпке дейін ойдағыдай еске алынбай, зерттеу жағынан кенже қалып келген өткендегі ұлы сөз аталарының, айыр көмей, темір жақ шешендерінің камал бұзарлықтай қаһарлы, жүйе босатарлықтай жылы сөздері, өмірді кеңінен алып, заманында кемеліне келтіре сөйлеген би-шешендердің ескіден қалған нақыл сөздері қазақтың ауыз әдебиетінен көрнекті орын алады. Шешендерден қалған мұндай шебер сөздер, бір жағынан, қазақтың елдік, қоғамдық өмірінің күллі қырларын елестететін айнасы болса, екіншіден, халықтың ой-пікірінің, сана-сезімінің, жалпы дүниетанушылық көзқарасының арнасын, жеткен кемелін көрсетеді. Әділетті сағалаған шешен-билердің, ақыл айтқан қадірлі ақсақалдардың атақтарын іргелі қазақ еліне әйгілі еткен - олардың ұлт атынан, іргелі ел, аймақ атынан айтқан шешен сөздері, әділ биліктері, өмірдің өзгешеліктерін ақылға салып, өлшей айтқан болжал сөздері. Бұл тұрғыдан келгенде, от ауызды орақ тілді шешен-билеріміз – ұлт көшбасшылары [1;2;].

Қазақ ауыз әдебиетіндегі, фольклорындағы ауызша айтылған сөздердің иесі бары, айтушының аты белгілісі, тек осы шешен-билер сөздері ғана. Аталы сөздері іргелі елге жайылып, шешендік даңқтары талай заманды басып өтіп, өзгермей, өшпей, мұра болған ақылгөй адамдар қазақ халқында жүздеп саналады. Өз басы ғана емес, сөзге жүйрік болған аталарын былай қойғанда, түү ата тегінен бері қарай, тұқым қуалап, төңірегіннің көбі шешендікке ие болғандардың өзі сан алуан. Бізге сөздері жеткен шешендердің көпшілігі қазақ хандығы орнағаннан бастап көрінеді. Демек, қазақтың үш жүзіне ортақ, сонау әріден келе жатқан Асан қайғы, Жиренше шешен, Сыпыра жыраулар - өткенді өрнектей ойына тізіп, кезеңін кеңінен қамтыған, келешекті болжағыш, нағыз самғаған саңлақтар. Шешендіктері шешеннен асып, батпан бұлды сөздері еттен өтіп, сүйекке жетіп, жазықтыны жанынан түңілдірген сөз иелерінің атақтары Алтын орда хандығы ыдырап, қазақ хандығы ерекшеленген замандардан бері қарай анықтала бастайды. Сол тұстағы халық абыройына ие болған дүлдүл қазақ шешендерінің қай-қайсысы да екі ауыз аталы сөздерімен ердің құнын, рулы елдің ісін бітірген деседі. Ендеше, қазақ халқының ертедегі елдік мәні бар істерінің бәрі осындай аталы сөз айтқан көсемдерінің алдына келіп шешілетін болған, шешендердің айтқан құнарлы сөздеріне жұрт бағынатын болған. Бұл сөздерді мазмұн жағынан алып қарасақ, өмірді кеңінен шолып, тереңнен қамтығаны байқалады. Мұндай шешендер аз сөйлеп, көп айтқан. Естіген, білгендерін көңілге көп түйіп, сөздерін көпке бірдей әділдікке сүйей, тұжырымды етіп, тәлім-тәрбиелік мәнін өсіре, жауыздықтан аулақтата, жақсылықты үлгі ете, сөз тыңдаушыларды жетелей сөйлеген. Қазақ елі талай жауларымен жағаласып, көп қиыншылыққа кездесіп отырды. Сол күндерде елге ақылшы болып, батырлармен бірге елдің елдігін, бүтіншілігін, намысын

қорғасқан да осы сөз иелері – шешен, билері. Өз Жәнібек заманында қазақта екі-ақ түрлі кісі болыпты: бірі – батыр, бірі – би деу де осыны дәлелдейді [3;4; 1;].

Шешендік – Ұлы Дала елі тектілігінің айқын белгісі. Ұлт шешендігінің көшбасшылық өнегелік тағылымы тұңғыық терең. Шешендік негізі – ой еркіндігі, сөз еркіндігі, ауызекі тілдегі сөздерді әдемі тізбектеп оралымды орналастыру, тиімділігін күшейтіп, қисынды ойға сыйғызуды аңғартуы; сөзбен тоқтату, сөзден жаңылыстыру, қарсыласын сөз тыңдарлық жағдайға түсірудің орасан күшті өнер екендігіне көз жеткізу, яғни, қарсыласынды ұтымды сөзіңмен, тапқырлығыңмен, шешендігіңмен иілте білу оңай шаруа еместігін, сөзсіз, бұл ойлау қабілетіне де байланыстылығын, шаршы топ сенің төкпектетіп, ешбір мүдірмей сөйлеуіңе тәнті боларын, ұшқыр ойлы қалыпта сөйлей алатын адамның қолынан кесімді істің де келері дау туғызбайтындығы; тұспалдап сөйлеуге, мегзеуге, бернелеуге, символдауға, басқаны айта отырып, нені нысаналып отырғанын жасыра айтуға, жұмбақтап айтуға, яғни, терең зейінділік пен ойлылыққа төселтуі; астарлап сөйлеу халқымыздың сөйлеу мәнері екендігін, бұл тек сөйлеу шеберлігімізді ғана емес, сөйлеу мәдениетімізді де танытатын, ойлау қабілетімізді аса тереңдетер құбылыс екендігін аңғартуы; тапқырлыққа, шапшаңдыққа, тез жауап берушілікке баулуы; өзгені тындауға, өзгенің өнегелі ісінен тағылым алуға жөн сілтеуі [5; 6; 7].

Ал бүгінгі Ұлы Дала елінде, туған жерімізде қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, ана тіліміздің қоғамдық қызметі жоғарылаған кезеңде шешендік сөздің әлеуметтік мәнін ұғындыру ісі және мемлекеттік тілде шешен сөйлеу мәдениеті мәселесі аса өзекті. Ал жас тұлғаларды шешен сөйлеу мәдениетіне баулу ісі – өз алдына мән-мағынасы зор мәселе. Демек, қазіргі таңда шешен, шешендік өнер, риторика, шешен сөйлеу мәдениеті дегеніміз не, шешендікке қойылатын талаптар, қағидаттар қандай, қазақ шешен-билерінің, шешендік сөздердің тағылымы неде, шешендікке баулу амалдары қандай тұрғысындағы мәселелер турасында да жан-жақты ойланып, шешендік өнер жайындағы еңбектерді електен өткізіп, шешендікке қатысты материалдарды екшей қарап, жоғары және орта мектеп не болмаса колледж, интеллектуальды мектеп, лицей, гимназия сынды білім ордаларының студент-шәкірттеріне шешендікті арнайы пән ретінде оқытуды ритор-мамандарымыздың дұрыс мағынасында қолға алуы – ұрпақ алдында парыз іс.

Шешен болу үшін, тек туа біткен талант болу керек, яғни, табиғи дарынды сазгер, суретші, ақын сияқты болу керек, ал өзгелердің пешенесіне таңдаулылардың өнеріне тамсану, таңдай қағу ғана жазылған деген ұғым – бүгінгі таңда ақылға сыйымсыз, таяз ойлаудың айғағы. Әріден келе жатқан талас пікірлердің бірі көпшілік қауымға шешендік өнердің даруы я дарымауы мәселесіне осылайша қарсы дау айтуға болар. Талант болып тумадым деп өкінудің қажеті шамалы, таланттар сирек болады, ал өз ісінің майталман шебері болу – әркімнің қолында, тек жатып ішер жалқаулықтан сақтасын де. Халық айтпай ма: «Сөйлей-сөйлей шешен боларсың» деп. Ғұламалар айтпай ма: «Ақын туа қалыптасады, шешен жүре қалыптасады» деп. Дегенмен, көп көргеннің бәрі көсем, көп сөйлегеннің бәрі шешен еместігі де аян. Кедейлік неден? – деп сұрапты біреу Төле биден. – Кедейлік үш ағайынды. Оның тұңғышы – кежірлік, ортаншысы – еріншектік, кенжесі – ұйқы. Осы үшеуін бойына үйір қылмаған адам кедей болмайды, - деп жауап беріпті Төле би [8.49]. Бізге керегі де осы. Тегін түйіндер емес, астарында термен келер тәжірибе жатыр. Демек, шешендіктің өнер делінуінде шарттылық басым. Шындығында, шешендікке әрбір сауатты адам меңгере алатындай машықтық іс-әрекет жиынтығы тән. Сол себептен де кез-келген маманның толыққанды дәрежесіне сай болуына адамның қабілеті мен ұмтылыс-жүрек қалауының нақты түрде үлкен рөл атқаратыны табиғи қағида. Шешенді оның ерік-жігерінен тыс тәрбиелеу мүмкін емес. Керек десеңіз, ерекше жоғары деңгейдегі қабілет-қарымды да дамыту, өрістете өрбіту, қалыптастыру бағытындағы жүйелі де сатылы іс-әрекеттер жасалмаса, бәрі де бос әурешілік, яғни, керемет қабілет-қарым құмға судай сіңіп, далаға лағады.

Шешендік өнер – тындаушының ақылы мен сезіміне әсер ететін субъективті және объективті күрделі даналық тәлім, шығармашылық қалыптағы қатаң ғылыми түйін де.

Кезінде атақты төңкерісшіл кеңес шешендерінің бірінен шешен сөйлеу мәдениеті жөнінде оқып үйренуге ден қойдыңыз ба деп сұрағанда: «Иә, сөйлей білу техникасы жөнінде көп оқыдым. Негізгі жұмысыма байланысты мінбелерден жиі сөйлеу қажеттігіне сәйкесті, мен мұны өте жақсы жүзеге асыруға міндеттімін де. Ал ол үшін тынымсыз тер төге оқып-үйрену қажет-ақ» деген екен [5.36]. Бұл ретте қазақ ғұламалары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Құдайберген Жұбанов, Ғабит Мүсірепов, Қаныш Сәтбаевтардың шешендік тағылымы өз алдында телегей теңіз. Түйін нүктесі болар пікір – қазақ ғұламаларының шешендік қалыптары іркіліксіз ізденіс үстіндегі шәкірттерге таптырмас толымды тағылым [9; 10;11;].

Ал жас тұлғаның бойына риторикалық мәдениетке қатысты білік, дағдыларды қалай жұғысты етпекпіз. Басты жолы – жоғары оқу орындарында, білім беру ордаларында шешендіктану (риторика) ғылымын игеру арқылы. Біздіңше, шешендіктану пәнін оқытуды қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мәдениеті және ұлттық ділімізбен байланысты шынайылыққа, ізгілік пен әдемілікке ұмтылуға бағытталған жас тұлғалардың сөйлей білу білік-дағдыларын, қабілет-қарымын дамытуды көздейтін риториканың кешенді қалыптағы интеграцияланған пән екендігі туралы түсініктен туындата білген дұрыс. Сондай-ақ, риторикалық мәдениетті, риторикалық біліктілікті қалыптастыру – бұл тек оқудағы бір ғана бағыт емес, сонымен бірге, өзге де оқыту пәндеріне әсер ету құралы да, интеллектуалдық және эмоциональдық тұрғыда жетіле дамудың тиімділігін қамтамасыз ететін, әлі де тереңірек айтсақ, жас тұлғаның әлеуметтік тұрғыда бейімделуінің тиімді жүруіне бірден-бір қажетті алғышарт та. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында, ұлттық мектептерде шешендіктану пәнін оқытуда риторикалық білімнің негізі ретінде логос, пафос және этос үштік тұғырының өзара үйлесе сәйкес келу идеясы да ескерілуі тиіс. Ендеше, шешендіктану тұңғығына терең бойлау, шешендік өнерге баулу жай ғана риторикалық технологияны меңгеріп қана қою емес, сондай-ақ бұл – бізге ата-бабамыздан мұра ретінде қалдырылған жоғары адамгершілік тұрғысындағы құндылық ретіндегі ұлттық риторикалық идеалды танып-білу. Демек, шешендіктануды ұлттық риторикалық идеалдың бөлінбес бөлігі ретінде қабылдай білуіміз керек.

Тақырыпқа сай шаршы топ алдында сөйлеу жастан да, жасамыстан да психологиялық әзірлік пен алдын-ала жаттығуды талап етері даусыз. Егер де көшбасшы сөйлеуге тиісті тақырыбына қатыссыз барлық қам-қарекеттер мен қажетсіз ойлардан арыла білсе, алға қойған мақсатты межеге тез жетері анық. Тек осындай қалыпта ғана ол аудиторияға әсер етіп, көпшілікті өзіндік көзқарасының дұрыстығына иландыра алады. Өкінішке орай, көпшілік жағдайда жас тұлғалар не айтарын жақсы біле тұрса да, өз ой-түйіндерін тыңдаушыларына дәл де дөп жеткізе білмейді. Басты себеп, сөйлеушінің іскери әдістемелік жағынан әзірлігінің кемшіндігі, тыңдаушыларды қабылдау ерекшеліктерімен таныс еместігі, аудиториямен қарым-қатынас дағдыларын игермегендігі [12; 13; 14; 15]. Біздіңше, бұл орайдағы әрбір жас атаулыға қажетті риторикалық мәдениетті бойға жұғысты етуге септесер түйіндерді білу аса маңызды. Ол қандай түйін-тұжырымдар болмақ? *Біріншіден*, кәсіби маманға қажетті шешендік дегеніміз – тыңдаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдарының жарқындылығымен, нақыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет-қарым, тума қасиет, сондай-ақ өскен ортаның, үлгі жандардың, ұлағатты еңбектердің тағылым-тәрбиесі, өзіндік дүниетанымының нәтижесі [8; 16; 17; 18].

Екіншіден, шешен табиғаты туралы айқын түсінігінің болуы. Демек, ол көпшілікті сөзінің оттылығымен, жарқынлығымен, күшімен, көріктілігімен баурап алмақ. Сондай-ақ, шешен елге түсінікті болуы үшін, бүкпесіз ашық болғаны жөн. Ұзын сөздің қысқасы, шешен – тыңдаушылардың рухани дүниесін байытушы, өмірдегі, қоғамдағы алуан түрлі құбылыстарды байыбына жетіп, талдап түсіндіруші, белгілі бір ой-пікірлерді, халықтық мәселелерді жеткізуші, жан сала насихаттайтын үгітші. Бұл орайда ол – әлеуметтік-саяси тұлға [19; 20; 21].

Үшіншіден, шаршы топта сөз бастаудың қиындығын аңғаруы. Терлеп көрмеген тер қадірін қайдан білсін. Көшбасшы жас тұлға әр кез «Көш бастау қиын емес, қонатын жерде су бар; Қол бастау қиын емес, шабатын жерде жау бар; Шаршы топта сөз бастау қиын, шешімін таппас дау барлығын»; сөйленер сөздің «бастамасы», «ұсынбасы», «мазмұндамасы», «қыздырмасы», «қорытпасы» боларын білуі тиіс. Данышпан Абай айтпай ма, «сөз танымайтынға сөз айтқанша, өзіңді танитын шошқаны баққан жақсы» деп. Демек, өзгеге қарата сөз сөйлеу, шаршы топта сөз бастау қайдан оңай болсын [22;8].

Төртіншіден, сөз сөйлеуге даярланудың қажеттігі туралы. Жастар небір өнер, не даналық шыңына оларды оқып-үйренбей жету әсте мүмкін еместігін; кімде-кім өз сөзін алдын-ала дайындаса, сол – халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық – сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік екендігін есте ұстағаны жөн-ақ [8.45-66].

Бесіншіден, сөйлеу мәдениеті туралы ойлануы. Сократ айтады: «Сөйлеп көріңіз, мен Сіздің кім екеніңізді айтайын» деп. Демек, жас көшбасылар адамның хайуанаттан артықшылығы – тілі, ал оны орынды қолдана алмаған адамның хайуаннан бетерлігін есте ұстап, кез келген сөйленген сөз жанды құбылыс іспеттес, ол бас-аяғы бар дене секілді және де тұтас кеуде тұсы мен аяқ жағы бір-бірімен үйлесімді де сәйкесімді әрі біртұтастықта өрілген болып келуі заңды екендігін сезінуі, жақсы сөйлеу жай ғана естіртіп жақсы ойлау екенін ескеруі ауадай қажет [8.67-98].

Алтыншыдан, сөйлеушінің жылы жүзді, жылы сөзді бола білуі. Жас тұлға әр сөздің айтылуына қарай мың сан мағынасы барлығына үңілуі қажет. Себебі ұстамды да орынды сөйлей білуі ділмарлықтан көп артық. Шынында да, ақылды ақырын сөйлер де, жауабын күтер. Бұл ретте А.П.Чеховтың: «Мен өзімді тежеуге үйрендім, өйткені парасатты кісі өзін бетімен жібермеуі тиіс», - дегені бар. Сондай-ақ сөйлеушінің сөйлеу сәтіндегі жандүниесінің қозғалыстары дене қимылымен ұштасуы тиіс. Бұл ретте: «От сықылды жылы болсын жүзіңіз бен сөзіңіз», - деген Шәкәрім сөзі ой салса керек. Ал А.С.Пушкин мағынасыздықтың екі түрін атайды: бірі – сезім мен ойдың жетімсіздігінен пайда болар сөздің көптігі, екіншісі – сезім мен ой асып-төгіліп жатса да, оны жеткізер сөздің кемдігі. Сондай-ақ шешен нәзік құбылыстарды қатқыл үнмен айтса, не болмаса ыңғайсыз әңгімелерді нәзік дауыспен жеткізсе, тыңдаушысын иландыра алар ма еді [8.111-117].

Жетіншіден, қысқа да нұсқа сөйлеуге төселуі, тіпті, үндемей қалудың да үлкен күш екендігін сезінуі. Ж.Баласағұни: «Көп сөйлеме, азбен келтір иінін, Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін», - демей ме. Шын сөз қашан да – нұсқа, жақсы сөз қашан да қысқа болмақ. Көп сөйлеген мылжың шын сөзді аз айтады. Ақылы келте адамның әдетте тілі тым ұзын болады. Ойшыл адам, мүмкіндігіне қарай, көп ойды аз сөзге сыйғызуға тырысып, қысқа сөйлейді. Бүге-шүгесіне дейін түгін қалдырмай айтуға тырысу нәзік сезінуге қабілетті адамды жалықтырып, намысына тиеді. Тілінде тиегі жоқтардың бәрі бөспелер ауылынан. Ең бергісі жалған жымыып, босқа даңғырлайды. Қысқасы, «Аз сөйлер де, көп тындар, Хас асылдың баласы», - деп, Махамбет бабамыз айтқандай, кім-кімге де аз сөйлеп, көп тыңдаған жөн. Қашан да аз сөйлеген қателеспес, аз жеген ендікпес. Жас атаулы ең қысқа сөздің мағыналы көзқарас екендігіне назар аударуы артық болмас еді. Демек, қазақтың Қабдоловына сүйене ой түйсек, «көп біліп, дөп сөйлеген – шешен, аз біліп, көп сөйлеген – мылжың». Ал Исократқа сүйенсек, екі жағдайда ғана сөйлеуді қолдайды: бірі – өзіңнің сөйлер нәрсенді айқын ойланып алғанда, екіншісі – бір нәрсе жайында айтудың аса қажеттілігі туындағанда. Тек осы жағдайларда ғана үндемегеннен сөйлеуді мақұл көрсе, қалған тұстарда сөйлегеннен сөйлемегенді анағұрлым артық санайды. Шал ақын айтпай ма: «Байлауы жоқ шешеннен, үндемеген есті артық, Бәйге алмаған жүйріктен, белі жуан бесті артық» деп. Иә, көп сөйлеген көп сәтсіздікке де ұшырамақ, ендеше сөзге сақ болу шешендіктен де асқақ. Өз саласының майталманы А.Ф.Кони мәнді ештеңе айтпағаннан, үндемеуді артық көрсе, білгір Боуви: «Ақылды сөйлеу – қиынның қиыны, ақыл безбеніне салып үндемей қалу одан да қиын», - деп тұжырады. Демек, өзінің тіліне күші жетпеген адамның сөзінде шынайы шындық болмасы анық. Ұлы ойшылдарымыздың бірі Анақарыс

кейінгіге тілінді, тәбетінді, нәпсінді тыйып ұстау турасында ұлағат қалдырған [8.126-140].

Демек, қазіргі жас тұлғаларымыз риторикалық мәдениетке қатысты аса қажетті білік, дағдылар – орнымен сұрауға, көңіл қойып тындауға, байсалды түрде жауап беруге және басқа айтар ештеңесі жоқ кезде сөйлеуді доғаруға үйренгені абзал. Бұл орайда: «Егер айтпағаныңа бір рет өкінер болсаң, үнсіз қалмағаныңа жүз рет өкінерсің», - деген Л.Н.Толстойдың бұған жалғастыра, «адамдар қалай сөйлеуді үйренумен әуре болып жүр, ең басты ғылым қалай және қашан үндемеу керектігін» айтуы ескеруге тұрады [8.141-149]. Десек те, есті адам қашан да тілін тыяр-ау, ойымыз тыйылмасын делік.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, шешендік дәстүр – рухани құндылық көзі. Түркі мәдениетіне тән шешендік өнер тәліміне кейінгі ұрпақты тәнті ете отырып, орасан рухани шапағат, парасат сыйлаймыз. Ұлы Дала елі ұрпағының рухани жаңғыруының сом тетігінің бір қыры осы тұста. Ал рухы зор, рухани бай ұрпақ – түркі әлемінің сенімді келешегі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қазақ би-шешендері: танымдық жинақ / Құрастырған Серікқазы Қорабай. – Алматы: «Айғаным» баспа үйі, 2016. – 204 б.11
- 2.Сөз тапқанға қолқа жоқ (Өзіл әңгімелер, шешендік сөздер, аңыздар, ақындық толғамдар). (Құрастырған және әдеби өндеп баспаға әзірлеген редакторы А.Бейсенғалиқызы). Орал, 1998. – 240 б.12
- 3.Адамбаев Б. Шешендік өнер (Жауапты редактор Ақселеу Сейдімбек). – Алматы: «Ғылым», 1999. – 204 б. 6
- 4.Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. – Алматы. 2000. – 270 б. 7
- 5.Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Орал, 2015. – 230 б.
- 6.Молдабеков Ж. Шешендік. Оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1987. – 383 б.
- 7.Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
- 8.Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары). Оқу құралы. – Орал, 2017. – 364 б.
- 9.Ақыл-ой антологиясы (Қазақ афористикасы: бағзыдан бүгінге шейін) (Шаймерденұлы Е., жинап-құрастыру, редакциялық өндеу, тәржіма, анықтамалық). – Алматы: «Өлке» баспасы, 2012. – 536 б.
- 10.Қабдолов З. Сөз өнері: Оқулық-монография. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2014. - 496 б.
- 11.Ісімақова А.С. Асыл сөздің теориясы. – Алматы: «Таңбалы», 2009. – 376 б.
- 12.Карнеги Дейл. Как завоевывать друзей и оказывать влияние на людей. Как вырабатывать уверенность в себе и влиять на людей, выступая публично; Как перестать беспокоиться и начать жить: Перевод с англ. Минск: Полымя, 1990. – 579 с.
- 13.Эдмюллер А., Вельгельм Т. Техники манипуляции: Распознавание и противодействие. – М.: Омега. – Л, 2008. – 131 с.
- 14.Бредемайер К. Правила риторики: Как не теряться во время выступления и быть убедительным. – М.:Альпина Бизнес БУКС, 2008. – 112 с.
- 15.Трамп Д. Лидерство. Золотые правила Дональда Трампа / Дональд Трамп, Меридит Мак Ивер. – М.: Эксмо, 2013. – 224 с.
- 16.Құрышжанұлы.Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. – Алматы, 2001. – 474 б.
- 17.Сөз сыны. Тіл туралы мақал-мәтелдер, қанатты сөздер. Жинақ. Қазақ тіліне аударған, алғысөзін жазған Е.Тілешов. – Астана, 2017. – 172 б.
- 18.Қазақ афоризмдері (Қазақ афористикасы:бағзыдан бүгінге дейін). Құраструшы-автор Е.Шаймерденұлы. – Алматы. «Алматыкітап» баспасы, 2008. – 304б.

19. Андреа В. Звезды говорят. 4000 золотых афоризмов на каждый день / Валерия Андреа; пер. с англ. И.И. Коморовой. – М.: РИПОЛ классик, 2006. – 448 с.
20. Назарбаев Н. Ақыл – парасат кітабы. Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2015. – 316 б.
21. Борохов Э. Энциклопедия афоризмов: Жечужины мысли. М.: Мысль. 2003. – 686 с.

Әдістемедегі блум таксономиясы моделі

Хасанов Ғ.Қ.

*М. Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

*Орал, Қазақстан
hasan.gabit@mail.ru*

Заман бір орнында тұрмайды, бәрі де дамуда, әсіресе, ғылым мен педагогикалық шеберліктің дамуы өзара тығыз байланыста жүреді. Қазіргі Қазақстанның оқыту жүйесінде ірі салалық өзгерістер жүзеге асуда. Шетелдік педагогикадан алдыңғы қатарлы педагогикалық оқыту технологиялары еліміздің оқыту жүйесіне енуде. Бұлардың барлығы еліміздің оқыту жүйесі басқа елдерден қалмасын, алдыңғы лекте көрінсін деген тілектен туғанын білуіміз қажет. Осы себептерге орай, жаңа технологиялар біртіндеп еліміздің ағарту жүйесіне орнығуда. Мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім мен жақсы тәрбие алған шәкіртінде екенінде дау жоқ. Мұғалімнің сабақта қолданған әдістері оқушыға әсер етуіне қарай бағаланып, дараланып, шәкірт тарапынан да өз талабына сай орындалып отыруы тиіс. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда оқушылардың ойлау және шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында Б.Блумның мақсат қою таксономиясы арқылы түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану маңызды. Америкалық ғалым, психолог Бенджамин Блум оқыту әдістерін зерделеп, 1956 жылы «Блум таксономиясы» деп аталып кеткен тұжырымдаманың негізін құраған. Блум таксономиясының басты белгісі жүйеленген мақсаттармен ерекшеленіп, білімді игеруге бағытталған 6 қадамнан тұрады. Таксономияның әр түрлі деңгейлері (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) оқушыны мазмұнды, салалы ойлауы мен сөйлеу әрекетіне жетелейді. Оқушы өзінің игерген біліміне сын көзбен қарап, өзінің білімді игерудегі жетіспеушілік тұстарын байқап, қатесін анықтап, өзіне баға беруді үйренеді.

Танымдық үрдісті ең қарапайым деңгейден бастап бірте-бірте күрделенетін 6 деңгейге жіктейтіндігін ескере отырып, қарапайым деңгейде есте сақтау, түсініп білу, еске түсіру, ал одан кейінгі түсіну деңгейінде сол ақпаратты басқаша, өз сөзімен жеткізе алумен жалғасады.

Жаңа ақпаратты бөліктерге бөліп зерттеуден кейін оны өз тәжірибесінде тасымалдай алу сияқты алдыңғыға қарағанда күрделі әрекетке ұласады. Қарама-қарсылық туғызу, шешім қабылдау, баға беру – оқушының білімін дамытудағы ойлаудың жоғары деңгейінде жүретін жұмыстар. Әр деңгейге сәйкес танымдық үрдістің мақсаттары күрделенетіндігі заңдылық. Әр қадам сайын сол деңгейде орындалған әрекетке баға беруді жүзеге асыру арқылы оқушының білім деңгейі артып, шығармашылығы шыңдалады. Шығармашылық жұмыстарды орындағанда оқушылар өзінің болжау, топшылау, түрлі құбылыстардың арасындағы байланыстарды салыстыра білу қабілетіне сүйене отырып, ой қорытындысын жасап, жаңа шешім табады, өзіндік жаңалық ашады.

Оқушы ары қарай өз білімі туралы ойланады, өзінің кемшіліктерін табады, өз әрекеттерінің сапасын бағалай алады, өзіне деген сенімділігі оянады. Өз қатарластарымен өз деңгейін салыстыра отырып, алға қарай ұмтылады. Топта жұмыс істей отырып, тілдік сөздік

қорын молайтады. Сабақтың белсенді қатысушысы бола алады. Бұл айтылғандар оқушылар арасында Б. Блум таксономиясының деңгейлеріндегі ойлау жүйесі арқылы жүзеге асады.

Сабақтарда төмендегідей талаптар ескеріледі:

- Мақсаттар жиынтығы;
- Дидактикалық міндет, мақсаттарды түгел орындау, жүзеге асыру;
- Сабақтың ғылымилығы;
- Пәнаралық байланыс;
- Проблема қоя білу, оны шешу;
- Оқушылардың танымы, ойлау белсенділігі, қабілеті, дарынын дамыту;
- Оқушылардың жеке бас ерекшелігін ескеру, сол арқылы дербес қарым-қатынас жасау;
- Оқу жабдықтарын кешенді түрде пайдалану;
- Өз беттерімен орындайтын шығармашылық тапсырмаларды ұйымдастыру;
- Білімді бағалау, жинақтау, түзету.

«Жақсы ұстаз қанша болса, оқытудың тиімді тәсілі де сонша», - деген ғұламалардың сөзінде айтылғандай, әр ұстаз оқыту барысында оқушылардың ойлау қабілетін дамытудың сан түрлі әрекеттерін жасайды.

Блум жүйесінің қарапайымнан күрделіге қарай алты саты бойынша оқушылардың танымдық іс-әрекет иесі болуына әсерін тигізетініне сабақ барысында көзіміз жетуде.

Оқу-әдістемелік құралдың мақсаты – пән мұғалімдерінің назарын интербелсенді оқытудың ерекшеліктеріне аударып, білім мазмұнын көрсететін құжаттардың орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар деп аталатын үлгілердің басты ерекшеліктерін көрсету және Блумға негізделген қысқа мерзімді жоспарлардың маңызын саралап көрсету болды. Тәжірибеміздегі сабақ жоспарларының үлгісін дәлел ретінде ұсынуға болады.

Түйіндеп айтқанда, адамның басы, денесі, қолы, аяғы т.б. мүшелері тәрізді оқыту үдерісі де – (құрауыштары – мақсат, түрткі (уәж), мазмұн, құрал, форма, тексеру, бағалау, нәтиже) біртұтастықта қолдануды қажет ететін күрделі механизм. Блум таксономиясында бағалау, баға беру – ойлаудың жоғарғы деңгейі деп көрсетеді. Дұрыс, әділ бағалау, кері байланыс орнату оқытуда оң нәтиже береді. Өмірде әр адам – бағалаушы бола алады десек, ұлы хакім Абайдың он бесінші қара сөзіндегі: «Егерде естілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасына бір, ең болмаса, айына бір өз-өзіңнен есеп ал!» - деген өсиетін «оқыту теориямызда», бағалау тәжірибемізде үнемі қолданғанымыз абзал. Сабақ нәтижесін бақылау мен бағалау үшін оқушы жұмысын бағалауға арналған критерийлер мен дескрипторлар, сабақ соңында сабаққа талдау жасап, сәтті тұстары мен кемшін тұстарын анықтау үшін жасалатын рефлексияның мұғалім үшін келесі сабағында ескеретіндей сынып пен жеке оқушы жайында мағлұмат беруде маңызы зор.

1. Блум таксономиясы туралы түсінік.

«Таксономия» термині алғашқы рет 1813 жылы Огюстен Декандолдың өсімдіктерді сұрыптап бөлу, олардың жүйелерін реттеу орнына қолдану еңбегінде айтылады.

Бенджамин Блум – америкалық оқыту әдістемесінің психологі, Блум таксономиясының авторы. Ол АҚШ-та, Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туған, 1935 жылы Пенсильвания университетін бакалавр және магистр деңгейлерімен бітірген, 1942 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. Сол кезде, яғни 1950-ші жылдары Америкада әртүрлі мәнде қолданылып жүрген «оқыту», «үйрету», «білім беру», «білім мақсаты», «білім үйрету», «ілім жинау жүйесі мен мақсаты» т.т. термин сөздерінің басты мәнін айқындауды Б.Блум өзінің бірінші мақсаты деп есептеп, осы мәселеге қатысты өз зерттеуін жүргізіп жүреді [1, 2.]. 1948 жылы Американың психологиялық ассоциация сиезінде осы уақытқа дейін басы ашылмаған осы түсініктерді дұрыстап, бір ретке келтіру үшін, жалпы, оқыту жүйесін реттеу үшін Б.Блум бастаған бір топ ғалым-педагогтерге тапсырма беріледі. Бұл ғалымдар тобы білім берудің мақсаттарының әдістері мен тапсырмаларын жүйелеуде үлкен жұмыс атқарады. Бұл шығармашылық топ осы мәселені жүйелей келе, адамның оқуы мен білуінің негізінде танымдық, яғни ағылшын тіліндегі варианты «когнитивтілік», үдерісі жататынын негіздейді. Осының негізінде оқытудың басты

мақсаттары жүйеленіп, бұл құрылым үш бөлімнен тұратын таксономия деп анықталады. Бұл құрылымды ғалымдар былай жіктейді:

1. Когнитивті – «білім», бұл алты деңгейден тұрады.
2. Аффективті – «мінез-құлық», бұл бес деңгейден тұрады.
3. Психомоторлы – «дағды», бұл алты деңгейден тұрады [2, 35.].

Шығармашылық топтың бірлескен жұмысы сегіз жылға созылады. Осының негізінде «Блум таксономиясы» деген атпен зерттеу кітабы жарық көреді. Бұнда, негізінен, когнитивтілік сөз болғандықтан, бірқатар ғалым «таксономия» сөзіне қарсы болады, алайда Б.Блум бұларға көнбей «таксономия» сөзін қалдырады. Бұл сөз «классификация», яғни «жіктелу» деген мәнді береді.

Бұндағы жіктелуде «білім, түсіну, қолдану» төменгі деңгейде болса, «талдау, жинақтау (синтез), бағалау» жоғары деңгейді білдіреді. Осыған байланысты оқыту деңгейлері де жүзеге асуы тиіс. Осы жылдар аралығында Б.Блум шығармашыл топтың ішінде өзіндік зерттеу жұмыстарын жүргізгені мәлім. Осыған нақты тоқталайық. Чикаго университетінің профессоры Б. Блум дарынды адамдардың табысқа жетуін зерттеп, олардың 10 жылдан 18 жылға дейінгі аралықта табысқа жеткендігін анықтап, «Дарындыларды дамыту жобасы» деген атпен зерттеу жүргізеді. Бұл зерттеуде атақты пианистер, скульпторлар, шахматистер, теннисшілер, математиктер, неврологтар т.б. мамандық өкілдеріне зерттеулер жүргізіп, дарындылардың табысқа жетуі үшін біраз жылдар кететінін анықтады.

Блум таксономиясының басты нәтижесі – оқушыларға арнайы жасалған бағдарламалар мен оқу тапсырмалары арқылы дарынын ашу, дамыту. Оқушыларды жүйелі тапсырмалар арқылы ситуацияға сала отырып, оқыту нәтиже беретінін байқады. 1956 жылы ол шығармашылық топпен бірге «Блум таксономиясы» деген атпен тарихқа енген өзінің оқыту теориясын енгізді. Ол өмірінде жалғыз және ғалымдармен бірлесіп он сегіз кітап жазған болатын. Соның ішінде, оның екі кітабы таксономияға арналған болатын. Олар: «Стабильділік және адам мінезінің өзгеруі (*Stability and Change in Human Characteristics*) және Білім беру мақсатын жүйелеу (*Taxonomy of Educational Objectives*)». Блум теориясы АҚШ-тың көптеген оқу орындарында қабылданып, оқытылды. Соңынан үлкен сындарға шыдамай мектептерде бұл теорияны қолдану азайды.

Блум таксономиясы алты кезеңнен тұрады.

1. Білім
2. Түсіну
3. Қолдану
4. Талдау
5. Жинақтау (синтез)
6. Бағалау

Қазіргі уақытта мектеп мұғалімінің алдында тұрған жауапты міндет – оқушыға тиянақты білім беру. Оқыту үрдісінде оқушылардың әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, өздеріне деген сенімін туғыза білу, оқушының білімге ынтасын көтере білудің маңызы ерекше.

Осы оқыту негізінде қолданатын оқыту формалары топтық, топтық – жеке, жұппен жұмыс, диспуттар, пікірталастар, т.б. қолдану оқытудың міндеті мен шарты болып табылады.

Күтілетін нәтиже: қазіргі қоғам талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, мәдениетті, ұлттық тәлім-тәрбие алған, білімі мен біліктерін өмірде пайдалана алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлға туғызу. Бұл әдістеме оқушылардың креативтілігін дамыту мәселесін шешуге жол ашады.

Е. Торрекс бойынша креативтілік – білім игеруде кездесетін қиындықтарды, кейбір кемшіліктерді шешудегі қабілеттілік. Д.Б. Богоявленская креативтілікті жеке тұлғаның «шығармашылық дарындылығы» деп қарастырады [3, 76.].

Блум таксономиясын қолдану арқылы оқытуда жеке тұлға әр сапада көрініп, өзіне ғана тән жеке тұлға қажеттіліктері қалыптасатыны анықталып тұрады, оның белгілері мынадай:

- тәрбиеге ұмтылушылық – жаңа проблемаларға икемді мәселені шешуге бейімділік;
- талқылауға икемділік – тапсырманың шегіне шыға алу;
- ой ұшқырлығы – тез арада кенеттен шешім шығару тәсілдерін алу қабілеттілігі;
- ойлау ерекшелігінің болуы – өз беттілік, даралық ерекшелік, ерекше шешім шығару.

Блум таксономиясы жеке тұлғаның біліктілік қасиеттерін шыңдай түсуге жол салады, атап айтсам, аса сезгіштік, ой ұшқырлығы, жаңаға ұмтылушылық, шығармашылық қабілеттер, өзіндік ой-пікірлерге тұра білу, өзіне сын көзбен қарау, қисын ойлау, жаңаны сезгіштік, күмәншілдік, әр нәрсеге күмән келтіру. Блум таксономиясының негізінде жеке тұлғаның креативтілігі, шығармашылық дербестілігі қалыптасады. Тіл дамыту үрдісі, ең алдымен, шығармашылық бағыттағы әр түрлі жұмыстар арқылы жүзеге асады.

Демек, Блум таксономиясы арқылы оқытуда жеке тұлғаны қалыптастыру – жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамытатын рухани құндылықтарды игерудің бірден-бір жолы. Блум таксономиясы «интерактивтік – педагогикалық әрекет» ұғымын іске асыруға жүзеге асырушы болып табылады.

Білімді толық меңгерту технологиясы оқушының білім деңгейлерін шығармашылық деңгейге көтерілумен түсіндіріледі. Сондықтан да американдық ғалымдар Ди Кэрон мен Б.Блумның білімді толық меңгерту технологиясының маңызы зор екенін есте тұту қажет. Педагогикада бұл технологияны «Блум таксономиясы» деп атайды.

2. Блум таксономиясының басты ерекшеліктері.


Блум таксономиясы бір ізбен реттелген мақсаттар қою жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады. Оның моделін төмендегі кестеден көруге болады:

Кесте – 1. «Блум таксономиясы» кестесі

| Мақсаттар жүйесі | Оқушылардың когнитивтік іс-әрекеті |
|---------------------------|--------------------------------------------------------------|
| Білім | Оқушы меңгеретін және оған берілетін білім негіздері. |
| Түсіну | Оқушы білімді қабылдайды, түсінеді, түсіндіреді. |
| Қолдану | Алған білімді қолданады. |
| Талдау (анализ) | Білімді жай қабылдамайды, талдайды, саралайды, салыстырады. |
| Жинақтау | Алған білімнен жаңа өнім жасап шығарады. |
| Баға (сыни өзіндік пікір) | Өз пікірін білдіреді, сынайды, жоққа шығарады не мақұлдайды. |

Блум таксономиясының басты белгісі осындай жүйеленген мақсаттармен ерекшеленеді. Оқушы білімін шығармашылық деңгейге жетелеу өнімді тәсілдермен жүзеге асады. Ол өнімді деңгей деп аталады.

Ғалым әдіс-тәсілдерді когнитивтік іс-әрекетіне байланысты өнімді-өнімсіз деңгей деп бөледі. Оны жоғарыдағы кестеден де көруге болады.



Бағалау жүйесінде Блум таксономиясының ұтымдылығы да сол оқушылардың білімін шығармашылық деңгейге жетелеумен ерекшеленеді.

Блум таксономиясы – тұлға шығармашылығын дамытушы әдіс ретінде кеңінен қолданылып келеді.

2000 жылы итальяндық ғалым, когнитивті психология өкілі Марцано ұғыну, түсіну білімді қажет етеді, одан соң қолдану ұғынуы қажет етеді деп 1956 жылы жазылған Б. Блумның бұл теориясы қате деп көрсетеді. Марцаноға бұл ой когнитивті психологиялық эксперименттер нәтижесінде келген. Жеңілден қиынға құрылған Б. Блумның иерархиялық құрылымы Марцаноның ойынша зерттеулер арқылы дәлелденбеген.

2001 жылы Бенджамин С. Блумның шәкірті Лорин Андерсон және әріптестері 1956 жылы енгізілген Б. Блумның таксономиясына әсер ететін жаңа факторлардың жиынтығын енгізеді. Бұлар мыналар, яғни *білімді құрайтындар*: жалпылау, ой қорыту, теңестіру, салыстыру, түсіндіру. Ал *қолдану құрамы*: орындау, қолдану, яғни іске асыру. *Талдау, анализ құрамы*: айыру, жіктеу, салыстыру, шендестіру, қатынастырудан тұрады. *Бағалау құрамы*: тексеру, оның ішінде, топтық тексеру, жекелей тексеру, талдау арқылы тексеру, өндіріске енгізу. Сонымен қатар, сынау, сыни тұрғысынан бағалау жүйесі.

Құрастыру, жасауға келсек, оның құрамында бағалау, өзін-өзі тану, базалық білім, алған білім, қондырма білім, кездейсоқ білім, концептуалдық білім, стратегиялық білім, мегаконцептілік білім болады.

Блум таксономиясын оқу жетістігін бағалауда қолдану дегеніміз – осы аталған барлық құрамдас бөліктердің әрқайсысына жекелей тапсырма құру арқылы оқушыны бағалау. Бұл мәселені әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Г.Е.Утебалиева когнитивтілік негізінде коммуникативті-когнитивті оқыту әдістемесі және осыған құрылған бағалау жүйесін өзінің зерттеуінде жазды [4, 45.]. Б. Блум таксономиясының озық нәтижелерін пайдалану барлық елдердің әдістемесінде кеңінен тараған.

3. Блум таксономиясын оқу жетістігін бағалауда қолдану.

Блум таксономиясының әр бөлігі және бағалау компонентінің әр құрамдас бөлігіне арнайы тапсырмалар құру арқылы білімді бағалау өз нәтижесін береді. Жаттығулар мен тапсырмалар әр сыныпқа әр оқушыға байланысты құрылады. Ол үшін сабақта бұны қолдана білу керек. Блум таксономиясын қолдану, мәселен, сабақта былай көрінеді.

Кезеңдер:

Сабақ бөлімдерінің мақсаты

Сабақтың өту барысы

Оқушы жұмысы

Сабақтың әдісі

Білім: Ұйымдастыру кезеңі, ойлану. Жазушы қандай мәселені көтереді? Топтық жұмысқа оқушылар дайындығы. Ой – пікір, ой түзу.

Түсіну: Жазушы ойының идеясына, ішкі мағынасына зер салдырту Жазушы шығармасының негізгі идеясы неде? Жеке жұмыс. Жеке жұмыс. Ой – толғау. Оқушы ой пайымын туғызу.

Қолдану: Ерекше ұнаған жері туралы ой бөлісу. Шығармадан өзіңе қатты әсер еткен жерін ата. Жеке жұмыс. Өрнекті ойды ою. Жазушы ойымен үндес оның әріптестерін білесіздер ме? Даралық ой туғызу. Жеке тұлға пікірі.

Талдау: Салыстыру. Егер оның сондай әсер еткен жері өзге жазушы шығармаларында білсең, салыстыр. Венн диаграммасын толтыру. Жеке жұмыс. Жұптық жұмыс. Анализ. Синтез. Қорыту.

Жинақтау (синтез). Алған білімді жинақтау. Эссе кезеңі.

1. Т. Ахтановқа ХХІ ғасыр перзентінен хат.

2. Мен – соғыс қаруы гранатпын.

3. Батырларын жоқтаған Жер – ана.

Жеке жұмыс. Жазушы ойы, талпынысы. Шабытты туғызу.

Бағалау: Сабақ барысында оқушы көзқарасы. Оқушылардың сабақ соңындағы түйін сөзі. Жеке жұмыс. Қорыту. Ойтүйін.

Б.С.Блумның екі өлшемді кестесі – бұрынғы кестесінің жетілдірілген түрі.

Б.Блум шәкірттері ұзақ жылдар бойына педагогикалық қызмет кезінде осындай тұжырымға келіп, оны көпшілік назарына ұсынды. Бұл, әрине, көптеген елдерде қолдау тауып, күні бүгінге дейін қолданылып келеді. Бұл кесте туралы Г.Т. Балақаева, Д.С. Джантемирова, С.Ж. Зейнолла өздерінің «Студенттің нәтижелерін бағалау: бағалау өлшемдері» атты әдістемелік құралында талдап, түсіндіреді [2, 37.].

Қорыта айтқанда, Блум таксономиясын қолдану жаңартылған білім беру мазмұнында жаңа әдістемелік ізденістерге жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. **Б. Блум.** <https://ru.wikipedia.org/wiki>
2. Балақаева Г.Т., Джантемирова Д.С., Зейнолла С.Ж. Оценивание результатов студента: критерии оценки (методическое пособие). – Алматы, 2014.
3. Богоявленская Д.Б. Интеллектуальная активность как проблема творчества. – Ростов на / Дону, 1983. – 145 с.
4. Утебалиева Г.Е. Усвоение неродного языка: коммуникативно-когнитивная модель. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 232 с.

ЖОО-да жеке іс әрекетті зерттеу (ACTION RESEARCH) жолдары

Сисенбердиева Ақтолған Жәңкейқызы

*Мектепке дейінгі және арнаулы білім кафедрасының аға оқытушысы
Ақтөбе қаласы*

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
akt_zhan_adai@mail.ru*

Қазіргі кезеңде педагогтың кәсіптік дамуының маңызы зор. Заман талабына ілесіп, тәрбиеленушілерді жан-жақты дамыту үшін кезек күтірмейтін қажеттіліктің бірі - педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамытып үнемі ізденісте болуы. Бұл жерде күнделікті қолданып жүрген дәстүрлі әдіс-тәсілдерді процестен алып тастау деген мәселе тұмау керек. Керісінше ескі мен жаңаны алмастыра отырып әдістемені түрлендіру нәтижелі болмақ. Бүгінде іс-тәжірибені өзгертудегі тиімді жобалардың бірі - Action research немесе іс-әрекетті (қимылды) зерттеу. Іс-әрекеттегі зерттеу педагогтарға өздерінің тәжірибесін зияткерлік және моралдық тұрғыдан бақылауға мүмкіндік береді.

Аталған әдістің ерекшелігі - іс-әрекетті зерттеуге бағытталғандығы. Іс әрекеттегі тәжірибені зерттеу педагогтардың кәсіби дамуын жетілдірудің кепілі. Оның мақсаты бар нәрсені жаңадан жасау емес, білім сапасын арттыра отырып практиканы жаңарту. Яғни, білім саласындағы мәселелерді анықтап, деректер жинау, талдау, жиналған материалдар негізінде оқу бағдарламасын жаңғырту. Зерттеуді жеке немесе топпен, бір тақырыптағы проблемамен айналысып жүрген аудан, облыс, республика деңгейіндегі педагогтар жүргізуі мүмкін.

Action Research жобасы бірнеше түрге бөлінеді. Осы орайда мен ЖОО-да жеке іс әрекетті зерттеуге тоқталмақпын.

Жеке іс-әрекеттегі зерттеу әдетте нақты бір сұрақты қарастырады. Зерттеуші оқыту стратегияларын, материалдарды пайдалану арқылы белгілі бір мәселеге жауап іздеуі мүмкін. Жеке іс-әрекеттегі зерттеулердің кемшіліктерінің бірі оның нәтижелерін басқалар талқылай алмайды. Дегенмен, зерттеуші конференцияларға нәтижелерін талдауға, тәжірибесін өзгелерге таратуға ұсынуға т.б. болады.

Аталған зерттеу түрінде педагог пәніне, не білім саласына қатысты бір проблеманы зерттейді. Зерттей отырып, тәжірибесіне сүйеніп, болжам жасайды. Білім мазмұнын жаңартуда педагогтың өз әрекетін өзі зерттеуі қиын. Бірақ кафедрада (мектепте, бөлімде, т.б.) сол пәннен дәріс оқитын адам біреу болғандықтан, ұқсас пәндер, өзге қызығушылық танытушылар болмағандықтан жеке зерттеу жүргізуге тура келеді. Белгілі бір проблеманы анықтап, оның шешуін бірігіп тауып, білім сапасын жақсартуға жұмылу, жеке жұмыс жасағаннан гөрі әлдеқайда оңай. Ондай жағдайда командада жұмыс жасайтындар мақсаты бір болуы маңызды.

Әйтсе де жеке зерттеуде ешкімге аландамай, шығармашылық деңгейін көрсетіп, зерттеушілік қасиеті оянып, өз көзқарасын дәлелдеуге мүмкіндік туып, теориядан әрекетке ауысып, практик, әдіскер ретінде қалыптасуына мүмкіндік туады. Ол үшін жұмыс жоспарын құру, зерттеуге алынған тақырыпқа байланысты әдебиеттермен танысу, мәліметтер жинау, талдау жасау негізінде әрекет ету, яғни тәжірибеде зерттеу, нәтижесін бағалау керек. Осы арқылы педагог тәжірибесіндегі өзгерістерді байқайды, әдістемелік шеберлігі шыңдалады, зерттеу сұрағы арқылы ақпарат жинақтайды. Тәжірибеде дәлелденгендей іс-әрекеттегі зерттеу үдерісін оқу үдерісіне ыңғайластыру оның жетілуіне ықпал етіп, педагогтың білігін дамытып, тыңдаушының оқу тәжірибесін жақсартады. Белгілі бір пәнді тыңдаушылар үшін ең жақсы пәнге айналдыруға мүдделі болу іс-әрекеттегі зерттеу жүргізуге түрткі болып табылады. Іс-әрекеттегі зерттеу көптеген қажеттіліктерді қанағаттандыруы қажет.

Тағы бір ескеретін мәселе іс-әрекеттегі зерттеу барысында екі топ бөлініп шығуы мүмкін: зерттеуші және зерттеу жұмысынан тыс қалғандар. Сол үшін зерттеуші қарастыратын мәселе, қолданатын тәсіл өзгелерге түсінікті болғаны маңызды. Іс-әрекеттегі зерттеудің аумағы, тақырыптары, сипаттамалары әртүрлі болғанымен барлық түрлері үшін ортақ элементтері бар деуге болады. Уотерс-Адамс (2006) өз жұмысын осы ортақ элементтерді өзара салыстырып, сипаттауға арнаған:

- іс-әрекеттегі зерттеу жоспарлау үдерісі арқылы жүзеге асады;
- іс-әрекеттегі зерттеу тәжірибе туралы деректерді жинақтауды қамтиды;
- іс-әрекеттегі зерттеу өз тәжірибелерінде өзгеріс енгізуді жоспарлап, ол іске асырылған өзгерістердің тиімділігін көруге тырысатын мұғалімдер үшін тән;
- іс-әрекеттегі зерттеу жүйелілік және ғылымилық қағидаттарына сәйкес келеді. [1]

Кімде кімнің болмасын күнделікті жұмыс барысында туындайтын, жауап алуды қалайтын бірқатар өзекті сұрақтары болатыны сөзсіз, алайда сұрақтардың арасынан күнделікті жұмыста аса маңызды және қызықты болып табылатын бір мәселені анықтап алу маңызды. Бұл іс-әрекеттегі зерттеудің бірінші кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде жан-жақты жоспарлау зерттеуді бастағанда қателікті болдырмауға көмектеседі. Зерттеуді бастар алдында бірнеше критерийлерді ескеру қажет болады:

- өзекті болуы керек;
- тәжірибелік маңызы болуы керек;
- әлі жауабы болмауы керек. [1]

Нақты проблеманы табу зерттеу сұрағына жауап беру жолында деректерді жинақтауда, қандай ақпараттар ең пайдалы екендігін анықтауға көмектеседі, мәселеге тікелей қатысы жоқ көптеген мәліметтерді жинауға уақыт жұмсамайсыз. [1]

Іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізуде бастысы-зерттеу сұрағын қою. Егер зерттеу әрекетіңіз өзекті, қызықты болмаса, бұрын зерттеліп, айтылып жүрген мәселе болса, сіздің тыңдаушыларыңызды, әріптестеріңізді, жалпы көпшілікті қызықтырмауы мүмкін.

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс жасау заман талабы. Білім мазмұнына жаңалықтар енгізу, тыңдаушының білуге деген құмарлығын арттырып, ынтасын тудыру өзектілікке ие.

Осы орайда ЖОО–да білім беруде қолданып жүрген жеке іс әрекетті зерттеу (ACTION RESEARCH) әдісі жаңартылған білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда педагогтарға

көмекші бола алады деп ойлаймын. Аталған зерттеуді күнделікті педагогикалық үрдісте қолданудамын.

Өз тәжірибемнен мысал келтірсем, дәріс оқитын пән материалдарын студенттерге қызықты, нақты, уақытқа ыңғайлы жеткізсем, өткізсем деген оймен зерттеу тақырыбын таңдадым. Соңғы жылдарда дәріс оқып жүрген «Мектепке дейінгі бейнелеу өнері теориясы мен әдістемесі» пәнінен оқу бағдарламасын қалай реттестірсем, жинақтасам болады деген ой мені жиі мазалайтын. Себебі, бейнелеуге байланысты материалдар, сұрақтар өте көп. Әрине көкейде жүрген сұрақтың бәрін бір мезгілде іске асыру, оны 50 минут ішінде тыңдаушыға үлгеріп меңгерту мүмкін емес. Сондықтан мен сұрақ жауабын табу үшін – Action research немесе іс-әрекетті (қимылды) зерттеу жобасымен жұмыс жасауға кірістім. Алдыма мынадай сұрақ қойдым: Менің өзгерткім келетін алғашқы мәселе - бұл мектепке дейінгі балалар бейнелеу әрекеті теориясы мен әдістемесі пәнін өткізуді қалай жақсартуға, ықшамдауға болады?

Бұл сұрақты қою себебім: аталған пән бірнеше жыл бұрын міндетті, кейін таңдау компонентіне ауысты. Таңдау пәні болғандықтан оқу бағдарламасын құрастыруға, жаңалауға тура келді. Пәнге бөлінген кредит санына шақтап материалдар ұсыну, берілген материалдар мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу студенттері үшін ең қажеттілері болу керек деп есептедім. Осындай мақсатпен соңғы екі жыл көлемінде өзге ЖОО оқытушыларының аталған пән бойынша материалдарына шолу жасап, студенттердің, мектепке дейінгі ұйымдар әдіскерлері мен тәрбиешілерінің ой-пікірлерін жинақтадым. Нәтижесінде пән бағдарламасына қысқаша теория және практикалық материалдарды (жаңартылған мектепке дейінгі бейнелеу оқу қызметіне байланысты) көбірек енгізу туралы тоқтамға келдім. Ол үшін бірінші жоспар құрдым, деректер жинадым, сол деректер арқылы әрекет етіп, соңынан өзіме рефлексия жасадым. Жиналған деректер бойынша студенттермен жұмыс жүргіздім. Өзіме мынандай сұрақтар қойдым: «Мен кімін? Не істеп жатырмын? Бұл маған не береді? Мен мұны қалай қолданамын? Енді не істеймін?».[2]

Абай кезінде «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал»[3] деп бекер айтпаған болар. Қойылған сұрақтар, рефлексия жасау (есеп алу) арқылы іс-әрекеттегі зерттеуімнің нәтижесіне көз жеткіздім. Іс әрекетті зерттеу арқылы көптеген деректер жинап, ақпараттармен таныстым, білімімді толықтырдым. Мектепке дейінгі мекемелер сабағына қатыстым, балалар көзқарастарын байқап, сараладым.

ЖЕКЕ ІС ӘРЕКЕТТІ ЗЕРТТЕУ жүргізіп оң баға алдым. Нәтиже ол студенттердің жыл соңында игерген білім деңгейлері, пәнге деген қызығушылығының артуы болды. Олай болса, «Action research» жобасын, соның ішінде жеке іс-әрекетті зерттеуді ЖОО педагогы құзыреттілігін дамытудың, жаңартылған білім беру бағдарламасы жүзеге асырудың бір құралы деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Е.Айдосова, С.С.Арипова. Білім берудегі серіктестікті дамыту. <http://talimger.org/>
2. Асхат Әлімов. Кері байланыс (рефлексия) туралы. kazbilim.kz
3. А.Құнанбаев. Қара сөздері (15)

Жаңартылған білім беру бағдарламасының білім берудегі орны

*Қондыбай Күлшат Әбдіғанымқызы
филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы.*

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр

сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы.Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі –білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген[1,5].

Демек, білім беру бағдарламасын игеру, меңгеру, жүзеге асыру үшін, дайындық, оны практикалық тұрғыдан іске асыру барысында түрлі жағдайлар мен дайындық жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі тиістігі айтылып отырғаны айдан анық.

Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстандық білім беру жүйесін жаңғырту үшін, ең алдымен ұстаздар қауымының мәртебесін арттыру, білімдерін арттыру бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады. Елбасымыздың жолдауында айтқандай: Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда[3,6]. Осыған орай оқытудың үлгісі өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Сонымен байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Осы тұрғыда әр пән мұғалімдерінің оқыту әдістерін, жаңа технологияларды таңдап пайдалану және авторлық үлгілерді қолдану мүмкіндігі берілген. Жаңартылған білім бағдарламасымен оқытуда Отандық әдіскер ғалымдар жасақтаған «Модульдік оқыту технологиясы» (М.Жанпейісова), «Деңгейлік тапсырмалар» (Ж.Қараев) пән сабақтарына арналған «Сатылай кешенді талдау» (Н.Оразақынова) т.б технологиялары мұғалімдердің қызығушылығын арттырып, оқу үрдістеріне кеңінен ендірілуде. Оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру-мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты. Деңгейлеп оқыту технологиялары баланың жеке мүмкіндігіне бағытталған. Л.Выготский, В.Давыдов, Д.Эльконин, тағы басқа ғалымдар осыны түбегейлі зерттеп, оқыту мен даму арасындағы тығыз байланысты анықтаған. Ж.Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» технологиясы оқушылардың жеке қабілеті мен мүмкіндіктеріне, қызығушылығына, психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім деңгейіне жетуіне жетелейді.Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы-әлемнің түкпір – түкпірінен жиылған білім берушілердің (Эрик Рустем, Сьюзон Шуман) бірлескен еңбегі; Бағдарламаның негізі Ж.Пиаже, Л. Выготский, теорияларын басшылыққа алған. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой-толғаныс кезеңдерінен түзеледі. Демек, өзімізде бар мен қазіргі деңгейлік оқыту бағдарламасымен оқытуда отандық ғалымдардың үздік технологияларын пайдалануымызға да мүмкіндік береді. Осы аталған технологиялар жеке, жұптық, топтық жұмыстар жүргізіліп отырды. Деңгейлік курстарды оқытуда қазақстандық педагог ғалымдардың еңбектері де берілген. Бұның өзі жаңартылған білім беруді топтық, жұптық жұмыстар барысында өз ғалымдардың технологияларының элементтерін пайдалана отырып та үлкен жетістікке жетуге болатыны айдан анық.

Жаңартылған мазмұндағы білім бағдарламасы өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары да жоқ емес, дейтұрғанмен, оның басты басымдығы төмендегідей:

1. Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі. Яғни пән мазмұны қарапайымнан күрделенуі.
2. Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;
3. Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі;
4. Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;

5. Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру
6. Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;
7. Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;
8. Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу).

Демек, жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасында білім беру белгілі тәртіппен, яғни спираль тәрізді қағидатпен, яғни, қарапайымнан біртіндеп күрделендіріп отырылады екен. Оқу мақсаттары Блум таксономиясының ретімен беріледі. Бұның өзі жүйелі оқытудың жайдан-жай емес, белгілі тәртіппен, сабақтастықпен, мақсатпен, яғни педагогикалық ұстанымдарға негізделіп жүзеге асырылатынын дәлелдеп отыр.

Жаңартылған білім беру мазмұнының басты ерекшелігі:

1. Оқу дағдылары (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым);
2. Ойлау дағдылары (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау);
3. Шығармашылық ойлау дағдысы
4. Логикалық ойлау дағдысы
5. Сыни ойлау дағдысы
6. Алгоритмдік ойлау дағдысы
7. Критикалық ойлау дағдысы
8. Проблемалық ойлау дағдысы
9. Технологиялық ойлау дағдысы
10. Тілдік күзінеттілік дағдысы
11. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы арқылы оқытуда Қазақстандық 7 модульді негізге алынып, білім беріледі.

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері мен 5-7 кластар бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы аясында әзірленген осы «Мұғалімге арналған нұсқаулық» атты әдістемелік құрал мұғалімдер біліктілікті арттыру курсы барысында және одан кейін қолданатын негізгі оқу құралдарының бірі болып табылады.

Ұлттық танымның оқулықта берілу ерекшеліктерін айтпас бұрын, мен 2017 жылдың 10 қарашасы күні «Ақтөбе» газетінің №132 (20.565) нөмірінде жарық көрген философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айталының мына сөзіне сүйендім: «Қорыта айтқанда, ұлттың рухани коды – күрделі, көп астарлы құбылыс. Біз бүгін рухани жаңаруды бір ғана фактормен байланыстыра алмаймыз. Бүгінгі этнофилософиялық және этноәлеуметтанымдық тұжырымдарға сүйене отырып, ұлттың рухани кодының он маңызды индикаторларын айтуға болады: Атамекен; Ұлттық тіл; Отбасы; Ұлттық мәдениет; Ұлттық білім; Ұлттық тәрбие; Ұлт тарихы; Дәстүрлі дін; Ұлттық дәстүр мен салттар; Кіші отаны (ауыл, аймақ, өскен орта). Сондықтан ұлттық код – бір-бірімен үйлесімді, өзара ықпалдасқан көптеген ұлттық құндылықтардың жиынтығы. Маңызы жағынан ұлттық идеология деуге де болады» (А. Айталиев, Ақтөбе газетінен).

Ежелгі замандардан адамды қоршаған орта, дүние, ғалам туралы ойлар толғандырған. Осыдан адам дүниені танып біле ала ма деген сұрақ туындайды. Таным деп біз адамның қоршаған ортаны зерттеуге бағытталған іс-әрекетін айтамыз. Ол әрқашан да дамып отырады. Дүниетанудағы негізгі мақсат – зерттелген заттар мен құбылыстардың ішкі сырын ашу, білу. Білім – әрқашан да шындықтың идеялық бейнесі. Демек, танымды күрделі үдеріс, ал білімді белгілі бір нәтиже ретінде қарауымыз керек. Оқушыларды таным үдерісіне қатыстыра отырып, оның нәтижесі ретінде білімді тұлғаларды қалыптастыру бағытындағы сындарлы әрекет жасалады.

Осы орайда, жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасының ерекшеліктері жөнінде облыстың кейбір мектептерінің ұстаздар қауымының пікірлерін келтіре кетелік. 2018 жылы құрылған №13 орта мектепте ашылған Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы филиалының мұғалімдері мынадай тұжырым жасаған: «2017 жылдан бастап білім саласына түбегейлі өзгерістер енгізіліп, жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытып келеміз. Жаңартылған білім мазмұнының мақсаты: баланы өз бетінше әрекеттендіруге жол ашу болып табылады. Бұл сатыдағы өзгеріс болашақтағы білім сапасының жоғары жетістіктерге жетуіне жағдай жасайды. Білім мазмұнының ерекшелігі – оқу мен оқыту үдерісіне жаңа леп әкелді. Аталған жағдай қазақстандық білім берудің озық факторлары деп танылып отыр. Жеке тұлғаны дамыта отырып, болашақтағы өмір тәжірибесінде өз білімін оңтайлы жұмсай алады.

Пәнге негізделген оқу дағдыларын қалыптастыруында өзіндік жетістіктерімен ерекшеленеді. Тыңдалым, айтылым дағдылары бойынша тірек сөздер арқылы тақырыпты болжайды, негізгі ойды анықтайды, негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды. Оқылым дағдысы бойынша мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсінеді, лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стилдік ерекшеліктерін мәтін арқылы таниды. Хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы, жанрлық ерекшеліктерін ауызекі сөйлей стиліндегі мәтіндерде оқылым стратегияларын қолданып қажетті ақпараттарды таба біледі.

Жазылым дағдысы бойынша мәтін бөлімдеріне жоспар құруды хат, хабарлама, жарнаманы жанрлық ерекшеліктеріне сай етіп жазуды, сюжетті суреттер негізінде әңгіме жазуды, эссенің бөлімдерін меңгеруді, мекен мен оқиғаны сипаттайтын не суреттейтін эссе жазуды үйренеді. Аталған дағдылар оқушының таным қабілетінің ашылуына төселдіріп отыр.

Қазақ әдебиеті пәнінің бағдарламасының басты бағыты – оқушылардың ақыл-ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына тілдік эстетикалық талғамдарының дамуына коммуникативтік құзіреттіліктерінің жетілдірілуіне іргетас қалап, өмірлік дағдыларының шыңдалуына өздігінен білім алуына жағдай туғызды. Сонымен қатар, оқушыларды ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларды түсінуге қазіргі заманғы әдебиетті бағалауға үйретеді. Мақсаты – баланың креативті ойлауына кең жол ашу».

Қазақ әдебиеті пәндік білімнің мазмұны бірнеше бөлімдерге бөлінген. Түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ, сонымен бірге дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады.

Мақсатқа жету жолына негізделген тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жаңартылған білім беру мазмұнының нысанасына жетуге болары анық».

XXI ғасырдың мектептері оқушыларды өмірде, жұмыста және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындау керектігі айтылуда. Барлық оқушылар өздері өмір сүрген әлемде жұмыс істеуге дайын болуы өте маңызды. Білім беру саласындағы осындай үлкен өзгерістер ұстаздар қауымына аса жауапкершілікті жүктейді. Жас ұрпақты тәрбиелеп, XXI ғасыр талабына сай біліммен қаруландыру – бүгінгі таңдағы басты мәселелердің бірі болғандықтан, білім беру ұйымдарында жаңартылған оқу бағдарламасына көшу – бұл заман талабы болып отыр.

Жаңартылған оқу бағдарламасының мақсаты – пән бойынша оқу бағдарламасын жаңарту критериялды бағалау шеберлігін жетілдіру. Ал жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушыны сыни ойлауға, әртүрлі зерттеу жұмыстарын тәжірибе жасау арқылы іске асыруға жекелей, жұппен, топтық жұмыс жасай білуге үйретеді.

Өзім орыс тілі мен әдебиеті жаңартылған білім бағдарламасымен жүргізу барысында оқушылардың оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамытуға көмектесетінін байқадым. Оқушылар әр жылы келесі сыныпқа ауысқан сайын ақпаратты бағамдау, дәлелдерді қабылдау және өз дәлелдерін ұсыну шеберліктері арта түспек. Олар алған білімдерін кез келген ортада, іскерлік ортада бәсекеге қабілетті болуға, қарым-қатынас кезінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін білім алады, -дейді Тұрғанбаева

Тоғжан Рахметуллақызы (С.Дөнентаев атындағы №69 жалпы білім беретін орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі).

Жанартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы жөнінде №21 үш тілде білім беретін мектептің математика пәнінің мұғалімі Н.Қ. Меделбаева өз мақаласында мынадай пікір білдірген: «Жаңа мазмұндағы білім жүйесін енгізуде тәрбиеші педагогикалық, психологиялық, физиологиялық ғылым салаларының тиімді зерттеу идеяларын басшылыққа алады. Ғалымдардың ойынша, білім беру технологиясын өзгерту қажеттігі Қазақстанның жаңаруына себеп болмақ. Осының бәрі оқытушылар білім беруде, білім алушыларды жан-жақты дамыту мәселесінде инновациялық технологиялар мен білім парадигмаларын бірлікте қарастыруға негіз болып табылады», -дей келе, әрбір оқушының қайталанбас дарынын дөп басып табу, аша түсу, қастерлеу бұл – тұлғаны адамзат қадір-қасиетінің өркендеуінің жоғары деңгейіне дейін көтеру деген сөз деп атап көрсетеді. Оқу бағдарламаларында көрсетілген білім мазмұны анықталатын және білім салалары бойынша әрі қызмет аспектілерін көрсететін күтілетін нәтижелерге көңіл аударатын оқу процесін дәстүрлі ұйымдастырудан бас тарту көзделеді, яғни оқушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды».

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің мақсатының бірі – әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және қоғам қажеттіліктеріне сай көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру. Ұлттық білім беру үлгісін қалыптастыру мұғалімдер қауымы алдына үлкен ізденіс пен шығармашылық табыс, жаңашылдық әрекет, тынымсыз талпынысты талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы (27.07.2007, №319)
2. Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2030 стратегиясы» атты Жолдауы, 01.10.1997 ж.
3. Мұғалімге арналған – нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. www.cp.kz

Студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі

М.Т.Күштаева

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университеті*

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау ісін қайта қарау, оның мазмұны мен құрылымын өзгертуді ғана талап етпей, сонымен қоса оның бүкіл бағдар бағытын түбегейлі жетілдіруді керек етіп отыр. Себебі, қай саладан болса да өз мамандығының шебері, өздігінен ізденуге мүмкіндігі бар, кәсіби бағыттылығы жоғары маман даярлау мәселесі қазіргі заманның басты талабына айналды.

Студенттерге кәсіби бағыттылықты қалыптастыру жолдарының бірі – білім беру үрдісінде олардың өзіндік жұмыстарын күшейту. Сол себептен де кәсіби бағыттылықты қалыптастыруда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруды негізгі мәселелерінің бірі ретінде қарауға тура келді. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру арқылы олардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға жағдай туады.

Кәсіби бағыттылық, ең алдымен, теориялық материалдарды меңгеруге негізделуге тиіс. Себебі, теориялық материалдар негізінде ғана практикалық іс-әрекетке оның нәтижесін қолдану жүзеге аспақ. Лингвистикалық пәндерге байланысты теориялық материалдар филологиялық мамандықтың басты шарттарын, оған қойылатын талаптарды үйретсе, одан әрі сол пәннің даму тарихы, теориясы және оның студентке беретін сапалары анықталады.

Кәсіби бағыттылықты қалыптастыруда өзіндік жұмыстардың маңызы орасан зор.

Студенттің өзіндік жұмысы – болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырудың ең басты резервтерінің бірі. Осыған орай жоғары оқу орындарында әр білім

алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді, түрлі күрделі сұрақтарды шығармашылықпен шеше білуді үйренуі талап етіледі.

Студенттің өзіндік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызығушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі.

Студенттің өзіндік жұмысы – жоғары оқу орнының оқыту үдерісінде студенттердің өзіндік әрекетін ұйымдастыру мен басқарудың ерекше бір құралы. Олай болса кредиттік оқыту жүйесінің жоғары мектепте ендірілуі және СӨЖ-дің үлесінің артуы оны белсендіруге баса көңіл аудартады. Жаңа оқыту технологиясының ендірілуіне сәйкес ЖОО-дағы оқу-тәрбие үдерісін жаңаша ұйымдастыру, оқыту технологиясын және оның әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуін өзгерту қажеттілігі туындады.

Студенттің өзіндік жұмысы логикалық ойлауды дамытуды, шығармашылық белсенділікті, оқу материалы негізінде зерттеушілік ықпалды қамтамасыз ететін практикалық тапсырмаларды жүзеге асырумен байланысты.

Студенттің өзіндік жұмысы аудиторлық жұмыспен бірге, оқыту процесінің негізгі бөлігі болып табылатын СӨЖ-нің жүйелі түрде орындалуы мұғалімнің жоспарлау және бақылау қызметі нәтижесінде қалыптасады.

Оқытушының басқаруымен студенттің өзіндік жұмысы - оқытушының тікелей қатысумен өтетін бірақ, оқытушының тапсырған жұмыстары және әдістемелік басқаруымен орындалатын студенттің жоспарланған жұмысы.

Студенттің өзіндік жұмысы - кез-келген пәнді оқуға өзіндік жұмыстың орындалу әдістерінің қалыптасуына бағытталғанымен, бұл жұмыс – студенттің ғылыми, оқу кәсіби құзырлығын қалыптастырып, мәселелерді өзіндік шешуіне оңтайлы шешімдерді қабылдауға, дағдарыстық жағдайлардан шығуға арналған. Жоғары мектептің орта мектептен ең басты айырмашылығы – оқыту жұмысының әдісі және білімгерлердің жеке деңгейі болып табылады.

Студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудағы қызметі: өз әрекетін өзі ұйымдастырушы; өз бетімен ізденіп, шығармашылық әрекет жасаушы; өз тағдырын өзі басқарушы. *Лингвистикалық пәндерден* білім беру барысында ұйымдастырылатын өзіндік жұмыстың түрінің көптігіне қарамастан, олардың бәріне *ортақ мақсат*– студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру, құзырлыққа жетуге талпыныс тудыру тұрғысында даярлау, кәсіптік іс-шаралар ұйымдастыруға, оның жүргізу жолдарын білуге, орындаудың әдіс-тәсілдерін меңгеруге жаттықтыру мәселелерін қарастырамыз. Өзіндік жұмысты орындауда студент психологиялық тұрғыдан қызмет атқарады. Ол әрбір жағдаятты түсіну, қабылдау, сырттан әсер ететін ақпараттарды іріктеу, өңдеу, керегіне қарай жүйелеп пайдалану. Мұндай жағдайда студентке оның жігері мен шешімділігі көмектеседі. Өзін өзі реттеп, өзін-өзі басқарып, ой елегінен өткізу әрекеті басым болады.

Ғылыми психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «*өзіндік жұмыс*», «*студенттің өзіндік жұмысы*» ұғымы кеңінен қарастырылып, зерттелген.

Педагогикалық әдебиеттерде алғаш өзіндік жұмыс мәселелері В.К.Буряк, Е.Я.Голант, Б.П.Есипов, Р.Г.Лемберг, Р.М.Микельсон, И.И.Пидкасистый, Е.С.Саблик, М.Н.Скаткин еңбектерінде зерттелініп, оқу үдерісінде білім алушылардың өзіндік жұмысын жүйелі түрде қолдану негіздері қарастырылды.

Студенттердің өзіндік жұмысына берген түрлі анықтамаларды саралай келе, студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ)– жоғары мектептің оқу үдерісінде студенттің өзіндік әрекетін ұйымдастырудың және басқарудың ерекше құралы деп есептейміз. Ғылыми әдебиеттерде ол оқытудың құралы, оқу-ғылыми танымның формасы, шығармашылық ойлау әдісі ретінде де қарастырылады. Өзіндік жұмыстың түрлері көп болғанымен, оның студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға бағытталған түрлерін, оны орындауға жұмсалатын уақытты және нәтижесін айқындайтын критерилерін саралаудың да өзіндік

ерекшелігі бар. Жоғары оқу орындарында жеке өзіндік жұмыстың түрлері өте көп, олар: дәрістерге дайындық; семинар, лабораториялық жұмыстарға, сынақтарға, емтихандарға, рефераттарды орындауға, курстық жұмыстарға дайындық; қорытынды кезеңде – дипломдық жобаны орындау.

Лингвистикалық пәндер бойынша СӨЖ түрлері:

1. Ұйымдастыру түрлеріне қарай: ұжымдық, топтық, жеке-дара өзіндік жұмыстар.

2. Мақсатқа бағытталу сипатына байланысты:

Теориялық жұмыс. Лингвистикалық пәндер: *Тіл біліміне кіріспе; Жалпы тіл білімі; Қазіргі қазақ тілінен фонетика, лексика, грамматика курстары т.б.*

3. Логикалық бағыттылығына байланысты:

– фактілерді бақылау және ұғымның белгілерін айрықшалау, құбылыстар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтатуға байланысты өзіндік жұмыс түрлері;

– өз бетімен игерген оқу материалындағы ұғымдарды анықтату және игергендерді жинақтауға байланысты өзіндік жұмыс түрлері;

– кейбір типтес құбылыстарды айрықшалау; фактілер арасындағы байланысты анықтатуға байланысты өзіндік жұмыс түрлері;

4. Танымдық үдерістегі қолдану орнына байланысты:

– танымдық үдерістегі қолдану орнына байланысты:

– жаңа білімді қабылдау және игеру үшін алынған білімнің негізіндегі өзіндік жұмыстар.

5. Студенттің өз бетімен жұмыс істеу (дербестілік) деңгейіне қарай: жаттықтыру, шығармашылық, зерттеу өзіндік жұмыстары.

6. Білім көздері мен оқытушының тарапынан бақылаудың дәрежесіне байланысты: оқулықтармен, оқу әдебиеттерімен, анықтамалық әдебиеттермен жұмыс; талдаулар (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық), жаттығулар, шығарма және сипаттама беру, қадағалау, және басқа да жұмыстар.

7. ЖОО-дағы оқу үдерісінің құрылымына байланысты міндетті (оқу сабағының үдерісіндегі және сабаққа дайындалудағы) және қосымша өзіндік жұмыстар (студенттің жеке қызығушылығы мен бейіміне қарай міндетті оқу жұмыстарынан тыс).

Аудиториялық СӨЖ оқу жоспары мен оқу пәнінің бағдарламасы арқылы анықталып, оқу кестесімен реттеледі, оқытушының тікелей жетекшілігімен жүргізіледі. *Аудиториялық СӨЖ түрлері:* конспектілеу, алдыңғы үлгі бойынша өзі жазу, дәлелдеу (мысалы, тұжырымдарды, анықтамаларды т.б.), дәрістің логикалық карта-сұлбесін жасау, оқытушы сауалына жауап беру, пікірталасқа қатысу, проблемалық сұрақтарға жауап даярлау.

Аудиториядан тыс орындалуы міндетті өзіндік жұмыс түрлері: дәріс материалын қарау, конспектілеу, әдебиеттерді рефераттау, рефератты оппоненттеу, баяндама әзірлеу, кітаптар мен мақалаларға аңдатпа жазу, глоссарий құрастыру, ізденіс-зерттеу сипатындағы тапсырмаларды орындау, ғылыми-әдістемелік әдебиетті терең талдау, ғылыми немесе проблемалық хабарламалар мен шолулар, жоба әдісі, шығарашылық сипаттағы тапсырмаларды, орындау.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен оны нәтижелі орындату оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынасқа, яғни оқытушының студентке дұрыс бағыт беретін, сабақтың өне бойына оны өнімді іске жұмылдыратын, керекті жағдаятты кәсіби тұрғыдан шешуге талпындыратын басшылығы мен кеңесіне тікелей байланысты. Қазіргі таңда бүкіл пәнге бөлінетін уақыттың үштен бірі өзіндік жұмысқа арналған болса, студенттердің оқытушымен бірге орындайтын жұмысының да көпшілігі олардың ізденушілігін күшейту мақсатына бағытталады. Жалпы кредиттік жүйе бойынша білім беруге көшудің мақсаты-студенттердің өздігінен білім іздеуіне, білімді молайтуына, оны тереңдетуге негіз салу болып отыр.

Педагогикалық-психологиялық тұрғыдан алсақ, өзіндік жұмыс студенттің оқу әрекетіне ене отырып, студенттің алдына мақсат қоя білуін, мақсатты шешудің жолын іздеуін, әрекет етуін, ойлауын, ой қорытуын, нақты нәтижеге қол жеткізуін қамтамасыз ететіндігі белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Организация самостоятельных работ студентов. //Материалы научной - практической конференции, Ташкент, 2008 С. 82-85
2. Формирование системного мышления в обучении. /Пол ред. З.А.Решетовой/. Москва, 2002.
3. Границкая Н. Научить думать и действовать. Москва, 2000.
4. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. /Под ред. Е.С.Полат/. М., 2000.

**Қазақ тілі пәніне арналған
электрондық тапсырмалар дайындау жайында**

**Ж.К.Отарбекова,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.
ҚазМемҚызПУ, Алматы, Қазақстан**

Қазақ тілі пәнін оқыту барысында білім алушының бойында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға қажетті жазылым, айтылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын қалыптастыру басты назарда болып отырған қазіргі кезеңде оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын, бірінші кезекте компьютердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып оқыту қажеттігі туындайды.

Қазақ тілін оқыту барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, біріншіден, базалық білім беру үшін (электрондық оқулықтар мен оқу құралдары), екіншіден, жаттығу, дайындалу құралы ретінде (электрондық жаттығулар, виртуалды қазақ тілі сабақтары, тілдік тренажерлер), үшіншіден, қосымша оқу құралы ретінде (электрондық энциклопедиялар, көркем шығармалар, компьютерлік тілдік ойындар) пайдалануға болады [1].

Қазіргі кезеңде әр түрлі бағдарламалар көмегімен жасалған оқулықтар аз емес. Мұндай оқулықтардың дені арнайы білімі бар бағдарламашылардың көмегімен жасалатыны белгілі. Осыдан келіп, бірнеше жыл бұрын жасалған оқулықтың кейбір деректерінің ескіруі, жаңа ақпараттар енгізу қажетті туындаған жағдайда, оқулық авторының қиындыққа тап болатыны жасырын емес. Электрондық курс дайындаудың көпшілік үшін жеңіл, арнайы компьютерлік білімді қажет етпейтін, қолжетімді бағдарламасын іздестірген педагогтердің iSpring компаниясының өнімдеріне жүгінері сөзсіз.

Бүгінде *iSpring компаниясы* – электрондық оқу курстарын және онлайн презентациялар дайындаушы әлемдегі ең танымал компания. iSpring бағдарламалық құралы оқу мен бизнесте қазіргі заманғы жаңа мультимедиялық технологиялардың жетістіктерін кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. iSpring компаниясы Microsoft компаниясының әріптесі болып табылады және ара қашықтықтан оқыту жүйесін жасаушылармен ынтымақтастықта жұмыс істейді. 2008 жылдан бастап компания iSpring құралдарын Ресей нарығына бейімдей бастады. Қазіргі кезеңде iSpring өнімдерінің барлығы дерлік орыс тілінде ұсынылады. Аталған бағдарламаның бірнеше түрі кеңінен танымал бола бастады, атап айтқанда, *iSpring Presenter*, [iSpring Online](#), *iSpring PRO*, *iSpring QuizMaker*, *iSpring Suite*.

iSpring Presenter, iSpring Suite көмегімен презентацияға негізделген кәсіби электрондық курс жасауға болатын болса, [iSpring Online](#) көмегімен ара қашықтықтан оқытуға қажетті онлайн курс жасауға мүмкіндік туады. Ал *iSpring PRO* арқылы *HTML5* және *Flash* презентацияларды тікелей PowerPoint-та жасауға болады. *iSpring QuizMaker* бағдарламасы интерактивті он бір түрлі сипаттағы тест құраудың және он екі түрлі тапсырмалар құрастырудың жүйесін қамтиды.

iSpring Suite -7, iSpring Suite -8, iSpring Suite -9 аталған бағдарламалардың кешенді жиынтығы десе де болады. iSpring Suite арқылы компьютерде де, мобильдік құрылғыларда да қарауға болатын бірегей интерактивті курс жасауға болады. Онда PowerPoint мүмкіндіктерін жан-жақты пайдалануға, аудио және бейне материалдар қоюға, тестер мен тапсырмалар жасауға, дайын курсты кез келген құрылғы арқылы пайдалануға жағдай жасалған.


iSpring Suite бағдарламасын орнатқаннан кейін Сіздің компьютеріңізден презентация парағын ашқанда, аталған бағдарламаның PowerPoint-тан шығып тұрғанын байқайсыз. Бүкіл оқулық материалын слайд түрінде жоспарлап алып, әрбір тақырыпқа қажетті материалды сол жоспардың жанына енгізе берсеңіз болады.

iSpring Suite көмегімен бейнежазбалар, аудиожазбалар, суреттер, мультимедиялық материалдар енгізе аласыз, әрі бүкіл бір слайдқа жинақталған материалдарыңызды HTML5 и Flash форматтарына ауыстырып, электрондық курсқа айналдырасыз.


Электрондық оқулықтың басты артықшылығы интерактивті тестілеу мен тапсырмалар жүйесіне байланысты. Көрсетіліп отырған бағдарламада оқу құралына тест енгізу үшін «ТЕСТ» белгісін басып, бағдарламаның тиісті бетін ашу керек. Онда 11 түрлі тест сұрақтарың, 12 түрлі анкеталық тапсырмалар құрастыруға, сондай-ақ ол тестерге, тапсырмаларға қажет болса, сурет, аудио, бейнелер, формулалар қоюға болады. Мұның барлығы iSpring QuizMaker көмегімен орындалады. Төменде «Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы» бойынша дайындалған электрондық оқулық тапсырмаларын үлгі ретінде ұсынып отырмыз [2].

«Анкета» бастырмасы арқылы жасалатын тапсырмалар төмендегідей сипатта болады:


Жауабын орнына қою:




Жауаптары салынған сұрақтар




Бірнеше жауапты таңдау:




Ақпараттық слайд (тапсырма)




Ликерт шкаласы:




Сәйкестендіру:




Жауапты енгізу.



Әссе жазу:



Сонымен қатар электрондық тапсырмаларға қажет болса, суреттер, формулалар салуға, мәтінді дыбыстап, аудиожазба, бейнежазба қоюға болады.



Суретте көрсетілген белгілердің көмегімен сурет, формула, аудио, бейне, роликтер салуға болады. Тиісті тақтада орындалған тестер мен тапсырмалар «Сохранить и закрыть» мәзірі арқылы слайд ішіне салынады.

Барлық қажетті ресурстар слайдқа салынып болғаннан кейін «публикация» белгісін басып, «ехе» арқылы сақтайтын болсақ, электрондық тапсырмаларды кез келген тасымалдағышта пайдалануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2016. – 44 б.
- 2.Отарбекова Ж.Шойбекова Ғ. Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы. Электрондық оқулық. Алматы, 2016.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын жаңартылған білім беру негізінде дамыту

Әкімгереева А.Ә.,

Хромтау қаласы, №4 орта мектебі, бастауыш сынып мұғалімі

«Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс, оларды оқыту нәтижесі сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру қажет» деп Елбасы атап көрсеткендей [Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев ұлттық білім беру саласына өте жоғары талап қойып отыр.] Біздегі білім беру жүйесі Қазақстан мектебінің түлектері өз білімдерін әлемдік оқу орындарында әрі қарай кедергісіз жалғастырып әкететіндей дәрежеде бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы болуға тиіс. Қазақстан біркелкі дамып келе жатқан жас мемлекет ретінде халықаралық білім қауымдастығының бір бөлшегі болуға ұмтылыс жасап отыр. «Министрлік «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының қадамдарын және Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатындағы жаңартылған білім мазмұнына кезең-кезеңмен көшу жұмыстарын бастады. Жаңа оқу жылынан бастап еліміздің барлық мектептеріне Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі бойынша жаңартылған білім мазмұны бірінші сыныптан бастап енгізілді. Осы ретте ол оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жаңартылған мазмұн 30 қанатқақты мектепте сынақтан табысты өткенін мәлім етті. Мемлекет болашағының кепілі- жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты- білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә. Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Ал, дамудың негізі білім мен ғылымға келіп тіреледі. Сондықтан да, әлемдегі дамыған елдер сияқты Тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі - жалпы педагогикалық, ғылыми- теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Инновациялық оқыту нәтижелері оқушының өз бетінше әрекет етуі арқылы білімді меңгеруіне ықпал етуі тиіс. Оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамытуда, біліктілікке ұмтылуда, яғни тұлғаны жан-жақты дамытуды жүзеге асыруда оқу үдерісіне инновациялық технолгияларды енгізу шешуші рөл атқарады, оң нәтиже береді.

Иә, қазіргі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде Қазақстан Республикасы орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде бірқатар пәндер бойынша педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстары жүргізілді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру, «Биология» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша бағдарламаны жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу мәнмәтінінде мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру. Орта білім мазмұнын жаңартудың

көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері бірнеше бөлімдерден тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Тілдік мақсаттары жүзеге асыру;
4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс- тәсілдер;
6. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары;
7. Ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолдану күзіндеттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Бағдарламаның міндеттері:

- мұғалімдердің пән бойынша бағдарламаның жаңартылған мазмұнын білуін қамтамасыз ету;

- Пән бойынша жаңартылған бағдарламаға сәйкес педагогикалық тәсілдер мен оқу материалдарын қолдануды үйрету;

- Пән бойынша жаңартылған бағдарламадағы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін қолдануды үйрету.

Оқудан күтілетін нәтижелер:

- мұғалімдер пән бойынша жаңартылған бағдарламаның мақсаттарын, міндеттерін, құрылымын және мазмұнын біледі және түсінеді;

- мұғалімдер пән бойынша жаңартылған бағдарламаға сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

- мұғалімдер пән бойынша жаңартылған бағдарламадағы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі.

Ондағы жүргізілген тиімді әдіс-тәсілдер - педагогтардың оқытудың әмбебап үлгісін және тиімді әдістер жүйесін қолданып, оқушыларға тәуелсіз болуға, сыни тұрғыдан ойлауға, оқуға жауапкершілікпен және шығармашылықпен қарауына көмектесетін сыни тұрғыдан ойлауға бағытталған.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы - озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді. Әр сабақтарда сын тұрғысынан ойлауға дамыту үшін әсіресе биология сабақтарына моделдеу, жобалау, эксперименттік сабақтар оқушының қиялын дамытуға бағыттайды. Курсқа келген мұғалімдер сол ортада болғандарын ерекше бір сезіммен айта отырып, қаншалықты баланың дамуына, сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру оқушының қызығуын, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет-ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру – әрбір ұстаздың абыройлы борышы деп санайды.

Бұдан шығатын негізгі түйін, баланы білуге өз еркімен, шын махаббатпен жетелей білсек, өзіндік ұстанымы, көзқарасы бар шәкірт тәрбиелесек, көздеген мақсатқа жете білгеніміз. Яғни, баланың ынтасын жетелеу қызығушылығын ояту арқылы оқыту, үйрету, көрнекілікпен көрсету, оны өз беттерінше практикада қолдана білуі қажет деген сөз.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу,

функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлт жоспары-Қазақстандық арманға бастайтын жол» атты Қазақстанхалқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан №3 (2873) 2016 жыл 7 қаңтар.
2. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Жаңартылған білім беру – білім берудің жаңа мазмұны

Коянбаева Асылгул Жайылхановна

Физика пәні мұғалімі




Ақтөбе қаласы. №65 Жалпы білім беретін орта мектебі

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды. Білім беру елдердің бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ететін ең тиімді әрі ұзақ мерзімді стратегия болып табылады. Қазақстандағы білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай бағдарлама. Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру. Оқушылар оқытылатын әр пәнді түсінетіндігін көрсете отырып, алдағы уақытта осы білімдерін басқа жағдайларда қолдана білулері қажет. Сондықтан оқушыларды өз білімдерін кез келген жағдайға қалай бейімдеу керектігін біліп, болашақта кездесуі мүмкін кез келген күрделі тапсырмаларды шешуге икемді болуға баулу маңызды болып табылады. Бағдарлама сауат ашу, қазақ тілі, ана тілі пәндерінен оқушының тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Математика, жаратылыстану сабақтарында логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Сонымен қатар, оқу бағдарламаларының маңызды қағидаты білім беру бағдарламасының спиральділік қағидаты болып табылады. Оқу бағдарламалары спиральді білім беру бағдарламасы моделіне негізделеді, оның негізінде оқушылар келесі сыныпқа ауысқан сайын зерделенетін материалдар мен білім қайталанып отырады.

Бүгінгі таңда оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, алған білімдерін өмірде қолдана алатын оқушыларды тәрбиелеу қажет. Сондықтан жаңартылған білім беру заман талабы екенін білуіміз қажет. Осы орайда ойымды өрнектеп, сөзімді өзімнің жаңартылған білім мазмұнында берілген сабағыммен жалғастырсам деп едім

| | | | |
|-----------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|-----------------------------------------|----------------|
| Сабақ тақырыбы : Механикалық жұмыс. | | Мектеп: №65 ЖББОМ | |
| Күні: | | Мұғалім: Коянбаева Асылгул Жайылхановна | |
| СЫНЫП: 7 | | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар: |
| Осы сабақ арқылы іске асатын оқыту мақсаттары | 7.2.3.1 – механикалық жұмыс ұғымының физикалық мағынасын түсіну | | |

| | | |
|----------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Сабақтың мақсаттары | <p>Барлық оқушылар үшін: Жұмыстың күштің орын ауыстыруға көбейтіндісіне тең шама екенін физикалық мағынасын түсінеді.</p> <p>Көпшілік оқушылар үшін: жұмыстың, белгіленуін, формуласын ,өлшем бірлігін біледі</p> <p>Кейбір оқушылар үшін: жұмысты есептей білуді және оның практикалық маңыздылығын түсінеді, әр түрлі жағдайларды талдап тиімді жолдарды көрсете біледі</p> | |
| Тілдік мақсат | Жұмыс, қуат, арақашықтық, күш терминдерінің мағынасын түсінеді. | |
| Алдыңғы білім | Атмосфералық қысым | |
| Сабақта қолданылатын әдістер: | оқыту мен оқудағы жаңа тәсіл (топтық жұмыс), сыни тұрғыдан ойлауға үйрету (миға шабуыл), Блум таксономиясы, формативті бағалау, АКТ пайдалану (презентация, бейнежазба) | |
| Жоспар | | |
| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған әрекеттер (төмендегі жазбаларды өзіңіздің жоспарлаған әрекеттеріңізбен алмастырыңыз) | Ресурстар |
| Сабақтың басы Ұйымдас-тыру 2 мин | <p>I. Ұйымдастыру Сәлемдесу, түгелдеу, жағымды ахуал туғызу.</p> <p>«Қораптағы лебіз» Оқушылар қораптан «күлегештер» алып жылы лебіздерін білдіріп, алынған қиындыларды жанындағы оқушыға береді.</p> | Түрлі түсті күлегештер Бағалау парағы  |
| 8мин | <p>2. «Миға шабуыл» «Тақырыптық түйінді сөздер» әдісі Оқушыларға А4 қағазы таратылады. Өткен тараудағы физикалық терминдер жазылған. Сөздер банкісі: ҚЫСЫМ, ҚАТТЫ ДЕНЕ, СҰЙЫҚ, ГАЗ, ПАСКАЛЬ, ЖҰМЫС, АРХИМЕД, ДЕНЕЛЕРДІҢ ЖҮЗУІ, ТОРРИЧЕЛЛИ, БАРОМЕТР, МАНОМЕТР, ҚАТЫНАС ҰДЫСЫ, $F_A = \rho g V$, АТМОСФЕРАЛЫҚ ҚЫСЫМ, $p = \rho g h$, $p = \frac{F}{S}$</p> |  |
| Сабақтың ортасы | <p>S Өзіне таныс сөзді атап, сол сөзге қатысты сабақ айтады. ҚБ: Жүрекшелермен Оқушылар айтып болғанан кейін «Жұмыс» сөзі сызылмай қалады. Бүгінгі сабақтың тақырыбы: Механикалық жұмыс. Эпиграфы: «Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық аздырар адам баласын» Абай Құнанбаев</p> | |
| Теориялық бөлім 10 мин | <p>«Топтастыру» әдісі. Жұмыс ұғымын талдап көрейік.</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p>Адам өзінің өмірінде үнемі әртүрлі ісәрекет жасайды: ойланады, қозғалады, әртүрлі нәрселерді көтереді, жылжытады және т.б. Мұндай ісәрекеттердің барлығында ол жұмыс жасайды деп түсініледі</p> | |

Физикада жұмыс ұғымын дене қандай да бір оған түсірілген күштің (ауырлық күші, серпімділік күші, үйкеліс күші және т.б.)

әрекетінен қозғалуы кезінде қолданады. Мысалы, автомобиль тарту күшінің әрекетінен қозғалады, бұл кезде жұмыс атқарылады

Адам

жүкті қандай да бір биіктікке көтергенде, доп қайсыбір биіктіктен

жерге құлап түскенде жұмыс жасалады және т.б.

Тұрақты күштің әрекетінен дене орын ауыстырғанда механикалық жұмыс жасалады.

Механикалық жұмыс — денеге әрекет етуші күшке және оның күштің әрекет етуі бағытындағы жүрілген жолына тура пропор-

ционал.

Механикалық жұмысты A әрпімен белгілейді

$$A = Fs$$

Механикалық жұмыс жасалуы үшін мына шарттар орындалуы тиіс:

- 1) денеге тұрақты күш түсіру;
- 2) тұрақты күш әрекетінен дененің орын ауыстыруы.

Осы шарттардың біреуі орындалмаған жағдайда жұмыс жасалмаған болады.



(5.1 сурет)



(5.2 сурет).



(5.3 сурет)

Тасты қанша қозғаса да орынынан (5.1 сурет) қозғалмаса $A=0, S=0$ болады.

Құлап келе жатқан су тамшысына ауырлық күші әрекет ете отырып, оң жұмыс атқарады (5.2 сурет). $A > 0$

Жоғары көтеріліп бара жатқан ауа шарына әрекет етуші ауырлық күші теріс жұмыс атқарады (5.3 сурет). $A < 0$

Сондай ақ теріс жұмыс атқаратын күшке үйкеліс күші де жатады. Жұмыстың өлшем бірлігіне **1 джоуль**

Есте

сақта:

1. Егер күш бар болып, орын ауыстыру жоқ болса, онда жұмыс та болмайды.

2. Егер денеге күш әсер етпесе, бірақ дене инерциясымен қозғалатын болса, мұндай жағдайда да жұмыс істелмейді.

«Ой-қозғау» Есептер шығару


Тапсырма №1 «Салыстыру»

Үлестірмелі материал

Үлестірмелі материал

Жеке жұмыс
10 мин

ЕСЕП: қай жағдайда механикалық жұмыс атқарылады?



1. Білеуше орнында тыныш тұр
 2. Білеуше жылтыр тегіс бетте қоғалып барады
 3. Білеуше F күштің әсерінен қозғалып барады
- Жауаптары: тек 3-ші жағдайда ғана механикалық жұмыс жасалады, себебі, 1 жағдайда дене тыныш тұр; ал, 2 жағдайда күш әсер етпейді;

Тапсырма №2 «Есептеу білімді еселеу»

№442

200кДж жұмыс 0.8 км жолда қандай күштің әсерінен орындалды?



№439

Массасы 400г қаршығаны ауа тасқыны 70м биіктікке көтереді. Құсты көтерген күштің жұмысын анықтаңдар.

| Бағалау критерийі | Дескриптор |
|-------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Механикалық күшті анықтауға берген есептерді шығарады | Есеп мазмұнын түсініп, шартын жаза алады. Өлшем бірліктерін ХБЖ-ға келтіре алады. Есептерді шығару кезінде формуланы тиімді пайдаланады Математикалық есептеулер дұрыс |



Тапсырма №3 «Суреттер сөйлейді»



ҚБ: Шарлармен

«Ой -қорыту» әдісі




Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?
ҚБ: ауызша

Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау

Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз? Жаңа тақырып бойынша қабілетті

«Қорамтағы лебіз»
«Тақырыптық түйінді сөздер»
«Топтастыру»
(F_1 , T_1 , K_1 , T_2 , T_3)

- Физика кабинетіндегі қауіпсіздік ережесін сақтау

| | | |
|----------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>ың Соңы 3мин</p> | <p>§ 30. 134-135беттер Адам бұл өмірде ең басты үш жұмыс атқару керек:</p> |  |
| <p>Үйге тапсыр ма. 2 мин</p> | <p>1. Үй тұрғызу 2. Ағаш отырғызу 3. Бала тәрбиелеу</p> <p>Сонымен, балалар, біз бір сабақ бойы тапсырмалар және әр түрлі жаттығулар орындап, жұмыс істедік. Осы істеген жұмысымыз механикалық жұмысқа жата ма? /жатпайды, себебі орын ауыстыру болған жоқ/</p> <p>«Білім баспалдағы»</p> | |
| <p>Қорыт ындыл ау. 2мин</p> | <p>1.Мен білдім... 2.Мен үйрендім... 3.Маған ұнады.... 4.Мен қиналдым.... 5.Менің көңіл – күйім.....</p> | |
| <p>Кері байлан ыс 3 мин</p> | | |

Пайдаланған әдебиеттер:




- 1.Р.Башарұлы Физика-7класс « Алматы» 2018ж
- 2.«Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру» 2017ж
4. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы Астана 2016


Қысқа мерзімді жоспар

Масабаева Айгерим Базарбековна

Ойыл ауданы Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы

| | | |
|----------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|
| Сабақ тақырыбы: Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» | Мектеп: Ойыл ауданы Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы | |
| Күні: | Мұғалімнің аты-жөні: Масабаева Айгерим Базарбековна | |
| СЫНЫП: 5 | Қатысқандар: 18 | Қатыспағандар: 0 |
| Сабаққа негізделген оқу мақсаты (мақсаттары) | Б/С2 5.3.2.1 Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау. | |
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар орындай алады: Шығармадағы кейіпкерлердің бейнесін табады, талдайды, өзара салыстырды | |
| | Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Кейіпкерлерді шынайы өмірмен өзара байланыстырып салыстырады | |
| | Кейбір оқушылар орындай алады: Кейіпкерлердің іс-әрекеті негізінде образдық ой қорытады, өзіндік баға береді. | |
| | | |
| Тілдік мақсат | Оқушылар орындай алады: кейіпкер бейнесін талдайды, кейіпкерді өмірмен салыстырады, ой қорытады, өзіндік баға береді | |
| | Нақты тақырыпқа арналған сөздік қор мен терминология: Педсовет, клуб, қаһар, тәжім, қақпан, шарбақ, адам болатын бала | |
| | Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: - «Менің ойымша», «Сіздің пікіріңізше» | |
| | Талқылауға арналған сұрақтар: -Қалай ойлайсың, Майқанованың «Түбінде адам болатын бала» деп Қожаға сенім арту себебі неде? Қожа бізге үлгі бола ала ма? Бүгінгі күннің Қожасы кімдер? | |
| Бағалау критерийлері | <ul style="list-style-type: none"> ✓ Кейіпкер бейнесін салыстыра талдайды; ✓ Шынайы өмірмен байланыстыра салыстырады; ✓ Ой қорытып, өзіндік баға береді. | |
| Құндылыққа баулу | «Мәңгілік ел» бқұндылықты басшылыққа ала отырып, адамгершілікке баулу, үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеу | |
| Алдыңғы оқу: 3 минут | Б.Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығы. | |
| Жоспар | | |
| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
| Басы 7 минут | <i>Оқушылармен амандасу;</i> <i>Психологиялық ахуал тудыру;</i> <i>Тақырыпты болжау. «Фильмді дыбыстау» әдісі арқылы оқушылар бүгінгі сабақтың тақырыбын</i> | «Кеспе қағаз» |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|----------------------------|------------|----------------------------|--|--|--|--|--|------------------|------|--------------|--------------|--|--|--------|--|--|----------------------------|--|--|-------------------|--|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | <p>божайды. Фильмнен үзінді көрсету. <i>Топқа бөлу:</i> Фазл құрастыру арқылы (Қожа мен Майқанованың суреттері) оқушылар екі топқа бөлінеді. <i>Ой шақыру.</i> -Сенің қиялыңдағы Қожа қандай бала? - Қазіргі қоғамда Қожа секілді бала бар ма? - Қожаның болашағы туралы қандай болжамдар жасауға болады?</p> |  | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| <p>Ортасы 20минут</p> | <p>Топтық жұмыс. 1-тапсырма. Бейне жазбаны көр.Әрі қарай өз ойыңмен түйіндеп, кейіпкер бейнесін талда. I топ: «ПОПС формуласы» Менің ойымша, Себебі..... былай түсіндіремін Мына фактілермен, мысалдармен дәлелдеймін... Осыған орай мынадай шешімге келдім... 2-топ: «Әдеби лотос» үлгі-кестесі арқылы шығарманы талда.</p> <table border="1" data-bbox="459 853 1241 1149"> <tr> <td>Шығарма аты</td> <td>Кейіпкер (портреті, мінезі, әрекеті)</td> <td>Оқиға желісі</td> <td>Түйінді ой</td> <td>Қазіргі заманмен салыстыру</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table> <p>Дескриптор: ✓ Бейнежазбаны көреді, тыңдайды ✓ Кейіпкер бейнесін талдайды ✓ Өз ойын түйіндейді Қалыптастырушы бағалау. «Екі жұлдыз бір тілек» (топтағы бағалау) Екі ұнаған жұмыс түрі Бір тілек –жақсарту керек нәрсе Жұптық жұмыс. 2-тапсырма. «Концептуалды кесте» әдісі арқылы Қожа мен қазіргі баланы салыстырып, оларға тән ерекшелік пен ұқсастықтарды анықта.</p> <table border="1" data-bbox="480 1626 1257 1962"> <tr> <td>Салыстыру аймағы</td> <td>Қожа</td> <td>Бүгінгі бала</td> </tr> <tr> <td>Сырт келбеті</td> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td>Мінезі</td> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td>Арманы мен қызығушылықтары</td> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td>Ерекше әрекеттері</td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table> <p>Дескриптор: кейіпкерді шынайы өмірмен</p> | Шығарма аты | Кейіпкер (портреті, мінезі, әрекеті) | Оқиға желісі | Түйінді ой | Қазіргі заманмен салыстыру | | | | | | Салыстыру аймағы | Қожа | Бүгінгі бала | Сырт келбеті | | | Мінезі | | | Арманы мен қызығушылықтары | | | Ерекше әрекеттері | | | <p>Бейнежазба АКТ</p>   |
| Шығарма аты | Кейіпкер (портреті, мінезі, әрекеті) | Оқиға желісі | Түйінді ой | Қазіргі заманмен салыстыру | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Салыстыру аймағы | Қожа | Бүгінгі бала | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Сырт келбеті | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Мінезі | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Арманы мен қызығушылықтары | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Ерекше әрекеттері | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

| | | |
|-------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|
| | <p>салыстырады Қалыптастырушы бағалау: «Білім көзі» Өзара бағалау Мен түсінбей қалдым қалдым.. Мен..... ізденуім, жақсартуым қажет.... Менжақсы түсіндім Өзара бағалау 3-тапсырма. «Еркін жазу» стратегиясы. Жеке жұмыс Кейіпкерлер образы негізінде ой қорыт,өзіндік баға бер. <i>Майқанованың «Түбінде адам болатын бала» деп Қожғаға сенім арту себебі неде? Қожға бізге үлгі бола ала ма?</i> Дескриптор: ✓ Кейіпкер туралы ой түйеді ✓ Өзіндік баға береді Қалыптастырушы бағалау: «Жетістік баспалдағы» Өзін-өзі бағалау ----Мен қол жеткіздім -Мен биікке көтерілдім -----Мен әлі де талпынам</p> |  |
| <p>Соңы 10-минут</p> | <p>Кері байланыс «Зерде» әдісі Б.Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесін оқу барысында алған ақпараттарымызды тұжырымдап, өз жетістігімізге баға берейік. Білім – тақырып бойынша алған ақпараттарым Эмоция – сабақтағы көңіл күйім Баға – жетістігіме беретін бағам Сын - өз бойымда нені дамытуым керек? Идея – маған келген жаңа ой</p> | |
| <p>Қосымша ақпарат</p> | <p>«Менің атым Қожа» фильміндегі кейіпкерлер туралы мәлімет жинқтау;</p> | |

| <p>Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?</p> | <p>Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p> | <p>Пәнаралық байланыс – Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі).</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Үш деңгейдегі оқушыларға тапсырма беру барысында мынандай нәтижелерге қол жеткіздім: үш деңгейдегі оқушылар берілген тапсырмаларды жылдам, белсенді орындады. Топтық, жұптық, жеке жұмыстар бүгінгі сабағымның жүйелі болуына көмектесті. Сараланған мақсатқа негізделген сараланған тапсырмаларды беру кезінде келешекте мен мына нәрселерді</p> | <p>Менің бүгінгі сабағымда оқушы білімін бағалау белсенді жүрді. Оған оқушылардың берген кері байланыстары дәлел. Алайда, дегенмен де, әлі де оқушы білімін тексеру</p> | <p>Сабағымды пәнаралық байланыс болды, кіріктірілген пәндердің негізінде өтті, АКТ толыққанды қолданылды. «Мәңгілік ел» бқұндылықты басшылыққа ала отырып, адамгершілікке баулу, үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеу</p> |

| | | |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| <p>ескеремін:Қабілетті оқушы тақырыпқа байланысты тың ақпаратты іздеуге, сыни ойлауға мүмкіндік беретін оқытудағы қажетті стратегияны қолданамын.</p> | <p>барысында қалыптастырушы бағалаудың түрлі формаларын сабаққа сәйкес таңдап алып, сабақтың оқу мақсатына негізделген тапсырмаларды орындауға жақсы әдістерді аламын.</p> | |
| <p>Рефлексия Сабақтың мақсаты мен оқу Міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іскеасты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?</p> | <p>✓ Әрине,себебі оқу мақсатына сәйкес сараланған мақсат айқын болды, оқушылар жоспарланған мақсатқа жете алды, тақырып бойынша ақпарат алды. ✓ Сабақ жоғары деңгейде өтті. Себебі, оқушыларға алып келген әдіс-тәсілдер тиімді болды. ✓ Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды. Оқушылар өз деңгейлеріне сәйкес тапсырмаларды орындады, өз пікірлерін, ұсыныстарын білдірді, қойылған сабақ мақсатына жете алды. ✓ Әрине, уақытты тиімді пайдаландым. Жоспарланған барлық тапсырмаларды орындауға үлгердім. ✓ Жоспарға түзетулер енгізбеймін. Өйткені уақытты тиімді пайдаландым,</p> | |
| <p>Қорытынды бағалау Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты) 1:Оқушыда тақырып бойынша қоғамдық пікір қалыптасады 2: «Жетістік баспалдағы» әдісі, «Екі жұлдыз,бір тілек» әдісі Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқыту мен оқуға қатысты)? 1:Кейіпкерді салыстыру, өмірмен байланыстыру сабақтың жақсы өтуіне себеп болды. 2: Тақырып бойынша проблемалық сұрақ құрастыру, сұхбат жүргізу сабақтың өтуін жақсартар еді Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім? 1: Топта сөйлемейтін оқушыларды топтық жұмысқа тарту, топтық жұмысты үнемі ұйымдастыруды қолға аламын. 2:Белсенді әдістерді сабақтың тақырыбына сай әкелсең, оқушы қызығушылықпен тапсырмаларды орындайды.</p> | | |

Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы басымдықтар

Меделбаева Нурзина Куаналиевна

*Үш тілде оқытатын №21 орта мектеп-гимназияның
математика пәні мұғалімі*

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді.

Еліміздің алдағы ұзақ мерзімді дамудағы басым бағыттардың бірі – білім мен ғылымды дамыту болмақ. Өйткені, мемлекет басшысы алға қойып отырған басты талаптардың бірі – өркениеттің шалқар көшінде бәсекелестікке қол жеткізу үшін білім мен ғылымды жаңа өрістерге шығарып, интеллектуалдық серпіліс жасау.

Білім мен ғылым саласындағы бәсекелестікті және әлеуметтік – экономикалық өсімді қамтамасыз ететін мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру ұстаздар алдында тұрған басты міндет.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі мектептерде оқыту процесінің мазмұндық болмысын жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді. Мұндай жаңа әдіснамалық жүйе дәстүрлі оқыту процесін түбегейлі өзгертудің қажеттігін көрсетіп, оқытудың шығармашылық қызметін дамытып, білім мазмұнының ұлттық негізде берілуін жаңа өркениеттік бағдар тұрғысынан жетілдіруді қарастырады.

Білім берудегі негізгі мақсат - тек білімді, кәсіби мамандандырылған маман дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру екендігіне ерекше тоқталған жөн.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар – адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау.

Қазіргі уақытта білім берудің алғашқы парақтарында «адам проблемасы» өзекті мәселелердің біріне айналып, «адам проблемасы» қазіргі ғылымда білім беру саласында толығымен зерттеуді қажет ете бастады. Білім берудің мақсатында – адамның өмір сүру ортасының мағынасы мен бейнесіне сәйкес, тұлғаны қалыптастыруға назар аударылуда. Білім беру саласының проблемаларының болжамдарында, әзірленген білім беру жүйесінің көмегімен – биосфералық, адамдағы ізгілікті, жоғары биологиялық және әлеуметтік сапаларды жасай, қазіргі заман талабына сәйкес білім беру қарастырылған.

Отандық орта білім мазмұнын жаңарту барысында қазіргі өмірде кең ауқымды дағдыларға көп көңіл бөлінеді. Бұл дағдылар жалпыадамзаттық және этномәдени құндылықтарға негізделі отырып, оқушыларға оқудағы, сондай-ақ өмірдегі проблемаларды шешуіне мүмкіндік береді. «Кең ауқымды дағдылар» келесі іс-әрекет түрлерінен тұрады: білімді шығармашылықпен қолдану; сыни тұрғыдан ойлау; зерттеу жұмыстарын орындау; АКТ қолдану; тілдік дағдылармен бірге қарым-қатынастың коммуникативтік тәсілдерін қолдану; топта және жеке жұмыс жасау біліктілігі.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі саласы жаңа тәсілдер аясында кеңеюде.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы мектептің ерекшелігі – оқудағы жетістіктер нәтижелі сипатқа ие, ал оқу процесі оқушылардың әрбір сабақта білімді «табудағы» белсенді қызметімен сипатталады. Бұл жағдайларда оқушы – таным субъектісі, ал мұғалім оқушылардың танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы қызметін атқарады. Мектептің алдында тұрған негізгі мәселе-оқушыларды дамыта оқыту, яғни оқушыны оқу

әрекетіне қалыптастыру, олардың оқуға ынтасын ояту, қызығушылығын арттыру. Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой-өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады. Кез келген оқыту технологиясы оқушыдан терең теориялық, психологиялық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үніліп, оны ұғына білуді талап етеді. Қай технология болмасын, ғылымның пікірінше, бұл педагогикалық жүйе және тұлғаны қалыптастыруға ықпал арнайы ұйымдастырылған белгілі мақсат көздеген бір-бірімен тығыз байланысты әдіс-тәсілдер жиыны.

Әрбір оқушыны жасына да, мүмкіндігіне да қарамастан тұлға ретінде қабылдауға қол жеткізуге ұмтылу қажет. Оқыту мақсаты оқушы және мұғалім үшін ортақ болады, міне, білім мазмұнын жаңартудың педагогикалық аспектісінің мәні осында.

Бұған қол жеткізуде әрбір мұғалім өзінен бастайды, ол жаңарту процесінің әлеуметтік аспектілерін көрсетеді. Мұғалім педагогикалық ойлау немқұрайлығын жеңуі және оқушымен бірге өзі де оқуы тиіс.

Білім алушылардың қолайлы дамуы үшін достық қарым-қатынастағы ортаны құру өте маңызды болып табылады.

Білім мазмұнын жаңарту үшін энциклопедиялық сипаттағы фактологиялық материалды беруге бағытталған оқытудан, акцентті ақпарат алу тәсілдерін үйретуге ауыстырудың маңыздылығы артады.

Оқушылардың ақпаратты өздігінен алу, талдау және тиімді қолдану дағдысын қалыптастыру – жаңа бағдарламаның басым бағыты болып саналады.

Орыстың ұлы педагогы В.А.Сухомлинский мектептің басты міндеті - әрбір адамның дарындылығын ашу, оны толыққанды шығармашылық, интеллектуалдық еңбек жолын бағдарлау.

Осы орайда қазіргі кезеңде жүзеге асырылып жатқан жаңа бағдарламаның негізгі мақсаты - жылдам өзгеріп жатқан әлемде өзіне сенімді және табысты болуға мүмкіндік беретін дағдылары мен түсініктерін дамытуға, өмірлік жағдайларда өз білімдерін қолдануға ықпалын тигізетін сыни тұрғыдан ойлауға үйретуді қамтиды [1, 15 б].

Жаңа мазмұндағы білім жүйесін енгізуде тәрбиеші педагогикалық, психологиялық, физиологиялық ғылым салаларының тиімді зерттеу идеяларын басшылыққа алады. Ғалымдардың ойынша, білім беру технологиясын өзгерту қажеттігі Қазақстанның жаңаруына себеп болмақ. Осының бәрі оқытушылар білім беруде, білім алушыларды жан-жақты дамыту мәселесінде инновациялық технологиялар мен білім парадигмаларын бірлікте қарастыруға негіз болып табылады.

Себебі, әрбір оқушының қайталанбас дарынын дөп басып табу, аша түсу, қастерлеу бұл – тұлғаны адамзат қадір-қасиетінің өркендеуінің жоғары деңгейіне дейін көтеру деген сөз деп атап көрсетеді. Оқу бағдарламаларында көрсетілген білім мазмұны анықталатын және білім салалары бойынша әрі қызмет аспектілерін көрсететін күтілетін нәтижелерге көңіл аударатын оқу процесін дәстүрлі ұйымдастырудан бас тарту көзделеді, яғни оқушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды».

Келесі басымдық – өзара ынтымақтастық пен тәлімгерлікті дамыту. Тәлімгерлік ету барысында тәлімгерлік өзінің білімімен, тәжірибесімен бөліседі, ал тәлім алушы еңбек жолында айтулы жетістерге жету мақсатында өзінің кәсіби дағдыларын дамытып, проблемаларды шешу жолдарын іздейді. Тәлімгерлік тәлім алушыға кәсіби қолдау көрсетуге бақытталады. Тәлімгерліктің өзіне тән негізгі екі сипаттамасы екі адам арасында оқу қарым-қатынасын құруға негізделген және түйінді дағдыларды белсенді тыңдай білу, тәжірибені дамыту үшін бірқатар күрделі сұрақтар қоя білу дағдыларын дамытуға бағытталған. Тәлімгер тәлім алушыға күрделі тапсырмалар беріп, қолдау көрсетуге соның ішінде қажетті түйінді қасиеттерді сенімділік, ортақтастық, шынайылық, адалдық танытуға дайын болады.

Жаңартылған білім беру мазмұнына сай аталған жұмыстар мұғалімді шеберлікпен, дағдылармен, шабытпен қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар мектеп ішіндегі мәдениетті өзгертуге бағытталды. Мұғалім оқытудың заманауи тәсілдері олардың кәсіптік тәжірибесін нығайтатындығын, оқушыларымыздың оқуға ынталы екендігін, ата-аналарымыздың балаларының оқуға құлшынысының жоғары екендігін білдіреді. Әр ұстаз өз ісін үлкен жауапкершілікпен атқаратын, шығармашылықпен айналысатын, оқытудың тиімділігін арттыру үшін өз сабақтарында жаңалықты қолданып, үнемі ізденісте жүрген еңбекқор жандар. Оқушылардың интеллектуалдық қабілетін дамыту, тума талантының көзін ашу, саналы және салиқалы, парасатты, білімді азамат етіп шығару – тынымсыз еңбектің нәтижесі.

Олай болса, жаңартылған мазмұн жаңдайында мектептің жұмысы дамыту инновациялық қағидаларға негізделуі шарт. Осы жайттар деңгейлік бағдарламалар негізінде ұйымдастырылып жатқан курстардың мұғалімдер үшін де, мектептер үшін де маңызының жоғары екендігін дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Дереккөз:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығымен Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Кітаптар, монографиялар, жинақтар:

С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования //«Государство и образование», 2002.

В.А. Хуторской. Ключевые компетенции как компонент личностноориентированной парадигмы образования.//«Народноеобразование», №2, 2003.

Жаңартылған білім – нәтижеге жетудегі қадам

Өмірзақ Гүлнұр Жанатқызы

Ақтөбе қаласы, №4 ЖББОМ

omirzakgulnur@mail.ru

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы — заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама құрылған деп есептеймін.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялық бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды қадамдар жасалды. [1,6].

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериялық бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. [1,8]. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықпалын туғызады. Қалыптастырушы бағалау

күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасынның бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір –бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.[2,9].

Біліктілікті арттыру жүйесінде заманауи мұғалім өлшемі қазіргі білім берудегі жаңа және нақты жағдайға икемделу дегенді білдіреді. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар XXI ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сауалдар туындайды. Бұл білім беру бағдарламасымен және оны жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты.

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әр түрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді. Жаңартылған жалпы білім беру бағдарламаларында оқушылардың бойында қалыптастыру қажет құндылықтар мен дағдылар анықталған.

Білім беру бағдарламасын жаңарту тұрғысынан «үйлесімділік» білім беру бағдарламасы қалай қабылданып, қалай іс жүзінде орындалатынына қатысы бар барлық компоненттер бірлесіп әрекет етіп, бір-бірін толықтырып, нығайтады дегенді білдіреді (Oates, 2010). Үйлесімділік білім беру бағдарламасы мен бағалау модельдері әзірленетін жүйе деңгейінде ғана емес, әр сыныпта, әр сабақта қолданылады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі. Спиральді қағидат бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» атты еңбегін де қарастырылған. Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының ерекше сипаттары: оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды; әрбір қайталап оқыған сайын оның күрделілігі арта түседі; жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.

Әр пәннің өзінің жеке сөйлеу стилі бар, оны нақты пәннің «академиялық тілі» деп атауға болады. Тілдік мақсаттар академиялық тілді үйрену үшін маңызды құрал болып табылады. Оқушылардың өздерінен қандай нәтиже күтілетінін түсінуі тілдік мақсаттардың анық құрылуына байланысты. Сондай-ақ, тілдік мақсаттар мұғалімдер мен оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, қолдауына көмектеседі. Пән мұғалімдері оқушылардың пән мазмұнын меңгеріп, академиялық тілді дамытуына қолдау көрсетеді.

Оқушы жетістігін нақты бағалау – білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Критериалды бағалау – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі, яғни белгілі бір критерийлер арқылы бағалау. Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты – мектепте оқыту сапасын көтеру. Бұл жағдайда өзін-өзі бағалауға баса назар аударылады. Критерий арқылы бағалау мұғалімдерге сапалы нәтиже алуды қамтамасыз ететін критерийлерді құруға; өз жұмысын талдау және жоспарлау үшін ақпарат алуға; оқу үрдісінің сапасын жақсартуға; әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін

ескере отырып, оқытудың траекториясын құруға мүмкіндік береді. Критериалды бағалау: қалыптастырушы және жиынтық бағалау болып екіге бөлінеді. Қалыптастырушы бағалау – оқушыларға өз оқуын жақсарту туралы кері байланысты (пікірлер мен ұсыныстар) беру мақсатында үздіксіз жүргізіледі. Жиынтық бағалау – оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін балл түрінде бағалау үшін өткізіледі. Оқу бағдарламасының әр бөлімін оқып болғаннан кейін бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі. Жиынтық бағалаудың балдары жиналып, тоқсан аяғында тоқсандық бағаға және оқу жылы аяғында жылдық бағаға ауыстырылып қойылады.[4,5].

Өмір сүруге арналған және кәсіби дағдылар. Бүгінгі тіршілік және жұмыс жағдайлары ойлау дағдылары мен пәндік білімді ғана талап етпейді. Бүгінгі ақпараттық ғасырда күрделі тіршілік ету және жұмыс жағдайларын басқару қабілеті оқушылардан тиісті өмірлік маңызы бар және кәсіби дағдыларды дамытуға баса назар аударуды талап етеді. **Сұрақ қою.** Сұрақ қою, оны түсіну дәрежесін бағалау және оқушылардың жауабына қарай әрекет ету мұғалімнің кәсіби шеберлігін қажет етеді. Осы орайда Брагг Э.К. және Браун Г. (2001ж.). өздерінің зерттеулерінде мұғалімдердің оқушыларға сұрақ қоюда жіберетін келесі қателіктерді анықтаған (www.cpm.kz):

Мұғалім

- бірден көп сұрақ қояды;
- сұрақтар қояды және оларға өзбетінше жауап береді;
- оқушыларға ойлануға уақыт бермейді;
- сұрақты ең ақылды және өздері жақсы көретін оқушыларға қояды;
- тек ер балалардан/қыз балалардан немесе нақты бір оқушылардан сұрайды
- дұрыс емес жүйеліліктер, мысалы, балалар өз жауаптарын құру үшін жеткілікті ақпарат алғанға дейін ерте сатыдағы өте қиын сұрақтарды қояды;
- орынсыз сұрақтар (тақырыпқа қатысы жоқ сұрақтарды) қояды;
- бір және сол типтегі сұрақтарды қою, мысалы, балаларды тек еске түсіруге ниеттендіретін сұрақтар (олардың білетіндері) – бір үлгідегі сұрақтарды жиі қояды;
- оқушылардың жауап беру ниетін басатын немесе дәлелденбейтін қауіпті сұрақтарды қояды (сұрақтарды қорқыту түрінде қояды);
- сұрақтарға көңіл аудармайды (мысалы, қарқын/екпіннің өзгеру есебінен);
- сұрақ үлгісіндегі өзгерістерді атамайды;
- мәнін тексеру үшін жауаптарды пайдаланбайды;
- жауаптардың салдарын көрсетпейді;
- жауаптардың жетілуін қадағаламайды;

Мұғалімдердің аталған қателіктерді жібермей, төменгі деңгейдегі сұрақтарды емес, Блум таксономиясы бойынша жоғары деңгейдегі ойлауды қажет ететін бағалы ашық сұрақтарды көбірек қою арқылы оқушыларды белсенді әңгімеге тартып, сыни ойлауын дамытуы табысты сабақты қамтамасыз етеді.

Айғақтар мен заңдарды, тарихи даталар мен оқиғаларды білу маңызды бола тұра, ақпаратты ақылмен түсініп қабылдау және саналы түрде өңдей білу, ондағы айтылған негізгі идеяларды және олардың өзара байланысын көре білу, қажеттісін таңдап, дұрыс еместерінің қателерін көрсетіп дәлелдеу, яғни, талдау және бағалау өте маңызды.

Қазіргі ғарыштап дамып жатқан өзгермелі әлемде балаларды тек осындай әрекеттер ғана өмірге бейімдей алады. Орыс психологы В.М. Снетков «*Жақсы сұрақ – кең ауқымды ойланып, барлық мүмкін жауаптарын іздестіруге бағыттайтын ойландыратын сұрақ*» деген тұжырымжасайды және сұрақтардың төмендегідей қызметтерін атап көрсетеді:

- сұрақ арқылы жаңа ақпарат алуға болады;
- сұрақты дұрыс қою арқылы білгендерін нақтылай түсуге болады;
- сұрақ қою арқылы талқылау бағытын өзгертуге болады;
- сұрақ арқылы өзінің көзқарасын білдіруге болады;
- дұрыс қойылған сұрақ жауабын табуға бастама болады.

Педагогтер оқушылардың танымдық ойлау деңгейлерін олардың сұрақ қою

кабілеттерінен де байқайды. Сабақта оқушылардың тақырыпқа қатысты жақсы сұрақтар қоя білуі олардың сыни ойлай білгенін көрсетеді.

Сабақта оқушылардың сыни ойлауын дамыту олардың ашық сұрақ қоя білуі, ақпаратты терең талдау жасай алуы, өз ой-пікірін жәй айтып қана қоймай, оны дәлелдеп, сыныптастарының көзқарасын өзгертуге деген әрекеттері екенін де ескеру керек...[6,7].

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім бағдарламасының мәні – баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушыны өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірде қолдана білуге баулу. Осы міндет ұстаздарға үлкен жауапкершілік жүктейді. ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болулары үшін, оқушылардың бойына қажетті дағдыларды дарыту жолында мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйегін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Педагогика кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015
3. (www.cpm.kz)
4. «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериалды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру» 2017ж
5. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы Астана 2016
6. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016 ж

Бірлескен топтық жұмыстардың студенттердің өз бетінше білім алудағы маңызы

*Кушкимбаева А.С., PhD доктор,
Теориялық және қолданбалы
тіл білімі кафедрасының
аға оқытушысы,
Alitok@mail.ru*

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды.

Мемлекет болашағының кепілі - жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты - білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әр түрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «ХХІ ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді. Жаңартылған жалпы білім беру бағдарламаларында оқушылардың бойында қалыптастыру қажет құндылықтар мен дағдылар анықталған.

Білім беру бағдарламасын жаңарту тұрғысынан «үйлесімділік» білім беру бағдарламасы қалай қабылданып, қалай іс жүзінде орындалатынына қатысы бар барлық компоненттер бірлесіп әрекет етіп, бір-бірін толықтырып, нығайтады дегенді білдіреді (Oates, 2010). Үйлесімділік білім беру бағдарламасы мен бағалау модельдері әзірленетін жүйе деңгейінде ғана емес, әр сыныпта, әр сабақта қолданылады. Сондықтан да аталған мәселелерді шешу, зерттеу болашақ мамандардың құзыреттілігінде деп ойлаймыз. Топтарда жұмыс жасау не үшін қажет? Ынтымақтасқан оқу-өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал бірлескен оқу соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады. Топтаса оқу пайдаланатын әдіс қана емес, жеке философия болып табылады. Білім алушылар топтарға бірлесіп оқыған кезде, топтың жеке мүшелерінің қабілеті мен қосқан үлесі құрметтеліп, атап көрсетілетін, білім алушылардың жұмыс істеуінің басқа тәсілі орын алады. Топтың жұмысы тиімді болуы үшін топ мүшелерінің әрқайсысының жекелеген рольдері бөлініп беріледі. Мысалы, талдаушы, сыншы, айтушы, бақылаушы деген сияқты. Бұлайша рөлдің бөлініп берілуі топ мүшелерінің өз жұмысына жауапкершілікпен қарауына түрткі болады. Бұлайша топтарға бірігіп, бірлесе оқудың негізгі аспектісі топ мүшелерінің ынтымақтастығы арқылы бітімге, келісімге қол жеткізуіне негізделген.

Педагогикада ынтымақтастық оқу тәсілдерінің саны жеткілікті, алайда бірлесіп оқу процесінің негізгі сипаттамалары мынадай:

1. Оқу студенттер ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын белсенді үдеріс болып табылады.
2. Оқу тапсырмаларды орындау үшін механикалық есте сақтау мен қайталау емес, құрдастардың белсенді қатысып, ақпараттарды өңдеуі және қорытуын талап етеді.
3. Білім алушылар әр адамның көзқарасынан өзіне қажет ақпарат алады.
4. Оқу студенттердің сұхбаттасу кезіндегі әлеуметтік ортасы жағдайында дамиды. Осы зияткерлік жаттығу кезінде студенттер оқу-пайымдарының негізін құрып, мәнін ұғынады.
5. Оқудың ынтымақтастық ортасында студенттер әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да жетіле түседі, өйткені олар түрлі көзқарастарды тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорағауға мәжбүр болады. Мұндайда студенттер сарапшылардың немесе мәтін аясында шектеліп қалмай, өздерінің еркін тұжырымдамалық түсініктерін құруды бастайды. Осылайша ынтымақтастық оқу жағдайында студенттер құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және оған белсенді қатысуға мүмкіндік алады [1].

Выготскийдің теориясы бойынша бірлескен топтық жұмыстарда жұмыс жасау арқылы студенттердің бір-бірінен алған білімдері әлдеқайда тиянақты, түсінікті [2]. Бұндай топтық бірлестіктер ұялшақ, ұяң студенттердің ашылып, ортада өз пікірін ұялмай айтуына көмектеседі. Мысалы А деген студент дәстүрлі дәріс, практикалық сабақтарда көбіне үндемей отыратын. Ал осындай топтық жұмыс кезінде студенттің белсенділігі артып, өз ойын ортаға салып жатқанын көрген сабаққа қатысып отырған оқытушы "Мен бұл студенттің осылай сөйлейтінін бірінші рет көріп отырмын" деп таң қалғанын жасыра алмайды.

Топтық жұмыс кезінде студенттерді топқа бөлу оңай болған жоқ. Олар үнемі бірге жұмыс жасап отырған құрбыларының қасынан кеткісі келмейді. Ондай кездерде студенттерді топқа өзін бөлемін (санамақ, жемістер, фигуралар арқылы).

Ал енді топтық жұмыс жасауда басты үш кедергі эмоциялық, әлеуметтік, танымдық факторларға келер болсақ, *әлеуметтік әрекеттестік* арқылы оқыту Л. Выготскийдің ЖАДА теориясы бойынша студенттердің кейбір шеше алмайтын мәселелерін серіктесі арқылы жеңіл жүзеге асыратыны байқалды. Әлеуметтік - мәдени теория жеке тұлғаның дамуына қоғамның қосатын үлесінің маңызын қарастырады. Бұл теорияның негізіне ата-ана, тәрбиешілер, құрдастар және мәдениеті жоғары сатылы функциялардың дамуы үшін жауапты болады деген пікірі өте дұрыс айтылған.

Эмоциялық факторға келетін болсақ, студенттердің сабақ үстінде бір-біріне құрметпен қарауы, бір-бірінің көзқарасын, пікірін келемежге айналдырмай, әркімнің барынша өзін ашық, ақжарқын күйде ұстауын, яғни жайлы психологиялық ахуал тудыра білуі оқытушының бірінші кезектегі жұмысы деп білеміз. Мысалы, бұрын көп сөйлемейтін студенттің сабаққа белсене араласып, өз пікірін ортаға салуына бұрыннан жақсы оқитын студенттер басында бір-біріне қарап жымындасып, күліп отырды. Ондай сәтте мен бұл жағдайды студенттің сезбей қалуы үшін оның айтып жатқанын бар ынтамен тыңдап, оны көтермелеп отырдым. Бұл бастапқы уақытта орын алған жағдай еді. ал кейін ДЖИКСО, ДЖИКСО1 стратегияларын қолдану барысында, оларға "Аялдама" әдісі бойынша жұмыс жасау тапсырылғанда, постерді қорғайтын, бұрын сабаққа онша араласа қоймайтын студентке барынша түсіндіруге тырысып, оның басқа топ алдында постерді абыройлы қорғап шығуына тілектес болғандарын көріп, мен топтық жұмыстың оң нәтиже бере бастағанын байқадым. Яғни эмоциялық фактор студенттердің білім алуында еш кедергісіз жүзеге асырылды.

Үшінші, танымдық фактор үнемі, барлық сабақтар үстінде жүзеге асырылып отырды десек, артық айтпағандық болар. Сабақта қолданылған стратегиялар, әрине, үнемі сәтті шықты деуге болмас. Көбіне уақыт жағынан ұтылып жаттық. Алайда, студенттер сабақтан кеш шыққандарына бір рет те наразылық білдірмеді. Теориялық білім беруде "ДЖИКСО", "ДЖИКСО1", "Аялдама" стратегияларын тиімді болса, ал "Ақылдың алты қалпағы", "Ротация", "Блум таксономиясы"[3] стратегиялары практикалық сабақтарымыздың өте сәтті болып шығуына көмектесті.

Мен осы тәжірибеден үйренген ең құнды дүнием бұл топтық жұмыстар арқылы студенттеріме өз бетінше білімді игеруіне көмектескенім.

Бұл маған студенттеріме құрметпен қарауға көмектесті. Себебі, олардың ерінбей, жалықпай, мен ұсынған материалдарды оқып, түсініп, талдап, өзара сұрақ қойып, пікір, көзқарастарын айтуға талпынғанына риза болдым.

Сабақ уақыты аяқталғанын байқамай, тақырыпты әбден меңгеріп алмайынша, бір де біреуі дегбірсізденіп, қозғалақтамай, сабақ аяғына дейін белсенділікті ұстап тұрғанымызға мен де, студенттерім де білімнің нәрінен армансыз сусындағанмызды сезіндік.

Әрине, кейде өзім бағалауды ұмытып кеткен кездерім болды.

Осы бағытта жұмыс істеуді жалғастыру үшін мен әлде де талмай ізденуге тырысамын.

Мен студенттерімнің үнемі ізденіс үстінде болуына назар аударамын, себебі өз бетінше алынған білім ешқашан ұмытылмайды.

Бұл маған, студенттеріме өз бетімізше білім алуға көмектесті.

Өз бетінше білім алуды жалғастыру студенттеріме, маған ғылыми жоба жұмыстарын жазуға, басшылық етуге мүмкіндік береді. Себебі тақырыпқа қызығушылықты оята отырып, меңгерту студенттердің өз бетінше білім алуға деген ынтасын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Үлестірме материалдар. Бірінші апта. Бірінші бетпе-бет кезеңі. «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясы. - 275 бет.
2. Мұхтарова. Ә., Орта мектепте шығарма жаздыру әдістемесі. Афтореферат. Алматы, 2002.
3. Имжарова З.У., Ахметова А.У., Имжарова Ж.Н., Кушкимбаева А.С. Сын тұрғысынан ойлау - білім алу үрдісінде. Оқу - әдістемелік көмек құрал З.У. Имжарованың редакциялауымен: Ақтөбе қаласы, 2012 ж., - 104 б.

*Сабирова Жазира Серкебаевна,
Ельжанова Айнур Маратовна.
Республика Казахстан,
СШ №18 города Актобе.*



Сегодня, в век современных компьютерных технологий, нам педагогам приходится все время штурмовать новые вершины знаний. Одной из таких «вершин знаний» в ближайшем будущем для нас станет переход на 12-летнее образование. Как отметил в своем Послании Первый Президент Республики Казахстан Н.Назарбаев народу Казахстана «...Нам предстоит большая работа по улучшению качества всех звеньев национального образования. В среднем образовании надо подтягивать общеобразовательные школы к уровню преподавания в Назарбаев Интеллектуальных школах. Выпускники школ должны знать казахский, русский и английский языки. Результатом обучения школьников должно стать овладение ими навыками критического мышления, самостоятельного поиска и глубокого анализа информации». [1,35] Послание президента к народу 2018 год. В этих условиях нам как учителю необходимо ориентироваться в широком спектре современных инновационных подходов к конструированию учебных материалов нового поколения. Ведь перед нами стоит важнейшая задача подготовить таких учеников, которые могли бы адаптироваться и реализовать себя в современном мире. Достижение этой задачи невозможно, если учитель сам не готов к условиям быстро изменяющегося мира.


Мы начали свою подготовку с обучения на курсах в рамках обновлённого содержания образования. Обновление структуры образования, насколько мы поняли, заключается в преодолении традиционного репродуктивного стиля обучения и переход к новой развивающей, конструктивной модели образования, обеспечивающей познавательную активность и самостоятельность мышления школьников. Программа обновления образования предполагает, что обучение должно быть активным, проводиться в условиях созданной коллаборативной среды, должна осуществляться дифференциация обучения, в процессе осуществления должны реализовываться межпредметные связи. Кроме перечисленного обязательным является использование ИКТ, диалоговое обучение, осуществляться методы исследования и своевременное реагирование на потребности учащихся.



Нам нравится эта Программа тем, что применяя полученные знания на уроках, постоянно идет поиск нового, в котором участвуют одновременно и учитель, и ученик. Это приносит удовлетворение и радость от общения с ребёнком, и от работы. Учитель начальных классов как строитель, работа которого заключается в возведении надёжного здания. Для крепкого устойчивого здания необходим надёжный фундамент. Педагог начальных классов по русскому языку, готовый «добиваться и соответствовать» — это и есть учитель новой формации — надёжный фундамент обновления образования. Мы постараемся, стать тем строителем, который заложит надёжный фундамент и будет соответствовать модели учителя новой формации. В заключении мы бы хотели пожелать в таком не легком труде по покорению «вершины знаний» под названием «Концепции 12-летнего среднего общего образования в РК» для Казахстана — стабильности и процветания, для школы — талантливых и успешных учителей и учеников, а для нас — творческих успехов. Для наглядного примера мы хотим привести краткосрочный план для третьего класса на тему: «Кажымукан – первый казахский чемпион мира».

| | | |
|----------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------|
| Раздел плана: Выдающиеся личности | Школа: КГУ СШ №18 | |
| Дата: | ФИО учителя: Сабилова Жазира Серкебаевна, Ельжанова Айнур Маратовна. | |
| Класс: 3 | Участвовали: | Отсутствовали: |
| Тема урока: | Кажымукан – первый казахский чемпион мира. | |
| Учебные цели для достижения на этом уроке | 3.3.4.1 – формулировать уточняющие вопросы по содержанию текста и о поступках героев произведения; 3.4.1.1 – писать связные предложения по данной теме. | |
| Цель урока | Все учащиеся смогут: составить простые вопросы по содержанию текста; писать предложения по данной теме; Большинство учащихся смогут: образовать конкретизирующие вопросы по последовательности текста; писать предложения, используя предлоги предложного падежа; Некоторые учащиеся смогут: формулирует уточняющие вопросы по сюжету текста о поступках героев произведения; писать связные предложения по данной теме. | |
| Критерий оценивания | Знание, понимание, применение | |
| Языковые цели | Полиязычие: борец- балуан-fighter | |
| | Ключевые слова и словосочетания: борец, чемпион, победитель, великан | |
| Привитие ценностей | Доброжелательность, любовь к своей Родине | |
| Межпредметная связь | История Казахстана | |
| Предшествующие знания по теме | Учащиеся имеют определенную базу знаний для формулировки конкретизирующих и уточняющих вопросов. | |

Краткосрочный план

| Ход урока | | |
|-----------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Планируемое время | Виды запланированных упражнений на уроке | Ресурсы |
| Начало урока 5 мин | Психологический настрой. Создание доброжелательной среды. Тренинг «Подари сердечко». Дети встают в круг, говорят друг другу приятные слова, даря сердечки оригами. (П) Преподаватель предлагает каждой паре собрать мозаику, в котором изображены картинки борцов. Дети собирают мозаику, вывешивают на доску - Что вы знаете об этом виде спорта? |   |
| Середина | Задание 1. (К) Работа с текстом. Прием «Тонкие толстые вопросы» (Позволяет | uchitelya.com |

| <p>урока 15 мин</p> | <p>развивать умение задавать вопросы) Внимательно послушайте текст, составьте уточняющие вопросы и найдите ключевые слова. Сколько стоит «самолет?» На следующий утро Кажмукан снял все свои сбережения и отправился в областной центр, напрямую к секретарю областного комитета. Когда он приехал, секретарь потерял дар речи. Кажмукан перечислил в фонд обороны 100 тысяч рублей и написал письмо Сталину, в котором просил на перечисленные деньги собрать самолет марки У-2 и подарить его советской армии. Через некоторое время получил ответ: "Примите мой привет и благодарность красной армии, товарищ Хаджимукан, за вашу заботу о воздушных силах красной армии. Ваше желание будет исполнено. Сталин". Самолет был назван в честь Амангельды Иманова. Последние годы Кажмукан жил в нужде и умер от воспаления легких.</p> | <p>/istoriya/1981 1- Презентация Кажымукан https://www.youtube.com/watch?v=Xty0oHRA-lo</p> | | | | |
|-------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|-------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>2 мин</p> | <table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="405 1151 839 1189">Критерии оценивания</th> <th data-bbox="844 1151 1181 1189">Дескрипторы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="405 1196 839 1211">Демонстрирует понимание основного содержания рассказа</td> <td data-bbox="844 1196 1181 1211">-внимательно слушает рассказ; - находит ключевые слова -составляет тонкие и толстые вопросы.</td> </tr> </tbody> </table> | Критерии оценивания | Дескрипторы | Демонстрирует понимание основного содержания рассказа | -внимательно слушает рассказ; - находит ключевые слова -составляет тонкие и толстые вопросы. | |
| Критерии оценивания | Дескрипторы | | | | | |
| Демонстрирует понимание основного содержания рассказа | -внимательно слушает рассказ; - находит ключевые слова -составляет тонкие и толстые вопросы. | | | | | |
| <p>2 мин</p> | <p>(ФО) «Мои ответы» На протяжении урока ученики отмечают условно свои ответы: «V» - ответил по просьбе учителя, но ответ не правильный; «W» - ответил по просьбе учителя, ответ правильный; « » - ответил по своей инициативе, но ответ не правильный; «+» - ответил по своей инициативе, ответ правильный; «0» - не ответил.</p> |  | | | | |
| <p>10 мин</p> | <p>Физминутка «Смешарики»</p> <p>(И) Задание 2. Прием « Составь предложение». Направлено на развитие критического мышления. Составьте письменно предложение или словосочетание используя предлоги предложного падежа в, на, из .</p> | | | | | |
| | <table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="405 1518 839 1556">Критерии оценивания</th> <th data-bbox="844 1518 1181 1556">Дескрипторы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="405 1563 839 1579">Составляет предложения,</td> <td data-bbox="844 1563 1181 1579">-составляет</td> </tr> </tbody> </table> | Критерии оценивания | Дескрипторы | Составляет предложения, | -составляет | <p>https://www.youtube.com/watch?v=ObaGY5zqxV4&list=PLlv1E6XVoUkKYaCwybYGLiXQema8AIwFw&index=9</p> |
| Критерии оценивания | Дескрипторы | | | | | |
| Составляет предложения, | -составляет | | | | | |

| | | | |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Конец урока 6 мин</p> | <p>соблюдая правила написания предлогов со словами</p> | <p>словосочетание предложение с предлогами в, на, из; - сохраняет порядок составленных словосочетаний предложений.</p> |  <p>и</p> |
| | <p>(ФО) «Пейзаж» Учащимся предлагаются две картины с изображением пейзажа. Одна картина проникнута грустным, печальным настроением, другая - радостным, веселым. Ученики выбирают ту картину, которая соответствует их настроению.</p> <p>Домашнее задание: -Составить постер. -Написать мини-эссе на тему: «Мой любимый вид спорта».</p> <p>Рефлексия. "Акрослово". Приём "Акрослово" - это характеристика, "зашифрованная" в буквах слова, связанных по смыслу Например, дайте характеристику Кажмукану К- красивый А- авторитетный Ж- жизнерадостный М- мужественный У- умный К- красноречивый А- адекватный Н- непокорный</p> |  | |
| <p>Дифференциация – каким способом вы хотите больше оказывать поддержку? Какие задания вы даете ученикам более способным по сравнению с другими?</p> | <p>Оценивание – как Вы планируете проверять уровень освоения материала учащимися?</p> | <p>Охрана здоровья и соблюдение техники безопасности</p> | |
| <p>При составлении моего краткосрочного плана осуществляется дифференциация: по домашнему заданию, по вопросам.</p> | <p>ФО по критериям и дескрипторам. Обратная связь учителя. Используются активные методы обучения: психологический настрой Прием «тонкие и толстые вопросы», «Составь предложение», ФО «Мои ответы», «Пейзаж», рефлексия «Акрослово».</p> | <p>Видеоролик физминутка «Смешарики».</p> | |
| <p>Рефлексия по уроку Была ли реальной и доступной цель урока или</p> | <p>Используйте данный раздел для размышлений об уроке. Ответьте на самые важные вопросы о Вашем уроке из левой колонки.</p> | | |

| | |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>учебные цели? Все ли учащиеся достигли цели обучения? Если ученики еще не достигли цели, как вы думаете, почему? Правильно проводилась дифференциация на уроке? Эффективно ли использовали вы время во время этапов урока? Были ли отклонения от плана урока, и почему?</p> | <p>Цель урока была доступной, все учащиеся достигли цели обучения. Задания были разного типа, что послужило продуктивной работе. Отведенное время на выполнение каждого задания было регулировано таймером, что способствовало успешной продуктивной работе Атмосфера на уроке была доброжелательной. Применялись активные методы обучения. Дифференцированный подход был осуществлен успешно. Учащиеся активно работали индивидуально, в группе над предложенными заданиями. Отступления от плана не было.</p> |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

Данная разработка поурочного плана была применена для третьего класса, где урок достиг поставленных целей. В начале урока был применен тренинг «Подари сердечко». Затем с помощью мозаики учащиеся определили тематику урока.

На уроке были применены задания разного типа. С помощью первого задания учащиеся смогли составить и определить тонкие и толстые вопросы.

Второе задание было направлено на развитие критического мышления, где учащиеся должны были составить предложения используя предлоги предложного падежа в, на, из.

В конце урока ученикам было предложен прием «Акрослово», где учащиеся с помощью букв дают характеристику Кажмукану. К каждому заданию были составлены критерии оценивания и дескрипторы, а также использованы формативные оценивания.

Изучив программу, мы отметили для себя, что переход на обновленную программу потребует обновления всей системы образования. Для осуществления такого перехода надо начать изменения с самих себя, т. е. с учителя. Учитель в нашем понимании — это творец. Всем известно, как сложна профессия ювелира. Сложность его работы заключается в нанесении на алмаз граней. А ведь учитель — это тот же ювелир, в отличие от которого, у педагога в руках бесценное сокровище — ребенок. Объединяет эти профессии результат работы: у ювелира — многогранный алмаз, а у учителя — всесторонне развитая личность. Какие это будут грани, во многом зависит от компетентности учителя. Мы прошли курсы повышения квалификации по программе обновления содержания среднего образования для учителей начальных классов по русскому языку. Основная задача данных курсов, по нашему мнению — помочь казахстанским учителям усовершенствовать педагогическую практику, научиться работать не источником информации, а «путеводителем» для нахождения знаний самим учеником. Результат обновленной программы, с которой нас ознакомили на курсах, заключается в том, чтобы ученики научились тому, как учиться самостоятельно, и в результате могли стать независимыми, самомотивированными, увлеченными, уверенными, ответственными учениками с развитым критическим мышлением, умеющими свободно общаться на русском, казахском и английском языках и проявляющими компетентность в цифровых технологиях. Нам нравится эта обновленная программа тем, что применяя полученные знания на уроках, постоянно идет поиск нового, в котором участвуют одновременно и учитель, и ребенок. Это по нашему мнению, будет приносить удовлетворение и радость от общения с ребенком, и от работы.

Жаңартылған білім беру жағдайында тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі

Шырдабаева Лаззат Есентурлиевна
«Қ.Жазықов атынлағы орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Ақтөбе облысы, Байганин ауданы. Кемерши ауылы
Электронды почта: Lazzat19-78@mail.ru

«Бұған дейін жасалғандардың бәрін одан
да жақсырақ етіп жасауға болады».
Генри Форд

Еліміздегі білім беру саласы жаңа жүйеге көшу барысында ұлтымыздың болашағына тірек болар азаматтардың білім деңгейі жоғары, ой өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін және шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеуді басты фактор ретінде қарастырып отыр. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің зор әлеуетін сезіну міндеттілік деп танылып, ұлтаралық келісім кепілі ретінде әрбір білім алушы оны құрметтеуі парыз. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы- заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңа қазақ тілі- мемлекеттік тіл, қарым- қатынас тілі- орыс тілі және әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр.

«Қазақстан- 2050» стратегиясында «Орта білім беруде жалпы білім беретін мектептердің деңгейін Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу қажет» деп аталып көрсетілгендей, бүгінгі күннің талабы күннен- күнге жаңарып, даму үстінде. Соған орай болашақ ел тұтқасын ұстар ұрпақтарымызды сапалы да, белсенді оқытуда Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары «қалай білім алу керектігін білетін, дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, ой- өрісі дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруда бағытталған қағиданы» ұстануда. Міне, сол мақсатта дайындалған «белсенді оқу» әдістері, оқу мақсаттары мен білім беру бағдарламасы жобаға еніп, ұстаздар қауымына жаңартылған білім беру бағытымен танысу, жаңа серпіліс берді.

Белсенді оқу оқушылардың бойына белсенді оқуға ынталандыру, жеке, топтық, тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру, оқу үшін бағалау, сияқты қасиеттерді түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қалыптастырады және дамытады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «Қабырғадағы роль», «Ыстық орындық», «Пікір сызығы», «Эмоциялар графигі», «Маңыздылық аймағы» сынды белсенді әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. «Қабырғадағы роль» әдісінің негізгі мақсаты- оқушылар өз ойларын жүйелеп айтады. Топпен жұмыс жасау барысында ынтымақтастық атмосферасы қалыптасып, көру арқылы танымдық деңгейі артады, ойлау, сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Бұл әдісте айтылым, жазылым, тыңдалым дағдылары қатар жүреді.

«Ыстық орындық» әдісінде айтылым мен тыңдалым дағдылары жүзеге асады. Бұл әдісті қолдану кезінде оқушының сөздік қоры мен сөйлеу дағдысын бақылау арқылы өзіндік ой-пікірін анықтаймыз. Әдісті жүзеге асыру барысында оқушылардың ситуациялық сұрақтарға ұтымды жауап беру қабілетін бағамдап, сабақтағы нақты ақпараттарды қаншалықты меңгеріп, есте сақтағандарын көре аламыз.

«Эмоциялар графигі» әдісін сабақта қолданудың тиімділігі сол, мұнда оқушылар төрт дағдыны қатар қамти отырып, шығарманы жан- жақты талдайды. Оқушылар шығармадағы ойды анықтап, эмоциялар графигін сызады.

Мәтіндегі ең құнды ойды анықтауды мақсат етіп, жеңілден күрделіге көшу сипатында белсенді оқу дағдыларымен «Маңыздылық аймағы» әдісі іске асады. Бұл әдістің тиімділігі-оқиға мәтінін шолып оқуға, ой елегінен өткізуге болады. Шеңберді толтыру барысында оқушылар ұсыныстар айта отырып, жаңа, тың идеялар қосады.

Өзіндік пікір қалыптастыруда «Пікір сызығы» әдісінің маңызы зор. Бұл әдіс арқылы оқушылар тың мәліметтермен танысып, бір- бірімен қарым- қатынас орнатады, ойларын өмірмен байланыстырып түйіндейді.

Қазақ тілі сабағына ойын элементтерін кіргізудің маңызы ерекше. Ол оқушының шығармашылық шығармашылық қабілетін, белсенділігін арттырады, қазақ тіліне деген қызығушылығын дамытады, білімін молайтуына әсер етеді. Дағдыларын игеріп, іскерліктерін шыңдауға өз септігін тигізеді.

Сабақтарда орынды қолданылған ойын элементтері оқушылардың ынтасын арттырып, білім дағдыларын игеріп, іскерліктерін шыңдауға өзсептігін тигізеді.

Ойын барысында қолданылатын дидактикалық материалдар оқушыларға ыңғайлы, түсінікті болса, ойын жақсы нәтиже береді. Оқыту мақсатына қарай тілдік ойындар, лексикалық- фонетикалық, грамматикалық болып бөлінеді. Лексикалы – фонетикалық жаттығулардың негізгі мақсаты – оқушының сөзді дұрыс айтуын,

дұрыс сөйлеуін қадағалау, интонацияны дұрыс қалыптастыру. Бұл ойын сабақтың алдыңғы сатысында көп қолданылады. Сабақтың кейінгі сатысында оқушылардың меңгерген лексикалық материалын тәжірибеде қолдану, сөздерді бір - бірімен байланыстырып, сөйлем құрау, оқушыны өз ойын жүйелі түрде жеткізуге машықтандыру үшін грамматикалық ойындар қолданылады.

«Бұл қалай өзгерген?» ойыны қазақ тілінің ерекше дыбыстарының айтылуын және әріп түрінде жазылуын оқушыларға меңгерту үшін жүргізіледі. Ойын барысында сөз ішіндегі әріптердің дұрыс жазылуына, бір әріптің өзгеруінен сөздің басқа мағынаға ауысып кететіндігіне оқушылардың назарын аударуға болады. «Топтай біл» ойыны оқушылардың ой- өрісін кеңейтіп, заттарды белгілі бір тақырып бойынша топтастыруға дағдыландырады. Ойынға қатысушы оқушылар үшін қандай заттарды топтай білу керектігін көрсететін кесте және оған қажетті заттардың аттары жазылған жеке сөздік карточкалары жасалады.

«Үнсіз қимыл» ойыны - бір оқушы әр түрлі қимылдар көрсетеді, сөздерді басқа оқушылар айтып отырады. Мысалы: отырды, тұрды, жүрді т.б. «Керекті сөзді тауып айт» басқарушы көкөніс, жеміс, оқу құралдары, ойыншықтар т.б сөздерді атаса оқушылар сол топқа жататын заттарды атауы керек.

«Белгілі сөзден бірнеше сөздер құрастыру» ойыны

«Тізбек » ойыны берілген сын есімнің соңғы дыбысынан басталатын басқа сын есімді тауып айту тапсырылады. Мысалы: Таза-ақылды - ...

«Сын есім мен зат есім» ойыны - берілген сын есімге лайықты зат есім тіркеп айту керек. бірінші бала тек сын есімдерді айтады: өнімді, атақты, сымбатты т.б Екінші бала оған лайықты зат есім тіркестіріп, тез – тез айтуы керек. осылайша кезектесіп айтып шығады. Мысалы: тамақ – дәмді тамақ, ана - мейірімді ана;

Ойын түрлерін қолдану – сабақты түрлендіру деген сөз. Сабақ барысында алған білімдерін оқушылардың тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін грамматикалық ойындардың орны ерекше. Сабақта тиімді қолданылған ойын оқушылардың грамматиканы толық меңгеріп, жазу тілін дамытуларына мол мүмкіндік береді. Оқушыларды өз бетімен жұмыс істей білуге дағдыландырады. «Баланың ынтасын арттыру үшін, оқылатын нәрседе бір жаңалық болу керек», - деп жазады Ж.Аймауытов. Оқушылардың меңгеруіне қиындық келтіретін материалдар кездескен жағдайда мұғалім өз шығармашылығын пайдаланып, әр алуан құрастыра білуі керек.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда белсенді әдістерді әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы. Тілді оқытып, үйретудің сапасын арттыру әр түрлі жағдайларға байланысты. Оқытудың жаңа әдістерін пайдалану арқылы мұғалім оқушының белсенділігін, шығармашылық ізденісін арттырады, пәнге деген қызығушылығын оятады. Қазіргі оқыту барасында қолданылып жүрген көптеген технологиялар, жеке тұлғаның жетілуіне, оқудың тиімділігінің негізін құруға бағытталған. Мұғалім сабақ түсіндірген кезде оқушыға аса күш түсірмей жеңілден ауырға қарай, жалықтырмай, оқушының тиянақты білім алуына мүмкіндіктер туғызуы қажет. Әрбір сабақтың мазмұнына сай әдістер мен тәсілдерді дұрыс тандап, саралап, даралап оқыту керек, сонда ғана біз басқа ұлт балаларын қазақ тілін өз еркімен, ынтасымен қызыға, түсініп оқуға, қадірлеуге, бағалау, жақсы меңгеруге, ауызекі дұрыс сөйлеуге үйретеміз.

Қазақ тілі — әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің, мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр. Елбасы өз Жолдауында мемлекеттік тіл саласында жеткен жетістіктерімізге тоқтала келіп, «...бабалардың ерлігі, буындар бірлігі және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана мәңгілік ел боламыз. ...енді, ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» – деп тамаша айтты. Ана тілімізді – мәңгілік тіл ету өз қолымызда. Яғни, алдына қойған ұлы мақсаттары бар, ертеңіне сеніммен қарайтын, жастары алғыр, жаңалыққа жаны құмар, рухы биік ел ғана «мәңгілік ел» болып ғасырлар бойы жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014ж
2. ҚР тілдерді дамыту мен қолдаудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана 2011ж
3. Білім технологиялары №3 2014 ж

Жаңартылған білім мазмұны арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру

*Жұбаева Қ. Е , Картмагамбетова Б.К
Новый орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімдері*

Функционалдық сауаттылық- адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын ұқамтамасыз ететін білім, білік дағдыларының жиынтығынан құралады. Ад, кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол-ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда, функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тегігі ретінде қолданылады.

Жалпы,функционалдық сауаттылық дегеніміз не? Функционалдық сауаттылық дегеніміз- адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жахандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде ҚР-ның

зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік;

- шығармашылық тұрғыда ойлау;

- шешім қабылдай білу;

- өз кәсібін дұрыс тандай алу;

- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Мектепте мемлекеттік тілді оқытудың түпкі нәтижесі ретінде қатысымдық, ақпараттық және проблемалардың шешімін табу құзіреттіліктерін қалыптастыруға қол жеткізудің басты тетігі- оқушының функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Өйткені функционалды сауаттылық оқушының белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауына пайдалы білім, білік дағдыларының бірлігінен құралады.

Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру қазақ тілін оқытудың тұлғалық-әрекеттік бағдарын күшейту нәтижесінде жүзеге асады. Өйткені сауаттылыққа оқушы өз әрекетінің иесі- Субъект дәрежесіне көтерілгенде толық қол жеткізеді.

Мектептерде қазақ тілін оқыту сапасын көтерудің басты шарты ретінде оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру алынған жағдайда олар әрекеттік бағыт ұстанымына, оқушылардың коммуникативтік құзіреттерінің қалыптасу ұстанымына, аутентикалық оқыту тұрғыдан ұстанымына, интерактивті оқыту ұстанымына негізделуі керек. Сонда ғана функционалды сауаттылық оқушының қазақ тілін әлеуметтік сұранымға сай қолдану мүмкіндіктерін арттырады. Мемлекеттік тіл- қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту- қазіргі заман талабы, өмірлік зор маңызы бар өзекті іс болып отыр. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты- оқушылардың қазақ халқының көркем әдебиет туындыларымен, әдебиет теориясымен жүйелі түрде таныстырып, сол негізде оқушыларға жан-жақты тәрбие бере отырып, әдебиетіміздің үздік туындыларымен, көркем мәтіндерді оқыту барысында қазақ тіліне ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, қазақ әдебиеті шығармаларын өз бетінше оқып, түсіне алуын қамтамасыз ететін тілдік негіз қалыптастыру. Еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді меңгеруі бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Мектептегі басты тұлға- мұғалім десек, бала өмірінде мұғалім ерекше роль атқарады. Оқушылардың білімді де, білікті, парасат- пайымы мол, саналы да сабырлы азамат болып жетілуі, тәлім мен тәрбие беретін мұғалімге тікелей байланысты болмақ. Егер бала мұғалімді жақсы көрсе, ол оқуды да, мектепті де жақсы көреді. Мұны мұғалімнің беделі деп түсінуіміз керек. Мұғалімге артылар сенім жүгі соншалық ауыр дей отыра, сонымен қатар оның ұлағатты ұлы жол екенін естен шығарып алмаған абзал.

Демек, өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып,, шәкіртінің жанына құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады.

Ұстаздардың келешектегі мақсаты- рухани жан-дүниесі бай, жан-жақты жетіле дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту мен қалыптастыру мәселесі Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Жүсіпбек Аймауытов шығармаларының негізгі арқауы болған. Әсіресе, ұлы ғұлама Абайдың еңбектерінде адам бойындағы негізгі қасиеттер: қайрат, ақыл, жүректің сапалық деңгейіне қарай және олардың өзара қатынасына байланысты қалыптасқан «Толық адамды» ол түсіндіріп айтқанда білімді, адамгершілігі жоғары, парасатты жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеп, жетілдіру мақсаты көзделеді.

Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше. Осы ретте оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда оларға идеялық-саяси ,

рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану- әдебиет пәнінің басты мақсаты болып есептелсе, тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету- қазақ тілінің басты міндеті болып табылады.

Мұғалімнің міндеті оқушының өзі түсініп, ізденіп оқуына, пәнді терең білуге бағыттау білімнің қажеттілігін саналы қабылдау. «Мектептің тілеуі де, тірегі де оқыта білетін мұғалім»- деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жас ұрпаққа заман талабына сай жан-жақты білім беру мүмкін емес, себебі қазіргі білім саласындағы талаптарды орындауға Қазақстанда әлі де жағдай жасалмаған.

Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасымен сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Қазақ тілінің грамматикасын терең меңгерген оқушы, қоғамның кез-келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады.

Жалпы білім беретін орта мектептегі оқушыны жеке тұлға ретінде және оның ұлттық сана-сезімін , өзіндік дүниетанымын, азаматтық ұстанымын, рухани құндылықтарын қалыптастыруға негіз болатын әлемдегі аса бай, мазмұнды, көркемдік деңгейі жоғары әдебиеттердің қатарындағы қазақ әдебиеті пәнін жүргізудің өзіндік қыры сан қилы.

Әдебиет – оқушыға беймәлім өмірді танытатын қуатты құрал. Әдебиет арқылы біз оқушыларға ұлттық болмысымызды, асыл қасиеттерімізді танытамыз. Адамға тәрбие беруші әуелі, ата-ана, сонан соң ұстаз, мектеп, оршаған орта екені баршамызға белгілі. Өнер, ғылым бар жұртта өскелең ұрпақ тәрбиені ата-анадан да, мектептен де, араласатын ортасынан да, өздері оқып жүрген қазақ әдебиетіндегі түрлі аңыз-ертегілерден де аларына ешкім шүбә келтірмейді. Әдебиет адамға өмірді танытып қана қоймайды, ол адамды тәрбиелейді. Адамның өмірге көзқарасын танытады, мінез-құлқына ықпал етеді, күллі тіршілігіне әсер етеді. Қазақ әдебиетіндегі көркем туындыларды оқыған сайын, өмір сырын, Отан, ерлік, елдік, жақсылық, жамандық секілді ұғымдардың мәнін оқушы терең аңғарады. олар өнерді сүйетін, одан рухани ләззат ала білетін, көркемдік талғамы бар, адамгершілікті, нәзік сезімді болып өседі. Дәрекілікке, жамандыққа, бойкүйездікке аяқ баспайды.

Әдебиет арқылы оқушы бойында өмір туралы дұрыс талғам, түсінік қалыптастырамыз. Қазақ әдебиетіндегі көркем туындылар арқылы қалаған мамандықты игеріп, өмірден өз орнын табуларына, қалаулы азамат болып өсулеріне тигізетін әсері көп. Ұрпақ бойында ұлттық ұғымдарды сіңіру үшін, біз оқушыға өткен тарихымызды танытуымыз керек.

Пән мұғалімі оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра алуы қажет. Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс,прлблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы, жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы, алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып, мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеугетез үйренеді. Орта буын оқушыларының арнайы ереже дәптерлері, альбомдар, сөздіктері, конспектілері, хронологиялық кестелері болуға тиіс. Сонымен бірге, шығармашылық дәптері бөлек болғаны дұрыс. Оған оқушы өздеріне ұнаған мақал-мәтелдерді, афоризмдерді, шешендік сөздерді де жазып алып жүруге баулу керек. Осы ретте, шығармашылыққа жақын кейбір оқушылар, сол дәптерге әңгіме, мақала, күнделік, пікір жазып үйренуіне мүмкіндік туады. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев « Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер- бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Мондықтан жжүктелетін міндет өте ауыр»- деген болатын. Осы ғылым мен білімнің

негізін тереңдету нәтижесінде ғана еліміз өзінің елдіген басқа елдер алдында көрсете алады. Ал, ел тағдыры-оның келешекте кемелді ел болуы мектептің қандай негізде құрылуына байланысты болған.

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту- бүгінгі заман талабы. Осы орайда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін үйрете білу өте маңызды. Педагогтің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шыққан оқушы- өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса, ұрпақ алдында қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабағының өн бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді.

Әдебиеттер:

1. «Қ.Р. білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» 2010 ж
2. Қ.Р Жалпыға міндетті білім берудің мемлекеттік стандарттары// 12 жылдық білім беру. 2012 ж
3. Қ.Р 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы. 2010 ж
4. Б.А. Тұрғынбаева. Ұстаздық шығармашылық. Алматы. 2007 ж
5. «Қазақ әдебиеті- тұлғаның рухани дамуының бастауы» Алматы. 2005 ж 96/148 б
6. М.Жұмабаев «Педагогика» Алматы, 1992

Жаңартылған білім мазмұны оқыту ерекшелігі

*Кунирбаева Б.У, Әбілдаева Ә.Ж.
Новый орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімдері*

«Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады».

А.Байтұрсынов

Қай кезеңде, қай қоғамда болмасын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласында түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу – ұстаз қолында. Заманауи қоғамның зиялы азаматын білім беру сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан жаңаша ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адам тәрбиелеу.

«Оқу инемен құдық қазғандай» демекші, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болады. Біздің еліміздің тәуелсіздік алып, өз алдына шаңырақ көтеруі оқу-білімнің, мәдениеттің, әдебиеттің басқа да салалардың өсіп-өркендеуіне жол ашты. Қашанда болсын ілгерілеуге апаратын алғы шарт – сапалы білімге келіп тірелетіні шартты құбылыс. Бүгінгі таңда барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Себебі қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс –тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді

куантады. Елбасымыздың жолдауында айтқандай: Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін білім.

2016-2017 оқу жылы 1-сынып мұғалімдері мен оқушылары үшін ерекше оқу жылы болды. Елімізде мектеп табалдырығын аттаған барлық 1-сынып оқушылары ҚР МЖМБС-2015 сәйкес жаңартылған білім мазмұны оқу жоспарлары және оқу бағдарламаларымен оқи бастады.

Отандық орта білім мазмұнын жаңарту барысында қазіргі өмірде кең ауқымды дағдыларға көп көңіл бөлінеді. Кең ауқымды дағдылар деп – білімді шығармашылықпен қолдану; сыни тұрғыдан ойлау; зерттеу жұмыстарын орындау; АКТ қолдану; тілдік дағдылармен бірге қарым-қатынастың коммуникативтік тәсілдерін қолдану; топта және жеке жұмыс жасау біліктілігін айтуға болады. Бұл дағдылар жалпыадамзаттық және этномәдени құндылықтарға негізделе отырып, оқушыларға оқудағы, сондай-ақ өмірдегі проблемаларды шешуіне мүмкіндік береді. Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы мектептің ерекшелігі – оқудағы жетістіктер нәтижелі сипатқа ие, ал оқу процесі оқушылардың әрбір сабақта білімді «табудағы» белсенді қызметімен сипатталады. Бұл жағдайларда оқушы – таным субъектісі, ал мұғалім оқушылардың танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы қызметін атқарады.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады.

Бастауыш білім берудің мақсаты: кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру.

1. Білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдану
2. Сын тұрғысынан ойлау
3. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану
4. Коммуникативті қарым-қатынас тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды пайдалану
5. Топпен, жұппен және жеке жұмыс жасай білу

1. Жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшелігі қандай?

Бұл бағдарламаның дәстүрлі бағдарламадан ерекшелігі:

1. Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі. Яғни пән мазмұны қарапайымнан күрделенуі.
2. Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;
3. Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі
4. Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;
5. Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру
6. Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;
7. Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;

8. Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу)

Жаңартылған білім беру мазмұнының басты ерекшелігі:

1. Оқу дағдылары (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым);
2. Ойлау дағдылары (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау);
3. Шығармашылық ойлау дағдысы
4. Логикалық ойлау дағдысы
5. Сыни ойлау дағдысы
6. Алгоритмдік ойлау дағдысы
7. Критикалық ойлау дағдысы
8. Проблемалық ойлау дағдысы
9. Технологиялық ойлау дағдысы
10. Тілдік құзіреттілік дағдысы
11. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту

Бағдарлама аясында мұғалім үшін мыналар маңызды болмақ:
Мұғалім шебер сұрақ қоюшы болуы қажет, себебі?

1. Ықтимал себептері

Оқудағы олқылықтарды анықтау үшін;

1. Оқушылардың ойларын бағыттау үшін;
2. Бағалау үшін;
3. Келесі сұрақтарға түрткі болу үшін;
4. Тақырыпты қайта қарау үшін;
5. Қызығушылықты немесе білуге құмарлықты ояту үшін;
6. Күрделендіру үшін;
7. Сұрақ-жауап пен сын тұрғысынан ойлауды модельдеу үшін;
8. Түсінуге көмектесу үшін;
9. Бағамдау үшін.

2. Тиімді сұрақтар қандай болады?

Ашық сұрақтар оқу үдерісін бәрінен тиімді жақсартады. Олар сөйлеу мен ойлауды жетілдіреді.

Мысалы, Қандай металдар магниттеледі?

Жабық сұрақтар "иә"/"жоқ" деп қана жауап беруді қажет етеді. Олар пайдалы болуы мүмкін, бірақ сөйлеу мен ойлауды жетілдірмейді.

Мысалы, Мыс магниттеле ме?

3. Тиімді сұрақтар қандай сөйлемде болады?

Жалпылама ашық сұрақтар

- Біз ... қалай істей аламыз?
- Сен қалай ...?
- Егер ..., не болады?
- Маған ... туралы айтып бере аласың ба?
- Сен ... туралы не ойлайсың?

Жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру: жоспарлау

1. Ұзақ мерзімді
2. Орта мерзімді
3. Қысқа мерзімді

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалды. Оқушылар барлық пәндерді оқу

кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі. Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылыққа пайдалануға, әсіресе оқушыларды тыңдалым даңдысына ерекше мұқият тыңдауға үйрету назарға алынуы тиіс. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» пайдалана отырып, әрбір оқшыға берілген тапсырмадан кейін кері байланыс бергізіп отырамыз. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда өте маңызды. Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым таңдауға, шешім қабылдауға, өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі бағалауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу. Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шыңдалған, бірін – бірі толықтырған ойлау. Ең бастысы – жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданған стратегиялардың қай – қайсысы болсын сабақтың сапасын арттыруда қосатын үлесі мол деп ойлаймын. Оқушыларға тапсырмаларды орындата отырып, оларды іздене жүріп шығармашылыққа жетелеуде эссе жаздырудың өзі оқушының дарындылығын ұштауға және қандай пәнге икемді екенін байқауға берер пайдасы жоғары екеніне көз жеткізіп жүрміз. Өйткені, эссе бұл оқушының өзінің шығармашылығы, берілген тапсырмаға байланысты жазған эссе жұмысы арқылы оқушының, сыни көзқарасын біліп отырамыз.

Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылайды, зерттейді. Оған дәлел: Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үдерісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады деген Хэтти (2014)

Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, яғни бүгінгі тақырыпқа деген жаңаша түсінік пайда болды ма, немесе жоспар іске асты ма деген сияқты, т.б.

Сабақ барысында оқушылардың ізденуін қадағалап, білім дағдысын толықтыруға бағытталған сабақ өткізу әдістерінің бірі - «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан оқу» жобасының стратегиялары. Бұл жобаның стратегияларын сабақ барысында қолдану жаңа оқу материалдарындағы оқиға мен құбылыстарды оқушылардың өздері байқап, талдауына жағдай жасайды. Демек, білім оқушыларға даяр күйінде берілмейді, өзінің ой еңбегін қажет ететін тапсырмаларды орындауы арқылы қол жеткізеді. Әр оқушы өз ойына шек келтірмей жауап беруге дағдыланады. Оқушы бойындағы танымдық қабілетінің шығармашылық ойлау жүйесінің дамуына жол ашады. Практика кезінде өз сабақтарымда қолданып жүрген әдіс - тәсілдер: ақылдың алты қалпағы, түртіп алу, күнделік жазу, әлем шарлау, рөлдік ойындар, диалогтік әңгіме жүргізу, топтастыру, семантикалық карта, венн диаграммасын толықтыру, Джиксо, сұрақ - жауап. Оқытуды диалогтік тәсілмен дамытудағы сұрақ қою арқылы байқағаным: оқушылар тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталанды, пәнге қызығушылықты көрсетті, зерттеуге ынталанды, оқушылар сыни тұрғыдан ойлауға көмектесті, оқушылардың бір-бірінен үйренді, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпалын тигізді, оқытудағы қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтады. анықтады.

«Әлем шарлау» стратегиясы бойынша қойылған сұрақтарға оқушылар алған білімдерін бір-біріне түсіндіріп, жауап бергенде бір-бірін тыңдады.

«Топтастыру» стратегиясы арқылы сұрақ қойған кезде оқушылар бір нәрсе туралы ойындағы негізгі қажеттіліктерін, білетіндерін, білгендерін топтады. «Кубизм» стратегиясы аясында оқушылар сұраққа жауап бергенде ұғымды жан-жақты, әр қырынан салыстырды, анықтады, зерттеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2016-2017 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ
Әдістемелік нұсқау хат
2. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014 ж
1. Елбасы Н.Ә Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 31 қаңтар 2017 ж. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700002017>
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://adilet.zan.kz/rus>
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012 ж.
4. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңбегінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016 ж.
5. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016 ж.
6. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения, 2012 ж.

Жаңартылған білім бағдарламасымен білім алушыларды бағалау мәселелері

Садирова Күлзат Қаниқызы

филология ғылымдарының докторы, доцент

Қазақстан, Ақтөбе

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

kulzat.sadirova@mail.ru

Білім беру жүйесінде білім алушыларды бағалау жүзеге асады. Бағалаудың түрлері әрқилы, соған сай бағалау шарттары да түрліше. Жаңартылған мазмұнда білім беруде де бағалаудың өзіндік айырмашылықтары бар. Білімді бағалау терминінің мәніне көңіл аударсақ, ғылыми-педагогикалық зерттеулерде оған түрліше анықтама береді. Мысалы: бағалау дегеніміз – бұл оқытуды дамыту мақсатында оқушылардың дәлелдерін жинау үшін қолданылатын формалды және формалды емес үдерістер [1,10].

Ғылыми-педагогикалық зерттеулерде бағалаудың жүргізілу мақсаты мен қажеттілігі туралы нақты көрсетіліп жүр. Бағалаудың жүргізілуінің негізгі мақсаты – оқушының білім алу барысындағы ілгерілеуіне қолдау жасау, оқу мен оқыту үдерісін жетілдіру барысында мұғалім мен оқушыларға көмек беру. Бағалау жүргізілген кезде білім берудің жалпы ұйымдастырылуы мен оның нәтижелілігіне талдау жасалады, ол мынадай сұрақтарға берілген жауаптар негізінде сараланады: оқушы қалай оқиды, оның білімді игеруін мұнан әрі қарай қалай жақсартуға болады, оқушының жақсы жағы қандай және оны қалай дамытуға болады, оқушы қандай қиындықтарға кездесті және оны қалай жеңуге болады?

Джеймс және Педдер (2006) оқуды бағалау туралы кең таралған ойлардың жиынтығын үш фактормен сипаттайды: 1) оқудың айқындығы, 2) өз бетінше оқудың алға жылжуы, 3) нәтижелілікке бағытталу.

Жаңартылған білім бағдарламасымен білім беруде критериалды бағалау терминімен аталатын бағалау түрі қолданылады. Бұл бағалаудың негізгі мәні білім алушыны қай оқытушы

бағаласа да берілетін бағаның объективті, дұрыс болуын қамтамасыз ету, мұны 7 сыныпта қатар оқитын екі оқушының бағалануына қатысты түсіндіріп көрейік: айталық, 7 А класында оқитын Асан мен 7 Ә класында оқитын Үсен бір сұраққа бірдей жауап берді делік, 7А класында сабақ беретін мұғалім Асанға 4 деген баға, 7 Ә класында сабақ беретін мұғалім Үсенге 5 деген баға қояды, әр мұғалімнің өз негіздемелері мен баға қоюының түсініктемелері бар. Критериалды бағалау қай мұғалім болса да, осы бірдей жауап берген оқушының бағасын бірдей бағалауына мүмкіндік жасап, ықпал етуге бағытталған. Демек, бағалау білім алушы үшін де, білімді бағалаушы үшін де алдын-ала нақты талданып, сарапталып дайындалған өлшемдерге сай қойылады, бұл жерде субъективтілік азаяды. Баға қоюда параллель класс мұғалімдерінің тапсырмаларға берілетін жауаптарға сай келетін дескрипторлары дайындалады, осы дескрипторлар білім алушы бағасының объективті болуын қамтамасыз етеді.

Ғылыми айналыста жүрген ақпараттарға сүйенсек, «критериалды бағалау» терминін алғаш рет Роберт Юджин Глейзер (1963) қолданған және бұл термин оқушылардың оқу жетістіктерінің қол жеткізген және мүмкін деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік беретін үдерісті сипаттайды.

Критериалды бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым ішінде өңделген, оқушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті нақты анықталған критерийлерге негізделген үдеріс.

Критериалды бағалау оқушылардың жетістіктерін бір-бірімен салыстырмайды және бір-біріне тәуелді етпейді, сонымен қатар әр оқушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпарат беруге бағытталады [2, 519].

Аталған бағалау түріне қатысты зерттеулерде аталып жүргеніндей, критериалды бағалау жүйесінің мақсаты – бағалау критерийлерінің негізінде оқушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну. Ал критериалды бағалау жүйесінің міндеттері:

- 1) үдерісте бағалаудың қызметі мен мүмкіндіктері аясын кеңейту;
- 2) жүйелі кері байланыс орнату арқылы білім алушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруына жағдай жасау;
- 3) бірыңғай стандарттар және сапалы бағалау құралдары мен бағалау механизмдерін қалыптастыруға көмектесу;
- 4) қолжетімді, нақты, үздіксіз ақпараттар ұсыну;
- 5) білім алушыларға олардың білім сапасы туралы;
- 6) мұғалімдерге оқушылардың оқу жетістіктері туралы;
- 7) ата-аналарға балаларының оқу мақсаттарына қаншалықты жеткендігі туралы;
- 8) басқару органдарына білім беру қызметінің сапасы туралы толық мәлімет алуын қамтамасыз ету.

Критериалды бағалаудың негізгі ұстанымдары былайша көрсетіліп жүр:

Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы. Бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады, ол оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты. Оқу бағдарламасы, бағалау мен оқыту арасында сәйкестік болуы керек, егер сәйкессіздік пайда болса, нәтиженің болмауына себеп болады.

Шынайылық, анықтық және валидтілік. Бұл терминдердің сөздіктердегі анықтамаларына көз салсақ: «шынайылық – қандай да бір нәрсеге риясыз қарым-қатынас, алдын-ала болжаудың болмауы» [3, 7], «Анықтық – күмән келтіруге жатпайтын ақиқат» [4,10], «Валидтілік немесе жарамдылық – қойылған міндеттердің нәтижелері мен әдістерін сәйкестендіру шарасы; статистикада - ақпараттың анықтығы» [5,134]. Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу мақсаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділігі болады.

Ашықтық және қолжетімділік. Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ, барлық оқу үдерісіне қатысушылардың қызығушылығын, жауапкершілігін арттырады.

Үздіксіздік. Бағалау білім алушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады.

Дамыту бағыты. Бағалау білім алушылардың, мұғалімдердің, мектептің, білім беру саласының даму бағытын анықтайды және ынталандырады.

Критериалды бағалау құрылымына қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалау енеді. Қалыптастырушы бағалау – күнделікті сабақта білімді бағалау, бұл бағалаудың ерекшелігі – арнайы бағамен таңбаланбауы, бірақ бағалау болады, оның негізгі көрінісі – мадақтау, жылы көзқарас немесе қолдау көрсету, бұлар да баға түрі болып саналады. Көптеген сарапшылар үшін қалыптастырушы бағалау құрал немесе жағдай емес, алайда жалпы әдістер жиынтығы болып саналады, олардың барлығы оқуды жақсартатын қандай да бір әрекетке алып келеді. Оқудың пәндік нәтижелерінен басқалары да (пән бойынша білім және білік), сондай-ақ оқушылардың оқудағы қажеттіліктері, мета-пәндік құзыреттілік (білімді меңгеру қабілеті), білікті реттеушіге жататын жеке құзыреттілік (өз бетінше ұйымдастыру және өзара әрекет ету қабілеті), әлеуметтік құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік және т.б. бағаланады.

Қорыта айтқанда, қалыптастырушы бағалау – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі.

Қалыптастырушы бағалау мынадай ұғым, түсініктермен, терминдермен байланыста қолданылады: оқу мақсаттары, бағалау критерийі, ойлау дағдыларының деңгейлері, түрлі деңгейдегі тапсырмалар, дескриптор, кері байланыс. Бағалау Блум таксономиясы деңгейлеріне сай жүргізіледі. Бұл бойынша *білу* деңгейінде тапсырманы орындауда білім алушының ақпаратты жаңғыртуы, жаңалығы, бақылауы, санамалауы, байқауы, қажетті атауды атауы ескерілсе, *түсіну* деңгейінде түсіну, түсіндіру, көрсету бағаланады, *қолдану* деңгейінде білімді пайдалану және қолдану, міндеттерді шешу әдістерін пайдалану, жаңа біліміне сай әзірлемелер әзірлеуі ескеріледі, *талдау* деңгейінде үлгілерді анықтау және талдау, идеяларды реттеу біліктері бағаланады, *жинақтау* деңгейінде жаңа идеялар құру үшін білетін түсініктерін пайдалануы әзірлемелер мен өнертабыстар құрастыруы, бейнелеуі, қорытындылауы, өзгерістер мен болжамдары, біріктіруі бағалауға негіз болады, *бағалау* деңгейінде теорияларды бағалау, идеяларды салыстыру; нәтижелерді бағалау, шешім айту, пікір білдіру, ұсынымдар, саралау жасау біліктері мен дағдылары бағалауға негіз болады. Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын құрастыру алгоритмі қалыптасқан, ол мынадай реттілік сипатына ие: ең алдымен оқу мақсаттарына шолу жасалады, ойлау деңгейлері сәйкестендіріледі, бағалау критерийлері анықталады, тапсырмалар құрастырылады, дескрипторлар құрастырылады, сонан соң нәтиже осыларға сүйеніліп анықталады. Қалыптастырушы бағалаудың стратегиялары қандай болуы мүмкін? Бағалау стратегиялары — бұл оқушылардың оқу жетістіктері туралы ақпараттарды жинақтау үшін мұғалімнің қолданатын әдістері. Қалыптастырушы бағалаудың 7 стратегиясы аталып жүр, олар сұрақ түрінде берілген үш жағдайды орындайды:

1) Оқушы оқытудың қай сатысында? деген сұраққа 2 стратегия топтасқан: 1-стратегия: оқушыға нақты және түсінікті көрінетін оқу мақсаттарын ұсыну, 2-стратегия: күшті және әлсіз жұмыстың моделі мен үлгісін қолдану;

2) Оқушы білім алуда неге талпынады? деген сұраққа келесі екі стратегия жинақталған: 3- стратегия: жүйелі сипаттайтын кері байланысты ұсыну, бұл жерде кері байланыс дегеніміз – белгілі бір оқиға немесе әрекетке жауап беру, үн қату, пікір білдіру. 4-стратегия: оқушыларды өзін-өзі бағалауға және мақсат қоя білуге үйрету;

3) Бұған жетуге көмектесу үшін не істеу қажет? деген сұраққа 5-7 стратегиялар біріктірілген: 5-стратегия: оқу мақсаттарының біріне назар аударатын немесе бір ретті сапа аспектісіндегі сабақты сипаттау, 6-стратегия: оқушыларды қайталауға үйрету, 7-стратегия: оқушыларды өзін-өзі тексеруге үйрету, нәтижелерімен бөлісуге және қадағалауға мүмкіндік беру [6,42].

Осы стратегияны мұғалім – білім алушының сыныптастыры және білім алушы үштігінің қырынан алып қарасақ, олардың әрбіріне тән мынадай әрекеттерді байқаймыз: *мұғалімге қатысты:* 1-жағдаяттық сұраққа сай оқу мақсаттарын анықтайды, 2-сіне

қатысты оқушы түсінген, дәлелдей алатын басқа тапсырмаларды сыныпта тиімді талқылау жұмысын ұйымдастырады, 3-сіне қатысты оқушының алға жылжуына көмектесетін кері байланыс береді; *сыныптасына байланысты* қарастырсақ: 1-жағдаяттық сұраққа сай оқу мақсаттарын түсінеді және ойымен бөліседі, 2-сіне қатысты алсақ, оқушылар бір-біріне қатысты оқу ресурсы ретінде белсенділенеді; *оқушының өзіне қатысты алсақ*: 1-жағдаяттық сұраққа сай оқу мақсаттарын түсінеді, 2-сіне қатысты алсақ, оқушылар өз оқуын құрушы не жасаушы ретінде белсенділенеді. Жиынтық бағалау бөлім, ортақ тақырыптар бойынша, тоқсандық және білім беру деңгейлері бойынша қорытынды сапасында жүргізіледі.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың арасында басты айырмашылық бар, ол мынадай: қалыптастырушы бағалау, басқаша айтсақ, оқу үшін бағалау, оның бағалау мақсаты – оқытуды жақсарту, жиынтық бағалау немесе оқуды бағалау, бұл бағалаудың мақсаты – білімді игеруі бойынша қорытынды жасау.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Блэк П.И., Уильям Д. Сыныпта бағалау және оқыту, білім берудегі бағалау: ұстанымдар, саясат және практика. – 1989. – 5-75 бб.
- 2 Glaser, R. 1963. Instructional technology and the measurement of learning outcomes: some questions. The American psychologist. Issue: 8. Vol.18. pp. 519 - 521
- 3 Ушаков Д.Н. Толковый словарь русского языка/ Под ред. Д.Н.Ушакова. – М.: Гос. Институт «Советская энциклопедия». – 300 с.
- 4 Кондаков Н.И. Логикалық сөздік.- М., 1971. – 280 с.
- 5 Жарықбаев Қ., Саңғылбаев О. Психология: энциклопедиялық сөздік. – Алматы, 2011. – 624 б.
- 6 Stiggins et al. Classroom Assessment for Student Learning: Doing It Right. Ore.: Assessment Training Institute, 2004

Жаңартылған білім беру мазмұнының өзіндік ерекшеліктері мен маңызы

*Куспанова Гульзифа Дюсембаевна
Ақтөбе қаласы №31 қазақ орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалған болатын. Қазіргі таңда Қазақстандағы білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама екеніне көзіміз жетіп отыр. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Соған орай оқыту жүйесі өзгерді. Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім қажет. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отырумен қатар жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білуі қажет. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық

ізденісі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы қажет деп ойлаймын. Әдіс-тәсілдерді заман талабына қарай жетік меңгерген және сабақ мақсатына сай нақты қолдана алатын өз ісінің шебері ғана оқытуда жоғары жетістіктерге жетеді.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығына келер болсақ, оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, АҚТ-ны қолдану, зерттеу жұмыстарын жүргізу, коммуникативті қарым-қатынас жасай алу, жеке, жұппен және топта жұмыс жасай білу қабілеттерін арттырады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша түйінді дағдылар оқу жоспарында «спиральді» тәсілмен берілген. Қарапайымнан күрделіге қарай, бірте-бірте білім, білік пен дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. Жаңартылған білім беруде тәжірибе жасауға, функционалды сауаттылыққа, шығармашылықты қолдана білуге және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдана білуге баса назар аударылады.

Жаңа оқулықтарда берілген тапсырмалар мәтінді оқу, оның мазмұнын айтумен ғана шектелмей, мәтінге қатысты өзі сұрақтар құрастыруына, себебін анықтауына, болжам жасау мен өзіндік бағалауына, сұраққа жауап болатын ақпаратты дереккөздерден табу ретін білуіне, жаман мен жақсыны айыра білуіне жетелейді. Шығармалардағы кейіпкерлердің көңіл-күйін анықтау, рөлге бөліп оқу оқушылардың қызығушылығын тудырады. Және тапсырмалар оқушылардың барлығына қолжетімділігіне көп көңіл бөлінуі керек. Біз бұрын бір сабақ барысында бірнеше әдіс қолданып, тапсырмалардан соң ғана мақсатты анықтайтын едік. Енді алдымен мақсатты анықтап, сол мақсатқа жету үшін әр түрлі тапсырмалар орындалады.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалдық бағалау жүйесіне өтті. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы – баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады және нақты бағалау жүргізуде маңызы зор. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.

Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады. Жаңартылған оқу бағдарламасы, оқу жоспарлары, тілдік дағдылар, педагогикалық әдіс-тәсілдер және белсенді оқыту технологияларды түсініп, меңгеру үшін курстан өттім. Курста сабақ жоспарлауда тиімді әдіс-тәсілдерді таңдау, орынды қолдану маңызды болып табылатындығын және сабақ барысында саралау түрлерін қолдануға көп көңіл бөлу керектігін және сабақ барысында саралаудың түрлерін, тапсырмаларды нақтылап қолдануды түсіндім. Сабақ құру кезінде ”Үш қадам”,

«Мәселелер сызығы» секілді әдістерді тиімді қолданылуды, әр тапсырмаға сай дескриптор құрастыруды үйрендім. Болашақта қысқа мерзімді сабақты жоспарлауда оқу мақсатына сай жүзеге асырып, тапсырмаларды нақтылап, әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдап, саралаудың түрін анықтап, дескрипторды толық көрсетіп, қалыптастырушы бағалауды ұйымдастырып, жұмысымды одан әрі жетілдіремін деген ойдамын.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның өзіндік ерекшеліктері бар. Сонымен қатар бағдарламаның маңыздылығы - баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыруда. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек. Сонда ғана бағдарлама мақсаты мен міндеттері жүзеге асады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Бірінші деңгей. Екінші басылым. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2014.
2. Үлестіріме материал, 4 – апта.
3. Әлемдегі және Қазақстандағы білім беру сапасы. А.Қ.Құсайынов. – Алматы, 2013.-196б.
4. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы. Тренерге арналған нұсқаулық. 2016.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша SMART оқытудың тиімділігі

*Л.М. Маденова- аға оқытушы, магистр
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
М.М.Насипова-студент
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: lim103@bk.ru
Орал қаласы, Қазақстан*

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Заман өзгерісіне қарай мектептерге қойылатын талап та, ондағы оқыту мен тәрбиелеу әдіс- тәсілдері де өзгеріс үстінде. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Барлық жаңғырту үрдісіндегі табыстың негізгі факторларының бірі – ұлттық білім беру жүйесін жаңарту болып табылады», - деп атап көрсеткендей, білім беру үрдісі жыл сайын жаңарып келеді. Білім беру үрдісіне еніп отырған жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай білім беру жүйесін жетістіктеріне жетелейтін озық бағдарлама. Бүгінгі таңда оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде ұстаздар қауымына зор жауапкершілік жүктеліп отыр. Мектеп оқушыларын жоғары адамгершілік құндылықтары қалыптасқан, сын тұрғысынан ойлай алатын, жан- жақты дамыған, белсенді тұлға етіп тәрбиелеу қазіргі мұғалімдер қауымының бір міндеті болып саналады. Білім жолында ізденіс пен тынымсыз еңбек етуден жалықпайтын жаңашыл, шығармашыл мұғалімдер нәтижелі табыстарға жете алады.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы –оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым –қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға шығармашылықты қолдана білуді және тиімді жүзеге асыру үшін қажетті. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін

жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарының жүйесін талқылау барысында көз жеткізілді. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне өтті. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты балдары бойынша өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Критериалды бағалау, кері байланыс тәсілі ХХІ ғасырдағы қарқынды дамып келе жатқан зияткерлік және техникалық ортада табысты болу үшін қажетті дағдыларды меңгертуге бағытталған. Олар оқушыларды сын тұрғысынан ойлау, бірлесіп жұмыс істеу, ақпаратты өңдеу, проблемаларды шешу сияқты анағұрлым жоғары деңгейдегі көптеген дағдыларды өз бетінше меңгеруге және зерделеуге дайындайды және ынталандырады. [1]

Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Үштілдік саясатты іске асыру;
4. Оқыту үдересіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданатын педагогикалық әдіс-тәсілдер;
6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
7. Ақпараттық –коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Оқудан күтілетін нәтижелер:

- Мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді;

- Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

- Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі;

- Мұғалімдердің орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсынан алған әсері өте көп. Ондағы жүргізілген тиімді әдіс-тәсілдер - педагогтардың оқытудың әмбебап үлгісін және тиімді әдістер жүйесін қолданып, оқушыларға тәуелсіз болуға, сыни тұрғыдан ойлауға, оқуға жауапкершілікпен және шығармашылықпен қарауына көмектесетін сыни тұрғыдан ойлауға бағытталған. Жаңашылдық – білім беру саласының алдында тұрған жаңа міндеттерді сәтті орындаудың негізгі шарттарының бірі. Себебі, қазіргі таңда қазақстандаық оқушылардың ойлау қабілеттерін арттырып, шығармашылықтарын дамыту жұмыстары басты назарға алынып, олардың алған білімдерін өмірдің кез келген жағдайында тиімді қолдана білу дағдысын қалыптастыру – негізгі міндеттердің бірі болып отыр.[2] Жаңартылған білім беру бағдарламасы - озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

Бүгінгі таңда кез келген мұғалім қайда жұмыс жасайтынына, қандай пәнді жүргізетініне қарамастан, ол интерактивті технологияларды пайдалану саласында құзыретті болуы қажет. Шынында да, интерактивті технологиялар ақпаратты ұсыну, мұғалімнің жұмысын жеңілдететін құрал ғана емес, сондай-ақ кәсіби міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін бүкіл білім беру үрдісін өзгерту құралы болып табылады. ХХІ ғасыр –технология ғасыры болғандықтан, Қазақстан әлем бойынша ең жаңа деген оқу формаларын зерттеп, білім

саласында үнемі жаңарту жасап келеді. . Сонымен қатар өкініштісі елімізде ақпараттық қоғам әлі толық қалыптаспай жатыр. Сұранысқа орай технология даму үстінде. Бірақ соңғы жылдары SMART технологиясы ұғымы яғни ақылды оқыту пайда болды және Smart қала, Smart фон, Smart құрылғы, Smart қондырғы, Smart орта деген тіркестерді жиі естіп жүрміз. Қазіргі таңда Smart технологиясын өндірушілер – АҚШ, Канада, Оңтүстік Корея елдері. Қазір елордамызда да Smart мектептер қалыптасып келеді.

Сонымен Smart дегеніміз не? Сөздің түбіріне келетін болсақ, «**smart**» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «зерек», «ақылды» дегенді білдіреді. Нақ осы оқыту жүйесі қазіргі әлемнің мүмкіндіктері мен міндеттеріне сәйкес максималды білімнің жоғарғы деңгейін қамтамасыз етіп, жастардың тез өзгергіш қоғам жағдайына бейімделуіне, оқулықтан нақты белсенді әрекетке негізделген білім алуға мүмкіндік береді. Ал педагогикалық үдеріс тұрғысынан қарастыратын болсақ, оқытудың бұл түрі электронды оқыту, мобильді оқыту, кез келген жерде, кез келген ортада оқыту деген мағынада жұмсалады.

Smart білім беру тұжырымдамасы – үлкен көлемдегі әр түрлі білім ресурстарының тыңдаушыға қажетінше оңай әрі жылдам, ыңғайлы түрде жеткізілуі. Сонымен қатар Smart білім беру оңай басқарылатын және әрдайым сыртқы білім ресурстарымен толығып отыратын болуы тиіс. Smart education немесе ақылды білім беру – бұл ыңғайлы түрде интерактивті ортада жүзеге асырылған әлемдік деңгейдегі қолжетімді контент арқылы білім беру болып табылады. Smart education түсінігінің негізі ол кең ауқымды қол жетімді білім ресурстары. Smart education барлық білім беру үдерістерін және осы үдерісте қолданылатын барлық әдістер мен технологияларды түгелдей жаңаруын жүзеге асырады және де ақылды тақта, ақылды экран, кез-келген жерден интернетке қосылу сияқты жаңа технологиялардың туындауына себеп болады. Осы пайда болған жаңа технологиялар контентті жасақтап, жүйелеп, пайдаланушыға жеткізеді. Яғни білім беру үдерісінің кез келген қатысушысы (оқушы немесе мұғалім) интернет желісі арқылы ортақ контентті белсенді пайдалана алады. Бұл өз кезегінде білім беру үдерісінің уақытқа немесе орынға (сынып, аудитория) тәуелділігін жояды.

Қазіргі кезде әлемнің түкпір-түкпіріне SMART Technologies компаниялары инновациялық құралдарын ұсынып, жұмыс пен оқытуға деген адамның көзқарасын түбірімен өзгертті. Бұл компанияның жұмыс нәтижесін тапсырыс берушілер: бұлар мұғалімдер, оқушылар және де іскер адамдар SMART құрылғыларының оқытуда жаңа тәсілдер енгізуге, бірлескен жұмыстың жаңа тәсілін ойлап табуға және жаңа идеялар тудыруға мол көмегі тигендігі жөнінде пікірлерімен анықтауда. SMART құрылғыларының ең танымалы 1991 жылы қолданысқа енген интерактивті тақталарды ерекше атап өтуге болады. SMART құрылғылары білім беру жүйесінде де, жоғары білім беру жүйесінде де, бизнес саласында да, әкімшілік пен қарулы күштер саласында да сұранысқа ие. SMART өнімдерін әлемнің 175 елі кең қолдануда. SMART құрылғыларының ең танымалы интерактивті тақталардан басқа, қазіргі кезде интерактивті панельдер, интерактивті орталықтар, үстелдер, интерактивті экрандар, оқушылар үшін жауаптар жүйесі, сымсыз «грифельді» тақталар, күшейткіш аудио жүйелер, документ-камера секілді т.б. бағдарламалық қамтамасыз етуге арналған құрылғыларды ұсынып келеді. [3].

SMART –мақсат бойынша басқарудың белгілі әдісі:

S (specific) — мақсаттың нақтылығы (ерекшелігі)

M (measurable) — өлшемділік

A (achievable) — қолжетімділік (келісімділік)

R (relevant) — релеванттылық (сәйкестік)

T (time bound) — уақытша мерзімдер.

Смарт технологияны сабақта қолданудың тиімділігі:

Оқушылар үшін тиімді:

Оқытушыға веб-сайттар және басқа да ресурстармен жұмыс жасай отырып, материалды оқушыларға жеткізуді күшейтеді;

Сыныпта талқылау мен араласуға кең мүмкіндік береді;

Көптеген түрлі және динамикалық материалдарды қолдану арқасында оқушы мен оқытушыға сабақты қызықты етіп өткізуге көмектеседі;

Оқытушыға жаңа материалды сынып центрінен түсіндіруге мүмкіндік береді;

Сабақты қызықты етіп, оқушылардың қызығушылығын арттырады;

Оқушылардың жеке және әлеуметтік қабілеттерін арттыра отырып, топпен жұмыс жасауға көмектеседі;

Материалды түсінікті, көрнекі әрі эффектілі етіп беру арқасында оқушылардың қиын материалдарды да түсінуін жеңілдетеді;

Мұғалімдерге тиімділігі:

Мұғалімге кез келген қосымшалардың және веб-ресурстардың үстінде сызбалар жасау мен жазу мүмкіндіктерін береді;

Сабақ материалын беру сапасын арттырып, тиімді жұмыс жасауға мүмкіндік береді;

Мұғалімдердің бір-бірімен материалдарымен бөлісуіне мүмкіндік береді.

Оқу процесіне компьютерлік модельдер мен SMART технологиясын пайдалану арқылы мынадай артықшылықтарға қол жеткізуге болады:

- көрнекі ақпарат көлемінің өсуі, дәріс оқу немесе тәжірибелік сабақтар жүгізу сапасы мен тиімділігін айтарлықтай арттырады;

- SMART мүмкіндіктер студенттер мен тыңдаушылардың белсенді жұмыстанып, шығармашылық қабілеттерін ынталандырады;

- компьютерлік графика әсерлігі көрнекі-бейнелік ойлау түрін дамыту мүмкіндігін береді;

- ақпараттың үлкен көлемін өңдеу қабілеті жүзеге асырылады;

- компьютерлік модельдермен жеке ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін жағдайлар жасалады, яғни, олар өз эксперименттерін жүргізе алады, қойылған гипотезаларын тез тексере алады, заңдылықтарды құра алады.

Жаңа концепцияның енгізілуімен мұғалім мен білім алушының ролдері өзгере түседі.

Осыған дейін білім алушы барлық мәліметтерді мұғалімнен, оқулықтан алатын болса, енді базалық ақпараттық технологиялармен қатар ғаламтор ресурстарын пайдаланады. Яғни ізденуші – оқушы, бағыттаушы – мұғалім, - деп жазады Мәскеу экономика және информатика институтының президенті, экономика ғылымдарының докторы В.Тихомиров *Оқу процесіне компьютерлік модельдер мен SMART технологиясын пайдалану арқылы мынадай артықшылықтарға қол жеткізуге болады:*

- көрнекі ақпарат көлемінің өсуі, дәріс оқу немесе тәжірибелік сабақтар жүгізу сапасы мен тиімділігін айтарлықтай арттырады;

- SMART мүмкіндіктер студенттер мен тыңдаушылардың белсенді жұмыстанып, шығармашылық қабілеттерін ынталандырады;

- компьютерлік графика әсерлігі көрнекі-бейнелік ойлау түрін дамыту мүмкіндігін береді;

- ақпараттың үлкен көлемін өңдеу қабілеті жүзеге асырылады;

- компьютерлік модельдермен жеке ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін жағдайлар жасалады, яғни, олар өз эксперименттерін жүргізе алады, қойылған гипотезаларын тез тексере алады, заңдылықтарды құра алады.[4]

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттеледі. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса», - деген ілімін негізге ала отырып, оқушы

бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған білім - болашақ кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаңартылған білімге көшу –білімтжүйесін ізгілендіру // Қазақстан мектебі, наурыз 2018- №3 (14).
2. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. Использование интерактивных досок по предметам [Электронный ресурс]. URL:<http://www.smartboard.ru/view.pl?mid=1131617522>
4. Құлқараев А. «E-learning» электронды оқыту жүйесі және оның мүмкіндіктері./Электрондық мектеп. №2 - 2013.

. Жаңартылған білім мазмұнымен дайындалған оқулықтардағы ұлттық кодтың қамтылуы

Әбдірова Шолпан Гайдарқызы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің докторанты

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың қарыштап дамуы, жаһандану қоғамға біраз өзгерістер ала келді. Бұл үрдістің әсері білім саласына да ықпалын тигізді. Білім алушылардың қызығушылығын арттыру мен білім сапасын ізгілендіру мақсатында реформалар енгізілді. Білім беруді жаңартылған мазмұнда интербелсенді әдістен беру заман талабына айналды. Бүгінгі күннің мәселесі – ғылым мен техниканың даму жаманында Еуропаның көлеікесінде қалмай, ұлттық ерекшелігімізді сақтап, ұрпаққа жеткізу. Оны жүзеге асырудың негізгі жолы – мектеп оқулықтары арқылы болмақ. Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев бұл мәселе туралы: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың басты шарты – сол ұлттық кодты сақтай білу», - деп нақты шешім айтты [1,1].

Біз мақаламызда жалпы білім беретін мектептің 5-классына арналған қазақ тілі оқулығындағы ұлттық кодтың қамтылу мәселесіне тоқталсақ. Оқулық авторлары – Ж.Дәулетбекова, Г.Қосымова. Оқулық он бөлімнен тұрады. Атап айтар болсақ, «Мәдениет тіл және қарым-қатынас». «Киім. Сән. Талғам». «Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер». «Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі». «Бос уақыт және хобби». «Қиял әлемі». «Көлік және жол белгілері». «Адамның сырт келбеті мен мінез». «Аспан әлемінің құпиялары». «Саяхат және демалыс». Бірінші бөлімі адамның ішкі мәдениеті мен сөйлеу әдебіне арналған. Бұл мәселеге қатысты жинақты, тұтас, танымдық мәліметтер көп берілген. «Сұхбаттасу» тақырыбында. Қазақ халқының амандасу, көңіл сұрасу, тілек айту мәдениеті жақсы қамтылған. Мәтіндерде сирек қолданылатын *Ат көлік аман ба? Мал-жан аман ба? Көріскенше күн жақсы!* секілді тіркестер берілген. Оқушылардың таным көкжиегін кеңейту мақсатында гендерлік сипатына және жас ерекшелігіне байланысты амандасудың түрлерін ажырату және сөзді қорын молайту мақсатында тапсырмалар берілген. Қазақ халқының салт-дәстүріне байланысты және ұлттық мерекелерде айтылатын тілек-құттықтаулар қамтылған. Мысалы, *Қосағыңмен қоса ағар! Босағаң берік, шаңырағың биік болсын! Қадамдарыңа гүл бітсін! Нұр жаусын!* деген бата-тілекті сөз тіркестерімен қатар *Абыройлы бол! Мерейің үстем болсын! Асың дәмді болсын! Еңбегің жемісті болсын! Қадамың құтты болсын! Қазаның оттан түспесін! Сапарың сәтті болсын! Жолың болсын! Аман барып-сау қайт! Тілегіңе жет! Өмір жасың ұзақ болсын! Ата-анаңа көз қуаныш бол! Жол азабынан сақтасын! Жортқанда жолың болсын!* Тілек сөздер қатарынан қазақ халқы танымында ерекше сипатқа ие қазан, жолаушы, ата-ана

сөздері орын алған. Бұл тіркестер оқушылар ойында сақталып, бекіту тапсырмасын беру және тілдік қолданысқа енуін қамтамасыз ету мақсатында тілек сөздерді сөйлеу жағдаятына қарай топтасытыру тапсырмалары сәтті шыққан. Қазақ халқы ырымшыл халық. Сан ғасырлық өмір тәжібибесін халық бір-екі даналы сөзге тиектеп отырған. Дегенмен бұл тиым сөздердің тіркесінде авторлар әдептілікке қатысты ғана тиым сөздерді берумен шектелген. Мысалы, көп сөйлеме, сөйлеп тұрғанда есінеме. Аузыңа тамақ салып сөйлеме. Сөйлегенде сөйлеп отырған серігіңе тым жақындама. Даусыңды тым бәсеңдетпе, тым екпіндеп кетпе. Біздің ойымызша, осы тіркестермен қатар ұлттық наным-сенімге байлаысты және халықтың ерекше бағалайтын бұйымдарын құрмет тұтуға негізделген тиым сөздерді де қамту керек еді. Мысалы, босағаны керме, үйге қарай жүгірме, құдыққа түкірме, тізеңді құшақтама, асықты кемірме, мал төлдерін теппе т.б. Бұл бөлімнің нәтиже сабағында 1 аңыз, 2 ақпарат мәтіні, 7 айтылым тапсырмасы, 3 жазылым тапсырмасы беріледі. Барлық тапсырмалар оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру, сөздік қорын молайту, ойын жүйелі баяндауға арналған. Осы бөлімде берілген аңызда қазақ халқында қасиетті саналатын ұғым, әулет басы, елге сыйлы кісі қария батасы туралы мәтін берілген. Бұл тапсырма да ұлттық ерекше ұғымымызды оқушылардың тану, құрметтеу, бағалау сезімін оятары сөзсіз. Қария сөзі қазір сирек қолданылады. Қария сөзінің синонимі ата болғанымен оның эмоциялық реңі мен қызметтік шарты тең емес. «Киім. Сән. Талғам» бөліміне қысқаша шолу жасасақ. Қазақ халқының ұлттық киімінің ерекшеліктерін соның ішінде әйел адамдардың жас ерекшеліктеріне қатысты бас киімнің түрлері туралы жақсы ақпарат берілген. Бұл мәтінде көпшілікке танымал емес бөрік, жаулық, желек кимешек, орамал, қарқара, сәукеле, тақия, шәлі, қасаба, бүркеніш, шылауыш секілді бас киім атаулары берілген. Қазақ әйелдерінің бас киімдері олардың жас ерекшеліктерін де сипаттап тұратындығын көрсеткен. Қазақ халқының киім кию дәстүрінде керемет өзгеше мәдениет болған. Оларда жас ерекшелігіне, әлеуметтік дәрежесіне, кәсіби ерекшелігіне байланысты киім кию әдебі қалыптасқан. Мысалы, хан, би, сұлтандар мұрақ, зерлі шапан киген. Бақсы-балгерлер, сал-серілер жарғақ шалбар, мауыты, жібек шапан киген. Бұл бөлімде қалыңдық киімі, бойжеткен киімі, жас жігіт, келіншек киімі, бәйбіше киімі, ақсақал киімі деген тіркестер қамтылады. Қазір біздер тілдік қолданыста тек қана қыз бала, тіпті қыз деген сөзді ғана қолданамыз. Ал ертеде ата-бабаларымыз бойжеткен, қалыңдық, келіншек, бәйбіше деп жас ерекшелігіне және өмірдегі тұрмыстық өзгерістеріне қарай түрлендіріп атаған. Соған қатысты, көркем әдеби шығармалар мен әжелеріміздің сөз қолданысында кездесетін де Қыз, қыз-ау! Келіншек! секілді қаратпа сөздері осының айғағы. Бұл сөздер де болашақта күнделікті тұрмыста жиі қолданыс айналымына енуі үшін жасалған қадам болар. Бұл бөлімде ұлттық танымдық ерекшелікті сипаттайтын сөздер кеңінен қамтылған. Қазақ халқының ұлттық киім кию салтын қамту барысында олардың тұрмыс-тіршілігіне байланысты мал шаруашылығы, көшпенділік, мәдениеті қоса қамтылған. Мысалы, мұрақ, шапан, күпі, тон, жақы, жарғақ, шидем, ішік, шекпен, кебенек т.б. киім түрлері олардың жасалуы туралы да мол ақпарат берілген. Бұл бөлімнің нәтиже сабағында 4 жазылым, 1 оқылым, 6 айтылым тапсырмасы арқылы түйінделеді. Тапсырма мазмұнында халық жоғары бағалайтын жомарттық пен батырлық, мәрттік, батырға елдің құрметі мен сый-сияпат жасау жоралғысы туралы мәліметтер қамтылған. Мысалы, нәтиже сабақтың 10-тапсырмасы эссе жазуға арналған. Ол тапсырмада «Ат мінгішіп, шапан жабу» салты – құрметті қонаққа, ақынға, баырға, балуанға және сол сияқты елге еңбегі сіңген азаматтарға көрсетілген қазақ халқының ертеден келе жатқан ата салты. *Ат мінгішіп шапан жабу қазіргі күнде де жарасымды жалғасын тауып келе жатыр... бұл тапсырмада ары қарай оқушылар өз ойын жалғастырып жазуы тиіс.* Жоғарыда келтірілген *ат мінгізу, шапан жабу* тіркестері ұлттық мәдениетті сипаттайтын кодталған ой қозғаушы тірек сөздер. Бұл тапсырма арқылы оқушылар ата-баба салтын ғана игеріп, тіркестерді танып қана қоймай, қонақты құрметтеу, ақындықты жоғары бағалау, дарынды құрметтеу, батырды сыйлауды санасына сіңіріп, отансүйгіштік қасиетті иегереді. Біз оқулықта

қамтылған алғашқы үш бөлімді ғана қарастырдық. Түйіндесек, оқулықтың қарастырылған бөлімдерінде ұлттық код мәселесіне қатысты мәтіндер мен тапсырмалар мол қамтылған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // www.zakon.kz
2. Дәулетбекова Ж., Қосымова Г. Қазақ тілі. Алматы, 2017

Адам капиталын қалыптастырудағы жоо оқытушысының кәсіби құзыреттілігі

Қ ұралай Мұхамеди

*Сулейман Демирель атындағы университеттің профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты*

Қазақстандағы жоғары мектеп жүйесінің жаңартылуының негізгі мақсаты – жоғары мектептің білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге бейімдеуді ғана емес, сонымен қатар мемлекет дамуындағы негізгі көрсеткіштердің бірі – *адами капиталдың* даму деңгейін көтеру мен адами құндылықтардың сапасын жақсарту.

Ұлттық негізді, ұлттық рухани тамырды сақтай отырып, әлемдік өркениетте өз орнын иеленудегі басты фактор - бәсекелестікке қабілетті интеллектуалды ұлт қалыптастыру, саналы ұрпақ тәрбиелеу. «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарына білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деп атап көрсетеді Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында [1,7]. Ал білімді ұлтты, тұлғаны, адам капиталын қалыптастыруда ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігі алға шығады.

Ғалымдар В.А.Сластениннің, М.И.Мищенконың пікірлерінше, ***педагогтың (оқытушының) кәсіби құзыреттілігі*** – *іс-әрекетті атқарудағы теориялық және практикалық даярлықтарының бірлігі.*

Көптеген ғалымдардың пікірінше, ЖОО мамандардың кәсіби құзыреттілігі қойылатын талап – өте ауқымды. ЖОО оқытушысы оқытушылықпен қатар бірнеше қызметтерді қоса атқаруы тиіс болып отыр, олар: ғылыми-зерттеушілік, кәсіби, басқару, коммерциялық, әкімшілік-шаруашылық т.б. ЖОО оқытушысы оқытушылық пен ғылыми –зерттеу қызметін қатар алып жүреді. Ресей ғалымы З.Ф.Есареваның пікірінше, ЖОО оқытушысының ғылыми-зерттеу жұмысынан гөрі оқытушылық қызметінің рөлі басым [2].

Зерттеу еңбектерге және ондағы талдау жасау барысында кәсіби құзыреттіліктің екі тұрғыдан қарастырылатыныны байқалады:

- біріншіден, көптеген зерттеушілер кәсіби құзыреттілікті *мамандардың кәсіби даярлық деңгейлерімен* байланыстырады;

- екіншіден, ғалымдар кәсіби құзыреттілікті *маманның тұлғалық қасиеттерімен* байланыстырып зерттейді. Шындығында осы аталған екі құзыреттіліктің сипаты ЖОО оқытушысына тән болғанда ғана белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болады. ЖОО оқытушысы үшін ең маңыздысы – өз ісіне қалтқысыз берілгендігі. Осы маңызды деп көрсетілген қасиет арқылы оқытушы студенттің алдында зор абыройға бөленеді. ЖОО оқытушысы кәсіби даярлық деңгейлерінің жоғары болуымен қоса оқытушының тұлғалық қасиеттерінің басымдығы да зор маңызға ие. Сонда ғана оқытушы жеке тұлға тәрбиелеп, оған толыққанды білім мен тәрбиені қоса береді. Оқытушы мен студенттің арасындағы түсіністік пен сенім, ынтымақтастық пен шынайы жақсы қарым-қатынас қана студенттің шығармашылық ойлауын дамытып, оқытушы мен студенттің бірлескен іс-әрекетінің барынша нәтижелі болуына мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақаласында ЖОО білім жүйесіне қатысты: «Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және ***филология ғылымдары бойынша***

студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Гуманитарлық зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет» - деп атап көрсетеді. [1]. Осы мақалада көрсетілгендей, филологиялық білімге үкімет тарапынан көңіл бөлінуі қуанарлық жайт. Мақалада «филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз...» делінсе, ал ол бізге, филология ғылымдары бойынша білім беретін оқытушыларға жүктелетін міндеттерді де артыра түседі.

Филологиялық білім беретін оқытушылар, бүгінгі мерейтой иелері, ғалым-ұстаздар **Күлшат Әбдіғанымқызы Қондыбаева** мен **Нұрбол Абдуллаұлы Садуақастың** ұстаздық, оқытушылық қызметін қоса сөз етуді мақсат еттік. Өйткені бұл аты аталған ұстаздар қазіргі күн тәртібінде тұрған ең өзекті мәселе – өзінің рухани тамырын сақтай отырып, әлемдік өркениеттен өзіне керектісін ала білетін, ойы алғыр, бәсекелестікке қабілетті өскелең ұрпақты тәрбиелеуге өздерінің кәсіби шеберлігін де, тұлғалық қасиеттерінде аямай жұмсап келе жатқан ұстаздар.

1989 жылдан бастап Ақтөбе қаласындағы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының қазақ тілі кафедрасына оқытушы болып қабылданып, белгілі педагог, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, қарт ұстаз Беріков Ниетжан Берікұлының қарамағында аталған кафедрада оқытушылық кәсіпті меңгеріп, студенттермен жұмыс жасап бастаған **Күлшат Қондыбаева** өзінің ұстаздық қызметке адалдығын үнемі ізденіспен ұштастырып келеді.

ЖОО оқытушысына қойылатын талаптың бірі – ғылыми дәрежелі маман болу. Осы мақсатта алыстағы Ақтөбе өңірінен барып 1994 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық университетінде бір жыл ізденуші ретінде стажировкадан өтіп, ал 1994 жылы күндізгі аспирантураға қабылданды. Аспирантура жылдарында Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбайқызының жетекшілігімен «Қазақ тіліндегі жалғаулардың қолданыста ықшамдалуы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын 1999 жылдың 24 – мамыры күні өте сәтті қорғап шықты. Ғылыми дәрежелі маман Ақтөбе мемлекеттік медицина институтына келіп, кафедрада оқытушы болып жұмысын жалғастырды. Содан соң оқу орны Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы болып қайта құрылғанда, осы оқу орнындағы қазақ тілі және әлеуметтік ғылымдар, тілдер кафедраларында 2000-2007 жылдар аралығында кафедра меңгерушісі қызметін атқарып, өзін ұжыммен жұмыс істей білетін маман ретінде дәлелдеді.

2007 жылдың 1 – қыркүйегінен бастап Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының қазақ тілі теориясы және оқыту технологиясы кафедрасына оқытушы болып жұмысқа қабылданды. Аталған кафедрада жүріп, 2010 жылы факультеттің бір топ оқытушыларымен бірге ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық бағдарламасына ғылыми тағылымдамадан өту үшін конкурсқа қатысып, 2010 жылғы «Болашақ» халықаралық бағдарламасының стипендиаты атанып, Польша Республикасының Познань қаласындағы Адам Мицкевич атындағы университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті. ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптардың тағы бірі – шет тілдерін білу. Осы талап үдесіне сай үнемі ізденіс үстінде жүретін Күлшат Қондыбаева 2011-2012 оқу жылында Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты жанындағы Конфуций институтында қытай тілі курсына қатысты. 2013 жылы Үрімші қаласындағы Синь-Цзиян қаржы және экономика университеті жанындағы Тілдерді үйрету орталығына 2 апталық тәжірибеден өтті. 2014 жылдан Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасында табысты еңбек етіп келеді. Осы жылдар арасында ғылыми-практикалық және ғылыми-әдістемелік және ғылыми практикалық конференцияларда ұсынылған 100-ге тарта мақалалардың авторы. Студенттермен қоян – қолтық араласып жұмыс істейді, студенттермен қарым-қатынасы орнықты, сыйлы. Оған

дәлел ретінде мына бір деректерді келтіре кетейік: «Сіз туралы пікірімді білдірер болсам студенттік кездерге оралуға тура келеді. Бізге куратор болып тағайындалған сәттен бастап әрқайсысымызға деген жауапкершілікті сезіне алдыңыз. Бір студентіңіз сабаққа келмей қалса, уайымдап болатынсыз. Ұстаз ретінде сабақ беруіңіз де ерекше форматта еді. Әр сабағыңызды ұғындыруға бар жан-тәніңізбен беріліп, бар ынта-ықыласыңызбен жеткізуге тырысатынсыз. Сіз берген тәлім-тәрбие арқасында қазір біздер өз жұмыс ортамызда беделді азаматтар мен азаматшалар атанып жүрміз. Оқу ордасын бітіріп кетсек те, түлеп ұшырған студенттеріңіздің жағдайын сұрап, әр күнімізге ізгі ниет білдіріп отырасыз. Сіздің ұстаз ретінде біздің бойымызға сіңірген еңбегіңіз бен адамгершілік қасиетке толы жаныңыздың болғаны үшін үлкен алғысымды білдіремін! Еңбегіңіз жемісті, деніңіз сау болсын!» - деген университеттің бір кездегі түлегі Қызылгүл Айнадиннің пікірі жоғарыдағы сөзіміздің дәлелі деуге болады.

К.Ә.Қондыбаева Астана қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастырған жоғары оқу орнынан кейін қосымша білім беру бағдарламасы бойынша 2015 жылы курстан өтті, соның нәтижесінде сабақ барысында интербелсенді әдістерді қолданып, сабақ үдерісінде көп жағдайда топтық және жұптық жұмыстарын жүргізіп келеді. Ол туралы студенттердің мына бір пікірі ойымызды дәйектей түсетін секілді: «*Күлшат Әбдіғанымқызы* бізге «Менеджмент» және «Бағалаудың өлшемдік технологиясы» пәндерінен сабақ берді. Күлшат Әбдіғанымқызы берген дәрістерінен өзімізге қажеттінің бәрін алдық, біз болашақ мұғалім болғандықтан бізге керекті бағалаудың түрлерін және оны түрлі сабақ барысында қалай қолдануды үйрендік».

Ел, жер мәңгілігін қамтамасыз етер, ұлт табиғатын жарқырата көрсететін белгілердің ең маңыздысы – қазақ елінің рухани әлемін танытар мәдени-генетикалық код. Осы ретте ұлттық кодтың басты қайнарлары қатарында аса көрнекті қоғам қайраткерлер мен ғалымдардың, ұлт ұстаздары мен көсемдерінің кейінге қалдырған баға жетпес рухани мұраларын бөліп атауымыз қажет! Ұлт көсемдері бар ғұмырын сарп еткен, қалтқысыз қызмет еткен асыл қазыналарымыз – білім мен ғылым, тіл мен әдебиет, мәдениет пен өнер! Олай болса осы айтылғандарды тереңнен меңгеру арқылы тұлғатану, ұлттану білімінің базасы қаланады. Бүгінгі шәкіртке білім мен ғылым, тіл мен әдебиет салаларындағы еңбек еткен ұлы тұлғалардың болмысын, қызметін, ұстанымын таныстыру арқылы ұлтты, ұлт өркениетінің пайда болу, даму жүйесіндегі ерекшеліктерді үйрету пәннің негізгі мазмұны, ал оқытушының түпкі мақсаты болғанда біз өткен мен келешекті жалғаудың да тамаша үлгісін көрсетеміз! Олай болса **Нұрбол Абдуллаұлының** тұлғатану бағытында жазған ғылыми еңбектерінде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев және одан кейінгі кездегі ғалымдар Е.Қ.Жұбанов, С.Ғ.Шарабасов, С.Мырзабеков, Бүркіт Отар Әлі, Б.Әбілқасымов, Ә. Жүнісбек, М.Жүсіпұлы, А.Мусаев, М.Б.Сабыр, т.б. ғылыми-рухани мұрасын таным таразысына салып, ғылыми жетістіктерін танытуға, сол арқылы ұлт руханиятының көкжиегін көтере түсуге үлес қосуы ғалымның да, ЖОО оқытушысының да кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейі деуге болады. Осы еңбектері арқылы ұстаз-ғалым өскелең ұрпаққа сауатты білім мен саналы тәрбиенің дәнін егіп келеді.

Ғалым-ұстаз университетте студенттерге дәріс оқи жүріп, шәкірттерінің күнделікті сабақтарындағы оқу құралдарына деген қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында «Құдайберген Жұбанов және қазақ тілінің дыбыс жүйесі», «Қазақ тілі фонетикасының зерттелуі», «Қазіргі қазақ тілі фонетикасы» атты оқу құралдарын жазды. Ал «Қазақ тілі фонологиясы», «Сингармофонологиялық зерттеу мәселелері», «Екпін және оның фонологиялық қызметі», «Тіл дыбыстарының фонологиялық және морфонологиялық алмасуы», «Қазақ тілі фонологиясы: теориясы мен әдістемесі», «Сингармонизмнің фонологиялық қызметі», «Сингармофонеманың ерекшеліктері туралы», «Фонемалардың айырым белгілері», «Қ.Жұбановтың фонологиялық танымдары» деген т.б. мақалаларында өзінің фонологияға қатысты іргелі ойларын білдіріп, бүгінгі шәкірттің бойына мол білімдік қорды қалыптастыруда. Ол туралы университет студенттері: «*Нұрбол Абдуллаұлы* ағай бізге

қазақ тілінің дыбыстық жүйесінен сабақ берді, ағайдың түсіндіруінің арқасында біз бұл пәнді жақсы меңгердік, сол үшін ағайымызға алғыс айтамыз» - деп шынайы көңілдерін білдірген.

Қорыта келгенде, ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігі студенттің болашаққа бағытталған білімінің негізін қалайтын, студенттің қоғам өміріндегі өзгерістерге сай әрекет ете алатын білімді, білікті маман болып қалыптасуында маңызды рөлге ие. Осы орайда, оқытушының кәсіби біліктілігі - ЖОО-дағы білім жүйесінде табысты болудың басты кепілі. Олай болса жоғарыда аты аталған ғалым-ұстаздардың кәсіби шеберлігі мен біліктілігі шәкірттерге мол рухани азық боларына сенім мол.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру // «Егеменді Қазақстан». – Алматы, 2017. - №10 (78).
2. Есарева З.Ф. Особенности деятельности преподавателя высшей школы. М.: Знание, 2006.

II БАҒЫТ

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қазақ тілін қысқа мерзімде оқытудың дидактикалық негіздері

Берікболова Айзада Жанботақызы

6M010300- педагогика және психология, 2 курс

Алматы қаласы, Алматы Университеті

Berikbolova1995@mail.ru

Жаһандық ғасырда барлығын жетік білмесеңіз, жаңа технологияларды игермесеңіз, соңғы шыққан программалар мен инновациялық жұмыстарды меңгермесеңіз, жалпы білікті педагог болып қалыптаса алмассыз. Әлем деңгейіне шығу үшін алдымен оқушыларды сауаттандыру қажет. Ескі білім жүйесі мен ескі тақырыптармен заман ағымына дөп келетін жаңа толқынды таңғалдыра алмайсыз. Барлығын жаңа технологиялар мен қысқа түсіндіру әдістерімен ғана жеткізе аласыз. Ақпарттанған технология дамыған сайын оқу техникасы да бірге нығаю қажет. Оған электрондық оқуды жатқыза аламыз. Мәселен, оқыту формалары мен әдістерін, бағалау бағыттарын кіргізе аламыз. Жалпы, бір қарағанда қазақ тілін өту жеңіл әрі күнделікті дағдыбойынша сабақ өту болып көрінуі мүмкін. Алайда, әрбір берілген тапсырма мен тақырып оқушының ой-санасы мен түсінігіне үлкен өзгерістер әкелуі мүмкін. Сол үшін де білім беру жүйесінде көп көбейтпей, күрделендірмей қысқа мерзімде жасалуы керек. Әрі оқушыға да түсінікті әрі нақты болса, оқытушыға да сабақ өту тактикасына жеңіл болар еді. Әр сабақта жаңа технологияларды жіті пайдаланып қысқа түсіндіруге мүмкіндік алуға болады. Қазақ тілін оқытудың технологиялық жабдықталуы мен техникалық құралдарды қолдану турасында екі бағыт бар: «техникалық құралдар — жанды оқу процесінен артық емес» деген болса, екіншісі — «техникалық құралдар — қазіргі кезеңдегі оқу процесінің басты жетекшісі» деп келеді. Екі бағыттың бірін ұстау — біржақтылыққа алып кететіні белгілі. Қысқа мерзімде қазақ тілін оқытудың ең ұтымды тұсы жоғарыда атап өткендей электронды оқу бағдарламасы. Біз онымен, оқушыны бәсекелестікке әрі жаңа технологияларды тез меңгеруге дағдыландырамыз. Мультимедиялық сабақтар кез-келген оқушының сабаққа деген қызығушылығын оятса, бір жағынан, уақытты үнемдеп оқушыға таптырмас құрал болар еді. Жан-жақты технологияларды ұтымды пайдаланып, әр оқу кезең бойынша оқудың мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, сабақ бойынша әр түрлі диагностикалармен қорытынды жасау, логикалық шешімдерді шеше алар еді. Бір жағынан жаңа технологияларды бірден игере алады. Қазақ тілінің келешегі – жастардың қолында. Бүгінде жастардың сауатты жазуы, сауатты сөз саптауы төменгі деңгейде деп тұжырымдама жасауға болады [1].

Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасында»: «Тілді дамыту — Қазақстан Республикасы мемлекеті саясатының аса өзекті бағыттарының бірі», сондай-ақ «Мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу керек» делінген. Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде», — деп тұжырымдайды.

Жаңа технологияларды қолдана отырып, оқыту барысында тіл үйренушілердің қазақша ойлауы мен жақсы сөйлеу тілін дамытуда қазақ тілін оқытудың өзіндік ерекшеліктері айқындалуы тиіс. Әрбір берілген ұғым мен оның мазмұның құрайтын білімдік ақпарат — оқушының ой-санасын өзгертуші, дамытушы құрал. Бірақ танымдық негіздері туралы бөлімде айтқанымыздай, оқушылардың даму барысында көп сүйеніп, талдаулар жасай беруге, білім мазмұнын жөнсіз көбейтуге немесе күрделендіруге болмайды. Тіл үйренушінің даму ерекшелігін оның жас ерекшелігімен байланыстыра қарау қағидаты басты назарда болуға тиісті.

Қазақ тілін жаңаша технологиямен оқыту — тіл үйренушілердің шығармашылық қызметін, сапалы білім ала білуін қалыптастыратын үдеріс. Тіл үйренушінің саналылығы қазақ тілінің төл дыбысының, сөзінің сөз тіркесінің, сөйлемнің өзіндік болмысын танып-білу барысында ғана және сол үшін ғана емес, жүйе теориясының заңдылықтарын ғылымның барлық саласында қолдану жолдарын меңгеру қажет екенін түйсігімен түйсінуі барысында ғана қалыптасады. Бұл ретте мұғалімнің дұрыс қойған талаптары мен тапсырманы орындау алгоритмдерінің бірізді тәртіптелген жүйесі оқушыны саналылықпен білім алуға дағдыландырады. Тіл үйренушінің саналылықпен білім алу ұстанымы толыққанды жүзеге асуында келесі ұстаныммен табиғи байланысты болуы үлкен рөл атқарады [2].

Қазақ тілінің жазу және сөйлеу заңдылықтарын іс-тәжірибе жүзінде танып-білу тіл үйренушілердің қазақша ойлау қабілетін қалыптастырады және біртіндеп дамуына ұласады. Оның өзі тіл үйренушінің ауызша және жазбаша тілі даму үдерісіне жалғасып, қазақ тілін үйреніп жүрген жеке адам жана сатыдағы дүниетанымдық аппаратын қалыптастыруға қызмет етеді.

Оқытушының басшылығымен меңгерілген танымдық әдістермен тоқтап қалмай, оларды қолдау мен тағы басқа түрлерін іздеуі теориялық ойлауы мен сөйлеу тетіктерінің біртұтастықта дамыған тіл үйренушінің моделі болып табылады. Сондықтан бұл ұстаным қазақ тілін оқыту үдерісінде басшылыққа алынады.

Қазақ тілін оқытуда талдау әдісін оқушыға дұрыс үйрету арқылы қазақ тіліндегі дыбыстарды, сөз құрамын, сөз тіркесін, сөйлем мүшелерін т.б. өз бетімен анықтай білу дағдылары қалыптастырылады. Тіл үйренуде байқалатын түрлі заңдылықтар мен құбылыстарға бақылау жасату барысында жеке талдау жасатудың мәні зор. Талдау әдісін орынды, белгілі бір тәртіппен қолдана білу дағдылары қалыптасуы барысында, тіл үйренушінің теориялық ойлау дағдылары дамуы да жүзеге асады.

Қазақ тілін оқыту барысында тіл үйренушілердің мемлекеттік тілді жақсы меңгеруін ұйымдастыру қазақ тіліндегі жекелеген тіл бірліктерінің бірлесе келіп, жинақталған ұғым жасауына жетекші қызмет атқарады. Қазақ тіл бірліктерінің болмысы туралы жаңа аспектідегі білім мазмұнын алу тетіктері мен ұстанымдарын анықтау таным теориясын негіз ете отырып, жасалатын арнайы әдістеменің кешенді проблемаларын зерттеуге алып келеді. Тіл үйренушінің қазақша еркін де сауатты сөйлеуі мен жаза білу дағдыларын қалыптастыруды олардың ғылыми білім алуымен үйлесімді ұйымдастыруда таным теориясының ілімдері үлкен тірек болады. Қазақ тілі сабақтарының әдістемелік сценарийлерін әзірлеуде оқытудың технологиялық жабдықталуы да үлкен орын алатыны белгілі. Қазақ тілін жаңаша оқыту барысында сабақта жан-жақты технологияларды ұтымды қолданып, оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік туғызып отыру қажет. Оқыту кезең бойынша ұйымдастыру, сол арқылы әрбір кезеңде оқытудың мазмұнын, формасын, әдістерін және құралдарын сәйкестендіріп тандап алуды, нәтижелерді кезең бойынша диагностикалауды есепке алу негізінде дидактикалық міндеттерді қою мен шешудің логикалық бірізділігін қамтамасыз ету керек. Жаңа технологиялар дәуірі жағдайында студенттерге қазақ тілін жеделдете оқытудың әдістемелік жүйесінің мазмұны айқындалып, соңғы ғылыми жаңалықтар негізінде толықтырылады, білім берудің жаңа парадигмалары негізіндегі жеделдете оқытудың мәні айқындалып, ұстанымдары нақтыланады.

Қазақ тілін оқыту кезеңдерінің тіл үйрету деңгейлерімен байланысы анықталып, жеделдете деңгейлік оқытудың соңғы нәтижесі қатысымдық құзыреттілік деңгейін айқындау мақсатында аралық, қорытынды сынақтарды және өзіндік жұмысты ұйымдастырудың тиімді тәсілдері айқындалады. Қазақ тілін жаңаша оқыту барысында сабақта жан-жақты технологияларды ұтымды қолданып, студенттердің шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік туғызып отыру қажет. Оқыту кезең бойынша ұйымдастыру, сол арқылы әрбір кезеңде оқытудың мазмұнын, формасын, әдістерін және құралдарын сәйкестендіріп тандап алуды, болатын нәтижелерді кезең

бойынша диагностикалауды есепке алу негізінде дидактикалық міндеттерді қою мен шешудің логикалық бірізділігін қамтамасыз ету тиіс. Жаңа технологиялар дәуірі студенттерге қазақ тілін жеделдете оқытудың әдістемелік жүйесінің мазмұны айқындалып, соңғы ғылыми жаңалықтар негізінде толықтырылады, білім берудің парадигмалары негізіндегі жеделдете оқытудың мәні айқындалып, ұстанымдары нақтыланады [3].

Қазақ тілін қысқа әрі сапалы, нәтижелі етіп үйретудің шешімі жаңа технологиялар мен электронды оқу жүйесі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Құрман Ж.Н. *Қазақ тілін оқытудың әдістемелік негіздері*. — Алматы, 2009. — 28-б.
2. Әбдікәрімов Б., Сарбасова Қ.А. *Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда педагогикалық технологияларды пайдалану // Еуразиялық гуманитарлық институттың хабаршысы*. — 2004. — № 3. — 36-б.
3. Даумов Н.Ф. *Оқытудың ақпараттандыру процесінде оқушылардың зерттеу қызметін дамыту: Пед. ғыл.канд. дис.* — Алматы, 2003. — 12-б.

Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны

Әбдіғалиева Арайлым Қалыбекқызы

*Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, № 3 Қарауылкелді орта мектебі
arailim.k91@mail.ru*

Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән- мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Адамзаттың екінші ұстазы саналған Әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы» деп бекер айтпаса керек. Бұл сөзді өзімнің өмірлік қағидаларым ретінде ұстанамын. Қазіргі таңда әлем өз жаңалықтарымен қызықтыра отырып, технология қалай дамыса, заман талабы да алға жылжып, кез – келген педагогты заман талабына сай жаңаруды міндеттейді[1]. Қоғам өзгерген сайын жаңа мазмұндағы оқу жүйесін қалыптастыру талап етілді. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі. Үнді халқының ғұламасы Махтама Гандидің: «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген сөзі бар. Өзгеріске, көшке ілесе білуіміз керек. Бұл оқу бағдарламасы жаңа бастама, жаңа мүмкіндік, жаңа мақсат. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын бағдарлама.

Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігінен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек[2.18]. Кезінде Я.А.Каменский: «Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл – әрекетіне дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі», - деген екен. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін сүйетін, болашағы үшін аянбай жанын беруге дайын ұстаздар ғана жұмыс істей алады деп ойлаймын. Жаңартылған бағдарлама аясында бастауын ХХ ғасырдың алғашқы ширегінен алатын, негізін А. Байтұрсынұлы қалаған тілдік жүйе бұзылмаса екен. Бұл жаңа бағдарламаны даттап, немесе жоққа шығарып жатқаным емес. Әйтсе де, оқушының өзінің пәні арқылы тіл туралы дүниетанымы қалыптасып, өзінің туған тіліне деген сүйіспеншілігі артса екен. Тілін сүю арқылы әр баланың ана тілі алдындағы жауапкершілігі артар еді.

Жаңа бағдарламаның берері көп. Бұл жерде оқушы мектеп қабырғасында алған білімін, өмірлік қажетіне асыруға үйренеді. Әр бала өз бетімен жұмыс жасауға, ұжыммен қарым- қатынаста болуға, өз ісіне сенімді бола білуге үйрене бастайды. Сонымен қатар салыстыруға, қорытынды жасауға дағдыланады. Негізін сонау жылдардағы тіл

жанашырларымыз қалап кеткен жүйелер жойылмаса екен. Ана тіліміздің мазмұны өзгермесін. Бұл барлық тіл жанашырларының көкейінде жүрген мәселе деп білемін. Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалары анық.

Осы орайда, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі ретінде өзімнің жаңартылған оқу бағдарламасы аясында өз сабағымда қолданылатын әдіс- тәсілдерден деректер келтіре кеткім келеді. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша күнделікті сабағымды оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарымды мынадай жолдармен өткіземін:

Сабақта АКТ- ны тиімді пайдалану;

Сабақты түрлендіріп өткізу;

Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, кестелер мен сызбаларды пайдалану

Ұстаз үшін ең маңызды мақсат- әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Мен жаңа сабағымды проблемалық ой тудыра отырып хабарлаймын, оқушы жаңа сабаққа ерте еніп, ұмтылып жауап іздейді, талпынады, қызығушылығы артады. Үнемі сұрақ қою жүйесімен жұмыс жасау білімді меңгерту барысында оқушы деңгейін шығармашылық сатыға көтереді. Бұл сабағымға жан бітіріп, шығармашылық серпіліс тудырады.

Шығармашылық- адам әс- әрекетінің түрі, адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігімен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрену керек.

Өз пәнімде эссені жиі қолданамын. Эссе- жеке көзқарасты білдіретін шағын көлемдегі, еркінкомпозициялық прозалық шығарма. Эссе жазу арқылы оқушының өзіндік шығармашылық ойлау және сол ойды жазбаша бере білу дағдылары дамиды. Өз пікірін айтады және дәлелдейді.

Сонымен қатар, сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойына қажетті 4 дағдыны (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) қалыптастыруға ықпал ететін әдіс – тәсілдерді жиі пайдаланып отыруға тырысамын. Олар: «Стоп – кадр», «Тыңдайтын үштік» , «Серпілген сауал», «Хикая картасы» , «Қос диаграмма» , «Моншақты әдіс» .Бұл әдіс- тәсілдер оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Мұғалім өзінің сабағында үнемі түрлі әдіс- тәсілдерді орынды пайдаланып отырса әр оқушы мынадай нәтижеге жете алады:

1.Өз бетімен оқуға, жұмыстануға дағдыланады;

2.Шығармалық ізденіске жетелейді;

3.Өз ісіне деген сенім пайда болады;

4.Әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренеді;

5. Салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді;

6.Шығармашылық белсенділігі артады

Қорыта айтқанда, сөзімді Елбасының мына бір сөзімен аяқтағым келді: «Жаңғыру аталуы бұрынғыдай тарихи тәжірбие мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керсінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық- рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды». ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қоғамды ізгілендіру, оның білім мен мәдениет жүйесін дамыту процесінде ақпараттық технологиялар маңызды рөл атқарады[4]. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні үшін басқа пәндермен салыстырғанда, оқушыларды шығармашыл болуды талап етеді, сондықтан оқушылардың қазақ халқының шешендік өнеріне ерекше мән беруді, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен халық ауыз әдебиетінің құндылықтарын дәріптеуді талап етеді. Қытайдың дана ойшылы Конфуций: «Ескіден қол үзіп, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады», - деген, сондықтан, қазіргі заман мұғалімі – рухани жағынан дамыған, педагогикалық әдіс-тәсілдердің барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бұзаубақова Қ.Ж. Инновациялық педагогика негіздері. – Алматы: Білім, 2009.-424 б.

2. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. – Алматы, 2001.
3. Садуақас Н.А. Сабақ барысындағы топтық жұмыстардың маңызы//Орта білім берудің мазмұнын жаңарту: мәселелері және болашағы. Облыстық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2017. – 148-152 б.
4. Назарбаев Зияткерлік мектептері// ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017. – 121 б.

Жаңартылған білім беру жағдайында тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі

Әбдіқалық А.Ә., Аймағамбетова А.Ж.

Новый орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері

Қазақтың кемел, талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты- білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. «Жаңартылған білім мазмұны дегеніміз – халықаралық стандарттарға сай келетін және Назарбаев зияткерлік мектептерінде бейімделуден өткен заманауи оқу бағдарламалары. Бұлар біздің балаларымызға қажетті функционалдық сауаттылық пен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дарытады» – деп атап көрсеткен болатын Елбасы Н.Назарбаев өзінің кезекті халыққа арнаған жолдауында.

Қазақстандық білім жүйесін дамыту стратегиясының басты мақсаты – ұлттық білім моделін жасау.

Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты — адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. Бұл қазіргі уақытта педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты көрініс тауып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Әрбір күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жанаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен

жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары). Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі шиыршық қағидатпен берілуі. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығы мен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсіл мен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Баланың жан-жақты ізденуін ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдер де пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылым мен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі біроқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Оқушы білімін бағалау жаңа білім беру мазмұнында бес балдық бағалау емес, критериалды бағалау арқылы бағалануы – оқушылардың оқу жетістіктерін нақты айқындалған, бірге даярланған, оқу үдерісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі, білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сай критерийлермен салыстыруға негізделген бағалау үдерісі. Критериалды бағалау оқыту, тәлім-тәрбие беру және бағалаудың өзара байланысына негізделген. Бұл бағалау жүйесінің оқушы үшін ерекше екендігін тәжірибе барысында байқадым.

- Қалыптастырушы бағалау шынайылыққа бағытталады.
- Оқушының өз бетімен жұмыс жасап, тұжырым жасауына ықпал етеді.
- Мұғалім үшін қай оқушының қандай деңгейде екендігін байқауға мүмкіндік береді.
- Оқушының өзара бір-бірін бағалауын қалыптастырады.
- Ата-ана өз баласының қай оқу мақсатынан төмендігіне көз жеткізіп, сол бойынша жұмыс жасауға мүмкіндік жасап отыр.
- Әр мұғалім қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын жасау арқылы өздерінің кәсіби бағытта дамуына қол жеткізетіндігі.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын, құзыреттілігін қалыптастыру жолдары, мәселелері тек қана білім мазмұнын жаңартуды жүзеге асырып қана қоймайды, сондай-ақ оқытудың тиімді технологиясы мен әдістерін қолдануды көздейді. Яғни бүгінгі күні мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және педагогикалық технологияларды меңгеру.

Қазіргі мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіруді міндеттейді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі оқушылардың сабақта, бос уақытында және күнделікті қарым-қатынасында технологияларды біліктілікпен және шығармашылықпен пайдаланудың бастапқы дағдылары арқылы қалыптасады.

Оқушылар білім беру бағдарламасындағы пәндерді оқу барысында мәліметтерді табу, негізгі қосымша ақпараттарды анықтау, өз көзқарасын білдіру, құрастыру және басқару, ақпараттармен және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен

қосымшаларды пайдалану арқылы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану дағдыларын дамытады.

Мысалы: әдебиетті оқыту барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану төмендегідей көрініс табады:

- көркем шығарма бөлімдерін және оның негізгі идеяларын толықтай түсіну үшін медиаматериалдарды қолдану;
- оқушылардың белсенділігін арттыру үшін АКТ мүмкіндіктерін тиімді қолдану;
- медиақұралдарды қолдана отырып, ақпаратты және дәлелді түсіну, әртүрлі пікірлерді талдау және салыстыру;
- медиақұралдарды қолдана отырып, ғаламдық мәселелерге қатысты тақырыптарды нақтылау және әртүрлі пікір тұрғысынан сыни талдау жасау;
- АКТ қолдана отырып, таныстырылым дайындау, салыстыру, бағалау, зерттеу және бірлесе отырып пікірлерін дәлелдеу.

Қазақ тілін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдерге:

1) Оқу-танымдық әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері:

- Тілдік әдістер (әңгіме, дәріс, семинар, диалогтік оқыту, топтық оқыту, жұптық оқыту, бірлесе оқыту);
- Көрнекілік әдістері (иллюстрациялар, көрсетілім, таныстырылым);
- Тәжірибелік әдістер (жаттығулар, тәжірибе жасау, қолмен түрлі бұйымдар (постер, кластер, буклет) жасау);
- Репродуктивтік әдістер;
- Проблемалық-ізденушілік әдістер;
- Өзіндік жұмыс әдістері (мұғалім басшылығымен және өз бетімен);

2) Оқу-танымдық әрекетті ынталандыру және уәжді арттыру әдістері.

3) Оқу-танымдық әрекеттің тиімділігін бақылау және өзіндік бақылау жасату әдістері. Оқушылар жалпы білім беретін негізгі мектеп бағдарламасындағы барлық пәндерді оқу барысында ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын жетілдіре және бағалай отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамытады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше.

Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен»

орналастырылған және бір –бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Қазіргі күні оқу процесінде «ең бірінші тыңдаймыз» деп оқушылардың тыңдалымға дағдылануына баса назар аударып отыру оқушыда өз бетімен тыңдауға назар аудару дағдысын қалыптастыруда. Күнделікті сабақ басталмас бұрын бүгінгі сабақтың мақсатын таныстыру оқушыда өз алдына мақсат қоя білуге, сабақ соңында бүгінге мақсатқа қол жеткізгендіктеріне қайта шолу жасау арқылы өз нәтижесіне саралау жасауға мүмкіндік беру бұл да жаңа білім беру мазмұнының жаңа бір қыры деп айта аламын..

«Қазақ тілі» бағдарламасында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану төмендегідей көрініс табады:

- онлайн сабақтар арқылы инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолданады;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы таныстырылымдар жасайды, салыстырады, жетілдіреді, зерттейді, бағалайды және бірлесе отырып, өз пікірлерін дәлелдейді;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қажетті ақпаратты таңдай алады.

Қазақ әдебиетін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдерге тоқталсақ, олар:

- 1) ауқымды мәнмәтін бойынша топтық зерттеу жұмысын жүргізу және белгілі бір мәселе бойынша автордың көзқарасын талдау;
- 2) жанрларды түрлендіру (драманы хикаятқа немесе хикаят тарауларын драмалық шығармаға айналдыру) және оның әсерін бағалау;
- 3) рөлдік ойындар арқылы автордан сұхбат алып, сұрақтар қою (мүмкін болса, авторлармен, фильмді түсірушілермен кездесулер ұйымдастыру);
- 4) оқушылардың сөйлеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған пікірталас, ми шабуылы, дебат, стратегияларды қолдану;
- 5) оқушының бүгінгі қоғамға лайық жеке тұлғалық қасиеттерін, оның рухани жан дүниесін байытатын қазақ тілінің этно-мәдени лексикасын, даналық сөздерін меңгерту, ана тіліндегі қарым-қатынас жасаудағы сөз әдебіне баулу, жағдаяттық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда ізгілендіру технологиясын қолдану;
- 6) оқу үдерісінде түрлі жағдаяттар, рөлдік ойындар, «дөңгелек үстел», «брифинг», баспасөз конференциялары, «Көңілділер, тапқырлар клубы» және монолог пен диалогке, әңгімелесуге жағдай жасау;
- 7) оқу үдерісінде түрлі ұнтаспаларды, бейнетаспаларды, медиаматериалдарды, бейнероликтерді, интернет материалдарын, электронды оқулықтарды, компьютер мен лингафондық аппараттарды, белсенді оқыту әдістері мен пәнаралық байланыс сабақтастығын кеңінен қолдану.

«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінің мұғалімдері оқушыларды өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді әртүрлі оқыту тәсілдерін қолдану арқылы тәрбиелейді және дамытады:

- сенімді қатынас пен ынтымақтастық ахуалын қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- әрбір оқушының жеке пікірін тыңдау және алынған білімдер мен түсініктерді қолдану мен оларды дамыту маңыздылығына мән беру;
- іс-әрекеттердің белсенді түрлерін ұйымдастыру және тиянақты сараланған тапсырмалар мен жаттығулар арқылы ынталандыру және дамыта оқыту;
- оқушылардың сабақта зерттеу жұмыстарын жүргізуін қажет ететін проблемалық жағдаяттар туындату және проблемаларды шешу стратегияларын модельдеу және көрсету;
- «оқу үшін бағалауды» қолдану арқылы оқушылардың оқуына қолдау көрсету;
- белсенді оқуға және зерттеу жобаларын орындауға негізделген оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерін қолдау;
- оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
- өз ойын жеткізе білу және дәлелдер келтіре алу, мәселелерді анықтау үшін өз пікірлерін жеткізу, болжам құру және ұсыныс жасау қабілетін дамытуға ынталандыратын жағдайлар жасау;
- оқушылардың жеке мүмкіндіктерін және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, сараланған тапсырмалар әзірлеу;
- жеке, жұптық, топтық және ұжымдық оқыту әдістері белсенді қолданылатын жалпы сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Жалпы білім беретін мектептер қалай білім алу керектігін білетін, дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, ой-өрісі дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастырып, дамытуда оқытудың түрлі стратегияларын қолданады.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың оқу сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ

ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017
2. Жубаева Ж.О., «Оқу үрдісіне ақпараттық-коммуникациялық технологияны енгізу – сапалы білім беру кепілі» №3, 2010 ж.
3. А.Ә.Жайтапова Г.А.Шамина «Әдіскер қызметінің мазмұны білім беруді жаңарту тұрғысынан» А. , 2010 ж.

Жаңартылған білім негізінде қазақ тілі сабақтарында оқушыларды шығармашылыққа баулу

*Бекниязова Динара Достановна,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінің оқытушысы, Ақтөбе қаласы*

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Аталған білім беру бағдарламасы туралы түсінгенім мен ұғынғаным мол.

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр.

Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін орыс тілді мектептерде оқытуға арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары). Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі.

Шығармашылық –бұл адам іс-әрекетінің түрі,бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі.Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігімен сапалы, дәлелді шешімдер кезінде қабылдай білуге үйренуі керек.Тек шығармашылық қана адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік әпереді.мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатыларының бірі болып табылатын бастауыш мектептің алатын орны ерекше, өйткені бастауыш мектеп:

1. Оқушылардың интеллектуалдық, рухани, табиғи нышандарын дамытуға өзінің қызығушылықтарымен бейімділіктерін іске қосуға жағдай жасайды.

2. Жеке адамдық сенімдерін қалыптастыруға жағдай жасайды.

3. Ұжымдық және жеке іс-әрекеттер тәсілдеріне үйретеді.

Баланың еркін шығармашылықпен ойлауына, оның барлық қабілеттерін дамытуға, өз күшіне деген сенімнің болуына жағдай жасайды. кіші жастағы баланың оқуға, оқу арқылы қабілеттерінің дамуына көп мүмкіндіктер бар.

Ұстаз үшін ең маңызды мақсат – әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы – оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып келген, оқушылардың білім сапасын көтеруге жағдай жасайтын, сабақты тиімді ұйымдастыруға, сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға көп көмегін тигізетін әдіс – диктанттарды қолдана білу. Сондықтан диктант неғұрлым жиі алынса, оқушылардың сауаты неғұрлым табысты болады. Диктанттардың мынандай түрлерін өткізіп отырдым: әріп, буын, сөз, сөздік, ескерту, шығармашылық, көру, өздік терме, графикалық, есту, бақылау диктанттары. Осы диктанттардың ішіндегі ең күрделісі – шығармашылық диктант. Қазақ тілі сабағында оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін осы шығармашылық диктантты көп қолданып жүрмін.

Мен жаңа сабақты өтпес бұрын тақырыбын проблемалық ой тудыра отырып хабарлаймын, оқушы жаңа сабаққа ерте еніп, ұмтылып жауап іздейді, талпынады, қызығушылығы артады. Үнемі сұрақ қою жүйесімен жұмыс жасау білімді меңгерту барысында оқушы деңгейін шығармашылық сатыға көтереді. Бұл - сабағыма жан бітіріп, шығармашылық серпіліс тудырды. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру үшін қосымша әдебиеттерді, ертегілер мен жұмбақтарды, жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді де бала шығармашылығы дамидындай етіп пайдаланып отырдым.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарымды мынадай жолдармен өткіздім:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, кестелер мен сызбаларды пайдалану;
4. Интерактивті тақтамен слайдтарды тиімді қолдану;
5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруда мынадай нәтижеге жеттім: 1. Өз бетімен оқуға, жұмыстануға дағдыланады. 2. Шығармашылық ізденіске жетелейді. 3. Өз ісіне деген сенім пайда болады. 4. Әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренеді. 5. Салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді. 6. Шығармашылық белсенділік артады. Осылардың нәтижесінде дарынды, қабілетті жеке тұлға қалыптасады.

Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек, шәкірттерді бәсекеге қабілетті жеке тұлға дәрежесіне жеткізе білу әр ұстаздың міндеті. Сондықтан заман талабына сай болып жатқан өзгерістерден қауіптенбей, мақсатқа сай, нәтиже аламыз деп сенемін.

«Кәсіптік қазақ тілі» пәнін қашықтықтан оқытудың әдістемесі

Алашбаева Гульжайнар Серказыевна

филология магистрі,

Адилканова Гулдана Базаркожаевна

педагогика ғылымдарының магистрі

қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушылары

Ақтөбе жоғары политехникалық колледжі, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

alash_82@mail.ru

Қазіргі таңда техникалық және кәсіптік білім беру саласында мамандар даярлауда қашықтықтан оқытудың жүйесі үлкен маңызға ие. Қашықтықтан оқыту, негізінен, білім беретін мекемеде және өндірісте қатар оқыту деген түсінік қалыптастырады.

Қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша білім алуға ниетті студенттер үшін Ақтөбе жоғары политехникалық колледжінде оқу үдерісінің үздіксіздігін және оқу жоспарының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қашықтықтан оқыту технологиясы енгізілген. Қашықтықтан оқыту, біріншіден, танымдық процестер мен теориялық түсініктерді үйлестіруге, сабақ беретін пәндері бойынша шәкірттерінің білімін жетілдіруге және шығармашылық белсенділігін арттыруға бағыт беретін оқытушылардың қызметін кеңейтуге және жаңартуға мүмкіндік береді. Екіншіден, жаңа қашықтықтан оқыту технологиясын енгізу студенттердің аудиториядан тыс өзіндік жұмыс жасауы үшін оңтайлы.

Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орнында қашықтықтан оқыту жүйесін енгізу студенттер назарына ұсынылмас бұрын, кейстік технология бойынша әр топқа негізгі пәндерден құрылымдық жағынан кешенді және сәйкесінше рәсімделген оқу-әдістемелік материалдары жинақталады. Бұл жұмыс, заманауи технологиялардың жаңаруы және ақпараттар ағынының молдығы тұрғысынан алғанда, үздіксіз жалғасады. Мазмұнына күнтізбелік-тақырыптық жоспар, сабақтың өту барысы, көрсетілімдер, бейнежазбалар, тірек сызбалары тәрізді әдістемелік құжаттар енетін электронды курстар әр пәнге арналып әзірленеді.

Ақпараттық көздер, жалпы алғанда, ғаламтор жаһандық желісі арқылы қол жеткізілетін компьютерлік оқыту бағдарламалары мен электронды оқу-әдістемелік кешендер қолданылуы желілік технологиямен сипатталады. Осы орайда қашықтықтан оқытуды тиімді жүзеге асыру мақсатында MOODLE тұғырнамасын қолдану таңдалды. Осы жүйені толық игерген оқытушылар дуальды білім алушы студенттер үшін электрондық курстарын толықтырып, жетілдіру жұмыстарын жүргізеді.

Қашықтықтан оқытудағы MOODLE жүйесі үш жақты қолданыста жүзеге асады: әкімгер - жүйеге жауап береді, түзейді, логин мен құпия сөзді жүктейді; оқытушы – өз курсы материалдармен толықтырады, студенттер орындаған аудиториядан тыс тапсырмалар жауаптарын тексереді, бағалайды; студент – аталған курсты игереді, тапсырмаларды орындайды.

Жүйені пайдаланушы студент өз атымен MOODLE жүйесіне кіргенде, «Менің курстарым» терезесі арқылы оқытылатын пәндер тізімінің қатарынан «Кәсіптік қазақ тілі» пәнін таңдады делік. «Пәннің интерфейсі» ашылғанда аталған пән

бойынша оқу бағдарламасында қамтылатын барлық материалдар қол жетімді болады.

Жүйелі білім алу қағидасына сәйкес студент, ең алдымен, теориялық мәліметтерді меңгеруге тиіс. Ол дегеніңіз - оқу аптасы мен бағдарламаны тұтас қамтитын «дәрістер кешені». Аудиториялық сабақтардың рет нөміріне сай келетін кез келген дәріс мазмұны аталған тақырыпқа сай оқу материалын студент алдына жайып салады. Болашақ маман қазақ тілі грамматикасына қатысты тақырыптар мен мамандық саласына қарай лексикалық тақырыптар ретінде берілген теориялық білімдерді өз бетімен игереді. Мәселен, екінші курстың оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес қазақ тілінің лексикологиясынан омонимдер мен сөздің көп мағыналылығы, синонимдер мен антонимдер, табу сөздер мен эвфемизмдер, сөздің тура және ауыспалы мағыналары, диалектілік лексика, терминдер мен кәсіби сөздер, неологизмдер мен архаизмдер, афоризмдер мен кірме сөздер, лексикография және сөздіктер туралы анықтамалар мен ережелерді біледі, олардың тілдік нормаларға қатыстылығы туралы оқиды. Сонымен бірге, «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша білім алатын шәкіртке «Менің мамандығым – бағдарламашы», «Ақпараттық жүйе құру», «Ақпаратты кодтау», «Қазіргі менеджмент пен маркетинг», «Стратегиялық маркетингілік жоспарлау», «Графикалық деректер» тәрізді кәсіптеріне байланысты лексикалық тақырыптар ұсынылады. Орыс тілінде оқитын студентке қазақ тілінде жазылған мәтіндерді оқумен қатар, аталған лексикалық тақырыптарды слайд-көрсетілімдер, бейнежазбалар арқылы игеріп, тірек сызбалар көмегімен түсіну мейлінше тиімді.

Педагогикалық тұрғыдан да, физиологиялық тұрғыдан да, кәсіби тұрғыдан да студенттің өзіндік ізденуіне мүмкіндік беретін, жауапкершілігін қалыптастыратын, шығармашылық белсенділігін арттыруға септігін тигізетін қашықтықтан оқыту жүйесінің артықшылықтарын атап өткен жөн. Іздеу, парақтау, көру, оқу, өз оқығанын көңілге тоқу әрекеттері арқылы студент «Тапсырмалар» терезесінен өз білімін тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмаларды орындауға кіріседі. Студенттерге көмек ретінде жүйеде тапсырмалар орындаудың нұсқалары да ұсынылады.

Мәселен, «Графикалық деректерді ұсыну. Диалектілік лексика» тақырыбы бойынша мынадай мазмұнда сұрақтарға жауап береді және жазбаша тапсырмалар орындайды:

1. Графикалық деректерге сипаттама беріңіз.
2. Олар қалай рәсімделеді?
3. Графикалық деректердің мәтіндік деректерден айырмашылығы неде?
4. Қазақ тілінде әдеби тіл нормасына енбейтін лексикалық ұғымдарды атаңыз. Себебі неде?
5. Диалектілердің кәсіби сөздерден айырмашылығы неде?
6. Қазақстанның түрлі аймақтарында кездесетін 6 диалект сөздер қатарын құраңыз. Оларды қатыстырып сөйлем құраңыз.

Бұл тапсырмалар студенттің теориялық білімдерді қаншалықты меңгергенін бағалауға ғана мүмкіндік беріп қоймайды, болашақ кәсіп иелерінің тапсырмаларды өз бетімен орындауы арқылы шығармашылық белсенділігін арттыруға, жазу сауаттылығын қалыптастыруға да септігін тигізеді.

Тапсырма орындау әрекетін студент «Тапсырмаға жауапты енгізу» түймесін пайдалана отырып жүзеге асырады. Әр тақырыпты қорытуға арналған тапсырмалар ұсынууда оқытушы студенттерден мәтін түрінде немесе басқа үлгідегі файлдар

түрінде талап ететін міндеттерді таңдайды. Оқытушының қызметі студентті бағалап қана қоюмен шектелмейді, орындалған өзіндік жұмыс туралы пікір қалдыруға да болады.

MOODLE жүйесіндегі студенттің келесі қадамы – аралық бақылау. Аралық бақылау тестілік тапсырмаларды орындау арқылы жүзеге асады. Тестілік жұмыс - қазіргі таңда оқу орындарында білім сапасын анықтауға қатысты қолданылып жүрген тәсілдердің бірі. Қашықтықтан оқытудағы тест тапсырмалары оқудағы күнделікті, дәстүрлі әдісті жоққа шығармайды, сонымен қатар оқушы білімінің сапасын арттыру үшін де қолданылады. «Кәсіптік қазақ тілін» оқыту барысында берілетін тест тапсырмаларының түрлеріне тоқталсақ.

Баламалы тестілік тапсырма екі жауаптың бірін таңдауға негізделген. Мысалы: «Жазу, қолдану, жоспарлау, жүйелеу, кодтау сөздерінің барлығы тұйық етістік пе?» деп сұралады. «Иә» немесе «жоқ» деп жауап беріледі.

Толықтыруға (еске түсіруге) арналған тестілік тапсырма орындауда студент берілген сөйлемді толықтырады немесе қалдырып қойған сөзді, сөз тіркесін тауып жазады. Мысалы: Мына мақалдың екінші сыңарын жаз: «Алуан-алуан кәсіп бар, ...» Студент «Таңдай біл де, талап қыл!» деп жазуға тиіс.

Сәйкестендіру тестілік тапсырмасы бойынша студент екі бағанда орналасқан мысалдарды бір – бірінің мағынасына, мазмұнына байланысты тауып топтастырады. Мысалы, Сөз таптары мен оның мысалдарын табу:

- | | |
|----------------|-------------------------|
| 1. Зат есім | а) бер, айт, жүр, кет |
| 2. Сын есім | ә) жетеу, он, он бес |
| 3. Сан есім | б) өңді, тентек, сылбыр |
| 4. Есімдік | в) былтыр, ілгері, әрең |
| 5. Етістік | г) аға, ана, бала |
| 6. Үстеу | ғ) арқылы, дейін, гөрі |
| 7. Шылау | д) сен, ол, біз, бәрі |
| 8. Одағай | ж) тарс – тұрс, салп |
| 9. Еліктеу сөз | з) қап, пәлі, япырау |

Тестілік тапсырманың дұрыс жауабын таңдау түрінде студент бір ғана дұрыс жауап таңдайды. Мысалы, Салалас құрмаластың қай түрі екенін көрсетіңіз: Жел саябырсыған сияқты, екпіні әлі де қатты?

- а) талғаулы
- в) қарсылықты
- с) ыңғайлас
- д) кезектес
- е) түсіндірмелі

MOODLE жүйесі оқытушыға тарау бойынша өткен тақырыптарды бекіту, қайталау, пысықтау үшін тест тапсырмаларын түрлендіріп әзірлеуге, ал студенттің тақырыптарды қалай түсінгенін, ойлау белсенділігін, ой қорыту мүмкіндіктерін көрсетуіне мүмкіндік береді. Барлық сұрақтарға жауап берілгеннен кейін дуальды жүйеде оқитын студент «әрекетті аяқтау» түймесін басу арқылы жауап беру нәтижелерін біле алады.

Қашықтықтан оқытудың тағы бір тиімді тұсы – бағалау. Білім беру саласында маңызды көрсеткіш деп саналатын бағаларды «Басқару» блогындағы «Бағалар» тармағынан білеміз.

Қорыта келе, қашықтықтан оқыту технологиясы студенттің дәрістерді меңгеруі, тапсырмаларды алуы және орындауы, оқытушыға бақылау жұмыстарын жіберуі,

тестілік тапсырмалар орындауы, электронды мекен-жайы бойынша қарым-қатынас жасауы тәрізді өзіндік жұмыстарын жаңа үлгіде, тиімді жолмен ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

MOODLE жүйесі студенттің оқыту үрдісінде оқытушымен байланыста болуын, сұрақ қойып, қажетті кеңестер алуын да қамтамасыз ете алады. Жүйе жұмысын игерген шәкіртке курстың басқа қатысушыларымен де қарым-қатынас жасау қолжетімді. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту жүйеге қатысушылар жұмысының мониторингін жүргізеді: оқытушы кез келген уақытта студенттің сайтта қандай жұмыс жасағанынан хабардар болады, студенттің қатысымын, белсенділігін, желіде өткізген уақытын бақылай алады.

Қашықтықтан оқыту - оқытудың дәстүрлі емес технологиясын қолдану арқылы өзіндік жұмыстар орындаудағы студенттердің шығармашылық белсенділігін арттырудың, кәсіптік күзiреттілігін қалыптастырудың тиімді нысаны.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бектұрова А.Ш., Бектұров Ш.К. Казахский язык для всех. – Алматы: Атамұра. 2004.- 194 бет.
2. Исаев С. Қазақ тілі. – Алматы, 2000.- 154 бет.
3. Оралбаева Н. Практикалық қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993.- 298 бет.
4. Арпабеков С. Қазақ тілі. - Алматы, 2004.- 145 бет.
5. Оразақынова Н. Қазақ тілі: Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 2014.- 230 бет.
6. Қапасова Б.Қ. Қазақ тілін жедел оқыту. - Астана: АрманПВ, 2007. – 288 бет.
7. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы: Көшпенділер, 2005.-.106 бет.
8. Сариева К. Қазақ тілінен жаттығу, тексеру тапсырмалары. - Алматы, 2001.- 98 бет.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясының заманауи білім берудегі рөлі

*Оразақынова Нұришат Алжанбайқызы
педагогика ғылымдарының докторы
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің профессоры*

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жетілдіру және оны сапалы деңгейге көтеру мақсатын көздейтін мемлекет саясаты Отандық білім саласын әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруге бетбұрыс жасады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Қазақстанның білім беру үдерісіне заманауи технологиялар мен әдістерді енгізу қажеттігіне баса назар аудару керектігіне ерекше көңіл бөлуде. Бұл туралы Президент «Қазақстан – 2050» бағдарламасында жаңа кезеңдегі әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағыты екеніне тоқталып өтті.

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайда өмір сүруге дайын болумен ғана қоймай, оны жақсартуға ықпал ететін жеке тұлғаны да қалыптастыра білу.

Жеке тұлғаға қойылатын нақты талап – шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік, жауаптылық, жоғары интеллектілік, терең білімдік, сауаттылық. Осы тұрғыдан алғанда «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын

дамыту мақсатында бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау міндетінің алар орны зор болып отыр.

Бұл міндетті жүзеге асыру үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық жоспары жасалып, оның мақсаты, міндеттері айқындалды.

Ұлттық жоспарда мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін төмендегідей кешенді жоспар жасалды.

Аталған **Ұлттық жоспардың мақсаты** - Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау. Ол үшін төмендегідей **міндеттер** қойылды:

- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың отандық және халықаралық практикасын зерделеу.
- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау.
- Білім мазмұнын жаңғыртуды қамтамасыз ету: стандарттар, оқу жоспарлары мен бағдарламалар.
- Білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу.
- Мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту.
- Мектептің және қосымша білім беру жүйесі ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту.

Жалпы функционалдық сауаттылық деген ұғымды таратып айтар болсақ, адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Сонымен, функционалдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Осыған орай Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың негізгі жеті тетігін (механизмдерін) бөліп көрсетеді.

Оның *алғашқысы – оқыту методологиясы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту*. Яғни мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жалпы білім беретін орта мектептің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖБС) жаңартудан бастау алуға тиіс. Ол үшін мұғалім білім алушының меңгерген теориялық білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сiңiруi керек. Олар: басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті); ақпараттық (өз бетінше ақпараттар көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштауы); коммуникативтік (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын (шет) ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау); әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті); тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақ өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу); азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, ділі, тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі); технологиялық (әр азамат өз мамандығына қарай ақпараттық технологияларды, сандық технологияны, білім беру технологияларын сауатты пайдалануы). Білім алушы осы аталған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді (әр пәннің мазмұны арқылы) меңгеруі тиіс. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы

Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты еңбегінде оқулық мәселесіне ерекше тоқталған болатын.

Жалпы оқулық жазу мәселесі күн тәртібінен түспеген, өзекті мәселелердің бастысы екендігі алаш арыстарының ой-пікірлерінен де анық аңғарылады. Атап айтар болсақ, Ж.Аймауытов: «...Тегінде оқу кітаптары кеңседе отырып одан-бұдан құрастырылып ойдан шығарылып, долбармен жазу керек емес, мектептердің программасына жанастырылып, сондағы оқыту тәсілдеріне сүйеніп жазылу керек. Бұлай болмағандықтан кітаптардың көбі мектептерде қолдануға жарамсыз болып қалады. Кітап жазушылар ауылдағы мұғалімдер арасынан шықпай немесе кітап жазам деген кісі, сол бастауыш мектепте бала оқытып көрмей тұрып, мектептердің мүддесіне, мақсатына тап ете түскендей кітап шығуы қиын». «...Мектептердің пән сөздерін кеңседе жасау дұрыс емес. Пән сөзін пән маманы, кітап жазушы шығару керек. Ешбір ғалым пән сөздерін кеңседе жеткізіп жасамайды. Кітап жазушы өзі табады. Бір ғалымның шығарған кітабында кейбір сөздер қолайсыз болса, екінші жазушы ол сөздерін түзеп, өзгертіп, жаңа сөз кіргізеді. Сөзді пән иесі ғана шығармаса, бөгде кісілердің шығаруы мүмкін емес. Өйткені, әр пәнге жетік адамдар білім кеңесінде болмайды. Пән иесі көп ойланып, көп еңбекпен тапса, кеңес сөзге көп ойланып отыра алмайды. Білім кеңестерінің жиналысында болғанымыз бар, онда сөздер жете тексерілмей, үстірт қаралатындығы, көп отырса жалығып, қолайсыз сөздерді де ала салатындығы байқалады», – деп оқулық жазудың үстірт қарайтын, жеңіл дүние еместігіне баса назар аударады. Елбасының жоғарыдағы тұжырымы осы алаш ойшылдарының пікірімен үндесіп жатыр.

Яғни, жоғарыдағы пікірлерде айтылғандай, оқулықтың мақсаты, міндеті, мазмұны, құрылымы функционалдық сауаттылықтың құзыреттіліктеріне сай жазылуы тиіс. Оқулықты жаңа мазмұнда жазу барысында оның негізін салған авторлар ұмыт қалмауға тиіс. Себебі кез келген оқулықтың негізін қалаған сол алғашқы авторлар. Олардың атын оқулықта сақтап қалу біздің азаматтық борышымыз болуымен қатар, болашақ ұрпаққа берер тәлім-тәрбие болмақ. Яғни, қазақ халқы менталитетіндегі үлкенге құрмет, кішіге ізет ұстанымы болмақ.

Жалпыға білім беретін орта мектеп стандарты негізінде жазылатын мектептердегі оқулық жоғарыдағы айтылған құзыреттіліктерді басшылыққа ала отырып дайындалуы қажет.

Функционалдық сауаттылықты жүзеге асырудың *екінші темігі (механизмі)* – *оқыту нысандары мен әдістері*. Тәуелсіз қазақ елінің оқулықтарының мазмұны ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып жазылып, оны оқыту мен жүзеге асырудың жаңа әдістері, яғни білім беру технологияларын мақсатты түрде оқу үрдісіне енгізу арқылы жаңа бағытта жұмыс жасауға міндеттіміз. Осы негізде білім алған мектеп оқушылары теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолданумен қатар ана тілінің келешегіне үлкен жауапкершілікпен қарауға тәрбиеленеді.

Ұлттық жоспарда көрсетілген функционалдық сауаттылықтың *үшінші темігі (механизмі)* – *оқу нәтижелерінің бағалау жүйесін өзгерту*. Яғни бағалау жүйесі функционалдық сауаттылықта сырттай бағалау және іштей бағалау болып бөлінеді. Іштей бағалау – оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау және мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты өлшеміне сәйкес, ал сырттай бағалау – әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелеріне сәйкес (ҰБТ, ОЖСБ және т.б.), сондай-ақ халықаралық зерттеулерге (TIMSS, PISA және PIRLS) қатысуы арқылы жүзеге асырылады. Нақтырақ айтар болсақ, сыртқы бағалау белгілі бір мамандық иелеріне қатысты болса, іштей бағалау көбіне білім алушыларға қатысты. Сонымен қатар білім алушылардың өзін-өзі бағалауы, ұйымдастыруы, жетілдіруі және жеке жетістіктері бойынша бағаланады. Біздің тәжірибемізде, осы аталған білім алушының бағалау жүйесі ұлттық төл технологиямыз «Сатылай кешенді оқытуда» қолданылып келеді. Бұл жоғарыдағы аталған басқарушылық, ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік, тұлғалық, азаматтық, пәндік құзыреттіліктерді білім алушы бойына дарытады. Оның дәлелі

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен білім алып отырған оқушылар мен оларға білім беруші мектеп мұғалімдерінің жыл сайынғы жетіп отырған жетістіктері, яғни мектеп бітіруші түлектердің Ұлттық бірыңғай тесте жоғары пайыздық көрсеткішке жетуі және Қазақстан Республикасы Кіші ғылым академиясының республикалық ауызша командалық олимпиадасына республикамыздың әр өңірінен бастауыш сыныптан бастап, орта, жоғары буын сыныптарынан оқушылардың қатысып, жүлделі орындарға ие болуы. Бұл туралы әр өңірдегі баспасөз құралдарында жарияланып отырады.

Ал функционалдық *сауаттылықтың төртінші тетігіне (механизміне) тоқталар болсақ, оған қосымша білім және мектептен тыс сабақтармен қамтуды жатқызады.* Шынтуайтына келгенде, бұл мәселе бізде толыққанды жүзеге асып отырмағандығы белгілі. Себебі, әлі күнге дейін стандарт пен оқулықтарға айтылған сын түзелмей отырған кезеңде мұндай қосымша білім беру арқылы функционалдық сауаттылық өз деңгейінде жүзеге асып отыр дегенді айта алмаймыз. Бұл тұрғыда да біз, алаш арыстарының бірі Ж.Аймауытовтың мына бір қағидасын басшылыққа алсақ, функционалдық сауаттылықтың төртінші механизмі жүзеге асқан болар еді. Ағартушы: «Балаға ең қымбат, ең жылы, жақын нәрсе – туған жері, туған жерінің құбылыстарын білу балаға өте қызық. Мұндай оқыту жүйесі жергілікті өмірге, табиғатқа терең мазмұн беріп, оларды баланың санасында жандандырып, олар баланың махаббатын арттырады, бала әлеумет тұрмысына, төңіректегі әлемге терең көзбен қарап үйреніп, жолығатын қиын мәселелерді оңай шешетін болады, бұрынғыдай мектептен шыққан соң, бала үйренген білімін ұмытып қалмайды, қайта білгенімен өмір жүзінде пайдаланатын болады.

... Балаларға туған жердің табиғатын, туған елдің әдет-ғұрпын, мінезін үйреніп, хәкімшілік, әлеумет мекемелерімен, олардың қызметтерімен, сауда кәсібімен, қатынасу жолдарымен таныстырып, жергілікті тарихи ескерткіштердің қатынасын түсіндіріп, балаларды бұрын білмейтін, жат нәрсемен яғни әлеумет ғылымымен таныс қыламыз», – деп бүгінгі заманауи білім беру талабына сай функционалдық сауаттылық мәселесіне, дәл осы терминмен айтпаса да, терең талдау жасап, нанымды тұжырым айтқан. Егер де біз қосымша білім беру және мектептен тыс сабақтарда осы қағидаларды басшылыққа ала отырып, бағдарламалар түзіп, қосымша әдебиеттер ұсынатын болсақ, онда функционалдық сауаттылықтың төртінші механизмі және заманауи білім беру талаптарын өз дәрежесінде жүзеге асады.

Ұлттық жоспарды жүзеге асырудың бесінші тетігі (механизмі) – мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі). Бүгінгі білім беру жүйесінде қазақстандық мынадай мектептер бар. Олар: жалпы білім беретін орта мектеп, гимназия, лицей, дарынды балаларға арналған мектептер, Назарбаевтың зияткерлік мектебі (НЗМ) т.б. Осы мектептердің басқару жүйесі, оқу бағдарламалары, оларда оқытылатын пәндердің оқулықтары, онда оқитын оқушылардың білім сайыстары бір-бірінен ерекшеленіп, бүгінгі қоғам талап етіп отырған үрдістен шығуы тиіс. Өкінішке орай, әлі күнге дейін бұлардың бағдарламалары мен оқулықтарында ешбір айырмашылық болмай тұр. Сондықтан да оқушыларарасында өткізілетін түрлі білім сайыстары бір бағытта, бір мақсатта жүргізіледі. *Алтыншы тетігі (механизмі) – барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы.* Бұл мәселедегі жүзеге асырылатын жұмыс – мектеп пен жоғары оқу орындары, түрлі ғылыми зерттеу орталықтары мақсатты түрде келісімшартқа отырып, мектеп оқушыларының мамандық таңдауда, ғылыми жұмыстар, жобалар жасауда әріптестік қарым-қатынас орнатып отыру екі жаққа да тиімді болмақ. Жоғары оқу орындары білім сапасын арттыруда өзі дайындайтын маманның деңгейін, қабілетін, дарынын алдын-ала анықтап, болашақта жүргізілетін жұмыстарын жоспарлап, білім алушыларға кредиттік жүйенің ерекшеліктерін, мақсат-міндеттерін алдын-ала түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, мектеп оқушыларына мамандық таңдауда дұрыс бағыт беру. Осы тетікті мақсатты түрде жүзеге асыру үшін биылғы, яғни 2013-2014 оқу жылынан бастап Астана қаласы Білім басқармасының бұйрығымен №70 «Мөлдір»

балабақшасы, №4 мектеп-гимназия, №8 жалпы білім беретін орта мектеп және №66 мектеп-лицейде «Сатылай кешенді оқыту технологиясы – сапала білім берудің» кепілі атты тақырыпта тәжірибелік жұмысымызды бастап кеттік. Тәжірибе жұмысы төрт жыл бойы жүргізіледі. Осы төрт жылдың ішінде балабақша тәрбиешілері мен мектеп мұғалімдері теориялық та, практикалық жағынан да біршама жетістіктерге жетеді деген ойдамыз. Ең бастысы жоспар айқын, жасалып жатқан жұмыстар өз нәтижесін беруде.

Функционалдық сауаттылықтың *жетінші механизмі – ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету*. Ата-ана бала бойына жас кезінен адами құндылықтарын дарытып, саналы өмір сүруге баулуға борышты. Ата-ананың бала тәрбиелеуде функционалдық сауаттылығын көтеру мектеп мұғалімдерімен олардың тығыз байланыс жасап, екі жақты әріптестік әрекетінің негізінде қалыптасады. Яғни, ата-ана баласының ерекше қасиетін тануы, оны түрлі жағдаятта түсініп, қол ұшын беруі, олардың қабілетін дамытуға, бойына рухани құндылықтарды қалыптастыруға, жағымсыз мінез-құлық, әдеттерден арылтуға көмек беретін функционалдық сауаттылық ата-ана бойында да болуға тиіс. Сондықтан біз аталған балабақша мен мектептерде «Ата-аналардың ашық есік күнін» белгілеп, апта сайын оларды ашық сабақтарға шақырып, балаларының білімін, өз көздерімен көріп, қандай жетістіктері бар, қай жерде олқылықтар кетіп жатқандықтарын өз көздерімен көріп, қорытынды шығарып отыруын басты мақсат еттік. Сонымен қатар ата-аналармен бірге «Әкем, шешем, мен және туған тілім» және «Осы жұрт ұлы Абайды білер ме екен?» деген тақырыптарда марофон өткізілу жоспарланып отыр. Қорыта келе, Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауындағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында құрылған бес жылдық Ұлттық жоспардың дер кезінде көтерілгендігін құптаумен қатар, бұл функционалдық сауаттылық мәселесі заманауи білім берудің басты бағыты болатындығына сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.А.Назарбаев. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. // Ана тілі газеті. № 5, 2-8 ақпан, 2012 ж.
2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
3. Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. ІҮ том. Алматы, Ғылым, 1998ж – 437 бет.
4. Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. V том. Алматы, Ғылым, 1999ж – 301 бет.

Жазылым дағдысын танытатын тапсырмалар түрлері

Жолшаева М.С.

филология ғылымдарының докторы, ассоц.проф.,

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, С.Демирель атындағы университет,

maira_zhanina@mail.ru

Ақбанбай А.Б.

Сулейман Демирель атындағы университеттің магистранты, bokenbaykyzy@mail.ru

Жазу қазіргі кезде ғана емес, адамзат дамуының барлық кезеңінде маңызды қызметке ие болған. Бұрынғы кездері адамдар қашықтықта тұрып, бір-бірін түсіну үшін айналадағы заттар негізінде түсінік беруге тырысқан болса, дами келе хат жазу, ал қазіргі кезде ғаламтор желілері арқылы, атап айтқанда, whatsApp, facebook, twitter, @mail, Instagram сынды тағы басқа ақпарат алмасу құралдары арқылы хабар беріп, тіпті шет елдегі достарымен де хат алмасып жатады. Ертеде хатты апталап, айлап күткен болса, қазір

жазудың бір адамнан екінші адамға жетуі үшін секундтар ғана қажет. Бұл – жазудың қызметінің артқанының тағы бір белгісі болып табылады.

Жазудың адамзатқа қаншалықты керек екенін, құнды екенін А.Байтұрсыновтың мына пікірінен біле аламыз: «Біздің заман – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деген [1, 369 б.]. Яғни, жазу ауызша сөйлеуден қай кезде де артығырақ. Себебі, ауызша сөйлеудің таралу кеңістігі шектеулі, екіншісі, уақыт жағынан да шектеулігі бар. Осы екі кемшілікті орындау жазудың міндеттерінен анық байқалады.

Қазіргі заман жазу заманы болғандықтан, жазусыз қарым-қатынас толық өз дәрежесінде болмайды. Жазу арқылы біз сауаттылығымызды арттырып, шетелдермен қатыр-қатынас жасай аламыз. Оқушылардың, жалпы кез келген адамның мәдениеттілігін, ой-өрісінің деңгейін, ойлау жүйесін жазу арқылы аңғара аламыз, сол арқылы оқушылардың сауаттылық деңгейін анықтаймыз.

Қазіргі кезде жазылым - функционалды сауаттылықты анықтаудың бір қыры. Ал мұны, біз оқу үдерісінде әр түрлі жазылым тапсырмалары арқылы ұйымдастырамыз.. Оның ішінде, жазылым тапсырмалары арқылы қандай білік-дағды қалыптасады, міне, осының бәрін жазылым тапсырмаларының түрлерін қарастыру барысында анықтай аламыз. Мектеп оқушылары орындайтын жазылым тапсырмаларының бірнеше түрлерін қарастырып көрейік, олар, диктант, шығармашылық жаттығулар, шығарма жазу, т.б.

Мектеп оқушыларының жазылым дағдысын, сауатты жазуын қалыптастыру үшін бірнеше жаттығулар орындалады. Кез келген жазылым әрекетінде жазылымға дейінгі жаттығулардан кейін оқушыларға жазылымның негізгі мәтіні беріледі. Жазылымда берілетін негізгі жаттығулар мен тақырыптары тек қана жазылым алды тапсырмаларымен емес, сонымен қатар оқушылардың ой өрісін дамыту үшін, ойлау әрекетін кеңінен пайдалану үшін құрылады. Жазылымға дейінгі тапсырмаларда тікелей жазылыммен байланысты тапсырмалар жүйесін орындаған оқушылар үшін енді сауатты жазу басты мәселе болып табылады.

Оқушыларға диктантқа дейінгі тапсырмалар жүйесін орындатқаннан кейін, диктант жазу басты мәселе болып табылады. Диктантқа дайын оқушыға берілетін диктант мазмұны бірнешеге бөлінеді:

1. Диктант мәтіні оқушының деңгейіне байланысты болуы шарт. Яғни, қай сыныпта оқушы қанша сөз жазу керек, мұғалім соны ескеру қажет;
2. Диктантқа берілетін мәтін мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы қажет;
3. Диктант мәтінінің тақырыбы оқушыларды қызықтыратын, ойландыратын тақырып болуы керек;
4. Диктант мәтінін таңдаған кезде мұғалім барынша оқушылардың ойын дамытатын, тың мәлімет беретін мәтін таңдауға тырысу қажет. Себебі, оқушылардың ойында барынша көп мәлімет қалса, ұшқыр ойлайтын, саналы болып өседі.

Диктанттың қай түрі болса да, әрбір оқушы оны сауатты жазуға тырысады. Алайда, қазіргі кезде диктантты орфографиялық нормаға сай оқу дәстүрге айналған. Себебі, кез келген оқушы естіген нәрсесін жазады. Жалпы оқушыларды орфоэпиялық нормаға сай оқылатын диктантқа алдын ала дайындық тапсырмаларын беріп жазуға болатынын ескеру керек. Ол үшін алдын ала диктантқа дейінгі тапсырмалар қатарын ұсынуға болады. Мысалы,

Диктант тақырыбы: «Жауынгер аға»

Отанға, сол Отанның жүрегі — Москваға, қатерлі, қатал жау суық қолын созған кезде, сіздің атыңыз қараңғы түнде тұнық аспанға атылған жай оғындай жарқ ете қалды. Майдандағы әскерлерге нұрын шашты.

Ол — мың басы. Мың қолды бастаған отыз бір жастағы Момышұлы — Намысұлы боп шыға келді. Отанның әрбір адым жері үшін табан тіреп, қайсарланып, өжеттеніп тұрып алды. Қоршаудың өзін ерлікпен, өжеттікпен қаймықпай бұзып өтті.

Сол шақта астананы қорғаған мыңдар мен миллиондар арасынан «Момышұлының батальоны» өзгеше аталды, ерекше көзге түсті.

Оны генерал И.В.Панфилов мақтады. Газеттер жазып жатты. Ер еліне еткен еңбегін ерекшелігім демей, еліріп мақтан етпей, сол бір табиғи қалыпта қала білді. Мұнда ерлікке тән азаматтық көрінді. Сөйтіп, Бауыржан бастаған батальон Москва түбіндегі шайқаста асқан ерлік көрсетті. (113 сөз)

Диктантқа дейінгі тапсырмалар:

1. Түнүк, нүрүн, өжет, көзгө, бұзұп өтту сөздерінің орфографиясын жазыңыз;
2. Берілген сөздерді толықтырыңыз:
 - a) Жүрек + і :
 - b) Тірек + і :
 - c) Мың + басы:

Мақсаты: оқушылардың буын үндестігін қалай түсінгендігін анықтау, орфоэпиямен оқылған сөздердің дұрыс, орфографияға сай жазылуына машықтандыру.

Диктант тақырыбы: «Бала би»

Бала бидің атасы азан шақырып қойған аты — Бименбет. Бала би — лақап аты. Бименбет әкесі Есенәліден он үш жасында жетім қалады. Әкесінің інісі Арғынбайдың атын ерттеп, қасына ереді. Арғынбай бидің алдына келген үш даудың шешімін айтып, Бименбет көзге түседі де, Бала би атанып кетеді.

Төрт кісі бірлесіп, бір ақсақ ешкіні семіртіп соймақ болып қырманға жібереді. Және де сойғанда кім қай аяғын алатынын алдын ала белгілеп қойса керек. Ешкі бір күні шүберек ораған ақсақ аяғын отқа тигізіп алып бақырып, қырымды айнала жүгіріп, содан қырман өртенеді. Өртке кінәлі кім деп іздегенде үш сау аяқтың иесі «Отқа жұғысқан да, қырманға өрт қойған да шүберек байлаған ақсақ аяқ», — деп ауру аяқтың иесін айыпты қып шығарады. (110 сөз) [2].

Диктантқа дейінгі тапсырмалар:

1. **Би мен шешен сөздерін түсіндіріңіз**
2. **Аяқ, аян, ою, қию сөздерін жазыңыз**
3. **Жоқ, тапқанға, сөз, қолқа, бар сөздерін орналастырып, артық сөзді алып тастаңыз.**

Мақсаты: Оқушылардың ойларын бір арнаға бұру, тез әрі нақты жауап беруге үйрету.

Осы сияқты тапсырмалар арқылы оқушыларды алдын-ала диктантқа дайындауға болады. Диктантқа дейінгі тапсырмаларды түрлендіріп беру әр мұғалімнің өзіне байланысты болып табылады.

Оқушылар басты жазылым әрекетін жазып болған соң, не істейді? Көп мектептерде мұғалім жұмысты жинап алып, тексеріп бағасын қоя салады.

Бірақ, диктантта жіберілген қателер ешқандай рөл ойнамай, оқушы дәл сол қатесін келесі жолы да жібереді. Немесе, қатемен жұмыс жасалады, Бірақ форматы тек қана қате жазылған сөзді көшіріп жазу болып табылады. Сондықтан, қатемен жұмыстың жасалу барысын біраз өзгерту керек. Қатемен жұмыс балаға қандай көмек көрсетуі шарт:

1. Қатемен жұмыс кезінде бала жазған диктантын қайта оқып, мәтін мазмұнымен қайта танысып шығады. Яғни, есте сақтаған ақпаратты қайта жаңғыртады;
2. Мәтін мазмұнының тәрбиелік маңызын ата-анасымен болсын, немесе достарымен, інілерімен талдап, тәрбиелігін одан әрі байқатады. Яғни, біреуге айту арқылы тағы бір адаммен ақпарат алмасады.
3. Қате жазылған сөзге талдау жасау арқылы сол қателікті келесі жолы болдырмауға тырысады. Осыларды ескеріп диктанттан кейінгі жаттығу жұмыстарын ұсынамын:

Диктанттан кейінгі жаттығулар: («Жауынгер аға» диктанты бойынша)

1. Ұлы Отан соғысы қай жылдары болды?
2. Ұлы Отан соғысында ерен ерліктерімен көзге түскен кімдерді білесіңдер?
3. Мәтіннен сан есімдерді тауып, мағыналық топтарға бөліңіз
4. Қате кездескен сөздерді пайдаланып сөйлем құраңыз;

Диктанттан кейінгі жаттығулар: («Бала би» диктанты бойынша)

1. Мәтіннен біріккен сөздерді теріп жазып, мағынасын түсіндіріңіз
2. Дау сөзін пайдаланып, сөйлем құраңыз
3. Сан есімдерді тауып, мағыналық топтарға ажыратыңыз
4. Қате жазылған сөзді белгілеңіз: *ауру, ақсақ, айақ, өрт, қырман, шүберек, Бименбет*
5. Қате кездескен сөздерді пайдаланып сөйлем құраңыз;

Мақсаты: Диктант мәтінін бала қаншалықты түсіне білді, грамматикалық қателіктерді қалай дұрыстауға болады, сөз таптарын ажыратып, сөздерді орынды қолдануларына машықтанады.

Диктанттан кейінгі жаттығулар барынша әр түрлі болуы шарт. Себебі, осы арқылы біз баланың сауатты жазуын да, есте сақтауын да, сыни ойлауын да дамыта аламыз.

Жазылым әрекетінен кейінгі жаттығулар тек қана диктантта ғана емес шығарма мен мазмұндамада да болады. Бірақ, шығарма мен мазмұндаманың тапсырмаларының бір ерекшелігі, диктантта сөз, әріп қатесін болдырмау басты назарда болса, бұл екеуінде сөйлемнің дұрыс құрылуы негізге алынады.

Оқушыларға диктанттан басқа жазылым дағдысы мен сыни ойлауды қалыптастыратын бірнеше жаттығулардың түлерін ұсынуға болады.

Лексикалық жаттығулар:

1-жаттығу. Мәтіннен синоним сөздерді табыңыз.

Қазір басында желегі бар жас келіншек қалың қонақ ортасында, Абай қасында отыр...

Солардың ішінде ең көрнектісі және бар жиынға қадірлі, құрметтісі, сүйіктісі – мынау қос ішекті домбыраны безілдетіп отырған орта бойлы, қызғылт жүзді, кең ақ маңдайлы, нұрлы жігіт. Ол – Арқаға аты шыққан, бүкіл Орта жүзді асыл саз, әсем әнімен ұйытқан Біржан сал.

Қадірлі ақын, құрметті қонағына Абай қадала қарап қапты. Ақ-қарасы әлі де айқын, таза, ұзынша көздері өзгеше боп телміре түсіп, шарасынан асып үлкейіп қарайды.

2-жаттығу. Төмендегі омоним сөздердің әр түрлі мағынасын тауып, сөйлем жазыңыз.

Жас, ат, түс, ара, жаз, қара, бас.

3-жаттығу. Берілген тіркестерден артығын тауып, сөйлем құраңыз.

Таудың басы, өзеннің басы, жұмыстың басы, аптаның басы, аяғын басты, жылдың басы, адамның басы, көштің басы.

Жаттығудың мақсаты - мектеп оқушыларының сөздік қорын көбейту, жазылым әрекеттерін орындау барысында қай сөзді қандай мағынада қолдану керектігін түсіндіру. Мәтінді қызығып оқуға, мәтіндегі синоним сөздердің қолданылуына назар аудару.

Жаттығудың маңызы – оқушылардың сөз саптауын, ойды жүйелей беруіне көмектеседі.

Шығармашылық жаттығулар:

1-жаттығу. Берілген жауап бойынша мәтінге сұрақ қойыңыз.

Төле би жас кезінде Әнет бабаға барып, батасын алыпты.

- a)
- b)
- c)
- d)

Менің саяхатым 1856 жылы 28 майда басталды.

- a)
- b)
- c)
- d)

2-жаттығу. Берілген сөйлемді сөздердің орнын ауыстырып, артық сөз қоспай сөйлемді түрлендіріңіз.

Төле би мен Қаз дауысты Қазыбек би ертеректе өлген бір кісінің құнын даулап, Кіші жүзге келеді.

Жаттығудың мақсаты – Оқушының өз ойын еркін жеткізіп, сауатты жазуына машықтандыру;

Жаттығудың маңыздылығы – оқушы өз ойындағы сөйлемді сауатты әрі көркем түрде хатқа түсіріп, өз ойын аудитория алдында көркем жеткізуге үйретеді. Оқушы бір ойды әр түрлі түрде жеткізуге үйренеді.

3-жаттығу. Оңнан солға қарай, солдан оңға қарай оқылса да өзгермейтін сөздерді жаз.

Жаттығудың мақсаты – оқушының ойлау қабілетін дамыту, білім дағдыларын жетілдіру.

Жаттығудың маңыздылығы – тез әрі шапшаң ойлануына әсер етеді. Ойлау мен іс-қимылды бір уақытта пайдалануына дағдыланады;

Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар оқушылардың ойларын жүйелеуге, дұрыс пайдалануға өз әсерін тигізеді.

Оқушыларды көркем жазуға жетілдірудің тағы бір жолы шығарма жазуға жетілдіру. Оқушыға шығарма жұмысын жазар алдындағы материал жинақтау мен іріктеу шығармашылық бағыттағы күрделі жұмысқа жатады. Материалды топтау жұмысында шығарма тиімді жазылу үшін оқушыларға төмендегідей тапсырмаларды жүктеуге болады:

- Материалды жоспарға сай топтау;
- Бакылау мазмұны бойынша материалды қайта топтау;
- Материалды қайта топтауда жіберілген кемшіліктерді түзету;
- Жиналған материалды шығарманың үш бөліміне ыңғайлап қайта ұсыну;

Материалды жинақтап іріктегенде оқушының көркемдік мәтінді көркемдік ерекшелігі жағынан толық, жан-жақты талдай білуі, текстегі кейбір авторлық нақты дәлелдемелерді жүйелей көрсетуі үнемі ескеріліп отырылуы керек, демек, бұл жерде материалды дұрыс іріктей білу процесі іске асырылады.

Дайындық кезіндегі үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыстың бірі – шығарма тақырыбын таңдау. Оқушының таңдаған тақырыбы материалды жетік білетіндігімен, көңілге жақындығымен, жазуға мүмкін болатындығымен ерекшеленуі керек. Тақырып таңдау – бар жұмыстың кіріспесі, шығарманың қалай басталып, қалай аяқталуы да осыған байланысты іске асады.

Оқушының шығарманы жазуы үшін ең бірінші қызығушылықты ояту керек. Оқушылардың шабытын, құлшынысын ояту тікелей мұғалімге қатысты жұмыс. Оқушыларға тақырып берер алдында, кез келген мұғалім тек қана орфографиясын дамытуды емес, сонымен қатар ішкі ойын ашық жазуды, қоғамда болып жатқан құбылыстарға өзіндік ой-пікірін айтуды көздеу керек. Сонда ғана, оқушылардың ойлау әрекеті іске асады. Оқушыларға шығарма жаздырмас бұрын қандай маңызды тапсырмалар жаздыртуға болады:

Шығармаға дейінгі жаттығулар:

1. Қызыл, киім, маған, көйлек, дүкен, кино, бару, керек деген сөздерді пайдаланып сөз тірекестерін құрастыр
2. Берілген кестеге екі сөздің ұқсастықтарын жазыңыз:

| Қыз | Қыс |
|-----|-----|
| | |

3. Берілген суреттер бойынша тақырып таңда:



4. Айналаға зер салып, мұқият қарай аласың ба? Белгілі заттан белгісіз нәрсені байқай аласың ба? Осы тұрғыда мәтін құрастырып жаз.(Осы сияқты тапсырмалар оқушылардың бойындағы аңғарымпаздықты, байқағыштықты дамытуға әсер етеді.)

5. Елестету арқылы ой толғау жаздыру. Сендер отбасыларыңмен демалуға табиғат аясына шықтыңдар. Табиғат саған қатты ұнады. Демалыста болған әсеріңді хат арқылы досыңмен бөлістің. (Бұл тапсырма баланың жан дүниесін көрсетеді. Осы арқылы психологиялық зерттеу жасауға әбден болады.)

6. Кез келген бір досыңның қуанған және ашуланған сәтін елестет. Сол кездегі досыңның түрін, қимылын суреттеп ой толғау жаз.(Бұл тапсырма оқушының қаншалықты бақылаушы екенін аңғартады және досының қуанған, ашуланған сәттерін суреттеп жазарда, қай жерде қандай сөзді дұрыс қолдану керек екенін ескереді.)

Жазылым әрекетінен кейінгі жаттығулар тек қана диктантта ғана емес шығарма мен мазмұндамада да болады. Бірақ, шығарма мен мазмұндаманың тапсырмаларының бір ерекшелігі, диктантта сөз, әріп қатесін болдырмау басты назарда болса, бұл екеуінде сөйлемнің дұрыс құрылуы негізге алынады.

Шығармадан кейінгі жаттығуларды тікелей синтаксис саласы бойынша орындаймыз. Яғни, сол арқылы оқушыларға, салалас, сабақтас сөйлемдердің жасалуын, пунктуацияны, еркін сөз тіркестері мен тұрақты сөз тіркестерін үйретуге болады. Бұл тұрғыдан келгенде тапсырмалар төмендегідей берілуі мүмкін:

1. Шығармадан салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдерді тауып, түрлеріне қарай талдаңыз;
2. Жерге байланысты еркін және тұрақты сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз;
3. Берілген сөйлемге тиісті тыныс белгілерін қойыңыз;

Осы сияқты тапсырмалар арқылы шығарманы пысықтап, қорытып алуға болады.

Жазу – оқушыға ғана емес, кез келген адамға ең басты, маңызды рөл атқаратыны бәрімізге мәлім. Ал, тікелей оқушылар үшін жазу – сауаттылықты арттырудың ең пайдалы тәсілі. Қазіргі таңда қоғам сауатты, ойы ұшқыр адамдарды қажет етеді. Бұл – болашақ Қазақстанның басты күші. Сондықтан, әрбір адам мейлінше, сауатты болуы қажет. Сауаттылық тек қана жақсы сөйлегеннен емес, сауатты, қатесіз, өз ойын тыңғылықты, жоғары деңгейде көрсете білген адамдарға тән нәрсе. Ал оқушыда функционалды сауаттылықтың жоғары деңгейде болуының бір жолы ретінде жазылымды алға тартамыз. Жоғарыда атап өткеніміздей, жазылым әрекеті, оның ішінде шығарма, диктант, мазмұндама, эссе, ой толғаулар арқылы біз оқушылардың жазу сауаттылығын арттыра аламыз. Оған қажетті ең басты қадамдарды анықтадық:

- Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру;
- Оқушыларды тілді сүйеге баулу;
- Тек қана мектепте емес, кез келген ортада өз тілінде ойын ашық жеткізе білуге дағдыландыру;
- Тек қана мектептегі жазылым әрекеттерінде ғана емес, сауатты жазуды басқа да қарым-қатынас құралдары арқылы дамыту;

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. -369 б.
- 2 «Сөз тапқанға қолқа жоқ» кітабы

Жаңартылған тәрбие білім беру жағдайында Б.Момышұлы шығармаларын оқытудың тәрбиелік мәні

Макешова Жанат

ф.ғ.к., доцент

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ,

Ақтөбе қаласы

TomGulek@mail.ru

Қазақстан-2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің жасалуы мен қалыптасуы және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру жүйесі деңгейіне көтерумен танылады. Қазіргі кезде білім берудің, тәрбиелеудің мақсат-мазмұны жаңарып осыған байланысты ұлттық сана негізінде білім-тәрбие беру жолдары пайда болды. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі: оқушы тұлғасының сын тұрғысынан ойлау, зертеу жұмыстарын жүргізу, коммуникативтік қарым-қатынасқа түсу іскерлігін, білім мен тәрбиені қатар алу міндеттерін көздейді. Жас ұрпақты заманауи әдіс-тәсілдермен оқыта отырып, ой өрісі кең, саналы, Отанын сүйетін азамат етіп тәрбиелеу ісінде батыр бабаларымыздың өсиеттері мен нақыл-сөздерін үйрете отырып білім беру және тәрбиелеу - біздің басты мақсатымыз.

Халқымыздың тарихынан ерекше орын алып, кейінгі ұрпаққа өнеге болар, халықтың есінде мәңгі қалар дара тұлғалар аз емес. Отанын, жерін қорғаған батырлар, елі үшін, жері үшін жанын қиған асыл азаматтар халық жүрегінен орын табады, олар туралы аңыздар, дастандар, өлең жырлар жазылады. Бұлардың адамгершілік қасиеті, қайтпас қайрат-жігері, ұлттық сезімі, адами даналығы халықтаң жүрегінен орын тауып, өлең жырдың, көркем шығарманың аңыз кейіпкеріне айналып жатады.

Осындай аңыз тұлғаның бірі де бірегейі - даңқты батыр Бауыржан Момышұлы.

Б. Момышұлы қазақ әдебиетіндегі әскери-мемуарлық шағырмалардың көшбасшысы деп есептеуге болады.

*«Ата мекен жері үшін,
Қасиетті ел үшін,
Болмай қалар кім батыр?
Әзіз ата ақсақал
Құл болмасын қорлықта,
Алтыстағы қарт ана,
Теңеген жанға жан-жарым,
Ботакөз сұлу қарындас,
Күн болмасын зорлықта.
Деген намыс ойдағы,
Жасады мыңнан шын батыр» [1,30]*

деген өлең жолдары арқылы Бауыржан Момышұлы өзінің адами қасиетін, халқы үшін жан қияр азаматтық болмысын жас ұрпаққа паш етеді.

Халық қаһарманы Б. Момышұлының өлеңдері, нақыл сөздері, ой өрнектері, патриоттық тәрбие туралы қағидалары, жас буынды Отанына деген ыстық сезімге, ерлік, патриотизімге, дәстүр, тәртіп, тіл, достық, туған жер, ұстаз-шәкірт, ата-анаға құрмет, еңбекті сүю тағы басқа адами асыл қасиеттерге баулиды.

Ұрпағымыздың ержүрек, батыл, дана, тереңойлы, саналы, тағы басқа адами қасиеттерді бойына сіңіре білуі егемен еліміздің бүгінгі мен ертеңіне аса қажет. Ал жас буын үлкеннің ақылы, тәрбиесі, үлгі өнегесі тағы басқа асыл қасиеттері арқылы өсіп, рухани сезімдері, ақыл-ойы, патриоттық рухы, ұлттық санасы, жан-дүниесі таза қазақи дәстүрдегі тәрбиеде қалыптасады. Осы тұрғыдан алып қарағанда Б. Момышұлының шығармалары арқылы берілетін тәрбие жастарымызды өрлікке, ерлікке, еңбек сүйгіштікке, бауырмалдыққа, отаншылдыққа, ұлттық жандүниесі таза, өнер-білімге, құштарлыққа жетелейді

*«Маған деген атақты
Міндет етсең өзің ал,
Әділдікке бас ұрып,
У берсең де маған бал»* [1,37]

деген өлең жолдары жас буынды мансапқа емес әділдікке бой ұруына итермелейді. Б. Момышұлының шешендік сөздері мен мақал-мәтелдерінде, прозасында өткір де шешімдік пікірлер, ойтолғаудан шыққан дана сөздер, тебіреністен шыққан терең ой, осының барлығы ұрпаққа үлгі ретінде айтылған өнеге өсиет, бәрі бір-бірімен ұштасып тұтас бір өмірдің тәрбиелік бастау көзі, мектебі сияқты. Ең бастысы оның қанатты сөздері, мақал-мәтелдері жас ұрпақты тәрбиелеу кезіндегі ең осал тұстарына жетелеп апарды, ой салады, толғандырады. Мысалы:

«Біз қазақпыз. Біздің ана тіліміз қазақ тілі. Біздің қазақты тек мал бағып өскен пастушеское племя деп айтуға наданнан басқа ешкімнің аузы бармайды. Оймен сөз, мазмұнды пікірлер, біздің халықтың алдыңғы байлығы болып келген, ал мал болса- екінші байлығы. Қазақтың ойы, мазмұн пікір байлығын көр деп жылжыта-жылжыта есікке алып барып, отырғызған дәуірге біз өзіміз куәміз, оған өзіміз кінәліміз...» [1,69]

деп ұрпақтан-ұрпаққа өсиет болып қалатын өткір сөзін айтады.

Елдің елдігі, ердің ерлігі сынға түскен сонау сұрапыл кезеңнен бастау алып, бізге жеткен бабаларымыздың нақыл сөздері дәл осы уақытта да халқымызға, жастарымызға аса қажетті дүниелер.

М. Мырзахметов: «Баукең жазған эпистолярлық жанр ретіндегі хаттар легі де замана шындықты, қанды майдан үстіндегі жауынгердің ішкі рухын таныту арқылы жастарды елін, жерін сүйге махаббат сезімін оятуда таптырмайтын өмір оқулығындай әсерге қалдырып отырады» -дейді. [2,6]

Б. Момышұлының туындыларында адам бойындағы шоқтығы биік қасиеттер өмірдің өз қолтаңбасын бұзбай әсерлі, нақтылы айтылған ұшқыр ойлар жас жеткіншектер үшін тәлім-тәрбиенің салт-дәтүрді қастерлеу, әдеп-ғұрыпты ұстану, адами қасиеттерді қалыптастырудың дара жолы. Оның шығармаларындағы көріністер, оқиғалар, сюжеттер, қиялынан туған туынды емес өзінің басынан кешірген оқиғалардан алынған.

«Бойында адамға тілерлік барлық абзал қасиеттері бар парасатты адамдарды тәрбиелеу оңай іс емес. Бұл іс жақсы тәрбиешілерді ғана емес, сонымен қатар ондаған жылдар бойы тер төге еңбек етуді де талап етеді. Тәрбиелеу жұмысы көп сатылы, алуан қырлы әрі көп еңбек сіңіруді қажет етеді» деп, ұстаздық таным-тәлім туралы гажайып пікір айтады. [1,34]

Б.Момышұлынан дәріс алған әскери ғылымның докторы, генерал-полковник И.М.Глушко оның ұстаздық іскерлігін үлгі ете отырып, дәрістерін барлық уақытта асыға күтетіндігін, кез келген материалды конспектіге қарамай-ақ схемаларды пайдаланып, әрбір тезисті жауынгерлік тәжірибенің ғибратты мысалдармен бекіте отырып, түсінікті етіп жеткізетінін, барлық тыңдаушыларға талап қоя қарайтынын, сонымен бірге күрделі мәселелерді талдау кезінде біздерді өз бетімізше ойлай білуге баулыды, осындай мақсатпен «Капитан Иванов бұл туралы не ойлайды екен?» немесе «Петров жолдас мұндай жағдайда қалай әрекет еткен болар еді?» деген күтпеген сұрақтарды қою арқылы тыңдаушылардың өз шешімін баяндауға, өзінің әрекет ету жолдарын дәлелдеуге үнемі әзір болуға дайындайтын. Оқытушының аудиториямен үнемі қарым-қатынаста болуы бүкіл оқыған материалды творчестволық тұрғыдан ұғынып, игеруге итермелейтінін айтады. [3,396]

Бұның өзі жаңартылған білім беру бағдарламасының әдіс-тәсілдерінің Б.Момышұлының сол кезде ақ қолданғанына куә боламыз.

Батыр Қазақ ССР Халық Советінің Комиссарлары Советінің председателі Ондасыновқа жазған хатында: «Жігітті жауынгерлік қасиеттерге тәрбиелейтін қазақтың игі дәстүрлері» деп атағанын айта келіп, мынандай мақал-мәтелдерді, олардың өнегелі тәрбие берудегі өзінің пікірін алға тартады. Ол мақал-мәтелдер: «*Ұяда нені көрсе, ұшқанда соны алады*», «*Ұлың өссе ұлы жақсымен, қызың өссе қызы жақсымен ауылдас болғын*», «*Тексізден тезек артық*», «*Жаным арымнан садаға*», «*Өлімнен ұят күшті*», «*Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді*».

Аталған мақалдардың мән-мағынасын, сырын аша отырып, тәрбиелік (әдеп) ана сүтімен бірге сана сезімге сіңіп, дағдыға (әдетке) айналуы қажет, үлкенді сыйлау, парыз бен ар ұятты қасиет тұту, қоғамдық тәртіпті мүлтіксіз сақтау, заңға мойын ұсынушылық, адамды бәрінен де ардақтау, адам бойындағы адамгершілік, Отанға, елге, халыққа, үй ішіне, өмірге деген сүйіспеншілік деген сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелейді, өнегелі тәрбие алған адам Отанға берілгендік, әділдік, тәртіптілік сияқты қасиеттердің негізін бойына сіңіретіндігін айтып, халық даналығы мақал-мәтелдердің мән-мағынасын түсінген жаңа толқын жас ұрпақты ата дәстүрін қастерлеп, Отан сүю рухында тәрбиелеудің рухани құралы екенін алға тартады. [3,128]

Б. Момышұлы ұлттық мақтаныш сезімі дегеніміз белгілі бір ұлт адамының жеке мақтаныш сезімі, белгілі бір немесе басқа бір ұлт адамының көптеген жеке мақтаныш сезімінің жиынтықтары болып табылатындығын, ұлттық мақтаныш сезімі әр-бір ұлт адамдар үшін бұзылмас заң екенін айта отырып, жеткіншектерімізді бірлікке, өз ұлтын сүйе білуге адамгершілік пен адами қасиеттерді сіңіре білуге жетелеп ой салады.

Отанымыздың ғаламдық білім беру шеңберінде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім-тәрбие жүйесінің дамуында жас ұрпаққа, болашақ мамандарға өнегелі тәрбие беру, заманауи білім беру - басты талабы, мақсат-мүддесі болып табылады. Жас ұрпақтың табысты оқуы ғана емес, жаңартылған бағдарламаға сәйкес тәрбие алуы да ұстаздардың алдында үлкен міндет, жауапкершілік жүктейді. Оқытушы оқушыларға пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың білім алу жолындағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға ретінде танылу тиіс. Жаңа заман мұғалімнен оқушыларға білім-тәрбие беру процессінде шығармашыл шешім қабылдай алатын жаңашыл, іскер, өзгерісті тез түсініп, өмірге икемді, кәсіби шеберлігі мол, психологиялық білім мен дағдыны меңгерген, өз ісінің шебері, қоғамда жоғары жетістіктерге өз еңбегімен жететін, дәстүрлі ұлттық санамен сусындаған тәрбиелі де білімді маманды дайындауды талап етеді. Сондықтан Отанымыздың арқа сүйер жастарын, жас болашақ мамандарды дайындау, білім беру, тәрбиелеу кезеңінде халқымыздың арқа сүйер даңқты ұл-қыздарының ақыл өнегесін, өсиетін олардың ұлттық санасына сіңірте отырып тәрбиелеуіміз қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мырзахметұлы М. «Бауыржанбатыр». Алматы қ, 2000 ж
2. Мырзахметұлы М. «Аңызға аты айналған». Тараз қ. 2000 ж
3. Момышұлы Б. «Қанмен жазылған кітап» ауд. М. Қазбеков . – Алматы; Қазақстан, 1991 ж.

Жоғары оқу орнында «қыпшақтану» ғылыми курсының оқытудың өзекті мәселелері

Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы-ф.ғ.д., профессор.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті.

Sabir_uralsk@mail.ru

Жоғары оқу орнында «Қыпшақтану» ғылыми курсының оқыту бүгінгі күн талабынан туындап отыр және «Рухани жаңғыру» бағдаламасының мақсат-мұраттарымен сәйкес келеді. Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры, тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады», -деп атап көрсетті [1]. Сол рухани кодтың тарихи тамыры, бүгінгі қазақ ұлтының қалыптасу көзі орта ғасырлық қыпшақ тайпалары. Байырғы қыпшақтардың тарихы, тілі, мәдениеті ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап ішінара зерттеле бастап, еліміз егемендік алғаннан кейін жан-жақты зерделенуде. Еуразия кеңістігіндегі қыпшақтардың тарихын зерттеуде С.М.Ақынжанов, Б.Е.Көмеков сынды ғалымдар тың мәліметтерді ұсынды. Жазба мұралар тіліндегі қыпшақ тілдерінің деректерін ізерлеп қарастырған Н.Сауранбаев, Ә.Құрышжанов, А.Ибатов, Б.Сағындықұлы, Ә.Керімов сынды ғалымдар әлемдік түркітануға мол олжа салды. ТМД кеңістігіндегі, РФ құрамындағы қыпшақ тектес ұлттардың ғалымдары да көптеген тың зерттеулердің көзін ашты [2]. Бүгінгі таңдағы жинақталған ғылым, білім көздері кезінде шығыстану ғылымынан түркітанудың дараланып шыққаны сияқты, ендігі кезекте түркітанудың құрамдас бөлігі қыпшақтар туралы ғылыми курсқа «қыпшақтану» деп айдар тағып, жеке дара қарастыруға мүмкіндік береді. Осы кезеңге дейінгі отандық тарих пен тіл білімі, тіл тарихы салаларындағы жинақталған ғылыми деректерге сүйене отырып, қыпшақтанудың өзіндік бағыт-бағдарын, мақсат-мүддесін белгілеуге болады. Қыпшақтанудың зерттеу объектісі көне қыпшақтардың тарих сахнасындағы орнын саралау, олардың әлемдік өркениетке қосқан үлесін бағамдау.

Тарих сахнасында қыпшақтар ІХ ғасырда белгілі болған. «Қыпшақ» сөзі ең алғаш Селенга өзенінің бойынан табылған Элетміш Күл Білге қағанының (747-757) басына қойылған құлпытаста кездеседі. ХІ-ХІІ ғасырларда қыпшақ тайпалары өсіп-өркендеп, тарих сахнасына шықты. Гегемондық жағдайда Қыпшақ қауымдастығының саяси-әлеуметтік әлеуетінің күшеюіне орай қыпшақ тілінің шеңбері кеңейе түсті. Дешті-и-Қыпшақ мәдениетінің Еуразия кеңістігінде ықпалы зор болды. Белгілі түркітанушы Ә.Құрышжанұлының айтуынша, орта ғасыр кезінде түркі тілінің бір бұтағы-қыпшақ тілі Батыс елдері мен Шығыс елдерін, Таяу Шығыс пен Кіші Азияны, Моңғолоия мен Қытай жұртшылығын, Кавказ халықтары мен Қырым далаларын өзара байланыстырып тұратын «алтын көпір» есебінде қызмет атқарған. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «V-XV ғасырларда түркі тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды. Мәселен, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді», -деген пікірі де осы тұжырымдармен сабақтас өрелі -ой. Қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт т.б. тілдердің қалыптасуына негіз болған көне қыпшақ ауызекі тілі және көне қыпшақ әдеби тілі осы тұста өркендеді. Орта ғасырларда қыпшақ тілінде көптеген грамматикалық еңбектер, сөздіктер, әдеби шығармалар жазылды

Көне қыпшақ тілі мен бүгінгі қыпшақ тілдерінің сабақтастығын зерделеу үшін орта ғасырда көне қыпшақ тілінде жазылған жазба мұраларды арнайы зерттеу қажет. Қыпшақ жазба ескерткіштерінің зерттелу мәселесіне **ғылыми курста** ерекше мән берілді. Мұралар тілін жан-жақты зертеудің практикалық үлгісі сараланды. Көне түркі тілі мен қазақ тілінің сабақтастығы, көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің лексика-семантикалық байланысы нақты деректермен көрсетіліп оқытылады. Көне қыпшақ тіліндегі араб-парсы элементтері талданып, түсіндірілді. Байырғы қыпшақтардың шаруашылығы мен мәдениеті баяндалып, әскери өнерінің қыр-сырынан да хабар беріледі. Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің зерттелуі де көрсетіледі. Сондай-ақ жазба ескерткіштер негізінде қазақ тілі тарихын жүйелеу

мәселесі де жан-жақты қарастырылады. Түркі тілдері жіктеліміндегі қыпшақ тілдерінің орны сарапталады. Бүгінгі қыпшақ тілдерінің әдеби тіл ретінде қалыптасуы, бүгінгі саяси-әлеуметтік жағдайы жан-жақты баяндалады.

Ғылыми курс қыпшақ тілді халықтардың этникалық, тарихи және мәдени және тілдік қалыптасуын байырғы қыпшақтық өркениетпен бір өзектес екендігін ескере отырып, тың зерттеулерге бастамашы болуымен құнды.

Қыпшақтанудың зерттеу нысаны не деген сұраққа жауап берейік.

Еліміздің басты рухани дамуының көзі – қазақ тілінің тарихын, қазақ ұлты тарихын зерделесек байырғы қыпшақтардың көне іздеріне соқпай кете алмаймыз. Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» деді. Халқымыз мекендеген ұлан-ғайыр аймақтағы руханияттың алты мың жылдық тарихи дамуын 12 кезеңге бөліп көрсетті. Осы кезеңдердің ішіндегі жетінші, сегізінші кезеңдердің мәні зор. Жетінші кезең – XI ғасырдан бастау алып, түркілердің тұңғыш сопысы Қожа Ахмет Яссауидің ілімімен өрнектеледі. Сегізінші кезең -XII-XIV ғасырлар. Бұл -тарихтағы қарахандықтар дәуірі, Қыпшақ конфедерациясының қалыптасуы, Монғол шапқыншылығы, Алтын Орданың өркендеуі сияқты елеулі оқиғаларға толы кезең. Осы кезеңдерде телегей теңіз біртұтас түркі тілінен бүгінгі қыпшақ тілдерінің даралану үдерісі басталды. Қазақ тілінің, қазақ ұлтының және басқа да қыпшақ тектес ұлттардың бастауларын көне түркі заманынан бастау алып, орта түркі заманында дәуірлеген қыпшақтар қауымдастығынан іздейміз. Қыпшақтар қауымдастығы, олардың тарихы мен мәдениеті туралы соңғы кездерде жазылған тарихи, лингвистикалық еңбектер қыпшақтану саласының түркітанудан бөлініп шыға бастағанын көрсетеді. Сондықтан Қыпшақтану - Қазақтанудың басты бағыты деп, ал Қыпшақтанумен шұғылданду - қыпшақ әлемінің қара шаңырағы - Қазақстанның тарихи миссиясы деп санауға болады.

Қыпшақтану – түркітанудың құрамдас бөлігі болғанымен, өзіндік бағыт-бағдары, мақсат-мүддесі бар сала. Қыпшақтану – далалық көшпелі өркениеттің қыпшақтық тарихын, ділін, тілін, этнографиясын, мәдениетін т.б. қырларын тұтас зерттеуді көздейді. Бүгінгі қыпшақ тектес этностардың арғы тегін, түп-тамырын бүгінгі қалпымен салыстырып, тарихи жалғастық сабақтастық ізін ашып көрсетуді мақсат етеді.

Араб ғалымдарының ғылыми еңбектеріне сүйенсек, қыпшақтар IX ғасырда белгілі болған. «Қыпшақ» сөзі ең алғаш Селенга өзенінің бойынан табылған Элетміш Күл Білге қағанының (747-757) басына қойылған құлпытаста кездеседі. Онда «түрк қыбчак еліг йыл ол дурмысың» (түрік қыпшақтар бізді елу жыл басқарғанда) деп жазылған. XI ғасырларда қыпшақ тайпалары өсіп-өркендеп, оғыздарды ығыстырып, тарих сахнасына шықты. Гегемондық жағдайда қыпшақ қауымдастығына басқа тайпалар да қосылып, қыпшақтанып, қыпшақ тілінің шеңбері кеңейе түсті. IX-XIII ғасырлардағы Еуразиялық куман қыпшақтары мен Дешті-и-Қыпшақ мәдениетінің таралу өрісі ғылымда белгілі. XI-XIII ғасырларда Шығыс Дешті-и-Қыпшақ даласында қыпшақтардың негізгі этникалық кеңістігі қалыптасты. Бұл кеңістік қазіргі Қазақстан аймағын толығымен қамтыды. Кейін монғол үстемдігі кезінде құрылған Алтын Орда қыпшақтардың негізгі отаны болды. Алтын Орда және мәмлүктер билігі тұсындағы Мысыр мен Сирия жерлерінде негізгі қатынас тілі қыпшақ тілі болып, халықаралық тіл дәрежесіне көтерілді. Осы кезеңдерде көне қыпшақ тілінде жазылған шығармаларды лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу қажет. Олардың тілін бүгінгі жекелеген қыпшақ тілдерімен салыстыра зерделей отырып, көне қыпшақ әдеби тілінің бүгінгі мұрагері қай тіл екендігін анықтау. Қыпшақтану проблемасы ең әуелі тілге байланысты өріледі. Көне қыпшақ тілі туралы ең алғаш мәлімет берген автор – М.Қашқари. «Диуан лұғат ит – түрік» атты еңбегінде қыпшақ тілінің кейбір грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерін талдап көрсетеді. М.Қашқари түркі тілдерін зерттей келе XI ғасырда жеке қолданылған “қыпшақ тілі” болғандығын атап көрсетеді. Сонымен қатар, ол “қырғыз, қыпшақ, гуз, тухси, яғма, чығыл, арғу, йарук тайпалары – бәрі бірдей түрікше

бір тілде сөйледі” деп жазады. Белгілі ғалым Н.Т.Сауранбаев осы деректерге сүйене келіп “бұл аталған тайпалар тілдері өзара бірігіп кетіп, бірегей тілге айналған да, ортасынан бір топтан қыпшақ тілін шығарған” дейді. Шынында да XII ғасырларда қыпшақ тайпаларының салмағы саяси аренада арта түсті. Қыпшақтардың мемлекеттік одағына әр алуан тайпалар бірікті. Қыпшақ тілі сондықтан аралас тіл болды. Бірақ басқа тайпалардың тілінен гөрі үстем тайпа қыпшақтардың тілі гегемондық роль атқарды.

М.Қашқари түркі тілдерінің лексикалық ұқсастықтарын айта отырып, олардың дыбысталу жүйесіндегі кейбір айырмашылықтарды ашып көрсетті. Қыпшақ тілінің мынадай басты фонетикалық ерекшеліктерін назарға ұсынды:

й дыбысының орнына дж(ж) дыбысын қолданады: *йанджу* емес *джанджу* (шуда).

ш дыбысының орнына с дыбысын айту: *талыс*, *қысыр*.

д дыбысының орнына т дыбысын қолдану: *дәуә* емес *тәуә* (түйе), *бүзде* емес *бүкте* (қанжар).

д дыбысының орнына й дыбысын қолдану: *қадық* емес *қайық*.

ғ дыбысының айтылмай түсіп қалуы: *чумгақ* емес *чумуқ* (шымшық торғай, қара торғай), *тамгақ* емес *тамақ*.

Демек, XI ғасырдың ортасында қолданылған қыпшақ тілінің фонетикалық негізгі көрсеткіші – *дж(ж)*, *с*, *т*, *й* дыбыстарының қолданылуы мен *э(з)* дыбысының айтылмай түсіп қалуы болып отыр [3].

Осы фонетикалық ерекшеліктер бүгінгі қазақ тілінің бойында сақталған. Орта ғасырлардағы «қыпшақ тілінің» тілдік заңдылықтары бүгінгі 10 шақты қыпшақ тілдерінің ішінен қазақ тіліне әлде қайда жақын, ұқсас келетініне дәлел көп. Мағжан ақын сөзімен айтсақ, «қыпшақтардың бір кезде дәуірлеп жасаған жазира даласының қара шаңырағының мұрагерлері де сол қазақтар». Яғни, қазіргі қазақ тілі - көне қыпшақ тілінің жаңа заманға сай өзгерген, дамыған, түрленген түрі. **Қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт** тілдерінің қалыптасуына негіз болған көне қыпшақ ауызекі тілі және көне қыпшақ әдеби тілі осы тұста өркендеді. Орта ғасырларда қыпшақ тілінде көптеген грамматикалық еңбектер, сөздіктер, әдеби шығармалар жазылды.

«Қыпшақтану» ғылыми курсының негізгі мақсаты - қазақ халқының этникалық, тарихи және мәдени қалыптасуына негіз болған қыпшақтық өркениетпен таныстыру. Осы мақсаттан мынадай міндеттер туындайды:

- тарих сахнасындағы қыпшақтардың орнын бағамдау,
- көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің зерттелуінен мәлімет беру,
- көне қыпшақ тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерінің сабақтастығын зерделеу,
- түркі тілдерінің жіктеліміндегі қыпшақ тілдерінің орнын саралау,
- қазіргі қыпшақ тілдерінің ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктерін көрсету,
- олардың әдеби тіл болып қалыптасуын, мемлекеттік мәртебесін, саяси-әлеуметтік жағдайын айқындау.

«Қазақ тарихы қалың тарих, оқулығы жұп-жұқа бірақ-тағы», - деп ақын Қадыр Мырзалиев айтпақшы қазақ тарихының басты тамыры, қазақ тілінің негізгі арнасы осы байырғы қыпшақтар қауымдастығында жатыр. Қазақ тілі жеке дара дамыған жоқ. Ол бүкіл түркі тілдері басып өткен жолдардан, ұлы көшпен бірлесе дамыды. Түркі тілдерінің асыл бір бұтағы қыпшақ тілдері орта ғасырларда бір тұтас тіл ретінде күллі Еуразияға тараған. Дегенмен осы кезеңдерде диалектілік ерекшеліктер айқындала бастады. Бұның өзі бара-бара жеке ұлт тілдерінің қалыптасуына алып келді. Қазіргі қыпшақ тілдері бір тамырдан өрбіді. Сондықтан олардың лексикалық қорында ортақтықтар өте көп. Бірақ қазіргі заманда олар жеке ұлт тілдері. Тілмен тілді бірінен алшақтататын грамматикалық заңдылықтар. Тіл бойында ұқсастықтар болғанмен грамматикалық заңдылықтар жеке тілдің көрсеткіші. Тарихтың ұлы соқпағынан бүгінгі қыпшақ тілдері дараланып шығып, жеке дара даму жолына түсті. Бүгінде көбінің тілінің мемлекеттік мәртебесі жоқ, алпауыт елдің құрамында өмір сүріп жатқан жайы бар. Қыпшақ тілдерінің ішінде дербес мемлекет тілі болып отырған қырғыз тілі бен қазақ тілі. Байырғы қыпшақтардың мұрагері бүгінгі қазақ елі. Қазақ тілі көне

қыпшақ тілінің жаңа ғасырдағы негізі жалғасы, мұрагері ретінде өз байлығымен мақтана алады. Н.Назарбаев «Тарихсыз болашақ жоқ. Ұлы далада күллі Еуразия құрлығын уысына ұстаған талай алып мемлекеттер болды. Алып кеңістікті ең жайлап, еркін билеп-төстеген айбарлы халықтар өмір сүрген. Бүгінгі Қазақстан сол бабалардың заңды мұрагері. Адамзат тарихында қазіргі қалыптағы мемлекет үлгісі тек соңғы бірнеше ғасырда ғана пайда болғанын білеміз. Ал бұл кез біздің халқымыздың бостандықтан айрылып, бодандыққа түскен мезетіне тап келді. Көк түріктер мен Алтын орданың айбарын айтпағанда Қазақ хандығы біздің елдігіміздің түп тамыры», - деді.

Ежелгі Дешті Қыпшақтың ұланғайыр аумағын мекендеген қазақ елінің ұлы мұраты бар, бабалар жазған түркі әлемімен ортақ ұлы тарихы бар, көз тіккен ұлы болашағы бар. Мәңгілік ел қазақ жұртының өскелең ұрпағы бабалар тарихынан, ұлттық тамырдан, ана тілден қол үзбей өсіп өркендеуі үшін жоғары оқу орындарында «Қыпшақтану» ғылыми пәнін оқыту маңызды іс.

Әдебиеттер

1. Н.Ә.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Егемен Қазақстан, 12 сәуір, 2017ж.

2. Б.Әбілқасымов, А.Сейтбекова. Қазақ тілі тарихына қатысты түркологиялық ізденістер. - Алматы: Арыс, 2011.

3. Қазақ тілінің шығу тарихы: фонетика. (Том I, бірінші кітап). *Ұжымдық монография*. – Алматы: «Алдоңғар» мәдениетті дамыту қоры, 2013.

4. М.Сабыр. Көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі. - Орал: Ағартушы, 2008.

Т. Нұрмағамбетов әңгімелерінің кейіпкерлері бүгінгі заман контекстінде

А.Мұсаев

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
филология ғылымдарының докторы, профессор**

Қазақ әдебиетінде ойып тұрып орын алатын жазушылардың бірі Т.Нұрмағамбетовтің прозалық шығармалары қалың оқырманға кеңінен танымал. Күлкімен сипаттай отырып қоғамдық шындықты, адам болмысын өзіндік мәнермен ашып адамның жан-дүниесін, әсіресе кеңес заманында ауыл тірлігін шынайы бейнелеген қаламгер бүгінгі заман бейнесін де туындыларына арқау етіп келеді. Сондықтан жазушының шығалмашылығы— әр жағынан арнайы талдауды қажет етеді.

Т.Нұрмағамбетовтің «Ауғандық құстар» атты әңгімелер жинағы 2008 жылы жарық көрді. Оған енген әңгімелер негізінен тәуелсіздік кезеңіндегі қоғамның жайын, адамдар бойындағы өзгерістерді, заман келбетін өзіндік стильдік ерекшелікпен нанымды, шынайы ашады.

«Ауғандық құстар» әңгімесі қалада құстар пайда болып, байларға кесірін тигізгені жайында Арыстан деген байдың шешесінің төбесінен зу етіп құстар ұшқанда, кемпірдің мұзға жалп етіп құлап, үзіліп кетуі, күннен-күнге байып келе жатқан Қасқырбайдың баласының бетін осып өтіп, тыртық қылып қоюы, Жолбарыс деген бай бизнесменнің ұзатылатын қызының ақ фатасына саңғырығын тастап, аппақ көйлегін де бүлдіріп кетуі негізгі оқиға арқауы болып, осыдан шығатын тұрмыстық ахуал бейнеленеді. Жазушы қазіргі қоғамның тыныс-тіршілігін беруде өзіндік зерттеу нысанын таба алған. Бұрынғы көршілерімен араларында туған бәсекелестікпен, бір-бірін сырттай аңдып өмір сүргендері болмаса, араласып көрмеген олар енді осы құстардың арқасында жақындасып, араласуға мәжбүр болады. Ондағы ортақ мақсаттары— ауғандық құстардан құтылудың амалы.

Шығарма сюжетіндегі жанама детальдар арқылы қоғамдағы түрлі түйткілдерден хабар беріп, оның әлеуметтік мәніне ой жүгірттіреді. Кезінде ауғандық құстардың ұшаққа шабуыл жасағандығы, сондай құстарды темір торға салып елімізге әкелген журналистің

оппозициялық көзқарасы үшін қазір түрмеде отырғандығы, Қасқырбайдың әйелі екеуінің оңашаланып, балконда ақша санап жатқандарында ауғандық құстың екі жүз евроны тұмсығымен іліп алып кетуі, қайыршылардың қоқыстан шетел валютасын тауып алып, қауесет таратуы секілді оқиғалардың астарында бүгінгі рухани, саяси-«леуметтік, тұрмыстық деңгейде сараптауға баға беретін концептуалдық салмақ жатыр. Мысалы, «Ақшаға өлген адамның табыттан атып тұратын заманы емес пе?» деген сөзді естіген кейіпкердің: «Ойпырмай, менің де дәрігер болмауымды қарашы. Осы зоотехник деген ант атқыр деген мамандықты қайдан ала қойып едім. Енді міне, зоотехникті керек ететін бір жан жоқ. Мал құрып бара жатыр...Мал құрып бара жатқан заманда мен қалай құрымайын...» деп пұшайман халге түсуі қазіргі қажетсіз мамандықтың сырын аңдатып, жер-жердегі жұмыссыздық мәселесінен хабар береді.

Әңгіменің астарында бүгінгі қоғамның бай мен кедей болып жікке бөлінуінің салдарынан әлеуметтік топтардың арасының алшақтауы, көлеңкелі жолмен байығандардың (автор бұл жерде кезінде төбелестен қолы тимеген , оқуды оңдырмаса да, әйтеуір оқу бітірген жүгірмектің ойда жоқта байып шыға келетіндігін айтып отыр) өмір салтына деген ащы мысқыл бар. Әңгіме ешқандайда ауғандық құстар туралы емес, олар— шығарма мазмұнын өзектендіру үшін алынған заттық нысан ғана. Әйтсе де, сол «жер ауып кеткен құстар» бейнесінің астарында оқырманға ой салатын ерекше бір леп бар.

«Анасын сағынған бала»- атты айтып тұрғандай , ауылдағы ата-әжесінің қолында жүріп, Алматыдағы анасын сағынған баланың ішкі дүниесін әдемі аша білген әңгіме. Бала сағынышы біраз жылдан кейін туған ауылына сапарлап келген Есмағамбеттің көзімен әңгімеленеді. Немере ағасы Балмағамбеттің үйінде көріп, іш тарта сөйлесуі арқылы осы үйдің қалада тұрып жатқан қызы Күміскүлдің төрт жасар Сержан атты баласының ойнап жүріп айтатын ана туралы көпке танымал әні , оны айтудағы да өзіндік машығы , адаммен сөйлескендегі ерекше сүйкімділігі әдемі бейнеленген.

Т. Нұрмағамбетов қашан да кейіпкерінің ішкі жан сырын ашып көрсетуге күш салады, сөйтіп оқырманын терең сыршылдықпен, адам болмысының нәзік иірімдерімен баурап алады. Әңгімеде бала психологиясы, дүниеге көзқарасы ешбір боямасыз шынайылықпен суреттелген.

«Күнді жек көру» әңгімесі— бүгінгі күннің қиыншылығынан тарығып , әбден жоқшылық азабын тартқан жанның тығырықтан шығар жол таппай, ақыры өлімге бас иген хәлін бейнелейтін шығарма. Бұл қарыз беріп, оны қайтара алмаған Бекбайдың осымен екінші рет өлуге діттеген кезі еді. «Өткен дылдың күзінде де дәл бүгінгідей сезім билеп ... Бекбайдың өлгісі келген» Йә, өлгісі... Мына жұрт мақтап, рахат көріп ... бақыттымыз десіп, мәз- мейрам болған дүниеден біржола безініп, көргісі келмей... әлгіндей шешімге бел буған еді».

Жұмыссыздықтың азабы , ақшасыздықтың салдарынан жұрттан алған қарызын қайтара алмаған кейіпкердің бар ойлап тапқаны өлу болса, енді сол өлудің жолын таңдап көреді. Терезеден секіріп өлмек болғанда , жалғыз баласы Ұланның бұның шалғайынап оралғаны бар. Періште ғой, бірденені сезгені болар.

Ендігі ең тиімді көп тапқан жолы- кәдімгі балық консервісінен уланып, өлу болды. Көршісінен сұрап алған бес жүз теңгесінің елуіне дүкеннен мерзімі өтіп кеткеніне бес жыл болған консервіні сатып алып, уланбақ болған кейіпкердің басынан өткен психологиялық жайлар бейнеленеді. Сол арқылы кейіпкердің көз алдына елестеп, ойына келген суреттер арқылы Бекбайдың көңіл-күй арпалыстарын өзіндік өрнекпен берген. Шығармада «ақырзаман» мотиві уақыт пен жағдай ауқымында сәтті көрініс табады. Жерден түңіліп безіп кеткен Күн» туралы көріністің астарында адам жанының лажсыздықтан қиналуын бейнелеумен қатар қоғамдағы үйлесімділіктің шаралайтын сарын жатыр. Әңгіме идеясында кейіпкер басындағы трагедиялық халді сипаттайтын шарасыздықты суреттеуде нәзік юмор да көрініп отырады.

Жазушы бүгінгі өмір сүру кезімізді беруде түрлі амалдарды, суреткерлік құралдарды қолданып отырады. Кейде мистикалық, фантазмогориялық, абсурдтық элементтерді де сәтті

пайдаланады. Мысалы, «Құпия кездесулер» әңгімесінде ғалым Әбдрахман Наушабайұлының өмірден өткен кісі Байдрахманның басқа адам болып дүниеге екінші рет келуі мазмұн өзеін құрады. Шығармадағы негізгі идея— «Ұлтын шын сүйген пенденің сол ұлттың сапында екінші рет жаратылуының» астарында бүгінгі қоғамның өзекті мәселелерінің, тәуелсіздікті сақтау, баянды ету орайындағы ойға жетелейтін бағдар бар Орталық кейіпкер Сауалдың «Бұдан он жеті жыл бұрын бұл қоғамда кәдімгідей ұят бар екен», «Әңгіме тәуелсіздікке байланысты емес... Адамдарға байланысты... Тәуелсіздік әкелетін де, тәуелсіздікті жаңа тәптіппен жсайтын да, сосын тәуелсіздікті құрып беретін де солар!», «Өмірде де қасіреттің көбі осы өте қатты сүюден болып жатады емес пе? Тіпті өз ұлтын солай сүюі де, махаббатта да...» деген сөздердің астарында оқырманды ойлантатын,, адам болмысы мен тіршілік түйткілдерін кейбір нәзік иірімдеріне бойлайтын әлдеқандай тін жатқаны анық. Жазушы қандай мәселені көтерсе де, оны өзеурей талқылап, тәтпіштеп түсіндіріп жатпай, қайта оны оқи отырып, оқырманын ойлантуға бағдар береді. Көркем әдебиеттің «санаға сәуле түсіретін» қасиеті де осылай туындап жатады.

Тәуелсіздік талаптарын өзектендіру — қазіргі әдебиетімізде, оның ішінде көркем прозада да шығарманың идеялық-концептуалдық өзегінен ұдайы көрініс тауып келе жатқан мәселе «Ұлттың дерті» әңгімесінде автор осы мәселені тосын тәсілмен, көркем әдебиетке тән ыңғаймен ишаралайды. Аяқ астынан, ойда жоқта зейнеткерлікке шыққан бұрынғы министрдің орынбасары Керімқұл Алтайұлының алғашқыдағы біртоға, тұйық мінезінен кейін күрт өзгеріп, аяқ астынан сөзшең болып кетуі, оның баласы мен немересінің де осы «ауруға» шалдығуы, бір қарағанда жеке отбасылық мәселедей көрінгенмен, жазушы мұны ұлт қазіреті ретінде тәпсірлейді. Оны: «Мұндай ұлт тәуелсіз бола тұра, тәуелсіздіктің не екенін білмеген күйлерінде мәңгі қала берулері әбден мүмкін», - дейтін атақты емші-көріпкелдің сөзімен жеткізеді. Оның сөздерінде ұлт болашағына алаңдаушылық «ескерту» жатыр.

Емшінің аузымен айтылған сөздерде қоғамдық аурудың тарихы, диагнозы мен ем-домы көрінеді: «Елді басқарудағы берекесіздіктер мен әділетсіздіктер сол ұлттың әрбір мүшесін, тіпті байды да, аш-жалаңаш кедейді де өзінше өмір сүруге мәжбүрлейді! Өзіңізше өмір сүру дегеніңіз не? Ол— өмір сүру үшін өзіңше мінез, өзіңше әдіс-айла, өзіңше философия іздеу. Мұндайда сізізгіліктен гөріұятсыздыққа көбірек ұрынасыз...»

«Егер әйел адамдар да әңгімедегідей кеселдермен ауыратын болса, онда ол қлттың біржола біткені, тозғаны. Өйткені қай ұлттың да сақтаушысы— әйел. Әйелдер ұлтты өсіре де, өшіре де алады. Сіздің ұлттың әйелдерін аман сақтаса, Алланың әлі де болса осы ұлтқа айрықша жылылықпен қарағаны деп біліңіз». «Алайда сізге соншалықты күдер үзуге болмайды! Сіздердің осы дерттеріңіз ұлттың әлсіздігінен де, адамдарыңыздың нашарлығынан да туындар отырған жоқ. Бұл дерт елді басқару жүйесіндегі берекесіздіктен ғана. Болмаса бұл дерттеріңіздің бір себебінің өзі ата жолын дұрыстұтынбаудан деп те отырмын. Бұл халық үшін сәтсіздіктердің өзі күрестерінің әлсіреген тұсынан басталып отырады екен».

«Жауап» әңгімесінде кеңес үкіметі тұсындағы елге еңбегі сіңген, Ұлы Отан соғысының майданында от кешіп, жанын шүберекке түйген Алдпберген ақсақалдай ардагерлердің қазіргі күні бәлен жылдан бері бара жатқан демалыс үйіне киіп барар бір тәуір бәтеңкеге қолы жетпеуі жасы отызға енді іліккен «мұрынбоқ баланың әке-шешесі алтынмен апталып, күміспен қапталған үйде ақшасын тағы неге шашарын біомей отырғанымен» салыстырылып, кейіпкердің ішкі әлеміндегі болып жатқан аласапыран ой ағысы, жауабы жоқ сұрақтары арқылы заманның шын кейіпін береді. Ақыры ішкі ойына ырық бермеген қарт демалыстан қайтар жолда поездда инфарк болып, қайтыс болады. Шығарма шындық өмірдегідей қарапайым ауыл қартының басынан кешкен бінеше күннің оқиғасына өріліп, оның көрген-біогендерін сараптау арқылы анада пайда болған сан сұрауларға жауап таппаған мүжәлсіз халдің ақыры өлімге апарып соғуымен аяқталады.

Жазушы шығармаларында қашан да жолы юмор туынды өзегімен жымдасып отырады. Ол әңгімелушінің баяндау өрнегінен де, кейде кейіпкер сөзінен де, ара-тұра

суреттеу сипаттарынан да аңғарылады. Әсіресе, екіншісіне ұласып, тіршілік түйткілдерін әдемі бейнелеуге өзіндік өрнек қосып отырады. Ол туралы көптеген зерттеушілер орынды айтып келеді. Жазушы күлкісінің ерекшелігі сол. Т.Медетбек айтқандай, суреткер «үздігіп-үздігіп те, кінжініп-ызыланып та кетпейді. Қарапайым ғана тілмен, қалыпты ағысты ырғағынан жаңылмай әңгімелеп отырады. Автор бола тұра, кейіпкердің басынан өтіп жатқан оқыс, тіпті оспадар істерге апшып-қуырылып, дауыс көтеріп, оны кінәлап, жерден алып, жерге салып жатпайды». Айтарын сөз ыңғайымен байыпты баяндай отырып, күлкінің күшін оқырманның өздігінен қабылдап, өзінше ой қорытуына бағыт береді. Мұндай күлкі, әдетте, шенеуші-әшкерелеуші сипаттан гөрі адамның пайым-парасатына бағдар жасап, ойға жүгіндіретін интеллектуалдық қасиеттерімен ерекшеленіп отырады. Сондықтан жазушының сатириктік немесе юмористік машығы суреткерлік талантының өзегіндегі жымдаса біткен қасиет екендігін көрсете керек.

Мәселен, «Мылжындар» әңгімесі қаладағы бажасына еріп, тойға баратын Әләухан деген кейіпкердің сол тойда көргенін баяндау арқылы қазақтың тойындағы даңғазалық, бөспе-мақтаншақтық, жағымпаздық, көрсеқұмарлық секілді мінездерді әшкерелеуге құрылған Ұрапайым той суреті арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынас, дүниетанымындағы көзқарас, қазақы сипаттар қарапайым тілмен, қалыпты ырғақпен шынайы суреттеледі.

Әңгімеде ашық сынау, адуын күлкі емес, жаймашуақ юордың аясында әшкерелеуші пафос жатыр.

«Әулеттің иесі» әңгімесіндегі қарапайым ауыл қариясы Шоқаның әулеттің өзінен кейінгі алғыз еркек кіндігі Молдабекті «Әулеттің иесі» деп сенім артуы, сол жолдағы әрекеттері шығарма мазмұнын құрайды. Осы шығармада атасының Молдабекті тойға апарғандағы оның серкенің етіне тойып алғаннан кейін дарбыз жеймін деп «төсекті бүлдіріп» қоятынын автор жеңіл эзәлмен былай баяндайды: «...Түн жарымы ауған шақ болса керек, бала өз денесінен өзі жиіркеніп, қың-қ етіп дыбыс шығарғанда, ұйқысы ссергек атасы алдымен басын көтерді:

- Молдажан-н, не болды? Аа-а?

Баланың қыңқылы басылмаған соң-ақ, шал апырақтап тұрып, Молдабектің төсегіне жақындады.

- Шырағым-ай, бірдеңе бүлдірдің білем-м... Дарбызды сонша жегеніңнен ішім кіпі алып еді-ау...

Шал қараңғыда қолын баланың көрпесінің астына сүңгітіп жіберді де: Е, бәсе, болар іс болған екен ғой, - деді аз-кем өкінгендей кейіппен». Мұндайда баланың кінәсін атасының жуып-шаюы да қазақы қалыппен өрнектеледі:

«Е, шырақтарым, құда жолын жасап жатырмыз». Ал айыбы мәлім болғанына намыстанып, жыламақ болған Молдабекті жұбату сөзі де баланың көңілін басатындай әсерлі: «О несі екен, қараңғы үйді басына көтеріп... Жездесінің үйіне келген бала оның төсегін бәр былғамай аттанса, не болғаны? Керек болса, апаімен жезденді әлек-шәлек ету міндетің... Біз де бала күнімізде талай жездеміздің көрпешесін осылай ағал-жағал етіп кеткенбіз».

Әңгіме Шоқа атасын жерлеу рәсіміндегі Молдабектің іс-әрекеттері, атасы сенім артқан баланың жас та болса жауапкершілікті сезінуі сәтте суреттелген. Жазушының қай шығармасында да қаймағы бұзылмаған ауылдық суреттер оқырманын тәнті етіп, қыр астында қалып бара жатқан қазақы мінезге деген әлдебір сағыныштың сарынын әкеледі.

Әдебиеттегі сатира мен юмор тұрмыстағы кемістіктердің көп –аздығымен өлшенбейді, сатираның дамуы прозамыздың жалпы дамуынан туындайтын, соның дәрежесімен өлшенетін құбылыс. Қазақ әдебиетіндегі сатиралық ағыстың кейде баяу тартқан кезі болды, бірақ, үзілген, тоқтаған кезі болған емес. Мұның өзі қазақ әдебиетінің жауынгерлік сипаты, озат прогресшіл қасиеті, ескімен ымырасыздығы, жаңаға құштарлығы еді.

«Жиырма жас» қазақы әңгіме. Бұл әңгімеде кәдімгі ауылдағы ағалы-інілі бауырлар төңірегінде өрбиді. Жігіт болып қалған ағасының түн қараңғысында ауыл кезіп жүргенін

үйдегі кіші інісінің оны ойлаумен болады. Түнде ұйықтай алмай көкесінің қорылы бар, жаңбырлы түнде ағасының далада жүруі осының барлығы кішкентай баланың ұйқысын ұрлайды. Автор бұл әңгімеде әр кейіпкерін жіті суреттеп, оқырманына намымды жеткізеді.

- Менің көпке дейін ұйқым келмеді. Кештетіп басталған жауын әлі тыйылған жоқ. Сабалап құйып тұр. Терезе дәл тұсымда еді. Елеңдетіп ұйықтатар емес. Үйдің іші тастай қараңғы. Шіркін, ұйқы деп біздің көкемнің ұйқысын айт. Ертедегі алыптарға ұйықтайды. Көзін жұмса-ақ күркіреп қорылға басады. Қазір де үйінің ішін басына көтеріп жатыр. Сықырлауық кереуеттің бір о шетіне бір, бұ шетіне бір аунаймын. Оразбай әлі жоқ. Оны ойласам, жыным келеді. «Осы жауында жетісіп келерсің шылқып»- деп кекетіп те қоямын. Сыртқы есікті іліп қояр ма еді өзін дірдектетіп... Жо-оқ, онсыз да жетісіп келмес. Әйтеуір, сол сары қыз сор болды ғой өзіне... Мен бұрын Оразбай ағамды қандай жақсы көруші едім. Ол да мен десе, ішкен асын жерге қоятын. Осыдан түп-тура бір апта бұрын екеуіміз нілдей бұзылды. Йә, ауылға әне бір үнді кино келгеннен бастап...

Түнде ұйықтамай ағасын қызғанып, онымен бірге асыр салған күндерін есіне алып, күтіп жатқан баланың болмысын жазушы шебер суреттейді, оқырманның көз алдына ауыл баласының мінез-құлқы мен әрекеттерін айнытпай келтіреді. Ағасына ренішін білдіріп, көкесіне де арыз айтатын баланың кейіпі қалың оқырманға таныс...

-Кө-ке-е! Менің дауысым соншалық бұзылып шықты-ау деймін. Балтасын белбеуіне қыстырып, даладан ойда жоқта кіріп келген көкем әуелі селт ете қалды.

-Әй, Жаб-б-бы, Жабай-йжан! Саған не болған?-деп жаныма кеп отыра қалды.

- киноға апармайды,-деп Оразбайды нұсқадым. Иегім кемсеңдеп кетті.

-Неге апармайды. Неге апармайсың ,ей?- деп көкем ішкі бөлмеге кіріп бара жатқан Оразбайға алара қарады.

-Сенің сәніңді бұза ма, осы бала?

-Ағам үн-түн жоқ кішке кіріп, киетін киімдерін көтеріп қайта шықты.

-Ол көруге болмайтын кино.

-Не дейді-әй? Ол қайдан шыққан зәкүн.

-Жұбатардың үлкен баласы көріп, кіші баласы көрмей-ақ қойсын деген?! Үйбай-ай, мынаны-ай, ер жеткеннің жөні осы деп! Осы баланы апармай көрші, менен туғаның рас болса... Көкемнің кішкене шоқша сақалы кәдімгідей шоқандап кетті. Мен үнсіз отырмын.

Осылайша арызын көкесіне айтып, ол үлкен баласына ұрысқан боп, әйтеуір не керек киноға баруға жолдама алады. Осы кезде автор ер жеткен бозбаланың болмысын, інісінен құтылудың амалын қарастырған іс-әрекетін суреттей отырып, езуге күлкі шақырады.

-Әлгіндегідей емес, ашу-ыза тарқайын деген секілді. Мұрынымды қайта-қайта тартып қойып, көкеме бір, Оразбайға бір қарап қоямын. Оразбай көйлегін ұстаған бойы теріс қарап тұрып қалды. Көкем әлгіндей деп отырған соң, киінуге де батылы жетпеді. Ақыры маған «киін» деді. Дауысы зілді шықты. Тарлау соғып жүрген керзі етігімді тепкілеп жүріп әрең кидім. Костюмнің сыртынан өоярда-қоймай жүріп көкем Оразбайдың жұмысқа киетін күпәйкесін кигізгенде, өзімнің кішкентай әліме қолпылдап кетті. Клубқа біраз жер қалғанда Оразбай тоқтады. Менің тершіген маңдайыма қарап біраз тұрды.

-Айттым ғой, суық тиеді,-деп жуан дауысымен гүж етіп, сұп-суық алақанымен маңдайымды сипады.

-Сен өзің клубқа бара берсең қайтеді?

-Өзің ше?

-Мен біреуді ерітіп келемін,-деп күрмеле сөйлеп, ауылдың шетіндегі үйлерге қарай қолын сілтеді.

-Өзің-аө кіреберсең қайтеді?!

-Сосын қайтарда қайтемін? Ағайым біраз үнсіз тұрып:

-Ендеше бізді күт,-деді де , әлгінде қолын сілтеген жаққа қарай жүрді. Мен клубтың жанына барып тұрдым.

Өзі кішкентай болса да, ағасының әр сөзін жіті тыңдаған баланың ойы шартарапқа кетеді. Сондағы «бізді күт» деген көпше түрде айтылған ағасының сөзі маза бермейді. Бұл жерде жазушы ауылдың тұрғындарының аңғал бола тұра, аңғарымпаз екенін атап көрсетеді.

-«Бізді күт дейді-ей. Сонда кім біреуі? Босқа ақшаны құртып», -деп іштей кіжініп қоямын. Клубтың маңында теңселіп біраз жүрдім. Оразбайлар әлі жоқ. Тіпті ызам келді. Не істерімді білмей сарсаң болып тұрғанымда, Оразбайлар да жетті-ау, әйтеуір. Қасындағы ұзынтұраның қыз екенін білгенімде, ішім қып ете қалды. Тани кеттім. Мектепке пионервожатый боп келген сары қыз. Ол маған жақындап келіп, күлімсірей қарап, бас изеп амандасты. Мен үндегенім жоқ. Әсіресе үстімдегі күпәйкемнен ұялып, жерге кірердей болдым. «Оқушылар олпы-солпы киінбеуі керек» -деп қай күні құлағымызға құйып еді-ау. Бәрібір көкем пальто алып бермесе, мен қайтейін... Көкемде қызық-ау осы. Кейде осыларды айтып шығынсам-ақ: «Сенің қай сәніңе келіспей барады осы. Оразбайдың ескісі де жетеді», -деп бет бақтырмайды.

Негізінен бұл әңгімеде автор жиырма жастың қызығы мен шыжығын атап көрсеткісі келгендей. Түнімен үй көрмей, махаббаттың отына күйген жас, көңілдің үйде, ата-анада емес, далада болуы, асыр салып, дала кезіп жүрген ерекше жас екенін атап айтқысы келген болар. Оны апасының айтқан сөзінен аңғаруға болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Нұрмағамбетов Т. Ауғандық құстар. Әңгімелер «Жазушы» 2008-288 б
2. Нұрмағамбетов Т. Шығармалары I том., Астана «Фолиант», 2015-432б
3. Мұсаев А. Шығармалары I том., Алматы., «Білім» 2009-437 б

Жаңартылған білім беру бағдарламасында тілді меңгеруде жаттығу жұмыстарын жүргізу әдістемесі

Г.С. Есенова

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, магистр

Бүгінгі мектеп жағдайындағы білім берудің ұтымды моделін жасау, оқыту мен тәрбиелеудің түрлі әдіс-тәсілдерін кеңінен қолдану – тіл үйренушілердің алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі. Жаңартылған білім беру бағдарламасында тіл үйренушілердің танымдық және сенімділік мотивациясын қалыптастыру ұстанымы негізгі орында және оларға жан-жақты білім алудың қажеттігін сезінуге ықпал ететіні сөзсіз, бұл тұрғыда тіл үйренушілер қоғамға пайдасын тигізу мақсатында білім алуға ұмтылады.

Ғылыми-техникалық прогрестің және өндіріс саласының жылдамдықпен дамуы ересектерден интеллектуалдық еңбекті, ал өскелең жас ұрпақтан жоғары сауаттылықты, ізденімпаздықты, шығармашылық ойлауды талап етеді. Сондықтан, қазіргі таңда оқу процесі және тұлғаның қалыптасуына, оның оқу іс-әрекетінің мотивациясына, танымдылық қабілетінің дамуына ерекше көңіл бөледі. Осы тұрғыда В.Оконь оқытуға мынадай анықтама береді: «Таким образом, обучение – это совокупность действий (внешних и внутренних), позволяющих людям узнавать природу, общества и культуру, принимать участие в их формировании одновременно обеспечивающих развитие, навыков, способностей и талантов, интересов и симпатий, убеждений и жизненных установок, а также приобретение профессиональной квалификации» (В.Оконь Введение в дидактику // пер. с польского. –М.: В/ш., 1990, 61-стр.) Ю.К.Бабанскийдің оқыту үдерісіне берген анықтамасы оқу процесіне жақындатыла беріледі: «Обучение – это целенаправленный, систематически организованный процесс взаимодействия учителя и ученика, в результате которого происходит передача и усвоение системы научных знаний, умений и навыков, образование и развитие личности школьника» (Ю.К.Бабанский. Педагогика. –М., 1983) Жаңартылған білім беру мазмұнында оқыту үдерісі оқушыға дайын білімді беруді ғана емес, оқушының танымдық, ізденімдік қызметін ұйымдастыру жұмысын негізге алады. жоғарыда берген ғалымдардың анықтамасы мектептегі оқыту үдерісінде жеке мен

жалпылықты қамтығанын танытады, дегенмен ортақ нәрсе – оқытудың бір субъектінің екінші субъектідегі дүниетанымын, болмыс ерекшеліктерін білу әдістерін меңгерту процесі. Дәстүрлі білім беру үдерісінде дидактикалық әдебиеттерде көрсетілгендей, оқушы көп ретте, субъектіден гөрі объект ретінде анықталған. Оның өзі оқыту үдерісін біржақты үдеріс түрінде, яғни мұғалімнің оқушыға білім беруі деп түсінуге негіз болды.

Әлемдік озық технологиялардың барлық қыр-сырын білуге жетелейтін жаңартылған білім беру бағдарламасы түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы оқушылардың өзіндік жұмысының сапасын арттыруға жетелейді. Яғни оқушы осыған дейінгі біліп келген білімінен жоғары тұратын жетістіктерге қол жеткізу үшін, сол білімді меңгеруде оқушы мен мұғалімнің ара-қатынасындағы сөйлеу, таңдау, қабылдау, түрлі ой операцияларын орындату-орындау сияқты оқу қызметтерін кеңінен пайдалану үдерістері негізгі әдістемелік жұмыстардың маңыздылығын аша түседі.

Орыс аудиторияларындағы қазақ тілі пәні бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының негізінде оқушының тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым үдерісін жетілдіруге бағытталған оқу әрекетінде түрлі әдістер тиімді қолданылуда. Оқу әрекеті – баланың дамуының басты шарты, оқыту үрдісіндегі маңызды мәселелердің бірі, оқушылардың танымдық қасиеттерін, және дербестігін арттыру, өздігінен жұмыс істеуге баулу құралы. Оқыту үрдісіне тілдік нұсқаларды орынды қолдана білуде, үйреніп жатқан тілін саналы меңгеруде, сол тілде емін-еркін сөйлесу дағдысын қалыптастыруда жаттықтыру әдісін пайдалану тиімді. Тіл үйретуде қолданылатын негізгі тәсілдердің бірі – жаттығулар. Ғалым Н.Ж. Құрманова жаттығулар туралы былай дейді: «Жаттығулар оқушының білім меңгеруі барысында маңызды орын алады, өйткені, жаттығулар қандай да бір қызметтің, іс-әрекеттің негізін қалайды. Осындай маңызды қызметі бар жаттығу оқушының теориялық білім алуында тиімді нәтижелерге қол жеткізуі үшін, оларды тиімділікпен жасау, нәтижелі орындау шарттарын ғылыми негізде анықтау керек. Егер жасалған жаттығулар жүйесі тіл бірлігін дамыта оқыту барысында тиімді және нәтижелі болсын десек, онда оқушының теориялық ойлауы мен тілін дамытуға үлесін қосуына саналы түрде бет бұруымыз керек [4,94].

Ғалым жақсы нәтижеге жету жолында – тіл үйретудегі негізгі әдіс-тәсілдердің бірі - жаттығуларды тиімді, дер кезінде, өз орнында қолайлы жағдайда қолдануды талап етеді. Жаттықтыру тәсілдері арқылы өзге тілді сыныптағы оқушыларды сауатты оқу, жазуға үйрету, дұрыс байланыстырып сөйлеуге баулу, дұрыстап оқуға дағдыландыру, сөздік қорды байыту мақсатында жаттығуларды қолдану керек. Әдістің жаманы жоқ, әңгіме әдіссіздікте» - деген А.Байтұрсынов сөздері де, ұлы педагог К.Д.Ушинскийдің, Ы.Алтынсариннің ғылыми түрде зерттеп, оны оқушылардың орнықты білім алуында маңызды әдістерінің бірі екенін дәлелдеуі жоғарыда көрсетілген ғалым Н.Ж.Құрманованың пікірін негіздей түседі.

Жаттығулар тілді үйренушілердің дұрыс оқып, қатесіз жаза білуге, өз ойын еркін жеткізуге сөздерді, сөйлемдерді, мәтіндерді көп оқып, көп жазып, көбірек тыңдап, есте сақтауға мүмкіндік береді. Оқушыда нақты білік пен дағды қалыптасқанша жаттығу жұмыстарын үздіксіз жүргізудің қажеттігі туындайды. Алған білімдері бойынша нақты білік пен дағды қалыптасқан кезде тіл үйренуші айналасында болып жатқан түрлі жағдайларға араласып, және одан еркін шыға алады. Мысалы: орфографиялық біліктің болмауы салдарынан жазбаша мазмұндама және шығарма жұмыстарының жасалу қарқыны тежеледі, яғни оқылған мәтіннің мазмұнын беруде немесе басқалай жазба жұмыстарын орындауда уақыт сыйымдылығы назардан тыс қалады.

Ғалым М. Джусупов жаттығулардың психологиялық қасиетіне қарай рецептивті, репродуктивті, продуктивті жаттығулар жүйесін береді. Оқыту барысында кең тараған жаттығулар типологиясын дайындық жаттығулар және негізгі жаттығулар - деп екі топқа бөледі. Ал, психолінгвистикалық қасиетіне қарай - тілдік және коммуникативтік, ситуативтік, аситуативтік жаттығулар деп береді. Лингвистикалық қасиетіне қарай - рецептивтік және репродуктивтік болатын тілдік жаттығулар деп береді. Тілдік

коммуникацияның полифункциональді түсінігіне қарай тілдік тапсырмалардың мынадай түрлерін айтып өтеді: тілдік жүйе туралы білік қалыптастыру; тілдік материалды түсіндіру; сөйлеу тілі дағдысын қалыптастыру тілдік коммуникативтік қабілетін дамыту-деп жаттығуларға терең талдау жасауда дағдының қалыптасу деңгейін баса назарға алады [1,197].

Дағдының қалыптасуы – оқушының жылдам түсінуіне, жүйелі ойлауына, бір-бірімен байланыстыруына, ойын нақты әрі сенімді жеткізуіне және жұмысқа ұқыпты, аңғарымды болуына мүмкіндік туғызады. Білік пен дағды жаттығулар жұмыстарымен қалыптасады. Жаттығулар арқылы оқушылар алған білімдерін тұрақтандырады, оларды кеңінен әрі тиімді пайдалану сенімділігіне ие болады және дұрыс, тез қолдану қабілеттігіне жетеді. Ал, оқушының өзіне деген сенімділігінің артуы өмірдегі түрлі жағдайлардан шығуды бұрынғы өткен теориялық негіздердің практикалық жағын қайта-қайта еске түсіруден, оны ойластырудан «дұрыс қолданып отырмын ба?!» деген сенімсіздік туғызатын сауалдардан артылады, баланың күші (энергиясы) үнемделіп, жұмысқа деген қызығушылығы артып, тілге деген сұранысы басым болары сөзсіз.

Жаттығулардың мазмұны оқу материалына байланысты болады, сондықтан жаттығулардың түрлері де алуан. С.В.Чавдаров жаттығулардың түрлерін төмендегідей топтайды: ауызша жаттығулар, жазбаша жаттығулар, графикалық жаттығулар және техникалық жаттығулар [5,24].

Ауызша жаттығулар дұрыс сөйлей білуде, қазақ тіліне тән тән дыбыстарды дұрыс айта білуде, оқылған мәтіндердің мазмұнын айтуда, мәнерлеп оқуда жеке тұлғаның ешібір көмексіз жұмыс жасай алу мүмкіншіліктерін арттыруда білік пен дағдыны қалыптастыру үшін қажет. Тіл үйренуде ауызша жаттығулар елеулі орын алады. Мысалы: оқылым әрекетінде жаттығулар мазмұны көп түсіндіруді талап етпейді. Оқылым әрекеті дағдысына мыналар енеді: оқу барысында мазмұнын түсіну, мәнерлеп оқу, сонымен қатар өзге оқушылардың тыңдалым әрекетінде дұрыс түсіне білуі үшін нақты, анық оқу, қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларына сай дыбыстарды дұрыс оқу, екпінді дұрыс қою, қатесіз жүргізіп, шапшаң оқи білу, сөз ішінде буындарды, сөйлем ішіндегі сөздерді қайталаулар мен мен кідірістерді болдырмау, шартты белгілерді (мысалы, XIX ғ.) оқи білу. Ауызша жаттығулар көріп, тыңдалған, оқылған, жеке орындауда меңгерілген білімдерін дұрыс, әрі нақты пайдалана білуге көмектеседі. Ол үшін тыңдап- түсінуге арналған жүйелі жаттығулар қажет. Бұл тұрғыда М.Н. Шардаков мынадай анықтама береді. «Жүйелендіру – бүтіннің бір бөлігін (тақырып, оқу, курсы бойынша) белгілі бір тәртіпке келтіру, яғни құрама бөліктер алдағы уақытта белгілі бір мақсатта бүтіндік көрсетеді»- дейді.

Ғалымның пікірін назарға ала отырып, жаттығулар жұмысының жүйелі болып келуіне үлкен мән берген жөн. Себебі, мұндай жүйелі жаттығулар болмаса, онда оқушы өз еркімен жеке жұмыс жасай алмай, оқытушы тарапынан мәтін мазмұны негізінде қойылған сұрақтарға жауап беріп отырады. Бұл дегеніңіз, қазіргі таңда оқу үрдісіндегі бетбұрыста жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесінің басты мақсаты жеке тұлға тәрбиелеп шығаруда қайшылық туғызатыны анық.

Сабақ барысында оқушының оқылған, тыңдалған мәтіннің мазмұнын ауызша жеткізе алмауы – тілдік жаттығулар жүйесінің аздығы деген сөз. Күнделікті сөйлеу тілін қалыптастыруда оқылған мәтіннің мазмұнын айту, берілген суретке қарап мазмұнын айту, ауызша айту, суреттеу, түрлі жағдаяттар туғызу және одан шығу жолын қарастыру т.б. тілдік жаттығулар жүргізіліп отырылуы қажет. Тілдік жаттығулардың мазмұны сыныптан сыныпқа қарай қиындатылуы – тіл үйренушінің ойлау қабілетін дамытады, тіл мәдениетін қалыптастырады.

Қазіргі таңда жеке тұлғаның кез-келген жағдаятта өзінің ой-пікірін сауатты жеткізуде тіл мәдениетінің дұрыс қалыптасуы – қоғамның негізгі мәселелерінің бірі. Тіл мәдениеті – дұрыс сөйлеуден басталады. Дұрыс сөйлеу тілін қалыптастыруды талап етуде неміс ғалымы А. Дистервег былай деген: «Где учитель спрашивает дельно и метко, ученики отвечают бисто, проворно, верно в особенности с правильными ударениями, там

открывается, представляющее широкие горизонты, поле бодрого умственного развития и умственного расцвета...; там распускаются ростки и почки, обещающие в жизни прекраснейшие цветы и благороднейшие плоды» - дейді [2,224].

Жазбаша жаттығулар. Бұл барлық жаттығулардың ішіндегі ең көп түрлі, әр тілді меңгеруде көп қолданылады. Бұл тұрасында тілді қатысымдық тұрғыда меңгерудің тиімділігін ғылыми түрде зерттеген Ф.Оразбаева жазылым әрекетіне ұғымын түсіндірудің оның әдістемелік ерекшелігіне тоқтала кете, былайша түйіндеген: «Жазылымның әдістемелік ерекшелігі – графика мен орфографияны, жазу мен жазбаша сөйлемді жетік білудің, үйренудің амалдары мен жолдарын іздестіре отырып жазғызу, оқыту. Жазылым процесін тез әрі сауатты үйренудің ұтымды тәсілдерін пайдалану» [7.112].

Жаңартылған білім беру мазмұнында тілді үйретуде жоғарыда көрсетілген ғалымдар пікірін саралай, талдай келе, оқушыларды сауаттылыққа үйрету мақсатын көздейтін жаттығулар қызметі ерекше екендігі айқын көрінеді. Тіл үйренуде, оның ішінде жаттығулар орындауда дидактикалық принциптер үнемі ескеріліп отыруы - , қазіргі білім беру парадигмасында жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталатын әдістемелік жұмыс. Жаттығулар орындау барысында жұмыс кешенді жүргізіледі. Яғни «Жаттығулар жеңілден басталып, бірте-бірте күрделенуі тиіс» - деген профессор Н.Оралбаеваның пікірін негізге ала отырып, сабақ барысында қолданылып жүрген түрлі әдістер жеке, жұппен, топпен жүргізілетін жаттығу жұмыстарының күрделене түсуі арқылы жүзеге асады. Тілдік қатынасқа байланысты іске асатын әрекеттер (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім) жаттығуды орындауда кешенді түрде жүргізіледі.

С.А. Чавдаров жазбаша жаттығуларды үлкен екі топқа бөліп қарастырады: грамматико-орфографиялық жаттығулар және стилистикалық жаттығулар. Бірінші жағдайда төмендегідей жаттығулар жұмысы жүргізіледі: мәтінде жіберілген бос орынға тиісті сөзді қойып жазу; қажетті сөздерді теріп жазу немесе сөйлемдерді топтап жазу, диктант түрлері де енеді. Мысалы: диктант түрлерінің біркелкі қатары түсіндірме диктант болып саналады. Бұл жағдайда оқушы мәтінді кітаптың бетінен немесе тақтадан көреді (көзбен көру арқылы қабылдау), ол мәтінді оқиды (тыңдау арқылы қабылдау), оны грамматико-орфографиялық жағынан талдайды (түсіндіреді), осы жұмыстардың барлығынан соң жазады. Үйрету диктанттарының жиынтығы алдын-ала теориялық жағынан сұрыпталған, түсіндірілген диктанттар. Бұл жағдайда оқушының білімі бекіледі, жіберілген қателерге толық назары аударылады, шын мәнінде дағды жаттығады. Ал, бақылау диктанттарының алдында төмендегідей тапсырмалар тұр: ол алған білімдерін және орфографиялық дағдысын тексеру. Стилистикалық жаттығулар түрлері де әркелкі және жоғары сынып оқушыларына әртүрлі қиындықтар туғызады. Жоғарғы сынып оқушыларының жазбаша жұмыстарының ішінде көп кездесетіні шығарма жазу. Оқылған әдеби шығармалардың үзінділерін мазмұндау, талқылау және еркін тақырыпқа шығарма жазу. Жаттығу жұмысының бұл түріне аудиоклоуз жұмысын пайдаланған жөн.

Бұл стилистикалық жұмыстың ең негізгі түрлері оқушының оқылған, меңгерілген түрлі мәтіндерінен толыққан жеке тіл байлығын пайдалануға машықтандырады. Тапсырма – оқушының ойлау қабілетін арттыратын негізгі жұмыс түрі. Берілген тапсырманың орындау барысында өткен тақырыптарды еске түсіріп ой елегінен өткізеді. Орындалған жұмыстарының дұрыстығын сүйенген теориялық білімдері арқылы дәлелдей түседі. Сондықтан тапсырманы орындау мен оны дәлелдеудің аражігі жақын. Барлығы да стилистикалық тұрғыдан оқушының тек ойлау қабілетін артып қоймай, тіл мәдениетін де қалыптастырады.

Жаттығулардың тағы бір түрі, графикалық жаттығулар – оқылған, тыңдалған мәтіндердің, сөйлем, сөз ішіндегі дыбыстардың графика арқылы көрінісін беруде қолданылады. Ауызша және жазбаша жаттығуларды орындауда оқушының көзбен қабылдап, ойға бекіту әрекетінде білік пен дағдыны қалыптастыратын жаттығулардың бірі- графикалық жаттығулар. Сөйлемдердің, сөздердің дұрыс оқылуы, дұрыс жазылуы және дыбыстарды бір-бірімен дұрыс үндесуін қадағалау, бірнеше мәрте қайталату

жұмыстары орфографиялық ережелердің сақталуына жағдай жасайды, есте сақтау қабілетін дамытады. Мысалы: қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуын сөз ішінде байқау жұмысын жүргізіп, ұнтаспадан (аудиоклоуз) осы сөздерді қайта тыңдап, оқушының жіберген қатесін шығарып, салыстырып отыру – әрбір әріптің сөз мағынасына беретін маңызын айқындайды мәселен, яғни мәтін мазмұнына қажетті сөз «үш» болса, графикалық тұрғыда естіп тұрған тән дыбысты ажырата білмеуін оқушының «үш» деген сөзді жазуынан байқаймыз. Өзге ұлт өкілдеріне, тіл үйренушілерге графикалық жаттығулар түрлерін кеңінен пайдаланған жөн. Ал техникалық жаттығулар түрлері көбінесе еңбек білігі мен дағдысын қалыптастыру үшін қажет. Бұл жаттығу түрлері мамандандырылған мектептерде көбірек қолданылу тиімді. Жоғарыда аталған жаттығулар түрлері теориялық жағынан дұрыс құрылған, оқушылардың санасына жақын, түсінікті жасалса, бір жүйелі мазмұны жағынан оқушының қызығушылығын туғызатындай әртүрлі болып келсе, сонымен қатар жаттығулар білімді меңгеруде жеткілікті мөлшерде алынып, түрлі бақылау жұмыстарымен қадағаланып отырса, онда тіл үйренуде жақсы нәтиже берері анық.

Қорыта келе, «өмірмен байланыс» ұғымына негізделген жаңартылған бағдарлама тіл үйренушілердің жаттығулар арқылы жаңа білімді терең меңгеріп, оны әрі қарай дамытуына толық жол ашады. Тіл үйренушілердің коммуникативтік дағдыларын дамытуда жаттығулардың ұтымды жүргізілуі жеке тұлғаның әрбір жағдаят үстінде шығармашыл шешім қабылдай алуына, ойын еркін жеткізіп, ерекше білім деңгейін көрсетуі арқылы сауатты сөйлеуіне, түрлі зерттеу жұмыстары барысында жекелей, жұппен, топтық жұмыс жасай білуіне мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Джусупова М., Звуковые система русского и казахского языков. Слог. Интерференция. Обучение произношению. Ташкент. Изд. «Фан» Узбекской ССР 1991.- 197 с.
2. Дистерверг А., Руководство для немецких учителей. 1913.-224 с.
3. Жұмабаев М., Педагогика. Алматы, 1992.- 58-72 б.
4. Құрманова Н.Ж. Қазақ мектептеріндегі сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясы. Ақтөбе, 2004.- 94 б.
5. Чавдаров С.В. Упражнения. // Советская педагогика. 1939/7.-23с.
6. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері. Алматы, 2005
7. ОРАЗБАЕВА Ф. ТІЛДІК ҚАТЫНАС НЕГІЗДЕРІ. АЛМАТЫ, 2005.

Көркем шығармаларды адам есімдерінің мағынасы

Алдашев Нұрдәулет Мырзалыұлы

филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Баишев университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы aldashev13@mail.ru

Айтбаева Г.М.

«қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының I курс магистранты, Баишев университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

Қазақ тіліндегі көркем шығармалардағы адам есімдерінің мағынасының қалыптасуындағы антропологияның көрінісі де, лингвомәдени негізде анықталады. Осы бағытта зерттеген ғылыми жұмыстар мен монографиялардың авторлары Түжанұзақов, С.Иманбердиева, Қ.Рысбергенова, Ж.Исмаилова, А.Сембиев, Б.Бердібек, А.Әлімхан, Ү.Ержанова т.б. еңбектері осыған дәлел. Мысалы, қоғамдық әлеуметтік факторлардың атаулардағы көрінісі Қазақстан аймағының топонимдік жүйесінде халықтың ежелден бергі діни наным, өдет-ғұрпы мен дәстүрі, әулие-әмбиелердің есімдері географиялық атауларда кеңінен орын алып отырған. Атап айтқанда, ғалым Қ.Рысбергенова адам есімдерінің мағынасының сипаттауда және топтастыруда ертедегі ислам қайраткерлерінің

есімдеріне байланысты қалыптасқан баба, ата, ана, әулие, этномаркерлі топонимдер мен Әзірет Сұлтан, Баба Ата немесе Ысқақ баба, Ибрагим Ата, Қарашаш Ана, Гауһар Ана, Қыра Бура, Ақ, баба, Әулие Ата, т.б. микронимдерді келтіреді [6,]. Қазақ тіліндегі көркем шығармалардағы адам есімдерінің мағынасының қоғамдық ортаның қалыптасқан әлеуметтік сипаты тілдік деректермен таңбаланып, топонимияда өз ізін қалдырып отырған. Қазақ тіліндегі көркем шығармалардағы адам есімдерінің мағынасының аймақтағы елді мекен, жер су атауларының негізі ер адамдардың есімдермен аталатынын айту керек. Мысалы: Амангелді, Лесбек батыр, Қазыбек, Қабанбай, Рысқұл т.б. ауылдар.

Қазақ тіліндегі көркем шығармалардағы адам есімдерінің мағынасының өзі қазақтың қоғамдық ортасында ер адамдардың орны ерекше, салмақты істер ер азаматтың мойнында екенін көрсетіп, ер адамды қадірлеу, сыйлау, ардақтауға айрықша мән беріліп, әлеуметтік сипатын айғақтайды.

Қазақ тіліндегі көркем шығармалардағы адам есімдерінің мағынасының әлеуметтік қызметін сипаттайтын тілдегі лингвомәдени жүйенің бірі — қазақ тіліндегі эпонимдік есімдер. Эпонимдік есімдер тобына ерекше әлеуметтік топ өкілдері - ғылым, әдебиет, өнер, саясат қайраткерлерінің есімдерімен қатар ғылым тарихында алғаш жаңалықтар ашқан адамдар есімдері де жатады. [6]. Мысалы, Бөкетов, Машанов, Сәтпаев т.б.

Көркем шығармалардағы адам есімдерінің мағынасындағы эпоним терминдер - белгілі бір дәуір “қуәлары”, ғылыми жаңалықтар ескерткіштері. Эпоним атауларына өр саладағы ғалымдардың есімдерімен қатар, ұлт тарихы мен мәдениетінде өзіндік орны бар, аты қалған өткен ғасырдағы өмір сүрген хандар, билер, басқа да белгілі адамдар есімдері енеді. Мысалы: Қасым салған қасқа жол, Есім хан салған ескі жол, Абылайдың ақ туы т.б.

Қазақ тіліндегі көркем шығармалардағы адам есімдерінің мағынасының этноәлеуметтік сипаттағы қазақ антропонимдер жүйесінің бір көзі — белгілі бір топонимиялық кеңістікте қалыптасқан, сақталған *генотопонимдер*. Қазақ тіліндегі көркем шығармалардағы адам есімдерінің мағынасының және би, батырларының есімдерінің топонимдерден тарихи-әлеуметтік құрылымдарындағы аттары генотопонимдер деп аталады. Ол мәселе зерттеуші А.Жартыбаевтың еңбегінде қарастырылған: Толыбай, Қамқа, Жидебай, Күшікбай, Жасыбай, т.б. [6,].

Қазақ тіліндегі көркем шығармалардағы адам есімдерінің мағынасына қатысты зерттеу жүргізуші ғалымдардың пікірінше, соңғы жылдары қазақ тілі білімінде де тіл мен мәдениет сабақтастығына негізделген зерттеулер қарқынды жүргізіле бастады. Рухани мәдениет негіздері, халықтың танымы, этнографиялық, заттық мәдениетке қатысты атаулар, этнолексика, қазақұлтына тән мәдени- дүниетанымдық ерекшеліктер Ә.Қайдаров, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісов, Е.Жұбаңов, Н.Уәлиұлы, Ж.Манкеева, С.Сөтенова, Г.Смағұлова, Қ.Рысберген, А.Сейілхан, Қ.Қайырбаева, С.Иманбердиева т.б. еңбектерінде арнайы зерттелді.

Қазақ тіліндегі көркем шығармалардағы адам есімдерінің мағынасының байланысты жалқы есімдердің қызметі де тіл мен мәдениеттің өзара байланысын көрсететін негізгі маңызды лингвомәдениеттанымдық аспект болып саналады. Т.Жанұзақов, Е.Ә. Керімбаев: “Қазақ халқының этникалық психологиясы мен этникалық өдеп нормаларының дәстүрлі “классикалық” қасиеттерінің бірі болып жасы үлкендерді құрметтеу және аға ұрпақ өкілдері, қарттар мен егде адамдарға сый құрмет, ізет көрсету танылады. Қазақ антропонимиясы саласында қазақ халқының осы этнопсихологиялық қасиеті өзіндік пішіндегі айтышымға ие және ол аға- іні, үлкен-кіші түріндегі қарыш-қатыштың әлеуметтік жағдайында көрінеді, [2.,7].

Мұндай құрмет көрсету, сыйлауға қатысты кейбір ғалымдар -ка, -ке, -әке, -еке аффикстері қысқарым үлгісінде қолданылады деп көрсетеді. Мысалы: Жәке-(Жамбыл), Секе- (Серғазы), Гүлтай - (Гүлсім) т.б. Қазақ тілінде жалқы есімдерге -жан, -тай қосымшалардың жалғануының нәтижесінде экспрессивтік эмоциональдік реңк беріледі. [8]. Мысалы: Айжан, Берікжан, Асылтай т.б. Осындай қазақ антропонимдердің қызметтік ерекшеліктеріне жасалған лингвомәдениеттанымдық талдау бойынша,

антропонимдердің қызметтік және тұрмыстық лексикасы мәдени маңыздылыққа ие екендігін дәлелдейді.

Қазақ тіліндегі көркем шығармалардағы адам есімдерінің мағынасында, қазақ аттарының поэтонимдер деген тақырыптық тобының астарында қазақи мінез, өзіл қалжың, салт-дәстүр, тарихы, тұрмысы, мәдениеті жатыр.

Ғасырлар бойы калыптасып, халық арасында кеңінен тараған батырлық эпостар мен лиро-эпикалық дастандардағы кісі, ру-тайпа аттарын лингвомәдени зерттеудің ономастикасаласындағы орны бөлек. Себебі эпос антропонимдеріне тән ерекшелік - олардың көнелігі. Сондықтан эпос топонимиясы мен антропонимиясының басқа салаларға қарағанда өзіндік ерекшеліктері көп. Қазақ эпосымен, этникалық мәдениетімен тікелей байланысты, кдзақ топырағында дүниеге келіп, халық арасына кеңінен тараған, тіпті Қазақстаннан тыс көршілес өлкелерге де жайышқан эпостардың бірі - “Қозы Көрпеш - Баян сұлу”. Эпос тілін зерттеуші ғалым Е.Жұбанов, осындай ерекшелікті атап өтеді. [3].

Мәселен “Қозы Көрпеш” жырындағы кездесетін мына есімдер: Таңсық, Айбас, Кодар, Бұланқара, Нұрқара, Көсемсары, Ай, Күлік, Шақшақ т.б. бүгінде қолданылмайды, не сирек кездеседі. Эпос антропонимдердің екінші бір ерекшелігі көп жағдайда кейілкер, есімдерінің алдынан да, артынан да (препозитивті, постпозитивті) анықтауыштардың қолданылуы: Қозы Көрпеш, Қарахан, Сары хан (Қарабай, Сарыбайдың варианттары).

Қазақ тіліндегі көркем шығармалардағы адам есімдерінің антропонимдер тарихи-этникалық, этномәдени ақпарат көзі ретінде қарастырылады. Оның дәлелдері ретінде Ә.Бөкейхановтың, Х.Досмұхамедовтың, М.Әуезовтің, Ә.Қоңыратбаевтың пікірлерін айтуға болады. Мысалы, Гулбаршын атының этимологиясы туралы пікірлер әртүрлі. Оны парчин (парча - мата атауы) деп ұғынатындар бар, қыздардың сұлулығын, нәзіктігін гүл, жібекке теңеу түркі тайпаларында кең етек алған үрдіс десек, бұл пайымдаудың лингвомәдени негізі болуға тиіс.

Сол сияқты антропонимдік тұлғадағы көне атауды бір ғана эпитет деңгейінде ұғыну жеткіліксіз болар еді. Оның (баршынның) “көк” деген мәнін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Сол сияқты академик Ә.Марғұланның анықтаған шежірелік деректеріне сүйеніп, Алпамыс антропонимін де лингвомәдени негізде анықтауға талпыныс жасауға болады: Алып мамыш. [6]. Проф Е.Жұбанов “Қобыланды” сөзінің этимологиясын Қобылан + ды < куба + оғлан деп қарайды. [3].

Қазақ тіліндегі көркем шығармалардағы адам есімдері: Асан қайғы, Аяз би, Қорқыт, Қобыланды, Толағай, Қожанасыр т.б. Кдсиетті пірлер мен әулиелер: Бибі Фатима, Қржа Ахмет Иассауи, Үмай ана, Қррабура, Қріз ана т.б. Тарихта болған тұлғалар: Абылай хан, Қрсымхан, Есет батыр, Қрбыланды, Алпамыс т.б.Әдеби мөтіндердегі персонаждар: Дайрабай, Мырқымбай, Судыр Ахмет, Шығайбай, Тоңқылдақ т.б.

Қазақ тіліндегі көркем шығармалардағы адам есімдерінің мағынасының ерекшелігін тарихи дерек көздердегі, эпостық жырлар мен фольклордағы, фразеологиялық, паремиологиялық, прецеденттік жүйедегі тілдік деректердің ұлт санасындағы ізін анықтау мәселесі - қазіргі тіл біліміндегі негізгі бағыттағы зерттеулердің арқауы.

Әдебиеттер

- 1.Рысбергенова К.К. Историко — лингвистический анализ топонимов Южного Казахстана. Канд.дисс.авторефераты. Алматы, 1993.
- 2.Жанұзақов Т.Ж. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. Алматы, 1965. 3.Е.Қ.Жұбанов.Эпос тілінің өрнектері. Алматы,1982
- 4.Ағабекова Ж. Қазақ тілінде калыптасқан араб текті кісі аттарының этнолингвистикалық сипаты. Филол. ғылым. дисс. авторефераты Алматы, 2005. - 10 б.
- 5.Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Әуезова) Алма-Ата, 1989. - 23 б.
- 6.С.Иманбердиева. Тарихи ономастикалық кеңістік. Астана,2010

7. Е.Керімбаев Казахская ономастика в этнокультурном номинативном и функциональном аспектах Алматы, 1995 — 109 б.

8.Н.Алдашев.Қазіргі қазақ тіліндегі қысқарған сөздер.Канд. дисс. авторефераты. Алматы, 1996.

Әдеби сын жанрының зерттелуі

С.Ж Тәшімбаева

Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқтушысы

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

1921 жылдың қазанында толтырылған анкетасында «Қоғамдық өмірдегі қандай жұмысқа өзіңді лайықты деп санайсыз?» деген сұраққа Смағұл Сәдуақасов: «Әкімшілік және әдеби жұмыстарға» деп жауап береді. С.Сәдуақасов Омбыда жүрген кезінде-ақ әдебиетпен айналыса бастайды. Ол алғаш «Бірлік» ұйымының «Балапан» атты қолжазба журналын шығаруға қатысады. Кейіннен жастар ұйымдары бірігіп, «Жас азамат» ұйымын құрған кезде, Смағұл Сәдуақасов «Жас азамат» газетін шығаруға ат салысқан.

1927 жылы Орынборда жарық көрген «Жастарға жаңа жол» деген еңбегінде автордың сол кезде жинаған ой-тұжырымдарын байқауға болады. Осы алғашқы ктапшасынан-ақ біз С.Сәдуақасовтың 1917 жылы қос революция кезіндегі және онан кейінгі кезеңдегі қазақ қоғамында болып жатқан өзгерістерге нағыз ғылыми талдау жасағанын анық байқауға болады. Жастар өмірін тілге тиек ете отырып, автор бүкіл қоғамға тән жағдайларды публицистикалық өткір стильмен, мазмұнды тілмен бейнелей алғанын байқаймыз.

Ол өзін қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарға өзінің жеке басының қарым-қатынасын да үнемі білдіріп отырған. Қай кезде болмасын С.Сәдуақасов кез-келген құбылысқа өзінің көзқарасын айтуда ешкімнен де, ештеңеден де именбеген, қаймықпаған. Жоғарыда аталған «Жастарға жаңа жол» деген еңбегінде жаңа қоғам молдаларға қандай шоқынудан басқаны білмеді. Қазақтың молдалары бір жағынан дінді үйретсе, екінші жағынан балаларға хат тануды үйретеді... қысқасын айтқанда, орыстың поптары мен қазақтың молдаларын бір көзбен өлшеуге болмайды. Олай болса, орыстар поптарын жамандайды, біз де молдаларымызды жамандайық дудің қисыны жоқ». Міне, осындай соны пікірлер айту – С.Сәдуақасовтың ойлау жүйесін өзіндік ерекшелігі деп айтуға болады.

С.Сәдуақасов әдебиет майданына араласқан сын мақалаларына тарихи-талғам тұрғысынан шолу жасап, пікір айтпас бұрын, сол сөздегі әдеби өмір ахуалына аздап болса да тоқталып өту керек деп ойлаймын. Бұл, ең алдымен, сол кездегі сын мақалалардың, әдебиет сынының бағыт-бағдары, түпкі мақсаты қандай болғанын ашып көрсету үшін де қажет.

Мәселен, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті мен Қазақстан Жазушылар одағының әдеби-көркем және қоғамдық-саяси журналы «Жалында» жарық көрген «Сын-таным айнасы» деген мақалада 20-жылдардың орта шенінде әдебиет сынының негізгі сипаты-айтыс болғаны айтылады. Ал осы айтысқа қатысушылардың өзі шамамен алғанда үш топқа бөлінген. Сыншы Б.Дәрімбетовтың айтуынша, әдеби айтысқа қатысқан негізгі үш топтың біреуін сол кезде әдеби шығармашылықпен бірге әдеби сынына белсене араласқан, өзін пролетариат жазушысы деп санаған, қандай мәселеге болса да тек қана тап күресі тұрғысынан қараған-Сәбит Мұқанов бастаған. Ал Қошке Кемеңгеров және басқалар бастаған екінші топ өздерін бұқарашыл жазушы деп санап, әдебиет жалпы адамзаттық болуға тиіс деп білген. Бұлар тапты әдебиет, ол бір тапқа ғана қызмет етіп, бір таптың ғана сойылын соғуға тиіс деген пікірге қарсы болды. Үшінші топқа Смағұл Сәдуақасов, Ыдырыс Мұстанбаев, Шәймерден Тоқжігітовтер кірген.

Басты өкілі С.Сәдуақасов болған бұл топтың көзқарасында тап күресінің әдебиетке жасайтын ықпалы теріске шығарылмайды. Бірақ бұлар, негізінен алғанда, қандай мәселеге болса да тарихи тұрғыдан қарауды мақсат еткен. Мұның өзі Сәдуақасовтың «Қазіргі дәуір-іс дәуірі» деген мақаласынан мейлінше анық көрінеді. «Біз өткен заманнан осы күннің арасын шарт кесіп тастамаймыз,-деп жазған ол:-Менен бұрынғының бәрі ескі, менікі ғана жаңа, сол жаңа өзіме жетеді, өзімді қанағаттандырады деп біз ешуақытта да айта алмаймыз» - деп турасын айтады.

Осы бір шағын үзіндінің өзінен-ақ Сәдуақасовтың сыншы ретіндегі ғана емес, адамзат ретіндегі де нақты көзқарасы, әдебиетке ғана қатысты емес, бүкіл мәдениетке қатыста да негізгі позициясы бүкіл болмысымен көрінеді десек асыра айтқандық болмас. Оның осы көзқарасының қаншалықты дұрыс екенін қазақ әдебиеті мен мәдениетінің содан кейінгі бүкіл дамуы дәлелдеп те берді.

Мысал келтірелік. Осы мақаласында ол Абайдың өзінен де,әдеби мұрасынан да бас тартуды уағыздап, насихаттаған,оған күйе жағуға тырысқан кейбір солақай сыншыларға, «Абайды күйдіріп, өртеп жіберу керек...», «Абай ескі,ол бұрын болған, бізге жаңа керек» деушілерге тойтарыс береді. Мұндай пікірлердің дұрыс емес екенін атап көрсете келіп, ол: «Біз ескіге қарсы болғанда оның шын шірігін,ескірген жеріне қарсымыз. Осы күнгіні гүлдендірудің орнына бүлдіретін, шірітетін, ілгері басуға бөгет болатын жеріне қарсымыз»,-деп жазады.

Осылай дей келіп Сәдуақасов: «Абай-анық ақын.Абай - әдемі сөздің ұстазы. Абайдан біз әдемі сөзге үйренуіміз керек»,-деп кесіп айтады. Содан соң ол Абайдың өз кезінде прогресшіл бекем тұрғанын да көрсете білген.

Оның адамзат тарихында,қоғамның даму тарихында капитализмнің бір кезде прогресшіл роль атқарғанын айта келіп, «ескі» мен «жаңа» ұғымдарының арақатынасы жайында ой толғауын философиялық айқындама деп атауға болады. Сәдуақасовтың өз сөзімен айтқанда, «бұл екеуінің арасында байлам бар, қатынас бар...Ескі мен жаңаның ортасындағы байламымен бірге түсіну керек». Оның халықтың өндіріс күші, тұрмыс болмыс пен ой туралы айтқан пікірлері де осыны дәлелдейді.

Смағұл Сәдуақасовтың «Әдебиет әңгімелері»(айтыс ретінде)деген көлемді мақаласында айтылған пікірлер де «Қазіргі дәуір-іс дәуір»деген мақаладағы көзқарастардың табиғи жалғасы деуге болады. «Бұл - сыны жетілмеген әдебиеттің ауруын жасырмай айтқан туынды». Сынның күш-қуаты неде? Ескі мұра тек мансұқталуға тиіс пе? Ақын жазушының жазушылығы немен өлшенеді? Әдебиеттің ұлттық бет-бедері оның кемшілігі ме? Мақалада автор осы сұрақтарға жауап іздейді, ілгерідегі туындыларындағы ойын өрбітеді.

«...Мағжанның жұмбағы, дағдарысы болды. Бірақ тоғыз жыл төнкеріс Мағжанға текке кеткен жоқ. Оған куә - оның соңғы жазғандары»,-дей келіп, Сәдуақасов М.Жұмабаев туралы сол кезде сыншылдардаң аузына түспеген әділқазылық айтады.

«Мағжанды қайтсе де жақсылайын деген ойдан мен,сірә, аулақпын. Бірақ барын бар, жоғын жоқ деу керек »,-дейді ол. Шынында да қазақ әдебиетінің, қазақ ақындық өнерінің ұлы Абаймен арадағы алтын көпірі Мағжан Жұмабаевтың кешегі күнге дейін қазақ әдебиетінде өз орнын ала алмай келгеніне С.Сәдуақасовтың «...барын бар, жоғын жоқ » деп айта алмағанымыз себеп болды ғой. Сондықтан да Сәдуақасовтың осы мақаласында М.Жұмабаевпен бірге Абайдан кейін әдебиетімізге өз орнын алған Сұлтанмахмұт пен Берниязды шып-пыр болып қорғауын сыншының көрегендігі демеске еш шара қалмайды. Ал оның сол тұста жарық көрген Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романы, М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек», «Қорғансыздың күні», «Қаракөз» сияқты туындылары сыншылар назарынан қағыс қалып отырғанын нали пікір айту да әдеби өмірге шын жаны ашығандықты білдірсе керек.

Қазақ әдеби сынының осы олқылықтарының орнын толтырғысы келген Сәдуақасов осы мақаласының өзінде олар жөнінде оқырмандарға қысқаша болса да әділ пікірін айтуға ұмтылады. Бұл орайда ол осы жазушылардың жансақ қадамдарын жасырмай айтумен бірге

олардың «солақай сынын» қорғауға да тырысады. « Біз Мұхтардың, Жүсіпбектің, Кошкенің тіл жағынан,тұрмысты сипаттау жағынан көркемдігін,шеберлігін айтсақ,пікір жағынан олардың қатесін де айтамыз»,,-дейді ол. –Бірақ бұлардың қазір кемшілігінен жақсылығы көп. Бұлардың кемшілігі күннен күнге ұлғайып келе жатқан жоқ, қайта азайып келеді. Бұлар совет өкіметіне қарсы қайнасып қалған ұлтшылдар емес,бұлардың болашағы әлі алда. Қарап отырсаңыз бұл пікір оның жоғарыда М.Жұмабаевты қорғаған пікірмен үндесіп жатқан жоқ па?!

С.Сәдуақасов басқа да сын мақалалары сияқты, бұл шолуында да көбіне өзіне қарсы шығып жүрген С.Сейфуллин мен С.Мұқановқа әділ пікірін айтады. Олардың творчествасындағы жансақтықтарды көрсете келіп, Сәкеннің «Азия», «Эспресс» сынды туындыларына жақсы баға береді де, «Сәбит өнерсіз аққын емес,Сәбиттің қазіргі табысы - үлкен еңбек» деп атады.

Сыншы осы бір ілтипатты көзқарасын әдебиетке сол жылдары келіп қосылған жас ақындарға да көрсетеді. Соңғы жылдарда бұрын естілмеген ақын-жазушылар шыққанын атап өте келіп,ол « Арқалық батырды »жазған Жұмат (Шанин), «Құралай сұлуды»жазған Иса,Жетісудан шыққан Ілияс Жансүгірұлы мұның бәрін болашағы үлкен адамдар деп кейінгі толқынға көрегендік баға береді.

Сыншы ретінде С.Сәдуақасовтың айырықша назар аударған ақындардың бірі - Бейімбет Майлин. Сәдуақасов : «Түйені де таста, биені де таста, домбыраны сындыр, киіз үйдің шаңырағын ортасына түсір дей аламыз ба? Күні кеше домбырасын тартқан қазақ ұлын, енді келіп бір түнде көшіре аламыз ба? »,,-деп жазады. Б.Майлинге сыншының басқа назар аударуының бірден-бір себебі де осыдан болуы керек. Өйткені, әлгі келтірілген тиянақ сөзден көрініп отырғанындай,С.Сәдуақасов ғасырлар бойы қалыптасқан өмірді, қазақ халқының тұрмысын бірден өзгерту дегенге сене бермейді.

Өмірдің өз жолы,даму жолы бар деп білетін «секірістерге»сене бермейтін сыншы, қоғам қайраткеріне С.Сәдуақасовқа Бейімбет Майлиннің елімен, халқымен бірге өзгеріп жегіліп келе жатқан Мырқымбайы жақын. Ол мұны жасырмайды. Ол үшін «Мырқымбай- анық қазақ,қазақтың нағыз бұқарасы»,- «...Қазақстанның кіндігі-Мырқымбайлар», «Мырқымбай-Қазақстанның негізі» Сәдуақасовтың «Мырқымбайды адам қылсақ,дүненің бәрі түгенделеді»дейтіні де сондықтан. Оның «Әдебиет әңгімелерінде »Мырқымбайға әдейі тоқталып, Бейімбет Мырқымбайының революцияға дейінгі де,одан кейінгі де,өміріне шолу жасап өтетіні де сондықтан. Сәдуақасовтың айтуынша «Мырқымбайдың әңгімесі үлкен тема,мұны түгендеу үшін бір Бейімбет емес, әлденеше Бейімбеттің кезеңі керек».

С.Сәдуақасовтың Б.Майлин творчествосына айрықша көңіл бөліп, арнайы мақала арнауы да жоғарыда айтылған пікірлер себепті болса керек. «Бейімбеттің өлеңдері» деп аталатын бұл мақаласында сыншы ақынның өлеңдеріне сын пікірлер айтуды ғана мақсат етпеген. Оның өзі атағандай, ауыл ақынының туған халқымен бірге өсіп-жетіліп,оның творчествосының кейіпкерімен бірге буын қатайтып келе жатқанына ерекше назар аударады. Ал сыншының айтуынша,Бейімбет ауылды жырлағанда оның өткенін көксемейді, «Мағжан сықылды сары даланың сағымына» да ынтық емес. Бейімбет жырлайтын ауыл да еңбекші ,ол кейіпкер ететін ауыл адамдары да еңбекші. Бейімбеттің ауылындағы адамдар жер жыртып, егін салса, сыншының айтуынша бұл да Бейімбеттің өзгергені емес, «оның табиғи мінезінен».

Сөйте тұра Бейімбеттің жаңалыққа үрке қарамайды, «сары даланы солқылдатып,жылқыны үркітіп келе жатқан» поездға да ренжімейді. Өйткені Бейімбет ауыл ішіндегі еңбекші таптың ақыны деп ой түйеді.

Сәдуақасов «Бейімбеттің ауылдан алған кемшілік мінешінің бірі-діни сөздержі кең пайдаланатындығы. Бұл мінез Бейімбеттің ауруы емес,әдеті»,,-дей келіп,әдеби жолының өсу сапарына бұл әдетін қалдырар дейді. «Әдеттерді қалай сынау керек» деген еңбегінде жергілікті жерде үйірме сынының қажеттігі сөз болған. Мұны қаламгердің еңбегі оқығандарды отралықта шығып жатқан кітаптарға сын көзбен қарауға шақырғаны деп

ұғамыз. Ол әдебиет атқамінерлердің қолбасы емес.көптің үні мен мұңы екенін айтқысы келген.

С.Садуақасовтың «Киргизская литература» деген көлемді шолу мақаласы да қазақ әдебиетінде тарихи талдау жасап,қазақ ақындарына, жазушыларына, алғаш газет журналдарға тоқталып,өзіндік пікір айтады. Мақала орыс тілінде жазылған. Мақаласының басында қазақтың Каспий теңізі мен Қытай шекарасына дейін созылып жатқан кең байтақ сары даласына тоқталады. Қазақтың суырып салма ақындарын Шөже,Біржан сал,Сара туралы былай дейді: «Среди акынов были м очень талантливые,которые приобрели все киргизскую известность. Так например имена акынов,Шоже,Биржан Сала,Сара и др.изобразили всю киргизскую степь,чем и объясняется их общекиргизская известность. Песни этих акынов предавались от поколения в устном виде и в редких случаях в виде рукописи,поэтому их в настоящее время можно услышать от стариков».

19-шы ғасырдың екінші жартысында қазақ әдебиетінің тарихында жаңа дәуір- жазба әдебиеті дүниеге келгені белгілі. Садуақасовтың пікірі бойынша жазба әдебиеттің негізін салушылар - Ж.Көпеев, А.Құнанбаев. Мынадай пікірді жас әдебиетші қолындағы материалдың аздығынан айтуы мүмкін. Өйткені кейінгі еңбектерде ел көшбасшы Абай деп жазады. Осы мақаласында Садуақасов Абайдың ақындығына,тіліне тоқталып,жоғары баға береді. Мысал келтірсек: «Абая в жизни не оценили. Причиной этому его было крайняя неохота опубликовать свои произведения. Он не печаталих,и поэтому его сочинения приобрели общекиргизскую известность только его смерти. Он хорошо был знаком с произведениями Пушкина и Лермонтова и многе из них перевел на киргизский язык. Его стихотворения проникнуты безграничной любовью к народу: весь переживаемый тогда киргизким наследием ужас в лице чиновников самодержавия ярко отражается через незримое слезы »Абая, язык его в высшей степей художественный в этом отношении он не имеет еще себе среди киргизских писателей ровного-деп жазды.

С.Садуақасұлының Омбыға келуі саясат мектебі мен әдебиет мектебінің табалдырығын қатар аттауы еді. Ол да өзіне дейінгі жастар секілді, қазақ және орыс тілдеріндегі мерзімді басылымдар мен түрлі кітаптарды оқып, білім-білік деңгейін көтерді.Оны Омбыдағы ұлт жастарының белсенділігі бірден ақ баурап алды. Олардың әдебиетке, оның қисындарын білуге деген талпынысы Смағұл бойындағы қабілет бұлағының көзін ашқандай болды. Бұл кезде, мысалы, қазақ жастары бірігіп, болашағына үміт күттіретін қатарластары, талапкер ақын Сәке (Садуақас) Сейфоллаұлының « Өткен күндер » атты өлеңдер жинағын (Қазан, 1914 жыл) бастыртқан еді. Кітаптың алғы сөзінде олар: «Әдебиет деген тілге қанша жеңіл болса, оның тууы, өсуі һәм өнуі сонша қиын. Қай білімді халықты алсаңыз да, бәрінің әдебиеті жүре-жүре түзелген. Жалғыз-ақ парқы (айырмасы) сол – қайсыбіреулерінде шапшаңырақ түзілген, қайсыбіреулерінде – шабанырақ. Ол себеп, әрине, әдебиеттен емес, халықтың өзінен. Халық арасында әдебиет аяғын шапшаңырақ баспақ»,-деп көшпелі пікір айтқан болатын.

Білім аспанына «өрмелеп шығып, күн болып» (Сұлтанмахмұт), халқына нұр төгіге талаптанған Омбыдағы қазақ жастары 1915жылы «Бірлік» атты мәдени-ағарту ұйымын құрады. Ұйымның бағдарламасындағы: «Қазақ халқын мәдени һәм әдеби жағынан ілгергі қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін туғызу һәм ұлттықты сақтау. Бұл айтылған мақсаттарға жету үшін жастар арасында ұлтты сүю сезімін сіңіре беру. Халық әдебиетін жинау, ол әдебиетті кітапша һәм үлкен кітаптар етіп бастыру. Театр кітаптарын шығару, газет, журналдар шығару»-деген алдына қойған міндетіне қарағанда, «Бірлік» рухани жетілу мен жаңа ойдын, соны пікірдің орнығуына күш-жігер жұмсаған. Оның әдебиет пен мәдениет жөніндегі ұстанған жолы сол кездегі қазақ руханиятының көшбасшысы «Қазақ» газетінің бағытынан өрбіді.

Жалпы қазақ жастары арасындағы қолжазба журналдың дүниеге келуі Уфадағы «медресе Ғалия» шәкірттерінің төлтума еңбегі- «Садақтан» (1915-1916) басталады. Қолжазба журналдардың пайда болуының да өзіндік себептері бар. Яғни, алаш ұранды аға толқынды патша цензурасымен күресе жүріп тасқа бастыртқан газет-журналдары

жастарға қатты әсер етті. Жастыққа тән албырт сезіммен олар да көкейіндегісін қағазға түсіріп, көпке жариялағысы келді. Бұл – өркениетке бет түзеген кез-келген елдің басында болатын жағдай еді.

С. Садуақасұлы қаламын алғаш осы «Балапанда» ұштады. «Қазақ» газетінің мұратын (идея) саналы түрде қабылдаған 1916-1918 жылдар аралығында белгілі дәрежеде қалыптасты деуге негіз бар. Белгілі қоғам қайраткері, әдебиетші І. Омаровтың: «Кейде біздің тарихшылар ұлы адамдарға жасалған ықпалды көрсету үшін тікелей байланыс, тарихи документтер іздейді... Ондай байланыстар, документтер керек-ақ шығар, бірақ рухани өмірде идея (ой-пікірдің) тарау жолдары тарам-тарам», - деп айтқанындай, Смағұлға ел арасында таралған және Омбы кітапханаларындағы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында шыққан қазақ, орыс тілдеріндегі кітаптардың әсері тигендігі сөзсіз. Ал, мерзімді басылымдармен танысып отыру ол кездің өзінде әрбір оқығанның үйреншікті әдеті болатын.

Смағұл сынды жастардың дүниетанымы қалайша ерте қалыптасты? Әрине, олардың ой санасының жетілуіне қазақ қоғамының талап-тілегі қозғаушы күш болды. Көрнекті қаламгер Қошқе Кемеңгерұлы сол уақыттың әрбір жылын үш-төрт жылға теңгеруі сондықтан. Яғни, оның бұл сөзін тарата айтсақ жастар бір жылда-ақ бірер жылдың мақсат-міндеттерін орындаған, атқарған болып шығады.

«Қазақ» газеті де оның ақ туының астына жиналғандар да («Бірлік» осылардың сапында) әдебиетке ұлтты ұйыстыра алатын рухани күш ретінде қарады. Әлихан Бөкейхановтың «Роман не нәрсе?» (мұны зерттеуші Ө. Әбдіманов «Қазақ» газеті атты кітабында Ахметтікі деп қате айтады. Мәтініне жіті қараған жан «Арысұлы» екеніне көзі жетеді), «Ұят-ай!» Ахмет Байтұрсынұлының-«Қазақтың бас ақыны», Міржақып Дулатұлының-«Абай», Райымжан Мәрсекұлының - «Қазақ әдебиеті жайынан», «Н.» деп қол қойған қалам қайраткерінің- әдебиетімізге көз салу атты мақалалары осы тұрғыдан жазылды. Ұлттан тыс, жұрт қалпына немқұрайлы қарайтын әдебиет жоқ. Сондықтан да ояну кезеңіндегі, ұлтшылдық дәуіріндегі әдебиеттің халыққа бұрған назарын кеңес тұсындағы (әдебиеттің халықтығы, таптығы деген қатаң ұғыммен салыстыруға келмейді. Бұл жерде мәселе-әдебиет нысанына өз еркіне табиғи халқымен бұрылған-бұрылмағандығында.

Он алты жасар шәкірт Смағұл дүниедегі өзгерістердің сырына әдебиет пен мәдениеттің адам өміріндегі қоғамдағы алатын орнына үңіле түсті. Арғы бергі әдеби-мәдени мұраларды парықтаған сайын, мерзімді басылым беттеріндегі көсемсөздерді зерделеген сайын еңселі ел боламын деген ұлт рухани ұстын мен тірек-тиянақсыз азаттыққа қарай аттап баса алмайтынына көзі жетті. Ол үшін Смағұлдың пікірінше, «Қазақ» газетінің бағытын дәйекті түрде жүргізіп елдің көпшілігін ағартып алған соң, оларға өркениетті жұрттардың тәжірибесін мағлұм етіп, бір мұрат- азаттық мұраты төңірегіне топтастырған жөн. Мұндай пікірге жас Смағұл оқымай-тоқымай келуі мүмкін емес. «1917 жыл. Николай түскен күннің ертеңінде Омбыдағы қазақ шәкірттері Сібірдің генерал-губернаторы Сухомлиновтың үйінің ішінде отырдық. Алтындаған барқыт орындықтар, үлкен айналар жап-жасыл желкілдеген қызғалдақ, жапырақтар.

Сонымен 1918 жылы Смағұл Садуақасұлы қаламгерлікке бірыңғай бет бұрғанда, қазақтың әдебиеті мен мәдениетінің халі жоғарыдағыдай еді. Бұл кезде әдебиеттану мен әдебиет сынының іргетасы енді-енді қалана бастаған болатын. Жүсіпбек Аймауытұлы: «Ғылымның мақсаты-нәрсені толық, кеңінен толғап отыр, терең қарастыру, зерттеу», - десе, осынау қам-қуыт шақта іргелі ғылымның қалыптасуы мүмкін де емес еді.

Осы жылы 2 желтоқсанда Омбыдағы «Центросибирь» аталатын Батыс Сібір кооперативтер бірлестігі одағына нұсқаушы болып қызметке кірердегі өтінішінде С. Садуақасұлы: «Шамамның келгенінше, жиған, тоқыған білімімнің жеткенінше мен бар ғұмырымды туған халқыма қызмет етуге арнауды көздедім», - деп жазғанындай, ол енді ұлт алдындағы қарызы мен парызын өтеу міндетін саналы қабылдап, дауылды күндері еліне қорған болып, ызғарлы желдің өтінде жүрді. Жас қайраткер бұдан былай азаттық

жолындағы күресті білектің күшімен, найзаның ұшымен емес ақыл-ой, білім қуатымен жүргізуді жақсы түсінді.

С.Садуақасұлының қазірше бізге белгілі болып отырған алғашқы әдеби сын еңбегі 1918 жылы қазан айының соңында орыс тілінде жазылып, 1919 жылы «Центросибирь» кооперативтер бірлестігі одағының үні-«Трудовая сибирь» журналының 1-санында жарияланды «Киргизская литература деп аталатын осы зерттеуінің соңында қаламгер «С.С.С-овь» деп қол қойыпты. Омбы облыстық мемлекет архивінің «Центросибирь» одағына қатысты арнайы қорында «Трудовая Сибирь» журналының 1919 жылғы 1-санының қаламақы тізбесі тіркеліпті. Онда «Киргизская литература» еңбегінің авторы Смағұл Садуақасұлы екені анық жазылған.

Хронологиялық тұрғыдан қарағанда, С.Садуақасұлының аталған еңбегі – әдебиетімізге мейлінше толық талдау жасаған орыс тіліндегі алғашқы мақалалардың бірі. Смағұлдың бұл зерттеуі оқушыны сындарлы пайымымен, ғылыми тұжырымдарымен тәнті етеді. Еңбекті оқи отырып, әдебиетке көшпелі пікір айту үшін арнайы оқудың міндетті емес екеніне көзіңіз жетеді. Әйтпесе қаламгердің осы шақтағы бар оқуы жоғарыда айтылғандай, 2 басқышты қазақ-орыс училищесі мен ауылшаруашылық училищесінен алған білім еді (Бұған қоса ауылшаруашылығы институты мен кооперация курсына тыңдаған азын-аулақ дәрісі бар). Бірақ өзінше талаптанған жастың оқуы әлгі болса, тоқуы одан анағұрлым ауқымдырақ-тын. Әлемдік, отандық озық ойлы пікірлерді темірқазық тұтып өскен Смағұл Садуақасұлының рухани-таным парасаты бұл кезде қалыптасып та үлгерген болатын.

«Қазақ әдебиеті» еңбегінің жанрын қаламгер « тарихи-сыни әліптеме» (историко-критический очерк) деп белгілепті. Шынында да, мақала А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» әліптеменің мазмұнын шартты түрде іштей былайша жіктеуге болады: 1. Әдебиеттің қазақ өміріндегі орны. 2. Суырып-салма өнерінің (ауыз әдебиеті) болмыс-бітімі. 3. Жазба әдебиетінің қалыптасуы. 4. Қазіргі (1-жылдардағы) әдебиет. 5. Қосымша: бүгінгі баспасөзі туралы ақпарат-дерек.

Қаламгер қазақ әдебиетін оның тұрмыс-тіршілігімен байланыста қарайды. «Қазақ елі өлең-жырмен өмір сүрді десе болғандай. Салқар, салқам далада жылқы жайған жігіттің әуелетіп ән салмайтыны аз еді», - дейді ол. Смағұлдың пікірінше, аста-төк той-жиынның, түрлі қынамен де шілдеханалардың рухани сұранымы сахарадағы өлең, ән өнерін жетілдіре түсті. Сал-серілердің дүниеге келуіне себепші болды. Бұл орайда ол: «Сал-серіні еуропадағы ортағасырлық рыцармен салыстыруға болар. Әйтсе де бұлар рыцарларша қарумен күреспеді, сөзбен күресті», - дейді. Қаламгер осы ақын, сал-серілерді сыпаттау арқылы әдебиеттің, оның ішінде ауызша таралатын әдебиетін қазақ өміріндегі орнын көрсетуге талап қылған. Тұтастай алғанда ақындық-жыршылық дәстүр мен суырып-салма өнерін жазба әдебиетіне шығар баспалдақ деп тұжырымдаған.

С.Садуақасұлының айтуынша, қазақ әдебиетінің жазбаша дәуірі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Бірақ бұл ауызша әдебиет өмір сүруін тоқтатты деген сөз емес. Ол жазбаша әдебиеттің қапталында өмір сүре береді. Смағұл жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың қатарында бірінші Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын, сонан соң Абай Құнанбайұлын айтады. Мәшһүр Жүсіпті қаламгер қазақ әдебиетінің соны беті- халықтық бағыттың іргетасын қалаған ақын деп есептейді. Ал, Абай болса- әдебиеттегі ойшылдықтың, санаткерліктің басында тұрған ақын. Ол жөнінде Смағұл: «Ендігі жерде Абайдың пәлсапалық өлеңдерінің мысы басқандықтан, олар үндерін шығара алмай қалды», - дейді. С.Садуақасұлы Абай өлеңдерінің мән-мазмұнына кеңірек тоқталып ақынның қазақ дарын сөзін (поэзия) биік деңгейге қалайша шығарғандығын әуезе етеді. «Қазақ ақындарының ішінде өлеңнің жоғарғы деңгейдегі көркемдігі жөнінен Абайға пара-пар келетін ешкім жоқ», - деп баға береді ол.

Әліптеме иесі қазақ әдебиетінің ілгерілей түскенін «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің дүниеге келуімен байланыстырады. Екі басылымның негізін құрағандар екі түрлі бағыт ұстаса да, түпкі мақсаттарының бір болғандығы рухани дүниеміздің ұлттық мұраттарды көздеп жетілуіне себепшілік етті деп түйеді автор. Әйтсе де, оның «Қазақ»-

қазақ әдебиетінің мақтанышы-тын» деген тұжырымын асыра бағалау емес, нақты парықтау деп ұққанымыз абзал. Ендеше С. Садуақасұлының ғасыр басындағы әдебиетті осы «Қазақ» пен оның төңірегіне топтасқан қаламгерлерден бастауы жайдан-жай емес. Осы ретте ол «халықшыл ақын, жастардың рухани ұстазы» А. Байтұрсынұлы, «Мәшһүр Жүсіптің жолын кұған, Абайдың пәлсапалық өлеңдеріне еліктеген» М. Дулатұлы, «өзіндік бағыты бар лирик, ойының пәктігі, өлеңнің көркемдік деңгейі жағынан өзіне дейінгілерден оза туған ақын» Ғ. Қарашұлы мен С. Шорманұлын Мәшһүр Жүсіптен үлгі алған халықшыл ақындар қатарына жатқызса, Ш. Құдайбердіұлын ақындық өнерде Абайға қарап бой түзегендердің санатына қосады. Смағұлдың ойынша Сәбит, Ғұмар, Сәдуақас, Шәкәрім шығармаларындағы ұлттық нақыш-өрнектің саф күйінде сақталуының себебі олардың орыс, еуропа әдебиетіне құлаш ұрмағандығынан. Қаламгер мұны кемшілік деп есептемейді, қайта қандастарын тәнті етіп отырған қасиет деп біледі. Автордың бұл пікірінен қазақ әдебиетінде жаңашыл бағыт пен бұрыннан дамып келе жатқан халықшыл бағыт бір-біріне зиян тигізбей қатар өмір сүре алатындығы, мұның өзі кемелденуге бет түзеген әдебиеттегі табиғи заңдылық екендігі ұғынылады.

Қаламгер көркем сөзге қарағанда ұлттық көсемсөздің анағұрлым кеңірек таралып, қалыптасып үлгергендігін айтып, бұл орайдағы ұлттық саяси бостандық пен әйел теңдігін арқау еткен мақалалардың қоғамдық пікір тудырып отырғанын алға тартады. «Қазақ әдебиеті» еңбегі жазылған кезде қазақ драматургиясы енді-енді өмірге келе бастаса, автор мұны тақыр жерге шығып отыр деп есептемейді, «Салыстырмалы түрде қарағанда, қазақ әдебиетінде драмалық поэзия біршама жақсы дамыған», - дейді ол. Былайша қарағанда драматургиялық шығармалардың молынан жазылуына себеп бқар сияқты. Міне, осы тұрғыдан келіп, қаламгер жұртқа кенінен танымал пьесалардың тумай отырғандығына бірлі жарым ұшырасатын драмалық туындылардың орыстың осы саладағы шағын шығармаларынан айнымайтындығына өкініш білдіреді.

Заманындағы әдебиет (10-жылдардың соңы) сөз болған жерде, С. Садуақасұлы ғылыми-танымдық кітаптар мен оқулықтарды да тілге тиек етуді жадынан шығармаған. Бұл саладағы ұйқылы-ояу хал, шынында да ұлттық жетілудің кенжелетіп отырғаны қаламгердің шымбайына батқандай. Байтұрсынұлының әліпби, тіл қисындары мен Дулатұлының есеп құралдарынан басқа оқулықтардың жоқтығы мектепте оқуға мүмкіндік алған күллі қазақ балаларының аяқ-қолын матап тастағанмен пара-пар болдғандығына қынжылы отырып, енді сол оқулық жазу ісіндегі олқылықты толтыруға қазақ жастарының ниет білдіріп, қам жасап жатқандығын айтады.

Әліптеме сонында С. Садуақасұлы қазақтың азаматтық деңгейін көтеріп, ұлт азаттығы үшін күресіп жүрген жеті басылымның («Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Ұран», «Жас азамат» газеттерімен «Абай», «Балапан» журналдары) қайда шығатынынан, ненің үні екендігінен қандай бағытты ұстағандығынан қысқа да нұсқа ақпар береді. Сөйтіп қаламгер Ресей және басқа шет ел зиялыларына қазақтың газет-журналдарын таныстырады.

С. Садуақасұлының әдеби сын еңбектерінің көбісі кеңес дәуірінде дүниеге келді. Олардың өн бойынан сыншының сол дәуірдің қатаң тұжырымдарымен, тұрпайы танымы мен ашық күрескені анық байқалады. Рас, Смағұл кеңес үкіметі тұсында бірсыпыра билік белестеріне (Сібір РКСМ бюросы татар-қазақ секциясының жауапты қызметкерінен – ҚазАССР Халық ағарту комиссарына дейінгі жол) көтерілді. Алайда жас жігіттің бар болғаны бес жылдың ішінде осылайша тез өсуі жаңа қоғамның шарапатынан емес, өзінің азаматтық белсенділігінен еді.

Белгілі алаш танушы Хасен Оралтай Түркияда жарық көрген «Алаш-Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны» атты еңбегінде: «Алашшылар, яғни қазақ түріктерінен шыққан ұлтшыл азаматтар, өлкедегі маңызды қызмет орындарын өз қолдарына алып, ұлттық мақсаттары-түрік елінің тәуелсіздігі жолында адам шамасынан асатын күш-қайрат жұмсады. Мәселен, 1920 жылы қазан айында Орынборда өткен ҚазКСР кеңестерінің құрылтайына қатынасқан 700 делегаттың көбі Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханұлы мен Ахмет Байтұрсынұлының жақтастары болды», - деп жазады. Смағұлдың бағы осы

құрылтайда жанды. Ол бар болғаны 20 ел басқару бұйырып, оның жұртқа пана болғаны өз алдына, ал әдебиет пен мәдениетке-жалпы рухани дүние атаулыға қорған болғаны ұлт тарихында ескерусіз қалмақ емес.

Арамызға қайта оралған асыл азаматымыз, таза қазақ тілінің терминдерін негізін слушы, ақын, жазушы-Ахмет Байтұрсынов туралы сол кездің өзінде қандай әділ пікір айтқан десек, қателесе қоймаймыз. «Он первый пионер в области создания чисто киргизского языка»-дей келіп. «Байтұрсынов поэт-народных и духовных учитель молодежи»-дейді Садәуақасов. Мұнан кейін М. Дулатовқа, Шәкәрімге, Дөнентевқа тоқталады. Олардың әдебиетте алатын орнын нақты айтып бере алатын болған. Мысалы Мағжан: « Он поэт-лирик совершенно самостоятельного паправления. Его стихотворение очень распространены среди молодежи и по звучности не уступает даже стилям Абая. По искренности мысли и художественности слога он превзошел всех поэтов ».

Бұл пікір кейін 1927 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде басылған.

Садуақасов әдебиетке сол жылдары қосылған көп үміт күттірер жас таланткерлер Әлімбеков, Әбуов, Тұрғанбаев т.б

Бұдан кейін газет-журналдардан көруге болады. Ең бір қызық жері дейді: «Айқап» журналы мұсылман мектептенінде оқыған жастардың күшімен, ал қазақ газеті орыс мектептерінде оқығандардың күшімен шыққан.

Ол осы мақаласында орыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне тигізген әсері туралы, қазақ прозасы туралы мағлұматтар береді.

Жалпы алғанда Садуақасов қазақ әдеби сынының қалыптасуында елеулі орын алады. Ол-қазақтың ақын-жазушылардың өткені мен болашағы жайлы айтады. Ол өзінің сын мақалаларында «ұлт», «ұлттық», «ұлтшылдық» деген ұғымдарға бір-біріне ұқсамайтынымен анықтама береді. Смағұл Сәдуақасовтың өзі көзімен көрмесе де сыртқы сипаты қазаққа ұқсас, ішкі мазмұны жалпы адам баласының, қазынасына айналып отырған қазіргі қазақ әдебиеті сыншының кезіндегі көрегендік сөздеріне айғақ болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дәрімбетов Б. «Ағып өткен бір жұлдыз», «Жалын» 1990ж, №3
2. Дәрімбетов Б. «Сын – таным айнасы», «Жалын» 1990ж, №4
3. Кәкішев Т. «Дәуір дидары», Алматы 1985ж 56 б
4. Қойшыбаева Б. «Қайраткер Садуақасов», «Қазақ әдебиеті» 02.09.1988ж
5. Сәдуақасов С. «Қазіргі дәуір-іс дәуірі», «Лениншіл жас» 1925ж, №7
6. Сәдуақасов С. «Әдебиет әңгімелері» (айтыс ретінде), «Еңбекші қазақ» 1927ж, 15-16 ақпан
7. Сәдуақасов С. «Бейімбеттің өлеңдері», «Лениншіл жас» 1925ж, №4
8. Сәдуақасов С. «Киргизская литература», «Трудовая Сибирь» 1919ж, №1
9. Садуақасов С. Екі томдық шығармалар жинағы, Алматы «Алаш», 2003ж 68б

Қ. Жұбановтың «Қазақ грамматикасы» оқулығының қазіргі оқытудың жаңғыру жағдайындағы маңызы

Жазықова М. Қ., п.ғ.к, доцент

Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ

*Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы,
makash_k@mail.ru*

Қазақ тіл білімінің ғылыми негізін қалаушы, тұңғыш лингвист-профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың ғылыми мұрасының ішінде орта мектепке арналған оқулықтары мен бағдарламаларының орны ерекше. XIX ғасырдың 30-шы жылдары ғалымның бастауыш, орта және жоғары дәрежелі мектептерде қазақ тілін оқытуды жүйелеп, ұйымдастыруы, оқулық пен бағдарламалар жасау ісімен айналысуы – Қазақстан мәдениеті мен ғылымын жаңа сатыға көтеру бағытында жасаған батыл қадамдары. Ғылым

негіздерінің мектеп оқулықтарында екенін жақсы түсінген Қ.Жұбанов 1936 жылы орта мектепке арналған қазақ тілінің жаңа грамматикасын даярлап, оны «Қазақ тілінің грамматикасы. Жалпы морфология. (5-класқа арналған оқулық) 1-бөлім» деген атпен жариялайды.

Қ.Жұбановтың аталмыш еңбегі кезінде замандастары тарапынан да, кейін оның мұрасын зерттеуші ғалымдар тарапынан да жоғары баға алды. Мысалы, заңғар жазушы М.Әуезов аталмыш еңбекке төмендегідей баға береді: «Құдайбергеннің ерекше атай кетуді қажет ететін еңбегі – «Қазақ тілінің грамматикасы» (1-бөлім, жалпы морфология, 74 бет, 1936 жыл, қазақ орта мектебінің У класына арналған). Автор мұнда сөздердің құрылымына және қазақ тіліндегі фонетикалық құбылыстарға байланысты негізгі мәселелерді жүйелі түрде мазмұндап шыққан. Айқын да нәрлі, стилистикалық жағынан орамды, қазақтың әдеби тілімен жазылған бұл еңбек қазақ тілі жөнінде оқулық жазатын авторлар үшін тамаша үлгі болады» [1,359]. Ал кейінірек, яғни 1965 жылы Қ.Жұбанов оқулығы туралы А.Ысқақов төмендегідей пікір айтқан: «...бұл оқулық өзінің құрылысы мен құрамы жағынан да, мазмұны мен талдау жүйесі жағынан да бұрын-соңғы қазақ тілі грамматикаларынан ғана емес, біздің елімізде шыққан өзге тілдердің грамматикаларынан да өзгеше еді. Ол өзгешелік –сонау грек я латын тілдері грамматикаларынан басталып, бірден-бірге, бүкіл Европа елдеріне, одан түркі тілдері грамматикаларына да жайылып бекіген үлгі-кестенің жүйесін өзгертіп, қазақ тілінің грамматикасын қазақ тілінің өзі үшін, оның өз табиғи материалының ерекшелігіне қарай құрастырып, баяндау я талдау негізінде құрылғандығында болатын. Амал қанша, бұл жаңа үлгі әрі қарай өрістей алмай, қазақ тілі грамматикасы біраз уақытқа дейін ескі үлгімен беттеп барды да, кейінгі кезде ғана өз жүйесін тауып келеді» [2,75].

Шынында да, ғалымның бұл оқулығы құрылымы мен мазмұны жағынан оқулық жазуға арналған дәстүрлі пікірлердің сірін бұзып, сындарлы көзқарас танытқан, тілдің теориялық мәселелерін жаңаша саралап талдаған, қазақ тілінің теориясы мен оқыту әдістемесі секілді өзектес кең ұғымның тұтастықта дамуына негіз болған, өз замандастары мен кейінгі ғалымдар тарапынан жоғары баға алған, жаңаша қойылған мақсаттарға сәйкес даярланған еңбек болды.

Қ.Жұбанов еңбегін таразылай отырып, алдымен, бұл кезеңнің кеңестік педагогикалық теорияның жаңа ғана қалыптасып, методологиялық мәселелер төңірегінде қызу пікірталастардың туа бастаған кезі екенін ескерте кеткен жөн. Осыған орай «методика» (әдістеме), «метод» (әдіс), «методология» (әдіснама) сияқты түсініктердің ара жігін ашып алу қажеттілігі туды, себебі бұл терминдердің мағыналары сөздіктер мен энциклопедияларда анықтала қоймады. Сондай-ақ ғалым заманы прагматикалық әдістемелік бағыттың дамуына аса зәру болатын. Міне, осы жағдайларға қарамастан, Қ.Жұбанов оқулығын методологиялық негізде жазылған бірден-бір құнды еңбек деуге болады.

Оқулық «Грамматика нендей ғылым?» деген сұрақ арқылы сөз бөлшектерін, сөз бөлшектерінің жасалуын қарапайым мысалдармен түсіндіруден, «сөз материалының сыр-сипаты мен сөз бұйымдарының жасалу жолын» күнделікті өмірде қолданылатын заттармен салыстырудан басталады: «Сөз бұйымын дұрыс жасап шығу үшін де оның жасалу жолын, материалының сыр-сипатын білу керек. Білмесе, мұнда да темірді желімдеп, ағашты пісіргендегідей нәтиже шыға береді» [3,148]. Ғалымның еңбегін саралай отырып, оның төл перзенті, ғалым М.Жұбанова төмендегідей пікір білдіреді: «Автор тіл табиғатын үйретуді сөзді түсіндіруден бастайды. Бірақ мұндағы «сөз» - тек лексема емес, ол – біртұтас сөйлеу процесі, немесе монолог. Бұл жерде «сөз» қолданымы кең мағынада, орыстың «речь» деп аталатын бүтін ұғымы ретінде алынады. Кейін осы кең мағынадағы «сөз» ұғымының бөлшектенуін көрсете отырып, ғалым балаларды дұрыс ойлауға төселдіреді. Сөйтіп, ғалым балаларды ғылыми-зерттеудің әдіс-тәсілдері мен жолдарын игеруге дағдыландырады» [4,78].

Оқулықта грамматикалық ереже алдымен жалпы түсінік беру арқылы түсіндіріледі: «Бір сөзді сөйлем – басы, қолы, аяғы жоқ тас-томалақ дене сияқты. Мұның бөлек-бөлек мүшелері болмайды. Көп сөзді сөйлем – басы, кеудесі, қолы бар дене сияқты. Мұның әр сөзі тұтас бір дененің мүшелері сияктанып, әрқайсысы түгел бір бөлшегін көрсетеді. Сондықтан, көп сөзді сөйлемнің осындай түгел ойдың бір бөлшегін білдіретін әр сөзін сөйлем мүшесі дейміз [3,153]. Бұдан ғалымның лингвистикалық ұғымдарды қарапайым мысалдармен ұғындырып, тілдің табиғатын танытуды тұтастықта дәлелдеп отырғанын көреміз.

Оқулықтағы тілдік құбылыстарды меңгертуге арналған ережелер күні бүгінге дейін өзінің құндылығын жойған жоқ. Бұл туралы профессор Н.Оралбаева төмендегідей пікір айтады: «Мұнда (грамматикада-М.Ж.) ескіріп, қолданудан шығып қалған қағиданы көрсету қиын. Бұл жағдай грамматикада берілген ережелердің нақтылығын, дұрыс, дәл алынғанын көрсетеді. Сондықтан да олар өміршең болып, қазірге дейін маңызын жоймаған. Керісінше, ғылымда жаңа-жаңа таныла бастаған қағидалардың Қ.Жұбанов жазған грамматикада бұдан 54 жыл бұрын айтылғанын ерекше атаған жөн» [5,33].

Қ.Жұбанов оқулығында қазақ балаларына тіл үйретуде ұлттық ділге тән ерекшеліктерді ескеретін әдістер іздестіру керек деген ой көлденең тартылған. Сабақ барысында меңгерілетін теориялық білім мен оны іс жүзінде қолдана білу білігін қалыптастыру мақсатында берілетін сөйлем талдау, құрастыру, баяндау жұмыстарын жүзеге асыруда ғалым қазақ халқының еңбек құралдары, қоршаған орта құбылыстары, қолөнер бұйымдары сияқты өмірден алынған нақты мысалдармен түсіндіру әдісін шебер пайдаланады. Бұл, әрине, оқушылардың танымдық шеңберін кеңейтуге жағдай жасайды. Сайып келгенде, бұл мәселелер оқу үдерісінде халықтық педагогика мен психологияға тән элементтерді енгізудің ұлттық тәлім-тәрбие беруде маңыздылығын, қажеттілігін дәлелдейді. Оқулықтан үзінді келтірейік: «Тігіліп біткен киім, тоқылып шыққан өрмек, иіріліп болған жіп сияқты, сол күйінде адам керегіне жарарлық болып жасалған затты бұйым дейміз. Бұйым жасауға керекті затты материал дейміз» [3, 147].

Шынында да, төл оқулығы мен мектебі болмаған ерте заманның өзінде-ақ халқымыз өз ұрпағының өмір заңдылықтарын жетік түсініп, соған сай білім мен тәрбие алуына жағдай жасаған. Қазақ халқының көшпенді тіршілігіне, әлеуметтік хал-ахуалына сәйкестендірілген халықтық тәрбие жүйесі қалыптасқан. Ал оның негізі ретінде халық алдымен сөзді таныған. Сөз бала тәрбиесінде ғана емес, ел арасындағы кикілжің мен қақтығыстарды жоюдың да, ақыл мен ойды дамытудың да пәрменді құралы болған. Алайда қазақ халқы сөзді жай айта салмай, жұмбақтап, астарлап, мақалдап әсерлі сөйлеуге, яғни оның ішкі мазмұнына ерекше мән берген. Мұның бәрі ел өмірінде сөз арқылы, тіл арқылы тәрбиелеудің маңызының қай кезде де жоғары болғанын көрсетеді. Осындай тәрбие көріп өскен қазақ баласының басқа халықтардан, басқа ұлт балаларынан негізгі айырмашылығы – ұлттық ділге тән ерекшеліктерінде деуге болады. Олай болса, Қ.Жұбанов өзі өмір сүрген 20-ғасырдың 30-жылдарында бөгде халық ділінен туған үлгілер мен әдіс-тәсілдерді талғаусыз, елеп-екшелемей көшіре салудың зиянды екенін көрсетіп, өзі мұндай амал-тәсілдерге үзілді-кесілді қарсы болған. Сөйтіп, профессор Қ.Жұбанов тілді оқыту мәселесін алғашқылардың бірі болып ұлттық педагогика және психология негізі болып табылатын халықтың даналық ойлары (өсиет-өнегелері, мақал-мәтелдері, шешендік сөздері, т.б.) арқылы жүзеге асыруға ден қояды. Ғалым гуманитарлық ғылым саласын дамыту арқылы қоғамдық ой мен мәдениетті, тарих пен өнерді терең түсінуге болатынын атап көрсеткен.

Ғалым 1937 жылы «Ауыл мектебі» журналында аталмыш оқулықты пайдалану жолдарын түсіндіруді мақсат еткен «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан» атты мақаласын жариялайды. Бұл мақала тілдің теориялық және практикалық мәселелерін қатар қамтыған ғылыми еңбек болып табылады. Мақалада автор әлемдік лингвистикада грамматика оқулығын жазудың тарихын, терминдердің бір тілден екінші тілге ауысу жолдарын, грамматика ғылымының зерттеу объектісін зерделеуге ден қойған. Мақалада

ғалым алдымен өзіне дейін жазылған А.Байтұрсынұлы мен Т.Шонанұлы оқулықтарының жетістіктері мен кемшіліктерін көрсетіп, өзекті мәселелердің басын ашуда оларды тұтастай талдап-таразылайды. Т.Шонанұлы оқулығын талдай келе, оның формалистік негізде жазылғанын айта отырып, жалпы, қазақ оқулықтарына формалистік бағыттың осы оқулық арқылы келгенін былай пайымдайды: «...Телжанның шығармашылығында қазақ тілінің бет-аузы көріне алмай қалған. Оның мақсаты қазақ тілінің қасиеттерін, ерекшеліктерін көрсетіп беру болмай, қазақ тілінің заңдылықтарын формашыл грамматика шеңберіне қалай да сыйдыру болған. Қойын өлшеп, қорасын салмаған, бар малды даяр қораға әкеліп қамаған. Сондықтан басқа тілге өлшеп салынған форма –қорасының түкпір-түкпірінде бос қалған алаңдар да болатын сияқты, тарлық етіп, сыймай қалғаны да болған» [3, 34]. Өз тұжырымын ғалым нақты мысалдармен дәлелдейді. Осы ретте М.Жұбанованың: «Бұл арада Қ.Жұбанов қазақ тілінің формасын көрсетуге қарсы емес, тек оның дұрыс көрсетілмегенін сынап отыр. Таза формализм бағытын немесе қазақ тілінің өзіндік формасын тауып көрсетпей, ана тілімізді басқа тілдердің формасына салып өлшестіруге қарсы екенін анық айтады», - деген пікірі ғалымның осы мәселеге қатысты тұжырымын нақтылай түсумен бірге, оның дәлелдерінің орынды екенін көрсетеді [4,64].

Ғалым өзіне дейінгі оқулықтардың кемшіліктерін көрсетіп, талдағанымен, олардың әдістеме тарихындағы, жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, дамытудағы маңызды рөлін жоққа шығармайды. А.Байтұрсынұлы сияқты ірі ғалым-ағартушының ғылыми-әдістемелік мұраларын талдау, ол туралы ой-пікір білдіру ғана емес, атын атауға тыйым салынған сол жылдары Қ.Жұбанов өз мақаласында оның қазақ тілінде оқулық жазған бірден-бір автор екендігін және қазақ тіл білімін дамытудағы орнының ерекшелігін атап көрсетеді. Мұның өзі сол заман үшін батыл қадам және Қ.Жұбановтың үлкен ғалым, азамат ретіндегі биік тұлғасын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда Қ.Жұбанов қазақ тілі оқулықтарының негізін қалаушы ғана емес, өткені туралы оң пікір білдіріп, сындарлы көзқарас танытқан, оның жалғастығы негізінде дәстүрлер сабақтастығын сақтай білген көреген ғалым ретінде бағаланады.

Қ.Жұбанов өзіне дейінгі оқулықтарда кездесетін екінші кемшілік авторлардың грамматика ғылымы салаларының нені зерттейтіндігін жете білмеуі деп есептейді. Тілдің формасы мен мазмұнының байланыста зерттелмеуін, яғни бір автордың тек форма қуаласа, екіншісінің мазмұнға жүгінетіндігін Қ.Жұбанов оқулық жазудағы үшінші кемшілік деп атап көрсетеді. Сөйтіп, ғалым өз оқулығының бұған дейінгі оқулықтардан төмендегідей ерекшелігін атап көрсетеді:

- грамматиканың жаңа терминдерінің жасалып, қолданылуы;
- жаңа терминдердің қазақ тілінің заңдылықтарын ескере жасалып, жаңаша саралануы;
- грамматика салаларының ғылыми негізделуі;
- мектеп бағдарламасына сай тіл материалдарының лингводидактикалық жағынан бірізге түсіп, жүйеленіп берілуі.

Сөйтіп, ғалым өзіне дейін қалыптасқан дәстүрлі талдау ауқымынан шығып, маңызды дәйек ретінде ұстанған ғылыми талдау-сипаттамаларының нәтижесінде грамматика оқулығын түзудегі кемшіліктер тек қазақ грамматикасына ғана тән емес, сонымен қатар әлемдік грамматиканың даму тарихында болғандығы туралы, оқулық мазмұнын құруда бұған дейінгі тәжірибелердің жетістіктері мен кемшіліктерін толық зерттеп-зерделеу қажеттігі туралы, жаңа үлгідегі қазақ грамматикасын кешенді зерттеп, ғылыми негіздеу қажеттігі туралы қорытынды жасайды.

Сонымен, Қ.Жұбановтың «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан» атты мақаласы тіл ғылымының өзекті мәселелері тұтастықта талданып, зерттелген, соны ғылыми тұжырымдармен дәлелденген құнды еңбек ретінде жоғары бағаланады. Мақаладағы ғалымның саралаған ғылыми-әдістемелік талдау-сипаттамалары оқулықтану теориясын жасауда келешек арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нысанына айналуына негіз қалады.

Оқулық дайындау мен оны тәжірибелік сынақтан өткізудің ұзақ та күрделі үдеріс екені белгілі. Алайда Қ.Жұбановтың өз еңбегін тәжірибеде сынақтан өткізіп, қалың көпшіліктің игілігіне айналдыруға мүмкіндігі болмады. Сол заманның саясаты оның оқулығын ғалымға тағылған «халық жауы» деген жала негізінде қолдануға тыйым салды.

Қазақстан жаңа ғасырға дүниежүзі елдері қатарында терезесі тең ел ретінде келіп отыр. Заман талабына сай қоғамды көркейтегін, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы істер байланысында мемлекеттің өркениеті үшін еңбек ететін, шетелдермен еркін ғылыми және мәдени қарым-қатынас жасай алатын, оқығанын өмірде қолдана алатын, ана тілін жетік білетін, белсенді, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын тандай алуға қабілеттілік сияқты функционалдық дағдыларды мектеп қабырғасында қалыптастыру қажеттілігі Елбасы Н.Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында ерекше айтылған. Осыған орай әдіскер-ғалымдар мен жаңашыл ұстаздар тарапынан оқыту әдістемесінің ғылыми-теориялық қағидаларын одан әрі жетілдіру, мектепке арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жаңаша дайындау қажеттілігі анықталып отыр. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани жағынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру және функционалдық сауаттылығын қалыптастыру болып табылады. Бұл міндеттерді шешуде жаңашыл ұстаздар аға буын өкілдерінің көп жылдық тәжірибелеріне сүйенетіні анық. Осы жолда Қ.Жұбанов ғылыми негізін қалаған оқулық жасаудағы ізгі дәстүрлер жаңа заман талабына сай жаңғыртылып, кейінгі ұрпақ өкілдерінің игілігіне айналып отыр. Мұны соңғы жылдары әртүрлі дәрісханаларда (қазақ мектептерінде, орыстілді мектептерде, орта арнаулы оқу орындарында, жоғары оқу орындарында, бала бақшаларда, ересектерге, т.б.) қазақ тілін үйретуге арналған оқулықтармен жан-жақты таныса отырып, аңғаруға болады. Бұл оқулықтарда тілді оқыту оқушының ақыл-ойын дамытумен, ғылыми ұғым қалыптастырумен тікелей байланыстырылған. Бұл өз кезегінде білімнің жүйелі, бірізді берілуіне, яғни оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға жағдай жасайды. Сондықтан қазақ тілінің бұл оқулықтарын Қ.Жұбанов негізін қалаған оқулық теориясын әрі қарай жетілдіру жолындағы ғылыми-практикалық ізденістердің заңды жалғасы деуге болады. Қазақ тілінің соңғы оқулықтарын құрылымдық жағынан жетілген, білім берумен қатар, оқушылардың функционалдық сауатын арттырып, шығармашылық ой иесін тәрбиелейтін, үйретушілік қызметі жоғары еңбектер деп бағалауға болады. Бұл өз кезегінде қазақ тілін оқыту әдістемесі мен оқулық жасау ісіндегі ізгі дәстүрлердің сабақтастығын көрсетеді. *«Оқулық жазуды – теориялық тұжырымдамаға, ғылыми-әдістемелік принциптерге, оқушылар мен мұғалімдердің талап-тілектерін талдау және дүниежүзілік әдістемедегі оқулық дайындау тәжірибесіне негізделіп жүзеге асырылатын ғылыми-әдістемелік үрдіс»* [6, 56] ретінде түйіндесек, өткен ғасырдың 30-жылдары профессор Қ.Жұбанов дайындаған «Қазақ тілінің грамматикасы» жоғарыда аталған талаптарға толық сәйкес келетін оқулық ретінде жоғары бағаланады. Оқулықтың айрықша құндылығы – кейінгі мектеп оқулықтарының мазмұнының жүйеленіп, айқындалып, нақтылануына мүмкіндік беруі. Бұл өз кезегінде автордың оқыту мәселелерін шешуге игі ықпал етіп, тіл құрамындағы қат-қабат құбылыстарды ажыратып, тануда оның өзекті мәселелерін тап басып, дәл айта білгенін дәлелдейді.

Сонымен, Қ.Жұбановтың 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі грамматикасы» еңбегін саралай келе, мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Оқулық бұған дейінгі А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанұлы сынды ғұламалардың еңбектерінде қарастырылған ой-түйіндермен астасып жатқан сабақтастық дәстүрінің негізінде ғылымның соңғы жаңалықтарына сүйеніп, қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына құрылған, жаңа танымға негізделген тұңғыш еңбек болып табылады.

2. Оқулық қазақ тілін оқыту негіздерін тіл білімінің ғылыми нәтижелерімен байланыстыру қажеттігін көрсеткен маңызды еңбек ретінде құнды. Қ.Жұбанов грамматиканың практикалық қолданылу заңдылықтарын анықтай отырып, сол арқылы оқыту әдістемесінің өзіндік ерекшеліктерін жаңаша саралап, лингвистикалық ұғымдар мен түсініктерді білім мазмұнына енгізу жолдарын ғылыми тұрғыдан негіздеп берді.

3. Оқулық қазақ халқының салт-дәстүріне, ұлттық педагогика мен психология негіздеріне сүйеніп дайындалған еңбек ретінде құнды. Сол сияқты оның қазақ тіл білімінің терминдерін жаңаша саралап, тұрақтандыруда және оларды қалыптастыруда маңызы зор.

Қорытындылай айтсақ, Қ.Жұбанов – оқулықтың мазмұны мен құрылымын анықтауда жаңа дидактикалық тұжырымдар қалыптастырған, ғылымды практикамен шебер байланыстырып, тіл болмысын қолданыс қызметі тұрғысынан, дүниетаным құралы ретінде тұтастықта танытқан, оқулық жасаудың ғылыми ұстанымдарын жан-жақты айқындап берген көреген ғалым. Оның оқулығын ғылыми негіздерге дәйектелген құрал жазудың жаңаша сипаттағы бастамасы, тілдерді оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсаты қойылып отырған қазіргі заманда кейінгі авторларға ізденіс жолын ұсынған еңбек деп бағалауға толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Ірі оқымысты. // 20 томдық шығармалар жинағы. 20–том. Алматы: 1985.- Б. 358 - 363
2. Ысқақов А. Қ.Жұбанов және қазақ тіл білімі. // Қазақстан мектебі.-1965. - №3- Б. 71-77.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.–Алматы: Ғылым.-1999.- 581 б.
4. Жұбанова М. Профессор Қ.Жұбанов ұлттық лингводидактика проблемалары хақында.- Алматы: Ғылым, 2002.- 82 б.
5. Оралбаева Н. Ұлттық тіл біліміміздің теориялық негізін қалаушы. // «Жұбанов тағылымы–4» республикалық конференция материалдары.-Ақтөбе: 2004.-Б.30–37.
6. Күзекова З. Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері: педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы: 2005.

Лексикографиялық құралдардағы «жұлдыз» атауының берілу жолдары

*Амангазиева М.К. ф.ғ.к.,доцент
Таңсықбай Айгерім*

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

*С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің магистранты
aigerim-1993_93@mail.ru*

Әлемнің тілдік бейнесі әр этноста әртүрлі болуы этностың тәжірибесі мен біліміне байланысты. Өйткені тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен тікелей байланысында емес, адамның өмірінен көрген-білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады. Этностардың тәжірибесі әртүрлі болғандықтан, дүниенің тілдік бейнесі де, адамдар тәжірибесі де әртүрлі болуы заңды. Бұл ретте «дүниенің бейнесі», «дүниенің тілдік бейнесі», «ұғым», «концепт», «сема» тәрізді ұғымдарды қолдануда қандай ғылыми тұжырымдамалар мен пайымдауларға сүйенетімізді айқындап алуымыз жөн. Өйткені бұлардың бәрі де кейбір зерттеулерде әрқилы түсіндіріліп жүр.

Зерттеушілердің «дүниенің шын бейнесі» және «дүниенің тілдік бейнесінің» арасында айырмашылық болатынын ашық айтуды да жөн санаймыз. Адамның сезім мүшелері арқылы қабылданатын шындық болмыс когнитивтік санада тура сол қалпында бейнеленбейтінін ескеру қажет. Ол дискретті, шартты түрде бейнеленеді, яғни әрбір зат, құбылыс, оқиға, дербес түсінік, ұғым түрінде болатыны да сондықтан.

Ұлан-байтақ жерді мекендеп келе жатқан түркі халықтарының тілі, әдебиеті, тарихын ғылыми тұрғыда зерттеу тым әріден басталмаса да белгілі тарихы бар. Бұның өзіндік себептері де жоқ емес. Біріншіден, түркі халықтары ру-тайпа күйінде жасаған ерте кездерде көне түркі жазу дәстүріне ие болса да, кейінгі дәуірлерде мәдени даму дәрежесі жағынан басқа халықтардың артта, кенжелеп қалғандығы мәлім. Сонымен бірге тарихи-әлеуметтік себептерге байланысты жазу-сызу дәстүрінің барлық дәуірлерде, түркі тайпалары жасаған барлық аймақтарда бірдей дамымауы – түркі халықтарының әдеби үлгілері мен тілінің жүйелі түрде хатқа түсіріліп, ғылыми түрде толық анықталмай келуінің басты себебі болды. Екіншіден, түркі тілдес халықтар тарихи белеске шығып, өздері өмір сүрген өлкелерде, орта ғасырларға дейінгі дәуірлерде айтарлықтай шешуші роль атқарған емес. Осыған байланысты ұзақ уақыт бойына оның тілі мен әдебиеті, тарихы мен әдет-ғұрпы өз ғалымдары тарапынан да, көрші халықтар өкілдері тарапынан да арнайы зерттеліп ғылыми жүйеге түскен емес. Үшіншіден, түркі таңбалары туралы қытай және басқа халықтардың көне ескерткіштерінде кездесетін бірен-саран мәліметтер толық емес, тіпті бірі екіншісіне қарама-қарсы мағынада. Сондай-ақ, басқа тілде берілген мәліметтер сол тілде аударылмай жеткен де, халықтың, тайпаның, тіпті, жеке адамның аттары да кейінгілерге түсініксіз болып жеткен.

Ежелден мал шаруашылығымен айналысып, аспан астында, аттың жалында, атанның комында өмір сүріп келген халықтардың бірі – қазақ халқы. Оның ертедегі тағдыры малға, ал малдың тағдыры шөбі шүйгін, суы мол жайылымға байланысты болған. Египеттіктерді дарияның тасуы күйзелтсе, көшпелілерді «жеті ағайынды» жұрт күйзелтіп отырған. Сондықтан көшпелілер байтақ далада жол табуды, жыл мезгілдерін айыруды, мал төлдету, бие байлау, күзем қырку, күйек алу мерзімдерін білуге мәжбүр болған.

Күн мен Айдың қозғалысын, көптеген жұлдыздардың туатын және бататын кездерін, көрінетін орындарын жақсы білген. Бұл астрономиялық білім әр халықтың ауыз әдебиетінен орын алып, соған қатысты аңыздар, ертегілер, жырлар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, мақалдар мен мәтелдер, ақындардың «алтын Күн, күміс Ай, маржан жұлдызды» қосып жырлаған өлең жырлары кейінгілерге мирас болып қалып отырған.

Қазақ халқы – ежелгі түркі тайпаларының жұрағаты. Халық календарын зерттеуші ғалым М.Ө.Исқақов түркілердің айтарлықтай астрономиялық білімі болғандығын, олардың ерте заманның өзінен-ақ мүшел календарын қолданғандығын растайды [1, 17].

Археологтар Орталық Қазақстандағы Жанғабыл өзенінің бойынан VIII-X ғасырларда жерленген бір жұлдызшының зиратын тауып алады. Қабірге өлікпен бірге бір «жұлдыз тас» – метеорит салынған. Қабір үстіне қаланған тастар арқылы Күн бейнесі көрсетіліп, зират үстіне оба үйілген. Оның жанына жұлдызшының граниттен шабылған тас мүсіні қойылған. Бұл жайт ежелгі түркілердің өмірінде жұлдызшылардың белгілі роль атқарғандығын көрсетеді.

Біздің зерттеу нысанамыз болып отырған «жұлдыз» космонимі түркі халықтарында былай аталады: татарша – юлдыз, башқұртша – йондуз, туваша – зылдыз, якутша – зұлыс, азербайжанша – ұлдыз, қырғызша – жылдыз, чувашша – зелтер т.с.с. «Жұлдыз» сөзі өте ерте замандарда, түркі халықтары дараланбаған кезде шыққан. Жұлдыздарға қарап жол табу әдісі ұшы-қиыры көрінбейтін далаларда, ашық теңіздерде ұзақ уақыт жүргенде ғана қолданылады. Жақын жұлдыздарға ат қойып, оларды бірінен-бірін айырып атау, көрінетін орындарын аңғару дәрежесіне жеткенше мыңдаған жылдар өтеді [2, 202].

Жұлдыз – "тұрақты жұлдыз" деп те аталады, салмағы ерекше ауыр, өзінен тұрақты жарық шығаратын, "өртенген" — термоядролық реакция жасайтын, плазмалық газ күйдегі аспан денесі.

Қазақ тілінде жұлдыз сөзі кең және тар мағынада қолданылады. Кең мағынада ол күн, ай, жерден басқа барлық аспан денелерін бірдей айта береді. Марс та, Шолпан да, құйрықты жұлдыз да жай тілмен жұлдыз есептеледі. Дегенмен, арнаулы мағынада жұлдыз тек күн секілді өзінен жарық шығаратын алып аспан денесіне ғана қаратылады. Яғни Марс та, Шолпан да жұлдыз емес, ғаламшар, Құйрықты жұлдыз да жұлдыз емес,

Қара құрдым да бұл мағынада жұлдыз есептелмейді. Жұлдыз тек Күн секілділер. Демек, астрономия ғылымында жұлдыз сөзін біз жалпы тұрмыстық мағынасында емес, арнайы ғылыми мағынасында ғана түсінуге тиіспіз.

Ежелгі гректер ғаламшарларды айналушы жұлдыз (серуендеуші) деп танып, маңызды Құдайларының аты етті. Бұл планеталардың аты Меркурий, Венера, Марс, Юпитер и Сатурн. (Уран мен Нептун да грек-рми Құдайларының атында аталғанымен, бірақ олардың жарқырау шамасы әлсіз, ежелгі адамдар оларды байқай алмаған. Олар тек кейін байқалды, аты да кеш қойылды.

Ғалым Исқақов «түркі тілдес халықтардың ескілікті бұйымдарда алты, сегіз, кейде он екі ұшты жұлдыз суреттері жиі кездеседі» дейді [1, 22]. Олар негізінен алғанда сәндік үшін салынған.

Жұлдыздың көркемдік ролі қай кезеңде де еш бәсеңдеген емес: жұлдыз әр елдің тулары мен елтаңбаларында, қолөнер туындыларында, алтын медальдарда, ордендер мен әскери белгілерде және газет-журналдар атауы ретінде қолданылады.

Сонымен бірге, бұл мифокосмонимдерде және оларға қатысты космологиялық мифтерде қазақтардың ежелгі дәстүрлі шаруашылығы – көшпелі мал шаруашылығымен түсіндірілген басқа да семантикалық негіз бар. Қазақтың барлық мифтері аңыз-әңгімелерінің сюжеттік көріністері қазақ этносының көшпелі мал шаруашылығымен байланысты. Мұны көптеген жұлдыздардың аттарынан көруге болады. Мысалы, *Ақбозат*, *Көкбозат*, *Қойшының қоңыр жұлдызы*, *Қарақшы*, *Күзетші*, *Арқан жұлдызы*, *Шідер жұлдызы* т.б. Осы жұлдыздардың этнолингвистикалық табиғаты туралы К.Г. Аронов өз зерттеуінде жазған [3, 15].

Ертедегі адамдар жұлдыздарды аспанның хрусталь (шыны) күмбезіне ілінген жанып тұрған кішкене фонарьлар деп ойлаған. Олар: «Әрбір адамның жұлдызы бар, ол өлген сәтте сөнеді,» – дегенге сеніп, аспанда жарық жұлдыз ағып өтіп, сөнген кезде «Құдай біреудің жанын алды» дейтін болған. Халықтың бұл түсінігі ақын-жазушылардың шығармаларында көптеп кездеседі. Мысалы, қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев:

...Бір адам туса,

Бір жұлдыз бірге келеді.

Сенбесең сенбе, әйтеуір, мен сенем.

Құлазып қалам, бір жұлдыз ағып сөнсе, мен.

Несі бар оның,

Айып па адам тағдырын

Бүкіл ғаламның биіктігімен өлшеген.

Аспанда кейде

Бір жұлдыз ағып баратса,

Тұрам да қалам бұралмай қалған сағатша.

Керемет неткен,

Адамның келте өмірін

Жұлдыз бен жердің қашықтығынан жаратса!... – деп толғанады.

Сондай-ақ Шәді Жәңгірұлы «Назым Сияр Шәриф немесе Пайғамбардың ақ жолы туралы дастан» атты шығармасында Хазіреті Расулдың дүниеге келуін былайша суреттейді: «...Сол бір түн айрықша түнде жұлдыздардың оты бір сәтте өшіп, әлемдегі барлық тас құдайлар ұшып түсіпті. Жұлдыздардың көбісін жайлап алған жын-перілер мен эзәзілдер адамдарды азғыруынан жаңылып, оларды бейкүнә періштелер тым-тырақай қуыпты, көсемдерін Ібіліспен бірге теңіз түбіне батырып жіберіпті...» [4, 9]. Осыған ұқсас әңгіме Шолпан жұлдызына қатысты айтылады. Ескі наным бойынша Шолпан жұлдызын әлі дүниеге келмеген адамдардың жандары мекендейді деген ұғым бар.

Ерте замандағы адамдар жұлдыздарды қозғалмайтын аспан денелері деп атаған. Шын мәнінде бүкіл аспан күмбезі бір тұтас болып, Жерді айналып жүргенге ұқсайды. Бір жұлдызбен екінші жұлдыздың арақашықтығы әрқашан бір қалыпты, өзгермейтін сияқты болып көрінеді.

Осы орайда тіліміздегі «жұлдыз» ұғымын тек қана космонимдік атау ретінде қабылдамай, оның өз мазмұнына беретін ірілі-ұсақты мағынасына қарай сөздіктердегі лексика-семантикалық құрылымын ашуға талапталды.

Олай болса, сөздіктерде «жұлдыз» космонимінің беретін заттық, ұғымдық, сезімдік мағынасы қандай? Халықтың өмірлік тәжірибесінде қолданылатын жұлдызға қатысты атаулар түгелдей дерлік қамтылып, мән-мазмұны ашылып көрсетілген бе? Аталған сұрақтарға жауап іздеп, қолымызға түскен қазақ, орыс тіліндегі ғылымның әр саласы бойынша сөздіктерді парақтадық.

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінің төртінші томында «жұлдыз» ұғымына мынадай түсінік беріледі: «Жұлдыз. зат. 1. Астр. Жерден өте қашық орналасқандықтан нүктедей ғана болып жылтырап көрінетін аспан денесі. 2. Көне. Жылдың он екіден бір бөлігі, ай. 3. Ауыс. Маңдай алды, халық қалаулысы, бетке ұстары. Жұлдыз зат. Бес бұрыш (тармақ) етіп жасалған Совет мемлекетінің айырым белгісі, эмблема» [5, 213].

2002 жылы Ә.Нысанбаевтың басқаруымен шыққан «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында: «*Жұлдыз – өте күшті қызған газдан тұратын, өзінен жарық шығаратын және табиғаты жағынан Күнге ұқсас аспан денелері*» деп ғылыми тұрғыдан негізделеді.

Қазақ тіліндегі сөздіктер мен орыс тіліндегі сөздіктерде «жұлдыз» космониміне берілген анықтамаларды салыстыру мақсатында 1955 жылы СССР Ғылым академиясынан шыққан «Словарь современного русского литературного языка» кітабының төртінші томынан «жұлдыз» (*звезда*) сөзінің бес түрлі лексикалық мағынасына ұшырастық:

1. *Небесное тело, по своей природе сходное с Солнцем, вследствие огромной отдаленности видимое как светящаяся точка.*
2. *Перен. О человеке, прославившемся чем либо, о знаменитости.*
3. *Геометрическая фигура, обладающая остrokонечными выступами; предмет в форме подобной фигуры.*
4. *Светлое пятно на лбу у животного*
5. *Знак отличия, орден, имеющий форму звезды* [6, 1133-1135].

Көріп отырғанымыздай, қазақ тілді және орыс тілді лексикографиялық деректерде «жұлдыз» сөзінің дыбысталуы әр басқа болғанымен, танылу деңгейі мен лексикалық мағынасында ұқсастық бар.

Қазақ халқы дүниетанымының кендігін «жұлдыз» ұғымына қатысты теңеулердің көптігінен аңғаруға да болады. 1990 жылы Т.Қоңыров құрастырған «Қазақ тілінің тұрақты теңеулері» сөздігінде мынадай көркем теңеулер берілген: «*ағып түскен жұлдыздай, аққан жұлдыздай сырғу, жарқыраған жұлдыздай, жұлдыздай жайнау, жұлдыздай құлтыру, жұлдыздай жалтылдау, жұлдыздай жарқырау, жұлдыздай жылтырау, жұлдыздай жану, жұлдыздай маздату, жұлдыздай жылтылдау, жұлдыздай ағу, жұлдыздай құлдырау, жұлдыздай жалт ету, жұлдыздай жүйткү, жұлдыздай жиі, жұлдыздай (көп), жұлдыздай жыпырлау, жұлдыздардай жүзім, жұлдыздай гүл, қос жұлдыздай жанары, Үркер жұлдызындай шоқтану, Үркердей (аз), Үркердей жиі тізілу, Үркердей болып тұру, Үркердей аз, Үркердей болып жиналу, Шолпан жұлдызындай, Шолпандай ойнау, Шығыстың шолпанындай*» [7, 180 -181].

Он сегіз мың ғаламның бір бөлшегі космологиялық әлем тілден тысқары емес. Адамзат баласы жер бетін қаншалықты игерсе, жер үстін, аспан әлемін соншалықты игеру үстінде. Космологиялық әлемді (ғарышты) адамзат баласы космосқа ұшқаннан бастап қана емес, одан бұрын есте жоқ ескі замандардан бастап-ақ игере бастады десек жаңылмаймыз. Оған дәлел космонимдік атауларға байланысты көптеген тілдік деректердің (фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, фольклордан, аңыз-әпсаналар т.б.) қолданысынан көруге болады.

Қазақ мақал-мәтелдерінде, әсіресе, космогонимдік атауларға байланысты бірліктер көптеп кездеседі. Оның себебі қазақ халқының дүниетанымында біркездегі көшпелі өмір салтында аспан әлемімен «тілдесу», сол арқылы өмір көшін бір арнаға түзеу салты

калыптасқан. Сондай-ақ өздерінің малшылық, бақташылық өмір салтына байланысты, аспан әлемінің әрбір құбылысына (жұлдыздар, өзге де галактикалық құбылыстар) карап, бағыт бағдар алып отырған. Мәселен, Темірқазық жұлдызын қазақ халқы көшпелі тұрмысында бағдар ретінде пайдаланған. Ол бағдар тек жол бағытын ғана емес, өмір көкжиегін дұрыс тануға дейін ұласады. Темірқазық жұлдызы атауының туындауы да атына сай, қазыққа қағылып байланған, бір орында тапжылмастан тұрады. «Темірқазық түнгі аспанның шырқау биігі – жоғарғы нүктесінде орналасқан. Кейде Солтүстік жарты шардың осынау орталық жұлдызын Алтын Қазық деп те атайды. Оған Тәңір өзінің аттарын байлайды. Темірқазықтың қасындағы қос жарық жұлдыз – Тәңірдің ақбоз тұлпарлары» [8, 210 -б.], – деген мифологиялық түсініктен темірқазықтың Тәңірге «бағынышты» туған космобейне екенін көруге болады. Сол секілді өзге де космогонимдік атауларға қатысты қазақ тілінде көптеген төмендегідей мақал-мәтелдер қалыптасқан. Мәселен, Үркер құрғаққа түссе аңызғақ жел болады, суға түссе жаңбырлы болады, тасқа түссе қатты ыстық болады; Батыр ортақ, ер ортақ, Күн ортақ, ай ортақ; Таразы туса таң суыр, Сүмбіле туса су суыр; Айдың тік тұрғаны, Өзіне жайсыз, халыққа жайлы. Шалқасынан туғаны, Өзіне жайлы, халыққа жайсыз; Сарыжұлдыз көтерілсе күн суыйды (Юпитер); Қызылжұлдыз жоғарыласа қыс қатты болады (Марс); Үшарқар айша туып күнше батар, т.б. көптеген мақал-мәтелдердің жасалуына космогонимдік атаулардың негіз болғандығын көруге болады. Жоғарыда көрсетілген космогонимдік атауларға негіз болған мақал-мәтелдер қазақ халқындағы аспан атауларының қазақы атауын ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар образдық негізіне аспан әлемімен үнемі санасып отыратын, көшпелі шаруа өмірі алынады.

Жоғарыда көрсетілген мақал-мәтелдердің астарында қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен ұлт өмірінің барлық саласынан көрініс табады. Аталған мақал-мәтелдер этностың мекені мен тұрақ жайынан реттестіруге, шаруашылық жағдайын бекемдеуге, ішетін тағамы мен киетін киімін алдын ала дайындауға, т.б. танымдық тәрбиелік істерге бастамашы ретінде қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исақов М.Ө. Халық календары: / Өңделіп және толықтырылып 2-ші бас/. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 318 бет.
2. А.Машанов. Сиқырлы жеті әліп. «Білім және еңбек». 1960. №9, 28-29 б.
3. Аронов К.Г. Этнолингвистическая природа народных космогонимов в казахском языке: Автореф. дис. канд. филол. наук. – Алматы, 1992.
4. Волков А. Жер мен аспан. География мен астрономия бойынша қызықты әңгімелер. Аударғандар: Ғ.Садықов пен А.Мұстафина. Қазақстан Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, Алматы – 1961.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 4-том. Ж-К. Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1979. 679-бет. Ред. Б.Қ.Қалиев.Қоңыров Т. Қазақ тілінің тұрақты теңеулері сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1990 – 320 бет.
6. Словарь современного русского литературного языка. Том четвертый. Ж – З. Изд. Академии Наук СССР. Москва. Ленинград, 1955. Ред. тома А.М.Бабкин.
7. Қоңыров Т. Қазақ тілінің тұрақты теңеулері сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1990 – 320 бет.
8. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Кеңесбаев І.К. Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977 ж. – 712 бет.

Жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану

Сұлтанғалиева Ж.С.

филология ғылымдарының кандидаты, доц.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік

университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.,

zhanat.sultangalieva@mail.ru

Қай кезеңде, қай қоғамда болмасын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу – ұстаз қолында. Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру, сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан жаңаша ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адам тәрбиелеу – басты міндет. Осы міндетті жаңартылған білім мазмұны аясында жүзеге асыру үшін мұғалім өзінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырып, оны меңгеріп, өз тәжірибесіне қолдана білу қажет. Қазіргі кезеңде елімізде әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа талаптарға лайықты білім беру жүйесі жүзеге асып келеді.

Бұл – ғылым мен техниканың заманауи нышандарын жаңа мазмұнда игеріп, адамзат болмысының үнемі ізденіс үстінде үздіксіз білім алып, жетілуі қажет деген сөз. Ал білім беру мазмұнын жаңарту дегеніміз – қолданыстағы дәстүрлі білім беру жүйесін әлемдік деңгей сатысына көтеру, халықаралық озық тәжірибені оқыту және оқу үдерісіне енгізу. Бұл білім бағдарламасы бүгінгі күн талабының сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында жасалған.

«Ұстаздың биігі ойлана қарасаң, биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді; қол созаң-қарсы алдында, айналсаң-артыңда тұрғандай» деп, Сократ айтқандай, егемен еліміздің алдыңғы қатарлы отыз мемлекеттің қатарына қосылуға табандылықпен жылжу саясаты білім саласына да түбегейлі өзгерістер енгізе отырып, жаңа талаптар қойып отыр. Соған орай, біз-ұстаздар қауымы-әрқашан білімімізді жетілдіріп, шығармашылық ізденісте болуымыз керек. Себебі, бүгінгі мектеп партасында отырған бүлдіршін-ертеңгі ел тағдырын ұстайтын азамат. Қазіргі заман мұғалімнен үздіксіз білімін жетілдіріп отыруды талап етеді.

Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педогогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді.

Өзіміз білім алған кезеңдер, алғашқы еңбек жолы мен бүгінгі күндегі жаңартылған түрлі білім бағдарламалары арасында үлкен айырмашылықтар бар екендігіне куә болып, өмір тәжірибесіне енгізіп келеміз.

Қазіргі таңдағы қолданыстағы білім беру жүйесі – күзиреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Маңыздылығы сол – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлауын, зерттеуін, функционалдық сауаттылығын да арттырады.

Жаңартылған білім – болашақтың негізі. Осы бағдарлама бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің берілу жайы да өзгеше. Қазақ тілі сабағында төрт түрлі тілдік дағдысы - тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, әдебиет сабағында түсіну, жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстыру сияқты оқу мақсаттары оқушының ой белсенділігі мен өзіндік ұстанымын жетілдіруге септігін тигізеді. Бұл дағдылар мен мақсаттар бір-бірімен тығыз байланысты, яғни жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын күрделене түседі.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр.

«Халық пен халықты теңестіретін-білім»-деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу - біздің мақсатымыз. Сондықтан да жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек.

«Жаңалық», «жаңа әдіс», «жаңашылдық», «жаңартылған» деген ұғымдардың өзгеріс әкелетіні, нақты бір қадамға бастайтындығы белгілі. Тағы да қазақ қаламгері, психология ғылымына жол салған Ж.Аймауытовтың сөзіне оралайын: «Баланың ынтасын ояту үшін оқытатын нәрседе бір жаңалық болу керек», - дейді. Ендеше, жаңалық бар, негіз бар, енді шебер мұғалім, белсенді оқушы керек.

Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Себебі, оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Жаңа бағдарламаның басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы - оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, шығармашылықты дамыту үшін тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана білуге бағыттайды. Егер ұстаз белсенді әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білсе, оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамып, білімнің қажеттілігін түсінеді. Яғни, «Не үшін?», «Қалай?», «Неліктен?» деген сұрақтарға жауап іздей бастайды.

Қазіргі таңда әдіс-тәсілдің тиімдісін мұғалім өз еркімен тандайды. Қ.Жұбанов айтпақшы «Егер мұғалім пәнді жақсы білсе, онда дұрыс әдісті де табады». Сондықтан түрлі әдіс-тәсілдерді саралай отырып, тиімдісін өзіндік ой еңбегімен ұштастыра алса, әр сабақ өз нәтижесін беретіні сөзсіз. Заман талабына сай шәкірт шығармашылығын дамытуға, мұғалімнің қажеттіліктеріне жан-жақты жауап беретін сан алуан технологиялар бар. Тәжірибеде сол технологияларды қолдану, зерттеу, пысықтау, анализ жасау-әр ұстаздың міндеті.

Жаңартылған бағдарлама жаңашыл ой тудырады демекші, негізінен жаңартылған білім жүйесі құзіреттілікке және сапаға бағытталған. Қазақ тілі мен әдебиетінің оқу бағдарламасы оқушының ішкі рухани құндылығын және сыртқы дүниемен коммуникативтік қарым-қатынас жасау дағдысын қалыптастыруды көздейді. Тіл мен әдебиет арқылы сауаттылықты, әдеби және эстетикалық талғамдары мен сезімдерін дамытуды, ойлау қабілеттері мен танымдық, коммуникативтік дағдыларын жетілдіруді жүзеге асырамыз.

Жаңаша оқыту технологиясы бойынша білім мазмұнын қамтитын оқу мақсаттары белгіленген. Қазақ әдебиетінің мазмұны:

- 1.Түсіну және жауап беру.
- 2.Анализ және интерпретация
- 3.Бағалау және салыстыру болып бөлінген.

Бұл дегеніміз- көркем шығарманы жан- жақты талдай білуге үйрету. Оқушылар сабақ барысында шығарманың мазмұны мен пішінін, автор бейнесін, тілін, тарихи және заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беруді, шығарманың құндылығын талдап, эссе жазуды, сыни шолу, мақала жазу дағдыларын дамытады.

Ал қазақ тілінің оқу мақсаттары бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады:

- 1.Тыңдалым және айтылым
- 2.Оқылым

3. Жазылым

4. Әдеби тіл нормаларын сақтау.

Бұл сабақ барысында оқушылар әр түрлі жанрдағы мәтіндерді талдай білуге, ақпаратты анықтауға, стильдік ерекшелігін ажыратуға, сұрақтар құрастыра білуге, жинақы мәтін жаза білуге, әдеби тіл нормаларын сақтай білуге дағдыланады.

Осы орайда мектепте жұмыс атқаратын әрбір мұғалімнің алдына қазіргі таңда қойылатын талап өте үлкен болып отыр. Мұғалім өзінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырып, оны меңгеріп, өз тәжірибесінде қолданғанда ғана сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады.

«Шеберліктің белгісі-әр түрлі әдісті біліп, сабақта орынды қолдана білу»,-деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, заман талабына сай оқыту әдістерін жаңа бағытта құрып, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыру- әрбір мұғалімнің алдына қойған мақсаты. Заман талабы мен уақыт көшіне ілесу-ұстаздар қауымына үлкен сын. Жаңа технологияны меңгеруде мұғалім:

- педогогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
- педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
- білімді, іскер, шебер болуы керек.

Себебі, жаңаша оқытудың ерекшеліктері-өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, шығармашылықпен айналасуына жол ашу, құзіреттілікті қалыптастыру, сөйлесу кезінде оқушының бір мезгілде жазу және ойлау, айту қабілеттерін жетілдіру. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» Қазақстан халқына арналған жолдауында: «Біздің жас мемлекетіміз өсіп, жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өрісі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгереді. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендету үстіндегі, күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады», - деп көрсетілгендей, ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш – білімге тән. Жас мемлекетіміздің болашағы – бүгінгі жастарда. Оларға бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін айқындап, соған негіздеп оқыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Бүгінгі мақсат - әрбір студентке түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан – жақты дамуына қолайлы жағдай жасап, жеке тұлға қалыптастыру. Ол үшін қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын терең меңгеру керек. Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: студентті ізгілік тұрғысынан қорғау, оқыту мен тәрбиенің бірлігі, студенттің танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту, әр студенттің қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту, жүйелі жұмыс істеу.

Білім беру жүйесі қоғаммен бірге дамып, онымен бірге үнемі өзгеріп отырады. Ол әр ұлттың өзіндік ерекшеліктеріне қарай қалыптасып үнемі жетіліп, уақыт өткен сайын күрделене береді. Қай кезде де жалпы білімнің атқаратын қызметі – жас ұрпақтың танымдық дүниесін байытып, дамуын қамтамасыз ету. Замана өзгерісіне қарай жоғары оқу орнына қойылатын талап та, ондағы оқыту және тәрбиелеу әдіс – тәсілдері де өзгереді.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу. Олай болса, ескі сүрлеуден арылып жаңа жолдан іс бастайтын сәт оқытушылар қауымына туған тәрізді. Осы бағытта оқытушылар алдында оқытудың және тәрбиелеудің жаңа

технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай туғызу қажеттілігі тұр.

Педагогикалық технология – қазіргі талапқа сай анықталып, іріктеліп реттелген оқытудың жаңа жаңа мазмұн, әдіс – амалдарының дидактикалық талаптарының психологиялық – педагогикалық жиынтығы.

Ж.Қараевтің педагогикалық технологиясы – оқытуды дифференциялауға негізделген, оқу үрдісіндегі оқытушы мен студенттің, оқу мазмұны мен түрдің, әдістер мен амалдардың, оқу мақсатының ықпалдасу заңдылығының жүйесі. Бұл технологияның ең басты ерекшелігі: алдымен оқытушы емес, студенттің әсерлену жүйесін қалыптастырады. Оның өзіндік ерекшеліктері мыналар:

- білім стандартына сай толық нәтиже береді;
- мақсатты диагностикаға қарай ден қою және оқу нәтижесін шынайы дәл бағалауға қол жеткізеді;
- дидактикалық үрдістің тұтастығы;
- студенттің оқу – танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу үрдісі жобасының болуы.

Ж.Қараев технологиясының жемісі сол, ол студентті күштеп оқудан аулақтатып, өз бетімен оқуына, ақпаратты өз бетімен өңдеуге, ешкімнің көмегінсіз өз бетінше ойланып шешім қабылдауға дағдыландырады. Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында студент өз ойын тұжырымды жинақтап, шешен сөйлеуге қалыптасады.

Деңгейлік тапсырмалармен жұмыс жасау арқылы студенттің өзіндік жеке жолы, темпі, даму динамикасы, ынтасы, ойлауы, есте сақтауы, оқу сапасы арта түседі. Әр студенттің ой – өрісі кеңейеді. Студенттерді бағалау да ерекше, ол рейтингтік жүйе бойынша жүзеге асады. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі – студенттердің сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатындығында.

Студенттің дербес ерекшеліктерін анықтау үшін оқытушы алдымен, олардың ықылас - жігерін, есте сақтау мен ойлау қабілеттерін, ынтасын, жалпы білім деңгейін зерттеуі қажет.

Бұл әдістің негізгі ұстанымы – қарапайымнан күрделіге жетіп, игерту.

«М.Әуезов өмірі мен шығармашылығы» деген сабағымызда деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту әдісін былай жүзеге асырдық.

1. М.Әуезов өмірі мен шығармашылығына шолу;
2. Жазушы шығармаларын талдау;
3. Жазушы драмаларынан үзінді көрсету.

Бірінші деңгей тапсырмалары білімнің минималдық шегі, ол мемлекеттік стандарт талабына сай болады. Бұл деңгеймен студенттер толық жұмыс жүргізе алады. Бірінші деңгейде студенттер жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған сұрақтарынан тұратын тапсырма беріледі. Бұл сұрақтар көп ойлануды, ізденуді талап етпейді. Сондықтан студенттер жедел түрде тапсырманы орындай алады.

Екінші деңгей кезеңіне көтерілгенде тапсырмалар күрделене түседі. Студенттер өз бетімен жұмыс жасауға көшеді. Студент бойында ойлау, таным дағдылары қалыптаса бастайды. Студенттер алгоритмдік сатыға көтерілгенде жазушының шығармаларын бүгінгі өмірмен байланыстыра талдауға көшеді.

Үшінші деңгей студенттердің шығармашылыққа деген мотивтердің айқын көрінуімен, логикалық ойлау дәрежелерінің жоғары болуымен, өз жеке басының белсенділігімен, өз ісіне талдау жасай білуімен, білімді жаңа жағдайға пайдалануымен сипатталады. Студенттер талдау, жинақтау, салыстыру сияқты танымдық жұмыстар жүргізеді. Эвристикалық (танымдық – іздену) түріндегі жұмыстарды оқытушы көмегінсіз өз бетімен орындайды. Эвристикалық сатының ерекшелігі – студенттер белгілі бір бейнеге ену арқылы жазушының драмалық шығармаларынан үзінділер көрсетеді. Мысалы М.Әуезовтің «Еңлік -Кебек» пьесасынан монологтар оқиды. Бұл арқылы бала бойында артистік қабілет пайда болып, драмалық жанрға ерекше көңіл бөлуге мүмкіндік туады. Бұл сатыға ерекше белсенді, өнерге бейім, жаны жаңалыққа құмар студенттер көтеріле алады.

Төртінші деңгей – қабілетті, дарынды, ізденгіш, талантты студенттерге арналған саты. Бұл сатыға өз бетімен жұмыс жүргізетін ұшқыр ойлы студенттер ғана көтеріле алады. Шығармашылық деңгейдің тапсырмасын қызығушылық туғызу үшін студенттің әр алуан мүмкіндігін ескере отырып, түрлі тапсырмалар беруге болады.

1-тапсырма. М.Әуезов кейіпкерлеріне сырласу хатын жазу.

2- тапсырма. Жазушы тойына жыр – шашу. Аудиторияда өлең жазатын ақынжанды студент болады. Мұндай жағдайда студент өзінің ой – қиялына ерік бере отырып, өзінше ой түюге баулудың бірден –бір амалы өлең шығару деп ойлаймын.

Қорыта келе, деңгейлік тапсырмалармен жұмыс жасау арқылы студенттің ақыл ойы дамиды, өзіндік дүниетанымы қалыптасады, алуан тапсырмалар студенттің сабаққа деген ынтасын және жауапкершілігін арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Кусаинов Г.М. Новая педагогическая технология: методология, теория и практика. Усть-Каменегорск, 1997.
- 2.Тұрғынбаева Б. Дамыта оқыту технологиялары, Алматы, 2000.
- 3.Жақсылықова К. Қазақ тілін модульмен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері, Алматы, 2001.
- 4.Педагогическая технология Ж.Караева. Алматы, 1999.
- 5.Кобдикова Ж.У. Педагогическая технология уровневой дифференциации обучения в средней школе. Алматы, 2000.

Қысқа мерзімді сабақ жоспарының ерекшеліктері

Қаңтарбай Сембай Ерғалиұлы

пғк, профессор

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік

Мемлекеттік Университеті Ақтөбе қаласы

Электронды поштасы: skantarbaj@mail.ru

Жанартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш мектептің әрбір мұғалімі қысқа мерзімді сабақ жоспарының дәстүрлі сабақ жоспарынан қандай ерекшеліктері бар екендігін ой елегінен өткізгенін дұрыс деп есептеймін . Оқыту үдерісінің компоненттері оқыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы сабақта бейнелетіні баршамызға белгілі , айтыс тудырмайды . Сондай- ақ , кез келген әрекет талдаудан басталады тұжырымына сүйене отырып, бастауыш мектепте типтік оқу жоспарына сәйкес өтілетін пәндердің оқыту әдістемелеріне талдау жасалынды . Пәндердің оқу –әдістемелік кешені бастауыш мектеп оқушыларының кең ауқымды дағдыларын қалыптастырып , дамытуға бағытталған .

Олар : - білімді функционалдық және шығармашылық тұрғыдан қолдану ;

- сын тұрғысынан ойлау ;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу ;
- ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану ;
- қарым – қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану ;
- топпен ,жұппен және жеке –дара жұмыс істей алу ;
- мәселелерді шешу және шешім қабылдай алу ;
- алған білімін өмірде қолдана алу .

Демек , сабақ жоспарында қарастырылатын іс – әрекеттер осы кең ауқымды дағдыларды дамытуға бағытталуы керек . Дағдылар мен кең ауқымды дағдылардың айырмашылықтарын ұдайы есте сақтап , оны жүзеге асырудың тиімді тәсілдерін ойластыру талап етіледі [1].

Қысқа мерзімді сабақ жоспарында бірлескен жұмыстар, жеке және бірлескен ізденіс пен зерттеу жұмыстары, жағдаяттық және ролдік ойындар, дереккөздермен (кітап, интернет, құжаттар, мұражай), шығармашылық жұмыстар орын алады. Интербелсенді әдістер кеңінен қолданылады. Сабақ жоспарында оқушылардың белсенділігін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Мысалы, оқушы түсінбеген жерін екінші оқушыдан еркін сұрауы, жақсы оқитын оқушының өз тобындағы нашар оқитын оқушыны үйретуі, өз топтарында тапсырма бойынша бір-бірімен сөйлесіп, ақылдасып отыруы; тапсырманы орындап болғаннан кейін бірін-бірі тексеруі, өзара оқушы – оқушы не мұғалім – оқушы, оқушы – мұғалім түрінде бір-біріне сұрақ беруі; сабақта өзара пікірлесіп отыруы; қарсы топтың пікіріне өзіндік көзқарасын білдіруі, өзінің көзқарасын дәлелдеуі; өзін-өзі бағалап, өз іс-әрекетіне кері байланыс жасай алуы т.б. Қысқа мерзімді сабақ жоспары мен дәстүрлі сабақ жоспарының құрылымына тоқталуды жөн көрдік. Дәстүрлі сабақ жоспары сабақ типтеріне сәйкес құрылымы әртүрлі болады. Оны шартты түрде екіге бөліп, қарастыруға болады:

- бірінші блок, ол сабақтың тақырыбын, мақсатын, міндеттерін, сабақ типін, әдістерді, актуализацияны, сабаққа қажетті құрал-жабдықтарды қамтиды.
- екінші блок, ол алғашқы ұйымдастыруды және сабақ типтеріне сәйкес құрылымды қамтиды.

Демек, екінші блок бірінші блоктағы мақсатқа жетуге бағытталған қызметті атқарады. Бірақ әрбір оқушының мақсатқа жеткендігінің деңгейін көрсете алмайды. Сабақ мақсаты - күтілетін нәтиже, олай болса, оқушылардың қандай деңгейде мақсатқа жеткендігі бағалануы керек.

Енді қысқа мерзімді сабақ жоспарының құрылымына талдау жасап көрейік. Қысқа мерзімді сабақ жоспары – күнделікті сабақ жоспары. Оқыту, оқу үдерісінің жаңартылуына байланысты күнделікті сабақ жоспарының құрылымында өзгерістер болуы тиіс. Себебі оқыту, оқу үдерісінің құрылымы сабақ жоспарында орын алады.

Қысқа мерзімді сабақ жоспарын шартты түрде төрт блокқа бөліп қарастыруға болады:

- бірінші блок пән атын, тақырыпты, өтілетін күнін, мұғалімнің аты – жөнін, сыныпты, сабаққа қатысқан, қатыспаған оқушылар санын, оқу мақсатын, сабақтың мақсатын, оны үш деңгейде (барлық оқушылар жасай алады, оқушылардың көбі жасай алады, оқушылардың кейбірі жасай алады), алдыңғы білімдерді қамтиды.

- екінші блок жоспар, ол үш бағытта берілген (жоспарланған уақыт, жоспарланған іс-әрекет, дереккөздер).

Жоспар үш кезеңнен тұрады: - бағдарлау – мотивациялық кезең;

- операциялық орындаушылық кезең;

- рефлексиялық-бағалау кезеңі [2].

Бірінші кезеңде жоспарланған әрбір іс-әрекетке белгіленген нақты уақыт көрсетіледі. Жоспарланған іс-әрекет түрлері беріледі. Мысалы, оқушылармен амандасу, кезекшімен сұхбат, құрал-жабдықтарды тексеріп шығу, оқушылардың зейінін сабаққа аудару. Ұжымдық жұмыс, топтық жұмыс, үй тапсырмасын тексеру. Бір-біріне жақсы тілектер айтып, ынтымақтастық атмосферасын құру. Бұл кезеңде әртүрлі дереккөздер қолданылады: көңілді әуен қосып қою, интерактивті тақтаның көмегімен кластерді қолдану, «ББҰ» кестесімен жұмыс, «Вен диаграммасын» қолдану, әртүрлі әдістерді, дидактикалық ойындарды пайдалану.

Екінші кезеңде қойылған проблемалық сұрақтың жауабын тауып, ой қорытып, кері байланыс жасау. Өтіліп жатқан тақырып төңірегінде өзіндік тұжырым жасау, диалогке қатыстырып, деңгейлерін анықтау, жұмыстарын топта жариялау, оқушылар жауабының дұрыстығын дәлелдету үшін пікірталас ұйымдастыру. Тақырыпқа байланысты фильмнен үзінді көру, оны талдау; іс-әрекеттеріне рефлексия жасау. Екінші кезеңде де әртүрлі технологиялардың элементтерін шығармашылық тұрғыда қолдануға бағыттайды.

Үшінші кезеңде « Ойлан –жұптас –талқыла « ,стратегиясы , «ББҰ» кестесімен жұмыс, диалог құрау арқылы ой бөлісу, өзін –өзі бағалау ,жұмыстарын топта жариялау, дәлелдеу, «Табыс ағашы» стратегиясы ,жұмыс дәптеріндегі «Өз жұмысыңды бағала» тапсырмасы орындатылады .

Қысқа мерзімді сабақ жоспарында дәстүрлі сабақ жоспарында жоқ , қосымша ақпарат беріледі . Онда өте қажетті мәселелер көтеріледі, олар: оқушыларға қалай көмектесу керек, қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар берілетіндігі сұралады. Сондай-ақ , сабақ мақсатына жеттім бе ? Оқушылар не үйренді? Ынтымақтастық атмосферасы болды ма? Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма? Жоспарланған уақытты ұстандым ба? Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен ? Демек, мұғалім өзіне бақылау жүргізеді [3]. Қорытынды бағалау көрсетіледі: Сабақтың ең ұтымды кезеңдері.

Сабақты жақсартуға септігін тигізген екі сәт.

Осы сабақтан келесі сабақтың өткізілуіне септігін тигізетіндей сыныптағы және жеке оқушылар жайлы не білдім? Мұғалім сабақ нәтижесін бағалай отырып, келесі іс- әрекетін болжай алады. Бұл – өте құнды ақпарат.

Дереккөздерінде «ББҰ» кестесімен жұмыс, дәптермен жұмыс, пәнаралық байланыс, «Екі жұлдыз , бір тілек» әдісін қолдануға стикерлер тарату көрсетіледі. Қысқа мерзімді сабақ жоспары мен дәстүрлі сабақ жоспарын салыстыру негізінде мынандай қорытынды жасауға болады :

оқыту үдерісінің екі жақты үдеріс екендігі негізге алынғандығы ;
-оқыту, оқу үдерісінің ізгілендіру ұстанымының жүзеге асырылуы;
-оқыту үдерісінің даралап, саралап оқытудың басты ұстанымдары;
-оқыту үдерісінің біртұтастық ұстанымы ;
-оқытудың классикалық принциптері ;
-оқыту, оқу және тәрбиенің бірлігін жүзеге асыру ;
-сабақ жоспары бөлімдерінің бір- бірімен байланыстылығы;
-оқу мақсаты мен сабақ мақсатының байланыстылығы ;
-оқыту және оқу үдерісінің байланыстылығы ;
-оқыту мақсаты мен бағалаудың байланыстылығы;
--білім мазмұны ғана жаңартылған жоқ, сонымен қатар оқыту үдерісінің басқа компоненттері де жаңартылды.

Мысалы: мақсаты, міндеттері, мазмұны , формасы , әдістері, құралдары, бағалауы.

Қысқа мерзімді сабақ жоспарының ерекшеліктерін атап өтуге болады . Олар:

-шартты түрде төрт бөлімнен тұрады;
-төрт бөлімнің бір –бірімен байланыстылығы;
-сабақ жоспарында тәрбиелік және дамытушылық міндеттер көрсетілмейді,
- оқу мақсатының көрсетілуі (оқу бағдарламасындағы мақсаттар);
-жоспардың үш бөлімнен тұратындығы;
-дереккөздер көрсетілген;
-қосымша ақпараттың берілуі;
-мұғалімнің өзін-өзі бағалауы;
-оқушылардың не үйренгендігі;
-сабақтың ең ұтымды кезеңдері;
-қорытынды жасай отырып, сынып және жеке оқушымен қандай жұмыс жасау қажеттілін анықтауы;
-пәнаралық байланыстың нақтылы орын алуы ;
-оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайтындығы.

Қысқа мерзімді сабақ жоспарын жетілдіру мақсатындағы ұсыныстар:

-сабақтың тәрбиелік және дамытушылық міндеттерін ойластыру ;
-мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетін нақты көрсету ;
-пәнішілік,пәнаралық сыныпаралық байланыстылық нақтылы көрсетілсе.

-алдыңғы білімдер дегеннің орнына жоғарыда айтылған атаулы сөздерді қолдану.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бастауыш мектепке оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал.- Астана,2015.-58б.
2. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану.Оқу құралы. /Әлімов А. Қ Астана, 2014.-188б.
3. Назарбаев зияткерлік мектептері »Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық.Оқу-әдістемелік құрал.-Астана,2016.

Қазақ әдебиеті сабағында жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану

**Турезак Келбет Силканқызы
№51 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

XXI ғасыр қарқынды дамып келе жатыр. Күнде бір жаңалықтар ашылуда, қазіргі заманда адамды кез келген жаңалықпен таңғалдыра алмайсың.

Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Бұл жолдау жаңа әлемге, яғни Төртінші өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделу мен жетістікке жету жолын табу үшін не істеу қажеттігін айқындайды» [1].

Елбасының алдымызға қойған он міндетін атап өтер болсам: 1. Индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс.2. Ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту.3. «Ақылды технологиялар»-агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі.4. Көлік логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру.5. Құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізу.6. Қаржы секторын «қайта жаңғырту».7. Адами капитал-жаңғыру негізі.8. Тиімді мемлекетті басқару. 9. Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі. 10. «Ақылды қалалар» «ақылды ұлт» үшін.

Міне, біздің еліміздің алдында тұрған он міндет - осылар. Ал біздің міндетіміз-осы міндеттерді жүзеге асыра алатын жаңа заманға сай ұрпақты тәрбиелеп, оқытып шығаруымыз қажет.

Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттеліп отыр. Себебі келер ұрпақтың тәлім-тәрбиесі мен білімді болуына біздер жауаптымыз.

А. Байтұрсынұлының «Оқу жайлы» атты мақаласында «Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Ал күшті болу үшін бірлік керек». Қай халықтың болмасын ілгері басу себебі де, кейін қалуы да оқу мәселесімен байланысты екенін дәлелдейді. «Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші...» [2. 33]

Білімді болу үшін оқу керектігін түсіндік, ал оқытуды қалай бастамақпыз?

Қазіргі балаларға әдебиетті, көркем шығарманы оқындар өте қызық, өмірде қажет болады деп айтып, оқыта алмаймыз. Әдебиетті, көркем шығармаларды оқымайтын балаларда білім, жүйрік ойлар мен тың идеялар болмайтыны анық. Кітап оқымаған баланың ойлау қабілеті тоқтайды. Ал бүкіл қазақтың саяси –әлеуметтік, мәдени-ғылыми, тарихи-эстетикалық ой-пікіріне қозғау салар құдіретті күш-сөз өнері, әдебиет.

Балаларды әдебиетті оқытуға қалай қызықтыра аламыз? Балалардың функционалдық сауаттылығын қалай дамыта аламыз? Білім алушы оқығанын ұмытпай, өмір тәжірибесінде қалай іске асыра білуі керек? деген сұрақтар бізді мазалайтындығы анық.Олай болса, жаңа заманға лайықты тұлғаны жаңаша мазмұнда оқыту қажет.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы-оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану, коммуникативтік қарым-қатынасқа түсу, жеке және жұппен, топта жұмыс жасай білуі.

Жаңаша білім беруде сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықпен әрекет етуге және оны тиімді жүзеге асыру үшін белсенді оқыту әдіс-тәсілдерін білуіміз қажет. Сын тұрғысынан ойлау-балаға ойлануға мүмкіндік береді, зерттеу жұмыстары жаңа идеяларды тудырады, топта жұмыс жасай білу - ауызбіршілікке әкеледі

Бірқатар ғалымдар сыни ойлауды жаңа өнім немесе шығармашылық ойлау нәтижесі деп түсіндіріп, қалыпты емес жағдайлардан шешім таба алу, жаңаны ашуға мақсат қоя білу деп атап көрсетеді.

Шығармашылық қызметтің келесі негізгі механизмдерін атап өтуге болады:

1. Белгісіз нәрсені ассоциативтік механизм көмегімен іздестіру. Ұқсас немесе әр түрлі белгілері негізінде байланысты орнату.
2. «Жинақтау (синтез) арқылы талдау». Кез келген міндеттерді шешу үдерісі бірнеше бөліктерден тұрады: не белгілі, нені табу керек (анализ), шешім нәтижелерін біріктіру арқылы жауабын табу.
3. Шығармашылық рефлексия механизмі: қызметтің жақсаруы мен шығармашылық өзгерістердің мәнін ұғыну және түсіну. Рефлексияны қолдану ішкі жоспар мен сыртқы белсенділік аймағын арттыруға әсер етеді.
4. Интуитивтік және логикалық байланыс негізінде белгісіз нәрсені іздестіру. Мәселе интуитивті болжам жасау арқылы шешіліп, логикалық қорытынды жасау жолымен алынбауы мүмкін.
5. Өз тәжірибесін эврисикалық тәсілдер көмегімен қайта құру. [3.97]

Қазіргі кезде оқыту үрдісінде кеңінен қолданылып жүрген жаңа оқыту технологияларының қай-қайсысы болмасын тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытуға негізделеді. Әсіресе, әдебиет сабағында түрлі интербелсенді әдіс-тәсілдер арқылы оқушының ізденіп білім алуына мүмкіндік мол.

5-класта М. Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесін оқытуда пайдаланылған әдіс-тәсілдер мен жұмыс түрлеріне тоқтала кетейін.

«**Ментальді карта**» әдісі арқылы ой шақырып аламын. Бұл әдісті жүргізуде арнайы «X Mind» бағдарламасын қолдануға болады.

Ортасына басты идея орналастырылады, ал одан кілт сөздері бар тақырып шығарылады.

«X Mind» бағдарламасын пайдалана отырып, мәтінмен жасалынған жұмысқа қысқаша тоқталсақ, бұл тәсілді басқаша ойды, әңгімені жазып алу техникасы деп атасақ та болады. Көп ойды бір уақытта мида сақтау физиологиялық тұрғыдан мүмкін емес. Сол себептен ой көрініс ретінде келесі ерекшеліктерімен айқындалады:

- көптеген ұғым, элементтер жеңіл танылып, олардың өзара байланысы көрінеді;
- ассоциациялық ойлау дамытылып, қайталау тез және тиімді түрде өтеді;
- негізгі ой айқын көрініске ие бола алады;
- оқушылардың сандық сауаттылығы артады.

Мәселен, «Бауыр» сөзіне бейнелі сөздерді, сөз тіркестерін тіркестіріп жазу арқылы тақырыпты ашып алады. Тақырып ашылғаннан кейін балалардың шығарманы оқуға деген қызығушылығы оянады.

«**Тыңдап отырған үштік**» әдісі. Оқушылар топта үшеуден отырады, екеуі бір-біріне қарама-қарсы отырады, ал үшіншісі әңгімеге араласпайды, бірақ бақылайды.

Әр оқушы сөйлеуші, сұрақ қоюшы және жазып алушы рөлін атқарады. Сөйлеуші бір нәрсені айтады, сұрақты түсіндіреді немесе пікірін білдіреді. Сұрақ қоюшы көмектесіп айтып отырады және түсініктеме беруді сұрайды. Жазып алушы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді. Келесі жолы рөлдер ауысады. [4. 32-34].


Ашық-жабық сұрақтар дайындату арқылы оқушының әңгімені қаншалықты меңгеріп, түсінгенін бақылауға болады.

| Жабық сұрақтар | Ашық сұрақтар |
|----------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| Әңгімедегі бауырлар кімдер? | Манаптың бойынан бауырына деген қандай сезімдері байқалады? |
| Қали қай жерде тәрбиеленіп өсті? | Қалидың селқостығының мәні неде? |
| Манап пен Қалидың бір-бірінен алыстауына не себеп болды? | Адамға (Қалиға) ерекше әсер ететін тегі ме әлде өскен ортасы ма? |
| Мектеп директоры қандай адам? | Манаптың басындағы жай-күйге кім кінәлі? |

Жазушы М.Әуезовтің «Көркемөнер – біздің ішкі дүниемізге, жан жүйемізге әсер етіп, адамдық қалпымызды тәрбиелейді» дегені еске түседі.

Топтық жұмыс ретінде «Бауыр» әңгімесіндегі құндылықтар бойынша «Постер қорғату» да тиімді. «Бауырмал болу», «Отаннан алыстамау», «Бір шаңырақ», «Өскен орта», «Ұлттық құндылықтар» сынды атаулар жасырын ілінеді. Әр топ өздеріне тиесілі тақырыпты шығарма негізінде дәлелдеп береді. Өзге топтар сол таңдалған тақырып бойынша бір сұрақ қоюына болады. Бұнда тапсырмалар мен жұмыс түрлері білім алушының шығармашылық ойлауына, тың, тосын идеялар келтіруіне мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиеті пәнін оқыту үдерісінде қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдердің бірі – **«Планетарлық ойлау» әдісі.** Қарастырылған мәселе жайлы бар мәліметті тоқтамай қағаз бетіне түсіру, алдымен оқушылардың не білетінін анықтауда, белсенді ойлауын ұйымдастыруда, бұрынғы білім мен жаңа ақпарат арасында байланыстар құруда таптырмайтын құрал. Әңгіме толық оқылып болған соң, оқушылардың әңгіме мазмұнын, идеясын қаншалықты меңгергенін бақылауда жеке не жұптық жұмыс ретінде **кластер («жүзім торабы»)** құрастырту тиімді болмақ. Алдымен сынып топтар бойынша отырады. Содан соң әр топ тақырып бойынша не білетіндіктері жайлы ойланып қағазға түсіру үшін 5-7 минуттай уақыт берілді. Мұғалім тақтаға тақырыпты қоршауға алып жазып қояды. Бұдан кейін әр топ атынан сөйлеген көшбасшыларының ұсыныстары сол негізгі тірек сөз айналасына орналастырылады. Сонда өрмекшінің торындай графикалық бейнеден осы мәселеге қатысы барлық идеяны табуға болатын мүмкіндік туады. Жұмыс барысында құрылған тордың неғұрлым жиі, көп болуы ойдың соншалықты молдығын білдіреді. Бұл әдіс арқылы көп идеялар арасынан жаңа, соны пікірлер табу өте оңай. Бұл оқушылардың ішкі мүмкіндіктерін ашуға, бірлесіп жұмыс жасап, бірлесіп шешім қабылдауға жағдай жасайды.



Бауыр. Қали. Манап. Төрегелді әулеті. 5 жас – 15 жас. Омбыдағы балалар үйі. «Әскери ұшқыш боламын». Өзгені құрметтеу. Спорттық жаттығу. Болашақ философ. Қабылданбаған костюм. Тәрбиеші – ыңғайсыз сезім. Бауырлар арасы – жат бауыр – аға-іні. Сыйластық – қатынаспау-араласпау – бұлыңғыр болашақ-орта. Сағыныш – Өкініш. Ауыл-қала.

«Пікірталас-диалог» осы әңгімеде белгілі оқу мақсаттарын жүзеге асыруда тиімді болмақ. Дайындық кезеңінде оқушыларға тақырып бойынша екі шешімі бар проблема (тақырып, сұрақ) ұсынылады. Мәселен «Бауыр» әңгімесі бойынша пікірталас-диалогқа ұсынылған проблема (тақырып, сұрақ): 1-топ. «Қали Манаптың бауыры емес». 2-топ. «Қали

мен Манап бір туған». Оқушылар шағын топтарға бөлінеді. Бір топ бірінші пікірді, ал екінші топ екінші пікірді жақтаушы болып тағайындалады. Осыдан кейін топтар пікірталасқа дайындалады: тақырып бойынша ақпарат іздейді, мәтіннен дәлелдер іздейді, мысалдар келтіреді, өз көзқарас-пікірлерін ұстанып, қорғап шығады.

Негізгі кезеңде қарама-қарсы пікірлерді ұстанған топтар ортаға шығып, пікірталастырады. Өз дәлелдерін келтіреді, сұрақ қояды, жауап береді. (5 минут). Уақыт аяқталған соң, топтар бастапқы рөлдерімен алмасып, бірінші көзқарасты ұстанғандар екінші ұстанымды жақтап, екінші ұстанымды жақтағандар бірінші көзқарасты дәлелдейді. Пікірталаста алдында келтірілген дәлелдерді келтіруге болмайды: аргумент тың, соны, жаңа болуы қажет.

Қорытындылау кезеңінде мұғалім негізгі тақырыпты қорытындылауға, келтірілген фактілер, дәлелдер мен мәліметтерге шолу жасап тоқталғаны дұрыс. Талқылау барысын талдап, ұсыныс айтады [5. 125-126]. Кері байланыс беріледі.

Қорыта келе, бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін, ол - оқу, білім. Сол сияқты осы заманда адам баласының таңқаларлық нәрсесінің бәрі де ғылыммен табылған. Ал ғылым оқу мен ойланудан және көп еңбектенуден туындайды.

Бүгінгі күн мұғалімінің басты талабы - жаңаша білім беру мазмұны ерекшелігіне сай еңбектену, білім алушыны нәтижелі оқуға бағыттау. Талапқа сай болу - біздің міндетіміз. Тәуелсіз ойлай білетін, дербес пікір білдіре алатын, білімді ұрпақ көргіміз келсе, қазақ әдебиеті сабағында жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы білім алушыларды әдебиетті сүйеге, әдебиетті оқуға, көркем шығармадан тәлім алуға, шәкірттердің оқырмандық қызығушылығын қалыптастыруға жол сала отырып, олардың әдеби қабілетін, ойлану мен ойлау қабілеттерін дамытуымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. С.Қалиев, Б. Иманбекова «А.Байтұрсыновтың педагогикалық мұраларын оқу-тәрбие жүйесіне пайдалану». Алматы, 2002.
3. Селевко Г.К. «Современные образовательные технологии». Москва, 1998.
4. Т.М.Көпжасарова, К.Г.Утешова «Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері». Астана, 2016
5. А.Қ.Әлімов «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер». Астана, 2014

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа бағыттары

Койшигарина Жания

1-ші санатты қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

№3 орта мектебі, Ақтөбе қаласы
zhaniya.koishigarina@gmail.com

Жаңартылған білім беру жүйесінде қазақ тілі мен әдебиет сабақтарын оқыту диалогтік оқытуға негізделген. Диалогтік оқыту дәстүрлі әдіс түрінде жүргізілетін жағдайда қала берсе, мұғалім мен оқушылар оқу үдерісінің субъектісі бола береді. Бұндай жүйеде мұғалім үнемі оқыту процесінің ұйымдастырушысы ролінде, топ көшбасшысы есебінде болады. Сонымен қатар диалогтік оқыту бірігіп жүргізілетін жұмыста оқушылар достарымен бірігеді, бір - бірін танып біледі, жаттығуларды тәжірибе қолдана білуіне жетелейді, балардың дамуына әсер етеді. Көп жағдайда сабақ беруде диалогке жүгінетініміз айқын. Мерсер мен Литлон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді.

Зерттеулерде интерактивті қарым – қатынас пен оқушылардың өз ара бірігіп жүргізілетін жұмыстың балаар оқуына және когнитивті дамуына әсер ететіндігі айтылған.

Менің ойымша, егер әр сабағымда қарым – қатынас әдісін тиімді ретімен қолдана білсем, өмірде қажет адамдармен жеке қарым – қатынас жасай білу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндіктері дамиды.

Выготскийдің оқыту моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдайды. Сабақ барысында оқушылар пікірлесуінің ұтымды тұстары көп, олар өз ойларын айта алады, әр түрлі адамдардың түрліше ойлары мен идеяларын барынша түсінуіне, оқушы когнитивті дамуына, мұғалімге білім алушының білім деңгейін анықтай алуына көмегі зор. Сабақ беру барысында бағдарлама идеяларын іске асыру үшін көбіне жұптық және топтық жұмыс формаларын жиі қолданамын. Сабақтағы «оқушы – оқушы» тактикасын қолдану оқушылардың білім деңгейін нақты бағалауға көмегін тигізеді. Себебі, осы жағдайда қол көтерген оқушыны ғана емес, барлық оқушыны тыңдау мүмкіндігі пайда болады. Оқушыларға өз ара сөйлесуге, сұрақ талқылауға, пікір алмасуға, келісуге, келіспеуге, дұрыс бұрыстығын айқындауға қолайлы жақтары мол.

Мысалы «Қазақ халқы - қонақжай» рольдік ойын арқылы қонақжайлықты көрсету тапсырмасын беремін. Тапсырманы орындау кезінде – идеяларын ортаға салады, талқылайды, пікірталастырады, альтернативті шешімдер қабылдайды, қол астындағы барлық мүмкіндіктерді пайдаланады, нәтижесінде оқушылар сабақта алған сөздік қорларының бәрін қолданады.

Александр (2004) тұжырымдамасында, оқытудағы әңгімелесу – қарым – қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше идеялар екі жақты бағытта жүреді және осының негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжиды деп тұжырымдайды. Диалог барысында оқушылар да, мұғалімдер де бір келісілген нәтижеге жету үшін білімді бірлесе алуды немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, дегенмен оны оқушылар бірігіп зерттеу жүргізген әрекеттерінде анықтай алады.

Мысалы : «Киіз үй» тақырыбындағы сабақтардың бірінде мәтін алды «Үйді қалай салатынын білесіздер ме?» деген сұрақ қоямын. Оқушылар сөздік логикалық тізбек құрайды: әуелі ірге тасын, содан соң қабырғаларын, шатырын т.с.с. . Екінші сұрақ «Киіз үйді қалай құрады?» Балалар түрлі идеялар айтады, құру әдісін ойластырады, шешімі табылған соң, оқушылар қиналмастан мәтін құрай алады. Барлық оқушылар тығыз байланыста жұмыс жасайды, топта қарым – қатынасқа түседі, мәселені шешу жолдарын іздейді, пікірлеседі, бағыт беретін сұрақтар арқылы тапсырманы жетістікпен орындатып шығарамын. Осылай оқушыларға біріге жұмыс жасау құндылықтарын меңгертемін.

Сұрақтарды дұрыс таңдау мен қою – диалогтік оқытудың жемісі. Қойылатын сұрақтар тек оқу материалдарын меңгертуге емес сонымен қатар әр баланың сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталуы керек. Осы арада Блум таксономиясын қолданамын. Мысалы : «ұлттық тағамдарды ата», түсіну үшін ««киіз үйді суретте», «киіз үй мен үйді салыстыр», қодануға «киіз үйді құр» деген секілді сабақ алды сұрақтары жеке тұлғамен қарым – қатынас орнату үшін, білім деңгейін айқындау үшін, өткен сабақты қысқаша қайталау үшін, өзекті мәселені анықтау үшін қажет. Сабақтың негізгі бөліміндегі сауал алу мақсаты мақсаты – түсінік қалыптастыру, болжау, бақылауға жетелеу, қорытынды шығару, қиындық туғызатын тұстарын әрі түсінбеген тұстарын анықтау. Ал қорытынды бөліміндегі сұрақ - жауап-сабақтың негізгі тұстарын анықтап, түсінген әрі меңгерген деңгей нәтижесін бағалау. «Жабық» сұрақтар қойылғанда оқушылар белсенділік танытпайды, біркелкі қиын жауап береді. Ал, мұғалім тарапынан қойылған: «Орда» сөзін естігінде қандай ой топтамасы келеді?», «Ол сөз қандай мағына береді?», «Осы сөздің қанша мағынасы бар?», «Омоним бола ала ма?», «Неге?», «Оны қалай анықтадыңдар?», «Бұл сөзді түрлі мағынада қолданып көріңіз?» оқушылар ойланып дұрыс болмаса да өз пікірлерін айтады, қорытынды шығарады. Сабақтың бекіту бөлімінде кері байланыс өткізе отырып, сабақтың маңызды тұстарын түсіну, меңгеру деңгейлерін анықтау мақсатында бірнеше сұрақтар қоямын.

Дәстүрлі әдістен аулақ болу мақсатында – сұрақ – жауап әдісін орындалуын оқушыларға жүктеуге болады. Мысалы әр топқа ішіне бір сұрақ жазылған парақшалар таратамын, оқушылар дауыстап оқып жауап алу керек. Ол сұрақтар «ашық» яғни көп жауап алынатын немесе «жабық» бір нақты жауапты қажет ететін сұрақтардан тұрады. Бұл оқушылардың тақырыпты қаншалықты меңгергендігін анық көрсетеді, «оқушы - оқушы», «оқушы – топ», «оқушы – сынып» қарым – қатынасы жүреді.

Қүзіреттілік дағдыны дамытудың бірден бір түрі – рольдік ойын. Бұндай жұмыс түрі оқушыға қатты ұнайды, себебі әртүрлі тақырыпта рольге кіру жағдаяты шынайы өмірден көрініс береді. Олар өз жеке өмірінен мысал келтіруі мүмкін. Мысалы «Қазақ дастарқаны» тақырыбындағы бір сабағымның тапсырмасында – әр топ өз тағамының рецепін таныстыру қажет. Осы тапсырманы орындау барысында – ортақ шешім табу: жаңа сөздерді меңгеруге, тапқырлықты, әртістікті, ауызбіршілікті талап етеді. Нәтижесінде бүтін кулинарлық шоу шығады.

Диалогтік оқытудың бірден – бір тиімді әдістерінің бірі – топтық, жұптық, және рольдік ойын түрлерін атап өтуге болады. Жұмыс нәтижесін көру үшін белгіленген уақыт ішінде балалардан белсенді талқылау, пікірлесі, қорытынды шығару талап етіледі. Топпен жұмыс жасау барысында бір оқушының болса да белсенділік танытпауы – қалаған межеге жетуіне кедергі келтіреді. Ал жұптық жұмыста бір оқушының қатыспауы оң нәтиже бермейді. Яғни диалог арқылы жүргізілме белсенді қарым – қатынас жұмысының жай әдісімен – ақ оқушы тақырыпты жеңіл түсініп алады.

Жоғарыда айтылған ойымды қорыта келе, сабақтағы диалог – оқушының зияткерлік және жеке тұлғаның эмоционалдық қасиетін дамытуына ауызбіршілікпен бір – біріне ықпал ете отырып, қарым – қатынаста жұмыс жасауға, шындыққа іздене жетуге көмектесетін әсерлі коммуникативтік ахуал.

Диалогтік оқытуда сыйласу, түсінісу, жанашу, шығармашылықпен бөлісу сияқты түсіністік орнаған ортада жұмыс жасау оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттып, сыни ойлау көзқарастарын қалыптастырады. Сабақтарда жиі қолдану – шешендік өнерлерін дамытады, әрі көшбасшылық дағдыларын арттыруға ықпалын тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Сыныптағы диалогтің маңызы. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық.
2. Carrell, P.L. (1998). Can reading strategies be successfully taught? [Оқылым әдіс-тәсілдерін тиімді үйретуге бола ма?] ARAL, 21 (1).
3. Charmot, A.U. (1995). Learning strategies and listening comprehension [Оқу әдіс-тәсілдері мен тыңдалым біліктілігі].
4. Richards, J (2006), *Communicative language teaching today* [Бүгінгі күні қарым-қатынас тілін үйрету]. Cambridge University Press

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарындағы тиімді әдіс-тәсілдер жүйесі

Жаметова Жанна Абилкайровна

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің зерттеуші мұғалімі
Байғанин ауданы, А.С. Пушкин атындағы орта мектеп
Altai_201717@mail.ru*

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сай дамуы тиіс.

Осыған орай қазіргі кезде білім беру жүйесінде жасалып жатқан реформалар барлық деңгейлерден білім мазмұнын жаңартуға және өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге

бағытталған. Білім беру әдісі өзгеріп, мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда.

Жаңартылған бағдарлама жаңашыл ой тудырады демекші, негізінен жаңартылған білім жүйесі күзiреттiлiкке және сапаға бағытталған. Қазақ тiлi мен әдебиетiнiң оқу бағдарламасы оқушының iшкi рухани құндылығын және сыртқы дүниемен коммуникативтiк қарым-қатынас жасау дағдысын қалыптастыруды көздейдi. Тiл мен әдебиет арқылы сауаттылықты, әдеби және эстетикалық талғамдары мен сезiмдерiн дамытуды, ойлау қабiлеттерi мен танымдық, коммуникативтiк дағдыларын жетiлдiрудi жүзеге асырамыз.

Жаңаша оқыту технологиясы бойынша бiлiм мазмұнын қамтитын оқу мақсаттары белгiленген. Қазақ әдебиетiнiң мазмұны:

- 1.Түсiну және жауап беру.
- 2.Анализ және интерпретация
- 3.Бағалау және салыстыру болып бөлiнген.

Бұл дегенiмiз- көркем шығарманы жан- жақты талдай бiлуге үйрету. Оқушылар сабақ барысында шығарманың мазмұны мен пiшiнiн, автор бейнесiн, тiлiн, тарихи және заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға берудi, шығарманың құндылығын талдап, эссе жазуды, сыни шолу, мақала жазу дағдыларын дамытады.

Ал қазақ тiлiнiң оқу мақсаттары бiрiздiлiк пен сабақтастықты көрсететiн 4 бөлiмнен тұрады:

- 1.Тыңдалым және айтылым
- 2.Оқылым
- 3.Жазылым
- 4.Әдеби тiл нормаларын сақтау.

Бұл сабақ барысында оқушылар әр түрлi жанрдағы мәтiндердi талдай бiлуге, ақпаратты анықтауға, стильдiк ерекшелiгiн ажыратуға, сұрақтар құрастыра бiлуге, жинақы мәтiн жаза бiлуге, әдеби тiл нормаларын сақтай бiлуге дағдыланады.

Осы орайда мектепте жұмыс атқаратын әрбiр мұғалiмнiң алдына қазiргi таңда қойылатын талап өте үлкен болып отыр. Мұғалiм өзiнiң инновациялық iс-әрекетiн қалыптастырып, оны меңгерiп, өз тәжiрибесiнде қолданғанда ғана сабағын нәтижелi даму жағынан көре алады.

«Шеберлiктiң белгiсi-әр түрлi әдiстi бiлiп, сабақта орынды қолдана бiлу»,-деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, заман талабына сай оқыту әдiстерiн жаңа бағытта құрып, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыру- әрбiр мұғалiмнiң алдына қойған мақсаты. Заман талабы мен уақыт көшiне iлесу-ұстаздар қауымына үлкен сын. Жаңа технологияны меңгеруде мұғалiм:

- педогогикалық үрдiсте жүйелi жұмыс жүргiзе алатын;
- педагогикалық өзгерiстерге тез төселетiн;
- жаңаша ойлау жүйесiн меңгере алатын;
- оқушылармен ортақ тiл табыса алатын;
- бiлiмдi, iскер, шебер болуы керек.

Себебi, жаңаша оқытудың ерекшелiктерi-өсiп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, шығармашылықпен айналасуына жол ашу, күзiреттiлiктi қалыптастыру, сөйлесу кезiнде оқушының бiр мезгiлде жазу және ойлау, айту қабiлеттерiн жетiлдiру. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазiргi оқушы өздiгiнен бiлiм iздейтiн жеке тұлға екендiгiне ерекше мән беруiмiз керек.

Қазiргi оқушы:

- дүниетаным қабiлетi жоғары;
- дарынды, өнерпаз;
- iзденiмпаз, талапты;
- АКТ-ны жетiк меңгерген;
- өз алдына мақсат қоя бiлуi керек.

Қалай болғанда да, мұғалім оқушының білімі мен дағдыларын дамытуда ғана емес, оны тұлға ретінде дамытуда икемділік танытуы қажет.

Қазіргі бағдарламаның басым бөлігі сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтиды. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дереккөздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Тұлғаның ойын дамыту, оқу мен жазуды сыни тұрғыдан ойлау технологиясы бүгінгі білім беру саласында кеңінен етек жайды. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламаның өн бойында екі мағынада қарастырылады: оқушылардың және мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Сыни тұрғыдан ойлау- бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім.

Сыни ойлау-әр тұлғаның кез- келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп, қорытып, өз ойын еркін жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау-өзіндік жеке ойлау. Ол- өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу.

Сын тұрғысынан ойлау қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс кезеңдерінен тұрады.

1. Қызығушылықты ояту-үйрену үрдісі. Бұрыннан білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Бұл кезеңде үйренушінің белсенділігі артады. Айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оқушы жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. Осы кезеңге мына әдістер қызмет етеді: «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау».

2. Мағынаны ашу-түсіне білу. Бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оған өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушының жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі- INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында Y- «білемін», (-) - «мен үшін түсініксіз», (+) - «мен үшін жаңа ақпарат», (?) - «мені таңқалдырады» белгілерін қойып отыру тапсырылады. Бұл оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, өз ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал.

3. Ой-толғаныс- күнделікті оқыту үрдісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге көмектесу. Бұл сатыда оқушылар әсерлі түрде бір-бірімен ой алмастыруға, ой түйістіруге, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында жетістіктерге қол жеткізеді.

Бұл технологиялық әдістің нәтижесінде:

1. Оқушылар күні бұрын берілген тапсырмамен де, сабақ үстінде берілген тапсырмалармен де қосымша ізденеді, өз бетімен дайындалады.

2. Оқушының ой-қиялының дамуына, пікір айтуына еркіндік беріледі.

3. Өз өміріне, қоршаған ортаға сын көзбен қарауға үйренеді.

4. Өзгенің пікірін тыңдап, оған өз көзқарасын қоса білуге үйренеді.

5. Шыншылдық, әділдікке дағдыланады.

6. Өзгенің пікірімен санаса біледі.

7. Әр түрлі шығармашылық жұмыстарға бейімделеді.

8. Өз пікірін қорғай, дәлелдей алады.

9. Топпен жұмыс істеуге үйренеді.

10. Жан дүниесін тәрбиелейді.

Сын тұрғысынан ойлаудың әдіс-тәсілдерін сабақтың осы 3 бөлімінің әрқайсысына лайықтап қолдана беруге болады. «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне қарай пайдаланылады.

«Сын тұрғысынан ойлау» әдісі бойынша өткізілген сабақтарда мұғалім мен оқушының іс-әрекеттері өзінен-өзі айқын көрінеді.

Көшбасшы ретінде мұғалімнің іс-әрекеті:

- ынтымақтасты орта қалыптасуына ықпал етеді.
- оқушыларды топқа бөліп, тапсырмалар береді.
- тақырыпқа қызықтырып, орындалуын қадағалайды.
- белгілі бір оқиғаның құндылығын анықтау, маңыздылығын зерттеу ұсынылады.
- оқушыларға өздерін бағалатып, қорытындылайды.

Оқушының іс-әрекеті:

- көшбасшының қолдауымен жаңа тақырыпты анықтайды.
- мәтінді өз беттерімен оқып, топта талқылайды.
- мәтінді әр түрлі әдістер арқылы жіктейді, салыстырады, теңейді, зерттейді.
- ой қорытып, қағаз бетіне түсіріп, қорғап, тұжырымдама жасайды.

Л.Выготский: «Сын тұрғысынан ойлау- ең алдымен шығармашылық ойлау. Шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, жеке тұлғаның дамуы жеделдейді», - деп өзіндік баға береді. Осынау қарқынды өзгеріп жатқан заманда талапқа сай ойлай алатын, шұғыл, дұрыс шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл тұлға- бүгінгі мектеп партасындағы шәкірттер екені даусыз. Ендеше, мектеп өміріне енген жаңалықтар оң нәтиже береді деп сенуге болады.

Тіл мен әдебиет бір-бірімен тығыз байланысты, әсіресе жаңартылған бағдарлама аясында тілдік дағдының 4 түрін енгізу мақсаты- тілдік орта құру. Тілдік дағдылар арқылы алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез-келген орта жағдайында, ресми- іскерлік ортада бәсекеге қабілетті болуға, қарым-қатынас үрдісінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін білім алады. Бұл 4 дағдының әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, ерекшеліктері бар.

Жаңартылған оқу бағдарламасының спиральдік қағидаты бойынша сынып жоғарылаған сайын әр дағды элементтерінің де оқу мақсаттары күрделеніп отырады. 4 дағдының ішіндегі оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім алатын түрі - жазылым дағдылары. 5-9 сыныптағы «Жазылым» әрекеті оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:

- жоспар құру
- әр түрлі жанрда мәтіндер құрастыру
- жазба жұмыстарын әр түрлі формада ұсыну
- эссе жазу
- оқылым және тыңдалым матиралдары негізінде жинақы мәтін жазу
- мәтіндерді түзету және редакциялау

Жазылым оқушылардың жоғары мотивациясын қажет ететін дағдылардың бірі болып табылады.

Бірлескен жазылым әдісі- оқытудың интербелсенді түрі, онда мұғалім алдымен көрсетеді, мәтінді құрастыруға мүмкіндік берердің алдында оқушылардың ойларын жинақтап, оларды толықтырып түзетеді. Мұндай тәсіл оқушыларға өздерін соншалықты табысты сезінуге мүмкіндік береді, себебі жеке жұмыс барысында олар өздерін еркін сезіне алмайды.

Жазылым әрекетіне келмес бұрын оқушылар тыңдалым, айтылым, оқылым тапсырмаларын орындайды. Яғни белгілі бір тақырып төңірегінде әңгімелейді, тыңдайды, толықтырады, түсіндіреді, суретпен жұмыс жасай алады. Осы барлық іс-әрекеттер арқылы оқушыларды жазылымға алып келеміз. Жазылым мұғалім жетекшілігімен жүреді. Оқушылар бірлесе отырып, әрқайсысы өз ойын топта талқылап, толықтырып, жинақтап, түзетіп, қағазға түсіреді.

Мұғалім жазу үрдісінің әр кезеңінде оқушыларға қолдау көрсетіп отырады.

1. Өз бетінше жазудың алдында-идеяны тұжырымдауға қолдау көрсетеді, жоспарлаудың әр түрлі әдістерін ұсынады, бастапқы нұсқаны жазу үдерісін ұйымдастырады.
2. Жазу барысында-оқушылардың нақты іріктелген лексикалық бірліктерді қолданғанын, грамматикасы ережеге сай екенін, сөздердің үйлесімділігін қадағалайды.

3. Жазып болғаннан кейін-жұмыстың алдын-ала белгіленген критерийлерге сәйкестігін тексереді, түзетеді, жетілдіреді, мәтін аудиторияға сай келе ме, жоқ па, мақсатына сай келе ме т.б. талқылайды.

Жазба жұмыстарын әр түрлі формада ұсынуға болады.

Тіл не әдебиет болсын, оқыту әдістерін қолдану белгілі бір мақсатқа жетудің құралы болып табылады.

Оқушыларымыз жаңа заман талабына сай білімді жан-жақты, қазақ тілінде өзіндік ой-толғанысын жеткізе алатын, кез-келген адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсе алатын, коммуникабельді, мәдениетті, өмірге икемді тұлға болуы үшін оның бойында коммуникативтік құзіреттілікті дамыту - ұстаздың қолында.

Қорыта айтқанда, оқыту үдерісінің нәтижелі болуы: оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызғылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға қызықтыруына байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Жаңа әдіс-тәсілдерді мән-мағыналарына ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
2. Имжарова З. Сын тұрғысынан ойлау әдісі.- Ақтөбе, 2010ж.
3. Мухамеджанова Н.Б. Кішібаева Б.Т. Жаңа форматта білім беру үлгілері.- Алматы, 2013 ж.
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 2016ж. № 6.
5. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 2016ж. №8.
6. Оқыту-тәрбиелеу технологиясы журналы. 2011ж.
7. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.-Алматы, 2005ж.

Ш.Мұртаза романдарындағы тарихи шындық

*Тәжіғалиева Сәбира Оңайбайқызы
филология магистрі
Қазақстан, Ақтөбе қаласы
Sabiraisha@mail.ru*

Бұл өзі туған әдебиетіміздегі көп томдық романдар дәстүрін сәтті жалғастырған және осы бағытта өзіндік бетбұрыс жасаған шығарма болды.

Көп томды романдар әдебиетімізде көбіне тарихи тақырыптарға жазылғаны белгілі. Соның ішінде тарихи-революциялық тақырып дегенге келсек, көркемдік сапасы әр түрлі деңгейде саусақпен санарлықтай ғана шығармалар бар. Міне, осы шығармалар қатарына, жиырмамыншы ғасырдың жетпісінші жылдарының соңын ала «Қызыл Жебе» роман-эпопеясының бірінші кітабы келіп қосылды.

Араға жылдар салып келесі кітаптары жарық көрді. «Тамұқ» аталған соңғы кітабы 1994 жылы оқырмандар қолына тиді.

Ұлы Қазан төңкерісінің халқымыз тарихында алатын орны ерекше. Өйткені бұл кезеңдер – қазақ халқының тағдырында өмірі болып көрмеген аласапыран оқиғалар мен қым-қуыт қысталаң жағдайларды туғызды. Міне, осы кезең шындығы, бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда әлі толық зерттеліп, қыр-сыры түгел ашылып болды дей алмаймыз.

«Қызыл Жебе» роман-эпопеясы осы қилы заман тудырған, сол аласапыранда халқым деп қабырғасы қайысқан Тұрар Рысқұловтай біртуар азаматтың, ұлт тарихындағы ұлы тұлғаның өмір жолын негізге ала отырып, халық басынан кешкен қилы оқиғаларды бар шындығымен көрсетуге ұмтылады.

Бұл шығарма ұзақ жылғы шығармашылық толғаныстан, ұдайы ізденіс, зерттеуден туған табанды еңбектің жемісі. «Мен сізге дәл қазір алпыстан жаңа асқан жасымның жартысын арнадым. Отыз жыл бойы сізбенен қол ұстасып бірге жүріп, бірге тұрдым» дейді автор «Тамұқ» романының соңында кейіпкері Т.Рысқұловпен қоштасып.

Осындай көп жылғы тынымсыз ізденістің, парасатты тебіреністің нәтижесінде бітімі күрделі, оқиғасы бай, сан-алуан образ-характерлерге толы, әсіресе Тұрар Рысқұловтың жарқын бейнесін толыққанды сомдаған, көркемдік салмағы жоғары, композициялық құрылысы шымыр эпопея дүниеге келіп отыр.

«Қызыл Жебе» роман-эпопеясының бірінші кітабы Тұрардың балалық шағын, әкесі Рысқұл Жылқайдаровтың драматизмге, трагизмге толы күрделі өмірін, қым-қиғаш қиын тағдырын арқау еткен. Автор мұнда ең алдымен, қазақ топырағында туған жалынды күрескер, Алаш жұртының ұлы перзенті Тұрардың көркем бейнесін жасауды мұрат тұтқаны белгілі. Сондықтан да болашақ қайраткерді жас шағынан бастап көрсетуге ұмтылады. Осылайша, Ұлы Қазан революциясы алдындағы Жетісу өңіріндегі ел тұрмысын, тап тартысын жан-жақты, кең қамтып суреттейтін «Қызыл Жебе» роман-эпопеясы – Тұрар Рысқұловтың өмір жолын жан-жақты көрсетуді ниет еткен бірден-бір көркем туындының алғашқы кітабы дейміз.

Рысқұл образы – роман табыстарының бірі. Бұл образ арқылы жазушы көркемдік шындық – тек фактілерді тізбектей беру, алуан түрлі деректер мен документтердің дәлдігіне ғана еліктеу емес екендігін, қайта, еркін қиялдау, ой қорыту, оқиғаларға өз тұжырымы болуы керектігін тағы бір айқындай түскен.

Романның негізгі қаһарманы – Рысқұл болғанмен, оған ілесетін, онымен жалғасатын тұлға – оның баласы жас өспірім Тұрар Рысқұлов. Осы бір қайтпас қайсар, алған бетінен таймайтын, алғыр баланың тағдыры кімді болса да толғандырады. Автор оның жас шағынан бастап, өскен ортасын, өмірден көрген-түйгенін байсалды суреттейді. Жастайынан көрген қиыншылық, жеген таяқ, аянышты тіршілік пенде атаулының пешенесіне жазыла бермейтін қатал тағдырды танытады. Тұрар қаршадайынан әкесі Рысқұлды пайғамбардай сыйлаған. Ол әкесінің турашылдығын, күштіден күбіжіктемейтін, мықтыдан ықпайтын тәкаппарлығын, жарлымын деп жасымайтын жігерін көріп өсті. Тұрар үшін Рысқұл ер біткеннің ішіндегі одағай оқ жетпесі.

Оқырман алғашқы кітаптан-ақ болашақ революционердің характері қандай ортада, қалай қалыптасқандығы туралы жанымен ұғып, көңілімен танитын мол мағлұматтар алады.

Романға арқау болған күрделі кезеңнің мән-жайын, әр түрлі топтардың ара-жігін, тап қайшылығы мен таптық шайқастың әлеуметтік сыр-сипатын бірді-екілі адамның қимыл-әрекеті арқылы түбегейлі бейнелеу мүмкін емес. Бұдан күрделі дәуірді бейнелейтін шығармаларда образдар міндетті түрде қаптап жүруі керек деген ұғым тумасқа керек. Мәселе халық рухын, дәуір тынысын көрсететін образ-характерлердің, ситуациялардың реалистік тұрғыда бейнеленуінде.

Шынайы суреткерлік көркем шығармадағы әрбір образдың, тіпті, әрбір детальдың да типтік сипатта болуынан көрінсе керек. Осы тұрғыдан алып қарасақ, Рысқұл мен Тұрарды былай қойғанда, айлалы болыс Саймасай, азулы бай Тұқымбай, боржық старшын Таубай, ақылгөй де аңғал Ахат, Рысқұлдың әйелі Избайшалармен қатар, саяси тұтқын Бронников, ғалым Дмитриев, мәртебелі ұлық Фон Таубе, түрме бастығы Приходько мырза, жарлы Қара Иван сияқтылардың да бір-біріне ұқсамайтын типтік бейнелері жасалған.

Образ мәселесін сөз еткенде, Рысқұлдың жұбайы Избайша бейнесін аттап өте алмаймыз. Жазушы бұл кейіпкерін сомдауға көп әрекеттенбесе де, Рысқұл сияқты ерге лайық адал жардың есте қаларлық характерін дәл суреттейді. Әсіресе, Избайшаның Бектен болыстар

іздеп келіп, Сібірге айдалатын Рысқұл тілегін жеткізгендегі сөзі кімнің болса да ет-жүрегі елжіретеді. Бірақ патша әкімдері Избайшаның сауатсыздығын пайдаланып, күйеуімен бірге баруға келіспейтіні жөнінде өтірік қолхат жаздырады. Сонымен, декабрист-революционерлердің соңынан өз еркімен Сібірге барған әйелдері сияқты үлкен ерлікті Избайша рухани жағынан ғана көрсете алады. Бұл образдың жаңалық сипаты осында жатыр.

Ендігі бір айта кететін нәрсе – романда халықтар достығы үлгісінің біршама көрініс беретіндігі еді. Қыр соңына қуғын түсіп, ағайын-дос таппай, барар дер, басар тауы болмай, жалқұйрықсыз жалғыз қалғанда, Рысқұл Софийская станциясындағы тамыры Қара Иванға келсе, түрмеге түсіп қиналғанда, көмек сұрап Петербордағы Метрейге хат жазады.

Ал, түрмеге екінші рет түскенде, түрме әкімшілігі Рысқұлды Бронниковпен бір камераға қамап, діні басқа орыс пен қазақты ырылдастырып қоймақшы еді, қайта, бұлар бірі нағашы, бірі жиендей бауырласып кетті. Өйткені олар өздерінің тағдыр-талайы, үміт-сенімдері бір екендіктерін түсіністі.

Айдауыл таяғынан да Тұрарды осы Бронников қорғап қалады. Қазақ пен орыстың шынайы, қалтықсыз адал достығының мұндай белгілері романда мейлінше табиғи суреттеліп, типтік дәрежеге көтерілген.

«Қызыл Жебеде» Ш.Мұртаза шеберлік биігіне көтерілген. Романның көркемдігі, сөз қолданысы, тілі жағынан ерекше тартымдылық аңғарылады. Автор сөзді құр ұғым күйінде қолданбай, суретке айналдырады. Тіпті, кейде болмашы нәрсенің өзінде мән жатады. Сондай-ақ, автор бұл шығармасында портрет жасаудағы шеберлігін көрсетті. Оның мүсіндеген портреті үнемі қимыл-әрекет үстінде, қуаныш-қайғыда, тебіреніс, толғаныста ашылады.

Сонымен, қазақ халқының Ұлы Қазан революциясы қарсаңындағы өмір тіршілігін суреткерліпен көрсетуге арналған «Қызыл Жебе» романы кең тынысты үлкен шығарманың сәтті бастағанын байқатса керек.

Бірінші кітапта басталған тіршілік-әрекеттер романның екінші кітабында одан әрі дамып, характерлер, әрекет-қимылдардың кейбірі, тіпті жаңа бағыт, өріс алып, тың кейіпкерлер бой көрсетіп, олардың қатысуымен соны конфликтілер ширыға түседі. Оқиға да енді Шығыс-Талғар болысынан Әулиеата уезіне Мерке жеріне ойысады. Өйткені әкесі айдалып кеткен соң, Тұрар да осындағы жамағайыны Қырғызбайдың қолына келген.

Бұл кітапта да автор өмірлік нақты деректерге, тарихи фактілерге мұқияттылықпен, жауаптылықпен қараған, болған оқиғалар мен ситуациялардың ауқымынан алыстап кетпеуге тырысқан.

Кезінде ұлы сыншы Белинский тарихи жанрда жазатын суреткерден тарихи фактілерді тізбектей бермей, олардың ішкі мәнін ашуды, тарихи адамдардың өмірімен, тағдырымен мол таныстыруды, дәуірдің рухын сездіртуді талап еткен еді.

Ш.Мұртаза да романында сол кезеңнің барлық үлкенді-кішілі оқиғаларын қуалай бермей, әрі дәуір шындығын танытатын, әрі кейіпкерінің өсуін, қалыптасуын көрсететін жағдайларды ғана іріктеп ала білген. Жазушы кейіпкерлер басынан кешірген іс-әрекеттерді ғана баяндап қоймайды, сонымен бірге, олардың туып-өскен ортасының да көріністерін беріп отырады. Революция алдындағы қазақ ауылы өмірінің қат-қабат сырлары, шытырман шындығы бар.

Екінші кітапта біраз ақыл-есі толысып, есейген бала Тұрар көрінеді. Бірінші кітапта әр тұстан бой көрсеткен Тұрар, енді негізгі де орталық кейіпкерге айналған. Оның бойындағы бізге бірінші кітаптан таныс жақсы қасиеттер нышаны мұнда тереңірек, молырақ ашыла түскен.

Тұрар – мұнда айдалып кеткен әкесі Рысқұл рухының жалғасы, Рысқұл «бармаған өрісті болжайтын, ол шешпеген жұмбақты шешетін болашағы» ретінде көрінеді.

Сөйтіп, екінші кітап Тұрардың Мерке жеріндегі Қырғызбай үйінде, соның бұзауын бағып жүрген кезін суреттеуден басталады.

Тұрарды мұнда аяқ-қолы бос, еркіндікте жүр дегені болмаса, бұл да бір қашқын есепті. Адам өз коленкесінен өзі қорыққан қатігез заман. Темір сылдыр етсе, тап бір кісен сылдырлағандай көрінеді Тұрарға. Тәуірірек киінген адам кездесе, – Саймасайдың жақындары сияктанып елестейді. Пагон таққан, қылыш асынған ұшыраса, Приходько мырзаның жұмсаған жендеті екен деп қалады. Оның үстіне Қырғызбайдың бәйбішесі Салиха да, бұл оқыс қатты дыбыс шығарса да, «сорлы-ау, біреу-міреу естіп қояды, жап аузынды», -деп қақпайлап жүргені.

Осылай қатал тағдыр қаршадай баланы қыспағынан босатпауға тырысып-ақ бақты. Кішкентайынан әке сырын зердесіне тоқып өскен бала соңғы кезде үлкен адамдай тым ойлы қалыпта. «Жасы оннан жаңа асса да, жанарына қарап, жасамыс кісі деп ойлағандайсыз. Көз қарасында балаға тән алыпқашпа, алақұйын мінез атымен жоқ... Жалғандағы жалғыз жанашыры – туған әкесінен тірідей айырылу азабы Тұрар баланы тым ерте есейтіп жібергенге ұқсайды», -дейді автор бұл тұста.

Тұрар Қырғызбаев болып тізімге ілінгенде, туған әкесіне опасыздық жасағандай, бір беймаза сезім жауқазын жүрегін жаралап, шөңгедей қадалған. Бұдан артық, өз әкесінің атын атай алмағаннан артық қорлық болмас.

Бірақ Тұрарды әуелі жасынан тағдыры қалыптастырған қайсарлығы, екінші, әрқашан бойына күш-қуат дарытып, жігер беретін әке рухы алға сүйреп алып шықты.

Кітапта Тұрардың азаматтық қалыптасу жолын көрсететін шыншыл суреттер көп-ақ. Айталық, Меркедегі мектепті бітірерде батылдықпен Рысқұлов деп куәлікке өз фамилиясын жазуы, пристав Сокольский Ақкөз батырға дүре соқтырған кезде, оған қалың топтың ішінен жалғыз өзі ғана араша түсуі, Ақкөз жасағының алдында, Мерке базарында сөйлеген сөздері, Уақытша үкіметті құлату жолындағы, сондай-ақ ашаршылық кезіндегі халыққа қамқорлық іс-әрекеттерінің бәрі де Тұрардың ірі де сом тұлғасын мүсіндейтін жағдайлар.

Тұрар Рысқұловтың оқып, саналы азамат, белсенді күрескер дәрежесіне дейін көтерілгенін көркемдікпен баяндайтын Ш.Мұртазаның «Қызыл Жебе» дилогиясы, жалпы алғанда, әдебиетіміздегі тарихи революциялық тақырыптағы сәтті туынды болып табылады.

Ал, Тұрар Рысқұловтың Совет өкіметінің қалыптасуы жолындағы атқарған сан алуан күрделі іс-әрекеттерін, ірі қоғам қайраткері ретінде мемлекеттік маңызды мәселелерді жүзеге асыратынын суреттеп, көрсету роман-эпопеяның келесі кітаптарының еншісінде.

«Жұлдыз көпір» - «Қызыл Жебе» роман-эпопеясының үшінші кітабы. Бұл шығармаға жазушы «Азаптардан – жұлдызға жол» деген латын сөзін эпиграф етіп алыпты. Үңіле қарасаңыз осының өзіне талай нәрсе сыйып кеткен. Талай нәрсені қамтыған деуге болады. Шындығында, «Жұлдыз көпірдің» бас кейіпкері Тұрар Тысқұлов бұған дейін қаншама азапқа толы жолдардан өтті.

Бұған дейін Тұрар Рысқұловтың революциялық бейнесі әдебиетте көрінген емес. Оның үстіне еліміз тарихындағы осы Түркістан үкіметі тұсындағы кезең шындықтары да әдебиетімізде жазыла да, айтыла да қоймаған. Осы тұрғыдан келгенде, автордың өте ыждаһатты ізденісін, білімі мен парасат-пайымын, тақырыпқа деген жауапкершілігін, кезең құбылыстарын барынша шынайы суреттеуге деген шеберлігін, қабілет-қарымын танытқанын көреміз.

Романда Рысқұловтың азаматтық, қайраткерлік бет-бейнесін таныта түсетін, жан-жақты ашып, толықтыратын оқиғалар табиғи өрбіп отырады. Сол оқиғалардың ішінен жазушы кейіпкер характерін дәл танытатын, айқын ашатын тартысты тұстарын талғаммен үйлестіре біледі. Әсіресе, Түркістан республикасының тағдырына, болашағына байланысты ойлары мен сол жолдағы ірі істерге ұмтылысы, азаматтық тұлғасының беріктігі оның кесек тұлғасын, табандылығын танытады. Осында йтұстарда қаламгер шабыты да шамырқанып батылдана түседі. Тұрар әрекеттерін бар шындығымен, бар қайшылығымен барынша табиғи көрсетуге күш салады.

«Жұлдыз көпір» – «Қызыл жебе» роман-хамсасының үшінші кітабы. Бұл шығармаға жазушы «Азаптардан – жұлдызға жол» деген латын сөзін эпиграф етіп алыпты. Үңіле қарасақ, осы сөздің өзіне талай нәрсе сыйып кеткендей.

«Жұлдыз көпірде» жазушы Тұрардың жасындай жарқылдаған, жұлдыздай жарқыраған кезі, яғни Түркістан кеңестік автономиялық республикасы басшыларының бірі болған кезін, 1918-1920 жылдардағы Түркістан елінің өмір-тынысын суреттеген.

Шындығын айтқанда, осыған дейін Т. Рысқұловтың революциялық бейнесі әдебиетте көрінген емес. Романда Рысқұловтың азаматтық, қайраткерлік, бет-бейнесін таныта түсетін, жан-жақты ашып, толықтыратын оқиғалар табиғи өрбіп отырады. Сол оқиғалардың ішінен жазушы кейіпкер мінезін дәл танытатын, айқын ашатын тартысты тұстарын талғаммен үйлестіре біледі. Әсіресе, Түркістан республикасының тағдырына, болашағына байланысты ойлары мен сол жолдағы ірі істерге ұмтылысы, азаматтық тұрғысының беріктігі оның кесек тұлғасын, табандылығын танытады. Осындай тұстарда қаламгер шабыты да шамырқанып, батылдана түседі. Тұрар әрекеттерін бар шындығымен, бар қайшылығымен барынша табиғи көрсетуге күш салады.

Мәскеуден келген төтенше өкіл Кобозев бейнесінен байыпты, парасатты большевиктің тұлғасын танымыз. Ол келген бойда-ақ Т.Рысқұловты танып, оның мәдениетті де шешен сөйлейтініне сүйсіне таңғалып, қабілет-қарымын байқап, оған қолдау көрсетеді. «Шырайы жеңілтек, яки қатал адамның түрі сияқты емес. Кеңдік, тереңдік, биіктік бар... Ал, осындай азаматы бар ел кадрға, басшы қайраткерлерге жұтаң дейтіндері не? Марксизмнен алшақ, деді-ау Бухарин. Мына Рысқұлов сонда қайдан сауатты?! Ой жүйесі, қазіргі жағдаятты біліп пайымдауы, елдің көңіл-күйін тануы – бәрі көкейге қонымды ғой. Бұларды біз неге менсінбеуге, шетқакпайлатуға тиіспіз?» - деп Тұрармен жақын жүріп, екеуі Кеңес үкіметінің орныға түсуі үшін талай-талай істерді бірге атқарды. Тарихи шындықты негіз етіп алған романда тарихи белгілі адамдар кездеседі. Қабылбек Сармолдаев, Сағдұлла Тұрсынходжаев, Нәзір Төреқұлов, Сұлтанбек Ходжанов, Санжар Аспандияров, Абдолла Жармұхамедов, Әбубәкір Диваев, Ғани Мұратбаевтар ара-тұра, Тұрарға қатысты жағдайда көрініс берсе де, олардың әрқайсысының азын-аулақ іс-әрекеті заман тынысын, уақыт рухын танытумен қатар, Рысқұлов бейнесін де жан-жақты шыңдай түседі. Замана ұлыларымен қатар жүрген Тұрар Рысқұлов туралы сыншы Тұрлыбек Мәмесейіт былай деп жазады: «Мәскеуден, орталықтан келген Фрунзе, Элиава, Рудзутак, Куйбышевтардың өзі бір төбе. Міне, кімдермен бірге, кімдермен қатар жүрген Рысқұлов! Нағыз халықтың көсемі десек лайық емес пе! Иә, ғасырдың дүниені дүр сілкіндірген ұлы кезеңі, соған лайық ұлы адамдары ғой бұлар».

Азаматтық идеяларды дәріптеу үшін азаматтық тұрғы мықты болу керек. Осы азаматтық тұрғы, автордың азаматтық көзқарасы романның өнбойынан айқын сезіліп отырады.

Романда Тұрар бейнесі осылай көрініс береді. Бұл – жазушының ыждағатты ізденісі мен қажырлы еңбегінің нәтижесі. Халқымыз тағдырындағы осы бір қиын кезеңді жан-жақты суреттеп, сол халқы үшін жанын аямай күрескен Рысқұлов сияқты біртуар азамат тұлғасын қаламгер толыққанды сомдап көрсеткен. Өйткені, Түркістан аталған өлке, солай аталған мемлекет тарихындағы Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы қайшылықтарға толы күрделі оқиғалар нақты құжаттар негізінде бүгінгі заман тұрғысынан бұған дейін әдебиетімізде бар ақиқатымен көрсетіле қоймаған.

Шерхан Мұртаза шығармашылығына тән шымыр сюжет, берік арқау «Жұлдыз көпірден» де айқын байқалады. Автор не нәрсені де ықшам суреттеуге, аз сөзбен көп айтуға бейім. Тілге деген жауаптылығы, тілдің, сөздің ішкі мегзеуіне, астарына үлкен мән беретіндігі анық сезіледі.

Бүкіл тіршілігінде адамгершілік, азаматтық парыз бен асқақ мұраттар жетелеген Тұрар Рысқұловқа мансап креслосы емес, туған халқының өмірлік мүддесі биік. Ол сол үшін небір қиындыққа нартәуекел етеді. «Буыршын мұздан тайған» талай қиын жағдаяттар мен күндерде Тұрар Рысқұловты аман алып шыққан да оның иманы зор, парызы биік,

мүддесі асқақ, адал да әділ күрескер тұлғасы еді. Сондықтан болар, суреткер Ш. Мұртаза өзінің бас кейіпкерінің бойындағы әрі азаматтық, әрі қайраткерлік абзал қасиеттерді шанайы бейнелеп бере алған. Міне, өмірде тарих аренасында орын алған шындықтар нәтижесінде ашаршылыққа қарсы коммунистік патриоттық, азаматтық, қайраткерлік күрестің басты мазмұны – романдағы Т.Рысқұловтың өмірлік те, көркемдік те тұлғасын ірілендіріп тұр деп толық айта аламыз.

Ал, тура мағынасында түсініп, қабылдасақ мұның өзі де Т.Рысқұловтың азаматтық, қайраткерлік болмысын неғұрлым өркештендіріп тұр. Тұрар Рысқұловтай күрделі тағдыр бар жерде, тарихи шындықтардың жемісті түрде игерілгеніне «Жұлдыз көпір» романы қай жағынан алсақ та, қарастырсақ та тегеурінді дәлел.

«Жұлдыз көпір» романының оқырманға айтар ойы терең, тілі көркем. Туындыдағы ой тереңдігі дегеніміз Тұрар Рысқұловтың кешегі социалистік қоғам мен революция мұраттарына, туған халқының нұрлы болашағына қызмет етуге негізделген көпарналы, көпартысты, көп мағыналы іс-әрекеттерінің уағынан да, ірісінен де кеңінен аңғарылады. «Қызыл жебе» роман-эпопеясының төртінші кітабы «Қыл көпір» деп аталады. Шығарма ауқымына – Т. Рысқұлов өмірінің ең шешуші тұстары – мемлекеттік қайраткерлік өрлеу кезеңі алынған.

Ұлттардың өзін-өзі басқару, революция жеңістерін орнықтыру, социалистік жолдарын нығайту мен өркендету, ұлттық республикалардың экономикасын арттыру жоспары, қазақ халқының жұт пен аштыққа ұрынған кездегі зобалаңы мен өлшеусіз трагедиясы тәрізді мәселерді шешу барысындағы Т. Рысқұловтың азаматтық-қайраткерлік орасан тұлғасы оның ширыққан-шиеленіскен тағдырының драмалық кезеңдері арқылы кеңінен әрі мейілінше нақты іс-әрекеттер үстінде көрсетіледі. Осы арада атап айту керек, суреткер Шерхан Мұртаза Т. Рысқұловтың халық перзенті ретіндегі қаһарман ерлігінің бүкіл әлеуметтік-тарихи мазмұнын, қыл-көпір температурасын сол шынайы қалпында яғни не асқындырмай, не әлсіретпей мейілінше байыппен бейнелеген.

Мысалы, Сталиннің орынбасары болып жүргенінде Тұрар Рысқұловтың Якут, Дағыстан, Абхаз, Аджар автономиялық республикаларының, сондай-ақ Бурят, Комби, Чечен – Ингуш автономиялық облыстарының құрылуына көп күш-жігер жұмсағаны белгілі. Жазушы осының бәрін тізіп, тәптіштеп жатпайды. Тек Сталин мен Рысқұловтың жүздесуі барысында еске түскен бір деталь арқылы ғана береді. Мысалы: «Асылы, Рысқұловты тек қазақ жанды дейтіндер қателеседі. Иә, Сталиннің әлі есінде: жиырмамыншы жылдардың басы еді. Ұлт мәселелері жөніндегі Комиссариаттың бар кезі. Сталин – Нарком, Рысқұлов – орынбасар. Осы Рысқұлов сонда сонау қиыр терістікте жатқан сахалардың жоғын жоқтап, Сталиннің мазасын қайта-қайта алғаны бар», - деген эпизодтың өзі талай нәрсені аңғартып тұр.

Жазушы Тұрар Рысқұловтың халықаралық деңгейдегі зор тұлға, өрелі қайраткер екендігін романның «Қызыл батыр» тарауында әдемі көрсеткен. Ол – Коминтерннің Монғолиядағы Төтенше өкілі ретінде жас республиканың мемлекеттік құрылымына, соның қалыптасуына үлкен үлес қосқан жан.

Дегенмен, «Қыл көпір» романында ең басты назар Т. Рысқұловтың Сталинге жазған екі хатының әлеуметтік тарихына аударылады. Шерхан Мұртаза осы романда сонымен қатар сталиндік репрессияның түп-тамырына да үңілген.

Т.Рысқұловтың көркемдік бейнесі жазушы Ш. Мұртаза шығармашылығында өз деңгейінен де жоғары көрсетілгендей. Осы туындыны оқу арқылы Тұрарды танымайтындар таныды, білмейтіндер білді, ұнатпайтындары ғашық болды. Жазушы бір тұлғаны халқымен қауыштыру мақсатында отыз жыл ғұмырын арнады. Рас, кезінде жазушыға сын да айтылды, түрлі сұрақтар да қойылды. Бірақ, біздіңше, бұл роман-эпопея деп атауға тұратын ұлы туынды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ ССР қысқаша энциклопедиясы. I, IV- томдар, 321-322 беттер.
2. Мамесейіт Т. Шерхан Мұртаза (қаламгерлік, қайраткерлік ғұмырнама).

3. Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2002.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. –358 б.

Әбіш Кекілбаевтың шығармаларындағы рухани құндылық негіздері
(«Дүние ғапыл» кітабы хақында)

Алдашев Нұрдәулет Мырзалыұлы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Баишев университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, aldashev13@mail.ru
Жақасова Г.Т.
«қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының II курс магистранты,
Баишев университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

Көрнекті қоғам, мемлекет және қалам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының бұл жаңа кітабына оның әр жылдарда жазған алуан өлеңдері мен соңғы уақыттағы сом шығармасы - “Абылай хан” драмалық дастаны енгізілген. Осы жинаққа алғы сөз жазған академик Зейнолла Қабдолов былай деген екен: «Туған әдебиетіміз табалдырығын алғаш ақын болып аттаған сөз зергерінің балаң шағынан - 1959 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін - қырық жыл бойы жүрек сырын, жан тебіреністерін ақ қағазға өлең етіп мөлдіретіп түсіріп келе жатқанын жақын достары білсе де, жалпы оқырман халық біле бермейді. Сондықтан автордың жаңа нәзік қырын жарқыратып танытып қана қоймай, қазақ әдебиетіне үлкен үлес болып қосылып отырған “Дүние ғапыл” жинағы қалың алаш қауымын да жайбарақат қалдырмады. Әбіш Кекілбайұлы - талант! Үлкен талант! Ал нағыз талант - бәрінен бұрын ақын. Әбіш те әдебиетке өлеңдетіп келді. Мұнысы заңды еді. Егер ол тумыстан ақын болмаса, әдебиетке өлеңсіз келсе, қазіргідей жан - жақды, көп қырлы - әрі саңлақ суреткер, әрі ғұлама ойшыл, әрі сұңғыла шешен, әрі көреген көсем... болмас еді. Осылардың бәрінің төркіні ақындықта жатыр.

Әбіш Кекілбайұлы - қаламгер ретінде де, қайраткер ретінде де қанатты - Кісі. Мұның тамыры да ақындықта. Жалғыз-ақ мынаны ескеру шарғ. қанат тауықта да бар, бірақ тауық ұша алмайды. Ал ақынның қанаты - тауықтікі емес, қыранның қанаты; ұшатын қанат! Самғайтын, парлайтын қанат! Кейде маған оқыс ой келеді: задында, ақын емес қаламгер тауық секілді де, ақын-қаламгер қыран тәрізді... Әбіш, жұртқа мәлім, кейін поэзиядан сынға, одан прозаға көшті. Осы топтамаға тіпті драмасы да кіріп отыр. Демек ол - жазушы, сыншы, драматург. Бола берсін, бәрібір... ол осының бәрінде де ақын. Қай жанрда да тауық секілді тұғжындап, жер бауырлап қалмайды, қыранша қанат қағады, кең көсіледі, серпіледі, шамырқанады, шалқиды. Оқырманын енжар, бейтарап қалдырмайды, оятады; әуелі оның жан-жүрегін жұлқып-жұлқып қалады, содан соң сілкіп-сілкіп алады, одан әрі оны да өзімен бірге шалқытып әкөтеді.

Міне, қолыңызда «Дүние ғапыл» - Әбіштің өлеңдер жинағы. Тағы бір ескеретін нәрсе: Әбіш өзінің ақындығына яки өлеңге кәсіп деп қарамаған, қасиет деп қараған. Өзінің құдай берген талантының бұл қырын жетілдірем деп жік- жапар болмаған, ұстартам деп қырnap - сырлаудан бас тартқан, сол әуелгі төлтума табиғи күйінде, сол баяғы көрген жерден көз арбап, көңіл баурайтын дәстүрлі қалпында қалдырған. Өйткені ол сөз өнеріндегі маманданған жанрым поэзия емес, проза деп білді. Сондықтан ОННІң іргелі, күрделі туындыларының бәрі өлеңмен емес, көркем қара сөзбен жазылды.»[1.3]

Алайда Әбіштің қарасөзінің өзі өлеңше оқылады. Оның прозасының өзі поэзия. Мұның себебі де сол әлгі айтылған туасы, табиғи қасиетінің яки ақындығының айрықша нұрлы, сырлы көрінісі.

Сөйтіп, Әбіш өзінің өлең сөзін жұртшылыққа жалаулатып ашық ұсынбай, жазу столының жәшіктерінде жасырып, шеберханасында бүркеп тастады; қоржын қазынасынан бөліп алып, қойын дәптеріне көшірді. Дабыраламай, үнсіз жазып жүрді Қалам

кұрғатпапты. Сонда оның өлеңдері жұрт көзінен сырт, тек өзінің жеке - дара көңіл хошына, рухани қанағатына, жан тынысына айналды.

Десек те, «алтын кездік қын түбінде жата ма», міне, қынаптан жарқ етіп суырылып шықты. Сұрақ туады: қалай, осы қылыш осы суырылған беті көп көзінше күн астында жарқылдай бергені жөн бе, әлде қынабына қайта түсіп, әлі де біраз жата тұрганы дұрыс па Бұл сауалға жауап беру үшін «Дүние ғапылдың» пішініне тән бір, мазмұнына тән тағы бір, бас - аяғы екі ерекшелікке ерекше назар аудару қажет.

Алдымен, турасын айту керек, Әбіш өлеңдерінің көбі байырғы көне үлгіде туған. Автор, әлгі айтқанымыздай, өлеңнің түрін түрлеймін, пішінін жанартам деп көп бейнеттенбеген. Көне заман ойшылдары өздерінің ұлылығын мойындағанда немесе мойындатқанда: біз өзімізге дейінгі ұлылардың иығында тұрмыз, Қалай ұлы болмайық дейді екен.

Өнерін содан әрі қарай өрбітеді. Кері қарай емес, Сондықтан олар жазған өлеңдердің мазмұны өмір-тәжірибесі тапшылықтан тайыздау жатуы мүмкін, бірақ пішіні жұмыр, шымыр. Осы тұрғыдан келгенде Әбіш өлеңдерінің пішіні оқырман күткен деңгейден табыла бермей, тосын көзді тосырқатып тастауы ықтимал.

Ал енді Әбіш өлеңдерінің мазмұнына келсек, бай, мол, ұлан-ғайыр. Оның ойшылдығы да, биік талғамы мен терең толғамы да, туған халқының тағдыры мен талайына жан - жүрегімен тебіреніп шыбын - шіркей болған күллі күйініш- сүйініші, «қызғыштай болған есіл ердің» еліне құрбан болсам деп қанша ширғып, «күші қазандай қайнағанмен күресерге дәрмені» жете бермейтіні... бәр-бәрі тұтаса тұнып тұр. Дәл осы арада заты ақын болғанмен ресми аты мен атағы аспандап тұрған Мемлекеттік хатшының қаламгерлік аңсары қайраткерлік мансабына кереғар келіп қалуы да мүмкін-ау!

Осы екі ерекшелікті бажайлап, байқап, әліптің артын бағайық десек тұра тұру керек те; «Е, қайтер дейсің», өлең шіркін қаншама тізеге салыш ием дегенмен бәрібір саясатқа бағышбайды, өйткені айғай- ұранға көнбейді десек «Дүние ғапылдың» басып шығару керек. Қалай десек те «Дүние ғапылға» енген өлең - жырлар, сайып келгенде, Әбіштің «Абылай хан» дастанына дайындығы, өзінің осынау кең құлашты кемел туындысына келер жолдағы барлау байқауы, шығармашылық сапарындағы тағы бір биік белеске басып шыққан баспалдағы екені даусыз.» (4-5 беттер)

Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы рухани құндылық негіздері творчестволық балаңдықтан тез арада арылы күрт есеюіне, сом тартып, тұлғалануына едәуір әсерін тигізгені анық. Осындайда, Мұқағалидың: «Поэзия — жастық қой жалын ұшқан, Жас күнде жазғанындай қайдан болсын?!— деген өлең жолдары еске оралады. Мұнда бүгінгінің алдында есеп бер үшін қайта келмес албырт та адуын шағын еске алып, терең күрсінген ақынның шуақты мұңы жатыр емес пе? Әрі сол бір қуатқа толы кезеңнің бос серге, дең, құр шабыспен өтпегендігін ынты-шынтымен сездіргендей. Өйткені жастық дегенің —«көз бен сөздің батыры» (Т. Айбергенов).

Оның ақындық көру аясы да өзгеше, сөйлеу мәнері жаңаша. Көркемдік танымның диалектикалық даму заңдылығы осыны талап етеді. Ендеше, поэзия табалдырығынан бертінде ғана аттаған Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы рухани құндылық негіздері жас атаулыға (әрине, әңгіме таланттылар туралы болып отыр) белгілі бір мөлшерде жоғары талап тұрғысынан қарап-бағалауға құқылымыз да мүдделіміз.

Әдебиеттер:

1. Ә.Кекілбаев «Дүние ғапыл» Өлеңдер мен драма. — Алматы: “Арыс” баспасы, 1999. — 304 бет. ISBN 9965-447-18-7 Жауапты редакторы — Ғарифолла ӘНЕС
2. Ерғали. Кдзақ дүниетанымьшыщ неіізгі ұғымдары. Астана, 2003, 283 б.
3. Манкеева Ж. Мөдени лексиканың ұлттық сипаты. Алматы, 1997, 272 б.
4. Ермек Аманшаев «Қазақ елінің таңдайы!». «Жас Алаш» №145 04.12.1999.
5. Мырзагелді Кемел «Сөз-қүдірет». «Жас Алаш» № 312. Герольд Бельгер «Дала балладалары». «Жас Алаш» №285.

- 6.Әулие Әбіш әлемі //Қазақ әдебиеті. – 2015. - №51. – 18-24 желтоқсан.- 5-6 б.
7.Досжан Д., Әбіш аллеясы / Д. Досжан // Жұлдыз. – 2009.-№14
8.Қазақ халқының абызы еді.//Қазақ әдебиеті.-2016.-№4.-29қаңтар-4ақпан.-2б.

Жаңартылған білім беру негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру

*Арызгулова Бахыткуль Кужабергеновна
Ормаханова Лиза Кожобаевна
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері
Ақтөбе қаласы, №15 орта мектебі
[K kairat 98@mail.ru](mailto:K.kairat.98@mail.ru)*

Соңғы уақытта табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген пікірді қолдайтындар көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға соңғы кезде ХХІ ғасыр дағдылары деп аталып жүрген кең ауқымды құзыреттіліктерді меңгеруге мүмкіндік береді. ХХІ ғасыр дағдылары деген ұғымның бірнеше анықтамасы бар. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламалары аясында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) әзірлеген Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасының шеңберінде жасалған құрылым пайдаланылады. Бұл ретте құзырет «жай ғана білім мен дағдыдан анағұрлым күрделі. Ол белгілі бір жағдайларда психологиялық ресурстарды (оның ішінде дағдылар мен өмірлік ұстанымдарын) жұмылдыра және соған сүйене отырып, күрделі міндеттерді шеше білу қабілетін қамтиды. Мысалы, тиімді қарым-қатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына және оның өзгелермен қарым-қатынас жасай алуына сүйенетін құзырет болып табылады».

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу барысында оқушылардың бойында қалыптастыру қажет рухани құндылықтар мен дағдылар тізімі құрылды:

Рухани құндылықтар мен дағдылар

- шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;
- қарым-қатынас жасау қабілеті;
- өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау;
- жауапкершілік;
- денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету;
- өмір бойы оқуға дайын болу.
- сын тұрғысынан ойлау;
- білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті;
- проблемаларды шешу қабілеті;
- ғылыми-зерттеу дағдылары;
- қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда);
- жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті;
- АКТ саласындағы дағдылар.

Оқу бағдарламаларында жоғарыда келтірілген құндылықтар мен дағдылар ескеріліп, пән бойынша білім деңгейі, дағдылар мен құзыреттіліктер қарастырылады. Жалпы алғанда, оқу бағдарламалары білім беру бағдарламасының негізінде әзірленеді және оқушылар нені білуі және нені істей білуі керек екендігін жан-жақты көрсететін критериялды бағалауға негізделген сынып сайын күрделеніп отыратын оқу мақсаттарын қамтиды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жалпы педагогтердің құзыреттілігін арттыруда *оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін меңгертуді, шығармашылық тұрғыда өз ойларын еркін жеткізуді, курсқа дейінгі білімі мен жаңа білімді салыстыра отырып шешім қабылдауға* дағдыландырып келеміз. Осындай курсты тиімді де, әр мұғалімнің қабілетін ескеріп, тапсырмаларды түрлендіріп отырушы, күнделікті сабақтан соң өзіндік талдауды түрлі тәсілдермен білімдерін жетілдіріп, әрбір сессиядан соң рефлексивті минуттар арқылы іске асып отырады. Білім беру мазмұнын жаңарту курстарындағы ұтымды жұмыстардың біріне тоқталар болсақ:

- *топқа бөлу әдісі арқылы* интерактивті үдеріске қатысушыларды бір-бірімен араластыру, сабақтың өтуіне ыңғайлы жағдай жасау ескеріледі;
- *тренинг өткізуді ескеру барысы* қатысушыларды дұрыс ұйымдастыру, «қауымдастық командада белгілі бір мақсатта және алға қойған міндеттерді жұмыла орындауға мүмкіндік беру;
- *тапсырмадан тапсырмаға өту* ол алдыңғы тапсырмадан келесі тапсырмаға өту кезеңдерінде логикалық байланысты қамтамасыз ету және негізгі тұжырымдарды бекіту арқылы іске асады;
- *оқытудың белсенді формалары немесе оқыту үйрету ойындарын* өрбітудебағыттаушы сұрақтар мен тапсырмалар, бағыттау парақтар, сілтеме көрсеткіштер, «шынжырдағы үзбелер», жеке-топтық жұмыс формасы, сиқырлы сандықша, «аукцион» оқыта үйрету ойыны, кеңесші, сарапшы, қорғаушы, бақылаушылар рөлдерін анықтау арқылы іскеасыру;
- *оқыту сапасын бағалау кезеңі* өзара қарым-қатынасты, аудиторияны басқаруды, тапсырманы орындаудағы мақсатты айқындау және тыңдаушылардың белсенді қатысуға итермелей үшін әдістерді тиімді жобалау ескеріліп отырады;
- *тренер мен мұғалім арасындағы рефлексиялық кезеңдерді* үнемі ескеріп, өзара кері байланыс орнатудың тыңдаушылар үшін орын өте ерекше деп айтқым келеді.

Бағдарламада қарастырылған күрделі үдерістің бірі критериалды бағалау моделін жете түсіну арқылы бағалаудың қағидаттары шынайылық, сенімділік ықпал, қолайлылық ұғымдарын әр қағидаттың бағалау үдерісіндегі рөлін анықтап, критерий құру арқылы бағалаудың әділ, нақты өлшемдермен бағаланатындығында. Сонымен қатар келешекте қалыптастырушы бағалаудың қаншалықты маңызды екендігіне және мұғалімнің ықпалы мен әдісті тиімді жүргізе алғанда ғана білім сапасының жоғары деңгейде болатындығына сенімді болды. Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағында келтірілген оқу мақсатарын, іс-әрекеттерді, кері байланыс арқала оқушының білімін бір саты болса да алға жылжытуға болатындығын тәжірибелік жұмыстар арқылы меңгеріп, оқыту үдерісінде өзін және өзара бағалаудың стратегиялардың тиімділігін ажыратып:

- оқушылар өздерінің не түсінгендері жайлы ойлана алатынын;
- оқушылар жариялы түрде сыныптасынан не үйренгендігін айта алатындығын;
- оқушылар өздерінің жұмыстарымен салыстыра отырып, өз жұмысының ұтымды тұстарын айта алатындығын;
- оқушыларға өздерінің жұмыстарының ұтымды және түзету енгізетін тұстарын анықтауға мүмкіндік алады маның орындалуын басқа қырынан көре алатындығын;
- оқушылар өнімді анықтай отырып, ерекше түсінік, дағдыларға машықтанатындығына;
- сыныпта өзара конструктивті қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік туындайтынын;
- зерттеу дағдысын дамытуға және мұғалімнен тәуелсіз оқуға мүмкіндік туындайтынын және қызықты тапсырмаларды орындауға ұмтылатындығын топтық жұмыстар арқылы өзара талдап, көз жеткізді.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары). Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі шиыршық қағидатпен берілуі. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериялық бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығы мен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсіл мен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Баланың жан-жақты ізденуін ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдер де пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылым мен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі біроқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Оқушы білімін бағалау жаңа білім беру мазмұнында бес балдық бағалау емес, критериялық бағалау арқылы бағалануы – оқушылардың оқу жетістіктерін нақты айқындалған, бірге даярланған, оқу үдерісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі, білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сай критерийлермен салыстыруға негізделген бағалау үдерісі. Критериялық бағалау оқыту, тәлім-тәрбие беру және бағалаудың өзара байланысына негізделген. Бұл бағалау жүйесінің оқушы үшін ерекше екендігін тәжірибе барысында байқадық.

- Қалыптастырушы бағалау шынайылыққа бағытталады.
- Оқушының өз бетімен жұмыс жасап, тұжырым жасауына ықпал етеді.
- Мұғалім үшін қай оқушының қандай деңгейде екендігін байқауға мүмкіндік береді.
- Оқушының өзара бір-бірін бағалауын қалыптастырады.
- Ата-ана өз баласының қай оқу мақсатынан төмендігіне көз жеткізіп, сол бойынша жұмыс жасауға мүмкіндік жасап отыр.
- Әр мұғалім қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын жасау арқылы өздерінің кәсіби бағытта дамуына қол жеткізетіндігі.

Бүгінгі күннің басты талабы - болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгеріп, дүниежүзілік білім кеңістігінен көріну, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытуда әлемдік озық үлгілерді тиімді пайдаланып, оқушылар бойында тілдік дағдыларды қалыптастыру. Бұл орайда қазақ тілін оқытудың озық технологияларын меңгеріп, оқушылардың сөйлеу дағдысын дамытуда, қарым – қатынас біліктілігін қалыптастыруда, мемлекеттік тілді меңгеріп, сауатты жазып, сөйлеуіне жағдай тудыруда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің атқаратын қызметі. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпаққа жаңа серпіліс беретін бағдарлама деп есептейміз.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Оқытудың жүйесі өзгерді. Осыған байланысты алдымызда оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұрғандығы баршамызға аян. Яғни, қазақ тілінің жаңа оқыту әдістері арқылы біз білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, тіл арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелейміз. Оқушылардың оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын

калыптастыра отырып, оларды еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыландырамыз. Бұл төрт дағды бір сабақтың үстінде өзара байланысты бірізділікпен жалғасын тауып жатады.

«Қазақ тілі» пәнінде жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- ақпаратты сурет және белгілермен жұмыс;
- каллиграфиялық нормаларды сақтау;
- сөздердің дұрыс жазылуын (орфографиялық нормаларды) меңгертуге арналған тапсырмалар орындау;
- мәтіннен сөздерді, сөйлемдерді, қысқа үзінділерді көшіріп жаздыру;
- мәтіндегі жазылуы қиын сөздерден сөздік құрастыру;
- сөзден сөйлемдер, сөйлемдерден мәтін құрастырып жазу;
- шағын хат жазу;
- есте сақтау арқылы жазу;
- байқағаны, ұнататын істері, ойындары туралы тірек суреттермен сөйлемдер, шағын мәтін құрастырып жазу;
- сурет бойынша жазу;
- өзі құрастырған мәтінін мұғалімнің көмегімен тексеру.

Жазылым дағдысы оқылым арқылы келетіндігін атап өткен дұрыс деп ойлаймыз. Соған дәлел ретінде газет-журнал мақалаларымен жұмысты алуға болады. Мысалы, «Негативтен-позитивке» тапсырмасы мақаланы қайта өңдеп жазуға көмектесумен қатар, кейбір грамматикалық ұғымдарды игеруге де көмектеседі. Ол үшін жағымсыз хабар айтылған газет мақалаларын қиып ала келеміз. Әр оқушыға әр түрлі мақаланы беріп, оқуды тапсырамыз. Мақаланың ішінен өздеріне жағымсыз әсер тудыратын сөздерді бірінің астына бірін теріп жазғаннан соң, сол сөздерге антоним сөздерді табады. Сөйтіп, тапқан сөздерін пайдалана отырып, позитив мақала жазып шығады.

Бұл қызығушылықты ояту кезеңінде Миға шабуыл стратегиясы, Топтастыру, Т кестесі стратегиясы арқылы қолдану тиімді.«Егіздер» әдісін пайдалануға ұсынамыз. Мұнда екі оқушы тақтаға шығып, тақырып бойынша жаңа сөздерді жазып, үшінші оқушы сол екі сөзден тіркес құрайды. Қалған оқушылар тіркестерден сөйлем құрап дәптерлеріне жазады.Бұл әдіс оқушының жазылым дағдысымен бірге ойлау қабілетін арттырып, грамматикалық дағдыларын дамыта түскендігін байқадық. Яғни, бұл жерде бірлескен жазылым жұмысы көрінді. Осы әдіс бойынша тапсырма орындауда өте жақсы ахуал қалыптасқанын, ұжымдық түсіну сияқты табысқа қол жеткізгенімді байқадық. Жалпы жаңартылған бағдарлама әсіресе оқылым мен жазылымда оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуін басты назарда ұстайды

Өз пәнімізде эссені жиі қолданамыз, оқушылардың өзіндік шығармашылық ойлау және сол ойды жазбаша бере білу дағдылары дамиды. Эссе -жеке көзқарасты білдіретін шағын көлемдегі, еркінкомпозициялық прозалық шығарма. Эссе жазудың нақты мақсаты: Белгілі мәселе бойынша өз пікірін айту және дәлелдеу;

Сұрақ бойынша өзінің түсінігін, ойын айту;

Оқырмандарды ақпараттандыру;

Мәселені талқылау және шындықты табуға тырысу;

Өзінің және оқырманның көңілін толтыру, рақатқа бөлеу;

Көңіл-күйінді білдіру және оқырман көңілін аудару, эмоция туғызу;

Жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ:

Жаңартылған білім беру мазмұнының мақсаты ХХІ ғасырдағы қарқынды дамып келе жатқан зияткерлік және техникалық ортада табысты болу үшін оқушылардың қажетті дағдыларын меңгертуге бағытталған. Олар қандай дағдылар? Олар оқушыларды сын тұрғысынан ойлау, бірлесіп жұмыс істеу, ақпаратты өңдеу, проблемаларды шешу сияқты анағұрлым жоғары деңгейдегі көптеген дағдыларды өз бетінше меңгеруге және зерделеуге дайындайды және ынталандырады. Осы дағдыларды жоғары дәрежеде меңгеру математика бойынша білім беру бағдарламасында проблемаларды шешу, жаратылыстану бойынша

білім беру бағдарламасында бірлескен зерттеу және ғылыми зерттеу жүргізу дағдыларына баса назар аударса, белгіленген басқа пәндерде ойлау дағдыларын дамытып, оқушылардың бұрын меңгерген білімдері мен дағдыларын жетілдіруге, сонымен қатар, жаңа түсініктерді қалыптастырып, қабілеттерін дамытуға бағдарланған.

XXI ғасырдың қарқынды ілгерілеу ырғағына қатар ілесу үшін, өзара тығыз байланысты және көпмәдениетті әлемде қалыптасқан қазіргі жағдайда оқушылардың өз бетінше оқу дағдыларын дамыту аса маңызды болып табылады.

Жаңартылған білім беру мазмұнын жүзеге асыруда мұғалімдердің жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары және қолданатын әдістер оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалық әдістемелерді жетілдірмей тұрып, оқу бағдарламасын өзгерту білім беру стандарттарына қатысты реформалау шараларының мүмкіндіктерін және нәтижелілігін төмендетеді. Білім беру бағдарламасының, оқыту тәсілдерінің және бағалаудың қалай құрылуы қажеттігінің мысалын Хименес-Алейхандренің дәлелдерді құрудың оңтайлы оқу ортасына арналған ұсынысынан көруге болады (2008, cited by Katchevich et al., 2011)

- 1) Оқушылар оқу үдерісіне белсене қатысады. Олар білімдерін бағалап, өздері ұсынған қорытындыларының дәлелдерін ұсынуы және бір-біріне сын тұрғысынан қарауы тиіс.
- 2) Мұғалімдер оқушыларға бағытталған және дәлелдерді құру мен талдауға арналған рөлдік модельдер ретінде әрекет ететін оқыту тәсілдерін қолданады.
- 3) Білім беру бағдарламасы проблемаларды шешудің тәсілдерін қамтуы тиіс.
- 4) Оқушылар мен мұғалімдер пікірлерді бағалауда білікті болуы тиіс және оқушылар тек жазбаша тестілеу бойынша ғана бағаланбауы тиіс.
- 5) Оқушылар өздерінің алған білімдерін қолдана алуы және білімдердің қалай алынғанын талдай білуі тиіс.
- 6) Оқушыларға диалогке және бірлескен оқуға қатысуға мүмкіндік беру керек.

Оқу бағдарламасындағы тағы бір ерекшелік зерттеуге негізделген оқу. Зерттеуге негізделген оқу әдісін кез келген пәнде қолдануға болады. Пән бойынша негізгі көзделген мәселе зерттеу болған жағдайда, мұғалім көмекшіге ауысып, басты рөлге оқушы шығады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқыту мен оқуға сындарлы көзқарасты қолдайды, ол оқушыларды мұғаліммен және бір-бірімен диалог жүргізуге ынталандыруды көздейді. Диалог аясын кеңейту үшін мұғалім сабақты оқушылар оны тыңдап қана қоятындай емес, нақты пән немесе тақырып туралы ойлана алатындай белсенді етіп жүргізу керек. Мұғалім Педагогиканың барлық осы аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді (Hattie, 2011). Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделеді. Бұл жерде ең маңыздысы оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болмақ. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін қолдануына кері әсерін тигізеді. Мұғалімдер өз оқушыларының қызығушылықтары туралы білімдері мен бүкіл білім беру бағдарламасын ескере отырып, орындалатын жаттығуларды өзі таңдауға ерікті.

Сыныптағы жұптық, топтық бірлескен жұмыс бөлінген таным қағидатына негізделеді (Nardi, 1992), оның ауқымында мұғалімдер бір-бірімен білімімен және түсінігімен бөлісе отырып, бірлесіп жұмыс істейді

Оқу үдерісін жандандыру үшін мұғалімдер ынталандырғыш материал ұсынып, оқу үдерісіне таңдамалы түрде араласады, осылайша оқушылардың бойында танымдық өзгерістердің орын алуына ықпал етеді. Сыныптан сыныпқа ауысқан сайын оқушылар анағұрлым жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін өз бетінше әрекет етуге үйрену керек. Бастапқы кезеңдерде оқушылардың осыған дейін меңгерген білімін қазіргі кезде оқып жатқан көптеген жаңа түсініктерімен байланыстыру маңызды яғни функционалдық

сауаттылығына неізделеді. Негізінен мұғалімнің басымдығымен өтетін кейбір сабақтарда оқушылар айтылғанды тыңдап, естігендерін қайта дыбыстау арқылы білім алады. Керісінше, сабақтар қайталауға негізделіп ұйымдастырылатын мектептерде әлеуметтік-мәдени тәсілге басымдық беріледі, сабақ барысында пікірталас пен ұжымдық дәлелдеуге барынша назар аударылады (Miller, 1987; Brown & Renshaw, 2000). Осындай сабақтарда оқушылар басқа оқушыларға тұжырымдаманы өз сөзімен түсіндіру үшін бірқатар сұрақтар мен топтық талқылауды пайдалана отырып, проблемаларды шешу үшін бірлесіп жұмыс істейді. Мұғалімдер оқушылардың берген түсініктемелеріне құрметпен қарайды және оның құнды екенін түсінеді, проблеманы шешудің осындай ерекше тәсілдері басқа оқушыларға мәселені түсінуге көмектесе алатындығын мойындайды. Қорыта келе жаңартылған бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы оқушылар өз түсінігін кеңейте отырып, өзінің ой-пікірі үшін жауапты болуға үйренеді. Оқушылар өзіндік көзқарасы мен пайымдауын қалыптастырып, дамытуға, мұқият зерделеуге және өз ойын сенімді айта білуге дағдыланады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы 2008
2. Нурғалиева Г.К. Сравнительная педагогика. – Алматы: Рауан. – 1999
4. Білімдегі жаңалықтар. Ақпаратты-әдістемелік журнал. №1, 2007
5. Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017
6. Кішібаева Д.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. Түркістан қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2010.

С.Торайғыров шығармашылығын жаңа әдіс-тәсілдермен оқыту мәселелері

Жұмағалиева Р.Р.,

филология магистрі, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ

Сабақ тақырыбы: Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығы

Сабақ мақсаты:

а) білімділік: Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы хақында толық, жан-жақты білім беру;

ә) дамытушылық: ғылыми ақпаратты игеру, пайымдау, талдау, жинақтау, қорыту дағдыларын дамыту

б) тәрбиелік: ақынның шығармаларын оқи отырып, студенттің өз ұлтына, өз тарихына, өз әдебиетіне деген сүйіспеншілігі арта түсуі керек

Сабақтың типі: дәріс сабақ

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, география.

Көрнекілігі: Ғылыми-зерттеу еңбектері, баспасөз құралдары, слайд.

Сабақта жүзеге асырылатын әдістер:

Сабақ «Сыни ойлауды дамыту технологиясы» бойынша өтеді, соның ішінде мына әдістер жүзеге асады:

- «Зерттеушілік конференциясы» әдісі
- «Шындық пен жалған» әдісі
- «Сана аллеясы» әдісі
- «Маған көрсет» әдісі
- «Бес бармақ» әдісі
- Әңгімелесу (лекция, пікір алмасу, тыңдау)
- Практикалық (Әр түрлі тапсырмалар орындау)

- Көру немесе көрнекіліктер (Видео, аудио материалдар, слайдтар)

-

Құралдар:

- Интерактивті тақта, плакаттар, маркерлер

Сабақ барысы:

Ескерту: Студенттер «Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығы» тақырыбындағы дәрістің мәтінімен алдын-ала танысып, дайындалып келеді.

Сабақтың жоспары:

1. Ақынның ғұмырбаяны
2. Ақынның лирикасы (Саяси-әлеуметтік, махаббат, табиғат лирикалары)
3. Ақынның поэмалары («Таныстыру», «Айтыс», «Кедей», «Адасқан өмір», «Қайғы»)
4. Ақынның романдары («Қамар сұлу», «Кім жазықты?»)

1.Қызығушылықты ояту. Оқытушының кіріспе сөзі (5 минут):

Қараңғы қазақ көгіне

Өрмелеп шығып, күн болам!

Қараңғылықтың кегіне

Күн болмағанда кім болам!

Жақсылық көрсем өзімнен,

Жамандық көрсем өзімнен!

Тағдыр қылды деулерді

Шығарамын сөзімнен! – деп жырлаған Сұлтанмахмұт Торайғыров - XX

ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихының аса көрнекті өкілі. Бүгінгі дәрісімізде біз ақынның тағылымды ғұмырбаяны мен мәні мен мағынасы зор әдеби мұрасы хақында жан-жақты, толық сөз етуге тырысамыз. Сұлтанмахмұттың өмірі қазақ топырағындағы аса қасиетті мекендердің бірі Баянауылда өтті. Тройцкіде білім алды, Қазанда оқуды арман етті. Ақынның өмірі жайлы жазылған көркем туындылар: Жүсіпбек Аймауытов «Шернияз» драмасы, Дихан Әбілев «Сұлтанмахмұт» роман-трилогиясы, Қалмұқан Исабаев «Шоң би» романы, Мұхтар Мағауин «Сұлтанмахмұт» әңгімесі.

Оқытушы топтармен таныстырады, олардың бағыт-бағдарын атап өтеді:

I топ «**Ғалымдар**» тобы: Берілген тапсырма мен қойылған мәселені *ғылыми тұрғыдан* шешуге талпынатын топ

II топ «**Журналистер**» тобы: Берілген тапсырма мен қойылған мәселеге *танымдық-ақпараттық сараптама* жасауға талпынатын топ

II топ «**Сөз зергерлері**» тобы: Берілген тапсырма мен қойылған мәселені көркем тұрғыдан, яғни *көркем сөзбен кестелеп шешуге* тырысатын топ

2.Мағынаны тану. «Зерттеушілік конференциясы»әдісі

1-жұмыс: Ақынның ғұмырбаянына қатысты ақпараттар мен мәліметтерді 3 топ өз спецификаларына сәйкес қорғап шығуы керек (**10-12 минут**)

«Ғалымдар» тобы (Топ мүшелері ақынның мұрасын зерттеген Ж.Аймауытов, Б.Кенжебаев, С.Қирабаев, А.Еспенбетов болып ғылыми ақпарат береді)

«Журналистер» тобы (Топ мүшелері ақынның өмірбаянына қатысты қысқа ғана сюжет дайындайды, ұсынады)

«Сөз зергерлері» тобы (Топ мүшелері ақынның өмірбаянына байланысты шағын көркем туынды жазып шығады, таныстырады)

Бұл бөлім «**Шындық пен жалған**» әдісі арқылы қорытындыланады.

«Шындық пен жалған» әдісіне ұсынылатын материал:

«Шындық»:

*Көкшетауда туған, Баянауылда қаза тапқан

* Әкесі Әбубәкір, анасы Зүплен

* Алғаш сауатын ашқан Мұқан, Нұрғали молдалар

* «Айқап» журналында хатшылық қызмет атқарды

- * Ағартушылық шараларға бағытталған «Шоң» серіктестігін ашады
- * Қотанқарағайда Әбдікәрім деген кісінің Бағила деген қызына ғашық болады
- * Томскіде Әлімхан Ермеков ашқан курсқа қатысады
- * Райымжан Марсеков басқаратын қазақ комитетінің хатшысы болады, «Абай»

журналының ісіне араласады

- * «Сарыарқа» газетіне мақала, өлеңдерін жариялайды

«Жалған»:

- *Сарыарқада туған, Жайықта қайтыс болған
- *Әкесі Бекен, анасы Жамал
- *Ахиетдин Аханов деген кісіден білім алған
- * «Қазақ» газетінің редактор орынбасары болған
- * «Тірлік» ұйымын құрады
- * Татар қызы Зейнеп Ахмадоваға ғашық болады
- *М.Әуезовпен бірге «Екеу» деген лақап атпен зерттеу жұмыстарын жариялайды
- * «Ақжол» газетінде әдеби қызметкер болады
- * «Хал-ахуал» жинағының авторы

2-жұмыс: Сұлтанмахмұттың «Алаш ұраны» өлеңінің аудиожазбасын тыңдаймыз, 3 топ өз спецификаларына сәйкес өлеңді талдайды, кластер құрастырады, постер қорғайды (**10-12 минут**)

3 топ аталған жұмысты **«Сана аллеясы»** әдісімен қорытындылайды.

3-жұмыс: Сұлтанмахмұт ақынның әдеби мұрасындағы 5 поэмасы: «Кедей», «Адасқан өмір», «Таныстыру», «Айтыс», «Қайғы» туралы оқытушы викториналық сұрақтар дайындайды, студенттердің жауабын **«Маған көрсет»** әдісі бойынша алады (**10 минут**)

Оқытушы қоятын сұрақтар:

1. Сұлтанмахмұт 5 поэмасының ішінде қайсысын 1-ші жазды, яғни ақын қаламынан туған алғашқы поэма? («Таныстыру»)
2. Сұлтанмахмұттың бар болғаны 28 жолы ғана сақталған поэмасы қайсы? («Қайғы»)
3. Сұлтанмахмұттың дала ақыны мен қала ақыны пікір алмастыратын поэмасы: («Айтыс»)
4. Сұлтанмахмұттың басты тақырыбы қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік болып табылатын поэмасы: («Адасқан өмір»)
5. Сұлтанмахмұттың қай поэмасында қазақтың тұңғыш кәсіби журналист қызы Нәзипа Құлжанова суреттеледі? («Таныстыру»)
6. Сұлтанмахмұттың сюжетсіз лирикалық поэмасы: «Кедей»
7. Сұлтанмахмұттың қай поэмасында «Мен-бала», «Мен-жігіт», «Мен – кәрі», «Мен – өлік» деп аталатын бөлімдер бар? («Адасқан өмір»)
8. «Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов, Білемін бұл үш ердің айтпай жайын, Кешегі кара күнде болмап па еді, Бірі күн, бірі шолпан, бірі айым» деп келетін тармақтар қай поэмада? («Таныстыру»)
9. Ақын қай поэмасын «өмірдің мәні де, сәні де, бар арман-мақсатқа жетудің жолы да тек қана еңбек» деп қорытындылайды? («Адасқан өмір»)
10. «Даламның ақындарын айтсам сізге, Үлгіге сөз патшасын сонан ізде.

Миға тамақ, жүрекке сусын беріп,

Даңқы кеткен ақын көп бұл үш жүзде» деп ақындық өнерді қай поэмасында дәріптейді? («Айтыс»)

3.Рефлексия. «Бес бармақ»әдісі негізінде жүзеге асады, топтар сабақ барысында алған білімдерін қорытындылайды:

«Бас бармақ» басты мәселе: Бүгінгі сабақтың басты құндылығы –

«Балаң үйрек» бірлесу: Қалай жұмыс істедім, кімге көмек бердім, кімді риза қылдым?

«Орган терек» ойлану: Мен бүгін қандай тәжірибе жинақтадым?

«Шылдыр шүмек» шынайылық: Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

«Кішкентай бөбек» көңіл-күй ахуалы: Мен сабақта өзімді қалай сезіндім?

Бағалау. Топтар бірін бірі бағалайды, бағалау критерийлері:

1. Ақпаратты игеруі (өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық)
2. Материалды түсінуі, пайымдауы (өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық)
3. Материалды талдай алуы (өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық)
4. Материалды жинақтай алуы (өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық)
5. Материалды қорытындылай алуы (өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық)

Оқытушының қорытынды сөзі

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 6-том. Алматы, 2006ж
2. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 2012ж

Жаңартылған білімнің маңыздылығы

Абдіқалықова С.С., Мұғаддем Г.М

Новый орта мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бүгінгі күн тарих сахнасында да, саясат әлемінде де, экономика саласында да өзіндік із қалдырар замана парағы болып қалары хақ. ХХІ ғасыр ұшқырлық пен қырағылықты, сана мен танымды, білім мен білікті пара-пар ете отырып, ел мен жердің болашағын жасайтын, өрлететін тұлға заманы деп білемін. Саясат сахнасында алпауыт мемлекеттердің өзі ұстанымын өзгертіп, капиталистік қатынастың ешкімге таң болмай қалған кезеңі. ХХІ ғасыр жаһандану кезеңі, әлемдік даму кезеңі, техника мен технологияның даму заманы, экономикалық дағдарыстар мен өрлеу алмасуының толқымалы уақыты, бейбітшілікті сақтау мақсатында толеранттылықты қажет ететін, діни сенімімізге берік бола білу, білім саласының жаңа бағытқа бет бұрып, жас ұрпақты алдағы үлкен өзгерістерге бастау кезеңі болып отыр. Соның ішінде білім туралы сөз қозғап, оның дамуы мен қажеттіліктеріне көз жіберер болсақ: «Білім – бүгінгі күні жалғыз шынайы капитал. Халықтық білім беруді дамыту – капитал құрудың ең маңызды құралы, ал білімді адамдардың саны, олардың білімдерінің сапасы және осы білімдерін қолдануы – елдің байлық өндіру қабілетінің ең маңызды көрсеткіші», - деген екен америка ғалымы Питер Друкер. Осы тұрғыда қадамдап алға басу мақсатында, алдымыздағы межемізді дұрыс бағыттау үшін айналамызға көз жіберіп, білім көкжиегінде көрініп жүрген елдер тәжірибесін бағамдай білуіміз керек. Бүгінгі күні күнделікті тірлігімізде де, қоғамдық ортамызда да Жапония, Германия, Корея, Қытай сынды мемлекеттерінің ғылым, білім саласындағы жетістіктерін сөз етіп жатамыз. Өзіміздегі нәтижелермен салыстырамыз. Елдегі ҰБТ көрсеткішінің оқушылардың бар мүмкіндіктерін ашып бере алмай жатқандығын ойлап, наразылық білдіреміз. Сабақтарымызда оқушылар бос отырады, ізденбейді дейміз. Олай болса, озық тәжірибеден үйреніп, алға қадам басайық. Мысалы, Жапония –өзінің бүкіл тарихында жас ұрпақты тәрбиелеуге ерекше мән берген ел. Император Мэйдзидің 1879 жылғы шыққан «Білім берудің принциптері» деген жарлығы және осы күнге дейін Жапониядағы білімнің даму стратегиясын анықтайтын «Жапония рухы – батыс технологиясы» өз мәнін жоймай келеді. Сонымен қатар онда «Мұғалім ғибадаты» Жапон балалары үшін қасиетті принцип болып табылады. Бұдан біз бұл елдегі сабақтастықтың тарих бетінен ешқашан жойылмағандығын көреміз. Бұл елде білім беру мен тәрбиелеудің конфуцийлік

моральдық-этикалық принциптері ұстанылған. Құжаттарында «Адамдар алдымен өз бойында руханилықты қалыптастырып, адамгершілік моральдық қағидаларды ұстануы керек, содан кейін олар өз қабілеттеріне сәйкес әртүрлі пәндерді меңгере алады,»-делінген. Жапонияда осыдан 128 жыл бұрын мектеп құрылғандағы мақсат күні бүгінге дейін өзгермей сақталған:

1. Өзін адам ретінде терең түсіне білетін бала тәрбиелеу.
2. Мәдениетті жалғастыратын, жасайтын және дамытатын бала тәрбиелеу.
3. Өзін Жапонияның азаматы деп ұғынатын бала тәрбиелеу.
4. Дені сау және белсенді бала тәрбиелеу.

Сабақ өту әдісінде шебер мұғалімдердің сабақтары теледидар арқылы барлық Жапон елінің мұғалімдері көре алатындай болып өтеді екен. Балалары ұжым болып жұмыс істеуге қалыптасқан, мұғалімдері балаларға дауыс көтермейді делінеді. Бақылау жұмыстарына тек белгілер қойылып, бала өз қатесін түсінгенше, өз бетімен қайтадан жұмыс істеп, нәтижесін көрсетеді, қажет болса, материалды толық игергенше, тағы да түсіндіріледі дейді. Бастысы бұл елде балалардың еңбек тәрбиесі жақсы жолға қойылған. «Мұғалімдер балаларға ешқандай ескерту жасамайды, егер қажет болса, олардың іс-әрекетін түзетеді» делінеді. Жапонияның үздіксіз білім беру жүйесі жапон қоғамының рухани –адамгершілік құндылықтарын көрсететін негізгі үш өмірлік принциптерін насихаттайды. Олар: 1. Ойлай біл, өз бетіңмен шешім қабылда, проблемаларды шешудің ең жақсы жолдарын іздеп, таба біл;

2. Әдемілікті түсін, өзінде әдемілік сезімді тәрбиеле, жаның сұлу, жүрегің мейірімді болсын, тілектес бола біл;
3. Денің сау, төзімді, күшті бол.

Осындай тамыры тереңге жайылған білім жүйесінен біздің аларымыз мол деп ойлаймын. Ал тәрбиесі бөлектеу, өмір сүру дәстүрі басқаша Германия елінің білім жүйесіне келер болсақ: онда ол үш бағытта жүретінін байқаймыз. 1-4 класс бастауыш, 5-6 бағдарлау бөлімі, 7-кластан бастап 3 мектеп жұмыс істей бастайды екен. Негізгі мектеп үлгерімі төмен оқушылар үшін; іс жүзіндегі мектеп одан тәуірірек оқитындарға өмірге қажетті, нақты мамандық оқыту үшін; гимназия таланттылар үшін екен. Университетке түсу үшін іс жүзіндегі мектепті бітіруге міндетті көрінеді. Мектептердің олай бөлінуі бірінен біріне ауысу мүмкін емес деген сөз емес. Бала білімін жетілдіру арқылы бірінен біріне ауысуға құқылы. Бұдан мынаны байқауға болады. Германияда бала 7-кластан бастап-ақ өз қабілетін айқындап өзі қалаған үш мектептің бірінде білім ала алады. Ал бізде бұл жөнінде бір жүйе. Германияда осы үш мектеп құжаттарының өзіндік дара статусы бар. Ал бізде мемлекеттік үлгідегі бір құжат. Сонымен қатар Германияда жоғары оқу орнына түсу үшін іс жүзіндегі мектепті (12 жылдық), университетке түсу үшін гимназияны (13 жылдық) бітіруге міндетті. Ал кәсіптік білімде дуальді оқу жүйесі жұмыс жасайды.

Жоғарыда жазылған мәліметтер мен пікірге сүйенер болсақ, бүгінгі қоғамның бізден білімді, өзін тани білетін және өзін өзгеге таныта білетін тұлға тәрбиелеп шығаруымызды талап етіп отырғаны айқындалады. Бұл тек қана бір ғана біздің мемлекетіміз аясында жүріп отырған шара емес. Оның бастауы 1990 жылдың наурыз айында Джомтьене (Таиланд) қаласында БҰҰ ұйымдастырған конференцияда құрылған. «Баршаға білім беру» (БББ) қозғалысында сөз болған. Оның негізгі қағидалары өз бетінше белсенділік пен танымның сезімділік ұстанымдарын оқыту мен тәрбиелеу, (АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия және т.с.с) елдерінде білім беруді реформалаудың басты бағыты «адамды білімнің әр түрлі аясындағы алуан түрлі дербес мақсатқа бағытталған іс-әрекетке жұмылдыру негізінде оның интеллектуалды және адамгершілік қасиетін дамыту» өз бетінше ойлай білетін және алуан түрлі мәселелерді шеше алатын, гуманитарлық білімді терең түсінуіне негізделген және еңбек нарқы талап ететін шығармашылық ойлау мен бай сөздік қорға ие адам тәрбиелеуге бағытталған мектептік білім жүйесін қайта құру. Себебі, қазір бала бір ауыл, аудан, облыс, республика көлемінде өмір сүрмейді. Оның қай жерде оқуына да, өмір сүруіне де мүмкіндік бар. Тіпті үйінде отырып-ақ әлемді шарлап шыға

алады. Егер баланы бүгінгі жаңашылдыққа баулымасақ, қабілетін ашпасақ, оның осы мүмкіндігін шектейміз. Сондықтан да біздің алдымызға «XXI ғасыр оқушысы қандай болу керек?» деген сауал қойылды. Осы сауалға жауап іздер болсақ, балалар қоғамының зерттеушілері А.Н. Лутошкина, Л.И. Уманского, М.И. Рожкова, Е.В. Гороховой мынадай қасиеттерді атап көрсеткен екен:

- күзиреттілік- өзі белсенділік танытып отырған істі білуі;
- белсенділік танытуы;
- ұсыныс жасай алуы;
- ашықтық-басқалармен қарым-қатынас жасай алуы;
- ойлай білуі- негізіне жете білу, басты мәселені ажырата алу;
- табандылық – ерік- жігер таныта білу, істі аяғына дейін жеткізе білуі;
- өзін-өзі ұстай білу- өз сезімін, әрекетін қиын кезде бақылай алуы;
- аңғарымпаздық- елеусіз нәрсені көре білуі;
- ұйымдастырушылық көрегенділігінің болуы- өзге адамның ішкі әлемін түсіне білуі;
- ұйымдастырушылық жұмысқа қабілеті-өзіне жауапкершілік ала білуі т.б.

Келесі кезекте біздер, ұстаздар қауымы, бала бойындағы осы қасиетті ашамыз десек, қазақ баласын биіктен көреміз десек, өзгеруіміз керек деп ойлаймын. «Баланы оқыту мақсаты - оны мұғалімнің көмегінсіз әрі қарай дамуына қабілетті ету»- деген Э. Г. Хаббардтың пікірін құптай отырып, балаларымыздың ойлай білу мен ұмтыла білу қабілетін ашуға тырысуымыз қажет деймін. «Кез келген білім егер оқушы бойында ұмтылыс пен өз бетінше ізденіс қалыптастырмаса, өлі болып қалады. Оқушыны тек ойлауға ғана емес, сонымен бірге қалауға да үйрету керек.»- деген Н.А. Умов. Елімізде білім саласын ерекше назарда ұстап, өзінің тікелей қамқорлығына алуы, оны –мемлекеттік даму саясатының өзегі деп қарауы да осының айғағы. Оқыту мен оқудағы өзгерістердің енуі де әлемдік білім алу саласына сапалы білім мен саналы ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды деп ойлаймын. Әлемдік практикада білім сапасы нақты критерийлерге сәйкес: Білім – түсіну – қолдану – жүйелеу және жалпылау мақсаттары бойынша бағаланады. Біздің еліміздегі оқу мен оқытуды бағалау да әділ бағалау жүйесіне енді. Бұл-оқушылар үшін де, ата-аналар үшін де тиімді.

Мұғалімдерді қайта даярлау қорытындысы мынадай проблемалар бар екенін көрсетті:

1. Білім философиясы; оқушы – оқушы, оқушы – мұғалім арасындағы қарым-қатынас; мұғалімнің зерттеу жұмысы; оқытудың практикаға бағытталуы сияқты негізгі мәселелерді қайта пайымдау қажет.

2. Сыныптағы зерттеу жұмысына қазақстандық мұғалімдердің дайын еместігі, олардың практикалық зерттеу әдістерін білмеуі.

3. Қажеттілік:

- мұғалімдердің күзиретін және балалардың оқуға ынтасын арттыру;
- ұжымда шығармашылық жағдай туғызу;
- белсенді кәсіби қарым-қатынас жасау;
- мұғалімдердің қызығушылығын арттыру.

4. Оқытушының әдістемелік дайындығында және практикалық жұмысында оқушының субъективті рөлі жоғалады.

5. Ақпараттық технологияны пайдалануда тыңдаушылардың функционалдық сауаттылығының төмендігі, желілік оқытушылық қоғамда жұмысқа дайын еместігі.» - деп аталған мәселелер білім жүйесіне жаңалықтың, өзгерістің қажеттілігін көрсетті.

«Сана, білім, қабілет, сапа» төртеуі ұштасқан «сапалық білім жүйесіне көшу» кезек күттірмейтін міндет. Ұлттың көркейіп, мемлекетіміздің болашағына даңғыл жол ашатын саясат. Бүгінгі күндері білім беру жүйесіндегі өзгерістерге негізделген әлемдік дамудың негізгі үрдістері мыналар болып табылады:

- қоғам дамуының қарқындылығы;

- постиндустриалдық, ақпараттық қоғамға көшу, мәдени қатынастардың өзара ауқымының кеңеюі;
- халықаралық ынтымақтастық, нәтижесінде шешілуі мүмкін ғаламдық проблемалардың туындауы және өсуі;
- қоғамның демократиялануы;
- экономиканың қарқынды дамуы, бәсекелестіктің өсуі;
- адам капиталы мәнінің артуы;
- әлеуметтік инвестициялардың көбеюі.

Жоғары сөз болған қажеттілік Қазақстан білім жүйесіне сындарлы оқыту теориясын алып келді. Яғни, сыни ойлау немесе ойлау туралы ойлану. Ендігі үмітіміз неде? Жаңартылған білім бағдарламасымен оқытудан күтеріміз көп. Оған барлығымыз, мұғалімдер жауаптымыз. Балаларымыздың бойындағы табиғатынан дарыған қабілет-қарымдарын дамытып, соның ашылуына жол салу. Сабақтарымыздағы сұрақ пен жауаптан тұратын диалогты талдау, талқылау, бағалау формаларына аудару. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты серіктестік, бір-бірінің оқып үйренуіне түрткі болатын жағдайға жеткізу. Бұл қандай жағдайда жүзеге аспақ? Жергілікті білім ордалары арқылы. «Мұғалімдер жұмыстарына жеткілікті уақыт бөле білулері керек, оқушының білімі мен дағдыларын дамытуда ғана емес, жалпы алғанда оның оқуын барынша даралау және баланың бойында метасананы –қалай оқу керектігін үйренуді қалыптастыруға мән бере отырып оны тұлға ретінде дамытуда икемділік танытулары тиіс,» - делінген. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Құсайынов. «Жапон мектептерінің тағылымы» «Жалын» журналы, 2011жыл, № 3. 2-9 бет.
2. Қазақстан мен Германияның арасындағы білім жүйесі . student.zoomru.ru/ сайты
3. «Қазақстанда мыңжылдық табалдырығында даму аясындағы БҰҰ Мақсаттары» «Адам дамуы туралы Ұлттық Есеп», Алматы, 2004ж.
4. Б. Бейсен «Қазақ білім жүйесінің шындығы және шығар жолы» ainalife.kz

Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы фразеологизмдер мен қос сөздердің қолданыс ерекшеліктері

(Профессор Есет Құдайбергеноұлы Жұбановтың зерттеулері бойынша)

Курбангазиева Р.

*С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының*

II курс магистранты

Сөз тіркестері жалпы түркологияда, оның ішінде, қазақ тіл білімінде ежелден әңгіме болып келе жатқан, бірақ әлі күнге жеткілікті дәрежеде шешімін таппаған, бұдан былай да зерттеле түсуі тиіс тілдік катего-риялардың қатарына жатады. Академик І. Кеңесбаевтың сөзімен айтқанда: «...қазақ тілінің, сол секілді басқа да түрік тілдерінің лексикасы мен фразеологиясына қатысты еңбектерді сөз еткенде біз, негізінен, лексикологияның теориясына арналған зерттеулерді емес, лексикография тәжірибесіне байланысты жұмыстарды атаймыз»[1]. Шынында да фразеологизмдер туралы бастапқы мәліметтер қазақ тілінің көпшілікке арналған оқу құралдарында берілген болса, тұрақты тіркестердің әр алуан үлгілерін тек аударма, түсіндірме сөздіктер мен мақал - мәтел жинақтарынан кездестіреміз. Алайда өзімізді бұл салада ныспы құралақан санауға да болмайды. Қазақ тілінің идиомалық, фразалық сөз қолданыстары жайлы бұрынды - соңды айтылған тиянақты пікірлер жоқ емес. Солардың ішінен мәселені ғылым негізінде түсіндіретін

зерттеулер деп I. Кеңесбаевтың бірқыдыру еңбектерін атауға болады. Міне, осы тәрізді ғылыми ізденістердің нәтижесінде біз әдеби тіліміздің негізгі байлықтарының бір көзі болып табылатын фразеологизмдерді теориялық жағынан дәйекті түрде зерттеу мүмкіншілігіне ие болдық. Көркем тіл стилистикасының тұрғысынан келген- де әр алуан тұрақты сөз тіркестерінің мейлінше орамды тілдік тәсілдер екендігі, оларды халықтың жоғары бағалайтыны мәлім. Олар ауызекі сөйлегенде де, жазуда да үнемі қолданылады. Халықтың сөздік қоры тыңдаушыға аса күшті әсер ететін толып жатқан афоризмдерге, идиомалық сөз қолданыстар мен тағы басқа фразалық тіркестерге мейлінше бай. Саны жағынан бұндай фразеологизмдер қазақ тілінің лексикасынан едәуір орын алады. Әрине, фразеологизм категориясы белгілі бір ғана ұғымды білдіргенімен оның өз ішінен тарамданып шығатын дербес салалары да жоқ емес. Мәселен, идиомалық сөз қолданыстардың синтаксистік жүйесі тұрақты фразалық тіркестермен ұқсас, бірақ семантикалық аясы жағынан бұл екеуі өз ара тең емес. Сондай-ақ, фразеологизмдер тобындағы мақалдар мен мәтелдердің де идиомалық немесе фразалық тіркестерден бөлек өзіндік ерекшелігі бар. Атап айтқанда, мақалдар мен мәтелдер өздерінің мағыналық мазмұны арқылы басқа тіркестерден оқшауланып тұрады. Демек, олардың семантикасына лайық грамматикалық заңдылықтары да болады. Сондықтан, олар басқа сөз тіркестеріне сырттай ұқсағанымен, сөз саптаудың дербес бір жүйесі болып табылады. Ал идиомаларға келсек, олар тілде тұтаса қолданылады да, семантикалық аясы бір сөздің шеңберіне сыйып кетеді. Оның үстіне, идиоманың құрамындағы сөздер жеке-жеке алып қарағанда тіркестің тұтас күйіндегі мағынасымен байланысты да болмайды. Бұл оның басты бір ерекшелігі. Бұлардан басқа қос сөздердің бірсыпырасы да фразалық сипатта болады. Осы айтылған теориялық түсініктер тұрғысынан қарағанда эпос тілінде ұшырасатын сөз тіркестерінің де бірнеше ерекше типтері барын көруге болады.

Мәселен, қазақ тіліндегі «сүйегі жасу» деген тіркесті «Қамбар батыр» жырында перифразаландырып: Ашықтық түсті басына, Сүйегін жаман жасытып, — деп қолданады. Ал «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының Дербісалин нұсқасында осы тіркес одан гөрі ұлғайтылған. Қараңыз: Сүйегім етім кетіп, қалды жасып..., болып айтылады. Осы мәндес жырдың Шөже нұсқасында да бар: «Етім кетсе, сүйегің бор болады»... Бірақ бұл жерде «жасу» етістігі мүлдем ауыстырылған. Сондай-ақ, осы жырдағы: «Атыңның айналадағы айылын тарт», — деген өлең тармағының да фразалық мәні бары даусыз. Эпостың әр алуан нұсқаларында бұлардан басқа да тұрақтасқан тіркестер кездеседі

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында кездесетін тұрақты сөз тіркестерінің нақты үлгілерін атап өттік. Алайда бұл келтірілген мысалдар негізінен тілімізде жиі ұшырасатын, көпшілігінде екі мүшелі, яки бинар тіркестер. Профессор Е.Қ. Жұбанов бұлардан басқа жырдың тілінде қолданылуы біраз ерекше фразеологизмдер де ұшырасатындығын айтады. Мысалы, Мінді де күреңшені кетті дейді, Жылында ат құйрығы жетті дейді болып келетін жолдар бар. Осындағы «Жылында ат құйрығы жетті» дегеннің мағынасын біз тек ассоциация жолымен «ұзақ жүріп жетті» деп қана түсінбесек, қазіргі тілімізде кездеспейтін құбылыс. Немесе осы нұсқадағы: Жайлауы — жан өшерде — сары белді дейтін жолдағы «жан өшерде» біздің қазіргі тілімізде сақталған «Ит өлген жерде» болып келетін тіркестің синонимі деп жазады. [1]

Профессор Е.Қ. Жұбанов қазақ тілінде «жең ұшынан жалғасу» түріндегі фразеологизм бар екеніне тоқталып, ол екі адамның іштей жақын болуын білдіреді. Біз тексеріп отырған жырда осыған орайлас «тіл жалғасу» болып қалыптасқан тіркес те кездеседі: «Фразеологияны зерттеумен байланысты қазір көтеріліп жүрген мәселенің бірі тіркестердің мағыналық жақтары ғана емес, сонымен бірге олардың құрамы, компоненттерінің саны т. б. Профессор Е.Қ. Жұбанов осыған байланысты ғалым – профессор Қ. Жұбановтың пікірін келтіреді: «...түркі тіліндегі дыбыс алмасудың кейбір заңдылықтарын сөз ете келіп, қазақтағы «сарсаң» анатолій түріктерінің «сарсық» сөзінен өзгерген, түрік сөзіндегі қысаң «ы» дыбысының орнына қазақтың ашық «а» дыбысы түскен және қазақ тіліндегі «сарсаң» сөзін «әуре-сарсаң» деген қос сөздің құрамында тұрып айтылады деп ескертеді.» [7]

Профессор Е.Қ.Жұбанов Қазақстанның кейбір аймақтарында «сарсық» сөзі «дерт, кесел» деген мағынада қолданылатынын да айтады. Тіліміздегі «сергелдеңге түсу» дейтін тіркестің құрамындағы «сергелдең» де қазақтың төл сөзі емес. Алайда оның беретін мағынасын басқа тұрақты тіркестердегі синонимдеріне қарап аңғаруға болады: «Сейіл де сейіл, сергелдең де сейіл». Бұл жерде ол «сейіл» сөзіне синоним болып тұр. Ал енді «сейілдің» өзі басқа бір ретте «сейіл-серуен» болып қосақталып, синонимдік дублет жасайды. Профессор Е.Қ.Жұбанов сейіл, серуен, сергелдең сөздерінің арасында белгілі байланыс бары байқалады деп көрсетеді. Осы «сергелдең» сөзі аз - кем фонетикалық айырмашылықтармен басқа түркі тілдерінде де қолданылады. Мысалы, түрікмен тілінің түсіндірме сөздігінде мағыналық, тұлғалық жағынан ұқсас келетін «сер- гездең» түріндегі лексема бар. А. Н. Самойлович мұны түрікменнің тек диалектісінде қалыптасқан парсы сөзі деп түсіндіреді. Яғни, қазақша — *сергелдең*, түрікменше — *сергездан*, парсыша — *сергердан*. Біз қарастырып отырған жырдың тілінде «сергелдең» сөзі *ету*, *қылу* тұлғалы көмекші етістіктерімен тіркеседі.

Профессор Е.Қ.Жұбанов жырдан келтірілген үзіндіде: «Кемпір, сенің неге халің мүшкіл болды...» демей, саған не мүшкіл болды деп, «хал» сөзін түсіріп айтып отыр деп түсіндіреді. Бұл эллипсистік қысқартудың бір түрі. Профессор Е.Қ.Жұбанов жырда кездесетін қазақ тіліндегі фразалық гидронимдердің бірі «ұшан теңіз» тіркесін талдайды. Мағынасы мол, үлкен, көз жеткісіз деген тәрізді семантемаларға ұқсас келетін «ұшан» сөзі, негізінен, теңіздің ғана тұрақты эпитеті ретінде қолданылады деген түсінік қазір тіл зерттеушілері арасында етек алған секілді. Мысалы, Б. Сүлейменова осылай деп жазады: «Қазіргі тілімізде ұшан сөзі жеке айтылмайды, тек *теңіз* сөзіне тіркесіп көп, сан алуан, адам айтқысыз мол деген мағыналарды білдіреді...». Бұдан әрі ол Махмуд Қашқаридің сөздігінде, П. Мелиоранскийдің зерттеулерінде т. б. ғылыми әдебиеттерде көне түркінің «уман» дейтін сөзі кездесетіндігін, оның; «қайың, кішкене кеме, желкенді кеме, тіпті, үлкен кеме» мағынасында жұмсалғандығын атай келіп: «... ұшан сөзінің теңіз сөзімен тіркесіп, өз мағынасын жоюына араб тілінен енген *уман-мұхит* сөзі себепкер болмады ма екен деп ойлаймыз. Өйткені орта ғасырларда *умман сөзі тенгиз* сөзімен тіркесіп, «уман тенгиз» *үлкен теңіз* деген мағына білдірген... Түсініксіз *уман* сөзін түсінікті *ұшан* түрінде айту өте заңды құбылыс...» — деп қорытындылайды. [1.2.5.7.]

Профессор Е.Қ.Жұбанов бұл автордың тарихи деректерді, өзге тілдегі фактілерді жиыстырып, оларды нысанадағы объектінің төңірегіне шоғырлауы бірсыдырғы дұрыс деп білсе де тіліміздегі *ұшан* сөзінің реалды мағынасы мен потенциал мүмкіндіктерін түсіндіруде қазақ тілінің өзін, оның әр алуан лексикалық - семантикалық ресурстарын пайдалануы жеткіліксіз деп ескертіп өтеді. [1,2,] Біріншіден — Б. Сүлейменова айтқандай: «Қазіргі тілімізде *ұшан* сөзі жеке айтылмайды...» емес, теңіз жағалауында тұратын, күнкөріс кәсібі теңізбен, оның табиғи байлығымен сабақтасып жататын қазақ аудандарының тұрғын халқы *ұшан* сөзін *теңіздің* синонимі ретінде күні бүгінге дейін жеке қолданып келеді: Қайықты мұзбен сүйресек қайтеді? — деп, ол Қоңырбайға бұрылды. Оның жөні болмас... Мұз көтермес, әрі жер шалғай... Жел тұрып кетсе, мұзбен қосыла ұшанға ығысамыз және мұз бір орында тұрған жоқ, жылжып барады Екіншіден — біз қарастырып отырған эпостың тілі «ұшан сөзі тек теңіз сөзімен ғана тіркеседі...» деген тезисті де бекерге шығарады. [14]

А. Ысқақов қисындаған мына төмендегі қағидалармен шектеледі: «...Тарихи тұрғыдан қарағанда күрделі сөздердің қай - қайсы болса да әуел бастағы жай сөз тіркесінен шыққан. Солай болса, бұлардың қалыптасуларына әр қилы синтаксистік амал - тәсілдер негіз болған. Кейбір сөздер бастапқы синтаксистік жай сөз тіркестерінің компоненттері бір - бірімен бірігу арқылы туса (бүгін, биыл, ағайын), кейбір күрделі сөздер жарыса, қабаттаса қолданылған компоненттердің қосарлануы арқылы жасалған (ата-ана, жер-су, ел-жұрт). Ал кейбір күрделі сөздер әуелгі еркін сөз тіркесінің тұрақты тіркеске айналуы арқылы қалыптасқан (ала жаздай, күні бүгін, темір қазық). Әрине, бұл процестер бірден пайда болмай, тілдің көп замандар бойындағы практикалық қолдану дағдысынан туып, бірте-бірте орныққан... Практикалық тұрғыдан қарағанда, күрделі сөздер жалаң сөздердің өресі жетпейтін қызметтерді атқарады да, олардың олқылықтарын толықтырады; ал теориялық тұрғыдан қарағанда, дара сөздермен (түбір сөздермен, туынды сөздермен) жарыса өмір сүріп, қолданылады да, сол дара сөздердің тууына

негіз болып қызмет етеді. Ендеше, бұл құбылыстың да тіл мен ойлаудың қарым-қатынасынан, олардың бірлігінен туып, ұзақ сонар процестерді бастарынан кешіріп қалыптасатын тарихи құбылыс екені даусыз...»[1.2.] Профессор Е.Қ.Жұбанов өз зерттеуінде эпостың тілін қалыптастырушы жалпы тарихи – объектив формаларға тоқтала келіп лингвистика тұрғысынан оның негізгі сөздік қорын құрайтын бейтарап стильдегі лексиканың қолданысына және содан туатын мағына нышандарына, сол секілді жырдағы фразеологизмдердің негізгі ерекшеліктеріне, кейбір ономикалық атаулардың мағынасына тоқталып, сол мәселелер төңірегіндегі өз ойын ортаға салады. Біздің сөз соңында айтарымыз: «Қозы Көрпеш Баян сұлу» туралы жыр әуел баста қазақ даласының белгілі бір аймағында дүниеге келген туынды бола тұра өзінің өміршең эпикалық қуаты арқасында бүкіл халықты шарлап, жыл өткен сайын көркемдік мазмұны мен тіл шұрайын кемлендіре береді. Профессор Е.Қ.Жұбанов эпостың жасампаз дәстүрі арқасында заман әуеніне талмай үн қосып отыратын бұндай шығарма қазақ халқының ауызекі әдеби тілінің тамаша үлгісі ғана емес, сонымен бірге ол біздің кейінгі жазба әдеби тілімізге де нәр берген арна деп ғылыми тұжырымдама жасайды.

Қорыта айтқанда, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының тілдік ерекшеліктерін жан – жақты зерттей отырып, қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған тілдік мұрасы, рухани құндылықтары, қоғамның әлеуметтік сипаты, сөйлеу әдеби мен принциптері ұлтымыздың қазынасы – қазақ тілінде, оның тілдік құрылымдарында көрініс тауып, сақталып жинақталған көреміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақтың ауызекі көркем тілі. Монография. "Ғылым". Алматы, 1996 Жалпы редакциясын караған проф. М.Арынов.
2. Эпос тілінің өрнектері. Монография."Ғылым". Алматы, 1978. Редакторы акад. 1. Кеңесбаев.
- 3.Қазақ әдсби тілінің тарихи көздері. "Ғылым". Алматы, 1989. Жауапты редакторы - Е. Жұбанов.
- 4.«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» эпосының текстологиясы. Көмекші оқу құралы. "Ғылым". Алматы, 1994.
- 5.«Толғауы тоқсан қызыл тіл...»(Лингво – мәдениет танымының көкжиектері.Зерттеулер мен зерделеулер) Жалпы редакциясын басқарған проф. К.К.Кенжебаев.Ақтөбе.2010 ж.
- 6.Е.Жұбанов,М.Малбақов «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының текстологиясы. Алматы, «Ғылым»,1994ж..
- 7.Е.Жұбанов Халық әдебиеті тілін зерттеудің лингвостилистикалық аспектілері. Филолог.ғыл.докторы дәрежесін алу үшін жазылған автореферат Алматы,1997ж.
- 8.Қ.Өміралиев. Қазақ поэзиясының жаныры мен стилі . Алматы «Ғылым» 1983 ж.
- 9.Профессор Есет Құдайбергенұлы Жұбанов еңбектерінің библиографиялық көрсеткіші.құрастырғандар:Ж.О.Тектіғұл, Н.Ә.Сәдуақас.
- 10.Есенов Қ. «Эпос тілінің өрнектері» [Есет Жұбановтың осы аттас кітабы жайында. «Ғылым». Алматы, 1978]. «Қазақстан мұғалімі" №41 [6 қазан 1978].
- 11.Мұсабекова Ф. Эпос - тіл қазынасы [Е.Жұбанов. Эпос тілінің өрнектері. «Ғылым», Алматы, 1978. «Қазақ әдебиеті», № 31. 03.07.79.
- 12.Ақсубаева Р.М. «Жұбанов Е.Қ. Эпос тілінің өрнектері». Алматы. "Ғылым" баспасы, 1978.
- 13.Рәсілов С.. Халық тілінің қазынасы. (Е.Жұбанов. "Эпос тілінің өрнектері". Әдеби-лингвистикалық зерттеу.) «Ғылым». Алматы, 1978. "Журналист"газеті. №6. 19 мамыр 1980.
- 14.Оралбай Әмір « Қозы Көрпеш - Баян сұлу» эпосының текстологиясы [Е. Жұбанов. М.Малбақов "Қозы көрпеш - Баян сұлу" эпосының текстологиясы. «Ғылым», Алматы, 1994. «Серпін»- «Резонанс» апталығы, № 14, 28 қазан

**Сатыбалды Даумов шығармаларының тарихилығы және көркемдік шешім
(«Жалын ғұмыр» поэмасы мысалында)**

*З.Ж. Мүтиев, ф.ғ.к., доцент,
Ж.Ө. Мұханбетова, магистр*

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Орал қ., Қазақстан
zinulla_mutiev@mail.ru*

Әдебиеттің әр жанрында жемісті еңбек еткен, лирик һәм эпик ақын С. Даумовтың «Жалын ғұмыр», «Тауқыметті тағдыр», «Ғасыр, саған айтам», «Аспан асты, жер үсті», «Елестер мен белестер, «Қанды ғасырға қарата», «Қоянды» аталатын шығармалары автордың өзінің ен тағуы бойынша поэмалар деп аталады.

Белгілі ақын, өлең-сөзде өзіндік із қалдырған суреткер С. Даумовтың әдеби мұрасының ішінде жоғарыда аталған поэма кейіпкерлерінің барлығы өмірде болған адамдар. Дастан оқиғалары тарихи тұлғалардың ғұмыр деректерімен тығыз байланысты болып келеді. Айталық, «Жалын ғұмыр» [1, 148 б.] аталған поэмасы өлкемізге белгілі тұлға Кеңес Одағының батыры Темір Масинге арналған.

Екі тілде (қазақ және орыс) жазылған «Тауқыметті тағдыр» («Роковая судьба») [2] атты кітапқа енген поэмасы қазақтың аяулы қызы мемлекет және қоғам қайраткері Алма Оразбаеваның өмірі мен қызметіне арналған. Бұл поэма ақынның соңғы жылдары шыққан «Толық шығармалар» жинағына «Алма» [3, 161 б.] деген атаумен енді. Тарихи шындықты көркем дүниеге айналдыруды кейінгі ұрпақ үшін аса қажетті, өте маңызды мәселе деп тапқан автордың «Елестер мен белестер» [4, 197 б.] аталған поэмасы сталиндік репрессия құрбандарын еске алумен қатар аталған зұлматтың зардаптарын көрсету мақсатында жазылған.

Ал өткен ХХ ғасырдың қазақ халқына әкелеген лаңы мен зобалаңын баян еткен поэмасы – «Қанды ғасырға қарата» [5, 203 б.] деп аталған.

Ақынның әу баста туған жерге арналып жазылған шағын лирикалық өлеңі уақыт өте келе үлкен жыр-толғаныстан тұратын эпикалық туындыға ұласып, «Қоянды» [6, 217 б.] деп аталатын поэмаға айналған. Автор бұл поэмасын аза жыр деп айрықшалап өтеді. Өйткені жер бетінен жойылып, ядролық полигон аймағына еніп кеткен, «Қояндының» тағдыры тек елес күйінде қалған.

Міне, осы жоғарыда аталған туындылар С. Даумовтың әдеби мұрасының эпикалық бағдарын, жанрлық ерекшелігін белгілейді.

Енді ақын поэмаларының жазылу тарихы мен көркемдік әлеміне шолу жасайық. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысып, Кеңес Одағының батыры атанған Темір Масин туралы «Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедиясында» берілген қысқаша мәліметте: «Орда ауданында туған. Мұғалім, мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, МТС бастығының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары болған. Ұлы Отан соғысына қатысып, қатардағы жауынгерден майор шеніне дейін жеткен, рота командирі болған. 1944 жылы 1 шілдеде Могилев – Минск тас жолын жаудан қорғаудағы ерлігі үшін капитан Масинге Батыр атағы берілді» деп [7, 384-б.] жазылған.

Т. Масин соғыстан кейін Қазақстан КП Тайпақ аудандық комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарады. 1947 жылы жазда аталған аудан даласынла үлкен өрт шығып, сол дала өртін сөндіру кезінде отқа күйіп, ауыр жарақат алып, Орал қаласындағы ауруханада көз жұмады. Төрт жылға созылған ауыр соғыстан аман-сау оралған Батырдың бейбіт өмірде қазақта жеті жұттың бірі саналатын өрт құшағында қалып мерт болуы, елі үшін опат болған аяулы жанның оқыс тағдыры С. Даумовты бей-жай қалдырмаса керек. Поэманың эпиграфында «Кеңес Одағының Батыры Темір Масинге ескерткіш» деп жазылған. Поэма мазмұны шағын-шағын алты бөлімнен тұрады. Әр бөлім

бір-бірімен ұштаса, қабыса байланысқан. Оқиға бірден Тайпақ елді мекеніндегі аңызак қуырған даланың тамыз айындағы сипатын бейнелеуден басталады.

Алаудай бетті шарпып аңыздағы,
Өртеніп туды биыл тамыз айы.
Аптаптан желдің өзі деміккендей,
Ышқына ішін тартып азынайды [1, 148 б.]

Қау етіп, өрт алардай қамыс нуды,
Көтерді, сағым қалқып, алыс қырды.
Шөл қысып жалпақ жатқан кең даланы,
Таңдайға тілін әкеп жабыстырды.

Көптен тамшы тамбаған сары даланың, кеберсіп жатқан жердің шөлейтті келбетін ақын «Қанша күн көктен тамшы тамбағалы?! / Буады сағым ғана сар даланы / Жапанда жалғыз қарсақ жортып өтсе / Ізінде шұбатылып шаң қалады» деп баян етеді. Табиғат дүлейінің қорқынышты суретін салуда ақын кейіптеулері әсерлі шыққан. Мәселен, «Тартылып айдын көлдер сығырайды, / Соқырдың жанарындай қалып солған»; «Қылтанақ қалмай басқа қу түбірден, / Тоналды жасыл бұйра қыр түгінен», / «Лапылдап күннің де өзі, / Ұясынан шығады жалын бүркіп»; «Кезеріп еріндері тілімденіп, / Кеудесі кара жердің қарс айырылды» - деп келетін бейнелі сөздердің сипатынан-ақ бір сойқанның болмай қалмайтынын аңғаруға болатындай.

Тайпақтың мекен еткен кең жазығын,
Табиғат салды солай елге азуын.
Өткенде соғыстан соң дәл екі жыл
Туды шақ сынар тағы ер қажырын [1, 149 б.]

Соғыстан соңғы жылдар. Тұралап қалған елдің шаруа жайын шамалау қиын емес. Техника тапшы. Соғыстан қалжыраған халық. Егін жинау, шөп шабу. Қоғам малының қысқы тамағын қамдауға кіріскен ел. Енді осындай қым-қуат шаруаның үстінде жүрген еңбекші елдің тіршілігін көре алмағандай табиғат дүлейінің – өрттің шығуы ел-жұртты үлкен әбігерге салып, тығырыққа тірегендей болды. Аудандық комитеттің екінші хатшысы қызметінде жүрген Темір Масиннің шаруашылық ісіндегі еңбекқорлығын автор былайша суреттейді:

Қызуы балқытқандай тасты қақтап,
Бүгін де тұр қыздырып апшыны аптап
Төнгенде ауыр нәубет ел басына,
Алаңсыз қалай тыныш басшы жатпақ.
Жанына, жатса болды, ой батады,
Көз ілмей атырады зорға таңды.
Ел қамы, шаруа жаны,
Күн шықпастан
Темірді алып шыққан жолға тағы.

Ұзақ жолдың бойында келе жатып, рота командирі болған капитанның ойынан төрт жылға созылған соғыс өртінің картиналары өтіп жатыр. Неше бір ұрысқа кіріп, жараланып қалса да, алғы шепті тастамаған ерге Батыр атағының берілгенін есту мүмкіндігі екі айдан кейін ған белгілі болған. Нарын елінің тумасының хас батырлығы поэмада «қол бастап шайқастарда жас капитан, төрт жылда жарты әлемді басып өтті» деп суреттеледі. Сол сұрапыл соғыста кеудесін оққа тосқан батырдың аман-есен елге оралуын «қып-қызыл от ішінен оралды аман, жанының болмаса да оққағары» деп баян етеді. Төрт жылға созылған соғыстан оралмаған жауынгерлердің бейнесін есіне алып қамыққан Темірдің көз алдынан талай боздақтардың жат елде қалған сүйектері елес беріп, қамығады.

Жұбанған өзіне де құр сұлденің

Күндерді есіне алар күрсінбей кім?!
Қиылды қыршынынан қанша боздақ
Астында бірге ұйықтаған сұр шинельдің!

Отар-отар қойлы ауылды аралап, ақыл-кеңесін беріп жүрген басшының кей кемшіліктерге қабақ шытпай, үлкен-кішімен өзін тең ұстап араласуынан-ақ халықтың Темірге деген құрметін, үлкен махаббатын аңғаруға болады. Шөпшілерді тілсіз жаудан сақтандырып жүрген шаруашылық басшысының ойынан бір-ақ нәрсе кетпейді. Ол мәселе – қайткенде аңызға даланы суландыруға болады? Ауыл-елді аралап келіп, бар жағдайды көзімен көріп, ой елегінен өткізген Темір жұмыс кабинетінде отырып, ұзақ ойға кетеді. Құрғақшылықтан қалай құтылуға болады?! Қиялға берілген басшының кейпі поэмада мәселенің өзектілігімен байланыста берілген.

Тұйықтан шығар жол жоқ па, сірә? Бола ма жылда-жылда шоқ басуға?! Бере алар кім кепілдік Бұдан кейін, Оралып құрғақшылық соқпасына?

Күндіз-түн көктен жаңбыр тілегелі,
Ұйықтасақ, түсімізге су енеді.

Бір күннің не бір жылдың шаруасы емес,
Шешетін мәселе бұл түбегейлі

Осылай ойға берілген ел басшысының аталған мәселені түбегейлі шешудегі идеясы сол кезде қиял болғанымен кейіннен жүзеге асқанын өлкенің өсу, өрлеу тарихынан білуге болады. Ал әзірше ол былайша өрбиді: Айналды жаңбыр, иә, сыйға сирек,

Күн кешу құр дәмемен - шын қасірет

Қалмайды соңымыздан құрғақшылық,
Шығармай Жайық суын қырға сүйреп ...

Иә, шынында да, Жайық өзенінің суын қырға бұрып, канал қаздыру мәселесі сол кездерде қозғалған, сол жылдарда алғаш әңгіме болған-тұғын. Сол заманның ізгілікті жағдаятын идеялық тұрғыдан алғаш қозғаушылардың бірі - Т. Масин еді.

Қиялын алдағы алыс күлге ұшырып,

Жылдардың шымылдығын түрді ысырып.

Ауданның ертегідей ертеңгісі

Темірдің жанарына тұрды сыйып

Кенеліп бақ-дәулетке,

Дарыған құт,

Тайпақтың әр пұшпағын таныды анық.

Каналдар айқыш-ұйқыш айқасады,

Даланың апай төсін жарып ағып.

Әрине, мұның бәрі Батырдың қиялындағы сурет. Бірақ та болашақта іске асыратындығы анық. Үлкен бір аймақтың жұртын табиғат дүлейінен алып қалудың амалын ойластырған шаруашының басшысының арман-қиялын автор дөп басып танығандай әсерде қаламыз.

Ол көрді Азынабайдың кең жазығын,

Сыймаған жомарт қолмен елге азығын.

Жайқалған жасыл нуға

Аңызға та

Қаймығып сала алмастай енді азуын.

Қаракөл орман жапқан қырға қандай,

Тал бойын қамқаменен қымтағандай!

Өтеді ауы-ауық нөсер құйып,
Тайпақтың аспанынан бұлт ауа алмай.

«Иә, бұл әзірше арман ғана. / (Самғайды-ау, көңіл шіркін қай-қайдаға!). / Ал қазір дәл іргеде жатыр көлбеп, / Аптаптан аш өзегі талған дала».

Осылайша туған жерінің гүлденіп, көркеюін армандаған ел ағасының құлағына бірде «Өрт!» деген суық сөз естіледі. Шалғайда оқшау қонған шағын ауыл жау тигендей дүрлігіп, улап-шулап қоя берді. Бәйге атының шаңындай шумақ-шумақ бұрқ-бұрқ еткен қою түтінге тұншыққан халықта ес жоқ. Бейқам ел есін жинап үлгермеуде, Қыр үстін қызыл-күрең жалын жалмауда. «Даланың қос өкпесі қусырылып, / Тартылып сала берді бірден демі». Мұқым сайын даланы жалмаған өрттің сұсты ұсқынын ақын барынша қорқынышты суреттейді:

Заматта жан шошырлық орнап тамұқ,
Үйтілді отқа жон мен ой қақталып,
Шоқ құсып, жалын бүркіп, күл түкіріп,
Есірді жынды құйын ойнақ салып.
Жел, жалын, түтін, тозақ араласып,
Жұлқысты от пенен от жағаласып.
Өңмендеп алға қарай ұмтылды өрт,
Мың басты жалмауыздай аран ашып [1, 155 б.]

«Есірген жын», «мың басты жалмауыз» қазақ ұғымында ең қорқынышты мифтік образдар екендігін ескерсек, автордың осы дәстүрлі ауыз әдебиеті кейіпкерлерін оңды қолданғанын байқаймыз. Сонымен бірге, «Атылған жемтігіне барыстардай, / Ауада айқыш-ұйқыш жалын ұшты», «Бурардай құтырынып жын бүріккен, / Өртті жұрт сабалады туырлықпен» сынды метафоралы теңеулер де шығарма әрін арттыра түскендей.

Қаулаған өрттің суретін шығармада көрнекі бейнелеген ақынның қолданысындағы кейіптеулердің («жарысты жапан түзде от-сұлулар, түріліп қызыл-шымқай желге етегі»; «лаулаған жарқ-жұрқ етіп жал-құйрығы, жүйткіді өрттің күрең сәйгүлігі»; «аң біткен аласұрып от ішінде, үрейден көздеріне қан құйылды»; «ашылып аждаһадай от араны, талғамай жұтты қамыс, қопа, қауды; киіздер желпілдеді от үстінде, оқ тиген қанатындай шағаланың» т.б.) не бір шұрайлы түрі кездеседі. Бұл мысалдардан ақынның қазақ тілінің бай қорын терең меңгергендігін байқаймыз.

Поэмада автор Темір Масин бейнесін сонау соғыста жүрген кездегідей алып суреттейді:

Қатерден қорғалақтап бой жасырмай,
Темір жүр жұртты басап қолбасыдай!
Бар ойы – сұрапылдың алдын бөгеу,
Сонау бір ауыл қонған жонға асырмай.
Ашу да,
Өңеш жыртқан өктем үн де,
Орынсыз абыржу да жоқ Темірде
Шектелмей жалаң жарлық, құр нұсқаумен,
Бейнетке тосады иық көппен бірге.

Жалынмен арпалысып, шайқасқан ерлердің бар қаруы – кетпен, тырма, айыр, күрек. Қосалқы көмек келіп жеткенше айдалада ғайыптан от аралы пайда болған. Қолдан келген бар амал-айлаларын іске асырып жатқан елге жігер, дем беріп жүрген Темірге бағынған ерлер де командирдің нұсқау – бұйрығын бұлжытпай орындауда. «Сілтенер отқа қарсы қару болып, Кәдеге асты тулақ, құрым біткен», «Жалыннан бет шарпыған кірпік күйіп, Шыжғырды алақанды темір сүймен». Осылайша жан беріп, жан алысқан арпалыста Темір бейнесі бірте-бірте сатыланып, биіктей түседі. Жау жүрек батырды

ақын оның өткен ерлік жолдарымен байланыста алып, нысанға алған бейненің жан-жақты ашылуына көңіл бөледі.

Баяғы жалын атқан жас қалпы әлі,
Бұйрықтай ишарасы, қас қаққаны.
Сыналған сан шайқаста ротасын
Шыққандай шабуылға ол бастап тағы.
Қолға алып тізгінін бар арпалыстың,
Жалт та жұлт жанарынан атады ұшқын.
Дем беріп қалжыраған жұртқа сөзі,
Құяды бойларына қайта күш тың.

Күллі дүниені күйдіріп, бой бермей жатқан жалынды, қаулаған өртті бөгеу мүмкін болмады. Сұрапылға тосқауыл қоюдың айла-шарғысы да таусыла келді. «Беттетпей арпалысқан қалың күшті, / Шеттегі үйлерді де жалын құшты. / Ит ұлып, бала жылап, бота боздап, / Көмілді айғай-шуға ауыл үсті». Жер үсті лаулап, аспанды қою түтін жауып кеткен шақта: «Кенет бір жан ұшырған әйел даусы / Құлаққа өрт ішінен жетті талып». Мұқым ауыл дүрлігіп, «кім екен ол елден бөлініп қалған жан» десіп жатты. Әлде дәрменсіз, ғаріп жан ба екен? «Шырылдап отқа түсіп сәбиі үшін, / Ана ма кезген шарлап жалын ішін?» әлде «Қарғаған кемпір ме әлде бір құдайды? / Келін бе жаңа түскен гүл шырайлы?» / Әйтеуір, кім де болса, / От ішінде, / Құлындай қайран өмір шырқырайды!». «Тілсіз жау өшірер ме қапылыста, / Әлдебір қыршын жастың жарығын шын?». Бұл сұмдық көрініске қарап, тұру Темірдей батырға үлкен сын. Талай жаудан тайсалмаған қайран, ердің бейнесін, ерлікке толы іс-әрекетін эпик ақын С. Даумов жан бітіре, оқырманын бейжай қалдырмайтындай етіп суреттейді.

Құйылып қорғасындай мұң-жүрекке,
Жоқ болды Темір демде сүңгіп өртке.
Жалынды жарып өтіп,
Келеді алып
Жаңағы дауыс шыққан үйді бетке.

От ішінде қыранша аққан батырдың денесін жыланша шаққан жалын қанша бөгесе де, ердің көз алдын өрт-мұнар бүркесе де, асыл ер шыдап бағуда. Айнала ысылдаған не бір түрлі үн сиқырлы от сұлулардай сақ-сақ күліп, бет-көзге күл-қоқырын шашып, қияметтің қыл көпірін еске түсіргендей болады.

Еліктей торға түсіп алас ұрған
Жас қызды көрді ол оттың арасынан.
Мойнына «Ағатайлап!» кетті асыла,
Шығардай атып көзі шарасынан.
Жұбатқан естімейді үнді де түк,
Денесі қалшылдайды дір-дір етіп.
Көтеріп қызды Темір ұшты кері
Табанын қызыл шокқа күлдіретіп.

Сүрініп-қабынып алға аршындай ұмтылған батырдың түтіннен нұр жанары да ашылмай қалды. Әйтсе де, «Ауырлап қыз салмағын алқынады, / «Тіл» алып қайтқан жаудан барлаушыдай» деп сипаттайды ақын оны. Қарға адым жер жеткізбей діңкелетсе де, шыдап баққан ер өз өрлігінен таймады.

Темірді азап жаншып талықсытты,
Қиналып, қабағын ол анық шытты.
Өрімдей бір өмірді,
Тәлтіректеп,
Қып-қызыл өрт ішінен алып шықты!

Армансыз жеткен жандай тілегіне,
Құлады жетіп оттың жиегіне.
Қоршаған жұрт алдында жатты Темір,
Өрт шалған бәйтеректей күйе-күйе...

Міне, осылайша жас өмірді, тіршілік иесін өрттен құтқаруда Темір Масин мерт болды. Арада қаншама жылдар өтсе де ерлік іс ұмытылмасы анық. Бір кезде Темір басшы армандаған шөлейт далаға каналдар жүргізу жүйесі, аптапты-аңызқты өлкені суландыру мәселесі де іске асырылып, кейінгі ұрпақ оның қызығын көруде. «Алмасын жаз аптабы, боран демі, / Қаншама тамыз өтті одан бері. / Бір кезде жалын шапқан қырқаларды / Қызыл гүл қызыл шоқтай орайды енді».

Таппайсың өрттің орнын іздегенмен,
Ылғалға, ырысқа да тұз кенелген
Жатады қан тамырдай бүлк-бүлк соғып
Каналдар атқылаған жүз көмейден.
Өткерген белдесумен, күресумен,
Шығарар шақты бірақ кім есінен?!
Бұл күнде баяғы қыз - бақытты ана,
Соқталдай Темір атты ұл өсірген.

Темір Масиннің бұл ерлігі хақында қазақ әдебиетінде ондаған-жиырмағана лирикалық өлең-жырлар дүниеге келді. Өткен ғасырдың 50-60 жылдарындағы поэзияда Батыр ерлігін үлгі еткен көркем дүниелер қаншама?! Алайда кең құлашты эпикадағы Т. Масин бейнесін жан-жақты ашып көрсеткен туынды есебінде С. Даумовтың бұл поэмасын ерекше атап өткен жөн. Әу бастан деректі, тарихи оқиғаларды көркем туындыға арқау етуді мақсат еткен С. Даумов стилінің бір қыры да осында жатса керек. Деректі оқиғаларды көркем туындыға айналдырудың шебері боп танылған С. Даумовтың «Жалын ғұмыр» поэмасы Т. Масиннің бейбіт күндегі ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі еткен, бояуы қанық патриоттық тақырыптағы мықты жазылған шығармалар қатарынан орын алары анық.

Аталған поэма хақында, ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Абай атындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ақұштап Бақтыгерееваның: «Ағамыздың тағы бір құнды шығармасы Совет Одағының Батыры Темір Масин туралы. Темір Масин соғыстан аман келіп, елдегі бейбіт өмірдегі адамдарға көмектесем деп күйіп өлгені айтылады. Қазір ғой, Темір Масиннің не есімін, не ескерткішін сыйлауды қойдық. Ел боламын деген ұрпақ осындай тарихты білгені дұрыс. Тарихты білмеген ұрпақ күні ертең өзін де сыйлата алмайды. Осындайда Сатыбалды Даумовтың шығармалары аз да болса көмекке келер еді дер едім» [8, 52 б.] - деуінде үлкен тәрбиелік мән-мағына жатқандығын аңдауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Даумов С. Жалын ғұмыр Кітапта: Толық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 2009. I том. - 288 б.
2. Даумов С. Тауқыметті тағдыр. Алма Оразбаеваның ғұмырнамасы / Роковая судьба. Жизнеописание Алмы Уразбаевой. - Алматы: Өлке, 2002. - 132 б.
3. Алма. Даумов С. Кітапта: Толық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2009. I том. - 288 б.
4. Даумов С. Елестер мен белестер. Кітапта: Толық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2009. I том. - 288 б.
5. Даумов С. Қанды ғасырға қарата. Кітапта: Толық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2009. I том. - 288 б.

6. Даумов С. Қоянды. Кітапта: Толық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2009. I том. - 288 б.
7. Масин Темір // Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2002. – 592 б.
8. Бақтыгереева А. Алтын бесік. Кітапта: Даумов С. Соңғы парыз. - Алматы: Хантәңірі, 2016. - 286 б.

А.З.Тілеуова, ф.ғ.к., доцент,

Г.К.Тәңірбергенова, филология магистрі.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті.

Ақтөбе, Қазақстан.

gulkatan@mail.ru

Әдебиетті жаңаша оқыту дегеніміз – оқу процесінің жұмысына белгілі бір өзгерістер ала келетін жаңалықты енгізу болып табылады. Дәстүрлі және инновациялық аспектілердің айырым жігін ашып көрсете отырып, бүгінгі заманның талап-тілектеріне сәйкес оқытудың жаңа жүйесін ұғыну, практика түрінде оны қолдану дағдысының қалыптасуы – білім сапасын арттырудағы бірден-бір тиімді жол болмақ. Әрі бұл кез келген мұғалім еңбегінің нәтижелілігін арттырады. Дәстүрлі оқу жүйесінің кейбір тиімді тұстары болғанымен, оның адамзат дамуындағы жаңа прогрессивті талаптарына жауап бере алмайтындығы әлдеқашан дәлелденді. Инновациялық оқыту технологияларын пайдалану – алдымен мұғалімді терең теориялық және тәжірибелік білімі терең, коммуникативтік біліктілігі артық, дамыған ұйымдастырушылық қабілеттері жеткілікті, ойлау икемділігі жоғары, шығармашылық белсенділігі мықты маман екендігін ерекшелеп көрсетеді.

Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты міндет – оқушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету. Оқу үрдісін жандандыру оқушылардың оқу материалының теориялық мазмұнын игеру жөніндегі еңбегін тиімді ұйымдастыру және олардың тәжірибелік іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Оқу үрдісінің тиімділігі мен сапасы мұғалімнің әдістемелік қайырымдылығы мен сабақ жүргізу тәсілдері мен әдістеріне, жаңа педагогикалық технологияларды игеруіне тікелей байланысты болады.

Инновациялық технологияның тиімді жақтары – білім сапасын арттыратын, жоғары нәтижеге жеткізетін процесс екендігіне көзіміз жетуде. Инновациялық іс-әрекеттің түп негізі – жаңа, соны сипаттағы үрдістерге жетуге, оның әдіс-тәсілдерін жетілдіруге бағытталған іс-әрекеттер, сол арқылы дәстүрлі қызмет саласындағы мешеу қалған элементтерден арылу. Педагогикалық технологияны игеруде қойылатын жаңа міндеттерді меңгеру оқытудың ең жоғары нәтижесіне жетуге мүмкіндік беретін оқу-тәрбие үрдісін ұтымды, әрі үйлесімді жобалап, ұйымдастырып басқаруды жүзеге асыруға тікелей байланысты. Жаңа педагогикалық жүйе жобасында оқытудың мазмұны, әдісі және түрі оқушының танымдық іс-әрекет ерекшелігін есепке алып анықтауды қажет етеді.

Орта мектепте білім алатын балалардың қай-қайсысы да – даму деңгейі, үлгерім деңгейі, оқуға ықылас қояу деңгейі, қызығушылықтары мен денсаулық жағдайы әр түрлі болып келеді. Дәстүрлі оқытудың ұйымдастырылуы кезінде мұғалім олардың бәрінің ынта-ыждағатын бір мезгілде біркелкі қамти алмайтын жағдайлар кездеседі. Олардың ынта-ықыластары да әр текті боп келеді. Біреулері – жай ойлана қабылдайды, бірақ қорытындысы өнімді. Біреулері – ұйымшылдықпен жұмыс істесе, біреулері – көңіл-күйдің иесі болып, күйгелектеніп, біркелкі жұмыс өндірмейді, біреулері – ықыластана жұмыстанса, біреулері – айту, тапсыру бойынша жұмыстанып, ынтасыз орындайды. Осындай балалардың шығармашылығын дамытуда ұстаз түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануы қажет.

Қазіргі заман мектебі жоғары деңгейде маманданған кәсіпқой мұғалімді күтуде. Бүкіл әлем бұл күнде тәлім-тәрбие қызметіне ең білгір, ең талантты, өте жауапкершіл педагог-мамандардың қажеттігін мойындатуда. Сондықтан да педагог білікті маман, өз ісінің шебері болуы керек. Ол үшін алдымен, жаңа педагогикалық инновациялық әдіс-тәсілдерді игерген жөн. «Педагогикалық технология – оқу-тәрбие үрдісінің шығармашылықпен оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі, технология – ақырғы мақсатқа жететін әрекеттер жүйесі» [1,5].

Әдебиет – өміртану құралы. Оның орта мектепте оқытылатын пәндерден басты айырмашылығы да осында. Әдебиетті меңгеруде оны шынайы өмірмен, тарихпен сабақтастыра откізу анағұрлым тиімді. Қазіргі таңда аталған мәселені функционалдық сауаттылық деп атап жүрміз.

Функционалдық сауаттылық – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы. Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Оқушы бойындағы функционалдық дағдылар негізінен орта мектепте қалыптасады. Оған мынадай факторлар әсер етеді:

- 1) білім беру мазмұны;
- 2) оқыту нысандары мен әдіс-тәсілдері;
- 3) оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау, мотивация беру;
- 4) мектептен тыс және қосымша білім беру;
- 5) мектепті басқару жүйесі;
- 6) достық пен ізгілікке бағытталған қалыпты білім беру ортасының болуы;
- 7) балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ата-аналардың белсенді рөлі.

XXI ғасыр – қатаң бәсекенің ғасыры. Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт, XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында», – [2,1] деген болатын. Расында да, қазіргі қоғам шығармашыл, әрі заманның талабына тез ілесетін мамандарды қажет етіп отыр. Ал болашақ маманды тәрбиелейтін ортаның бірі – мектеп. Осы мақсатқа жетуге функционалдық сауаттылық көмектеседі. Бұдан аңғарғанымыз, бұрынғыдай жаттанды білім мен жаппай жақсы, орташа, төмен оқитын оқушы деп бағалау жүйесінің мүлдем дұрыс еместігін көпшілік түсінуі керек. Ол үшін әрине, орта мектепте берілетін білім өмірмен, қоғаммен тікелей байланысты болуы міндетті.

Халықаралық PISA, TIMSS зерттеулерінің нәтижесі біздің еліміздегі орта білімнің сапасы бойынша төмен нәтижелер көрсетіп тұр. Бұндай сараптамалар бізден әлемдегі өзгерістерге сәйкес құндылықтар мен білім маңызын қайта қарауды қажет етеді. Осы мәселелерді шешу үшін орта мектептің пән мұғалімдерінің жұмыс жүйесіне өзгерістер енгізу керектігі туындады.

Жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін баланың бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осыған байланысты орта мектеп оқулықтарында да халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттерді сипаттайтын тапсырмалар жүйесі әлі де молынан берілуі тиіс деп есептейміз.

Қазақ әдебиетін оқыту – жоғары оқу орындары мен орта мектептерге ортақ аса өзекті мәселе. Балаларды фольклор мен әдебиет мұралары үлгілерінің эстетикалық ықпалымен тәрбиелеудің негізі отбасыларында қаланады. Сөз өнері ықпалымен тәрбиелеудің балабақшалардағы тәлім-тәрбиелік іс-шаралармен сабақтасатыны – дәстүрге айналған үрдіс. Ал, орта мектеп пен жоғары оқу орындары үшін қазақ сөз өнері қазынасындағы фольклор мен әдебиет мұраларын тереңдете, жан-жақты оқыту – үнемі назарда болып келген жалпыхалықтық, мемлекеттік маңызды іс.

Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Мектепте білім беру ісіндегі басты бағдар – оқушылардың тек шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара

тұлға етіп әзірлеу. Ол үшін ең біріншіден, өз таңдаулары бойынша оқытудың ұстанымын жүзеге асыру, яғни денсаулығын, дамуын, қызығуын ескеріп, мүмкіндіктерін ашу. Екіншіден, оқыту үрдісінің сапасын арттырудың басты құрамды бөлігі – жақсы түсінікті тілмен жазылған оқулық. Оқушы өздігінен оқуы тиіс, ал мұғалімнің негізгі көңіл аударатын жайы: әрбір оқушының жеке қызығуы мен мүмкіндіктерін ашу. Әрбір оқушы басқа оқушымен салыстырылмайды. Керісінше дамуына қарай ол өзімен салыстырылады. Мұғалімнің кез келген сабағы шығармашылық сипатта өткізіліп отырса, оқушы дербестігінің қалыптасуы жоғары деңгейге көтерілері сөзсіз [3,34].

Жалпы өз тәжірибемізден байқағанымыздай, ұлттық-танымдық тапсырмалар – білім алушылардың ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиялына қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оқушыларды әсіресе, «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Оқушы ойынның үстінде, не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Мұндайда мұғалім әр оқушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы да зор: ол баланы зеректікке, білгірлікке, ыждағатты ойлауға баулиды. Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге, сөз әсемдігін сезінуге үйретеді, батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді.

Мектептегі «Қазақ әдебиеті» пәнін қазіргі талаптарға сай оқытуда оқушылардың өзіндік ерекшеліктері, қызығушылықтары басты назарда болғаны дұрыс. Сол себепті пәнді оқытуда баланың танымдық ой-өрісін, эстетикалық талғамын, шығармашылық ойлауын дамытуға, қатысымдық іскерліктерінің шындалуына оң ықпал ететін оқыту әдіс-тәсілдері таңдап алынады. Оқушының ізденімпаздығын, белсенділігін, өз бетімен жұмыс істеу қабілетін, шығармашылық ойлауын қалыптастыруда олардың өзіндік ерекшеліктері, қабілет-қарымдары ескеріледі. Танымдық, креативтік іскерліктерді дамытуға мүмкіндік беретін шығармашылық тапсырмаларды орындау оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға жетелейді. Сөйтіп, әдебиетті оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып оқыту, білім мазмұнын меңгертуде басты ұстанымдардың бірі болмақ.

Еліміздегі білім беру саласын модернизациялау, оқытудың басқа да әдістеріне де өз әсерін тигізіп отыр. Соңғы жылдары өзіндік іс-әрекетін жандандыруға бағытталған оқыту тәсілдерін іздестіру белсенді түрде жүргізіліп келеді. Өзіндік реттеу негізінде оқу тәсіліне баса көңіл бөлінеді. Бұл концептуалдық тұжырымды жүзеге асыру жөнінен жобалау тәсілінің зор мүмкіншіліктері бар.

Оқушыларды сөйлеуге, өз ойларын жеткізе білуге, пікірталастыруға тек арнайы бақылау кезінде емес, оқыту барысында, күнделікті сабақта, тіпті сабақтан тыс жұмыстарда да қалыптастырып үйрету қажет. Ұстаздың рөлі тек емтихан алып, баға қоюмен шектелмейді, сабақты бере білуі мен оқушыларды еңбекке баулып, тәрбиелеуі және пәнге қызығушылығын арттырумен айқындалады. Ал оқушы білімнің сапасы – мұғалім білімділігі мен біліктілігінің, іскерлігінің айнасы. Нарық заңдылығына сүйенсек, кез келген өнімнің сапасын өндіруші емес, оны тұтынушы анықтауы, бағалауы қажет. Сондықтан, мұғалімнің берген білімін, оның өзі ғана емес, басқалардың бағалағаны жөн болады.

Сонымен, оқыту әдістері ынталандыру мен оқу мотивін айқындау, іс-әрекетін ұйымдастыру мен жүзеге асыру, бақылау мен өзін-өзі бақылау тәсілдерінен тұрады. Әдістер белгілі бір оқу құралдарын пайдалануды талап етеді, әрі оқу процесінің барлық компоненттерімен, яғни мақсаты, міндеті, түрлері, ұйымдастыру түрі, басқа құралдарымен бірлікте, байланыста қарастырылады. Қ.Жұбанов та өз еңбектерінде теориялық білімі жетік мұғалімнің әдістемені өзі жасап алатындығын айтқан болатын, яғни теориялық білімі терең мұғалім қашан да өзі жаңа әдістер табатыны анық.

Оқушылардың білуге деген ынтасы мен мүмкіндігін толық пайдалану және сабақ барысында алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін көркем шығармаларды оқытуда ұлттық-танымдық тапсырмалар түрлерін пайдаланудың орны ерекше. Берілген тапсырмалар баланың жылдам ойлау, ізденімпаздық қабілеттерін арттырады, сөздік қорларын молайтуға көмектеседі. Мұнымен қатар, сабақ үстінде аталған тапсырмаларды қолдану оқушылардың оқып отырған сабағына деген қызығушылығын арттырады, оған белсенді түрде

қатысып, түсінбегенін түсінуге мүмкіндік туғызады. Оқу материалын салт-дәстүрмен сабақтастырып түсіндіру де пән тақырыптарын тез, жылдам меңгертуге ықпал етеді. Оқушының сөздік қорын байыта түседі. Қорыта айтарымыз, орта мектептерде ұлттың өткен тарихымен, мәдениетімен байланысты құрылған тапсырмалар санын арттыру керек. Пән мұғалімдері осы жайтқа көбірек назар аударса. Ол үшін әрине, арнайы танымдық-ұлттық тапсырмаларды саралап, жүйелеп, мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігіне сай ұсына білуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – Москва: Народные образование, 1998.
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // <http://www.akorda.kz>
3. Тілеуова А.З., Тәңірбергенова Г.К. қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2018.
4. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы, 2009.

«Диалектілік сипаттағы кәсіби сөздер» тақырыбын меңгерудің жаңартылған білім мазмұнына сай әдіс-тәсілдері

*Ниязғалиева А.Ә.-ф.ғ.к., доцент
БҚО, Орал қ., М.Өтемісов ат. БҚМУ*

Қазіргі кезеңде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алууда. Мектеп мұғалімдері сияқты ЖОО оқытушыларының да алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру. Бұл жөнінде ҚР «Білім туралы» Заңының 8-бабында: «Білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу»-деп атап көрсетілген.

Педагогикалық технология – оқытушының кәсіби қызметін жаңартушы және нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Осы заманғы білім беру жүйесінде білім берудің даму бағыты мен тенденцияларын қамтитын 50-ден астам технологиялары қолданылып жүргендігі мәлім. Әсіресе, сыни тұрғыдан ойлау, ойын арқылы оқыту, деңгейлік саралап оқыту, модульдік оқыту, дамыта оқыту, оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесі, кредиттік оқыту, қашықтықтан оқыту, бағдарламалап оқыту, компьютерлік оқыту технологиялары жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде белсенді қолданылуда. Мақсат - ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, жасөспірімнің қабілетін, талантын ашу, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа баули отырып, білім, білік, дағдылар күзінеттіліктерін қалыптастыру.

Бүгінгі жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі идеясы – «білген аз, сол білгенінді іске қолдана білу» дегенге саяды. XXI ғасыр білекке емес – білімге, күшке емес – епке тоқтаған заман. Сол себепті де қазіргі таңда студентке қандай білім беремін деп емес, студент алған білімін өмірде жүзеге асыра ала ма деп ойлану керек сияқты, өйткені ЖОО-ны бітірген, ұстаз мамандығын алып шыққан көпшілік жастар мектепке барудан бас тартып, басқа салада еңбек істеуге бейім. Бұның сан алуан себептері мен салдары бар десек те, екінші бір себебі ЖОО-да берілетін білімнің теориялық жағы басым да, практикалық жағының кемшін жатуында болса керек. Күн сайын күрделеніп, өзгеріп және тез жетіліп келе жатқан, біз өмір сүріп жатқан әлемде білімді болу жеткіліксіз. Сондықтан қоғамдағы проблемаларды шеше алатын, шешім қабылдайтын, сындарлы ойлайтын, идеялар мен өнімді пікір ұсына алатын, топтарда да, жеке де тиімді жұмыс істейтін икемді, креативті, бастамашылық қабілеті бар жастар, мамандар тәрбиелеп, өсіруіміз қажет. Бұл орайда Қазақ елінің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа Жолдауында: «Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» деген болатын[1].

«Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұрын құятын жалын иесі» деген чех педагогі Я.А.Коменскийдің сөзі қай қоғамда да орта

мектептегі мұғалімнің, ЖОО-дағы оқытушының рөлі зор екенін, жаңашылдығымен, ізденімпаздылығымен заман көшін алға бастайтын көшбасшы болу керектігін аңғартады. Ендеше, бүгінгі Ұстаз оқытудың жаңа әдістерін дұрыс тандап, оқытуды ұйымдастырудың формасын дәл анықтап, студенттің қызығушылығын, ізденімпаздығын, шығармашылығын қалыптастыратын тапсырмаларды ойластырып, студенттің өзін-өзі басқаруын, өз әрекетіне өзіндік баға беруге дағдыландыруға ерекше көңіл бөлгені жөн.

Қазіргі уақытта мектеп мұғалімдері мен ЖОО оқытушылары «Өрлеу» республикалық ғылыми-әдістемелік орталығынан білімдерін жетілдіріп, тәжірибе алмасып, жаңартылған білім беру мазмұнын игеруде біршама жұмыстар атқарып келеді. Соның айғағы, жаңартылған оқу бағдарламасындағы «шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау» құндылығын студенттердің бойында қалыптастыру жолында оқу мақсаттарына сай жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді сабақ үрдісінде қолдану «Қазақ диалектологиясы» пәнін оқытуда да қолданыс табуда. Диалектология – көп жылдардан бері жоғары оқу орындарының бағдарламаларына еніп, оқытылып келе жатқан ғылыми курс. Бұл курстың өзіндік мақсаты мен міндеті қазақ диалектологиясының зерттеу нысанын белгілеу, диалектілердің пайда болу, қалыптасу жолдарын көрсету, зерттелу тарихынан хабардар ету, өзге ғылымдармен байланысына көз жеткізіп, әр сөйленіске тән фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерді саралау, диалектілік кірме сөздер мен кәсіби сөздерді анықтау, сырт жерлерде тұратын қазақтардың(Өзбекстан, Қарақалпақстан, Тәжікстан, Алтай өңірінде) тіліндегі жергілікті ерекшеліктермен таныстырып, диалектілердің тілді шұбарлау мен әдеби тілді байытудағы орнын көрсету. Бұл турасында кеше ғана ортамыздан бақилық болған, ғалымдықтың да, адамдықтың да ерен үлгісін көрсеткен академик Әбдуәлі Қайдаровтың айтқан мына бір тұжырымын тілімізге тиек етсек болғаны: «...Әдеби тіл мен жергілікті тіл ерекшеліктері арасында қытай қорғаны жоқ. Әдеби тіліміз атқаратын қызметіне байланысты жергілікті халық тіліне ықпал жасап, оны игеруге, өзіне керегін алып, кәдесіне жаратуға тырысады. Және де бұл – тіл дамуына қажетті процесс» [2].

«Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету барысында студенттер өз ойын, пікірін жүйелі түрде жеткізе біледі, тереңінен салыстыра отырып ойланады, өзіндік идеяларын ұсынуға дағдыланады.

Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясының бірі – Блум таксономиясы. Блум таксономиясының деңгейлері төмен деңгейден басталып, орта, жоғары деңгейге дейін көтеріледі. Бұлай оқу студенттер үшін тиімді, себебі студенттер өздері білетіндерінен бастап, бірте-бірте жаңа тақырыппен ұштастыра отырып, білімін толықтыра түседі. Сондай-ақ берілетін тапсырмалар әр түрлі болғандықтан студенттердің қызығушылығын оятады, сыни тұрғыдан ойлауға белсенділігі артады. Әр деңгейде оқулықты қайталайтын тапсырма ұсынбай, оның ауқымынан шығып, материалды дамыту, тереңдету немесе оның негізінде жаңа ақпарат, ұғым құрастыруды талап ететін тапсырма берген жөн. Сол сабақта іске асырылатын деңгейлердің барлығына жеке-жеке бағалау критерийлері және тапсырма мен дескрипторлар құрылады. Тапсырманы әр студент дескрипторларға қарай отырып, өз деңгейінде орындайтын болады.

Сөзіміз дәлелді болу үшін және өз тәжірибеммен бөлісу мақсатында «Диалектілік сипаттағы кәсіби сөздер» тақырыбындағы практикалық сабақ жоспарын назарларыңызға ұсынамын.

| ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР | | | |
|----------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|--|
| Пәні: <i>Қазақ диалектологиясы</i> | | | |
| Сабақтың тақырыбы: <i>Диалектілік сипаттағы кәсіби сөздер</i> | | Мұғалімнің аты-жөні: <i>Ниязғалиева Ақзия Әділқызы</i> | |
| Топ: ҚТӘ-23, ҚТОМҚТӘ-21 | Қатысқан студенттер саны: 24 | Қатыспаған студенттер саны: 0 | |
| Сабақ негізделген оқу мақсаттары | Студенттермен алдыңғы сабақтарда өтілген тақырыптарды еске түсіре отыра диалектілік сипаттағы кәсіби сөздер мен әдеби тіліміздегі кәсіби сөздерді, оларды ажыратудың амал-тәсілдерін, бұл туралы академиктер Ш.Ш.Сарыбаев пен Ә.Т.Қайдаровтың айтқан тұжырымдарын ескерту, оқытудағы мақсатты ұғындыру. | | |

| | | |
|----------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|
| Сабақ нәтижесі: | Студенттер диалектілік кәсіби лексика мен әдеби тіліміздегі кәсіби сөздерді салыстырып, диалектологияның қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарымен байланысын, тілдік ерекшеліктердің халық тілінің бір бөлшегі екендігін, әдеби тілімізді байытуға өзіндік үлесінің бар екендігін ұғынады. | |
| Бағалау критерийі | <ul style="list-style-type: none"> ➢ Лексикалық ерекшеліктермен таныса отырып, диалектілік кәсіби сөздермен танысады, түрлерін анықтайды, әдеби тілмен салыстырады. ➢ Өз аймақтарында кездесетін диалектілік кәсіби сөздермен топты хабардар етеді. | |
| Тілдік күзіреттілік | Лингвистика, фонетика, лексикология, морфология, синтаксис салаларынан алған білімдерін жинақтап, пайдаға асырады. | |
| Ресурстар | Ғ.Қалиев пен Ш.Сарыбаевтың «Қазақ диалектологиясы» оқулығы, А.Ә.Ниязғалиева мен Г.Г.Тұрғаналиеваның «Қазақ диалектологиясы» оқу-әдістемелік құралы, постер, маркер, | |
| Сабақ барысында жүзеге асатын құндылықтар | Осыған дейін жинақталған білімді қолдана білу, өзара түсінушілік, ынтымақтастық, өз ойын ашық жеткізу. Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау. | |
| Әдіс-тәсілдер | Сұрақ-жауап, баяндау, түсіндіру, анализ, синтез, редукция, дедукция | |
| Пәнаралық байланыс | Әдебиет, тарих, жағырапия, биология, сурет, информатика | |
| Алдыңғы оқу | Диалектология ғылымы, нысаны, салалары, зерттелуі, өзге ғылымдармен байланысы, диалектілік лексика, сөйленістердегі лексикалық ерекшеліктер. | |
| Сабақтың жоспары | | |
| Жоспарланған уақыт: 2.02.2019 ж. сағ. 9.00. ауд. 416. | Сабақ барысы : | Ресурстар |
| Басталуы 5 мин | <p>«Блум таксономиясы»</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бағалау • Жинақтау • Талдау • Қолдану • Түсіну • Білу <p>Ой қозғау Карусель әдісі бойынша «Кім зерек?» ойынын ойнау. Топқа бөлу. Кәсіби сөздердің суреттерін пайдалана отырып, төрт топқа бөлу (балық, бау-бақша, мақта, су)</p> <p>Дискриптор: Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> ➢ Диалектілік кәсіби сөздерге мысалдар ойлайды ➢ Диалектілік кәсіби сөздерді әдеби тілдегі кәсіби сөздерден ажыратады ➢ Диалектілік кәсіби сөздерді лексика-семантикалық жақтан топтастыра білуі | Балықтар,көкөністер,мақта,с у шаруашылығы бейнеленген суреттер |
| | • Түсіну | |

| | | |
|-------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|
| <p>Сабақтың ортасы 10 мин</p> | <p>Постер қорғау арқылы тақырыптарды қарастыру. 1- топ.Диалектология ғылымы және оның салалары 2-топ.Диалектология ғылымының өзге ғылымдармен байланысы 3-топ.Диалектологияның ғылым ретінде зерттелуі 4-топ.Жергілікті ерекшеліктердің әдеби тілді байытудағы рөлі (академик Ә.Қайдаровтың, Ш.Сарыбаевтың пікірлері)</p> <p>Дискриптор: Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Диалектология ғылымының зерттеу нысанын білу ➤ Диалектология ғылымының зерттелуінен хабардар бола отырып, қазақ диалектологтарының еңбектері, тұжырым – көзқарастарын саралайды. ➤ Әдеби тіл мен жергілікті тіл ерекшеліктерінің арасындағы байланысты дәлелдей біледі. ➤ топ болып тақырыпты дәлелдермен, ғылыми көзқарастармен қорғайды | <p>Marker-board</p> |
| <p>10 мин</p> | <p>* Қолдану</p> <p>Топтастыру әдісі арқылы берілген тілдік ерекшеліктердің кәсіптің қай түріне жататындығын әркім өзінің тобына қарай анықтап, әдеби тілдегі баламасын табуы керек: таутан, әттік, аскәді, әнер, дінке, дарбыз, сүген, торлама, бір иін су, қолшық, ақан ау, қақпыш, бәдірен, топырақ суы, келімдәрі, жам, күнбағар, қоза, ботташық, терім, қозапая, қаяз.</p> <p>Дискриптор: Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Сөздікпен жұмыстана білуге дағдыланады ➤ Диалектілік кәсіби сөздердің әдеби тілдегі баламаларын біліп, есте сақтауға машықтанады. ➤ Диалектілік кәсіби сөзер әдеби тілді байытудың бірден-бір көзі екендігін бағамдайды. | <p>Стикерлер арқылы</p> |
| <p>Аяқталуы Сабақты бекіту 5 мин</p> | <p>• Талдау</p> <p>Ыстық орындық әдісі (Әр топтан бір студент шығып, ортадағы орындыққа отырып, оқытушының атаған диалектісіне тән сөздерді анықтап, лексикалық талдау жүргізеді).</p> <p>Жар, пісте, аша, белкүрек, дарбаза, дәліз, ноян//жоян, сүгірет, теппе, шаппа, оттық, там, кәлла, мүштау, ілес, күнт, кемпірауыз,</p> | |

бишік, құрамыс, күршек.

| Батыс | Шығыс | Оңтүстік |
|-------|-------|----------|
| | | |


Рефлексия
5 мин

Дискриптор: *Білім алушы*

- Қазақ тіліндегі төрт сөйленісті ажырата білу
- Диалектілік сөздердің әдеби тілдегі баламаларын біліп, есте сақтауға машықтанады.
- Диалекті мен говорды ажыратып, лексикалық талдау жүргізе білу.

• **Жинақтау**

Ассоциация әдісі арқылы студенттер тақтаға шығып, білгендерін жазады.



Дискриптор: *Білім алушы*

- Әр сөйленіске тән диалектілік кәсіби сөздердерге мысалдар келтіре білу.
- Әдеби тілімізді байытудағы рөлін дәлелдей алу.
- Диалектолог-ғалымдардың көзқарастары мен ой-тұжырымдарына өзіндік пікір білдіру.

Бағалау

«Смайликтер» әдісі арқылы топтар бір-бірін бағалайды.

«ҚҚҚ» әдісі арқылы бүгінгі сабақты қорытындылаймыз. (Үш қызық, үш құнды, үш қиын мәліметтерді студенттер айтады)

.....
Әдеби тілде баламасы толық жоқ, бірақ ерте ме, кеш пе, әйтеуір оның бір кәдесіне жарауға тиісті диалектизмдерге кәсіби сөздер, яғни жергілікті халықтың кәсібiне, әлеуметтік тiршiлiгiне, шаруашылық жағдайына, табиғи ерекшелiгiне байланысты ұғымдардың атаулары жататындығын болашақ тiл мамандары ретiнде бiлулерi артық болмасы анық.

Қорыта айтқанда, Блум таксономиясымен сабақ өткiзудiң тиiмдi жолдары мол. Себебi: тақырып түгел қамтылады; бiр сабақта деңгейлеп бiрнеше тапсырмалар орындалады; сабаққа

студенттер белсенді түрде қатысып, өз ойын, пікірін дәлелдеуге дағдыланады; ұжымда жұмыс істеп, өзара қарым-қатынас әдебін игереді; әр студент білім деңгейін байқап, өзін-өзі бағалап отырады, жұптық бағалау, ал сабақ соңында топ көшбасшылары топты критериймен бағалап отырады. Бұған қоса, әр ұстаздың өзіндік әдіс-тәсілі, қиял ұшқырлығы мен қарымы, шеберлігі қосылады. Осылайша, тәжірибе алмасу, жақсыдан үйрену – шәкірт тәрбиелеп өсіру мақсатындағы келелі іс болмақ.

Конференция жұмысына және конференцияға қатысушы мектеп және жоғарғы оқу орындарының ұстаздарына табыс, сәттілік тілеймін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы.
- 2.Қайдаров Ә.Т. Сөз өнері дертпен тең. Қазақ әдебиеті. 1993, 29 маусым.
- 3.Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері – Оқу құралы. Алматы, 2013.
- 4.Қазақстан Республикасында білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. -Астана, 2011.
- 5.Райысов У.Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы.- Астана, 2016.

Қазақ әдебиетін оқытуда интербелсенді әдістердің тиімді тұстары

Г.К.Тәңірбергенова

филология магистрі

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік

университетінің аға оқытушысы,

Ақтөбе, Қазақстан.

gulkatan@mail.ru

Оқытушының қазіргі оқу әдістерін жетік меңгеруі шеберліктің бір қыры боп есептелінеді. Оған қоса, білім алушылардың іс-әрекетін қуаттау, бағыт-бағдар беру, белгілі бір мақсатты әрекетке ынталандыру да жаңа талаптардың бірі десек болады. «Оқыту – бұл адамның кез келген бір оқу мүмкіндігімен өзара әрекеттестік кезіндегі мінезін қалыптастыру үшін жинақталған бейімділік, өмірлік тәжірибе, әлеуметтік қатынастар, құндылықтар, пікірлер мен сенімдердің күрделі құрамы. Оны мектептен, жоғары оқу орындарынан және де өмірлік тәжірибеден жинақтауға болады. Адамзат уақыт талабынан қалмау үшін өмір бойына оқып өтуіне тура келеді» [1,45].

Бүгінгі таңда білім алу кеңістігі анағұрлым ұлғайды. Образды түрде айтар болсақ, ақпарат ағыны буырқанған теңіз толқындары сияқты. Сондықтан бүгінгінің адамдарының алдында, теңіз толқынынан кемесін өзіндік айла-тәсілдерімен аударып алмай аман шығу, болмаса ағынның жетегінде кетіп, өз бағдарынан ауытқып қалу, тоқырау, тежелу сияқты дағдарыстар бар. Сол себепті де, жоғары мектепте білім алатын студент жастарға алдымен, өмір бойы қажетті біліп алу және де қажетті білімін бәсекеге толы заманымызда өзінің, мемлекеттің игілігіне, дамуына жарату міндеті тұрғанынын саналы түрде үйренткеніміз жөн.

Бізге дейін ұрпақ, яғни кеңес заманында өмір сүріп, қатаң стереотиппен өмір сүрген ұрпақ жоғары білім санаулы адамдарға ғана тиесілі, ол кез келгеннің уысына түспеуі қажет деген негізсіз ұстанымды алға тартып келді. Әрине өткен қоғамды қаралап, тарихты жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, кейбір қажетсіз, қазақы ортаны жаңылдыратын ескі пікірлерден ада болып, сана ашықтығын ұстанған дұрыс. Осы сана, бәсеке деген ұғымдардың барлығын кезінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында тәпшітеп түсіндіріп берген болатын. Міне сол сияқты, біз өмір сүріп отырған бүгінгі күнде әрбір қазақстандық жас жоғары білім алу мүмкіндігінен шеттетілмеуі тиіс. Ол ақылы ма, әлде мемлекеттік тапсырыс негізінде білім ала ма, бастысы саналы ғұмырында өзіне қажетті тереңдік пен жан-жақтылықты, бейімділік пен жаңашылдықты ұғынғаны дұрыс. Оған қоса, бір мамандықты таңдап, зейнет жасына дейін жаны қаласа да, қаламаса да дипломды «кәдеге асыру» деген жаңсақтықтан

жастарымыз қателеспесе дейміз. Жаны қаламаған кәсіптен өзі рухани ләззат алмайтыны және қоғам одан еш пайда көрмейтіндігін сезінуі тиіс. Оқытушы ретінде, өз студенттеріме «мұғалімдікті жаныңыз қаламаса, өзіңізді рухани дерттен құтқарыңыз. Жаны ауру мұғалім, сырқат оқушы тәрбиелейді» дегенді жиі айтамын. Сол себепті, біз алдымен мектеп жасындағы балаларымыздың «Кім боламын?» деген арман қанатын өсіріп, қомдап, дем бергеніміз дұрыс. Арманшыл, қиялшыл бала болашақ қоғамның негізін қалайды. Үлкен мақсаттар мен ғылыми жеңістер, жетістіктер осы «арман қанатынан» бастау алары анық.

Қазақ қашаннан баласын бесікте жатқан кезеңінен сөзбен, сөздің құдіретімен, киесімен тәрбиеледі. Ауыз әдебиетіміздегі ел қорғаны болған батырлар, ақылды да, сұлу қыздар, елін сүйген данышпан билер мен қаһарман хандар, жомарт байлар, еңбекқор кедейлер (кейіннен бай болады), өз туған үйінен бақыт іздеп шығып, мұратына жетіп жатқан осындай жағымды образдарды шебер бейнелеген ертегілердің өзі жас өркенді өмірлік мақсатқа жетелейді. Осындай ұлы мақсатқа жетелейтін туындыларды біз мектеп жасындағы балаларға қандай дендеу оқыта алып жатырмыз. Және де оны қалай оқытпақпыз?

Әдебиет тікелей өмірмен, өнермен сабақтас пән. Жаңашылдықты, жаңғыруды, жасампаздықты қажет етеді. Заман ағымын ескерсек, қазіргі оқушыны таңқалдыру, оларды білімнің қажеттігіне сендіру өте күрделі, тіпті қиын десек те болады. Қоғамдағы жағдай, халықтың әлеуметтік тұрмысындағы өзгерістер, рухани құндылықтарға деген көзқарастың төмендеуі орта мектептің оқушысының санасына, дамуына, қай тұрғыдан болса да әсер етері анық. Осы тұста қазақ әдебиетінен сабақ беретін мұғалімдер барынша дәлелдеп сендіру, шәкірттің қызығушылығын арттыру, талап ете білу, тұлғалық қабілеттерін ашып, дамыту және т.б. ықпал түрлерін іске асыруда хас шеберге айналуы тиіс. Ол үшін алдымен, ескі көзқарастан ажырап, әдебиетті оқытудың, оқыта білудің жаңаша әдістеріне көшкен дұрыс.

Әдебиетті білу – ол әдеби туындының өзегін дөп тауып, өмірлік кәдеге жаратуымен өлшенуі тиіс. Ол үшін әрине көркем шығарманы мұғалім өзі толық игеруі шарт.

Қазіргі оқыту жүйесінде біз жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беру деген тіркесті көптеп қолданамыз. Ал әдебиетті жаңаша оқыту дегеніміз не? Кейбір пән мұғалімдері оны жеті модульді жүзеге асырумен өлшейді. Яғни, түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, «шоу» түрінде сабақ өткізсем, пәнді оқытуда мақсатыма жеттім деп есептейді. Ал шындығында осындай «қойылым» сабақтардың бала үшін қаншалықты пайдасы бар?

Әдебиет ол өз алдына өнер. А.Байтұрсынов көрсеткен өнер түрлерінің ішіндегі ең маңыздысы да. Қазақ әдебиетін оқытуда әр оқытушы өз алдына сан түрлі мақсаттар қояды. Өз тәжірибемізден аңғарғанымыздай, дұрыс қойылған мақсат әр сабақтың нәтижелілігіне, оның маңызына және қызықты өтуіне бірме-бір әсер етеді. Мұғалімнің мақсаты дәл айқындалғанда, тақырыпты игерту үшін қолданылатын әдіс-тәсілдерде тиімділігі арта түседі. Жасалған жұмыстың қорытындысы, сапасы артады. Мәселен, сабақ деген сөздің анықтамасынан гөрі, оның түпкі мағынасы үлкен тереңдікті білдіреді. Мектеп қабырғасында оқытылатын әрбір пән бойынша өтетін оқу материалдары бала үшін ертеңгі шынайы өмірінде қажетті сабақ, яғни болашақ өмірінің кәдесіне жарайтын ақпарат, таным, пікір, үйрену болуы керек.

Жеке тұлғаны қалыптастыруда әр пәннің өзіндік орны бар болғанымен, барлық білімнің негізі, оны игеру құрамы болып саналатын әдебиет пәнінің атқаратын қызметі өте үлкен. Өйткені, ғылымның қай саласына қатысты болса да білімді меңгеруге қажетті ой қорыту, оны дәлелді түрде дәйектілікпен айта білу, оқығанын жүйелі баяндау секілді іскерлік дағдыларды, тілдік фактілерді, оның ішкі заңдылықтарын оқушы тану арқылы игереді. Ішкі дүниесі бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі тіл байлығы. Өз ойын нақты, терең мағыналы, әрі көркем жеткізе білетін, шешен де, ойлы сөйлей білетін, Абайша айтқанда, жүрекке жылы тиетін, «айналасы теп-тегіс жұмыр келетін» сөз құдіретін игерген адамда ғана тұлғалық қасиет қалыптасады.

Әдеби нұсқаларды оқытуда басты талап, көркем туындының негізгі өзегін, қаламгердің басты идеясын оқушыға жеткізе білу. Мәселен, Аяз би ертегісі, «Қыз Жібек» лиро-эпостық жыры, М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы», М.Жұмабаевтың «Батыр Баяны» және т.б. туындылардың тізбегін жалғастырып кете беруге болады. Бұл шығармалардың әрқайсының өзіндік тереңдігі мен тағылымдық мән-мағынасы бар. Жаңартылған білім мазмұны бойынша бұл шығармалардың барлығына кем дегенде бес-алты сағат берілген. Тапсырмалар түрі сан алуан.

Бірақ, басты талап оқушының әрбір туындыдан рухани азық алуында жатыр. Сол себепті, шығарманы оқи отырып, қазақтың ұлт ретінде болмысын танып, оның ұлылығын, өресінің биіктігін бала сезініп, өз ұлтының сана биіктігімен мақтанып, марқая алуы тиіс. Көптеген, әдістемелік басылымдарда әдебиеттен сабақ беретін мұғалімдер бұрыннан дәстүрлі жүйеде қалыптасқан көзқарастан арыла алмай келеді, байды, ханды – жағымсыз бейнеде, кедейді дәріптеу, ертеден бергі салт-дәстүрімізде қалыптасқан танымымызды ескінің жұрнағы деп қарастыру – әлі де кездеседі деген пікірлер көптеп айтылады. Расында да, қазіргі қоғамның сұранысы мен қажеттілігі мүлдем ерек. Бұрынғы дәстүрлі оқыту ол «дайын асқа тік қасық» сынды, белгілі бір қасаң шарттардан, жаттандылықтан тұрды. Ол өткен заманның шеңберден шықпайтын адамы үшін қолайлы болғанымен, бүгінгі туысы мен ойлауы мүлдем бөлек балаларымыз үшін есте үйлеспейтін жүйе. «Дьюи «дәстүрлі» білім беруді енжарлықпен білім алу үрдісі ретінде сипаттайды және өзара әрекеттің немес сыни қатысудың төмен деңгейін қажет ететін жаттап алу әдісін сынайды. Ал «дәстүрлі оқыту» қандай оқыту? Ол – қазіргі мұғалімнің 45 минуттағы іс-әрекеті. Мұғалім кіреді, сабақ сұрайды, сабақ түсіндіреді. 4-5 оқушыны бағалайды, қалғандары сол қалпында қалады. Бұл жердегі мұғалім тарапынан берілген дайын білімге оқушылар өздігінен әрі қарай дамыту, іздену, ойласу, атсалысу, салыстыру, пікір алысу, пікір таластыру т.б. жайлар қолға алынбайды. Мұндай білімнің аясы тар, көбінесе жаттанды еске сақтауға алып келеді. Сондықтан көбінесе санада механикалық есте сақтау арқылы алынған білім ойлаудың төменгі деңгейінде ғана жүзеге асырылады. Ары қарай терең ойлану үрдісі іске асырылмайды» [1,33].

Жалпы көркем туындыны балаға оқыту барысында, шығармаға, ондағы кейіпкердің әрекетіне сын көзбен қарауды үйреткен жөн. Бұрынғы қалыптасқан дағды бойынша шығарманы құр мазмұндатып немесе жатқа өлеңді оқығаны үшін бағалау анау айтқандай нәтиже бермейді. Мұндай оқытудан қазақ әдебиетінің оқырманын да қалыптастыра алмаймыз. Жаңартылға білім мазмұны бойынша бар басымдылық оқушыға беріледі. Мәселен, өз сабақтарымда көркем туындыны игеруде Insert, Джигсо, Үш қадамдық сұхбат, Стикерлі диалог әдісін қолданамын. Дәріс сабақтарында да бұрынғы дәстүрлі оқытудағыдай, оқытушының баяндауымен оқылатын дәріс тезисі алдын ала беріледі, болмаса смартфондарына хабарлама ретінде жіберіліп, студент өзіне қажет деген тұсын ғана дәптеріне түсіріп алады. Ал негізгі басымдылық көркем туындыны талдауға, пікір айтуға, достары арқылы білім алуға беріледі. Ал практикалық сабақта студент негізгі тақырып тәңірегінде барынша өз бетімен әрекет ету мүмкіндігіне ие болады. Әдетте, орта мектепте қолданылатын әдіс-тәсілдер туралы бұрынғы оқыту жүйесі бойынша студенттердің бірнешеуі сабақ айтып, қалғандары «тыңдаушы» ретінде пассив рөл атқаратын. Ал қазіргі практикалық сабақтарда топқа немесе жұпқа, үштікке белгілі бір әдіс туралы жазылған нұсқаулықты беріп, өздері жаңа оқыту әдісімен танысып, оны қалай қолдану қажеттігі туралы ақылдаса отырып, өз курстастарына тәжірибе ретінде көрсетіп шығады. Бірлесе жұмыс жасай отырып, жетістікке ұмтылады. Шағын топтар арасынан лидерлер шығады. Ұйымдастырушылық, шығармашылық қабілеті бар білім алушылар өз қабілеттерін одан әрі дамытып, өзін-өзі көрсетіп, мүмкіндігін бағлай алады.

Оқытудың жаңа инновациялық тәсілдері бойынша білімді дайын күйінде беруден гөрі, студенттердің өздігінен оқып, ақпаратпен танысып, оны қорытып, сабақ айтуы, кері байланыс есебінде түрлі әдістермен рефлексия жасату тиімді екеніне көзіміз жетті. Кері байланыс жасауды үйренуде бір күннің іс-әрекеті емес, оған да белгілі бір уақыт, ізденіс, оқушының бейімі қажет. Рефлексия арқылы алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдеп, қолданылған әдіс-тәсілдерінің тиімді, не тиімсіз болғанын анықтап, орындалған іс-әрекетін нақты зерделей білсе, бұл да оң нәтиже береді. «Мұнда балаларға еркіндік беріледі. Тіпті олардың қате жауаптарын да дұрыс деп есептейді. Олардың ой тұжырымдамасында, баланың қателіктері арқылы үйренуі сол жасына, ситуациясына байланысты лайықты деп есептеледі. Бірақ бала күндердің күнінде де өз ойларын дамыта отырып қателігін білетін, әрі түзейтін болады деп сенеді. Бірақ қалай болғанда да оқытуды ұйымдастырудаға көшбасшылық ұстаздың еншісінде болуы тиіс. Сондықтан да қазіргі таңдағы әрбір ұстаздың әс-әрекеті ерекше шығармашылық сипатта болуы керек» [2,27].

Оқу мен оқытудағы жаңашылдықты қабылдап, оны ілгерлетуде ұстаздар қауымының жігері мен шыдамдылығы аса қажет. Бәрімізге белгілі оқу үрдісі екіге бөлінеді. Алғашқысы

мұғалімнің оқытуы; екіншісі оқушының өз бетінше оқуы. Жаңалықтың бәрі де соңғысымен байланысты. Оған қоса, білімді беруде, білім алуда мотивация да болуы қажет. Ол үшін студенттер белгілі бір пәнді оқуда қандай да бір арнайы смарт мақсат құрастырып, өзіндік жежені анықтап алады.

Ұстаз өмір бойы бала тәрбиесіне ықпал етуімен айналысады. Оқытушының беделді болуының алғы шарттары бірі – оның балаға үлгілі көрсетіп және тура жол көрсетуші болуы керек. Шебер педагог көзі қарақты, құлағы сергек, көкірегі ояу, білім беру саласында атқарылып жатқан игі істердің қашанда куәсі. Сонымен бірге, жаныңды шуаққа бөлеп, үлкен үмітке жетелеуші, білім беру саласын, мұғалімдік мамандықтың сыры мен қырын шебер меңгерген, сол кәсіптің ыстығы мен суығын өзі басынан кешірген адам, нағыз ұстаз, шынайы бапкердей болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Боранбаев Ж., Омарова Л. Қазақ мектептерінде «Кембридж» тәсіліне негізделген жаңаша оқытудың бүгінгі баспалдақтары. – Алматы: Білім, 2012.-272 б.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану.– Алматы, 2013.-448б.
3. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – Москва: Народные образование, 1998.-256 с.

Жаңартылған білім бағдарламасы: қазақ тіл мен әдебиетін оқыту мәселелерінде лирикалық шығармаларды талдаудың тиімді жолдары

*Амангалиева Жеміс Ғалымжановна
БҚО, Теректі ауданы, Федоровка ауылы,
Федоровка қазақ жалпы орта білім беретін
мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі*

XXI ғасырға аяқ басқан жаңалықтарға толы заманаға үн қосу қазіргі заман мұғалімінен үлкен еңбекті талап етеді. Заманауи мұғалім қай жағынан болса да жаңалықтар мен идеялардың жаршысы бола ала ма? Бұл көкейтесті мәселелер ұстаз жүрегіне ой салары сөзсіз. Қай кезеңде де адам руханиятын алға жетелейтін басты күш әдебиет болып келеді. Бүгінгі таңда "Жастарымыз әдебиеттен қол үзіп барады. Көркем шығарманы мүлдем оқымайды,"- деген пікірлерді жиі естіп қаламыз. Осындай сыни пікір әдебиетші мұғалімдердің намысын қамшылайтыны да бар. Әдебиет-сөз өнері. Ол баланың талғамын, мінезін, танымын қалыптастырады. Әдебиеттің ғажап жанрының бірі- лирика. Ғалымдар лирикаға "адамның көңіл күйін күйттейтін поэзия" деген анықтама береді. Жалпы лирикалық шығармаларды қалай оқытамыз, оқушы жүрегіне қалай жеткіземіз деген мәселелер туралы ой бөліскім келеді. Лириканы оқыту күрделілігі оның жанрлық ерекшелігінде ғана емес, ең бастысы, оқушылардың оған деген көзқарасы мен қарым-қатынасында. Лириканы оқытудың басты мақсаттарының бірі- оқушыларды поэзияны сүйе білуге баулу, оның кестелі тілін сезіне білуге, эстетикалық ләззат ала білуге, әдемі, көркем сөйлей білуге баулу болып табылады[1, 133-б.].

Оқушылардың көбі поэзиядан гөрі қызықты сюжеті, мазмұны бар прозаны жақсы көреді. Ендеше өз әдістемелік тәжірибемде кездескен лириканы оқытудағы қиындықтарды төмендегіше жүйелегім келеді:

- Лирикалық шығарманың идеясын таныту;
- Лирикалық қаһарманға мінездеме беру;
- Өлеңнің көркем тілін талдау.

Осы бағытта жұмыстана жүріп, поэзияны оқытуда мына жағдайларға көңіл бөлуді жөн көрдім:

- Оқушыларды сөздікпен жұмыс жасауға үйрету;
- Пәнаралық байланысқа мән беру;
- Әдеби-теориялық ұғымдарды таныту;
- Оқушылар шығармашылығын дамыту.

Осы мәселелер ұстаздың жетелеуі арқылы шешімін табады, бірақ жаңа заман

мұғалімінің міндеті оқушыны білімді "тұтынушы" емес, жаңаны "өндіруші" рөліне енгізу. Заманауи білім берудегі негізгі мақсат "XXI ғасырда нені оқыту керек?" және "Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?" деген көкейтесті сұрақтарға жауап іздейді. Жаңа білім берудің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады. Оқытудың қандай жолы қолданылса да, "оқыту тиімділігі" ұғымына қатысты қарастырылатын екі түрлі көзқарас бар: біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден, оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы[2, 9-б.].

Ж.Аймауытов: "Мағжан- сыршыл ақын. Мағжан сөзінде "тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін" үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес" деген.

5-сыныпта М.Жұмабаевтің "Сағындым" өлеңі берілген. Өлең белгілі тарихи кезеңнен хабар береді. Сондықтан қазақтың зиялы қауымына қырғындай тиген Қуғын-сүргін жылдарын оқушы білмесе, ақынның көңіл-күйін, оның сағынышын оқушы қалай таниды? Жалпы өз тәжірибемде оқушыға алдын-ала берілген тапсырманың нәтижесі мол екеніне көзім жетті. Тапсырманы жалпы сыныпқа емес, қабілетті оқушыға беруге болады. Осы өлеңді оқымас бұрын мен оқушыға Алашорда туралы мәлімет жинақтауды тапсырамын. Қазіргі оқушылардың дүниетанымы кең, олар кез келген ақпаратты жинай алады. Осы -мәліметпен танысып алған соң ғана өлеңді талдаймыз.

Сонда "Ақынның негізгі ойы қай шумақта берілген?" деген сұраққа оқушы:

-Не көрсем де Алаш үшін көргенім,

Маған артық ұлтым үшін өлгенім.

Мен өлсем де Алаш өлмес, көркейер,

Істей берсін қолдарынан келгенін,- деген жауапты оңай табары сөзсіз. Өз сабақтарымда сын тұрғысынан ойлау технологиясын кеңінен қолданамын.

"Екі жақты күнделік" әдісі арқылы оқушылардың өзіндік ойын, пікірін дамытуға болады.

| Ақын сөзі | Менің ойым |
|------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| арашығым, құлыным деп зарлаған, лыстағы сорлы анамды сағындым. | оқушы: Ақын өзі қиналса да, анасын көп імдайды. Ол анасын сорлы деп ттайды. Себебі баласы түрмеде отырса, ы одан екі есе көп күйзеледі. |
| бақтыда айдан, күннен жаңылдым, арғайдым ғой, сар даламды сағындым. | оқушы: Абақтының іші өте қараңғы. Ақын дала, еркіндікті аңсап отыр. |

7-сыныпта берілген С.Сейфуллиннің "Сырсандық" өлеңін талдау кезінде :

-Шырқ айналар шіркін тауық

Жемің болса қолыңда.

Жем таусылса жалт береді,

Сенерлік дос санама, деген шумақтағы "жанама" сөзіне сөздікте "қосарлану, қабаттасу әрекеті" деген түсінік берілген. [3, 191-б.].

Осыны білген оқушы "жанама" сөзінің сенімсіз дос ұғымында қолданылғанын түсінеді. Өлеңдегі лирикалық қаһарман:

Сарыарқаның бір тауы бар,

Бір тауы бар сымбатты, деп суреттеледі. Осыны түсіндіре отырып, символ ұғымына тоқталуымыз қажет. Өлеңге сатылай кешенді талдау жасау

нәтижелі екенін білдім. Себебі оқушы "Сарыарқаның тауы" дегенді символ деп ойласа, неге олай ойлайтынын, яғни символдың анықтамасын айтып беруі тиіс. Қадыр Мырза Әлі шығармашылығын оқытудағы негізгі мәселе – Қадыр

поэзиясы мен өмірін қазақтың тарихымен сабақтастыру, сол арқылы ақынның идеялық мұратын таныту. Ақын поэзиясы қазақ халқы өмірінің көркемдік шежіресі, әдебиеттегі образды тарихы деуге де болады. Әркім-ақ айта алатын, әркім-ақ көре алатын құбылысты Қадыр ақын өзінше танып, өзінше толғайды.

Жанартаудың сөнгендері даңқты,

Атылмаған жанартаулар қауіпті,- деп ақын өзі жырлағандай, өлең өлкесіне жанартау шабытпен келіп, тыңнан соқпақ салған Қадыр ақынның өмірі өлеңінде, ал өлеңі өмірінде жатқандай.

З.Қабдолов "сылдырап өңкей келісім" деп көркемдегендей, поэзия- жанның толғанысы. Айналамыздағы құбылыстарды ақындық түйсікпен танып, ақын көңілімен зерделеп, ақын тілімен жырлай алмаймыз. Бір құбылысты әр ақын өзіндік көзқараспен, өзіндік шабытпен жырлайды. Сондықтан поэзияны оқу өз алдына, ондағы идеяны, ақынның айтқысы келген ойын кез келген адамның бірден түйсінуі – қиын нәрсе. Көпшілік тәжірибеде өлеңді өткен кезде оқушы сол өлеңді тиянақты жаттап, мәнерлеп айтып берсе, оқушы сол өлеңді мықты түсінді деп ойлайды. Оқушы оны түсінді ме, әлде механикалық түрде жаттап алды ма, белгісіз. Сонда мұғалім оқушыны өлеңді талдағаны үшін емес, жаттағаны, яғни есте сақтау деңгейін бағалайды.

Өлеңнің идеясын тану өлеңді түсінуден басталады. Поэзиялық шығарманы оқып өздігінен түсіну 5-сынып оқушысына қиын тиері анық. Ал мәтінді меңгерту үшін оның көркем тілін талдау арқылы қол жеткізуге болады. Ол үшін топтық тапсырмаларды пайдалану ыңғайлы.

Тапсырма үлгісі:

Бәрі де, Ана,

Бір өзіңнен басталды.

Жанарыңнан көрдім алғаш аспанды.

Еркелесем, бір өзіңе еркелеп,

Жасқандым ба,

Тек өзіңнен жасқандым.


1. Ақынның анасына деген сезімін білдіретін сөздердің астын сыз.

2. Ауыспалы мағынада тұрған сөздерді табындар.

3. Анаға деген ыстық сезімінді білдіретін сөздерді жаз.

Өлеңнің мазмұнын талдауда мұғалім қоятын сұрақтардың маңызы зор. Дұрыс бағытталған сұрақ – дұрыс жауаптың кепілі. Сондықтан балаға қоятын әр сұраққа үлкен жауапкершілікпен қараймын. "Өлеңді оқығанда қандай күйде болдың?" дегеннен гөрі "Өлеңде сезіміңе әсер еткен жолдарды айтасың ба?" деген тиімді болар еді.

"Кәрі қыран" өлеңі – терең философияға құрылған өлең. Алғаш оқыған кезде өлеңді түсіну қиын. Оқушының бойында аяныш сезімі пайда болары анық. Бірақ өлеңді талдауға оқушыны дұрыс бағыттап алсақ, оның алғашқы әсері серпілері сөзсіз. Осы тақырыпта А.есімді оқушым өз эссесін былайша толғапты



Бұл- оқушының сөз құдіретін тануы. Жалпы, қазір "компьютербасты" балалар кітап оқуды қойды деген пікірді жиі естіп жүрміз. Біздің оқулықтарымызда ақын-жазушылар өмірі аз ғана мәліметтермен шектеледі. Орта мектеп оқушысының білім сапасы Ұлттық бірыңғай тест қорытындысымен өлшенетіні белгілі. Ал тестілеу оқушының сөйлеу тілін, сөздік қорын байытпайды. Мысалы, Абайдың "Жаз" өлеңінің мазмұны мен көркем тілі маңызды емес, оның қашан жазылғанын білу маңыздырақ.

Сондықтан өз тәжірибеде ақын өмірін меңгертуге арналған мәтін-тапсырмаларды қолданып жүрмін. Мысалы: ақын өзінің "Иірім" атты кітабында қиын кезеңге тап келген балалық шағы туралы:

"Жартылай аш, жартылай жалаңаш өмір кештік. Нанды талонмен алатынбыз. Оның өзіне түнімен кезекте тұрып, әрең қолымыз жететін. Сондықтан оқуды қоя тұруыма тура келді. Мені төрт жыл бойы оқытқан ұстазымның арқасында ғана мен мектеп интернатқа орналасып, оқуымды жалғастырдым,"-деп жазады.[4, 15-б.]. Қазір адамдар тойынған. Бала кезімізде әжеміз наннан ауыз тиіп бізге беретін. Ал бүгінгі бала шеті бөлінген нанды біреудің қалдығы деп аузына алмайды.Бұл үзінді арқылы оқушыны бір үзім нанның қадірін түсінуге,

өзіне жақсылық жасаған адамның мейірімін үнемі ұмытпауға тәрбиелесек, оқушы сыныпта алған білімді өз өмірінде пайдалана алар еді. Мұндай мәтін тапсырмалар арқылы біз балаларды реферат жұмыстарын жазған кезде интернеттен алып келген дайын нәрсені оқып беріп баға алудан алшақтатар едік.

1956 жылы Бенджамин Блумның төрағалық етуімен білім беру комитеті әзірлеген Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Бұл жұмыстың мақсаты үш бағыт бойынша: танымдық, эмоционалдық және психомоторлық жағынан оқушыларды оқыту мақсаттарының тізімін жасау болатын. Блум таксономиясының мақсаты-оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру мақсатында педагогтерді өздерінің күші мен назарын барлық үш салаға бірдей аударуға ынталандыру.

Деңгейлік курс кезеңінде тренеріміз айтып берген мысал менің Блум таксономиясына қызығушылығымды оятты. Ол Блум жүйесі бойынша ойыншық машина сатып алып берген баланың әрекеті негізінде сипатталады.

Білу: кішкентай бала машинаны көрді, оның машина екенін білді.

Түсіну: бала оның ойнау үшін алынғанын түсінді.

Қолдану: оны жүргізіп ойнай бастайды, борты болса, құм салады.

Талдау: енді оның бөлшектерін ажыратады, алып тастайды.

Жинақтау: машинаны қайтадан жинақтайды, кейбір бөлшектері керек емес, оны салмайды.

Бағалау: баланың қызығушылығы басылды. "Маған енді жаңа машина сатып алу керек" деп өз бағасын береді. Осы бір қарапайым мысал күрделі де қиын таксономияның мәнін ұқтырды. Блум таксономиясы арқылы мен оқушылардың ойлау дағдыларының қаншалықты деңгейде екенін бағдарлауға болатынын түсіндім. Жоғары дәрежелі сұрақтар балалардан ақпаратты белгілі бір дәрежеде қолдануды, дамытуды, бағалауды, талдауды талап етеді. Ал Блум таксономиясы сұрақтарға берілген жауаптарды жіктеудің тиімді моделін ұсынады. Ал оқушы әрбір лирикалық шығарманы ойыншық машина сияқты талдап берсе, қандай ғажап!

Өз сабақтарымда Блум негінде жасалған бағалау парағын қолданып келемін. Бұны оқушы өзі толтырады. Мысалы: Абайдың "Ғылым таппай мақтанба" өлеңі туралы ойлау деңгейін Г.есімді оқушым былайша анықтапты:

| | |
|----------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Білдім | қу мен білім маған қажет. Ақын бізді жақсылыққа жетелейді. |
| Түсіндім | өлеңдегі араб сөздерінің мағынасын таныдым. |
| Қолдана аламын | бай айтқан бес асыл қасиетті бойымда қалыптастыруға тырысып мін. Мен еріншектіктен арылуым керек. |
| Талдаймын | байдың осы өлеңін С.Торайғыровтың "Шәкірт ойы" деген өлеңімен аныстыруға болады екен. |
| Жинақтаймын | қынның: Ондай болмақ қайда деп, йтпа ғылым сүйсеңіз, деген жолдары маған ой салды. |
| Бағалаймын | деген тәрбие беретін асыл сөздер Абай жырларында екен ғой. |

Оқушы тек өзінің ойлау деңгейін ғана бағалап отырған жоқ, сабақтың нәтижесін бағалап отыр. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, әрбір он баланың біреуі дарынды болады екен. Сыныптағы барлық оқушының ең болмаса бесеуі шығарманы осылай талдай алатын болса, біздің, әдебиетші мұғалімдердің, мақсатының орындалғаны шығар деп ойлаймын. Сондықтан оқушылардың бойында әдебиетті сүю, өлеңді сезіне оқу, оны зерделі талдауға ұмтылу дағдыларын қалыптастыру жолында еңбектеніп келемін.

Ұстаз еңбегі ізденіске, тынымсыз еңбекке толы болғанда ғана жемісті, нәтижелі болмақ. Бұл менің ұстаздық қағидам. Біздің жемісіміз- оқушы. Ол- болашақтың жасаушысы, азат елдің ұрпақтары. Мен шәкірттеріме сенемін. Осы сенім мені үнемі алға жетелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. "Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы" Қ.Бітібаева
2. "Мұғалімге арналған нұсқаулық"
3. "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі" Б.Қалиев
4. "Иірім" Қ.Мырза Әлі

Жаңартылған білім бағдарламасы: қазақ тіл мен әдебиетін оқыту мәселелерінде Lesson Study арқылы оқушылардың қабілетін ашу жолдары

*Муканова Гулсайра Нурмахамбетовна
Теректі ауданы, Подстепный ауылы,
Подстепный №1 жалпы орта білім беретін
мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің
жоғары санатты мұғалімі*

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында,
ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»
Н.Ә.Назарбаев

Қазіргі кезеңде бұрынғы дәстүрлі болған қалыпты сабақ беру әдісін жаңа мазмұнда ұйымдастыру және жаңа технологияны пайдалана отырып түрлендіру-уақыт талабы. Өйткені бүгінгі қоғамдағы өзгерістер білім беру жүйесінде де, сабақтың жүргізілу барысына да, жаңа талап, жаңа міндет әкелді. Білім беру жүйесінің алдындағы жаңа міндеттердің бірі инновациялық педагогикалық оқыту технологияларын пайдаланып білім сапасын арттыру. Оқытудың негізгі қағидалары - балаға өз бетімен ықпал ету, өзіндік пікірлерін анық жүйелі жеткізе алатын жеке тұлға қалыптастыру, оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту.

Бүгінгі заман талабына сай білім беруде Lesson Study арқылы әрекет етудің тиімділігі мол. Lesson Study – мұғалімдердің сабақтағы іс-әрекеттерін зерттеу мен жақсартудың бірден-бір әдісі. Аталған әдістің негізі 19 ғасырдың 70- жылдары Жапонияда қаланып, батыс елдерінде 70 жыл бойы қолданылып келеді. Бірнеше мұғалімнің бірігіп құрған жоспары бойынша сабақ жүргізу, онда мақсатты бақылау жасап, оқыту мен сабақ берудің көрінісін талдауда ортақ шешімге келу арқылы келесі сабақты жоспарлаудың сабақ үрдісінің жоғары деңгейде құрылып, оқушының сапалы білімге қол жеткізуіне септігі зор. Менің ойымша, Lesson Study тиімділігі мынада:

1. Өріптестер арасында берік байланыс орнатады.
2. Мұғалімдердің оқушылардың қалай ойлайтынына көбірек назар аударуына көмектеседі.
3. Мұғалім Lesson Study үшін қажетті деректерді жинау үшін оқушыларды тыңдау керектегінің өзі – тиімді жұмыс.
4. Мұғалімдер оқушыларды тыңдауға, олардың не айтатынын құрметтеуге үйренеді және сабақты жоспарлау кезінде бұның құнды екендігін түсінеді.

5. Lesson Study үдерісі мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығын құруға ықпал етеді. Lesson Study-де ең бастысы «сабақты зерттеу» немесе «сабақты зерделеу» үдерісі болып табылады, бұл үдеріс барысында ынтымақтастық- тағы мұғалімдер оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтау мақсатында оқушылардың оқу үдерісін зерделейді. Мектебімізде үш деңгейлі курс бағдарламасын меңгерген 20 мұғалім бар. Осы мұғалімдердің қоғамдастығы оқыту мен оқу үдерісін бірлесіп жақсарту мақсатында Lesson Study тәсілін жүргіздік. Lesson Study – бұл сыныптағы іс-әрекеттегі зерттеу жұмысының ерекше түрі, ол мұғалімдер топтарының Lesson Study-ді бірлесіп жоспарлауын, оқуын,

қадағалауын, талдауын көздесе, осы жұмыстар бізде де жүргізіліп отырды. Мұғалімдер тобында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, I деңгейлі сертификатталушы Г.Н.Муканова, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, III деңгейлі сертификатталушы Ж.Ж.Есетова және зерттелетін сыныпқа (7 а) қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беруші өзім, «Лингвист» әдістемелік бірлестік жетекшісі И.Б.Базарова қатысты.

Сабақ жоспарларын бірлесе құрдық. Үш деңгейдегі «А», «В», «С» оқушыларды анықтап алдық. Зерттеуді, бағалауды, бақылауды, талдауды бірлесе жүргіздік. Оқушылармен сұхбат жүргіздік. Әріптестермен бөлістік. Неліктен бұл сыныпты таңдадық: дәстүрлі оқытудан жаңаша оқытуға қызығушылық таныту және осы сыныптағы Құсайын Нұржігіттің басқа қырынан қабілеті жақсы болғанымен, оқу үрдісіне қызығушылығының төмендігі.

Lesson Study тәсілін үш кезең бойынша өткіздік, әр кезеңде бақылаудағы үш оқушының жетістігі бақыланып отырды. Сабақ өткізілген соң қатынасшы мұғалімдер өз көзқарастарын білдіріп, талдау жасап, нені жақсарту керек, қандай жетіспеушіліктер болғаны ортаға салынды.

Lesson Study үдерісінде оқушының шығармашылық қабілетін дамыту жолдары екі кезең арқылы (оқушылардың жас ерекшелігі ескерілді) жүзеге асырылды.

Бірінші кезең – жаңаны, тың нәрсені дамыту, сезе білу, ойлау, түрткі идеяны табуға ұмтылу. Белгілі тақырыптарды өткеннен кейін төмендегідей талаптар бойынша жұмыс жүргізілді:

-Шығарманың мазмұны, тақырыбы жайында пікір жазу;

-Кейіпкер тобын ажыратып, олардың арасындағы шиеленісті түсіндіру;

-Ұнаған эпизодтарды баяндау;

-Шығарма мазмұнына сай қанатты сөздерді ойлап жазу;

-Мазмұны бойынша сұрақтар қою;

-Көркемдік ерекшелігіне талдау жүргізу;

-Әңгіме кейіпкерінің басындағы іс-әрекетті, көңіл-күйін өз басымен салыстыра отырып баяндау.

Екінші кезең – қиял, ұшқыр ой қызметінің батылдық ерекшелігі қалыптасады. Мұнда оқушының өзіндік ізденісі, пікірі, айтар ойы байқалады. Бұл – оқиға құрудың, образ жасау кезеңі. Оқушыға ертегі, әңгіме, мақалаларды жалғастырып жазу және аяқтау тапсырылады, оқиғаға тән көріністер,

суреттер, адам портреттері, түрлі сюжеттер құра алады. Оқушы сол көріністерді қиялмен, суретпен, оқиғаны дамыта отырып, шығармашылық жұмыс істейді.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашудың бір көзі - өз бетінше жұмыс істеу.

1. Логикалық ойын дамытатын тапсырмалар (сөзжұмбақ, ребус шешкізу, жұмбақ, мақал-мәтел, қанатты сөздер құрастыру).

2. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері (мәтінді өңдеу, берілген мәтіннен диалог құру, мәтін бойынша шешендік сөз құрау).

3. Өз ойынан еркін тақырыпқа құрастыруға берілген жұмыс түрлері (өлең, ертегі, эссе жазу, шағын әңгіме).

Оқушының шығармашылық қасиетін дамыту үшін басым міндетті оқушының өз қолына беріп отырған дұрыс. Анығырақ айтқанда, оқушы тапсырманың қорытынды пікірін, көркемдік ой-пікірін өздері айтып, өздері талдайды. Осы екі кезеңнен өткен оқушының белгілі дәрежеде тұлғалық мінезі қалыптасады. Зерттеу барысында: С-деңгейіндегі оқушы өзіне назар аударылған сайын қызығушылығы артқаны байқалды. Берілген тапсырмалармен жұмыс жасап үйренді. Жеңіл сұрақтарға жауап беріп, қатесін тауып, өз бетімен жұмыс жасауға ынталанды. В деңгейіндегі оқушы алған білімдерін қолданып, белсенді жұмыс жасай алды. Ізденушілік мақсатта жұмыс жасап, өз бетімен білім алуы үшін жоспар құра алды. Тіпті А деңгейіндегі оқушымен теңесті. А деңгейіндегі оқушы проблемалық сұрақтарды анықтап, жауап табуда ізденді, өз білімдерін шығармашылық тапсырмаларды орындауда қолданды. Топпен жұмыс кезінде көптеген жаңа қырларынан өздерін көрсете алды. А деңгейіндегі оқушы өзімен В деңгейіндегі оқушының теңескендігін сезінгендігі байқалды. Екеуі бір топқа түсу барысында сыни ойлана жауап берді.

Нәтижесінде оқушылардың сабаққа, пәнге деген қызығушылығы, сын тұрғыда ойлау көзқарастары артып түгелдей белсене қатысатын болды. Жеке жұмыс барысында сабаққа немқұрайлықпен қарайтын, қызығушылығы төмен Нұржігіт топтық жұмыста ынтасы артып, ой-өрістері дамып, жаңа қырларынан ашыла бастады. Мақпал топтық жұмыс кезінде өзіне деген сенімділігі, сұраққа жауап беру жылдамдығы, сыныптастырының алдында қысылу мінезі

жоғалып, өзін – өзі еркін ұстай алатындығы байқалды. Мақпалдың өзіне ғана емес, топқа деген жауапкершілігі бар екені де байқалды. Топпен жұмыс жасау Мақпалға әсер еткені соншалықты туа біткен байсалдылық, ұялшақтық, қоғамнан ерекшеленуді қалайтын мінезі байқалмай жоғарыда көрсетілген қасиеттері басымырақ болды, мүмкіндіктері де артты. Ал Нұржігіт топта басқа балалармен ой бөлісіп, өз ойын ортаға салып, жеке ой бары байқалды. Сыныптағы оқушылармен қарым-қатынасы күшейіп топпен ұйымшылдық, келісімділік, бір - біріне деген сенімділік, өзара пікір алмасу, түсіністікпен қарау, бір-біріне сенім арту белсенділігі байқалды.

Зерттеу соңында Lesson Study өткізуші мұғалімдер мынандай ұсыныстармен бөлісті:

- Өз бетімен жұмыс белгілі бір мақсатқа бағытталған, оқушы орындай алатындай етіп таңдалуы тиіс;
- Өз бетімен жұмыс оқушының бар ынтасын салып жұмыс істейтіндей, қызықты етіп дайындалуы керек;
- Алғашқыда қарапайым тапсырмалар алынуы керек;
- Деңгейлік тапсырмалар көбірек қолданылуы керек;
- Сыныптағы барлық оқушыға назар аударылуы керек;
- Бағалау тәсілдерін нақты, кеңірек қолдану қажеттілігі;

Іс-тәжірибе барысында оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді қолдану негізінде білім алушыларда мынадай өзгерістер мен нәтижелер болатынына көз жеткізілді: • бала алдына мақсат коюды үйренді;

- әр нәрсеге өз көзқарасын қалыптастырды;
- бұрынғы білетіндерін салыстырды;
- бірігіп жұмыс жасады, бір-бірімен тіл табысуды үйренді;
- қорытынды жасай алды;
- сыни көзқарастары қалыптасты;
- белсенді оқушының саны артты.

Қорыта келгенде, қай кезеңде де жаңа технология әдістерін қолдану мұғалімнің кәсіби, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да адами келбетінің қалыптасуына, өзін-өзі дамытуына, оқу- тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.«Ұлттың бәсекелестік қабілеті оның білімділігімен өлшенетінін» басты назарында ұстайтын Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сапалы білім берудің маңыздылығына ерекше мән беріп отыр. Мұндай ауқымды мақсатты білім саласының жасампаз жауынгерлері - мұғалімдер жүзеге асыратынын ескерсек, бар мәселенің түйіні педагогтардың қабілеті мен қарымына, танымы мен тағылымына байланысты екені хақ. Өйткені, бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі оқушы –дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнертапқыш, ізденімпаз, талапты, өз алдына мақсат қоя білетін жеке тұлға.Ендеше,әріптестерімді оқу үрдісінде оқушылардың бейімділігіне, өзінің шеберлігіне қарай жаңа технологияны үйлестіре білу жолында аянбай еңбектенуге шақырамын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1."Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы" Қ.Бітібаева
2. "Мұғалімге арналған нұсқаулық"
3. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы2017жыл№3

Жаңартылған білім бағдарламасы: қазақ тіл мен әдебиетін оқыту мәселелерінде білім мен білікті жаңғыртатын жаңа бағдарлама және критериялды бағалау

Халина Умит Жумақұловна

*«И.Тайманов атындағы негізгі жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

«Мұғалімнің айналысатыны — үнемі қозғалып, өзгеріп, өсетін, өркендейтін тірі адам (тұлға) болғандықтан, біркелкі әдіске табан тіреп шектеліп қалуға болмайды...»

Ж.Аймауытов

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Осы бағдарламаны іске асыру барысында 2016 жылдың сәуір айынан бастап елімізде бастауыш сынып мұғалімдеріне кәсіби біліктілігін арттыру курстары өткізіле бастады. Мен де Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуіне байланысты Атырау «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы ұйымдастырған 23 мамыр және 10 маусым аралығында «Жаңартылған бастауыш білім беру мазмұнын аясында» атты үш апталық курс тыңдаушысы болдым. Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Биылғы жаңа оқу жылынан бастап осы жүйе, яғни әлемдік тәжірибе еліміздің барлық мектептерінің бірінші сыныптарына енгізілді.

Мемлекет басшысының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 76,79, 89-қадамдарын және Білім мен ғылымды дамытудың 2016 — 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Білім және ғылым министрлігі жаңаша білім мазмұнына кезең-кезеңімен көшу жұмыстарын бастады. Білім беру жүйесіне енгізілетін реформа, ең алдымен, оқушыларға сапалы білім беруді, болашақта олардың әлемдік бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз етуді көздейді.

Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты — білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары). Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Тәжірибеден өткізу барысында бұл бағдарламаның ерекшелігіне көз жеткізе түскендеймін. Соның бірі коммуникативтік төрт дағдыға баса назар аударылуы. Осыған дейін оқылым мен жазылымға аса мән беріліп келсе, жаңа білім беру мазмұнында ең бірінші тыңдалым және айтылымға мән берілуінің қоғамдық қажеттіліктен туындағандығын тәжірибе барысы дәлелдеді. Себебі, тыңдалым дағдысының 6 жастағы балада емес үлкендер тарапында да жетіспейтіні жалған емес. Тыңдалым болмаған жағдайда қалған үш дағдының өз нәтижесін бермейтіндігі айдан анық жағдай. Сондықтан қазіргі күні оқу процесінде «ең бірінші тыңдаймыз» деп оқушылардың тыңдалымға дағдылануына баса назар аударып отыру оқушыда өз бетімен тыңдауға назар аудару дағдысын қалыптастыруда. Күнделікті сабақ басталмас бұрын бүгінгі сабақтың мақсатын таныстыру оқушыда өз алдына мақсат қоя білуге, сабақ соңында бүгінге мақсатқа қол жеткізгендіктеріне қайта шолу жасау арқылы өз нәтижесіне саралау жасауға

мүмкіндік беру бұл да жаңа білім беру мазмұнының жаңа бір қыры деп айта аламын. Әр пәнде үш тілділік саясатының жүзеге асуы және барлық пәнге тән ортақ тақырыптың болуы, сабақтың кіріктіріле өткізуге негізделуі оқушының белгілі бір тақырыпты жан-жақты қырынан зерттеуіне, өз бетімен тұжырым жасауына ықпал етеді.

Ата-ана үшін де бұл бағдарлама бір жағынан қорқыныш тудырса, екінші жағынан қызығушылық та тудырып отыр. Ата-аналар мәжілістерінде әр оқушының қалыптастырушы бағалау нәтижесін есеп беру бетшесі арқылы таныстырудың өзі ата-ана мен мұғалімдердің арасында ынтымақтаса жұмыс жасауға ықпал ететіндігін көрсетуде. Кері байланыс бетшесінде алған мәліметтерін, жазған ұсыныстарына қарай отырып, ата-ананың бағдарлама мақсатын түсінгендігін байқауға болады.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериальды бағалау жүйесіне көшті. Критериальды бағалау- оқушының оқу жетістігін бағалау. Бұл бүгінгі оқыту жүйесінде өзекті талаптардың бірі болып отыр. Критериальды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығы мен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсіл мен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериальды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдер де пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылым мен айналысуына ықыласын туғызады.

Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді. Әдістемелік материалдардың толық ресурсы: оқу бағдарламалары, оқулықтар, күнделікті сабақ жоспарлары, мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар, бағалау жөніндегі ұсынымдардың бәрі де дайын. Әр пән бойынша қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағын сайттарынан пайдаланып отырдық. Жинақ тапсырмалары оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының негізінде дайындалған. Бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар мұғалімнің ұқсастапсырмаларды құрастыруына, іріктеуіне, білім алушылардың оқу мақсаттарына жету бойынша сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруіне көмектесетін үлгілер болып табылады. Жинақта ұсынылатын сипаттама білім алушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып, тапсырмаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, бейімдеуге мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалау барысында оқушының білім деңгейлерін есепке алу журналы толтырылып отырды. Оқушы орындаған әр тапсырма барысында берілген дескрипторды басшылыққа ала отырып, әр оқушы жұмысына кері байланыс жазылып отырды және оны оқушы портфолиосына салынып, жинақталды. (1-сурет)

1-сурет. Оқушы портфолиосы. Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары

Ата – анамен байланыс орнату мақсатында апта сайын оқушының білім деңгейлері туралы хабарлама беріліп отырды.

2-сурет. Ата – анамен байланыс дәптері

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі біроқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Оқушы білімін бағалауға тоқталар болсам, жаңа білім беру мазмұнында бес балдық бағалау емес, критериальды бағалау арқылы бағалануы – оқушылардың оқу жетістіктерін нақты айқындалған, бірге даярланған, оқу үдерісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі, бастауыш білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сай критерийлермен салыстыруға негізделген бағалау үдерісі. Критериальды бағалау оқыту, тәлім-тәрбие беру және бағалаудың өзара байланысына негізделген.

Бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныстарда бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныс түрінде берілген.

Токсандық жиынтық бағалауды өткізу үшін спецификация мен балл қою кестесі ұсынылған. Спецификация стандартталған және оны тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуде басшылыққа алу міндеттелген.

Бұл бағалау жүйесінің оқушы үшін ерекше екендігін тәжірибе барысында байқадым. Мектепте «Токсандық жиынтық бағалауды өткізу туралы» 11.01.2017 ж №36 бұйрықпен 1 — сынып оқушыларының білімін критериалды бағалау жүйесін енгізу үдерісін үйлестіретін жауапты тұлға болып директордың оқу- тәрбие жөніндегі орынбасары тағайындалып, білім алушылардың тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарының нәтижесін талқылау үшін модерация өткізуге төмендегі құрамда комиссия құрылды:

Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулықты (Оқу-әдістемелік құрал) басшылыққа алып, аудандықбілім бөлімінің ұйымдастыруымен «Критериалды бағалау арқылы оқушы білімін бағалау» атты семинар өткізілді. Ол семинарда — критериалды бағалау жүйесінің терминдері менанықтамалары, қағидаларымен танысып, білім алушылардың оқу жетістіктерін,қалыптастырушы, жиынтық бағалаудың үдерістерін жоспарлау,ұйымдастыру кезінде мұғалімге көмек болатындай, тәжірибелік ұсыныстармен тоқсандық, жылдық баға қою механизмдері көрсетіліп, түсіндірілді.Қаңтар айының 12 жұлдызында математика пәнінен алғаш рет бөлім бойынша жиынтық бағалау өтілді. Төменде сол жиынтық бағалау жұмыстарының қортындысы: (3-сурет)

Математика пәні бойынша жиынтық бағалау тапсырмасы

Оқушылар бұл жұмысқа қызығушылықпен қатынасты. Алдына ала жинақ тапсырмалардан оқушыға тапсырмаларын, бағалау критерийлерін, рубрикасы шығарылды. Жұмыс уақыты 15 минут болатын. Жұмыс жекелеген оқушыларға қиындық тудырды. Дегенмен, әр оқушы қалыптастырушы бағалау кезінде алған білім деңгейлерін көрсете алды. Ата – аналарға осы жұмысқа байланысты рубрикалар таратылып, таныстырылды. (4-сурет)

4-сурет. Рубрика

Әр ата – ана өз баласының жеткен жетістігі мен кемшілігі туралы мәлімет алды. Әр пән бойынша білім алушының жиынтық бағалау кестесі толтырылды. (5-сурет)

5-сурет. Оқушылардың білімін есепке алу бетшесі мен журналы

Сонымен критериалды бағалау бізге не береді деген сұраққа тоқталсам:

Мұғалімдерге:

Білім беру сапасын арттыруға;

Оқытудың сапасын жақсартуға;

Әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;

Оқушыларға:

Өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;

Өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға;

Шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

Ата-аналарға:

Өз баласының оқытылу деңгейі туралы объективті дәлелдер алуға;

Баланың оқудағы прогресін қадағалауға;

Оқу үдерісінде оқушыға қолдау көрсетуге;

Мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен кері байланыс орнатуға;

Баласының мектепте және сыныпта жайлы сезінуіне сенімді болуына мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек.Бүгінгі заман талабы — жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Оқушы тұлға болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни

ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге, жалпы алғанда жеке адамның құзыреттіліктері қалыптасуы қажет.

Қорыта айтқанда, критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы біз оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттаймыз, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұлғалы нәтижеге, бағытқа жеткіземіз, білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез келген кезеңде анықтаймыз, әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауға қол жеткіземіз. Бүгінгі оқушының білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы жетілдіруге болатынына күнделікті оқу үдерісінде қолдануымыздан көз жеткізуге болады. Сыныбымда 10 оқушы бар. Математика пәнінен бөлім бойынша жүргізілген жиынтық бағалау барысында оқушылардың пайыздық есебі шығарылды: 100-81% — 4оқушы; 80-51% — 2 оқушы; 20-50% — 3 оқушының білім дәрежесі нақтыланды. Осы пайыздарды сайттарынан алынған электронды журналға тіркегенде әр оқушыға болжам бағалары қойылды: «5» — 4; «4»- 2;«3»- 3

Бағдарламаның ерекшелігін тәнті болғанымызбен әттеген-ай дерлік жағдайлар да кездесіп, мұғалім жұмысына кедергі келтіріп жатқан кездер де аз емес. Ол бағдарлама мен оқулықтың сәйкес келмеуі. Бұл ата-анаға да,оқушыға да,мұғалімге де аз қиындық болмай тұр.Әрине, жаңа бастаманың қашанда қиындығы да қызығы да аз болмайды. Бірақ осы үлкен міндетті абыроймен атқарып,шәкірттерді бәсекеге қабілетті жеке тұлға дәрежесіне жеткізе білу әр ұстаздың міндеті. Сондықтан заман талабына сай болып жатқан өзгерістерден қауіптенбей, мақсатқа сай,нәтиже аламыз деп сенемін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс тәсілдері»
А.А.Жайтапова, Г.А.Рудик, Е.В.Белошниченко, А.С.Сатывалдиева
 - 2.«XXI ғасыр педагогикасы мектеп табалдырығында». Ақпараттық әдістемелік дайджест. Алматы, 2009 ж.
 - 3.Көкіжанова Г.К. «Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий» – Педагогика, 2009 ж.
- Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. 2013 ж.

Жаңартылған білім бағдарламасы: қазақ тіл мен әдебиетін оқыту мәселелерінде диалогтік оқытудың тиімділігі

*Нагимова Бағдар Жанузаковна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
жоғары санатты мұғалімі
Батыс Қазақстан облысы
Теректі ауданы
Подстепный №1 ЖОББМ*

«Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырудың алғы шарты - өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, коммуникативті күзіретті, адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білетін, тілі дамыған жеке тұлғаны субъект ретінде дамыту және қалыптастыру», - деп 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасында көрсетілген [3. 1].

Жаңа педагогикалық технологиялардың жиынтығы болып табылатын, өзіміз оқыған білім берудегі Кембридж тәсілінің теориялық негіздеріне сүйенсек, практикаға енгізіліп отырған 7 модульден құралған бағдарламаның менің іс-тәжірибемде алатын орны ерекше болмақ. Өлемдік тәжірибеге негізделе отырып жасақталған бұл бағдарлама оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлелін нанымды жеткізе алатындай, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, танымдық қызығушылығы мен мүмкіндігі жоғары оқушы қалыптастыруды мақсат етеді

Бұл бағдарлама негізінен жеті модульге сараланған.

Модульдер:

1. Оқыту мен тәрбиедегі жаңа әдіс-тәсілдер
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету
3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау
4. Оқытуда АҚТ-ны пайдалану
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту
6. Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес оқыту және оқу
7. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер ретінде «Диалог арқылы оқыту», «Қалай оқыту керектігін үйрету» деп қарастырамыз. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғаліммен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой - пікірлерін жүйелеу мен дамытуына көмек беретін амал. Диалогтік оқытудың маңыздылығын зерттеу нәтижелері көрсеткен болатын. Орыс психологы Лев Выготский сөйлеу мен ойлау өзара тығыз байланысты деп жазған. Сөйлеу үдерісі бізге дүниені тану үшін қолданатын ойларымызды айту және тұжырымдамаларды дамыту арқылы білім алуымызға көмектеседі. Қарым - қатынас және түсіну тәжірибе барысында жақсартады. Демек түсінуді дамыту үшін сөйлеу қабілеті өте маңызды.

Мерсер (1995) әңгімелесудің үш түрін анықтады:

1. Әңгіме-дебат (мәлімдеу және қарсы мәлімдеу)

Әңгіме-дебат барысында: 1) ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады; 2) ресурстарды біріктіруге бағытталған аздаған талпыныс жасалады; 3) қарым-қатынас көбіне «Иә, бұл солай», «Жоқ, олай емес» деген бағытта жүзеге асады; 4) орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталған.

2. Куммулятивтік (қайталау, мақұлдау, түсіндіру)

Куммулятивтік әңгіме барысында байқалатын жайлар: 1) айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе беруі; 2) әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдауы; 3) идея қайталанады және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді

3. Зерттеушілік (сыни әрі сындарлы).

Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде: 1) әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады; 2) әркімнің идеясы пайдалы ретінде бағаланғанымен, мұқият бағалау жүргізіледі; 3) қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды; 4) қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгімеде дәлелдеме «көрінеді»; 5) топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де, келмеуі де мүмкін, ең бастысы – келісімге ұмтылу).

Сабақ барысында оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы арасында жүргізілген диалог оқушылардың қызығушылығын, танымын арттырады. Мерсер мен Литтон (2007) өз еңбектерінде айтып кеткендей, диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын атап көрсетті. Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың білім алуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады. Шындығында, біз өзіміз бір жақты ойлаймыз, тек өзіміз сұрақ қойып, баланың жауап беруін күтпей диалог құрмай тек жауапты ғана талап етеміз содан оқушыдан бір ғана жауапты алып қойып соған қанағаттанамыз. Немесе оқушыларды бір тақырып бойынша кеңінен ойлануға болатындай жағдай жасауды маңызды деп санамаймыз.

Сұрақтардың түрлері: төмен деңгейдегі, жоғарғы деңгейдегі.

Сұрақ қою техникасы: түрткі болу, сынақтан өту, қайта бағыттау.

Түрткі болу - сұрақты қарапайым етіп қою, өткенді пысықтау.

Сынақтан өту - толық жауап беруге, ойын толық айтуға итермелейді.

"Сіз мысал келтіре аласыз ба?" деген сұрақтармен бағыттады.

Қайта бағыттау - сұрақты басқа оқушыларға бағыттады.

"Көмектесе алатындарың бар ма?" деген сұрақ қойылады.

Оқытуды диалогтік тәсілмен дамытудағы сұрақтардың маңызын қарастыратын болсақ, сұрақ қою арқылы мұғалім:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;
- оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;
- білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;
- оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі;
- оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді;
- оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі;
- оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді;

- әңгімелесу және ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс-әрекеттерін тереңдетеді және шоғырландырады;

- оқытудағы қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды.

Диалогтік оқытудағы сұрақ қоюды мына әдістер арқылы жүзеге асыруға болады.

«Он сұрақ»Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады – қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі.

I оқушы – тірі табиғат

- Бұл тірі ме?
- Иә
- Адам оны пайдалана ма?
- Иә

«Тренер митингісі»

Балалар жұптасып жұмыстанады. Біреуі тренер, екіншісі ойыншы. Тренер тақырыпқа қатысты 5 сұрақ жазады. Сұрақтардың әрқайсысы түрлі сұрау есімдігінен басталуы керек. Ал, ойыншы сол сұрақтарға жауап береді. Білмесе тренерінен көмек сұрауына болады.

Мысалы, жаңа сабақтың тақырыбы: “Жаман жолдас”

Тренердің сұрағы:

1. Кім өзін жақсы жағынан көрсетті?
2. Неге жас адам өз досын тастап қашты?
3. Қай адам өзінің ақылдылығын көрсете алды?
4. Қандай дос өз досын ешуақытта сатпайды?
5. Неге ауру адам жерге жата қалды?

«Лездеме»

Сіздің топтың екі қалған оқушысына бүгінгі сабақтың негізгі сөздерін түсіндіру үшін сізде бір минут бар:

- Сөздің өзін атамай түсіндіру

Сөзді тапқан бірінші адам конверттен келесіні таңдайды және қалғандарына түсіндіреді.

Мысалы, тақырып су

Берілетін сөздер: су, өзен, бұлақ, бұлт, жер т.б.

«Тақырыптық түйінді сөздер»

Екі шеңбер сызып, біреуіне оқушыны шатастыру үшін тақырыпқа қатысы бар сөздер мен тақырыпқа қатысы жоқ сөздерді араластырып жазады. Оқушы екінші шеңберге негізгі сөздерді тауып жазу керек.

Мысалы тақырып: Күй аңызы

Сөздер банкісі

Аруана, Қараш-Қараш тауы, Ипан тауы, тізгін, терме, қобыз, барымта, қырқа, тулақ, бошалап кету, қайнар, талпырмаш. ленелі.

Біздің тақырып

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер модулінде сыныптағы диалогтің маңызы мен қалай оқу керектігін үйренудің, яғни өзін-өзі реттеудің, өз бетімен оқудың алар орны ерекше екенін, әр сабағымда қолдану арқылы көзімді жеткіздім. Диалогтік оқытуды сабақтың әр бөлімінде тиімді қолдана отырып, мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы диалогте жоғары және төмен дәрежелі сұрақтар, түрткі сұрақ, сынақтан өткізу, қайта бағыттау сұрақтарын, Блум таксономиясы негізінде құрылған сұрақтарды қолдандым. Әңгіме түрлерінен тек топтық, зерттеушілік әңгіме түрлерін қолдандым. Мысалы, 8-сыныптағы Т.Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесі тақырыбындағы сабақта оқушыларды үш топқа бөліп, үй тапсырмасына «Әдебиеттік домино» әдісін орындату арқылы жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған негізгі деректерді еске сақтау, бірлесіп жұмыс жасату көзделді. Сабақтың негізгі бөлімінде жаңа сабақты меңгерту мақсатында топтық тапсырмалар арқылы тақырыптың мазмұны ашылуы тиіс болатын және өз беттерімен тақырыпты меңгеруілері тиіс болатын. Мысалы: 1-топ Шығарманың композициясы 2-топ Әңгімеге сатылай кешенді талдау 3-топ Венн диаграммасы «Күй» поэмасы мен «Күй аңызы» әңгімесі. Осы тапсырманы бере отырып, «Оқушылар орындай алады ма?» деген сұрақ туындады, бірақ менің іштей болған бұл сенімсіздігімді оқушылар өз бетімен топтық жұмыстана бастағанда бірден сейілтті. «Тақырыптық түйінді сөздер», «Семантикалық карта» әдістерін орындау арқылы, тақырып бойынша меңгермей қалған маңызды ақпарат болса, «Интервью тестін» бере отырып, өзім қайта бағыттау, проблемалық сұрақтарын пайдалана отырып, интеллектуалды тұрғыдан білімдерін толықтырып отырдым. Бұрын тәжірибеде жиі көрініс таппаған топтық жұмыс кезінде балалардың бір-бірімен қарым-қатынасында диалогтік әдістің тағы бір пайдалы тұсын анық көре білдім.

Мен үшін не сәтті болды?

Біріншіден, оқушылар пікір алмасу кезінде жоғары деңгейлі сұрақтар кеңінен қолданылады; оқушы тақырыпты жеңіл меңгереді; оқушының сөйлеуіне, бір – бірін тыңдауына мүмкіндік болады.

Екіншіден, балалар әңгімеге тартылды, өз ойларын жетік жеткізе білді; өз идеяларын айтты, дәлелдей алды.

Үшіншіден, топта талқылаудың балалардың өзге идеялармен өз идеяларын салыстыра отырып, ортақ дұрыс шешімге келуіне мүмкіндік алды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Оқу бағдарламасы [Қ.Р. Әділет министрінің 2013 ж 3 сәуірде №115]
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық 3-деңгей, 3 басылым
3. Қазақ әдебиеті жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық /С.Мақырұлы, А.Қыраубайқызы, Қ.Құрманбай/ Алматы. «Мектеп»2012ж
4. А.Әлімов «Интербелсенді әдістемені қолдану»

Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқыту – ұлттық құндылықтарды ұлықтаудың тиімді жолы

Г.М. Орынбасарова

«БМО12100 – қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

2 – курс магистранты

ҚазМемҚызПу, Алматы қаласы

gulnurorynbasarova333@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: п.ғ. д., проф. А.А. Сатбекова

Қазіргі уақытта еліміз жаңа тарихи саты – Рухани жаңғыру кезеңіне аяқ басты. Рухани жаңғыру бізден ұлттық санамызды қалыптап, заман талабына сай, бәсекеге қабілетті, білім мен біліктілікті ұштастырып, кез-келген мәселеге прагматистік тұрғыдан келуді, жалпы алғанда ұлттық құндылықтарымызды сақтай әрі дәріптей отырып дамуымызды талап етеді. Өйткені, ҚР Президенті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Бағдарламалық мақаласында атап көрсеткендей: «...Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды». Ал бұл қауіптің алдын алу үшін білім беру жүйесіне енгізілген өзгерістерді тиімді қолдануға тиіспіз. Елбасымыз сонымен қатар: «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек... Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» дейді.

Ұлттық құндылықтар мен кемел келешекті байланыстыратын сара жол – жаңартылған білім мазмұны бойынша оқыту. Соны жүзеге асырушы – «елі үшін күйетін, еңбекті сүйетін, ұлтжанды жұртшылық көсемі», жасампаз жаңашылдықты тұғыр еткен жалынды жас мамандар.




Жаңартылған білім беру бағдарламасының басты мақсаты – оқыту үрдісіндегі барлық әдіс – тәсілдерді жинақтай келе, тақырыпты игертуде критериялды бағалау жүйесін тиімді пайдалану арқылы оқушының тұлғалық ерекшеліктерін айқындау, сын тұрғысынан ойлауға бағыттау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.





Білім беруде қолданылатын инновациялық технологиялармен өңделген, білік дағдыларына негізделген оқыту барысы жаһандандудың үдесінен шығуға толық мүмкіндік береді.

Осыған сай аталмыш білім беру жүйесінің қағидаларын меңгерген, оқыту материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын білетін, кәсіби шеберліктерімен ел дамуына үлес қосып жүрген педагог – ғалымдардың тәжірибесіне сүйене отырып, озық даму үлгісінің жаңа моделін қалыптастырудамыз. Әсіресе, білім беру ошақтарының түп қазығы саналатын мектепте жүргізілетін іс – шаралардан бұл үрдістің өзектілігін айқын көреміз.

Ұлттық құндылықтарды ұлықтау мақсатында жүзеге асырылған тәрбиелік мәні бар, оқушының жан-жақты қабілетін танытуға мүмкіндік беретін бір күндік қысқа мерзімді сабақ жоспарын назарларыңызға ұсынамын

| | |
|---------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|
| 11 – сабақ | Мектеп: № ... гимназия |
| Күні: | Мұғалімнің аты-жөні: Орынбасарова Г.М. |
| Сынып 6 А | Сабаққа қатысқан оқушылар саны: 16 Сабаққа қатыспаған оқушылар саны: 2 |
| Тараудың атауы: | Астана – мәдениет пен өнер ордасы Ә.Ысқақ «Күн ұлымын» |
| Сабақтың тақырыбы: | Ұлттық мұражай – ұлт мақтанышы |

| | | |
|-----------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 6 Т3 Әлеуметтік - тұрмыстық тақырыпқа байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну 6.А2. Тақырып бойынша диалог, полилог құрастыру | |
| Сабақ мақсаты: | Барлық оқушылар: тыңдалым мазмұнын түсінеді, сөздік қорын жетілдіреді. | |
| | Оқушылардың көпшілігі: сұрақтарға дұрыс жауап береді, берілген тапсырмаларды орындайды. | |
| | Кейбір оқушылар: тақырып бойынша рөлдік ойында белсенділік танытады. | |
| Бағалау критерийі: | Ұлттық мұражай тақырыбына байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздерді диалог барысында қолданады. | |
| Тілдік мақсаттар | Лексикалық минимум: жәдігер, өнер, мұра, қонақ, бөлім т.б. | |
| Құндылықтарды дарыту | Тыңдалым мәтінін меңгеру барысында туған жерге деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімі оянады (отансүйгіштік құндылық). Топаралық жұмыстар, бір-бірін бағалау кезінде мәдени – эстетикалық құндылықтар қалыптасады. | |
| Пәнаралық байланыс | Қазақстан тарихы | |
| АКТ-ны қолдану | Интерактивті тақта | |
| Бастапқы білім | «Астана опера және балет театры» мәтінін оқып, тақырыбы мен негізгі ойды анықтады. (О3) | |
| Сабақтың барысы | | |
| Сабақтың кезеңдері | Жоспарланған жұмыс | Ресурстар |
| Сабақтың басы 5 мин | <p><i>Ұйымдастыру кезеңі.</i> <i>Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру</i> Сыныпта Б.Тілеуханның «Елім менің» әні қосулы тұрады. Балалармен сәлемдесемін, көңіл – күйлерін сұраймын. Оқушыларда уәж қалыптастыру үшін интерактивті тақтадан бір шумақ өлеңді хормен оқиды.</p>  <p>Ұлттық киімдер</p> <p>Топқа бөлінеді. Оқушылар бөлінеді.</p>  <p><i>Қайырлы күн, досым, Қайырлы күн болсын. Дүйсенбінің сәті Сәттілікке толсын. Сабағымыз бүгінгі Нәтижелі болсын!</i></p>  | <p>https://www.youtube.com/watch?v=6a0JKBDhIEg</p> <p>слайд</p> <p>Тақырыпқ</p> |

| | | |
|--------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>3 мин</p> | <p style="text-align: center;">Ұлттық қолөнер</p>  <p><i>Үй тапсырмасын тексеру</i> «Элективті тест» арқылы үй тапсырмасын пысықтау.</p>  <p>Әр топқа 3 түрлі нұсқа жазылған жауап парақшалары таратылады: А, В, С. Мұғалім оқыған сұрақтарға осы нұсқалардың біреуін көтеру арқылы жауап береді.</p> <p>Мақсаты: үй тапсырма шапшаңдық пен топтық жұмысқа бейімдеу.</p> <p>- Астана опера театры қай жылы ашылды? А) 2012 В)2013 С)2014 Дұрыс жауап: В</p> <p>- Театрдың бірінші қойылымы? А)Ақан сері В)Қыз Жібек С)Біржан – Сара Дұрыс жауап: С</p> <p>- Ғалым Ахмедияров театрда..... А)директор В)жұмысшы С)хормейстер Дұрыс жауап: А</p>  <p>Мұғалім бағалауы: тез әрі дұрыс жауап берген топты құттықтаймын, қалған топтарды жаңа сабаққа ынталандырамын. («Жарайсың!», «Дұрыс айтасың!», «Сенің де қолыңнан келеді!», «Мүқият бол!»)</p> | <p>а қатысты суреттер Әдістемелік құрал [2, 35.]</p> <p>Үлестірме қағаздар</p> <p style="text-align: center;">А</p> <p style="text-align: center;">В</p> <p style="text-align: center;">С</p> |
| <p>Сабақтың ортасы 3 мин</p> | <p><i>Ой қозғау</i> «Мағынаны таны» әдісі арқылы тақырыпты болжату, анықтау. Топқа бөлінген суреттерімен ұштастырады.</p>  <p>Сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Суретте нелер бейнеленген? - Бұл қай қала? - Экспонаттар қайда сақталады? - Бүгінгі тақырып не туралы деп ойлайсыздар? <p>Мұғалім бағалауы: оқушылардың берген жауаптарына қарай кері байланыс беремін. (мадақтау)</p> | <p>Суреттер Оқулық [1, 110.]</p> <p>Лексикалық минимум [3, 20.]</p> |

4
мин



Сөздікпен жұмыс

Жаңа сөздер синонимдерімен 2 түсті парақшаларда жеке-жеке жазылады. «Өз жұбыңды тап» ойыны арқылы оқушылар жаңа сөздердің мағынасын меңгеріп, олармен сөйлемдер құрастырады.

4
мин

| | |
|---------|------------------|
| жәдігер | экспонат |
| өнер | талант |
| рухани | жан дүние |
| мұра | байлық |
| қонақ | үйге келген адам |
| бөлім | бөлік |

1-тапсырма. Бейнекөріністі қарап, кластер бойынша әңгімелеу



10
мин



Оқушы бағалауы: Оқушы жауаптың дұрыс не бұрыс екенін айтады, өз пікірін дәлелдейді. (Дұрыс-бұрыс» әдісі)

2-тапсырма «Гид» ойыны

Ұлттық мұражаймен таныстыру



Топқа бөлінген суреттері (тақырыптары) бойынша бір экспонатты (жәдігерді) таныстырады. Постер жасап, «гид және қонақтар» болып рөлдік ойын көрсетеді. Оқушыларға АКТ – ны қолдануға рұқсат етіледі.

Деңгейі жоғары бір оқ сұрақтар қояды, жауаптарды саралайды, пікір ошдіреді.






Бағалау критерийі:

1-топ өз жұмысын қорғайды, 2-топ сұрақ қояды, 3-топ сұрақты да, жауапты да бағалайды.

Түрлі – түсті парақшалар
www.youtube.com/watch?v=kGb9ogRyI_A
кластер

Дидактика -лық материал [4, 192.]

A3, A4 парақтары, түрлі – түсті бояулар

| | | |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | <p>2-топ өз жұмысын қорғайды, 3-топ сұрақ қояды, 1-топ сұрақты да, жауапты да бағалайды. 3 – топ өз жұмысын қорғайды, 1-топ сұрақ қояды, 2 -топ сұрақты да, жауапты да бағалайды.</p> <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Топтық жұмысты (экспонатты) таныстырады. 2. Сұрақтар мен жауаптарды бағалайды. | |
| <p>Сабақтың соңы 4 мин</p> <p>2 мин</p> <p>2 мин</p> | <p><i>Бекіту тапсырмасы</i></p> <p>«Графикалық диктант» әдісі: тыңдалым мәтіні бойынша 5 сұрақ қойылады. «Иә» және «Жоқ» деп қана жауап береді, оны белгі арқылы суреттейді.</p> <p>«Иә» - </p> <p>«Жоқ» - </p> <p><i>Мұғалім бағалауы:</i> Смайликтер арқылы ынталандыру. Үлкен смайлик – өте жақсы Орташа смайлик – жақсы Кішкене смайлик – қанағаттанарлық</p> <p>Оқушылар сабақ бойы орындаған өз жұмыстарына талдау жасап, әр түсті алмаларды ағашқа орналастырады.</p> <p><i>Үй тапсырмасы</i> «Әлемдегі ең танымал мұражай» тақырыбында постер жасап, таныстырылым дайындау.</p>   |  <p>Смайликтер</p> <p>А3 парак «Табыс ағашының» макеті, алма пішінді стикерлер</p> |
| <p>Қосымша ақпарат</p> <p>Саралау –оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?</p> | | <p>Бағалау-оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p> |

| | |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Деңгейі жоғары оқушылар рөлдік ойында гид қызметін атқарады. Ол оқушының өзіне деген сенімділігін нығайтуға, көшбасшылық қабілетін танытуға мүмкіндік береді.</p> <p>Деңгейі төмен оқушылар рөлдік ойында сұрақтар қояды, пікір білдіреді. Ол оқушының тақырып бойынша түсінігін танытуға мүмкіндік беріп, ойлау, сөйлеу қабілетін айқындап, айтылым дағыдысын жетілдіреді.</p> | <p>«Элективті тест», «Мағынаны таны» әдісі, «Өз жұбыңды тап», «Гид» ойыны, «Графикалық диктант» әдістері арқылы оқушының білімін тексеріп, «Мадақтау», «Дұрыс-бұрыс», «От шашу» және бір – бірін бағалату арқылы қалыптастырушы бағалау жұмыстарын жүргізіп, сабақ мақсатын жүзеге асырамын.</p> |
| <p>Рефлексия (<i>мұғалім үшін</i>)</p> <p>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қандай деңгейде өтті? Саралау тапсырмасы іске асты ма? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?</p> | <p>Сабақ мақсаты мен оқыту міндеттері іске асты деп ойлаймын. Оқушылар жаңа тақырып бойынша мол ақпарат алып, тыңдалым мәтінінің негізінде сөз мағыналарын ажыратып, сөйлемдер құрастырады және сұрақтар қойып, пікір алмасып, тапсырмаларды белсенді орындай алды.</p> <p>Саралау тапсырмасында оқушылар жеке қарым – қабілеттерін танытып, рөлдік ойында нәтижелі жұмыс атқарды.</p> <p>Оқушылардың мүмкіндіктеріне сай тілдік мақсатқа өзгеріс енгіздім, айтылым дағыдысын дамытуға арналған тапсырмалар беруге тырыстым.</p> |
| <p>Қорытынды бағалау Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)</p> | <ol style="list-style-type: none"> 1. Жұптық жұмыс – жаңа сөздердің синонимін тауып, тез әрі дұрыс жұптаса білді. Оқушылар шапшаң қозғалысқа түсіп, сыныпта жақсы көңіл – күй қалыптасты. 2. Рөлдік ойын - оқушылар өте белсенді қатысып, өзара бақылау, саралау, бағалау жұмыстарын жүргізді. Өздеріне берілген тапсырманы жоғары деңгейде орындай білді. |

Жоғарыда көрсетілген мақсат – міндеттерді басшылыққа ала отырып даярланған сабақ жоспары психологиялық ахуал қалыптастырып, тақырыпты болжай, анықтай алуға түрткі тудыру; пәнаралық байланыстың өзектілігін арттыру; рухани және ұлттық құндылықтарды игерту; ұжымдық жұмысты ұйымдастыру; тыңдалым, оқылым, жазылым әрекеттерін белсенді жүзеге асыру мен сөйлеу дағдыларын жетілдіру; өз пікірін білдіру арқылы өзгенің пікірімен санасу; талдау жасау мүмкіндіктерін арттыру; шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, сабаққа қатысым үлгерімдеріне баға беру сынды қарқынды жұмыстың татымды көрінісін қалыптастырады.

Қазақ тілін өзге тілді аудиторияларда игерту - сөздік қорларын дамыту, тілдік дағдыларын жетілдіру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен оны бағалай білуге баулу жұмыстарының нәтижелілігі пән мұғалімінің кәсіби құзіреттілігі мен шеберлігіне тікелей байланысты [5, 97.] екені анық. Кәсіби шеберлік - мұғалімнің бойындағы құзіреттілік пен біліктіліктің, қабілеті мен мүмкіндіктерінің тоғысқан арнасынан бастау алған, жас ұрпаққа сара жолды дара өзі қалыптастыруға қауқар беретін ұлылық. Әр мұғалім өз шеберлігінің арқасында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын тудырып, ынтасын арттырып,

зейінін шоғырландырып, іс – әрекетіне баға беріп, ең бастысы рухани байытуға күш салып, жүйелі жоспарға негізделген оқыту мақсаттарына жету жолында лайықты қызмет атқарса, кемел келешекке басқан қарқынды қадамының қарымына куә боларымыз анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ф.Ш. Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, Р.С. Рахметова, А.Қ. Рауандина, А.Н. Юсуп. Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйшешек. Оқулық. 1 – бөлім. 6 – сынып. Көкжиек – Горизонт, 2018.
2. Ф.Ш. Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, Р.С. Рахметова, А.Қ. Рауандина, А.Н. Юсуп. Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйшешек. Мұғалім кітабы. 6 – сынып. Көкжиек – Горизонт, 2018.
3. Ф.Ш. Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, Р.С. Рахметова, А.Қ. Рауандина, А.Н. Юсуп. Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйшешек. Лексикалық минимум. 6 – сынып. Көкжиек – Горизонт, 2018.
4. Ш.К. Бектұров, А.Ш. Бектұрова. Қазақ тілі. Ана тілі деңгейінде үйрету құралы. Атамұра, 2008.
5. Ф.Ш. Оразбаева. Тілдік қатынас негіздері. Алматы. Принт С, 2005.

Жаңартылған білім беру жағдайында тіл мен әдебиетті оқытудағы тиімді әдіс – тәсілдер

Қонысбайқызы Лаззат

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы,

№53ЖББОМ

lazzat.konysbaykyzy.75@mail.ru

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында еліміз дамуының барлық Стратегиялық бағыттарын жүзеге асыратын міндеттер қойылды. Республика болашағына бағдар беретін бұл жолдауда «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз - белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар»- деген.

Ал, дамудың негізі білім мен ғылымға келіп тіреледі. Сондықтан да, әлемдегі дамыған елдер сияқты Тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Қазіргі заманда Қазақстанның өзіне ғана тән ұлттық сипаты бар білім беру жүйесін одан әрі дамыту, білім беру сапасында әлемнің басқада алдыңғы қатарлы беделді де, белді елдерімен қатар жұмыс жасау, қазақ тілін дамытуда өзіндік үлес қосу, бүкіл әлемдік деңгейге көтеру, білім беру ісінде әлеуметтік кеңістікке шығу алдағы тұрған міндеттер.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай болашақ ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жанашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін түсінеміз.

Жаңаша білім беру жағдайында ұстаз қандай болуы тиіс:

- рухани дамыған,
- шығармашыл тұлға,
- тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған,
- педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген.

Ұстаздарға қойылатын талаптар: білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби, әдістемелік шеберлігі, бәсекеге қабілетті болу.

Еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ болғандықтан оларға терең де, сапалы білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін құрастыру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Елімізде орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына өзгерістер енгізілуде. Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілетін, белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірінде оны қолдана білу, отансүйгіштік қасиетін одан әрі дамытуға бағыттау – ұстаздың басты міндеті.

Жаңартылған білім мазмұнын игеруде жас ұрпақты оқытып, алған білімін кеңейтіп, көркемдік талғамдарын арттыруда, өмірге көзқарастарын дұрыс қалыптастырып халықтық тәрбие беруде, ізгі мінез-құлық, ұлттық қасиеттерін, биік адамгершілік, өз көзқарасы тұрғысынан білімді, сауатты, өз ойын дұрыс әрі еркін жеткізе білетін, мәдениетті тұлғаны қалыптастыруда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің атқаратын орны ерекше. Әрбір ұстаздың басты міндеті сабақ барысында ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу.

Жаңартырған білім мазмұнын аясында мен алтыншы кластың қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың тұлғасын қалыптастыруда, оқушылардың белсенділігін, қызығушылығын арттыруда қандай тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады? деген сұрақтар туындады. Сұрақтың шешімін мен сыни тұрғыдан ойлаудың әдіс-тәсілдерінен таптым.

RWCT бағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда “Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу” дегенді білдіреді. Бұл бағдарлама оқытудың 60 түрлі стратегияларынан: әдістерінен тұрады. Мақсаты – шығармашылық ойлауды, сын тұрғысынан ойлауды дамыту.

Сыни тұрғыдан ойлау оқушылардың ойлауын дамытумен қатар мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауын дамытады, яғни мұғалімнің де жұмыс тәжірибесін, жаңа тәсілдерді қолдану және бағалау әрекеттерін сыни тұрғыдан бағалауды қарастырады. Сыни ойлау шешімі табылуы тиіс сұрақтарды қойып, проблеманы анықтаудан басталады. «Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім» (Мұғалімге арналған нұсқаулық, [49-бет].

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту модулі – ұстаз бен оқушыны ізденуге жетелейтін, шығармашылық қабілетін дамытатын, маңызды мәселелерді шешуге бағыт беретін, болашаққа деген үміт арттыратын мүмкіндік. Ол кез келген мұғалімге сапалы сабақ өткізуге жол ашады. Сын тұрғысынан ойлау – креативті тұлғаны қалыптастырудың бір жолы. Сыни тұрғыдан ойлануды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтіргендер – Джинни, Л.Стил, Куртис, С.Меридит, Чарльз Темпл. Жобаның негізінде Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мен өз сабақтарымды оқушыға білімді дайын күйінде бермеймін, себебі мен баланың жеке тұлғасын, шығармашыл ойлауға, мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға, бір-біріне құрметпен қарауға, бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың негізі қалауға, өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол аша білуге үйретуім қажет.

Сын тұрғысынан ойлау үш бөліктен тұрады: Біріншіден, сын тұрғысынан ойлау жеке ойлау болып табылады. Екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қабілеті жоқ, керсінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыру мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін. Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады.

Сын тұрғысынан ойлаудың әдіс-тәсілдері сабақтың кез келген бөлімінде (қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс) қолдана беруге болады.

Қызығушылықты ояту барысында оқушы бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастыра алады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан мәселе жайлы оқушы не біледі екенін анықтаудан басталады. Осы кезеңде мен тиімді “Топтау”, “Түртіп алу”, “Ойлану”, “Жұпта талқылау”, “Болжау, Түртіп алу — + ? v (INSERT) деген әдіс – тәсілдерді пайдаланамын. Екінші кезеңі мағынаны ашу барысында оқушылар жаңа ақпаратпен танысу мақсатында INSERT, РАФТ, ПОПС, Синквейн т.б. әдістерін пайдаланады. Мысалы: INSERT әдісін (V – “білемін”, — - “мен үшін түсініксіз”, + - “мен үшін жаңа ақпарат”, ? – “мені таң қалдырады”) пайдаланып, мәтінмен танысады. РАФТ, ПОПС, Балық қаңқасы, «Бағытталған оқу» әдісі Ротация әдістерін пайдаланған кезде балалар өз ойын білдіреді, дәлелдейді.

Үшінші кезең ой-толғаныс. Сабақ барысында оқушылар толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарауға, баға беруге үйренеді. Оқушылар өз ойларын, пікірлерін айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен ой алмастыру.

Осы кезеңді тиімді “Бес жолды өлең”, “Венн диаграммасы”, “Еркін жазу”, “Семантикалық карта”, “Т кестесі” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. «Сын тұрғысынан ойлау» әдісі бойынша өткізілген сабақтар үдірісінде нәтижелер мен өзгерістер мынадай болды. Көшбасшы ретінде мұғалімнің іс-әрекеті: ынтымақтасты орта қалыптасуына ықпал етеді. Оқушыларды тапқа бөліп, тапсырмалар береді. Тақырыпқа қызықтырып, орындалуын қадағалайды. Белгілі бір оқиғаның құндылығын анықтау, мағыздылығын зерттеу ұсынылады. Оқушыларға өздерін бағалатып, қорытындылайды. Оқушының іс-әрекеті: көшбасшының қолдауымен жаңа тақырыпты анықтайды. Мәтінді өз беттерімен оқып, топта талқылайды. Мәтінді әр түрлі әдістер арқылы жіктейді, салыстырыды, теңейді, зерттейді. Ой қорытып, қағаз бетіне түсіріп, қорғап, тұжырыдама жасайды.

Диалогты оқытуды – бұл жекеленген құбылыс немесе дағды емес, ол оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені деп айқындалған. Іске тартылған педагогикалық тетіктердің ішінде мыналарды атап өтуге болады:

- оқудың қалай жүретінін түсіну, оқытудың қолайлы стильдерін назарға алу және өмір бойы өзін өзі оқытудың қажеттілігін мойындау және оның әдістерін таңдау;
- ойлануға жүйелі түрде үйрету;

- өзіннің шығармашылық таланттарын және оларды барынша жақсы пайдалану жолдарын зерттеу және анықтау;
- оқу үдерісі үшін және өзін өзі тану әдісі ретінде оқуды жақсы көру;
- тілді, есептеуді жақсы игеру және кеңістіктік ойлау қабілетінің болуы;
- сандық технологиялар саласындағы жоғары құзыреттілік. Оқыту – мұғалімдердің оқушыларға жасаған сыйы емес, бұл құзыреттіліктер білім алу үшін оқушылардың өздері де оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. Оқу үдерісіне толыққанды қатысу үшін оқушылар қалай оқу керектігін білулері керек. Бұл оқушы үшін аса маңызды, өйткені қазіргі заман талабы адам өзінің өмір бойы білімін жетілдіріп отыруы керек. Ол үшін адам өз бетімен ізденуі керек. «Александр (2008) диалог түрінде оқыту оқушыларды ынталандыру және дамыту үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді деп санайды. Александрдің пайымдауынша, диалог арқылы мұғалімдер күнделікті ой талқыларда «саламатты» келешек мүмкіндіктерін анықтап, оқушылардың дамып келе жатқан идеяларымен жұмыс жасауларына және түсінбеушілікті жеңе білулеріне көмектесе алады. Оқушыларға сыныпта әртүрлі тәсілдер арқылы жүргізілген және кеңейтілген диалогтарға қатысуға мүмкіндік берілгенде, олар өзіндік жеке түсініктерінің өрісін зерттей алады.» Оқушылардың білімге ықыласын, ынтасын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі — сабақта ойындарды қолдану. Ойын - әрқашан кішкене білім, кішкене білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Ойындағы оқиға-жайлар сабаққа әр қилылық нәр береді, сабақты қызық етеді, оған эмоциялық бояу береді. Ойын жағдайын балалар сабақ барысында бір-бірімен ақпарлармен алмасатындай, ақылдасатындай, бір-біріне дәлелдей алатындай, бір-бірін бағалайтындай етіп

ұйымдастыру керек. Ойындар қолданылған сабақтарда оқушылар белсенділік көрсетеді. Бұлай болу барлық ойынға тән нәрсе, оның топтық түрде өтуіне байланысты. Балалар бір-бірінің ойларымен пікірлерімен алмасады, дәлелдейді, қателеседі, өз ойларын ортаға салады, негіздейді, тексереді, қателерін түзейді. Ойын барысындағы пікірлер алмасу нәтижесінде, оқу материалдарын жылдам және жақсырақ игереді, қиындықтарды бірге шешеді. Мұндай жағдайда, барлық балалар алға жылжиды, білімдері терең балалардың тежелмеуін, білімі төмен балалардың алға ұмтылуына мүмкіндік береді. Қазақ тілі сабақтарында ойынды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімінің болуы, менмендік және жалқаулықтан аулақ болу қасиеттері қалыптасады.

(Мұғалімдерге арналған нұсқаулық I, 22-бет)

Сабақ жоспары:

Сынып : 6 Оқыту тілі қазақ тілі емес мектептерге арналған

Сабақтың тақырыбы: Өтебай Тұрманжанов «Қарлығаш».

Сабақта іске асатын оқу мақсаты:

6.1.4.1- әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасау.

Сабақтың мақсаты: Шығарманың тақырыбына байланысты мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық, құрылымын салыстырады.

Оқушылардың барлығы

Мәтіндердің тақырыбын анықтайды;

Мәтіндердің идеясын анықтайды;

Оқушылардың көбісі

Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасай алады;

Ұқсастығы мен айырмашылықтарын анықтайды;

Кейбір оқушылар

Мәтінді талдау барысында өзіндік ой қосады;

Креативті идея білдіреді

Тілдік мақсаттар: Жаңа сөздерді орынды қолданады.

Құндылықтар: Өмір бойы білім алу, ынтымақтастық, құрмет.

АКТ дағдысын қолдану: Интербелсенді тақта, аудиовизуалды материалдар

Өмірмен байланыс: Қоршаған ортаны сақтау, адамдарды бір-біріне қамқор болуға шақыру

Пәнаралық байланыс: Жаратылыстану.

Алдыңғы білім: Шырын шатқалын көрдің бе?

Сабақтың басы: 10 мин

Оқылым алды тапсырма: «Ой түрткі» әдісі Сұрақтарға жауап беру



Суретте қай құс бейнеленген? Қарлығаш жыл құсына жата ма?

Ол қай жерге ұя салады? Сен қарлығаштың ұясын көрдің бе?

Қарлығаш туралы аңыз әңгіме, ертегі білесің бе ?

Қарлығаш- адамның досы, жанашыры, қай кезде де қамқор боп жүретін адал құс.

Сабақтың ортасы: 20 мин

«Бағытталған оқу» әдісі



Қарлығаш биік жардың басына ұя салады:

Қарлығаш қарманып жүр ұя салып,

Биікке Жылан жетпес қия салып,

Сазынан саздау жердің балшық илеп,

Өзінше крпіш етіп құя салып



(Әрі қарай не болды?)

Бір күні Қарлығаштың ұясына Жылан өрмеледі. Мұны көрген қарлығаш шырылдап, көмек іздейді.

(Қалай ойлайсыз, оқиға әрі қарай қалай өрбуі мүмкін)



Оқиға немен бітеді? Қарлығашқа кім көмек береді?




Біткен соң, оқиға әрі қарай қалай жалғасады

Кері байланыс

«Рефлексия» сатысында оқушылар мәтінге қайтып оралып, дәл келген сәйкестік пен пайда болған әртекті ойларды талқылайды.

Оқылымнан кейінгі тапсырмалар . Топтық жұмыс . Топқа бөлу



1-топ: Дәуітке хат жазу

2-топ: Венн диаграммасы. Дәуіт пен жыланды салыстырады.



Бағалау: Балалар, сіздер жақсы білесіздер қарлығаштың ұшу ерекшеліктері бар . Ашық күндері биіктеп ұшады да, ауа райы жауын шашынды болар алдында жер бауырлап ұшады. Сондықтан да қарлығаштың ұшу ерекшелігіне қарай өздеріңізді бағалайсындар.

Барлығын түсіндім - Биікте ұшты

Енді түсініп келемін- Жер бауырлап ұшты

Түсінбедім- Жерде қонып тұр

Мен сол қарлығаш сияқты самғап ұшып, биіктерден көрінсем деймін.

Үй тапсырмасы : «Қарлығаш киелі құс» эссе жазу .

Қорыта келе Л.Выготскийдің «Сын тұрғысынан ойлау – ең алдымен шығармашылық ойлау. Шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, жеке тұлғаның дамуы жеделдейді» деген сөзімен аяқтаймын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Л. Дүйсембекова. «Жеті модульді ықпалдастыра оқыту». Оқу-әдістемелік құрал. Алматы 2013ж.

2.З. Имжарова «Сын тұрғысынан ойлау әдісі» Ақтөбе 2010 ж.

3.Мухамеджанова Н. Б. Кішібаева Б. Т. «Жаңа форматта білім беру үлгілері» Алматы – 2013ж.

4.Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, I деңгей 2015ж.

Жаңартылған мазмүн аясында қазақ тілін оқытуды ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану

Кульжанова Шарапат Мухамбет-Рашидовна

Гуманитарлық ғылымдар магистрі

*№3орта мектебі, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы
sharapat75@mail.ru*

Жаңартылған мазмүн дегеніміз – халықаралық стандарттарға сай келетін және Назарбаев зияткерлік мектептерінде бейімделуден өткен заманауи оқу бағдарламалары. Бұлар біздің балаларымызға қажетті функционалдық сауаттылық пен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дарытады» – деп атап көрсеткен болатын ҚР Тұңғыш президенті Н.Назарбаев өзінің кезекті халыққа арнаған жолдауында.

Қазақстандық білім жүйесін дамыту стратегиясының басты мақсаты – ұлттық білім моделін жасау. Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты — адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру.

Технология, коммуникация мен ғылым салалардағы елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, әрбір азаматқа ХХІ ғасырда табысты болу үшін қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Сонымен қатар, қарқынды жаһандану ұлттық экономикаға да ықпал етуде, оның үстіне қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артып отыр. [1]

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын, құзыреттілігін қалыптастыру жолдары, мәселелері тек қана білім мазмұнын жаңартуды жүзеге асырып қана қоймайды, сондай-ақ оқытудың тиімді технологиясы мен әдістерін қолдануды көздейді. Яғни бүгінгі күні мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және педагогикалық технологияларды меңгеру.

Қазіргі мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіруді міндеттейді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі оқушылардың сабақта, бос уақытында және күнделікті қарым-қатынасында технологияларды біліктілікпен және шығармашылықпен пайдаланудың бастапқы дағдылары арқылы қалыптасады.

Оқушылар білім беру бағдарламасындағы пәндерді оқу барысында мәліметтерді табу, құрастыру және басқару, ақпараттармен және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану дағдыларын дамытады.

Мысалы: әдебиетті оқыту барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану төмендегідей көрініс табады:

- көркем шығарма бөлімдерін және оның негізгі идеяларын толықтай түсіну үшін медиаматериалдарды қолдану;
- оқушылардың белсенділігін арттыру үшін АКТ мүмкіндіктерін тиімді қолдану;
- медиақұралдарды қолдана отырып, ақпаратты және дәлелді түсіну, әртүрлі пікірлерді талдау және салыстыру;
- медиақұралдарды қолдана отырып, ғаламдық мәселелерге қатысты тақырыптарды нақтылау және әртүрлі пікір тұрғысынан сыни талдау жасау;
- АКТ қолдана отырып, таныстырылым дайындау, салыстыру, бағалау, зерттеу және бірлесе отырып пікірлерін дәлелдеу.

Қазақ тілін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдерге:

1) Оқу-танымдық әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері:

- Тілдік әдістер (әңгіме, дәріс, семинар, диалогтік оқыту, топтық оқыту, бірлесе оқыту);
- Көрнекілік әдістері (иллюстрациялар, көрсетілім, таныстырылым);

- Тәжірибелік әдістер (жаттығулар, тәжірибе жасау, қолмен түрлі бұйымдар (постер, кластер, буклет) жасау;
- Репродуктивтік әдістер;
- Проблемалық-ізденушілік әдістер;
- Өзіндік жұмыс әдістері (мұғалім басшылығымен және өз бетімен);

2) Оқу-танымдық әрекетті ынталандыру және уәжді арттыру әдістері.

3) Оқу-танымдық әрекеттің тиімділігін бақылау және өзіндік бақылау жасату әдістері. Оқушылар жалпы білім беретін негізгі мектеп бағдарламасындағы барлық пәндерді оқу барысында ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын жетілдіре және бағалай отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамытады.

«Қазақ тілі» бағдарламасында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану төмендегідей көрініс табады:

- онлайн сабақтар арқылы инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолданады;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы таныстырылымдар жасайды, салыстырады, жетілдіреді, зерттейді, бағалайды және бірлесе отырып, өз пікірлерін дәлелдейді;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қажетті ақпаратты таңдай алады.

Қазақ әдебиетін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдерге тоқталсақ, олар:

- 1) ауқымды мәнмәтін бойынша топтық зерттеу жұмысын жүргізу және белгілі бір мәселе бойынша автордың көзқарасын талдау;
- 2) жанрларды түрлендіру (драманы хикаятқа немесе хикаят тарауларын драмалық шығармаға айналдыру) және оның әсерін бағалау;
- 3) рөлдік ойындар арқылы автордан сұхбат алып, сұрақтар қою (мүмкін болса, авторлармен, фильмді түсірушілермен кездесулер ұйымдастыру);
- 4) оқушылардың сөйлеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған пікірталас, ми шабуылы, дебат, стратегияларды қолдану;
- 5) оқушының бүгінгі қоғамға лайық жеке тұлғалық қасиеттерін, оның рухани жан дүниесін байытатын қазақ тілінің этно-мәдени лексикасын, даналық сөздерін меңгерту, ана тіліндегі қарым-қатынас жасаудағы сөз әдебіне баулу, жағдаяттық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда ізгілендіру технологиясын қолдану;
- 6) оқу үдерісінде түрлі жағдаяттар, рөлдік ойындар, «дөңгелек үстел», «брифинг», баспасөз конференциялары, «Көңілділер, тапқырлар клубы» және монолог пен диалогке, әңгімелесуге жағдай жасау;
- 7) оқу үдерісінде түрлі үнтаспаларды, бейнетаспаларды, медиаматериалдарды, бейнероликтерді, интернет материалдарын, электронды оқулықтарды, компьютер мен лингафондық аппараттарды, белсенді оқыту әдістері мен пәнаралық байланыс сабақтастығын кеңінен қолдану.

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Сондықтан танымдылық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Бұл әдістемелік жүйенің басқа бөліктерінің де (мазмұн, әдіс, оқыту түрі мен құралдарының) өзара байланысы қалпында өзгертілуін талап етеді. Мұны орындау үшін төмендегідей ұстанымдар жүзеге асуы тиіс.

1. Оқушылардың өзіндік іздену іс-әрекетінің әдістерін меңгеру талап етіледі. Өйткені бұл әдістердің күнделікті пайдаланып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни жаңа жағдайдағы "оқыту әдістемесі" деп отырғанымыз: "оқушы - мұғалім" ұстанымының өзара тығыз байланыстылығы. Демек, мұнда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылады.

2. Жаңаша оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері болып табылады. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат - оқушыға деген сенім, оның өз ісіне

жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Ал оқытудың фронтальды түрі көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету енгізуде ғана пайдаланылады.

3. Жаңа технологияның мақсаты бойынша "оқытуды ізгілендіру" қажет. Бұл үшін оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар мұндай талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына аса бейімделген жаңа типтегі оқулықтар керек-ақ. Жаңа технологияның тағы бір психологиялық негізі болып табылатын теория - Л.С.Выготскийдің "оқыту үрдісінде оқушының ақыл-ойының дамуы "актуалды даму" аймағынан жақын арадағы даму" аймағына ауысуы туралы теориясы. Бұл ауысу тапсырмаларды қайталап орындауға ғана арналған бірінші деңгейден өнімді іс-әрекетті қажет ететін келесі деңгейлерге ауысу негізіндегі іс-әрекет арқылы жүзеге асады. В.П.Беспалько бұл деңгейлерді төртке бөледі: бірінші деңгей - "міндетті, оқушылық", екінші - алгоритмдік, үшінші - эвристикалық, төртінші – шығармашылық [2].

Ендеше оқушылардың білім, білік, дағдыларын, құзыреттіліктерін жетілдіру үшін оқытудың жаңа технологиясы негізінде дифференциалдық және дербес деңгейлік ұстанымдарының талаптарына сәйкес өткізілетін әр түрлі сабаққа арналған жаңа тұрпаттағы оқулықтар мен оқу құралдары қажет.

Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтуы тиіс.

Технологиялар мен әдістердің тізімі ауқымды, олардың мүмкіндіктері әр түрлі, сондықтан алдымен негізгі стратегиялық бағыттарды анықтау қажет, әрине, өмірдің әр түрлі жағдайларына дайын рецепт жоқ. Белсенді технологиялар мен әдістердің әлеуеті өте жоғары, ал оларды оқыту барысында пайдалану оқытудың нәтижесі - құзыреттілікке ықпал етеді [3].

Төмендегідей негізгі міндеттерді бөліп алуға болды:

- оқушылардың дамуына, өзіндік дамуына жағдай жасау;
- өнімді білім, білікті игеру;
- бүкіл өмір бойына өз білімін толықтыруға деген қажеттілікті дамыту.

Оларды орындау үшін мұғалім нені басшылыққа алуы керек?

«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінің мұғалімдері оқушыларды өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді әртүрлі оқыту тәсілдерін қолдану арқылы тәрбиелейді және дамытады:

- сенімді қатынас пен ынтымақтастық ахуалын қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- әрбір оқушының жеке пікірін тыңдау және алынған білімдер мен түсініктерді қолдану мен оларды дамыту маңыздылығына мән беру;
- іс-әрекеттердің белсенді түрлерін ұйымдастыру және тиянақты сараланған тапсырмалар мен жаттығулар арқылы ынталандыру және дамыта оқыту;
- оқушылардың сабақта зерттеу жұмыстарын жүргізуін қажет ететін проблемалық жағдаяттар туындату және проблемаларды шешу стратегияларын модельдеу және көрсету;
- «оқу үшін бағалауды» қолдану арқылы оқушылардың оқуына қолдау көрсету;
- белсенді оқуға және зерттеу жобаларын орындауға негізделген оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерін қолдау;
- оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
- өз ойын жеткізе білу және дәлелдер келтіре алу, мәселелерді анықтау үшін өз пікірлерін жеткізу, болжам құру және ұсыныс жасау қабілетін дамытуға ынталандыратын жағдайлар жасау;
- жеке, жұптық, топтық және ұжымдық оқыту әдістері белсенді қолданылатын жалпы сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастырып, дамытуда оқытудың түрлі стратегияларын қолданады. Атап айтқанда:

- оқушылардың өзіндік ой-пікірін тыңдай білу, бұған дейін алған білімдері мен қалыптасқан түсініктерін одан ары дамыту үшін оларды қолданудың маңыздылығын құптау;
- мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы оқушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;
 - проблемаларды шешу әдіс-тәсілдерін оқушыларға түсінікті жолмен құру және көрсету;
 - оқушылардың білім алуына оқу үшін бағалау арқылы қолдау көрсету;
- оқушыларды зерттеу жұмыстарын жүргізуге және зерттеу әдіс-тәсілдеріне негізделген белсенді оқытуға бейімдеу;
 - оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
 - оқушылардың жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Осыларды есте сақтау, оларды басшылыққа алу – бұл ең басты мақсатқа – тұлғаның дамуын қалыптастыруға жетуде мұғалім еңбегін жеңілдетудің басты шарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017
2. Кішібаева Д.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. Түркістан қ. А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2010.
3. Қуанбаева Б. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары: дисс. Пед. ғыл. канд. – Алматы, 2005. –137 бет.
4. Манабаева А.Ш., Абылайхан С.М., Алшынбаева Ж.Е. Қазіргі білім беру технологиялары Оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды, Санат баспасы, 2007, 80б.
5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – [Электрондық ресурс]: <http://adilet.zan.kz>.

Жаңартылған білім беру жағдайында бастауыш мектепте тілдік күзіреттілігін дамыту

*Кенжебекова Н.Ә.аға оқытушы
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қаласы
shahonya.14@mail.ru*

«Адамзат және қоғамға орасан зор проблема әкелетін жаһандану мен жаңғыртудың әсерінен айналадағы әлем түбегейлі өзгеріске ұшырады. Мектептегі оқушыларды түрлі мәдениет өкілдерімен әріптестік қатынас жасауды, алуан түрлі идеяларды, көзқарастар мен құндылықтарды ескеруді, адамдар өздерінің алуан түрлілігіне қарамастан, технологиялардың көмегімен кеңістік пен уақыт кедергілерін жеңе отырып, бір-біріне сенім білдіруін және әріптестікте жұмыс жасауын қажет ететін әлемде, адамдардың өмірі ұлттық шекаралар аумағынан тыс мәселелерге байланысты болатын әлемде өмір сүруге және жұмыс істеуге дайындауы керек. Жиырма бірінші ғасырдың мектептері оқушыларды өмірде, жұмыста және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып, өзіндік дербестігімен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек» [1,3]

Осы мақсатты жүзеге асыруда елімізде жаңартылған білім беру бағдарламасы енгізілуде. Жаңартылған білім беру жүйесі – құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді

қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке және жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықпен әрекет етуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін белсенді оқыту әдіс-тәсілдерін меңгеруге (бірлескен оқуға, модельдеуге, бағалау жүйесі игеруге, бағалаудың тиімді стратегияларын пайдалана алуға) үйретеді.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері:

- пән мазмұнын жобалау кезіндегі «шиыршық» принципі, яғни білім мен біліктерді тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту;
- оқу мақсаттарының Блум таксономиясы бойынша иерархиясы;
- білім беру деңгейлері бойынша және бүкіл оқыту курсы бойында педагогикалық мақсаттарды тұжырымдау, бұл пәнішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік береді;
- білім саласы ішіндегі пәндердің арасындағы байланыстарды жүзеге асыру үшін ортақ тақырыптардың болуы;
- бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға баса назар аудару;
- оқу процесін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар түрінде технологияландырылуы болып табылады.

Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың жаңартылған бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді дамытады.

- Оқу бағдарламасында коммуникативтік әрекеттер мен дағдыларды жүзеге асыратын оқу мақсаттары ұсынылған. Оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалған.

- Бағдарлама «спиральді оқыту» тәсіліне негізделіп құрылған. Әр сынып сайын оқу мақсаттары қарапайымнан күрделіге қарай өсіп, қайталанып отырады.

- Бағдарлама мазмұны әдебиет, тарих, биология, география, физика сияқты өзге пәндермен тығыз байланысты. Лексикалық тақырыптарды меңгерту осы пәндермен тығыз байланыста жүргізіледі.

- Бағдарлама оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытуға ықпал етеді.

- Оқу бағдарламасында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оларға қызықты болатын өмірмен байланысты лексикалық тақырыптар ұсынылған.

Жаңа оқу бағдарламаларының ерекшелігі – оның заман талабына жауап беретін дағдыларды дамытуға бағытталғандығында: ақпаратты іздеу, талдау және интерпретациялау, синтез жасай білу, ой қорыту, сыни, шығармашылық тұрғыда ойлау дағдыларын дамыту; адам, табиғат және қоғам туралы олардың білім қорларын қалыптастыру; рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту; оқудың функционалдық дағдыларын қалыптастыру: оқу, жазу, өз ойын нақты әрі дәл жеткізе білу, себеп-салдарлы байланыстар орнату. Білім берудегі басты мақсаттың бірі – жан - жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, қазақ тілін оқытуда тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдыларын дамыту арқылы қазақша еркін және сауатты сөйлеу, жазу коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру болып отыр [2,15].

Бастауыш мектептегі қазақ тілі бағдарламасы оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сыныптан сыныпқа көшкен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі. Оқу әрекетінің мазмұны: оқу тапсырмалары: білу, түсіну, қолдану, талдау, құрастыру, бағалау.

Тілдік мақсат оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуды қолдау болып табылады. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы бағдарлама негізі тілдік бірліктерді және олардың тіркесімділігі мен қолданылу ерекшеліктері туралы білімді меңгерте отырып, кіші мектеп жасындағы оқушылардың сөздік қорлары толығып, тілдік дағдылары жетілуіне, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, оны бағалауды үйретеді. Бастауыш мектеп оқушыларының тілдік дағдысын дамытуда оның «ішкі уәжін» ояту, оны арттыруға ықпал етуге тырысу – мұғалімнің басты міндеті.

Ішкі уәжді өсіретін факторлар:

- түрлі оқыту мен оқу әдістерін пайдалану;
- көп оқушыны қамтитын белсенді тапсырмалар;
- белгілі бір тапсырмасы бар және осыған дейін өткен тақырыппен байланысты жаттығулар;
- әр оқушыға жеке қолдау көрсету;
- оқушының сабақ мақсатын және күтілетін нәтижені білуі [2,16]

Тілді оқытудың тәсілдері көп екені белгілі, алайда тілдің әлеуметтік моделіне (жазбаша және ауызша) назар аударылады. Оқушылар қарым-қатынас жасауда өзінің тілді тиімді қолдана алатынын көрсету үшін мұғалімнің оқушыларды түрлі мәнмәтіндермен таныстыруы маңызды болмақ [3,8]. Осы жағдайда мұғалім бір дағдыны жақсартуға назар аудара отырып, содан кейін бірнеше тілдік дағдыны қамтитын жаттығуларды біртіндеп енгізу болып табылады.

Оқушылардың тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- тыңдауға, мазмұнын түсінуге түрлі стилдегі мәтіндерді ұсыну;
- мәтінді қайталап тыңдау, негізгі ойды анықтау;
- тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою;
- тыңдалған мәтіннің бөлігі бір бөлігін өз сөзімен айтып бер;
- мәтіннің мазмұны бойынша қарама – қарсы пікір айту, дәлелдеу;
- мәтінді өз қиялымен өзгертіп аяқтау;
- мәтіндегі оқиғаларды, іс – әрекеттерді салыстыра талдай алу;
- ұсынылған тақырып бойынша сұхбат алу немесе сұхбат беру және нәтижесі бойынша ауызша есеп беру;
- жоспарланған тақырыптар бойынша пікірталас ұйымдастыру;
- берілген тақырып бойынша диалог құрастыру.

Оқушылардың оқылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау;
- мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу;
- ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарастарын айту үшін оқу, мәтінге ауызша және жазбаша шолу жасау;
- әдебиетпен жұмыс (сұхбатқа сұрақтар мен жауаптар дайындау).
- интернет ресурстарымен жұмыс (тақырып мазмұны бойынша презентациялар, жобалар дайындау).

Оқушылардың жазылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- сөздердің орфографиясын меңгертуге арналған тапсырмалар;
- газет – журналдарға шағын хабарлама/мақала жазу;
- белгілі оқиғаны өз ойынша өзгертіп аяқтау;
- әдеби шығарма мәтіндегі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқтау;
- тілдік тақырыптар аясында шығармашылық тапсырмалар (ребус, пиктограмма)
- сөзжұмбақ, сәйкестендіру және толықтыру тест тапсырмалары, т.с.с. құрыстыру;
- ақпаратты суреттер мен сызбалар, белгілер, пиктограммалар арқылы беру;
- жазылуы қиын сөздер мен сөз тіркестерінен сөздік құрастыру;
- сұхбатқа жазбаша сұрақтар дайындау.

Зерттеу әрекеті тапсырмалары:

Оқы. Орны ауыстырылып берілген бөліктерден мәтін құра.

- Жазғы демалыс кезі. Біз жүгерінің арамшөбін отап жүр едік. Кенет күн бұлттанып, лезде жаңбыр құйып кетті.
- - Кетпенді тастап қашыңдар! – деп дауыстадым.
- Жұрт паналар жер таппаған соң, кетпен – күректерін төбелеріне тосты. Мұны көріп металдың жай тартатыны есіме түсе кетті.
- Мұғалім оқушыларға өз өмірбаянын жазып келуді тапсырды. Берік қолына қаламын алып, дәптердің ортасына «Өмірбаян» деп жазып қойды да, ұзақ ойланды. Әрі қарай не жазарын білмеді.

*Өмірбаян жазу дегенді қалай түсінесің? Парталас досыңмен ойыңды бөліс?
Сен өз өмірбаяныңды қалау жазар едің?*

Шығармашылық тапсырмалары

- ❖ Сөзжұмбақтың ұлттық киімдерге қатысты сөздерді тауып боя.

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қ | А | М | З | О | Л | Ч | Ш | Я | Ц | Ю | Е |
| П | Ю | С | Ә | У | К | Е | Л | Е | А | Ы | Т |
| Щ | Т | Ф | И | Я | Б | Ө | Р | І | К | Ь | І |
| К | Ө | Й | Л | Е | К | Ю | М | Ң | Ц | П | К |
| | | | | | | | | | | | |

- ❖ Жұмбақты құрастыр.

Тірек сөздер: қалықтайды, ара, түрлі түсті, ұшады, инелік, гүл сияқты.

Жұмбақты құрастыру кестесі:

| Қандай? | Қайтеді? | Осындай тағы не бар? | Көмекші сөздер |
|---------|----------|----------------------|----------------|
| | | | емес |
| | | | емес |

_____ емес,
_____ емес,

Бұл не? Бұл _____

- ❖ Құлыптағы жасырынған сөздерді табу үшін көздерге кілттегі тиісті әріптерді әкеліп жаз.

| | | | | | |
|----|----|----|----|----|----|
| | | 1а | 2ә | 3б | |
| | | к | | | |
| 1ә | 2і | 2б | 2і | 3а | 2ә |
| | | | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | А | Ә | Б |
| 1 | К | Б | М |
| 2 | І | Е | Л |
| 3 | Д | Ү | Ш |

Қарамен жазылған сөйлемдегі сөздердің байланысын тап.

Тырс - тырс!

Жаңбыр көп жауады.

Тамшылар тамады.

Тырс - тырс!қағады,

Су болып ағады.

Тырс - тырс!

Тазартып ауаны,

Жанбыр көп жауады.

Осы өлең мазмұны бойынша Асан төмендегідей калиграмма жасады.


Сенде де каллиграмма жасап көр.

Суреттердің көмегімен сөзжұмбақ құрастыр және оны шеш.

Тігінен:

Көлденеңінен:

- Қарт адам



- *Тапқан сөздердің мағынасын сөздіктен қарап біліп ал.*

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім бағдарламасының мәні – баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушыны өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірде қолдана білуге баулу. Осы міндет ұстаздарға үлкен жауапкершілік жүктейді. ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болулары үшін, оқушылардың бойына қажетті дағдыларды дарыту жолында мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын күдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңбегінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016ж.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші нұсқаулық.. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші нұсқаулық.. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.

Сыныптан тыс жұмысқа қойылатын педагогикалық талап

Камиева Гульмира Камиевна
Педагогика ғылымдарының кандидаты
Қазақ технология және бизнес университеті,
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық кафедрасының
қауымдастырылған профессоры.
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы
gulmir_kk@mail.ru

Абдирасилова Айкерим Қалыбаевна
Педагогика магистрі
Қазақ технология және бизнес университеті,
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық кафедрасының
аға оқытушысы.
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы
aikerim70@mail.ru

Еліміздің білім беру жүйесінде сабақтан тыс жұмыстың жағдайын қарастырғанда мектептен тыс білімді ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінетіндігі байқалады және мынадай бағытта жүзеге асырылады: көркемдік-эстетикалық қосымша білім, экологиялық-биологиялық қосымша білім, балалар мен жасөспірімдер туризмін және өлкетануды дамыту, оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ұйымдастыру, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыстар. Соңғы жылдары балаларға қосымша білім беру жүйесінде әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы бірлестіктердің дамуы байқалады, олар оқушылардың коммуникативті, зияткерлік қабілеттерін түзету мен дамытуға, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыруға бағдарланады. Бұл қызмет өскелең ұрпақтың әлеуметтік бейімделуіне, азаматтық қалыптасуына мүмкіндік береді [1]. Сабақтан тыс уақытта жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың тәрбиелік маңызы зор екендігін педагогика ғылымында ерте кезден-ақ дәлелденген, қазіргі ғалымдардан Ю.К. Бабанский, М.Г. Бушканец сияқты ірі ғалымдар бұл мәселені арнайы зерттеп, оның тәрбиелік маңызын теориялық тұрғыда дәлелдеген. Сонымен бірге сыныптан тыс жұмыстардың оқушының сыныпта алған білімін толықтыруға, бекітуге де пайдалы екендігін ғалымдар көрсете білген. Бұл пікірді шетел педагог ғалымдарының еңбектерінен де көруге болады. Ағылшын педагогы Д. Хамблин сыныптан тыс жасалған жұмыстар оқушылардың оқудағы іс-әрекетін байыту және оқушылардың оқудағы білім сапасын көтеруге көмектесетін маңызды іс деп көрсетеді. Олай болса, сыныптан тыс жұмыстар оқу үдерісімен тығыз байланысты, олар бірін-бірі толықтырады, байытады.

Белгілі әдіскерлер В.М. Чистяков, С.Д. Пурцеладзе, В.Д. Кувдрявцев, Н.З. Бакеева, Ғ.А. Мейрамов, Д. Тұрсынов сияқты ғалымдардың сыныптан тыс жұмыста табиғи тілдік ортаға жақын жағдай жасау қажет деген. Ол жайында Б.М. Коган «Внеклассная работа обладает рядом благоприятных факторов, она не принуждена, основано на интересе, создает возможности для речевых ситуации, естественного общения на русском языке» - дейді [2, -с. 45].

Сыныптан тыс жұмыстың осы ерекшеліктерін ескере отырып, оған қазақ тілінің мұғалімі жоспар жасағанда, сыныптан тыс жұмыстарға әдістемелік, педагогикалық тұрғыдан қойылатын талаптарды жақсы білуге тиісті.

Олар төмендегідей:

1. Сыныптан тыс жұмыстар оқушының жас мөлшеріне сай болуға тиісті.
2. Сыныптан тыс жұмыстар оқушының білім деңгейіне сай белгілену керек.

3. Сыныптан тыс жұмыстың мазмұны оқушының сабақта алған біліміне байланысты ұйымдастырылуға тиісті.

4. Сыныптан тыс жұмыстың мерзімі, ұзақтығы оқушыны жалықтырмайтындай, шаршатпайтындай болуы керек.

5. Сыныптан тыс жұмыстар оқушының сөйлеу мүмкіндігін арттыру мақсатын да көздеуі керек.

Сыныптан тыс жұмыстардың түрлері белгілі жоспармен жүйелі түрде жүргізілуі керек [3, 45-б.].

Мұғалім қазақ тілі сабағын жалпы дидактика белгілеген мазмұн мен әдістері арқылы ұйымдастырады. Қазақ тілі сабағы қазақ тілі туралы білім берумен бірге, сөйлегенді ұғу, жазу дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

Дидактика білім мазмұнының ғылыми негізін, оқыту әдістерін ұйымдастыру нұсқаларын яғни нені оқыту, қалай оқыту жайын зерттейтіні белгілі. Демек, дидактика білім мазмұнын анықтау, оқыту үдерісінің заңдылықтарын ашу, оқытудың ең тиімді әдістері мен ұйымдастыру түрлерін табу мәселелерін шешіп отырады. Осы мәселелер жөнінде өзінің ұстанымдарын белгілейді.

Оқушылардың сыныптан тыс жұмыстар арқылы тілін дамыту сабақтарында сөздік қорын байыта оқытуда жалпы педагогикалық ұстанымдар негізге алынып, сөздік қорын байыта оқыту үдерісінде өзіндік ұстанымдарды да басшылыққа алынды:

1. Оқыту мен тәрбиенің бірлігі ұстанымы тұрғысынан сирек қолданылған сөздерді меңгерту арқылы оқушыларға сөздерді дұрыс түсініп, орынды пайдалану жолы көрсетіледі. Тіл дамытуда қазақ халқының түрлі тәрбиелік мәні бар мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, көркем-әдеби кітаптар оқытылып, құрамындағы сөздердің мағынасын толық түсінуін қамтамасыз етеді. Оқушылардың тілін дамыту арқылы дүниетанымы кеңейіп, адамгершілік, ізгілік тұрғысынан тәрбиеленеді. Оқыту мен тәрбие қатар жүргізіледі.

2. Теория мен тәжірибені байланыстыру ұстанымы. Оқытудың алға қояр мақсаты - өткен сабақтар негізінде қалыптасқан білімді студенттерге тәжірибе жүзінде пайдаландыру. Ұсынылған тапсырмалар арқылы сөздік қорды молайту кезінде пайдаланылған теориялық білімдер (грамматикалық және фонетикалық заңдылықтар, сөздердің қолдану аясы, сөздің мағынасы мен мағыналық өзгерістері т.б.) іс жүзінде оқушылардың өзіндік жұмыстарында (шығарма, мазмұндама жаздыру, мәтін құрау т.б.) және мәтінді оқу үдерісінде пайдаланылады. Сонымен қатар, бұл іс оқушыларға тіл дамыту арқылы сөздік қорды молайту кезінде қалыптасқан дағдылар мен икемділіктерін, ақпараттарын күнделікті қарым-қатынас уақытында қолдану нәтижесінде жүзеге асады. Сөйтіп, оқушылардың сөздік қорын молайта отырып, оқушы білімін, сөйлеу мәдениетін, оқу дағдылары мен икемділіктерін қалыптастырып, оны күнделікті өмірде қолданылуына ықпал етіледі.

3. Оқушылардың саналылық пен белсенділігін арттыру ұстанымы. Оқушылардың сабаққа белсенділігін арттыру және өтілген материалды сапалы түсінуін қамтамасыз ету - дамыта оқытудың негізгі міндеті. Оқушылардың өтілген материалдарды сапалы түрде меңгеруі оның белсенділігі мен қызығушылығын арттырады. Ол мәтіндегі сөздерді толық, саналы түрде түсінуді қамтамасыз етеді. Бұл үшін түрлі тапсырмалар жүргізіледі.

4. Ғылымилық ұстанымы. Әрбір сөз қазақ тіл білімінің заңдылықтары негізінде қалыптасады. Тілін дамыту кезде оқушыларға қазақ тіл білімінің грамматикалық заңдылықтары (сөздердің сөз табына қатысы, сөз құрылысы, түбір мен қосымшалардың бірігу әрекеттері, сөйлем құрау, сөйлемдегі сөздердің байланысы т.б.), лексикалық заңдылықтар (сөздердің құрамындағы дыбыстар, дыбыстардың түрлері буындар, сөздің дыбысталуы), орфография заңдылықтары (сөздердің дұрыс жазылуын үйрету), орфоэпия заңдылықтары (сөздерді дұрыс айтуға үйрету) бірге жаттықтырылады, сонымен қатар олар қазақ тіл білімінің ғылыми негіздеріне сүйене отырып игертіледі.

5. Жүйелік және бірізділік ұстанымы. Қандай да лексикалық минимумды меңгерту барысында түрліше жаттығуларды жүргізу белгілі заңдылықтарға негізделген жүйелі

түрде ұсынылған материалдарды қажет етеді. Тілдік материалдарды жүйелі түрде беру үшін оқушылардың танымын және психологиялық ерекшеліктерін ескеру керек.

6. Көрнекілік ұстанымы. Сөздердің мағыналарын көрнекіліктер арқылы түсіндіру – студенттердің ынтасын, сабаққа деген қызығушылығын арттырады, себебі оқушыларды көрнекіліктер арқылы әсерлендірсе, оның есінде сол заттың көрінісі, ұғымы, мағынасы өзара байланыста игертіледі. Оны оқушы қайта есіне түсіргенде, сол қалпында елестете алады.

Осымен байланысты дидактика ұстанымдары пәнінің ерекшелігіне байланысты толығып отырғанымен өзінің негізгі мәнін сақтайды. Сондықтан оқыту үдерісінде басшылыққа алу мәселесіне қысқаша тоқталамыз.

1. Сыныптан тыс жұмыстың қазақ тілі сабақтарымен байланысу ұстанымдары. Оқушылардың білімдеріне сүйене отырып, сыныптан тыс жұмыста мұғалім олардың сөйлеу қабілеттерін дамытады.

2. Тіл материалдарын білудегі жүйелілік ұстанымдары. Сыныптан тыс және сыныптағы оқулардың өзара байланысы тіл материалын беру жүйелілігін қамтамасыз етеді.

3. Оқушылардың сұранысын ескеру ұстанымдары. Әрбір оқушы өзінің қабілетіне қарай ықыласына қарай тапсырма алады.

4. Қызықтыру ұстанымдары. Қызықтыру - ол оқушылардың интелектуалдық сұранымдарын қанағаттандырып, олардың әуестігін дамытып, тілді үйренуге құмарлығын арттырады.

5. Сыныптан тыс жұмыстың түрлілік ұстанымдары - оқушының ықыласының, ынтасының, сұранысының түрлілігіне негізделеді.

6. Сыныптан тыс жұмыстың жеке түрлерінің өзара байланыс ұстанымдары. Бұл ұстанымды сақтағанда, қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстың жалпы жүйесі құралады, онда әрбір шаралардың өзінің нақты орны бар және олар бір-бірімен тығыз байланысты болуы керек.

7. Өз еріктілік ұстанымы. Оқушыларды сабақтан тыс уақытта қазақ тілімен өз еркімен айналысуға ықыласы болуы үшін, сыныптан тыс шараларды қызықты өткізу қажет.

8. Жаппай көпшілік ұстанымы. Сыныптан тыс жұмысқа мүмкіндігінше көп оқушыны қатыстыруға тырысу керек, себебі ол тілдік орта қызметін атқарады.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетін арттыратын негізгі құбылыс – қызығушылық. Белгілі психологтар А.И. Леонтьев, С.Я. Рубинштейн т.б. ғалымдар қызығушылық оқушылардың оқу ісінде ең маңызды орын алады десе, Л.А. Гордон, М.Ф. Беляев, Л.И. Невский т.б. ғалымдар қызығушылық оқушы санасының берсенділігі мен іс-әрекетін көтереді деген.

Тіл дамытуда жақсы нәтижеге жету үшін мұғалім сабақта да, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда да оқушының қазақ тіліне қызығушылығын туғызуға мән беруі қажет.

Қазақ тілінен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың бәрі, оқушы қызығатындай болуы және қызығушылығын арттыратындай болуы шарт. Мысалы, ән, драма, көркем сөз үйірмелері оқушыларды өте қызықтырды. Әсіресе, драмалық күлкілі қысқа үзінділер оқу, инсценировка қоюға оқушылар таласып қатысты. Бұл үйірмелердің оқушы қызығушылығына сай ұйымдастырылуына байланысты. Оқушылардың үйірмелерге таласа қатысуы – оқушы қызығушылығының күші.

Осындай жағдай сыныптан тыс жұмыстарда қазақтың ұлттық ойындарын ұйымдастыруда, грамматикалық қызықты ойындарды пайдалануда ерекше көзге түседі.

Оқушылардың қызығушылығы негізінде ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстардың жүйелі жүргізілуінің нәтижесінде эксперимент жасалған сынып оқушыларының тілдік материалды ұзақ уақыт есте сақтауына мүмкіндік жасалды. Ал, ол оқушының сөздік қорын дамытуға әсер етті. Бұл істе оқушылардың актив сөздік қорын байытуға ерекше мән берілді. Әрине, ұзақ уақыттық есте тек сөздерді ғана сақтау емес екені де ескерілді, өйткені сөз тіркестерінің сөйлемдер үлгілерінің де қоймасы. Сөйлеу механизмі кезінде оның бәрі де іске қосылады.

Қазіргі мектепте оқу-тәрбие жұмысын түгелдей қайта құру жұмысы жүріп жатыр. Қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімдердің міндеті – алдында отырған әр оқушының психикалық – физиологиялық даму мен қалыптасу ерекшелігін білумен қатар мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасы негіздерін де білу қажеттігі туып отыр.

Қазіргі кезеңдегі психология ғылымы бойынша психологиялық процестер әрекет арқылы дамиды деп саналады. Бұл көзқарасты алғаш психолог Л.С. Выготский ұсынған. Кейін бұл ғылыми қағиданы оның оқушылары А.Н. Леонтьев, А.Р. Лурия т.б. дамытты. Психологияда тіл адамдардың қарым-қатынасында қолданылатын таңбалардың жүйесі болып табылады. Ол таңбалар – дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөздердің түрленуі, бір-бірімен байланысуы.

Тілді оқытудың нәтижелі болуы төмендегідей мәселелерге байланысты: оқушының психологиялық жағдайы, қабілеті, мұғалімнің тілді үйрету тәжірибесі, мұғалімнің шеберлігі, оқыту тәсілдері, оқыту құралдары, оқулық пен көмекші құралдар, көрнекілік пен оның тартымдылығы, оқу бөлмесінің тартымдылығы, сыныптан тыс жұмыстар және т.б. Сондықтан қазақ тілін оқытуда мұғалім бұл жағдайлардың бәріне мән беріп, ешқайсысын елеусіз қалдыруына болмайды. Әрбір сабақтың мазмұнына қарай оқыту әдіс-тәсілдерін таңдауда оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне айрықша мән беріледі. Демек, оқушы оқу материалдарын терең түсініп, саналы меңгеруі үшін, оның ішкі заңдылықтарын және олардың өзара байланысын дұрыс анықтай білуі қажет. Тілдік таңбаларды орынды, дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру керек.

Тілді оқытуда ес процесінің атқаратын қызметі ерекше. Психологтар естің 2 түрін ажыратады: ұзақ сақталатын ес, аз сақталатын ес. Сөйлеуге қажетті тілдік тұлғалар алдымен аз сақталатын ес арқылы қабылданып, содан кейін барып, жаттығулар, қайталаулар арқылы ұзақ сақталатын белсенді ой әрекетімен байланысты тілдік материал есте жақсы сақталады. Сондықтан тіл меңгертуге, оқытуға қатысты жұмыстардың бәрі оқушының ой белсенділігін, қызығушылығын, ынтасын арттыратындай болуы керек.

Сонымен бірге психологтар сыныптан тыс жұмыстарды жоспарлау оқушының білім деңгейімен де толық сәйкес келуін талап етеді. Бұл сыныптан тыс жұмыстардың оқушыға түсінікті болуын қамтамасыз етеді. Маркова А.К. «Психологические критерии эффективности учебного процесса» атты мақаласында сабақтың психологиялық жағына мынадай талаптар қояды: «Оқушылардың материалды меңгере алуының психологиялық негізі сабақтың әрі әсерлі, әрі қызықты өткізілуіне байланысты. Сабақ психологиялық жағынан неғұрлым әсерлі болса, оқу материалын олар соғұрлым дұрыс түсінеді. Бұл – мұғалімнің шеберлігіне де қатысты мәселе.

Ал сыныптан тыс жұмыстарға баулу сөйлеудің нәтижелі болуына әкеледі. Оқушы сөздің ұғымын меңгере отырып, пайымдауға, пікір айтуға, қорытындылар жасауға үйренеді. Сондықтан оқушының ойлауын, сөйлеуін дамыту үшін ең алдымен сөздік ұғым игертіледі.

Қорытындылай келе, оқушылардың ойы логикалық құрылымға емес, сөздің ұғымдарын, олардың бір-бірімен байланысын есте сақтауға негізделеді. Сондықтан тіл дамыту үшін, сыныптан тыс жұмыстарды жүйелі әрі тартымды өткізу керек. Оқушылардың сыныптан тыс жұмыстардан алған білімдерінің нәтижелерін өзінің өмір тәжірибесінде, сөйлеуде, шығармашылықта қолдана білу дағдылары мен икемділіктері қалыптастырылады. Сонымен қатар сыныптан тыс оқыту арқылы сөйлеу икемділіктері арттырылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бурганова Р.И., Оспанова Я.Н., Абдрашитова Т.А., Радионова К.В. Модель региональной программы развития досуговой деятельности школьников/ Астана, 2009. – 87 с.
2. Бородулина М.Е. Личность и ее формирование в детско-подростковом возрасте. М., 1968.
3. Құлмағамбетова Б. және т.б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А, 2000
4. Әбиев Ж., Бабаев С.т.б. Педагогика /Алматы: Дарын, 2004.-410бет.
5. Әбенбаев С.Ш.Тәрбие теориясы мен әдістемесі /Алматы:Дарын, 2004.-152б.

Құрмалас сөйлемді оқыту мәселесі жөніндегі алғашқы әдіскер-ғалымдардың тұжырымдары

Сәдірова Ә.С.

*гуманитарлық ғылымдар магистрі
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ*

Бәсекелестікке қабілетті, ұшқыр ойлы тұлға қалыптастыруды көздеген жаңа білім беру жүйесі негізінде туындаған тілді оқытудың әр түрлі тиімді әрі қызықты әдіс-тәсілдері бар. Десе де қазақ тілі грамматикасының күрделі саласы – синтаксисті оқыту мәселесі әлі күнге дейін өзекті деп ойлаймыз. Осы орайда қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдерді оқыту мәселесінің көтерілу тарихына толталуды жөн көрдік.

Қазақ тілін оқыту методикасы - мектепте оқытылатын қазақ тілі материалдарын практикалық тұрғыдан оқушыларға саналы түсіндіретін ғылым саласы екені анық. Оның әдістемесі де бірден ғылым болып қалыптасқан жоқ. Оның да өзінің тарихи даму жолдары бар. Әдістеме белгілі бір пәнге қатысты оқыту мен білім берудің нақтылы жолдары мен амалдарын, әдістері мен тәсілдерін зерттей отырып, осы әдістер мен тәсілдердің теориялық негізін де жасайды және оларды оқытудың тиімді, сапалы болуын қадағалайтын бір ортақ мақсатқа бағынған жүйеге топтастырады. Осы тұрғыдан келгенде, әдістеменің өзіндік принциптері, тарихы, қалыптасу жолы мен жүйесі бар [1,128]. Қазақ халқының тарихында баланы ана тілінде оқыту және оқыту әдісіне көңіл бөлу ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннен басталды десек, бүгінгі деңгейге жету жолында басқа да бірқатар ғалымдар бұған елеулі үлес қосты.

Қазақ тілінің оқыту әдістемесінің тарихи қалыптасу жолында ХХ ғасырдың бас кезі, әсіресе осы кезеңнің алғашқы онжылдық уақыты, ерекше атап өтуді қажет етеді. Себебі, бұл жылдары көрнекті ғалым-ұстаздардың, қоғам қайраткерлерінің, жазушылардың ұлттық тілдің ерекшелігіне, оның қоғамдағы орны мен әлеуметтік мәніне көңіл аударып, қалам тартпағаны кемде-кем.

Ахмет Байтұрсынов – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына да көп күш жұмсады. 1912 жылы мектеп балаларына қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазғаннан кейін көп ұзамай енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Осы кітаптың морфологияға арналған 2-бөлімі 1914 жылы, ал синтаксиске арналған 3-бөлімі 1916 жылы басылып шығып, 1928 жылға дейін әлденеше рет қайта басылып пайдаланылып келді.

А.Байтұрсынов – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы. Ол – қазақ тілін дыбысқа бөліп оқыту арқылы сауаттандыру әдісінің негізін салды. Ғұлама ғалым өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойып, бұларды біртіндеп шешуге кірісті. Ол алдымен қазақша сауат аштыруды көздеп «Оқу құралды» жазды, онан соң қазақ тілінің ғылыми грамматикасы «Тіл құралын» ұсынды, тілді дұрыс жұмсай білу тәртібін көздеп «Тіл жұмсарын», төртінші – сауат аштыру, тілді оқытудың әдістемесін жасауды алып, «Баяншыны» жазды. А.Байтұрсыновтың замандасы Телжан Шонанұлы 1931 жылы «Орыстар үшін қазақша әліппе» оқулығын жазды. Латын тілінде жазылған бұл әліппе 1 жылдық оқу құралы деп саналған.

ХХ ғасырдың төртінші он жылдығынан бастап әдістеме қолға алынып, біршама еңбектер жарық көре бастады. 1935 жылға дейін қазақ тілін оқыту әдістемесіне арналған мақалалар ғана болды. Осы жылы «Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдісі» деген атпен жинақ шықты.

Қазақ тілі әдістемесінің алғашқы негізін салушылардың бірі – Ғали Бегалиев болды. 1940 жылы «Бастауыш мектептерде қазақ тілінің методикасы» деген еңбегі баспадан шықты. Бұл еңбекте орыс тілі әдістемесінің үлгілі жақтары алынған.

1956 жылы белгілі әдіскер – ғалым Шамғали Сарыбаевтың «қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері» (1-бөлім фонетика мен морфология) деген кітабы шықты. Бұл оқулық

методикаға қосылған үлкен бір оқу құралы болды. Байқап отырғаныңыздай, қазақ тілін оқытудың әдістемелік мәселелері А.Байтұрсынов еңбектерінен бастау алған, кейін С.Аманжолов, Қ.Жұбанов, С.Жиенбаев, Т.Қордабаев, Б.Құлмағанбетов, Х.Арғынов, А.Әбілқаев, С.Исаев еңбектерінде оқу-тәлімдік ой-пікірлері мен тәжірибелерінде көрініс тапты.

Балғаным Құлмағамбетова 1956 жылдардан бастап қазақ тілі методикасының көптеген мәселелеріне ғылыми әрі практикалық жағынан зерттеу жүргізіп, «Қазақ тіліндегі етістік категориясын оқыту» (1957), «Құрмалас сөйлемдерді оқытудың кейбір мәселелері» (монография, 1963), «6-класта қазақ тілі сабақтарына байланысты тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастыру» (1965), «5-класта қазақ тілі сабақтарына байланысты тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастыру» (1966), т.б. еңбектерін дүниеге әкелді.

Ы.Мамановтың Д. Әлімжановпен бірігіп жазған «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» деп аталатын оқулығы орта мектеп мұғалімдері мен Жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналып, 1965 жылы жарық көрген. Еңбек «орта мектепте қазақ тілін оқытудың жалпы мәселелері», «Қазақ тілінен білім берудің методтары мен оқу жұмыстарын жүргізудің жолдары», «грамматиканы оқыту методикасы» деп аталатын үш тараудан тұрады.

Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлем синтаксисін теориялық жағынан зерттеген Хасен Арғынов. Оның «Жай сөйлем синтаксисін оқытудың методикасы» (1957), «Қазақ тілін оқыту» еңбектері жарық көрді.

Бұл аталған еңбектердің қазақ тілін оқыту методикасында алатын орны ерекше. Онда қазақ тілі методикасының педагогикалық негіздері, жазу жұмыстары, талдау үлгілері, грамматиканы оқыту, кітап оқу методикасы сияқты мәселелерге тоқталған. Еңбектердің барлығында да жасалатын тұжырым: «Мұғалім сабақты беруді көрсетіп бергенінен айнытпай орындауға міндетті емес, өз білгенінше түрлі әдіс қолдануға ерікті. Методика рецепт те емес, әкімшілік нұсқау да емес, тек педагогикалық кеңес, жол-жоба», - дейді [2,7].

Мектепте қазақ тілін оқытудың негізгі міндеттері мен мақсаттары анықталатын бірінші тарауда әдістеменің өзге пәндермен байланысы көрсетіліпті, орта мектептерде қазақ тілін оқыту бағдарламаларының негізгі принциптері баяндалды. Мұнда оқытудың бағдарламалық неізіне терең мән беріледі. Оның теориялық та, практикалық та маңызын белгілейді: (Әрбір класта қазақ тілінен өтілетін материалдардың көлемін дәл белгілеу; тілді оқыту жұмысын тәртіпті және жүйелі жүргізуге бағыт беру; мұғалімнің тілді оқытуға арналған жылдық, тоқсандық, айлық және жеке тақырыптарға арналған сабақ жоспарларын творчестволық тұрғыда жасауына ұйытқы болу; мұғалімдердің методикалық шеберлігін арттырып, әр тақырыптың мазмұнына қарай пайдалы әдістерді қолданып отруға, өз білімдерін толықтырып отыруға міндет жүктейді; мұғалімдердің сабақтарын ұқыпты дайындалып, оған керекті материалдарды күн ілгері әзірлеу құнттылығын арттырады; мұғалімдердің оқушылармен кластан тыс жүргізетін жұмыстарын жақсартуды, оларды өтудің әдістерін белгілейді; тілдік материалдарды бір-бірімен ұдайы байланыстырып, ұдайы қайталап отырудың әдістерін үйретелді.

Ғалымдар қазақ тілін оқытудың ең ұтымды әдістері ретінде фонетикалық, грамматикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсілдерді айтады. Сондай-ақ, анализ-синтез, салыстыру, индукция-дедукция, баяндау, әңгімелесу тәсілдерін пайдаланудың тиімді жолдары көрсетіледі.

«Мұғалім индукция-дедукциялық методты жақсы білсе, біріншіден, индукциялық тәсіл мен дедукциялық тәсілдің ара жігін ажыратып, оларды бір-бірімен шатастырмайтын болады; екіншіден, индукциялық тәсіл мен дедукциялық тәсілді практика жүзінде байланыстыра біледі; үшіншіден, оқушыларды өздерінің белгілі бір білім шындығы мен зат танытудағы ойлау қабілеттілігімен дұрыс қойтындылар шығарып үйренуге шеберленеді» [3,80]

Құрмалас сөйлем туралы алғашқы пікірлер жиырмасыншы жылдар ішінде көріне бастады. Осы жылдар ішінде жазылған А.Байтұрсыновтың «Тіл құралы» атты оқулығында қазірде қолданылып жүрген басқа да көптеген лингвистикалық терминдер сияқты «құрмалас» сөзі көрініс тапты. Терминнің мағынасы өзі атау болған категорияның мазмұнына сай келеді. Өйткені құрмалас деген атаумен аталатын сөйлем – екі немесе одан да

көп жай сөйлемдерден құралатын күрделі категория. Қазақ тілінде құрмалас сөйлемдер жүйесіне қатысты зерттеушілер ретінде А.Байтұрсынов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, С.Жиенбаев, Т.Қордабаевтарды атай аламыз.

Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесіне қатысты зерттеушілер ретінде А.Байтұрсынов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолорв, С.Жиенбаев, Т.Қордабаевтарды атай аламыз. Құрмалас сөйлемді зерттеген ғалымдардың бәрі де оның кем дегенде екі жай сөйлемнен құралатынын, күрделі ойды білдіретінін ортақ пікір ретінде ұстанды [4]. Құрмалас сөйлемдерді оқыту әдістемесін қазақ тілі әдістеме ғылымында Б.Құлмағанбетова, Х.Арғынов секілді ғалымдар зерттеді. Ғалым Х.Арғынов «Қазақ тілінің күрделі сөйлем синтаксисін оқыту әдістемесі» тақырыбында кандидаттық (1963), «Қазақ тілінің синтаксисі мен пунктуациясы әдістемесінің негіздері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. «Құрмалас сөйлем синтаксисінің методикасы» атты зерттеу еңбегін 1964 жылы жариялаған. 2006 жылы жарық көрген Ш.К.Бектұровтың «Қазақ тілі» атты еңбегінде, оқушыларға құрмалас сөйлемнен теориялық білім беріп, олардың практикалық дағдыларын қалыптастыру үшін қойылатын негізгі талаптарды атап көрсетеді. Олар:


- 1) Мұғалімнің түсіндіруі (толық, жартылай, бағыт бере түсіндіру: ауызша, жазбаша, баяндау);
- 2) Берілген тілдік материалды талдата білу;
- 3) Құрмалас сөйлемнің түрлерін (ауызша, жазбаша) құрастыру;
- 4) Құрмалас сөйлемнің компоненттеріне қатысты сұрақ қойып, оған жауап бергізу;
- 5) Жазбаша жұмыстарды (диктант, мазмұндама, шығарма) құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс қоюға үйрету;
- 6) Құрмалас сөйлемнің түрлеріне синоним таба білуге, талдау, синтез, салыстыру, қортынды жасай алу дәрежесіне жеткізу.

Міне, осылай әдіскер-ғалым құрмалас сөйлемдерді оқыту барысында ескеретін маңызды алты талапты атап және құрмалас сөйлемдерді оқыту барысында қолданылатын негізгі құралдар: оқулық, дидактикалық материалдар, көрнекі құрал (сызба кесте), техникалық құралдар (үнтаспа, киноқондырғы, диафильм, күйтабақтар), т.б. деп көрсетеді [4,265]. Сабақтың әдістемесін жобалау – ұстаз бен оқушы арасындағы жаңа байланысты қалыптастырып, оның пәнге деген қызығушылығын арттыруда дұрыс нәтиже берері анық. Осындай мақсатпен пән мұғалімдеріне арнайы айлап шығып тұратын, көмекші әдістеме құрал ретінде танылған «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналына да шолу жасағанымызда, құрмалас сөйлемді оқытуға байланысты мынадай әдіс-тәсілдерді жинақтадық: сұрақ-жауап, грамматикалық талдау, анализ, синтез, теориялық талдау, өзіндік ізденіс, топтастыру, түсіндіру, балама тест, графикалық сынақ, т.б. Бұл аталған әдіс-тәсілдер бүгінгі мектептерде жаңа техникалық құралдар (интерактивті тақта, үнтаспа, т.б.) арқылы кеңінен қолданылып жүр.

Қазіргі таңда мұғалімдер инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. «Инновация» термині қазіргі білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. Инновация аударғанда жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді. Яғни, С.Ожегов сөздігіне сүйенсек, инновация бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық болып шығады. Инновациялық жүйеде ұйымдастырылған әрбір сабақтың берері мол. Оқушының ой дербестігін, оқу әрекетін жандандыра отырып, сөз өнерінің иіріміне бойлауға, жан-дүниесінің ұлттық рухта зерделенуіне, өзіндік жеке пікір қалыптастыруына бой алдырады [5,13]. Және осы айтылғандар бүгінгі таңда зерттеу еңбектерде өзекті мәселе болып жүргені де бар. Осыған орай кей зерттеулер құрмалас сөйлемдерді оқытуда шығармашылықпен жұмыс істеуді баса назарға қояды. Мәселен, Е.Ш.Лесбекқызының осы турасында жазылған «Құрмалас сөйлемдерді оқыту барысында шығармашылықпен жұмыс істеу әдістемесі (8-сынып)» атты зерттеу жұмысын айтып кетуімізге болады.

Мұнда ғалым: «Егер қазақ тілінің құрмалас сөйлемдерін шығармашылық жұмыстар арқылы оқытса, оқушылардың ой-қиялына түрткі болады, логикалық қабілеті дамиды; Құрмалас сөйлемдерді шығармашылықпен оқыту оқушыларды теориялық ойлау деңгейінен

шығармашылықпен ойлау деңгейіне көтереді» - дейді [6,4-5]. Сонымен бірге, ғалым осы еңбегінде құрмалас сөйлемдерді оқытуда шығармашылықпен жұмыс істеудегі жаттығулар мен тапсырмалар және ойынның түрлерін атап кеткен. Оның сызбасы төменде көрсетілгендей (1-кесте).



А.Байтұрсыновтың қазақ тілі синтаксисі туралы тұжырымдары оны оқыту жөніндегі соны пікірлер болып табылады. Тілші синтаксистің теориясын бір жүйеге түсірумен қатар, оны меңгерудің жолдарын ұсынды. «Ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық даражада түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» деп, сөйлемнің қатысымдық қызметін айқындады [7, 264]. Осыған орай, қазақ тілі әдістеме ілімінде қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан оқыту әдісі де соңғы уақытта сөз болып келе жатыр.

Жалпы, қазақ тіліндегі синтаксис саласы оқушыларға сөз тіркесінің, сөйлем мен мәтіннің ерекшелігі мен өзіндік қолданысын үйретіп, сол арқылы олардың сөйлеу қабілетін жетілдіруді көздейді. Бұл Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасының: «Қазір педагогикалық қоғамдастықтың алдында білім берудің жаңа моделін құрудың, сынақтан өткізу мен енгізудің ауқымды міндеттері тұр. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады», – деп көрсетілген басты қағидатымен толық үндеседі [8, 5].

Бүгінгі қоғамда тек болашақ буынды ғана емес, жалпы адамзаттық құндылықтарға ие азаматтар буынын қалыптастыру, Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу аса маңызды да жауапты іс. Сондықтан оқушыларға қазақ тілінен теориялық білім беру, оларды шығармашылыққа үйрету, өзіндік жұмыстарын мазмұнды да сауатты түрде жүргізу арқылы олардың логикалық ойын, дүние танымын, сөз байлығын, сөйлеу мен жазу тілін әдеби нормада қалыптастыру құрмалас сөйлемді оқытуға қатысты қай еңбекті алып қарамайық, ең басты ұлы мақсат болып көзделген. Ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынов былай деген екен: «жақсы мұғалім деген атқа түрлі әдістерді меңгеріп, соларды оқытуда қолда білу арқылы ғана жетуге болады. Сонымен қатар, бірнеше әдісті меңгеріп қана қоймай, табанда өзі қажет әдісті тауып, пайдалана білу керек». Қорыта келе, іздену, тиімді әдістерді тауып, пайдалана білу, сабақ барысында үнемі түрліше әдістерге сүйеніп отыру, сапалы білім береміз деген қағидасы бар қай кезеңнің болмасын басты міндетіне айналған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ф.Оразбаева «Тілдік қатынас» - «Сөздік-Словарь» 2005жыл
2. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі – Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 368 б.
3. Ы.Мамановтың Д. Әлімжанов «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» 1965 жылы,80-бет
4. Ш.К.Бектұровтың «Қазақ тілі» 2006 жылы

5. Ерхожина Шаттыгүл Лесбекқызының «Құрмалас сөйлемдерді оқыту барысында шығармашылықпен жұмыс істеу әдістемесі (8-сынып)», 2009 жыл

6. Ахмет Байтұрсынов. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 21-142 бб.

Жаңартылған білім – оқыту сапасын жетілдіру кепілі

Аманжолова Жаннат Алимжановна
Ақтөбе қаласы № 51 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
ҚР, Ақтөбе қаласы
zhannat.amanzholova.77@mail.ru

Барлық уақытта да елді, оның өркениетін әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім-ғылым және білімді ұрпақ. Жаңартылған бағдарламаның мәні – баланың сауаттылығын дамыта отырып, оның мектеп қабырғасында алған білімін өмірде қажетке асыра білуге үйретуіміз керек. Сондықтан бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттеліп отыр. Оқушылардың бойына қажетті дағдыларды дарыту үшін мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі. Бұл туралы қазіргі таңда жиі айтылып, мектептер жаңаша оқытуға бағыт алды. Жаңартылған мазмұндағы әдістер білім беру саласының барлық буынындағы жұмыстарды жетілдіріп, білім сапасын жақсарту бағытында жаңа әдістегі шараларды жүргізіп отыруды қажет етеді. Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру, соған орай оқытудың да әдіс-тәсілдерін жүйелі жетілдіру болып табылады. Жаңартылған оқу бағдарламасының міндеті оқу үдерісінде жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана білу жолдарын қамтамасыз ету және осыған байланысты оқу жоспарларын да жаңа бағытта жоспарлауды қалыптастыру болып табылады. Мұғалімдер жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқыту үшін оған қажетті дағдыларды меңгеруін қамтамасыз ету керек. Жаңа жағдайға сай жұмыс жүргізу үшін білім мазмұнына да өзгеріс енгізіліп, жаңартылған білім беру жолдары қарастырылды. Жаңартылған білім берудің жаңа талаптарын жүзеге асыру үшін мұғалімдердің де заман ағымына сай жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындап отыр. Сонымен қатар дәстүрлі және инновациялық аспектілердің айырым жігін ашып көрсете отырып, бүгінгі заманның талаптілектеріне сәйкес оқытудың жаңа жүйесін ұғыну, практика түрінде оны қолдану дағдысының қалыптасуы – білім сапасын арттырудағы бірден-бір тиімді жол болмақ [1.45].

Қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнын жүзеге асыруда мұғалімдердің жан-жақты, ізденімпаздықпен жұмыс жасауын талап етеді. Ол үшін жаңа педагогикалық инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана біліп, педагогикалық технологияны жете білу керек. Педагогикалық технология – оқу-тәрбие үрдісінің шығармашылықпен оқыту және тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі, түпкі мақсатқа жететін тиімді әрекеттер жүйесі болып табылады [2.6]. Жаңартылған білім беру мазмұнын жүзеге асыруда білім беру жүйесінде оқу үдерісінде жаңа әдіс-тәсілдерді де қолданып, бұрынғы дәстүрден өзгеше жол іздеуді, күнделікті сабақты жаңашылдықпен өткізуді қажет етеді. Мұғалімдер жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді қалай дайындау керектігін, оны қолдану, әр істі модельдей білу жолдарын меңгеруі қажет. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден-бір жолы оқушы білімін тереңдету, олардың өз бетінше ізденуін, шығармашылық белсенділігін арттыру мәселелерін де дамыта түсу жолдары қарастырылып отыр. Сонымен қатар жалпы оқытудың нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлауы, өзіндік ізденісі мен ақпаратты терең талдау машығына байланысты екендігі де назарға алынған. Осы орайда, ата-бабамыздан қалған қанатты сөз

бар. Ол: «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы», - деп, ұрпақтың білімі мен тәрбиесі ұстаздардың қолында екенін айтып, мұғалімдерге үлкен жауапкершілік артып, сенім білдіргені деп есептейміз. Сондықтан қазіргі кезең мұғалімдерден кәсіби білімі мен әдістемелік жаңашылдықты талап етеді. Оқытудың инновациялық технологияларын қолдану барысында оқушыларды топпен, жұппен бірлесе жұмыс жасауға, бірін-бірі тыңдай білуге, бір-бірімен пікірлесу және өзгенің пікірімен санасу, талқылау арқылы ортақ тұжырым жасауға, өз бетімен білім алу жолдарына үйретіп, өзіне деген сенімділігі мен жауапкершілігін, сабаққа деген қызығушылығын, оқыту мен білім беру сапасын артыруға болатындығына күнделікті оқу үдерісінде көз жетіп келеді[3.148].

Жаңартылған білім берудің жаңа талаптары оқушылардың заман талабына сай, жаңа технологияларды меңгерген, сыни көзқараспен қарайтын, өмірге бейімді, өзінің іс-әрекетіне баға бере алатын тұлға болып қалыптасуына ықпал ету болып табылады. Беріліп жатқан жаңа білімді жинақтап, оны талдап, қолдана білетін қабілетті жастарды дайындау керек болып отыр. Осы бағытта жұмыс жүргізу үшін педагогикалық үдерісті әдістемелік жағынан жетілдірудің маңызы зор. Педагогикалық үдерістің сапасын арттыру– жаңартылған білім мазмұнының басты талабы. Қазіргі кезде оқушының белсенділігін арттыру арқылы өздігінен оқып үйренуіне жағдай жасауға назар аударылып отыр. Білім беру жүйесі оқушының «қалай білім алу керектігін үйренетін», қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, ой-өрісі дамыған, үш тілде еркін сөйлей алатын жеке тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған қағиданы ұстанады. Оқушыларды жаңа заманауи біліммен қамтамасыз етіп, олардың сабаққа деген қызығушылығын дамытып, танып-түсініктерін кеңейтіп, ой-өрісін сыни тұрғыдан ойлау арқылы дамытып, олардың сөздік қорын молайтуға, жаттанды түрде білім алмай, осы білімін болашақта пайдалануға мүмкіндік алатындай деңгейге жетуіне баса көңіл аударылып отыр. Жаңа технология бойынша интербелсенді оқытуды жүзеге асыру барысында оқытудағы көшбасшылық және менеджмент, ынтымақтастық оқу, яғни өзара іс-әрекет жасау философиясы, мектеп пен сыныптағы мәдениет, мінсіз мұғалім, табысты оқыту мен құзырлы мұғалім, оқытудың сындарлы теориясы, т.б. туралы біліп, осыларды іс жүзіне асыру керек. Жаңа технологияның негізгі ұғымдары ретінде оқудағы кедергілер, оқушыларды жас ерекшелігіне сай оқыту мен оқу, қуатты педагогикалық құралдар, қалай оқу керектігін үйрету, оқыту мен оқуда ақпараттық – коммуникациялық технологияны (АКТ) пайдалану, оқу үшін бағалау және оқуды бағалау, талантты және дарынды балаларды оқыту, т.б. туралы, оны өз жұмысында қолдану жолдарын меңгеру қажет. Топтық жұмысты мұғалімдер ұйымдастырады, әрі олар қолдау көрсетіп отыруға тиіс, сондай-ақ тапсырманы орындағаннан кейін оны талқылауға уақыт беру қажет. Мұғалімдер топтың тиімді жұмысына қолдау көрсетіп, оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етулері керек[3.149]. Сонымен қатар, сыныппен жүргізілетін жұмыс неге қол жеткізілетіндігін, нені білу жоспарланғандығын және топтық жұмысқа арналған тапсырмалар барлық сыныпты оқытумен қалай байланысты екендігін талқылауды қамтуы тиіс. Талқылау барысында оқушыларға олар қолдана алатын дағдылар, стратегиялар мен ережелер туралы ескерту қажет. Оқушылардың жұмысына мұғалім сыпайы түрде араласып, оқушыларға ұсынылатын әдістерді моделдеуі тиіс. Топтың бірлескен жұмысын қамтамасыз ету үшін, бастапқы кезеңдерде барынша көп қолдау көрсету талап етілуі мүмкін. Сабақ аяқталған соң оқушылар топтағы жұмыс үдерісін және оның нәтижелері туралы ойлану үшін түрткі жасау керек. Жақсы ұйымдастырылған топтық жұмыс оқушылар арасында әлеуметтік өзара қарым-қатынасты, тиімді араласу және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде оқушыларды өздерінің оқуларына белсенді қатысуға итермелейді. Оқушыларды алынған ақпаратты ойластыруға және талқылауға, өзгелердің пікірлерін түсінуге немесе теріске шығаруға ынталандырған жағдайда топтық жұмыс тиімді болады[3.150].

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс жасау барысында тілдік пәндерді оқытуға ерекше дайындық қажет деп білеміз. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту бағытында әдеби шығармалармен байланысты атқарылатын түрлі әдістемелік шараларға ерекше назар аударып, олардың ана тілінің терең иірімдеріне бойлап, тілдің

әдеби талаптарына сай шешен сөйлей білуіне, тілді дұрыс қолдана білуіне, әдеби үдерісті жақсы игеруіне ерекше назар аудару қажет. Тілдік талдау жасап, сауатты жаза білетін, ана тілінің қоғамдық қызметін танып, оны күнделікті өмірде шебер қолдана білетін, тілдің ұлттық ерекшелігін, тәрбиелік мәнін түсінетін, заман талабына сай тұлға қалыптастыруды басты нысана етіп қою керек. Сонымен қатар қазақ тілі мен әдебиетіне арналған сабақтарды жаңартылған білім беру бағдарламасы талаптарына сай жоспарлап, жаңа технологияларды жүйелі қолдануымыз керек. Мұғалім жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша жасалған жоспарының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігін, сабақтың мазмұны мен мақсаттарын бір-бірімен дұрыс байланыстыра жасауы арқылы сабақ сапасын арттырады. Жаңа технология, интер белсенді әдістер сабақ сапасының кепілі деуге болады. Сондықтан күнделікті сабағымда оқушыларды топқа бөліп, олардың бетпе-бет отырып өз пікірлерін жеткізуіне ықпал жасап, тақырыпты талқылаудағы белсенділігі мен қызығушылығын, сабаққа деген ынтасын арттыруға көңіл бөлемін. Осындай жұмыс нәтижесінде білім сапасы да арта түсетініне көзім жетті. Сабақтағы ғылыми зерттеуге бағытталған тапсырмалар, оқушылардың өзара бірігіп жүргізген жұмыстары, танымдық дамуына әсер ететін тапсырмалар мен оқыту тәсілдерінің жетілдірілуі сабақта қолданылатын түрлі дидактикалық жаттығулар сабақ сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Оқушыларға әртүрлі ойындар арқылы да әсер етіп, олардың бәр уақытта сергек отыруына жүйелі қолдау жасайтынымызды байқадым. Осы орайда, көне қытай ғұламасы Конфуций: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі ойға оралады. Сондықтан жаңартылған білім беру бағдарламаның талабы интербе оқушыларды оқу үдерісінде белсенді әрекет етуге үйрету керектігін ескеру қажет.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында өзгерістер көп десек, соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту жүйесі түбегейлі өзгеріп жатыр. Бұл өзгерістер жаңартылған білім беру бағдарламаның талабынан туындағанын, сондықтан бұрыннан қалыптасқан жүйені жетілдіріп, қоғамның қарыштап даму талаптарына сәйкес жаңаға бейімдейтін үдеріс болып есептеледі. Осы жаңалықтарға сәйкес оқушы да жаңа ақпаратты өте көп біліп, оны жақсы меңгеріп қана қоймай, осы білімін іс жүзінде қолдана білетіндей, қиындықтарға кездесетін жағдайда өзі шешім қабылдай алатындай деңгейде тәрбие алып, өз бетімен жұмыс жасауға дағдылануы тиіс. Дегенмен, кей жағдайда мектеп оқушыларының сауаттылығы болғанмен, өз бетінше шешім жасай алмауы, өзге тілдегі деректерді талғамсыз қабылдай беруі, өз тілі мен дәстүріне жеңіл қараушылығы да кездесіп қалады. Осы кемшіліктерге жол бермеу жаңаша оқытудың тек біліммен шектелмей, бала тәрбиесі мен дүниетанымдық қасиеттеріне де терең үңілуді қажет етіп отыр. Оқушының тілдік дағдыларын дамытып, кітап оқу, әдеби шығармалар бойынша шараларға қатыстыру арқылы олардың дүниетанымын тереңдетуге ерекше назар аудару керек. Ал күнделікті жағдайда мұғалімдер оқушылардың сауаттылығын көтеру бағытында жұмыс жүргізіп, баланың дүниетанымын тереңдету жағы әлсіз жүргізілуі мүмкін. Осындай кемшіліктер дағдыға айналып кетпеген жағдайда ғана жаңаша оқытудың талаптарын толық орындауға болады. Оқытудың жаңа технологиясы мұғалімнің жаңартылған оқу бағдарламасынан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесі бойынша жұмыс жүргізіп, оны жақсы түсініп, күнделікті сабақта қолдана білуін қамтамасыз етуді қажет етеді. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолында оқушы білімін критериалды бағалау жүйесіне қатысты атқарылатын жұмыстарды дұрыс ұйымдастыра білуіміз керек.

Жаңартылған білім беру бағдарламаның негізі – оқушылардың тіл туралы түсініктерін тереңдету, әлемдік мәдениет пен ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін ескеріп, өз тілін жете білуінің маңыздылығы таныту. Сондықтан қазіргідей сыртқы ақпараттың көбейіп, әр елдің өзіндік мәдени құндылықтарын насихаттау қажеттігі артып отырған кезеңде білікті педагог-мамандардың қажеттігі де сезіліп отыр. Жаңартылған білім берудің басты талаптарының бірі– қазіргі жаһандану заманында жастарға терең білім мен тәрбие берумен қатар, олардың ұлттық ерекшеліктерді ескеріп, әлемдік білім беру кеңістігіне

енген кезеңде өзінің ұлттық салт-дәстүрін сақтап, ана тілін терең меңгеріп, жаңа технологияларды жетік игеретін болуына қол жеткізу. Қазіргі тәрбие жұмысында ең басты мәселелердің бірі ұлттық сананы қалыптастыру болып отыр. Оның себебі қазіргі жаһандану кезінде шетелдік өркениеттен біз өзімізге керегін таңдап алуымыз керек, ал оның ішінде қажетімізге жаратып алатынымыз да бар, ұлттық болмысымызға сай келмейтін ысырып тастайтын тұстарымыз да бар. Бұл жерде алуға болатын қажеттісі оның технологиялық жетістіктері, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениеті деуге болады. Ал шетелдік рухани өмірде адамдар арасындағы адамгершілік, бауырмалдық, ізгілік, әдептілік, т.б. сияқты қасиеттерді табу өте қиын, себебі қазақтың өзгеше тәрбиелік қасиеттерін еш жерден таба алмаймыз. Сондықтан жаһанданудың қауіпті тасқынымен ағып кетпеу үшін әрбір ұлт өзінің ата-Бабадан бойға жеткен болмысын сақтап, өзге әдеттерді өзімізге бейімдеп сіңіре алуымыз керек. Сонда ғана өз ұлтының рухы биік ұрпағын дұрыс бағытта тәрбиелеуге болады. Ұлттық тәрбиенің басты ерекшелігі – баланың бойында ұлттық қадыр-қасиет, ұлттық мақтаныш және ұлттық намыс сезімдері болуына қол жеткізу. Жастар арасындағы жүйелі жүргізілген ұлттық тәрбие нәтижесі де қоғамымызға оң ықпал етеді. Себебі ұлттық тәрбие алған бала сыпайы, кішіпейіл, еңбекқор, білімді, ұлтжанды болып қалыптасады. Мектептегі ұлттық тәрбие – ел болашағы үшін де маңызды. Ата-бабамыздан мұраға қалған ұрпақ тәрбиелеу әдістеріміз халқымыздың өмір-тіршілігімен бірге келе жатқан рухани байлығымыз, ұлттық құндылықтарымыз болып есептеледі. Осы ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, фольклорлық басқа да құндылықтарымызды, ақын-жырау, би-шешендер мұраларындағы тәрбиелік сөздерін алып, оларды тәрбие жұмысында өз орнымен дұрыс қолдана білуіміз керек. Сондықтан ұрпақ тәрбиесінде Қорқыт ата, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауиден бастап, Асанқайғы сияқты ақын - жыраулардың ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерін назарға алуымыз қажет.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдердің нәтижесі мыналарды қарастырады: - оқушының белсенділігін арттыру, оның жеке, өзіндік мүмкіндіктерін ескеру, өз қатесін өзі түзетуі, жіберген қателерін анықтай білуі, өз пікірін айта білуі, сонымен қатар өзгенің пікіріне де құлақ асуы, әр кезеңде белгілі бір мақсатқа жетуге жоспар жасай алуы, т.б. жұмыстарға назар аударылады. Сонымен бірге мұғалім оқу үдерісіне оқушының өзіне қарағанда неғұрлым белсенді болғанына, олардың оқу материалын дайын күйінде емес, өзіндік ізденіс арқылы, яғни түрлі ашық сұрақтар, өзі оқуы, шолу жасауы, түрлі тәжірибе жасап, зерттеу жүргізуі арқылы білім алуына назар аударды.

Оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатыстырып қана қоймай, олардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға да ерекше назар аударған жөн. Көшбасшы – өзі өмір сүріп, еңбек еткен, оқыған ортасында қоғамның мүддесіне сай еңбектеніп, ортақ істі бірлесе атқару мақсатында өзгелерге көмек қолын созып қана қоймай, оларды ұйымдастырып, нақты мақсаттарға қол жеткізуде өзіне жауапкершілік алатын, жұмыстың тиімді жақтарын білетін, өзгелерге ықпал етуге, топты өзімен бірге алып жүруге қабілетті адам. Интербелсенді әдістер қолданылған сабақта сыныпты екі немесе үш, төрт топқа бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр топқа бөлек-бөлек ойын тапсырмалар беру арқылы оқушылардың белсенділігін арттыруға болады[3.152]. Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар тиімді интербелсенді әдістер болып табылады. Дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде қолдана білуіне дұрыс жол көрсетеді. Ойын барысында оқушылардың жағдайға талдау жасай білу дағдыларын қалыптастырады.

Мектептегі пәндерді оқытуда жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында жүргізілетін жұмыстар арасында білім сапасын арттыру, жаңаша оқыту әдістері, т.б. жұмыстар қатарында сабақтағы оқушының білімін бағалаудың да маңызы зор. Бағалаудың да өзіндік ерекшелігі, алға қойған мақсаты бар. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау, жиынтық бағалау түрлерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Критериалды бағалау

кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Оқытуды, әдістерді және осы шараларды іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған қалыптастырушы бағалау болса, ал мақсатты баға қою, сертификаттау, оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығаруды жиынтық бағалау деп түсінеміз[4.51]. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ал қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізілу барысында оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді. Сабақ барысында әр тақырыпқа сай өзінше критерий жасап, сол арқылы нақты білімді дәл бағалауға болады. Оқушылар да бағалау парақшасына сай дайындалып, дұрыс, нақты жауап беруге дағдыланады. Критериалды бағалау технологиясы да оқушының өзін-өзі бағалауына, өз іс-әрекетіне баға беруіне, жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпал етеді[3.152].

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алып келеміз. Бұл педагогика тарихы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру жүйесі өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Болашаққа жаңа көзқараспен, тың идеялармен қарайтын мұғалімдер бүгінгі оқытудың маңыздылығын түсініп, өзінің іс тәжірибесіне жаңаша оқыту әдістерін енгізіп, оның ерекшеліктері мен нәтижесіне жол ашып отыр. Жаңартылған білім – оқыту сапасын жетілдіру кепілі. Жаңа бағдарламаның мәні–баланың сауаттылығын қалыптастыру, оқушыны алған білімін өмірінде пайдалана білуіне үйрету. Ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, шәкірттердің талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету. Баланы жан-жақты жетілдіруде үлкен танымдық баспалдақтарына жетелер дағды–машықтарды қалыптастыруға жол ашатын оқыту мен тәрбие технологиясын жете білу, оны меңгеру, өз біліктілігін арттыру. Әр сабақ тартымды, әрі қызықты, әрі сапалы болуы әр ұстаздың білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне байланысты деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бұзаубақова Қ.Ж. Инновациялық педагогика негіздері. – Алматы: Білім, 2009.-424 б.
2. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. – Алматы, 2001.
3. Садуақас Н.А. Сабақ барысындағы топтық жұмыстардың маңызы//Орта білім берудің мазмұнын жаңарту: мәселелері және болашағы. Облыстық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2017. – 148-152 б.
4. Назарбаев Зияткерлік мектептері// ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017. – 121 б.

Жаңартылған тиімді тапсырма – оқу сапасының кілті

*Әжімкі Айнұр Серғазықызы
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Байғанин ауданы Алтай батыр ауылы
А.С.Пушкин атындағы орта мектеп
ajnur.azhimke.80@mail.ru*

Қазіргі таңда еліміздегі оқу орындарында жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. Жаңартылған білім беруде сын тұрғысынан ойлау, АҚТ –ны қолдану, өзара қарым-қатынас мәдениеті, белсенділік, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, сияқты т.б. жұмыстарды, тиімді оқыту әдіс-тәсілдерін меңгеруге басымдық беріліп отыр. Жаңартылған білім беру бағдарламасы

мазмұнындағы оқыту барысында қолданатын негізгі модульдер: 1. Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер; 2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету; 3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау; 4. Білім беруде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану; 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту; 6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту; 7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық[1]. Жаңалыққа ұмтылу – өмір заңдылығы. Жаңа нәрсені көрген-білген адамзат баласы «Бұл маған не береді?», «Менің өмірімде қандай қолайлы жағдайлар туғыза алады?» деген қызығушылық тудыратын сауалдар жетегінде жаңалықпен таныса бастайды. Оны санасына сіңіріп, жүрегіне орналастыруға ұмтылады. Егер ол жүрегінен орын таба білсе, міне, сонда шабыт шарықтайды! Баланың күнделікті оқуы бар, сонымен бірге оқуды үйрену жолдары да бар. «Оқуды үйретудің» қозғаушы күші «метатану» болып табылады. Адамдар ойлауға қабілетті және ойлау туралы ойлануға да қабілетті. Тап осы сияқты танымдық қабілет бар да, сол сияқты танымдық тану бар. «Метатану» деп индивид қалай ойлайтынын, оқитынын қадағалу, бағалау, бақылау, кейінгі оқу үдерісінде мұндай ойлаудың нәтижелерін саналы қолдану үдерісі ретінде сипаттауға болады. Бұл үдерісте мұғалім оқушыға оқу міндеті қоятын талаптарды түсінуге, жеке зияткерлік үдерістерін және олардың қалай ықпал ететінін білуге, тапсырмаларды орындау стратегияларын әзірлеуге және ойластыруға, нақты тапсырма үшін барынша оңтайлы болып табылатын стратегияларды таңдауға көмектеседі. Біз оқушының құзыреттілігін арттыру үшін білім сапасын күшейтуіміз керек. Жаңартылған білім беру мазмұны оқушының жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, сын тұрғысынан ойлау, әжірибе жасау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, АКТ-ны қолдану, т.б. әдістемелік жұмыстарға бейімделіп, шығармашылықпен белсенді оқуын қалыптастыруымыз керек.

Мұғалімдер өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек, соның арқасында оқушылар ақпаратты енжар қабылдамай, оқу үдерісіне белсенді қатысатын болады. Әңгімеге арқау болған бөлімнің негізгі идеясы ақпарат беріледі дегенге саяды, білім мен түсінікті оқушы өзі қалыптастырады, ал мұғалім – бұл үдерісте көмек көрсететін жан. Қазіргі заманғы бірқатар зерттеулерде жасы кіші оқушыларға да мүмкіндік жасалған жағдайда, олар өзінің оқуына асқан жауапкершілікпен қарауға қабілетті екендігі анықталды. Сондықтан сабақ барысында оқушының шығармашылық еркіндігін, өз бетімен ізденісін қалыптастыруға күш салу керек. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасын қалыптастыруда қолайлы білім беру ортасын құра отырып, тәжірибе жасау, АКТ–ны қолдану, зерттеу жұмыстарын жүргізу, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жұппен, топта жұмыс жасай білу, сын тұрғысынан ойлау, т.б. бағыттарда жұмыс жүргізе білу.

Сабақ соңында оқушылардан өтілген тақырып бойынша нені құнды деп есептейтіндігін сұрау – менің дағдылы әрекетім. Мәселен, қазақ тілінен «Сөйлеу мәдениеті» тақырыбынан кейін оқушыларымнан «Мен өскенде кім болсам да, қандай салада жұмыс жасасам да менің сөйлеу мәдениетім өзімнің қандай адам екендігімді көрсетеді», «Мәдениетті сөйлеу менің отбасымдағы тәрбиені, адамгершілік деңгейімді танытады» деген жауаптар аламын. Демек, оқушыда алған білімді кәдеге жаратуға деген сұраныс бар деген сөз. Олар қандай тақырыпты меңгерсе де, алған білімдерін болашақта қалай жүзеге асыратындықтарын түсіну маңызды екендігі – менің де маңызды мәселем.

«Қазақстанның орта мектептеріндегі оқыту әлі де тиісті дәрежеде тиімді болмай отыр. TIMSS және PISA зерттеулері нәтижесінде алынған деректер Қазақстандағы жалпы орта білім беру жүйесінің теориялық білім беру, оқушылардың ақпаратты есте сақтау, табу және зерделей білуін қамтамасыз ету деңгейінде жеткілікті дәрежеде тиімді екенін көрсетті. Дегенмен, бұл жүйе оқушылардың жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын игеру және қолдану мүмкіндіктерін, мәселен оқылым барысында мәтінді талдау және бағалау сияқты мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін салыстырмалы түрде әлсіз болып табылады. Орта мектепке арналған оқу бағдарламасының ғылыми сипаты басым және тым ауқымды болуы тиімді оқытудағы негізгі кедергі болып табылады», - деген пікір менің педагогикалық әрекетімдегі көзқарастарыммен үндеседі[1.6].

«Баланың ынтасын ояту үшін оқытатын нәрседі бір жаңалық болу керек», - деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, басты назар оқушының қызығушылығында, оның алған білімін өмірде қолдануға ықпал еткендігінде. Сондықтан қазіргі заман оқушылардың өмірдің барлық саласында табысты болуын, кез-келген мәселеге сыни тұрғыдан қарап, өзіндік пікір айтуын, саналы шешім қабылдауына дайын болуын қажет етеді. Осы қажеттіліктерден туындаған «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сауалдар жаңартылған білім беру бағдарламасын жарыққа шығарды. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген бұл бағдарлама — оқушыға да, мұғалімге де зор өзгеріс әкелетін бастама.

Оқушылар күн сайын БАҚ және түрлі технологиялар арқылы орасан зор ақпаратпен танысатындықтан, тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым мүмкіндіктері оқушыларды барған сайын артып келе жатқан жаһандану жағдайындағы қоғамда қарым-қатынас жасауға дайындайды. Бірінші кезектегі және негізгі тіл болып табылатын қазақ тілі мен қазақ әдебиеті бойынша сапалы білім алу оқушылардың өздерінің ойлары мен эмоциясын басқаларға жеткізе алу үшін еркін оқуына және жазуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқылым және тыңдалым арқылы басқалар да олармен қарым-қатынас жасай алады. Оқушылар оқу арқылы мәдени, эмоциялық, зияткерлік, әлеуметтік және рухани жағынан дамуға мүмкіндік алады. Оқу оқушылардың жаңа білімді меңгеруіне де, сондай-ақ алған білімін әрі қарай дамытуына да мүмкіндік береді. Қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін адамдарға барлық тілдік дағдылар айтарлықтай маңызды болып табылады.

Жаңартылған оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады. «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша жаңартылған оқу бағдарламалары да осы үдерістің құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл бағдарламалар қазақ тілінен оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын, әдебиеттен түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстыру дағдыларын дамытуға көмектеседі. Оқушылар әр жылы келесі сыныпқа ауысқан сайын ақпаратты бағамдау, дәлелдерді қабылдау және өз дәлелдерін ұсыну, тапсырмаға, аудитория мен мақсатқа сай келетін терең жазбаша материал өндіру үшін аталған дағдыларын қолдануда шеберлігі арта түспек. Олар алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез-келген орта жағдайында, ресми/іскерлік ортада бәсекеге қабілетті болуға, қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін білім алады. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті арқылы оқушылар өз білімдерін қажетті жағдайларда қолдануды үйренеді, соның нәтижесінде олардың бәсекеге қабілеттілігі артып, өмірде туындайтын әртүрлі қиындықтарды еңсеру барысында қолдануға мүмкіндік алады.

Жаңартылған оқу бағдарламаларында оқушылардың бойында қалыптастыру көзделетін мынадай құндылықтар мен дағдылар анықталған: шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; қарым-қатынас жасау қабілеті; өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; жауапкершілік; денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету; өмір бойы оқуға дайын болу; сын тұрғысынан ойлау; білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті; проблемаларды шешу қабілеті; ғылыми-зерттеу дағдылары; қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда); жеке және топпен жұмыс істей алу қабілеті; АКТ саласындағы дағдылар.

Биылғы оқу жылынан бастап оқушыларға жаңа бағдарламаға сәйкес білім берілуде. Бұл бағдарлама менің ұстаздық шеберлігімнің жаңа қырларын туындатып, жаңа серпін берді. Сабақ – оқушының да, мұғалімнің де барлық қырынан ашылатын қайнаған ортасы десек, сол сабақтағы менің әрбір қадамым, оқыту үдерісіндегі шеберлігім оқушыны білімді не үшін алып жатқандығы туралы ойландырып, пәнге деген қызығушылықтары арта түседі. Себебі, олар сабақтағы оқушыны сындарлы ойлауға жетелейтін педагогтің инновациялық әрекеттері жетегінде пәннің қыр-сырына үңіледі.

Әрбір сабақта таңдап алынатын оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін мұғалімнің сабақты құрылымдау шеберлігі, әсіресе, оқу мақсаттарына сәйкес дағдыларды қалыптастыратын тиімді тапсырмаларды ұйымдастыра білуі керек. Тапсырма мен оқу

мақсаты үйлесім тапқанда ғана білім алушы сабақта игерілуге тиісті дағдыны дамыту үшін жұмыс жасай бастайды. Оқушылар оқу мақсатын тым ауыр қабылдап, кедергілерге ұшырамау үшін оларға педагогикалық қолдау көрсетілу қажет.

Ондай қолдаудың бір түрі – продуктивті жазылым. «...Егер үлгі беру арқылы жазылымды үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни оқушыларды жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Белгілі бір жазылым барысында мәтіні, оның мазмұнын, лексикасын, стилін және құрылымымен таныстырып, талдау жасату керек. Сонымен қатар үлгілер оқушыға қалай жазу керектігі туралы ой салады» [2.53]. Мәселен, 8-сыныпта қазақ әдебиетінен Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян» толғауы бойынша қорытынды сабақтағы оқу мақсаты шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп, креативті жазу» болса, оқушыларға төмендегідей тапсырма беруге болады. Мәтіннен үзіндіні таңдап алып, қайғысыз, торығусыз, қауіп ойламай, жақсылыққа жорып, авторға хат жазу. Тапсырманың орындалу барысында оқушылардан мынадай нәтижелі жұмыстарды көруге болады:

«Қарама-қайшы элементтер» әдісі

| «Үш қиян» | Өз нұсқам (креативті жазу) |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Саламат қайтіп сақтасын: Берсең түгел келмейді Базарға қосқан аманат. Болмаса едік масқара, Байдан кетіп сақауат, Пақырдан кетіп қанағат, Діні басқа біреулер Ел биледі аралап. Бір пәледен мың пәле Өсіп кетті балалап [3.52].</p> | <p>Саламат бізді сақтады: Берсең түгел келеді Базарға қосқан аманат. Болды елім тамаша, Байға келіп қанағат, Кедей байды паналап. Діні басқа болса да, Жүректері бір болды, Тілі басқа болса да, Тілектері оң болды. Зар заман қалып кейінде, Халыққа даңғыл жол боды.</p> |

«Авторға хат»

Мұрат ата! Сіз өзіңіз өмір сүрген кезеңді асқан шеберлікпен, тебіреніспен толғадыңыз. Шығармаларыңыз әрбір оқырманның ұлтқа деген сүйіспеншілігін, махаббатын ұлғайта түсті. Сол арқылы біз өткен тарихымызды танимыз. Бірақ, арада ғасыр өтті. Қазір заман өзгерді. Еліміз Тәуелсіздік алды. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болды. Біз өз Атамекенімізде, отбасымыздың қасында алаңсыз балалық шағымызды өткізіп, білім алып, жетіліп келеміз. Осының бәрі сіздердің арқаларыңыз, аталарым. Сіздердің ұлтты сүйген ұлы жүректеріңіздің арқасында еліміз көп қиыншылықтан өтіп барып, егемендікке қайта қол жеткізді. Сондай қиын сәттерде халыққа рух берген жырларыңызды әлі күнге жаттап өсіп келеміз. Рахмет сізге, ақын ата! Оқушыларды осындай танымдық тереңдікке баулып, сын тұрғысынан ойлау арқылы білім үрдісінде белсенді болуға, өз беттерімен білім алып, әр қозғалысын ескеріп, сыни талдай білуге үйретуіміз керек [4].

Қорыта айтқанда, жаңартылған тиімді тапсырма – оқу сапасының кілті. Оқушылардың бойында осындай сапалы қасиеттер мен ынтаны қалыптастырату – жаңашыл мұғалімнің иығындағы ауыр да абыройлы жүк екенін қазіргі заман педагогтері толық түсінеді. «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тез қолға түседі. Шала мейір шала байқалады», - деп Абай атамыз айтпақшы, жүрегіңмен қалап, ықылас пен мейіріңді төккен іс қана өз жемісін береді. Өз мамандығыма деген сүйіспеншілік мені шабыттандырады, іздендіреді, жаңа бастамаларға жетелейді.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017
- 2.«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы 2018 жыл №10
- 3.«Қазақ әдебиеті» оқулығы 8-сынып «Атамұра», 2018
4. Имжарова З.У., Ахметова А.У., т.б. Сын тұрғысынан ойлау – білім үрдісінде. Оқу әдістемелік құрал.– Ақтөбе: ЖШС. ИПЦ «Көкжиек», 2012. - 100 б.

Қазақ тілі фонологиясының мәселелері

Садуақас Нұрбол Абдуллаұлы

филология ғылымдарының кандидаты, доцент,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы

sadu_ngd@mail.ru

Тіл дыбыстарының жасалуын, айтылуын, естілуін фонетика зерттейтін болса, ал тіл дыбыстарының адам сөйлеуі кезіндегі мағына ажыратуға, сөзді тануға, сөз бен сөзді айыра білуге себепкер болып, пікір алысуға, сөйлеуге қызмет етуін, яғни тіл дыбыстарының әлеуметтік қызметін тіл білімінің бір саласы – фонология қарастырады. Фонология – (гректің *phone* – дыбыс, *logia* – ілім) тілдің дыбыстық құрылымын, функционалдық заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің саласы[1.412]. Фонологияның мәнін терең білу үшін алдымен фонема жөнінде жан-жақты түсінігіміз болуы керек. Фонема сөз бен морфемаларды құрастыруға, тануға, түсінуге, мағынасын ажыратуға қызмет етеді.

Тілде дыбыстар саны көп, олардың барлығы бірдей мағынаға әсер ете алмайды. Осы көп дыбыстар белгілі бір фонеманың құрамына жинақталады. Егер сөз мағынасына әсер ете алатын дыбыс болса, оны фонема деп, ал әсер ете алмайтындарды жай дыбыстар деп қана танамыз. Мысалы, «а» дыбысын кейбір сөздердің құрамында жіңішке айту кездеседі: *шай – шәй, жай – жәй*. Бұл жағдайда «ә» сөз мағынасын өзгерте алмай тұр. Сондықтан ол - осы сөзде фонема емес, «а» фонемасының құрамындағы көп дыбыстың бірі, дәлірек айтқанда, реңкі (отенок) болып тұр. Ал «қала, дала, сала, бала» деген сөздерде алғашқы дыбыс өзгергенде, сөз мағынасы да өзгеріп тұр, сондықтан «қ, д, с, б» фонема екендігін танамыз. Яғни фонемаларды бір-біріне қарсы қойып, сөз мағынасын ажырататындығын анықтаймыз. Осы мәселені фонология заңдылықтарының бірі ретінде тіл біліміне енгізген, фонема оппозициясы жөніндегі теория Н.С.Трубецкой есімімен тығыз байланысты. Осы орайда, қазақ әліпбиіндегі «х» дыбысының тіліміздегі фонологиялық қызметі жөнінде айта кеткен жөн. Мысалы, «қош – хош, қабар – хабар» т.б. сөздерде «х» фонема қызметін атқара алмай тұр. Себебі сөз мағынасына әсері жоқ. Сондықтан бұл дыбыс орыс тілінен енген сөздерде ғана фонемалық мәнге ие болады. Мысалы, «химия, цех». Орыс тілінде кейбір дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішкелігі екі фонема болып, фонологиялық қызмет атқарады. Мысалы, «мел – мель, угол – уголь»; осы сөздер құрамындағы л жуан және жіңішке айтылатын екі фонема деп танамыз. Себебі сөз мағынасына әсер ете алады. Сонымен, фонеманың негізгі қызметі сөз мағынасына қатысты деп білеміз. Дәлірек айтқанда, фонема сөз мағынасын ажырату, сөз мағынасын өзгерту қызметтерін атқарады екен. Қазақ тілінде барлық дауысты фонемаларды қарама-қарсы қойып, олардың мағына айқындау қызметін атқаратындығына көз жеткізуге болады. (Мысалы: *жол – жұл, жақ – жық, жөн – жүн*). Ал дауыссыз фонемалар өздерінің әр түрлі айырым белгілері арқылы мағына айқындауға қатысады. (Мысалы: *тал – дал, шақ – жақ, мал – бал*). Дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып бөлінуінің фонематикалық маңызы жоқ, олардың бұлай айтылуы негізгі фонеманың реңктері деп танылады. Демек, фонема туралы айтқанда негізгі фонема, яғни инвариант фонема мен оның реңктері арасындағы айырмашылықтарды білген жөн. Мысалы, «т» фонемасы сөз құрамында жуан (*ты*), жіңішке (*ті*), жуан еріндік (*тұ*), жіңішке еріндік (*тү*) түрінде төрт түрлі дыбысталады. Сонда тіліміздегі әр дауыссыз сөз құрамында көрші дыбыстардың, дәлірек айтқанда, дауысты дыбыстардың (буынның) жуан-жіңішкелігіне, еріндік-езулік ерекшелігіне қарай әртүрлі тембрмен айтылады екен. Бірақ бұл ерекшелігі сөз мағынасын өзгертуге емес,

сөздің құрамындағы барлық дыбыстардың бір әуенмен айтылуына қызмет етеді. Осы төрт түрлі дыбысталуын бір дыбыстың, яғни фонеманың реңктері деп білеміз. Демек, «т» фонемасының төрт түрлі (*ты, ті, тұ, тү*) реңі болады, яғни жуан езу, жіңішке езу, жуан ерін, жіңішке ерін дыбыстарын бір фонеманың құрамына топтасатын реңктері деп есептейміз. Кезінде Қ.Жұбанов: «*Ор*» деген сөздегі «о» мен «р» – жуан, ал «*өр*» деген сөздегі сол «ө» мен «р» дыбыстары жіңішке айтылуы арқылы, басқа айырмашылығы болмаса да, екі сөзді бір-бірінен айырып тұр», - деп, жуан, жіңішке буындарды қарама-қарсы қойып, тіліміздің фонологиясы сингармонизмге иек артатындығын тап басып көрсеткен еді [2.188].

Фонема тілдің жеке мағыналы сөздерін, сөз бөліктерін жасауға қажетті, артикуляциясы жағынан тұрақталған арнаулы мағыналы дыбыстық элементтердің жүйесі ретінде, тілдің дыбыстық құрылысының ары қарай бөлуге келмейтін ең кіші мағыналық бөлшегі болғандықтан жеке сөздерді, олардың грамматикалық формаларын құрастырушы ретінде маңызды функциясы бар дыбыс болып табылады. Тіл білімінде фонеманың реңктері әр түрлі терминдермен аталып жүргенін білеміз. Оның себебін бірнеше фонологиялық мектептер болғандығымен, олардың зерттеу бағыттарының ерекшелігіне байланысы екендігімен түсіндіреміз. Мысалы, Америка фонология мектебінде фонема реңктері аллофон деп аталса, Ленинград фонология мектебінің (ЛФМ) теориясында фонема реңктерін отенок деп, оның әлді позициядағы түрін ғана қарастырып, оны вариант деп атаса, Москва фонологиялық мектебінің (МФМ) теориясында әлді позициядағы фонема реңкін – вариация, ал әлсіз позициядағы фонеманың реңктерін вариант деп атайды. Сонда вариант деген ұғым екі фонемаға қатысты болса, вариация бір фонемаға байланысты болады екен. Мысалы, «н» фонемасының әлді позициядағы төрт түрлі реңкін (*нар, нәр, нұр, нүкте*) вариация деп, ал әлсіз позициядағы реңктерін (*жанбады – жамбады, жанған - жаңған*), яғни «м, н» дыбыстарын вариант деп тану қажет екен. Яғни, «н» фонемасының екі варианты (м, н) бар екен. Демек, негізгі (инвариант) фонема өзінің реңктері арқылы, яғни вариант, вариациялар арқылы көрініс тауып, өзінің ішіне жинақтайды. Мысалы, *жазса (жасса), боз жорға (божжорға), сөзшең (сөишең)* деген сөздер құрамындағы 3 фонемасының үш варинаты (с, ж, ш) бар екендігін көреміз. Демек, МФМ теориясында, мысалы «з» фонемасының қорына кіретін дыбыстар туралы, олардың нейтрализациясы жөніндегі мәселеге назар аударатын болсақ, «з» фонемасының қорына кіретін «с» варианты «*сал*» деген сөздегі «с» дыбысына тең болып келеді де, оппозициядағы «з» мен «с» фонемасы «с» дыбысында нейтрализацияға ұшырайды. Ал әлсіз позициядағы *қолың (қолұң), сөзің (сөзүң), көйлек (көйлөк)* деген сөздегі «ы, і, е» дауысты фонемалары өздерінің қасиетін жоғалтып, «ұ, ү, ө» дыбыстарына толық модификацияланады. Сонда МФМ теориясында «ұ, ү, ө» дыбыстарын «ы, і, е» фонемаларының варианттары деп таниды. Фонеманың сөз құрамындағы орнына (позициясы) да ерекше маңыз беріледі. Фонема теориясы жөніндегі ұстанымдарға талдау жасай келіп, З.Базарбаева былай дейді: «Фонема әлді позицияда өзінің негізгі қасиетін, ерекшелігін сақтайды, ал әлсіз позицияда әр түрлі өзгеріске түседі. Әлсіз позицияда фонеманың варианты және вариациясы болады. Вариант дегеніміз – екі фонемаға байланысты, ол дыбыстың омонимі болып табылады. Мәскеу фонологтары айтқандай, вариант «сигнификативно слабая позицияда» көрініс табады» [3. 24]. Себебі мағынаны ұстап тұрған, екпін түсіріліп тұрған дыбыстар әлді позициядағы дыбыстар ретінде өз сапасын сақтап айтылатын болса, ал әлсіз позициядағы дыбыс өзінің негізгі қасиетін, сапасын сақтай алмай, өзгеріске түседі. Сондықтан әлсіз позициядағы фонема қазақ тілінде буынның сингармофонологиялық ерекшелігіне бағынады. ЛФМ теориясында «әлсіз позициядағы фонемалардың модификациялануын фонемалардың алмасуы» деп есептейді, сондықтан жеке фонемалар ретінде танып, олардың әр түрлі айтылуын дербес фонемалардың алмасуы деп біледі [3. 25].

Орыс тілі фонетикасы ЛФМ өкілдері И.А.Бодуэн де Куртенэ, Л.В.Щерба, Л.Р.Зиндер, М.И.Матусевич, МФМ өкілдері Н.Ф. Яковлев, А.А.Реформатский, Р.И.Аванесов сияқты т.б. ғалымдар негізін қалаған бағыттар бойынша зерттелгені аян. Қазақ тіл білімінде де фонетика мәселелері ЛФМ теориясы Қ.Жұбанов, І.Кенесбаев,

Ж.Аралбаев, Б.Қалиев, Ә.Жүнісбеков, Ж.Әбуов, т.б. ғалымдар еңбектеріне негіз болса, МФМ теориясы Н.Уәлиев, М.Жүсіпов, т.б. ғалымдар ұстанған бағыт болды. Соңғы кезеңде қазақ (түркі) тілін зерттеу жұмысы жаңа бағытта жүргізіле бастады. Бұл өзге тілдің заңдылықтарына (екпін) байланысты айтылған ұстанымдардан бас тартып, қазақ (түркі) тілдерінің табиғатына (сингармонизм) қатысты заңдылықтар тұрғысынан қарастыратын сингармофонологиялық зерттеу бағыты болды. Осы жаңа бағыт ғалым Ә.Жүнісбек зерттеулері нәтижесінде дүниеге келді. Қазіргі таңда тілімізді сингармонизм заңдылықтарымен байланыста зерттеп жүрген ғалымдар ретінде Ә.Жүнісбек, М.Жүсіпұлы, Ж.Әбуов, С.Мырзабеков, Ж.Назбиев, Н.Уәлиев, Ұ.Шүленбаева, т.б. атап айтуға болады. Бұл ғалымдар зерттеулері сингармофонема теориясының толығып, қалыптасуына негіз болды. Тіліміз дыбыс жүйесін сингармофонологиялық бағытта зерттеуші ғалымдар Ә.Жүнісбек пен М.Жүсіпұлы қазақ тіліндегі сингармофонеманың ерекшеліктерін жан-жақты қарастырды. Ә.Жүнісбек қазақ тілінде 17 дауыссыз сингармофонема бар деп көрсетеді [4.22-32]. Ғалым осы дауыссыз сингармофонемалардың (п, б, т, д, с, ш, з, ж, г-ғ, к-қ, л, м, н, ң, р, й, у) сингармониялық варианттарын зерттеді. Ә.Жүнісбек қазақ фонетикасында фонологиялық статусы жөнінде әртүрлі пікір айтылып жүрген «к, қ» фонемасы жайында нақты көзқарасын білдіреді. «В силу этого исследователи считали их родными фонемами, что они равноправные сингармонические оттенки одной глухой смычной среднеязычно-увулярной фонемы», - дейді [4.25]. Дауыссыз «г – ғ» дыбыстары жөнінде осындай пікір айтады. Ә.Жүнісбек қазақ тілінде 17 дауыссыз сингармотип бб сингармодыбыстан құралатындығын анықтады [4.31]. Яғни, бір дауыссыз сингармотип төрт тең сингармодауыссыздан жасалады деген қорытынды жасайды. Ескеретін жай, дауыссыз «у» сингармофонемасы екі түрлі, яғни жуан еріндік, жіңішке еріндік үндесім арқылы ғана дыбыстала алады: езулік үндесімде айтылмайды. М.Жүсіпұлы бұл бб сингармовариация тек әлді позицияда, ал әлсіз позицияда тағы да 39 сингармовариант бар екенін, барлығы 17 дауыссыз 105 сингармодыбыстан тұратындығын, осы он жеті дауыссыз сингармофонеманың тоғызының (*т, ж, ш, м, р, ң, й, л, у*) құрамында сингармовариант жоқ, ал одан басқа сегіз сингармофонема (*п, б, д, з, с, з-з, к-қ, н*) құрамында сингармовариант та, сингармовариация да бар екенін анықтады [5.115]. Әлсіз позициядағы сингармодауыссыздардың бірнеше сингармоварианттарда қызмет етуін төмендегі мысалдардан көреміз: «*н → жан ба? (жамба), он ба? (омба), сен бе? (сембе), көнбе (көмбе); Жанғали (Жаңғали), тон келді (тоңгелді), Есенкелді (Есеңгелді), түн келді (түңгелді)*»;

Өз еңбектерінде «фонема» терминін қолданбаса да, қазақ тіл білімінде фонема ұғымы туралы түсініктің қалыптасуына ықпал етіп, тіліміздегі фонемалардың саны мен фонематикалық табиғатын анықтауда алфавит пен орфографияға қатысты ізденістерінде фонема теориясы заңдылықтарын терең тани білгендігін көрсеткен, қазақ тілінің табиғатына сай фонологиялық тұрғыдан зерттеулер жүргізген тұңғыш ғалым Ахмет Байтұрсынов болды. «Қазақтың сөзі екі түрлі: бір түрі жуан, екінші түрі – жіңішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрі де жуан болады, жіңішке сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрі де жіңішке болады. Жалғыз түрлі айтылатын дыбыстар екі түрлі сөздің бір-ақ түріне кіреді», - дейді А.Байтұрсынов [6.390]. Ол қазақ тілі сингармофонемасын жуан, жіңішке болып бөлінетін екі сингармовариациядан тұрады деп есептеген. Сөйтіп, ғалым сөздің айтылуы кезіндегі ассимиляциялық, редукциялық, т.б. өзгерістерін алфавит пен орфография жөніндегі зерттеулерінде арнайы таңбаламаған. «А.Байтұрсынов фонема статусына ие болған және фонема статусына ие болмаған дыбыстарды нақты ажыратқан, сөйтіп, алфавиті мен орфографиясында жеке (арнайы) әріппен тек сингармофонемаларды, яғни сөз мағынасын өзгертетін фонологиялық единицаларды белгілеген», - дейді М.Жүсіпұлы [5.49]. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық ерекшелігін, фонема мен оның таңбалануы арасындағы теориялық мәселелер ғалым Н.Уәлиев зерттеуінде де жан-жақты қарастырылды. Ғалым қазақ тіліндегі әр фонеманың дыбыс қоры, олардың айтылым бірліктері туралы, қазақ әліпбиі мен жазуының фонематикалық ерекшеліктері т.б. мәселелер жөніндегі фонологиялық зерттеулерімен, өзінің терең ойлы ізденістерімен қазақ тілі дыбыс жүйесі саласындағы зерттеулерге қомақты үлес қосты.

Н.Уәлиев кейінгі жазған ғылыми мақалаларында қазіргі орфоэпиялық нормадағы дыбыстық өзгерістерге назар аударып, тілдің дыбыстық қорында кейбір вариациялардың өзгерісін тіліміздің фонемалық жүйесіндегі дифференциалану процесімен байланысты қарастырады. Мысалы, «қ, ғ» дауыссыз дыбыстарының жіңішкеру құбылысы байқалатындығын көрсетеді. Тілдің дыбыс қорының сингармофонологиялық ғылыми бағыттағы зерттелуін жаңа биікке көтеріп, А.Байтұрсынов еңбектеріндегі сингармофонологиялық танымдардың сырын ашқан ғалым М.Жүсіпов болды. Ол өз зерттеуінде А.Байтұрсыновтың сингармоалфавит пен сингармоорфографияны жасаудағы ғылыми маңызы зор еңбегінің сырын ашып, жан-жақты талдай келіп: «... позициялық принципті, фонеманың позициялық түрлері және фонема – дыбыстар қоры ұғымдарын А.Байтұрсынов түркологияда, жалпы тіл білімі әлемінде бірінші болып (қазақ тілі материалында) зерттеп, анықтаған.», - дейді [5.59]. Ғалым Қ.Жұбанов дыбыс пен фонеманың өзіндік ерекшелігі туралы көзқарасын былай жеткізеді: «*Қайыр-хайыр* дегендегі «қ» мен «х» екі дыбыс болғанмен бір фонема. *Файзолла* мен *Пайзолла* да солай, «п» мен «ф» бір сөзді екінші сөзден айыру үшін тұрмағандықтан оларды дербес фонема демейміз» [2.50].

Қазақ тіліндегі дыбыстардың нағыз фонологиялық қызметі буын деңгейінде көрінетіндігі Ә.Жүнісбеков зерттеулерінде де жан-жақты пайымдалғанын білеміз, яғни үнді-европа тілдерінде дыбыстардың басын біріктіріп, сөз етіп ұйыстыратын сөздік екпін болса, ал түркі тілдерінде – сингармонизм екендігі дәлелденді. Қазақтілі фонемаларының айтылым, жасалым, қабылданым, естілім жолдарының аймақтық ерекшеліктері, қазақ сөз қабылдануының сингармотеориялық негіздері Ж.Әбуовтың зерттеуінде қарастырылды. Ғалым қазақ тілі сингармофонемаларының перцепциясы (естілімі) жөнінде теориялық мәселелер мен негізгі ұстанымдарды ғылыми айналысқа енгізді [7]. Ал тіліміздегі айтылым бірліктердің құрамы мен жүйесі, дауысты, дауыссыз және буын айтылым бірліктері, әрбір үндесім сегменттердің сөздегі орны т.б. мәселелер Ж.Назбиев зерттеуінде анықталды. Қазақ тіліндегі фонемалардың дыбыс қорлары З.Боданбекқызының зерттеуінде қарастырылды [8]. Бұл еңбекте тіліміздегі фонемалардың саны мен сапасы, тіліміздің ішкі табиғи заңдылықтары тұрғысынан қарағандағы ерекшеліктері жан-жақты зерттелді. Зерттеуші қазақ тіліндегі әрбір фонеманың вариациясы мен варианттарын қамти отырып, олардың дыбыстық қоры 150-ге жуық екендігін анықтаған. Сингармонизм қызметінің күші – сөздің құрамындағы дыбыстар, буындар санына, сөздің көп не аз буынды екендігіне байланысты емес [4.23].

Қазақ тілінің сөзі міндетті түрде бір түрлі сингармобояумен ренделеді. Бұл сингармобояу сөз таныту, сөз жасау, сөзді айыру қызметтерін атқарады:

1. Сөз таныту қызметі. Сөз бір түрлі тембрі (бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке) арқылы танылады. Сондықтан бұл жағдайда сөздің құрамындағы әр дыбыстық артикуляция-акустикалық ерекшеліктері де, буындардың саны да негізгі қызмет атқармайды. Негізгі доминанттық қызметті сөздің сингарможуандығы немесе сингарможіңішкелігі атқаратын болғандықтан сөзді тануға мүмкіндік болады. Мысалы: *тор-төр, сан-сән*;

2. Сөз жасау қызметі. Сингармонизм сөздің құрамындағы дыбыстар мен буындардың бір түрлі сингармотембрде болуын қамтамасыз етеді. Сондықтан сөз бірыңғай жуан буынды немесе жіңішке буынды болып жасалады. Мысалы: *тұр, тұрыңыз, түр, түріңіз*;

3. Сөзді айыру қызметі. Екі сөздің бір-біріне қарама-қарсы оппозицияда болуына сөздің құрамындағы сингармодауыстылар мен сингармодауыссыздар ғана себеп болып қоймайды, сөздердің сингармотембрі де (сингарможуандығы, сингарможіңішкелігі) себеп болады. Яғни сегментті (дыбыстар) және бейсегментті (сингармонизм) единицалар (тіл бөлшектері) бірігіп, бір сөзді екіншісінен айырады. Мысалы: *қор-көр, қыр-кір, тыс-тіс* [5. 24]. Қазақ тілінде төл сөздердің және ертеректе енген сөздердің құрамында сингармонизм бұзылмайды. Тілімізде дыбыстардың фонологиялық қызметі ең алдымен буын ішінде көрініс табады. Сондықтан тіл және ерін сингармонизмдерінің сөз мағынасын ажыратудағы қызметі бірдей болады. Себебі бір ғана «т» дыбысы *ат, ет, от, өт* сөздерінде төрт түрлі реңкке ие болады (езулік жуан, езулік жіңішке, еріндік жуан, еріндік

жіңішке). Демек, сөз құрамындағы дауыстылар мен дауыссыздар бір-бірімен тембрі жағынан үндесіп, әрбір сөздің, төменде көрсетілгендей, өзіндік сингармониялық белгілері болады екен:

1. жуан еріндік – жіңішке еріндік: *сол-сөл, жон-жөн*;
2. жуан еріндік – жуан езулік: *тот-тат, сұр-сыр*;
3. жуан еріндік – жіңішке езулік: *тон-тін, тұс-тіс*;
4. жуан езулік – жіңішке езулік: *тыс-тіс, бас-бәс*;
5. жіңішке еріндік – жіңішке езулік: *өн-ін, түр-тер*;
6. жіңішке еріндік – жуан езулік: *тұс-тас, өр-ар*; [4.36].

Просодиялық (суперсегменттік) қасиеттерінің қызметіне қарай дүние жүзіндегі барлық тілдер тонды (тоналды), акцентті (сөз екпіні), сингармониялық (үндестік) тілдер деп үш топқа бөлінеді. Соның ішінде түркі тілдерінің просодиялық доминантасы сингармонизм екендігі соңғы кезеңдегі зерттеулер нәтижесі екені аян [4.11-17]. Ә.Жүнісбеков зерттеулерінің қорытындысы бойынша түркі (қазақ) тілінде сөз екпіні (акцент) жоқ екендігі дәлелденеді [4.56].

Қазақ тілінде сөз мағынасын өзгерту қызметін сөздің құрамындағы бір түрлі сингармотембрен боялған дыбыстар (сингармофонемалар) атқарады. Яғни, қазақ тілінде дыбыстардың сингармониялық айырмашылықтары (сингарможуан, сингарможіңішке) тікелей сөздің мағынасын айырумен байланысты болады. Сондықтан дыбыстардың бір-бірімен тіркесуі де сингармонизм қызметіне қатысты болатыны белгілі. Демек, қазақ тілінде сөздің мағынасының өзгеруі, дыбыстардың тіркесуі, тіл системасында өзекті қызмет атқаруы тек дыбыстың қызметімен байланысты емес, сингармонизмнің қызметімен де байланысты, яғни бұл қызметті сингармофонема атқарады [4.126]. Сингармонизмнің бір коммуникативтік қызметіне оның сөздің құрамындағы дыбыстарды біріктіруі жатады. Бір сөз бір сингармониялық тембрен сипатталады. Ол қанша буынды сөз болса да сингармотембрі өзгермейді. Сондықтан қазақ тілінде сөздер міндетті түрде бір түрлі сингармобояумен ренделеді дейміз. Сөздің сингармотембрі төрт түрлі болады: 1) езу-жуан (*сал*), 2) езу-жіңішке (*сәл*), 3) езу-ерін жуан (*сол*), 4) езу-ерін жіңішке (*сөл*); Қазақ тілі сингармонизмі осындай көп түрлі (төрт) болғанмен, қазақ сөзі осының бір түрімен ғана ренделеді екен. «Біраз ғалымдар қазақ тілінде екі түрлі (езу, ерін) сингармонизмі бар дейді. Негізінде бұл бір сингармонизм, бірақ төрт түрлі бояуда (реңкте) қызмет атқарады. Ерінді (лабиалды) сингармонизм тілдегі жеке, дербес құбылыс емес, тәуелді құбылыс, яғни сингармонизмнің екі саласының бірі, себебі езу сингармонизмі де, ерін сингармонизмі де тілде бір (жалпылама) қызмет атқарады», - дейді М.Жүсіпұлы [4.108].

Сингармонизм – тілде ең алдымен буынды, содан соң сөзді қамтитын просодиялық (суперсегменттік) единица (қасиет) [4.108]. Сингармонизмнің айқын байқалуы дауысты дыбыстардың сингарморенкімен байланысты болады, себебі дауысты дыбыстар буын жасаушы дыбыстар болып табылады. Сингармонизм тілімізде сөз шекарасын айыру қызметін атқармайды. Себебі сөйлем құрамындағы сингарможуан сөздер мен сингарможіңішке сөздер әрқашан бірінен соң бірі тұрмайды да, сингарможуантембрлі немесе сингарможіңішкетембрлі сөздер бірыңғай келуі де мүмкін, сондықтан мұндай жағдайда сингармонизм арқылы сөздің шекарасын анықтау мүмкін болмай қалады екен. Сингармонизмге қатысты алғанда тіліміздегі дауысты дыбыстардың сингармотиптері жақтың қызметіне қарай үш түрлі болады: 1. *Қысаң дауыстылар сингармотипі*: ы – жуан, езулік; і – жіңішке, езулік; ұ – жуан, еріндік; ү – жіңішке, еріндік; 2. *Ашық дауыстылар сингармотипі*: а – жуан, езулік; ә – жіңішке, езулік; 3. *Дифтонгі дауыстылар сингармотипі*: е – жіңішке, езулік; о – жуан, еріндік; ө – жіңішке, еріндік; Осы әр сингармотип құрамында бір-бір дауысты дыбыстың бірнеше сингарморені болады. Мысалы, қысаң дауыстылар сингармотипі құрамында бір дауысты дыбыстың төрт сингарморені (ы, і, ұ, ү) бар: *тыз-тіз, тұз-түз*; Бұлар бас-басына буын құрайтын бір дауысты дыбы ретінде қызмет етеді. Сол сияқты, ашық дауыстылар сингармотипінің де өз алдына бөлек-бөлек буын құрай алатын екі сингарморені (а, ә) бар: *бас – бәс; тай-тәй*; Ал жартылай ашық дауыстылар (дифтонгілер) сингармотипінің де бөлек-бөлек буын құрау қабілеті бар үш сингарморені (о, ө, е) болады: *от-өт; от-ет; өт-ет*; [8.131].

Сингармонизм фонологиясының терминологиясы жөнінде айтсақ, ғалым М.Жүсіпұлы зерттеуінде сингармофонема, сингармовариация терминдеріне төмендегідей анықтама беріледі: «...барлық сегментті тіл құралдарының негізі фон (дыбыс), сондықтан сингармофонологияның негізгі единицасының аталуында (сингармофонема) «фон» сөзінің болуы міндетті шығар деп ойлаймыз», - дейді [4.100]. Сингармовариация бір сингармофонеманың фонологиялық қызметі тең сингармопозициялық сингармотүрлері ретінде бір сингармофонеманың құрамына енеді [4.101]. Мысалы, жуан және жіңішке [с], [с'] сингармовариациялар тек [с] сингармофонеманың құрамына енеді. Қазақ тілінде бір дауыссыз сингармофонеманың құрамында маңызы бірдей (тең) төрт сингармовариация болады (езу-жуан, езу-жіңішке, езу-ерін жуан, езу-ерін жіңішке) (*сал-сәл, сол-сөл*). Ал сингармодыбыстип – сөйлесім процесінде өзекті қызмет атқаратын бір сингармофонеманы басқа сингармофонемалардан айыратын негізгі сингармодыбыс, яғни сингармофонеманың әлді позицияда кездесетін позициялық түрі [4.101]. Әлсіз позицияда кейбір дауыссыз дыбыстар бірнеше сингармоварианттарда қызмет атқарады. Мысалы, [с] - [ш]: бас – шы (башшы), қос – шы (қошшұ), іс – ші (ішші), түс – ші (түшшү) [4.116].

Қорыта айтқанда, қазақ тіл білімінде фонема теориясына қатысты мәселелер соңғы кезеңде қазақ (түркі) тілдеріндегі сингармонизммен тығыз байланыста зерттелді. Қазіргі зертеулерде тіліміздегі сингармофонеманың өзге тілдердегі фонемадан өзіндік ерекшеліктері анықталып отыр. Сондықтан қазақ (түркі) тіліндегі зерттеулер сингармофонологиялық тұрғыда жүргізіліп, сингармофонеманы тірек ететіндігі туралы ғылыми танымдар нық қалыптасты [9]. Ғалым Ә.Жүнісбеков зерттеуінде қазақ (түркі) тілдеріндегі сингармофонемалардың теориялық мәселелері жан-жақты қарастырылып, ғылыми айналымға енгізілді. Демек, қазақ тіліндегі сингармофонемаларды тіліміздің табиғатына сәйкес тану мүмкіндігі туды. Қазіргі кездегі тіл біліміндегі зерттеулер сингармофонема теориясына сәйкес сингармофонологиялық бағытта жүргізіле бастады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
3. Базарбаева З. Фонема теориясы туралы бірер сөз // ҚР ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. №3 (145) – Алматы, 2004. 20 – 27 б.
4. Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1980. – 78 с.
5. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 216 б.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
7. Абуов Ж. Сингармонические основы восприятия речи (теоретическое и экспериментально-фонетическое исследование). // АДД. - Алматы, 1998. - 50 с.
8. Баданбекқызы З. Қазақ тіліндегі фонемалардың дыбыс қорлары. ҚДА. – Алматы, 2001. – 26 б.
9. Садуақас Н.А. Сингармонизмнің фонологиялық қызметі // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – Алматы, 2008. №3(169). –19-23 б.

Оқытудың тиімді әдістері

Карагулова Б.С.

*Филология ғылымдарының кандидаты, АӨМУ профессоры
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университеті
bkaragulova@mail.ru*

Жаңартылған білім бағдарламасы – Қазақстанда қазіргі таңда білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі. Себебі заман талабына сай ұрпақты тәрбиелеу, қалыптастыру үшін, алдымен, білім саласындағы негізгі талаптарды да қайта қарау қажеттілігін туындатып отыр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында қазіргі таңда оқыту процесінде жан-жақты, еркін қарым-қатынасқа түсе алатын, өз ойын шебер

жеткізетін, кез келген тығырықтан шығатын жас ұрпақтарды тәрбиелеуге, қалыптастыруға бағытталған тиімді оқу оқыту бағдарламасы енгізілуде. Жаңа бағдарлама талабы бойынша ұстаз оқыту әдістерін жаңа бағытта пайдалану қажеттілігі туындап отыр, яғни оқушыларды тәрбиелеу, сыни тұрғыдан ойлай білуге үйретудегі басты тұлға – ол ұстаз. Сондықтан ол сабақ барысында барынша тиімді әдістерлі орынды пайдаланып, білім алушыларды талантты және дарынды балалар деңгейіне жеткізу. Осы мақсатта түрлі әдістерді пайдалану арқылы білім алушылардың білімдерін тереңдету қалыптастыру, дамыту болып табылады. Біз аталған мақаламызда бір бағыттағы тиімді әдістерге тоқталып, оның нәтижесі туралы баяндамақпыз. Оқу процесінде тиімді әрі маңызды әдістердің бірі – студенттерді топқа бөліп оқыту.

Топтық жұмыс – оқу процесіндегі жаңа бағыттағы тиімді тәсілдердің бірі. Топтық жұмыс жасату білім алушының белсенділігін арттырады, өз ойын еркін айтуға, шешім қабылдай білуге, тақырыпты өз бетінше меңгеруге және өзара ынтымақтастыққа қол жеткізеді. Осы арқылы оқытудың тиімділігі арта түседі, сонымен бірге мұғалім жұмысының маңыздылығы, құндылығы арта түседі. Сондықтан да *Шульман «үш көмекші»* - *Бас, қол, жүрек* деп аталатын қасиеттер болған жағдайда ғана оқытушы жұмысы табысты бола алады дейді (*Шульман, 2007*). Топпен жұмыс жасау барысында бірнеше әдіс-тәсілдер арқылы тапсырмалар берілді. Оқу процесіндегі тиімді тәсілдердің бірі – диалогтік әдіс болып табылады. Бұны ғалым *Мерсер мен Александрдің* осыған байланысты айтқан мынадай: *«Диалог негізінде оқыту мен студенттердің өзара ой-пікірлерін қалыптастыру олардың дамуындағы негізгі факторлардың бірі боп есептеледі»* пікірлері дәлелдей түседі (*Мерсер, 1995., Александр, 2008*). Студенттердің белсенділігі арта түсіп (рольдерді ойнауда), қызығушылықтары оянады. Студенттер жаңа қырынан таныла бастайды, атап айтар болсақ,

- Тақырыпты толық меңгергендіктері байқалады, себебі әр тақырып сайын айтылған мәселе кері байланыс арқылы қайта толықтырылып тұрады және бұл өзара жүзеге асырылады.

- Пікірлерін еркін айтуға үйрене бастайды, бір-бірінің жауаптарына сыни тұрғыдан қарау, сыни пікірлер де айтылады бастайды.

- Кітап тіліне тәуелділік және жаттандылық азаяды.

Топқа бөлгеннен кейін әртүрлі әдіс-тәсілдермен сабақты барынша мазмұнды әрі қызықты өткізудегі тағы бір тиімді жолы - диалогтік тәсіл. Себебі оқыту процесінде кез келген сәт диалогтерден тұрады, яғни сұрақ қою, жауап алу арқылы тақырып ашылады, осы тәсіл арқылы тақырыпты меңгергендігі анықталады т.с.с. Сондықтан, біздің ойымызша, диалогтің сабақ беру барысында маңызы жоғары. Бұл жөнінде *Мерсер мен Литлтон: «Диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейлерінің өсуіне үлес қосады»* -дейді. (*Мерсер, Литлтон, 2007*). Сабақ барысында пайдалануға болады. Атап айтар болсақ, РАФТ, ситуациялық жағдайдағы диалог (әңгіме-дебат) арқылы тақырыпты ашу, зерттеушілік әдіс. Енді осыларға жекелеп тоқталайық. РАФТ әдісі арқылы монолог негізінде тақырыпты баяндайды. Бұл жерде студенттердің ойлау деңгейі қалыптастады. Ол монолог негізінде баяндау барысында, ой ұшқырлығына бой береді. Рольге, образға енеді. Кітап тілімен, жаттанды сөздермен баяндағаннан гөрі әдіс-тәсілдер арқылы тақырыпты баяндату анағұрлым қызығырақ және студенттердің де рольге ене отырып, ашылғанын байқауға болады. Бұл әдіс сонымен бірге студент бойында сыни тұрғыдан ойлау қабілетін де қалыптастырады деп ойлаймыз. Сонымен бірге жазылым процесі жүзеге асырылады.

Мерсер: «Білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады» дей келіп, оның үш түрін көрсетеді: *«Әңгіме-дебат, кумулятивтік әңгіме, зерттеушілік әңгіме»*. Осындай әдістердің бірі – диалогтік әңгіменің бір түрі – *әңгіме-дебат*. Бұл процесс өзара диалог негізінде жүзеге асады. Әр деңгейдегі студенттер өз бойындағы басқа да (ән айту, рольдерде шынайы ойнау) қасиеттері ашылып, сол арқылы тақырыпты аша білулері байқалады. Бұл кезеңде айтылым процесі орындалды. Осы тұрғыда *Александрдің «оқытудағы әңгіме – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, әңгіме барысында идеялар екі жақты*

бағытта жүріп, соның негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжитын белсенді үдеріс» деген тұжырымының дәл екеніне көз жеткізуге болады. Осы бағыттағы тиімді әдістердің бірі – *зерттеушілік әңгіме*. Зерттеушілік әңгіменің ерекшелігі - топ мүшелерінің ортақ проблемалар болады, ортақ шешімге өзара келісіммен келеді. Олардың міндеті – тақырыпқа қатысты барлық мәліметтерді жинақтап, сұрыптап, аталған мәселені зерттеген ғалымдардың пікірлерін салыстырып, жүйелі түрде әңгімелеп жеткізу. Топ өз тапсырмаларын жеткізу барысында негізгі оқулықтағы материалмен қоса ғаламтор материалдарын салыстыра пайдалана білді. Бұл тапсырманы орындатудың тиімділігі студенттер тақырып бойынша көптеген материалдарды салыстыра отырып, сұрыптай білді және ең қажеттісін жеткізе білуге дағдыланады. Теориялық ақпараттарды салыстыру арқылы танымдық қабілеттері де дами түсті. Сол сияқты бұл процесте біріге жұмыс жасай отырып, ұжымдық ортақ пікір қалыптасады, *«біздің ойымызша, ғалымдардың пікірінше»* т.с.с. тіркестерді пайдалана отырып, өз болжамдарымен бөлісе білуге үйренеді. Сонымен бірге диалогтік оқыту әдісінің тағы тиімділігі – диалог бірнеше бағытта қалыптасады, яғни *«оқытушы мен студент», «студент пен студент», «топтар арасында», «жұптар арасында»*. Аталған әдісті пайдалану барысында топтар арасында қамтылмай кеткен тұстарды оқытушы ретінде «көпіршелер» арқылы толықтырылуы тиіс.

Бұл кезендерде студент бойынша сыни тұрғыдан ойлау қабілеті де қалыптасады және жазылым процесі қоса орындалады. Аталған әдісті пайдалана отырып, төмендегідей тиімді тұстарын байқауға болады:

- студент алған білімін өз сөзімен жеткізе алады;
- студенттер бойынан сабаққа деген қызығушылықтары пайда болады;
- өзара келісіп, ортақ шешімге келе алады, бір-бірінің пікірін тыңдайды, санасады.
- пікір айту барысында сын тұрғысынан ойлауға қалыптасады;
- білімдерін тереңдетіп, проблеманы шешуге үйренеді.
- жаттандылық азайып, қарапайым өз түсініктерімен жеткізуге бейімделеді.

Кез-келген қоғамның келешегі білімге тәуелді болады және кез – келген тарихи заман қоғамы ұдайы өзін теңбе-тең білім жүйелері арқылы өндірді, сол сияқты қазіргі қоғам жастарға жаңа білім мазмұнымен білім беруді талап етіп отыр және бұл үлкен жауапкершілікті жүктейді.

Тиімді оқытудың әдіс-тәсілдері жеті модулі мектепке де, колледжге де, ЖОО-на да тигізер пайдасы зор. Әр әдістің өзіндік ерекшеліктері бола тұра, барлығының ортақ тұстары да бар. Өзара бір-бірімен тығыз байланыса отырып, барлық модульдің көздейтін мақсаты біреу – қайткенде бәсекеге қабілетті, кез-келген ортада тіл табыса білетін, өзін-өзі қоғамда жүзеге асыра алатын, өмір сүруге икемді, сыни көзқарастағы азаматтар тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Студентке арналған нұсқаулық. - Астана, педагогикалық шеберлік орталығы, 2018. - 183б.

III БАҒЫТ

ЖАҢАРТЫЛҒАН ЛАТЫН ӘЛІПБИІ НЕГІЗІНДЕГІ ЖАҢА ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жаңа қазақ әліпбиі мен емлесінің өзекті мәселелері

Болат Жексенғалиев

*ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік
басқару академиясының Батыс Қазақстан
облысы бойынша филиалы директорының
орынбасары, Орал қ.*
bolat_zheksengaliev@mail.ru

Қазіргі кезде елімізде қазақ жазуы реформасының басты бағыттары талқылануда. Маңыздылығы, қажеттілігі жағынан, мүмкін тілдің ғана емес, тұтас қазақ ұлтының бүгінгі ғана емес, болашағы үшін де бірегей, басты мәселе - қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру туралы саяси шешім қабылданды, бекітілген жаңа әліпби де бар, емле ережелерінің де мақұлданған үлгісі жасалды. Дегенмен іс бітті деуге әлі ерте. Жаңа әліпбиді тілге шақтау, жазу ережелері мен сөздіктерді жасау, оқулықтар жазу сияқты ең маңызды, ең қиын да жауапты шаруа енді басталды.

Қазақ жазуына реформаның қажеттігін, латын жазуына өтудің маңыздылығын бүгінде қазақ қоғамы түгел түсінді деуге болады. Ал әліпби құрамына, дыбыстардың таңбалануына, жаңа емле ережелеріне көзқарас бірдей емес. БАҚ пен әлеуметтік желілерде мәселеге қатысты кереғар, қарама - қарсы пікірлер айтылуда. Бір-екі пікірді келтірсек:

«Біріншіден, бұл емле қабылданған соң біздің жазу, оқу санамыз қандай да бір тілге байланбайды, толық тәуелсіз болады». [1].

«Бұл кирилл жазуының емлесін қайталағанымыз болып отыр. Ендеше латын әліпбиіне қазіргі кирилл орфографиямыздың үлгісімен өтуге болмайды. Онда кирилдегі тілбұзар ережелерімізді сол күйінде қайталаған болып шығамыз». [2].

2019 жылдың 17 қаңтарында «Егемен Қазақстанда» жарияланған жаңа емле ережелері - қоғамға ұсынылған үшінші нұсқа. 2018 жылдың қыркүйек, желтоқсан айларында көпшілік талқысына ұсынылған жобалармен салыстырғанда азды-көпті өзгерістер болғанымен, негізі - сол ұстаным.

Туған тілдің тынысын аштырмай тұқыртып келген бір ғана мәселеге, жат тілдік ықпалға тоқталсақ. Шет тілдерден келген сөздердің жазылымына байланысты ұсынылған емле жобасында 22 параграф берілген, ал нақты тұжырым жоқ. Жеке әріптердің жазылымына байланысты ережелерден бұрын жалпы өзге тілдерден алынатын сөздердің қолданылуына байланысты басты қағида, тұжырымды айқындап алмаймыз ба?

Біз жазу реформасын бастадық, бірақ күні бүгінге дейін халықаралық термин сөздерді қолдануға қатысты бірыңғай ережеміз бен ұстанар нақты қағидатымыз болмай отырғандықтан қиындықтарға ұшырап жатырмыз. Нәтижесінде екіұшты ережелер мен қосамжар емле тағы алдымыздан шықты. Сондықтан да қазақ тіліндегі жат тілдік заңдылықтар және халықаралық сөздердің қазақ тілінде айтылымы мен жазылымы мәселесі қазіргі жағдайда тіл болашағымен тікелей байланысты ең қиын, күрделі мәселеге айналды. Бұл мәселені түбегейлі шешпей, ұлттық жазу туралы айту да қиын.

Өз тарихымызда өзге тілдің дыбыстық-әріптік құрамы мен жазу ережесін түгел алған тәжірибеміз бар және оның арты неге әкелгені де белгілі. Орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа шет тілдерден енген сөздерді орыс тілі ережелерімен айту, жазу тәсілінің ана тілімізге ықпалы қандай болғанын бүгінде қазақ ғалымдары ашық айтып отыр (Ә.Қайдары, Ө.Айтбайұлы, Ә.Жүнісбек, Б.Қалиұлы, Ш.Құрманбайұлы, Б.Қапалбек, Б.Ихсан т.б.). Ал

жаңа әліпби мен емле арқылы осы тас бұғау тіл бұзар ережелерден құтыла аламыз ба? «Русизмдерді Құран сөзіндей кие тұтып, сол күйінде бұлжытпай алу ауруынан»[3] арыла аламыз ба?

Бұл аурудың бізге өтіп кеткендігінің бір дәлелін жаңа әліпбидің емлесінен көруге болады. Туған тілдің мүмкіндігіне сенбей, шет тілден енген сөздердің басым бөлігін түпнұсқа үлгісіне жақындатып жазамыз деп отырғанымызды басқаша қалай түсіндіреміз?

«Шеттілдік сөздер негізінен әліпби шегіндегі әріптермен қазіргі донор тіл – орыс тілінің орфографиясымен таңбаланады: *akvarel, stil, lager, artıkl, kegl, film; moderator, marker, vaúcher, sýpervaizer, blokbuster*» [4].

Жоғарыдағы «жазу, оқу санамыз қандай да бір тілге байланбайды, толық тәуелсіз болады» деген сүйінші сөзіміз қайда қалды? «Донор тілге» күні қалған тіл қалай тәуелсіз болады? Орыс тілі қазақ тіліне қашанғы донор болмақ?

Жаңа емле ережесінде «Шеттілдік бірқатар сөздер түпнұсқасына ұқсас жазылады» (§76) деп көрсетілген. Бұл арада түпнұсқа тіл ұғымы нақтылықты қажет етеді. Қай тілді айтып отырмыз? Осы уақытқа дейін біздегі термин сөздердің басым бөлігі халықаралық сөздердің орыс тіліндегі нұсқасы болып келгендігі аян. Жаңа емле де осы жолды жалғастыратыны көрініп тұр. Емле ережелерінің он жеті параграфында мысал ретінде берілген мына сөздердің таңбасы өзгергенмен жазылым ережесі сол күйінде, дәлме-дәл орыс тілі емлесімен алынған. Мысалы: *stepler, vaúcher, sýpervaizer, banknot, biznesmen, dizain, chempion, avtor, pop-mýzyka, brein-ring, kofe-breik, market-meiker, shoú-biznes* т.б. Ал жекелеген әріптер ауыстырылды деп берілген сөздер жазылымының түпнұсқа орыс тіліндегі жазылымынан көп айырмасы жоқ. Мыс: *Filologia, kvars, ýchilıshe, stil, sýbekt, poetıka* т.б. Сонда белгілі жазушы Б.Нұржекеұлының «Жаңа әліпби тіл бодандығын жалғастыра бере ме?» [5] деген сұрағына қалай жауап береміз? Өкінішке орай, осы жолмен жүрсек, тіл бодандығы жалғасатын түрі бар.

Сол сияқты біздің айтылым-жасалым (акустика-артикуляциялық) жүйеміз бұл шет тілдік дыбыстар мен сөздерді айтуға дағдыланды, бұл сөздер қазақ тіліне сіңісіп кетті деген де пікір бар. Қазақ тіліне сіңісіп кеткен деп тек қазақ тілі заңдылығына толық бағынып, игерілген сөздерді айтпаймыз ба? Мысалы, «самаурын, болыс, көпес, тұрба» т.б. Ал өз заңдылығын өзімен ала келген сөз тіл басқыншысы есебінде, тіл болмысын бұзушы ретінде бағаланатынын білеміз ғой.

Біз жеке дыбыстарды ғана емес, сол дыбыстармен айтылатын тұтас сөздерді өзге тілдің заңдылығымен айтуға, жазуға дағдыланып қалдық. Ал ол дағдының тіл бұзар сипатын бүгінде біз айқын сезініп отырмыз. Жат тілдік сөздердің жазылым, айтылымына қарай тілін икемдеп өскен ұрпақ өзінің ана тілінде сол өзге тілдің мақамымен сөйлей бастағаны, өзінің төл сөздерін өзген тілдің заңымен жазып жүргені жасырын ба?

Жаңа емледегі шеттілдік сөздердің жазылымына қатысты тағы бір пікір: «Шеттілдік сөздерді ұлттық тіл заңдылықтарына сәйкес игеріп жазу тіліміздің сыртқы әсерге қарсы тұру имунитетін қайта қалпына келтіретін тетік болмақ» [6].

Айтылған пікір дұрыс, бірақ сол қазақ тілінің шеттілдік сөздерді тіл заңдылығына сәйкес игеруін біз жаңа емле ережелерінен көре аламыз ба? Тұтас шеттілдік сөздер жазылымына арналған сегізінші тараудың жиырма екі параграфының біреуінде ғана бұл сөздерге мысалдар келтірілген. «*Taúar, nómir, poshta, kástóm, pálte, poiyz, siez, slesir, vedimis, vedimistik, ketchúp* (§77). Бұлардың ішіндегі «*slesir, vedimis, vedimistik, ketchúp*» сөздерін толық игеріліп тұр деп айту қиын, жат дыбыстар таңбасымен (в,ч), сөз басы тіл табиғатына жат дыбыс тіркесімен жазылса (сл), қалайша қазақы болмақ?

Ал сол тараудың қалған емле ережелерінде қазақ тілінің шеттілдік сөздерді игеруі ретінде келтірілген сөздердің кирилл әрпімен жазылымын, айтылымын салыстырып көрейік. «*Manóvr- манөвр, kompúter- компүтер, knáz – кнэз, ansámbl – ансэмбл, batalón – баталон, vestibúl – вестибұл, paról – парөл, álbom – албом, brifiń – брифиң, parád – парэд, búldog– бұлдог* т.б». Игеріп жазуымыздың түрі осы ма? Шынын айтсақ, бұл сөздерді қазақ тілі заңдылығын керісінше бұзып тұрған сөздер ретінде мысалға алуға болады. Сөздерді толық қазақ тілінің заңдылығымен жазуға, айтуға не кедергі? Мыс: «*мәнебір, кәмпүйтер, кінэз, ансэмбіл, баталон, бестебұл, парөл, албом*». Әлде біз өзімізге өзіміз сенбей, қазақ

тілінің мүмкіндігіне күмәнданып отырмыз ба? Әлемнің кез келген тілінен келген сөзді қазақ тілінің заңына толық бағындырып айтуға, жазуға қазақ тілінің шамасы келсе де, осы тілдің иесі болып отырған біздің шамамыз келмей отыр, нақты айтсақ, батылымыз бен санамыз жетпей отыр деп ашығын айтқан дұрыс болар.

Әрине, тап осы күйде, кирилл жазуымен бергенде орыс тілі заңына бауыр басып қалған қазіргі ағайынға ерсілеу, көзге қораш көрінуі мүмкін. Ал латын әліпбиімен жазсақ, жазуда ешқандай қораштық байқалмайды. Мыс: *mánóbir, kámpúter, kináz, ánsámbil, bátalón, bestebúl, páról, álbóm, birepiñ, parat, bóldók*. Тілдің айтылым нормалары да біртіндеп қалыптасар еді. Ең бастысы, келешек ұрпақ қазақ тілінде өзге тілдің ықпалынсыз таза сөйлеу, жазу мүмкіндігіне ие болар еді. Жазу реформасының өзі тіл болашағы үшін қолға алынғаны анық қой.

Бұл арада басты мәселе жаңа әліпби құрамына, әліпбидің емлесіне байланысты болып тұрғаны анық. Қазақ тіліне жат дыбыстар таңбалары әліпбиден орын алса, олардың жазылымын реттейтін ережелер де жазылатыны сөзсіз.

Жаңа әліпби құрамында «**я, ю, ё, э, щ, ц, ь, ъ**» таңбаларының болмауы туған тілді өзге тілдің ықпалынан арылту мақсатына сай келеді. Өте дұрыс. Заңды сұрақ туындайды. Бұл бағыттағы шаралар неге жартылай жүргізіледі? Әліпбиде ұсынылған «**ch- (ч), v –(в), f – (ф). h – (х)**» әріптері мен «*кино, инженер, институт, курс*» сөздеріндегі «**и, у**» әріптері де қазақ тіліне жат дыбыстардың таңбалары емес пе? Осы жат дыбыс таңбаларын әліпбиде қалдырудың өзі өзге тілдің ықпалына қайта көнуді, тіл бодандығының жалғаса беруін білдіріп тұрған жоқ па?

Төл сөздерде жазылып, көп сұрақтар тудырып келген **и [ый], [ий]** әрпі мен сөз басында және дауыссыздардан кейін жазылып келген **у [уу], [уу]** әрпінің жазылымына қатысты бұрынғы ережені қалдыру арқылы емлемізге басы артық ережелер қайта келді. Бұл арада бізде бұрын бірде дауысты, бірде дауыссыз деп келінген «**у**» (сөз басында және дауыссыздан кейін) мен қазақ сөздерінде (жиі, қиын, иық) дауысты дыбыс деп түсіндіріліп келген «**и**» дыбыстары мен әріптеріне қатысты «тіл бұзар ережеге» нүкте қойылғаны дұрыс. Ғалым пікіріне құлақ ассақ, «**и, у**» әріптерінің қазақ сөздерінде жазылымына қатысты шешуші сөзді академик Р.Сыздықова айтты деп ойлаймыз [7].

Ал бұл дыбыстардың (**й,у**) жаңа әліпбиде таңбалануына келсек, фонетист-ғалым Ә.Жүнісбек пікіріне тоқтағанымыз жөн. «*Әлеми жазу дәстүрі мен жазу теориясына лайық қазақтың У (дауыссыз) дыбысы [w] таңбасымен, Й дауыссыз дыбысы [y] таңбасымен міндетті түрде белгілену керек*» [8].

Шеттілдік сөздердегі «**и,у**» (сөз басында және дауыссыздан кейін) дыбыстарын «**ый, ій, ұу, үу**» әріптерімен жазсақ, шұбалаңқылыққа ұшыраймыз деген де уәждер айтылуда. Өзге тілден алынған сөздерде бұл дыбыстарды барлық жағдайда қос әріптермен жазу міндетті емес. Орыс тілінде (ал біз терминдерді «донор тіл» арқылы алып келдік) бұл әріптер (и,у) қос дыбыстарды емес, дара дауысты дыбыстарды таңбалайды. Сондықтан бұл дыбыс әріптерін қазақ тіліндегі ұқсас балама дауысты дыбыс әріптерімен берген дұрыс және бұл біздің жазу тарихымыз үшін жаңалық емес. Ертеректе тілімізге енген кірме сөздердің жазылымын қарайық. «*Бәтеңке (ботинка), керзі (гирза), тұрба (труба), орыс (русский), әртіс (артист), кәрзеңке (корзина), кірпіш (кирпич), сот (суд), пұт (пуд), көшір (кучер), рөл (роль) шенеунік (чиновник), көпес (купец), бөтелке (бутылка), дүнген (дунган) немесе Мемтерминком бекіткен Ыстамбұл (Стамбул), Бейжін (Пекин), режім (режим), станса (станция), Ұлан – Батыр (Улан – Батор)* т.б.

Осы тәсілмен кірме сөздерді қазақ тілі заңдылығымен жазып, «**и**» әрпін келген орны мен айтылымына қарай «**е, ы, і**» әріптерімен (*enstetót, derektir, enjener, minister, depozet*), «**у**» әрпін «**ұ, ү, о, ө**» әріптерімен (*únibersetet, pakúltet, bópet, potbol, Ulan-Úde*) таңбалауға әбден болады ғой.

Сол сияқты «**ch- (ч), v –(в), f – (ф). h – (х)**» әріптеріне де қазақ тілінде баламалар бар. **Ch – ш, v – б, у, п, f – б, п, х – қ, к**. Мысалы: *шот, пошта, тауар, зауыт, пітір, дәптер, қылор, рақым* т.б. Тілге тек өз заңымен өмір сүруге толық мүмкіндік берсек болғаны. Шеттілдік сөздерді қазақ тілі заңдылығына бағындырып айту мен жазу, ең

алдымен, тіл болмысын сақтайтын, тілді өзге тілдер ықпалынан қорғайтын ең қуатты құрал екендігін ұмытпайық.

Жазу реформасының басты мақсаты – қазақ тілінің табиғи болмысын сақтау, тілдегі «тіл бұзар ережелерден» арылу деп түсінеміз. Сондықтан да жат (кірме) дыбыс пен таңбалардың, жат сөздердің тілімізде қолданылуы мәселесіне байланысты түпкілікті байлам мен шешімге келу маңызды. Бұл арада жартылай шешім болуы мүмкін емес. Қазақ жазуы мен емлесінде шешімін күткен осы мәселелер болашаққа жүк болмауы үшін бүгін шешілгені дұрыс. Өзге тілден сөздерді біз қазақ тіліне қызмет етуі үшін алдық қой. Ал тілімізге қызмет етсе, сол тіл заңына бағынуы керек.

Бүгінде осы әліпби мен емле ережелеріне қатысты өтпелі кезеңдегі нұсқа деген де уәждер айтыла бастады. Сонда ертең өтпелі кезеңнен кейін қыруар қаржы жұмсалған оқулық, сөздік, анықтағыштар мен көмекші құралдар қайтадан шығарыла ма? Ең бастысы, бұл кезеңде осы жартылай ұлттық жазумен сауат ашқан ұрпақ алдында кім жауап береді?

Қазақ орфографиясы ережелерінің тұжырымдамасы мен емле ережелерінен біздің күтетініміз - қазақ жазуының негізі мен ұлттық сипатын анықтайтын нақты да анық тұжырым мен қағидалар. Жалпыұлттық маңызы бар ұлттық жазу, оның емлесі туралы асығыс шешім де, қателіктер де болмауы тиіс. Сондықтан да, ең алдымен, ұлт пен ұлт тілі болашағы алдындағы жауапкершілік пен міндетті түсіне де түйсіне отырып, шешім қабылдаған дұрыс.

Ұлттық санасы, рухы күшті халық қана өз мақсатына жететіні анық. Туысқан түрік елі тарихынан бір сабақ. Өткен ғасырдың 30 жылдары Түркияда жазу реформасын жүргізген М.Ататүріктің басты мақсаты түрік тілін өзге тілдердің ықпалынан босату болды. «*Өз отанының биік азаттығын қорғай алған түрік ұлты тілін де өзге тілдердің бұғауынан босатуы тиіс*». Тәуелсіз қазақ ұлты да туған тілін жат тілдік ықпалдан босатуы керек.

Бүгін тарих ұлт пен ұлт тіліне даму мен өркендеуге жаңа мүмкіндіктер беріп отырғанда тіліміздің ата заңына өріс беру арқылы ғана біз тілімізді табиғи таза қалпында сақтап қала аламыз. Ол - жаңа ұлттық әліпбидің қазақ тілінің сөздік қорындағы барлық сөздерді (кірме сөздерді, терминдерді қоса) сингармонизм заңы, яғни үндесім нормалары бойынша қолдануға мүмкіндік беруі. Қазақ тілінің 9 дауысты, 19 дауыссыз дыбыс, барлығы 28 дыбыстан тұратын дыбыстық қоры арқылы әлемнің барлық тілдерінен келген сөздерді айтуға, сол дыбыстар таңбалары арқылы жазуға болады. Бұл жазу мен әліпби үлгілерін ғалымдар (Ә.Жүнісбек) ұсынып та жүр.

Ә.Жүнісбек ұсынған әліпби жобасының [8] артықшылықтары:

- төл дыбыстар таңбалары ғана қамтылған;
- тілдің басты заңы үндесім арнайы жіңішкелік белгі (қоснүкте немесе акут) арқылы әріп, буын, сөз таныту қызметін атқарып тұр;
- «бір дыбыс – бір әріп» ұстанымы сақталған;
- туысқан түркі тілдес халықтар әліпбилеріне жақын.

Әрине, бұл арада қалыптасып қалған көзқарас, дағды бар екені, белгілі бір кезеңде қиындықтар туындайтыны аян. Бірақ *«қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес»* [9]. Қазақ тіліне де тіл тынысын ашатын, тілді бодандықтан құтқаратын тәуекелшіл қадам қажет. Бүгінде біз туған тілімізді шын мағынасында жаңғыртамыз, азып-тозудан сақтап қаламыз, болашақ ұрпаққа асыл қалпында жеткіземіз десек, осы тәуекелшіл қадамды жасауымыз керек деп ойлаймыз.

Ең алдымен, үкіметтің тиісті органдарына А.Байтұрсынұлы ат.Тіл білімі институты, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамымен, басқа да мүдделі мекеме, ұйымдармен бірлесіп, осы жылдан қалдырмай қазақ жазуының өзекті мәселелеріне арналған жоғары деңгейдегі жалпыұлттық арнайы жиын өткізу туралы ұсыныс түсіреміз. Басты мақсат - ұлттық жазу мәселесін ұлттық деңгейге көтеріп, ұлттық мүдде тұрғысынан ортақ пікірге келіп, шешім қабылдауға қол жеткізу. Сонымен бірге жазу реформасы арқылы ұлттың рухани жаңғыруын жүзеге асыру, мемлекеттік тілдің барлық өркениетті елдердегі сияқты конституциялық мәртебесіне сай қолданылуына қол жеткізу, қуатты ұлттық идеологияның негізі болатын мемлекеттік тіл идеологиясын қалыптастыру мақсатында «Мемлекеттік тіл

туралы» арнайы заң қабылдау мәселесі талқыланып, Елбасына, ел сенаты мен мәжілісіне арнайы ұсыныс түсірілсе, «ұлт үшін деген ұлы іс» (А.Байтұрсынұлы) түзу де, даңғыл жолға түседі деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г.Мамырбек «Жаңа емленің жаңашылдығы неде?», Abai.kz, 29.01.2019.
2. Ә. Жүнісбек «Әліпби де, емле-ереже де сараптаудан өте түсуі керек», «Ег.Қаз», 17.01.19.
3. Ә.Айтбаев «А.Байтұрсынұлының өнегесі мен Ә.Қайдар қағидасы», «Ег.Қаз», 25.09.2017 ж
4. Қ.Күдерінова «Жаңа емле – сындарлы қадам», «Ег.Қаз», 22.01.19 ж.
5. Б.Нұржекеұлы, «Ана тілі», 18.10.2018 ж
6. А.Фазылжан «Жаңа емле ережесі туралы бірер сөз», «Ег.Қаз», 18.01.19 ж.
7. Р.Сыздықова «Латын жазуы: емле ережелерін түзуде ескерілетін жайттар», «Қазақ әдебиеті», 14.09.2018 ж.
8. Ә. Жүнісбек «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ», «Ана тілі», 31.01.2019 ж,
9. Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», 2017 ж

Qazaq jazýyn jetildirýdegi a.baitursynulynyń róli

Muratbek Baǵıla Qurmanbekqyzy
Filologia g'ylymdarynyn' kandidaty, docent
Qazaqstan respublikasy, Aqto'be qalasy,
Q.Jubanov atyndaǵy Aqtóbe óńirlik memlekettik ýniversiteti
baglash@mail.ru

А.Байтұрсынұлы – қазақ жазығын қалыптастыруға себепкер болған бірден-бір адам. Ойға алған мақсаттарына Совет өкіметінің көмегімен ғана қол жеткізуге болды деген сеніммен Ahmet Байтұрсынұлы да Совет үкіметі жағына шығып, 1920 ж. Қазақстанның халық ағарту наркомы болып тағайындалды. Арине кейіннен партияның қатарынан да, басқару органынан да аластатылды.

1920 жылдан бастап, А.Байтұрсынұлы ғылыми-педагогикалық жұмыспен айналысты, қазақ грамматикасын (“Тіл қурал”) жазды. Ұш кітаптан тұратын бұл еңбегінде қазақ тілінің қазіргі кезде қолдануға жүрген көптеген терминдерін қазақ тілінде қалыптастырып ұлгерді. *Bastayysh, baiandayysh, shylay, zat esim, etistik, t.b. terminderdi, ana tili, jabyq majilis, ashyyq hat* сияқты номиналалар қолдануларды дүмеге келтірді. Әдебиет, мәдениет, тарихқа байланысты жазғандары, тóте жазыды пайдаланып, “Қазақ” газетінің шығарындағы еңбегі қазақ халқының мәдени өміріндегі баға жетпес үлес екені даусыз. Оның шығармашылық өмірінің жетілген кезеңі осы жылдарға тап келеді.

А.Байтұрсынұлы араб графикасына негізделген қазақ алфавитін түрлендірді. Ол түрлендірген алфавитті белгілі түрколог Е.Д. Поливанов ұлы жаңалықтардың қатарына жатқызды. N.F.Iakovlev, K.Menges, B.Komrı сияқты шетелдік ғалымдар “Байтұрсынұлы алфавитінің” жетілген алфавит екенін мойындады. Орыс ғалымдары алфавиттің қандылығын: “...жоғары білім алмаған және өзіндік пәрменді іс-әрекетінің ақырына орыс тілі мамандарымен байланыс орната алған Байтұрсынұлының алдығы қатарлы ғылыммен бір деңгейге жете алғанын атап өтпесе болмайды”, - деп бағалады [1; 61].

А.Байтұрсынұлы – ағартышы. Ағартышылық қызметінің **ұш қыры** бар: біріншіден, А.Байтұрсынұлы орысша немесе татар, ноғай молдалары оқытып жүрген мұсылманша оқыту түрлерінің ішінде қазақ баласы үшін ең керектесі ана тілінде білім алу екенін және оның міндеттілігін көрсетіп, қазақ тілінің болашақтағы даму бағытын белгілеп берді.

“Ári ustaz, ári aǵartýshy retinde A.Baitursynulunyń kónilin bólip, qatty alańdatqan ekinshi másele – mekteptiń qurylymy bolsa, úshinshi másele – oqytý júesin jetildirý, oqytýshylardyń pedagogikalyq talaptarǵa saı bolýyna nazar aýdarý”. (Momynova B.)

A.Baitursynuly búl jóninde : “Bu kúnde qazaqsha oqýda kemshilik kóp. Áyeli oqý quraly, kitaptar joq. Noǵaisha oqý quraldary qazaqqa úlespeidi. Ekinshi , qazaq mektebine túzelgen baǵdarlama joq, onsyz oqý bir jónnen shyqpaudy. Úshinshi, bala oqytý ǵylymnan habardar muǵalimder az ”,- dep, oqýǵa aýyrtpalyqtar ákelip, bóget jasap otyrǵan qıyndyqtardan shyǵýdýn joldaryn belgilep , qandai sharalar oryndaý kerektegin kórsetip beredi.5

”Qazaq uǵymyna syrtqy nysany, aitylýy, ishki mazmuny beumálim atalymdardy halyqtnyń ulttyq bitimine tán obrazdy oılay, logikalyq oılay qalybynan ótkizip baryp jazba tilge usynǵan A.Baitursynuly bilim men ǵylymnyń taralýyna múmkindiginshe yńǵaıly jol ashty, aǵartýshylyq isti barynsha jedel órkenDETýge úles qosty”. (A.Aldasheva)

A.Baitursynuly álipbi jayında: *“Álipbi degen tildiń negizgi dybys taryna arnalǵan tańbalardyń jumagy. Negurlym til dybystaryna mol jetse, arnaǵan dybysqa dál kelse, oqýǵa, jazýǵa jeńil bolsa, úiretýge ońai bolsa, zamanyndaǵy óner quraldaryna ornatýǵa qolailly bolsa, soǵurlym álipbi jaqsy bolmaq”,- deidi.*

Álipbidiń durystyǵyn kórsetetin basty belgilerine:

1) Til dybysyna jetkilikti- jetkiliksizdigi qansha?

2) Qaisysymen basylǵan ıa jazylǵan sóz ońai oqylady?

3) Qaisysymen jazý. jazylǵandy oqý jeńil?

4) Qaisysy baspaǵa qolailly?

5) Úiretýge (saýat ashýǵa) qaisysy ońailly?

6) Kórkemdik pen kózge jailylyq

Arab álippesin jaqtaýshylar A.Baitursynuly, M.Dýlatuly, E.Omarov, A.Baitasuly, I.Ahmetuly, M.Buralqyuly, P.Ǵalymjanuly bolsa, latyndy qoldaýshylardyń qatarynda Á.Baidildáuly, T.Shoqanuly, N.Tórequlov, O.Jandosuly, M. Joldybaev, I.Qaimenuly júrdi.

1929 jyly 24 qańtarda Qazaqstan Ortalyq Keńes komiteti prezidýmy men halyq Komissarlar keńesiniń “Jańa alfavit týraly” qaýlysy shyqty. Bul álipbide 29 árip boldy. Osy jyldardan bastap A.Baitursynulynyń basyna qaýyp tóni, onyń oqytýshylyq- aǵartýshylyq qyzmeti de toqtady, naǵyz qýǵyndaý bastaldy.

Aqtalǵan soń A.Baitursynuly esimimen Almatydaǵy úlken kósheniń biri ataldy, onyń esimi Ǵylym akademiasynyń Til bilimi Institutyna berildi, muralary jinaqtalyp jaryqqa shyǵa bastady, bir sózben aıtqanda Ahmettaný bastaldy.

A.Baitursynuly 1910 jyldardan bastap arab jazýyn qazaq tiline yńǵaılastyryp, jaqyndatýdy qolǵa aldy. Ol : " qazaqsha oqý degende men osy kúngi musulmansha oqyp júrgen jolmen oqytýdy aıtpaimyn, qazaqtyń tilimenen oqýdy aıtamyn" – dedi [2; 46]

1912 jyldan bastap A.Baitursynuly oqýlyqtary, "Qazaq" gazetini (1913-1919 j.) osy álipbimen jazylp, el arasyna tez tarai bastady. Tek álipbi resmı túrde 1924 jyly ǵana qabyldandy.

A.Baitursynulynyń álipbi jasaýdaǵy eńbegi men onyń mańyzyn orys ǵalymdary men túrkitanýshylar jáne árıne qazaq oqyǵan zııalylary joǵary baǵalady. Mysaly, E.D.Polivanov " Novaia kazak-kirgizskaia orfografiia " degen maqalasynda bylai deidi: " Etý poslednyıy formıy, kotorıy priniala kazak-kirgizskaia grafika v 1924 qodı ia vo vsiakom slıchae ýje ne schitaıy ýje ne nıjdaısheıv popravlenııah ı predostovliaısheı posledsheı nas v istoricheskom formırovanıı natsionalnoı grafiki, kotorım s polnym mogıt gorditsia kirgizskie deateli prosveshenie-sozdateli reform, kak krıpnyım kıltyrnyım zavoevanııam " degen [3; 76]

A.Baitursynov usynǵan álipbige pikir aıtqan ǵalymdar:

| | |
|-------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| T.Shonanov: | "Bolashaq urpaqty moldalardyń dúmshe dym bilmestigine, missionerlerdiń jańashyldyǵynan qutqarı úshin Ahań jalǵyz kúresti. Ol qazaq tilinde qoldanylmaityn múldem qajetsiz 12 arab árpın álippeden alyp tastady. Bul jazý emlesindegi kóptegen qı'yns'ylyqtardy joidy. Sondyqtan da Ahmettiń jańa alfaviti men jańa álippesi bizdiń mádeni órkendeýimizge zor paidasyn tıgizetin qubylys edi. Jańa alfavit álemdi mádenietpen aralasa túsý jolyn jeńildete tústi". |
| M.Dýlatov: | " Arab áripterińniń ózgerip otyrǵany ras. Biraq qalai ozgertilgen ángime sonda boly kerek qoi. Arab áripterińniń14 ǵana buryńǵysha bola, ózge oıdan shyqqandary jurtqa jat bolý kerek qoi. Oıdan shyǵarylǵan áripterdı jurtqa úretip, oqytyp jatý kerek edi ǵoi. Bul emleni tosyraqap túsınbeimiz, oqı almadyq degen eshkimdi estigenimiz joq. "Qazaq emlesin" musulman medreselerinde, orys shkoldaryndaǵy shákirtter, ýchtelder, muǵalimder jabyla qabyl etkendigi byltyrǵy "Qazaq" nómirleriniń kóbinen kórinedi. Bul eki jyldyq qana qyzmet, inshalla munan keiin artpasa kemimes degen úmit zor". |
| Q.Jubanov: | "... Bul júıe qazaq tiliniń ereksheligine ábden laıyqty, qazirgi alǵan jańa álipbiimizge de óte qolaily, ótkeni arab jazýyn tańbalaý tabıǵatyna munyń esh qatysy joq jáne dál sondaı-aq alfavit bitkenge birdei úlesimdi". |

N.F.Iakovlevtiń álipbi jasaýdaǵy matematikalyq formýlasyna negiz bolǵan basty printsipter tikelei A.Baitursynovtyń ǵylymı eńbegimen bailanysty ekenin, A.Baitursynulynyń 1912 jyly qazaq tilinde jarııalǵan eńbekteri men N.F.Iakovlevtiń 1926 jyly jazylp, 1928 jyly jarııalǵan maqalasynda uqsaityn pikirler, ǵylymı tuıjrymdardyń kezdesetinini bylai qatar sóılete otyryp dálelderdi:

| | |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| A.Baitursynuly: | N.F.Iakovlev: |
| "...daýysty dybystar jýan aitylsa olardyń qataryndaǵy daýyssyz dybystar da jýan aitylmaqshy, daýysty dybystar jıńishke aitylsa daýyssyz dybystar da jıńishke | " tverdost glasnyh v etih primerah vseгда soprovajdaetsia tverdostiıy privedennyih soglasnyih ı miagkost glasnyih zvýkov – miagkostiıy soglasnyih |

| | |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| aitylmaqshy". | |
| "... sóz eki túrli bir túri - jýan, ekinshi túri - jínishke. Jýan sózdiń ishindegi dybystardyń bári jýan bolady, jínishke sózdiń ishindegi dybystardyń bári jínishke bolady. Jalǵyz túrli aıtylatyn dybystar eki túrli sózdiń bir aq túrine kiredi". | "... kak glasnyie, tak i parno razlichaemyie po priznaký tverdosti, mýagkosti soglasnye zvykы v granitsah odnogo i togo je slova mogýt byt v ıazыke etogo tıpa ili tolko tverdyımi, ili tolko mıagkımi, i naoborot". |

A.Baitursynulynyń álipbiniń quramy men emlesi.

A.Baitursynulynyń álipbinińde 24 árip, 1 dáıekshe boldy. Al dybys sany - 43. **Grafemanyń** 5-i daýysty: a,o,u,y,e .

17 daýyssyz: b,p,t,j,sh,d,r,z,s,ǵ,q, k, g,ń,l,m,n.

2-i jarty daýysty: ý,ı.

Al **fonemanyń**:

9 daýysty: a,á,o,ó,ú, u,y,i,e; 34 daýyssyz.

Sóı'tip, galym til dybystaryn bir jarym ese az árip tańbaǵa syıdyryp, óz kezeńinde eń únemdi álipbi túrin jasady. Álipbi teoriıasynda árip sany fonema sanynan az álipbi jetilgen jazý sıpatyn kórsetedi degen qaǵı'dany qalyptastyrǵan **A.Baitursynulynyń tóte jazýy** dep ataýǵa bolady.

A.Baitursynuly alǵash ret qazaq jazýyndaǵy árip-dybys qatynasy, "y", "u", "ú", "y" fonemalarynyń orfografiıalyq erekshelikterin, qazaq orforografiıasynyn' negizgi printsıpterin aıqyndady.

Degenmen, alǵashqy álippeniń olqylyqtaryn da bilgen jón. Olar mynalar:

1) "y" tańbasy "ı" tańbasymen beınelendi;

2)"u" dybysy men "ý" dybysy bir ǵana tańbamen "u" men beınelendi: oqu quraly, tuuady (týady) t.s.s;

3) basy artyq "a" tańbasy qystyrylyp júrdi: áúlken (u'lken),áúchún (úshin);

4) y,i, dybystary jazylmaı qalyp otyrdy: jatr (jatyр), br(bir), jrtyq (jyrtyq);

5) qazaq álippesinen shyǵaryp tastalǵan arab áripteri shet tilden (arab, parsy) aýysqan sózderde áli qoldanýdan shyqpady [4; 35].

A.Baitursynuly reformalagılǵan qazaq álipbiniń erejeleri men printsıpteri. Bul másele alǵash 1924 jyly 12-18 maýsımynda Orynbor qalasynda ótken "Qazaq bilimpazdarynyń tuńǵysh sezinde" koterildi. Sezge A.Baitursynuly, A.Bókeıhanuly, E.Omarov, M.Dy'latuly, H.Dosmag'ambetuly, N.Tórequlov, T.Shonanuly qatysty. Onda qazaq orfografiıasynyń negizgi printsıpi dybys júesinshe dep anyqtaldy. Buǵan saıkes emes, qat-qaby, dop-doby sózderindegi "b-p" dybysynyń asyly "p" emes, "b" fonemasy, jelp-jelpi, serp-serpi degendeги dybystyń asyly "p" fonemasy, biraq qazaq emlesi dybys júesinshe b-p, q-g' ózgerisin tańbalaidy delindi.

Emlege qatysty baıandama jasaǵan E.Omarov qarý, kelý sózderi qarúy, kelúy emes, qaryý, keliý, qaryýy, keliýi dep jazylatynyn olardyń qa-ryý, ke-li-ýi bolyp býyndalatynynan izdeý kerek dedi. Avtor "qazaq tili túrik tilderinen jigi ashylıp, **u** dybysy **y** - men aıtylatyn bolǵan. Bul qazaq tilinde óz erkimen bolǵan ózgeris" dedi [5; 27]

Sezde mynadai máseleler sóz bolyp, sheshimin tapqan:

- qysań ezylikter barlyq pozitsıuada jazylsyn;

- **q-k, ǵ-g** fonemalary arnayı tańbalarmen belgilensin, óitkeni " árqaı'sysy aýyzdyń ár jerinen sgyǵatyn dybys" (A.Baitursynuly); "qanikei', qatkende, biraq syqyldy úndestik zańyna kelmetin sózderdi bólip dáıekshemen jazý qıyn" (E.Omarov);

- **h,f,sh** áripteri álipbiden shyǵarymyn, **sh** ornyna ózge túrki tilderinen alshaqtamas úshin **ch** alárpi qoldanamyn (E.Omarov) degen usynys bolǵanmen "**sh**" fonemasy **sh** árpiimen berildi;

- **á** árpi sóz aıaǵynda aıtylmatynyn bildiry úshin jínishke túbirge paz, ýar kirme jurnaqtary jalǵanǵanda defispen jazylsyn (E.Omarov) degen pikir bolǵanmen, sóz defissiz dáıekshemen jazylıp, sóz aıaǵyndaǵy **a** [**á**] bolyp oqylmaidy delindi;

- jalǵay men shylaıdy aıyrýda ekin qyzmeti paidalanyldy;

- qaryz, muryń sózderiniń túbir tulǵasynda da, táyeldeýli tulǵasynda da **y, i** áripteri tańbalansyn;

- ý,ı - dybystary úlken pikir-talastan, jeke komıssııa músheleriniń qarayynan keın daýyssyz dybys dep tabyldy.

Sóitip, arab grafikasyna negizdelgen **qazaq jazýynyń emle erejeleri 1924 jyly Orynbór sezinde qabyldandy.**

A.Baitursynovtyń til bilimindegi alatyn ornyn belgili ǵalym **N.Ýali'** bir sózben bylai dep túgen edi: " Jalpy til biliminde tuńǵysh fonolog dep ádette álipbili túzýshilerdi ataıdy. Olaı bolsa qazaq til bilimindegi alǵash fonolog - A.Baitursynuly".

Emle printsipi. Eń birinshi, A.Baitursynuly jazýdyń negizi ekey, al júesi tórteý dep kórsetken. Bul jalpy jazý teornıasyndaǵy jazý tıpi men jazý túrlerine saıkes keledi. Mysaly, L.V.Zınder jazýdyń tegi semasiografııalyq nemese ideografııalyq jáne fonografııalyq bolyp bólinedi deıdi:

Al tańba júeli emle,

tarih júeli emle,

týys júeli emle,

dybys júeli emle dep orfografııasyndaǵy tarihi printsip, etimologııalyq printsip, morfologııalyq, fonetıkalyq printsıpterdı ataǵany [5; 42]

Qazaq jazýynyń alǵashqy kezeńi emle printsipin aıqyndap aly qıyndylyǵymen ólshendi desek, bul sheshýshi mindetti ǵalym "týys júeli emleniń de, dybys júeli emleniń de túkpirine qınalmai ótetin, ekeyiniń arasyнан jol taýyp beretin" tómenдеgi usynystar arqyly sheshken:

- 1) Árbir óz aldına túbiri bar sóz ónasha aıtylǵandaǵy estilýinshe jazylý;
- 2) Azǵan sóz azǵan kúindegi estilýinshe jazylý;
- 3) Úilestikpen dúdáma'l estiletin bolǵan dybystar aıqyn oryndardaǵy estilýinshe jazylý;
- 4) Qosymshalar qosylatyn sózdermen birge jazylý;
- 5) Qosalqy sóz, qos sóz, qosar sóz, qosyldy sóz - bári de qosarlyq belgimen jazylý;
- 6) Jalǵaılyqtar bólek jazylý oryndaryнан basqa jaǵy jalǵaı erejesinshe bolady;
- 7) Úiir aıtylatyn syn esim men zat esim bólek jazylý;
- 8) Kosemshe, komekshi etistikter bólek jazylý".

... A.Baitursynov múldem jańa grafika jasaý máselesin kótergen joq. Ol arab grafikasyn qazaq tili dybys júesiniń statıkalyq jáne dinamikalyq ereksheliklerine saıkes reformalandyru máselesin kóterdi. Iaǵni, qazaq jazýynyń grafikalyq bazasy baiǵ'y - arabsha, biraq buǵan jańa kózqaras endirý arqyly árip pen dybystyń qarym-qatynasy singarmo-fonemagrafiıa uǵymyna negizdelip, qazaq álipbiı men orfografııasy qazaq sóesim protsesiniń barlyq qasietterine beıimdeledi. Alfavitke qosymsha tańbalar endiriledi. Olardıń qazaq kózimen qabyldanıy dástúrli (arabsha) bolýy kerek. Qazaq alfaviti men qazaq orfografııasyn jasaǵanda osyndai sharttardy medeý tutý mindettiliginiń sebebi - arab jazýynyń qazaq dalasyna dinmen birge kelgendiginde. Jazý jáne din halyqtyń sana seziminde bólshektenbeitin bir bútin uǵym, sondyqtan qazaq eline búginde basqa grafikany nemese basqa grafikanyń elementterin endirý múmkin emes. Sol sebepten eń obektivti, eń utymdy sheshim - arab grafikasyn qazaq dybys qorynyń qasietterine beıimdep, qazaq alfaviti men qazaq orfografııasyn jasaý.

Paidalang'an a'debietter:

1. XX g'asyrdag'y qazaq a'debi tili. - Astana.Elorda,2000
2. Momynov.B. Qazaq a'debi tilinin' tarixy. – Almaty: Qazaq y'niversiteti, 2010
3. O'mira'live Q. XY-XIX g'asyrlardag'y qazaq poeziasynyn' janry men stili. – Almaty, G'ylym, 1983
4. . O'mira'live Q. XY-XIX g'asyrlardag'y qazaq poeziasynyn' tili. - Almaty, G'ylym, 1976
5. Jumaliev Q. Qazaq a'debi tarixynyn' ma'seleleri ja'ne Abai poeziasynyn' tili. Almaty. 1960 ja'ne 2010 jyly qaita `qazaq til biliminin' antologiasy` seriasymen arnaiy basyldy.

Қазіргі қазақ тіліндегі кірме сөздердің ғылыми-танымдық негіздері

Алдашев Нұрдаулет Мырзалыұлы

филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Баишев университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы aldashev13@mail.ru

Бурибаева Г.Қ.

«қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының I курс магистранты, Баишев университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

Тілдің өте өткір әлеуметтік-саяси, ұлтаралық проблемалар мен міндеттерді шеше алатындығы тарихтан белгілі. Себебі, қазіргі қазақ тілінің жүйесі ғасырлар бойы жиналған білім беретін, қазақ ұлтының жетістіктерін, дәстүрі мен тәрбие беру жүйесін, оның үлгілерін сақтап және адамзаттың даму жолындағы өзіндік орнын алып, ұлттың өзін-өзі тануы мен сана-сезімінің қалыптасуына үлкен әсер етті. Сондықтан тілдің дамуы арқылы қоғамның тұрақтылығы сақталып қана қоймайды, сонымен бірге адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасының олардың мәдениетінің, тілінің, формалары мен типтері жаңартылып отырады. Ал қазақ тілі болса өзінің табиғаты жағынан басқа тілдер сияқты үнемі өзгеріске түсіп отырады. Бұл барлық тілге тән құбылыс екендігі белгілі.

Олай болса қазақ тілінің даму үрдісі, қалыптасуы, қазіргі заман талабына сай жауап беруі ең алдымен тілдің өзіне тән қасиеттері негізінде өзінің мүмкіншіліктерін пайдалану арқылы жүзеге асады. Соңғы жылдардағы тілдің қолдану аймағын алып қарағанда қазақ тілінің ролі, оның дәстүрлі үлгілерін сақтау болып отыр. Сол сияқты қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы, қол жеткен табыстарымызды сақтап қалумен қатар, ұлтаралық қарым-қатынастың тұрақтылығын, этникалық мәдениеттің элементтерін саралау және әрбір ұлттың, адамзаттың қол жеткен табыстарын үйрету болып табылады. Егеменді еліміздің тәуелсіздік жариялаған XX ғасырдың аяғындағы әлеуметтік саяси және қоғамдық өзгерістер қазақ әдеби тілінің үлгілеріндегі қолданылып келген әр түрлі сферадағы сөздік құрамына «төңкерісшіл әсерін» тигізді. Бұл – қазақ әдеби тілінің сөздік құрамына, тіл дамуына әсер ететін сыртқы жағдаяттардың-қоғам өзгерісінің, ғылым мен техниканың, мәдениет пен шаруашылық салаларындағы жаңалықтар, еңбек үдерісінің күрделенуі, еңбекке қатысты мамандықтар мен кәсіптердің құрал-жабдықтардың жаңаша өркендеуінің ықпалынан пайда болды.

Тілге өз әсерін тигізетін «төңкерісшіл» жағдаят, қоғамдағы жаңаша қарым-қатынастар қазақ тілінің жаңаша қолданысына, сөзжасамына өз әсерін тигізді. Ең алдымен тілге енген кірме сөздердің қолданысы мен оны игеру мәселесі, стилистикалық көшірмелер /транспортировка/ жасау, деархизация үдерісі, қазіргі қазақ тілінің әр түрлі лексикалық топтарындағы өзгерістердің және т.б. тілдік құбылыстарды игеру.

Баспалар мен редакциялардың басшылыққа алуы міндет екендігі көрсетілмеген, қазақ тілінің қазіргі жазу тәжірибесінде, яғни қазақ тілі қолданылып жүрген барлық салада бар, Ережелердің жаңа нұсқасындағы қағидаларда кейде ескерілмей, орфографиялық сөздіктерге енгізілгенімен, тасада қалып қойып жүрген сөздер де бар.. Бұның себебі неде? Барлық түйін - аталған құжат пен қазақ тілінің дамуы арасындағы алшақтықта, теория мен практиканың арасындағы сәйкессіздікте. Бұның өзі қазақ емлесін, және қажетті анықтама құралдарды әлсін-әлсін жетілдіріп, қайта қарап отыруды қажет етеді.

Емле жазу-сызу мәселелерін қолға ала бастағаннан бері бір сөздің немесе бір типтес сөздің өзін жазу, орфограммасын қалыптастыру әр кезде әр қилы айтылып, әр түрлі ереже қабылданып келеді. Айқындауды қажет ететін осы сөз сауаттылықтың көзі, оқырман қауымды білімге, көзі ашықтыққа және тіл мәдениетіне тәрбиелейтін құрал – күнделікті бұқаралық-ақпарат құралдары мен баспасөз беттерінде ала-құла жазылады. Атап айтарлық бір жағдаят, кірме сөздердің игерілуі, басқа тілге дендеп енуі қалыпты тілдік құбылыс деп есептелінеді. Себебі тарихи өзгерістер мен қоғамдағы саяси-әлеуметтік ақуал ең алдымен сол тілдің сөздік қорынан көрінеді. Мысалы көне грек тілі мен латын тілі кәрі құрлық деп аталатын Еуропада, славян әлемінде көне славян тілі, мұсылмандық Шығыста – араб тілінің әсері қандай болғанын тарихтан білеміз. Қандай халық болмасын оның тілінде кірме

сөздер енген, болады және алдағы уақытта да бола береді. Кірме сөздердің тілдегі ену үрдісін зерттеген тілші-ғалымдар мынадай қызықты жағдайды анықтап отыр. Мысалы, неміс тілінде кірме сөздер он мыңдап саналады, ал ағылшын тілінің жартысынан көбісі кірме сөздер екендігін анықтаған. Орыс тілі – ғалымдар орыс тілінің лексикалық қабатын кірме сөздер құрайтындығын айта келіп, шамамен 10 пайызы кірме сөздер деп есептеп отыр.(5) Оның ішінде кірме сөздердің көпшілігі тек стилистикалық бояуы бар, салаарлық сөздер болып келеді. Мұндай сөздердің қатарына кәсіби сөздер мен варваризмдерді, термин сөздер мен спецификалық мәні бар кітаби сөздерді жатқызады.

Қазіргі қазақ тілінің даму барысында кірме сөздердің қолдану аясы мен игерілуі сөздік қордың баюына үлкен әсер етті, оны толықтырды. Сондықтан кірме сөздермен байып, толығып отырған қазақ тілі, қазіргі уақытта қазақ тілінің грамматикалық және дыбыстық құрлымын сақтауға өз әсерен тигізуде. Сондықтан қазіргі қазақ тіл білімінде кірме сөздердің игерілуі туралы мәселе өзінің актуальдығын жойған жоқ. Алайда үстірт қарағада қазақ тіліндегі кірме сөздердің енуі, игерілуі туралы мәселелер жан-жақты шешілген сияқты көрінгенімен, шын мәнісінде олай емес екендігі анық. Сондықтан кірме сөздерге қатысты сұрақтар әлі толық шешіліп бола қойған жоқ. Мысалы, кірме сөздер және олардың игерілуі дегенде көбіне – көп бір тілден екінші тілге енген сөздер деп қаралады. Алайда, кірме сөздердің енуі мен игерілуі туралы айтқанда ең алдымен тіл ғылымында аксиома сияқты қалыптасқан бір жақты пікір жоқ. Керісінше, кірме сөздердің әлеуметтік және тілтанымдық жағынан зерттеу мәселесі күрделі болып отыр. Сонымен бірге кірме сөздердің мәртебесін анықтау да оның үрдісі мен сөзжасамдық қабілеті туралы айтуды қажет етеді. Шындығына келгенде қазақ тіліне тән төл сөздер мен кірме сөздердің арасындағы айырмашылықтар мен ұқсатықтықтарды айқындаудың өзі бір мәселе болып отыр. Себебі, қазақ тіліне тән төл сөздің жасалуы мен енуі қай тілден енді немесе жаңа сөз қалай жасалды деген сұрақтар келіп шығады. Мысалы, қазақ тілінде толыққанды сөз болып қолданылып жүрген полк сөзі неміс тілінен орыс тілі арқылы біздің тілімізге енген. Кейбір жағдайларда кірме сөздердің кейбіреулері морфемалары да басқа тілден енген әрі ол морфемалары да әр түрлі топқа жататын немесе бір-біріне жақын тілдердің сөздері екендігі көрініп тұрады. Мысалы, қазіргі қазақ тілінің айналымында жүрген лифтер сөзін алайық. Бұл сөздің түбірі – ағылшын тілінен енген lift сөзі, -ер суффиксі француз тіліндегі –eur қосымшасының бірігуінен жасалған, орыс тілі арқылы қазақ тіліне енген. Мұндай сөздердің қатарына қазақ тілінде айналымда жүрген минер, тапер, режиссер сияқты сөздер де кіреді. Бұл сөздердің бойындағы тағы бір ерекшелік, олардың ағылшын тіліндегі түбір сөз бен француз тіліндегі қосымшаның бірігуі арқылы жасалғандығы деп есептейміз.

Мұндай сөздердің қолданысына байланысты да орыс тіл білімінде де бір ізділік жоқ. Мысалы, орыс ғалымы А.В.Калинин: «Конечно, странно слышать, что дрижер, радиопьеса, кинопрограмма – русские слова. Но если это странно слышать, то считать их заимствованными было бы неверно с научной точкой зрения.» -, деп көрсетеді. (5) Қазақ тілінде де өзіндік мәні сақталған, алайда шығу тегі жағынан басқа тілден енген кірме сөз болып саналатын және де өзінің бойында шетелдік тілдік элементтерді сақтап қолданылатын сөздер қазіргі уақытта көптеп кездеседі. Сондықтан мұндай сөздер қазақ тілінің топырағында жасалып, қазақ тілінде «азаматтық алған сөздер» қазақ тіліндегі сын есімнің –лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жұрнақтары арқылы мағынаға ие болып отыр.(8.10) Мысалы, тарихилық, аристократиялық, антикалық, сатиралық, географиялық, модельдік, және т.б.

Мұндай сөздердің сөзжасамдық жасалу үлгілері мынадай болып келеді: сөзжасамдық үлгі + туынды негіз+ морф+ * –лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жұрнақтары болып келеді(8.10) Қазақ тіліндегі кірме сөздер туралы сөз қозғағанда – калька туралы айтпай кету мүмкін емес. Калька сөзі қазақ тіліне француз тіліндегі /calque/ сөзі орыс тілі арқылы енді. Мысалы, водород, кислород – латын тіліндегі hudroj enium және oxudeenium деген сөздерден жасалған. Кірме сөздердің басқа тілге ену үрдісінде оның грамматикалық тұлғасы мен фонетикалық жасалуына көп өзгеріс енбейді. Ал ауызша кірме сөздердің енуі мен игерілуінде сөздер үлкен өзгерістерге түседі. Мысалы, итальян тілінен енген tartufolo – орыс тілінде – картофель, ал қазақ тілінде картоп, неміс тілінен енген ярмарка сөзі-

жәрмеңке болып жұмсалады. Зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша кірме сөздердің бір тілден екінші тілге ауысуы және игерілуі ең адымен бірнеше объективті себептерге байланысты деп есептейді. Олардың қатарына : халықтар арасындағы тарихи байланыстылық; жаңадан пайда болған атаулар мен түсініктерге ат беру; белгілі бір халықтың жаңа бір сферадағы қол жеткізген табыстары мен жетістіктері; тілдік снобизм мен мода; тілдік үнемдеу заңдылықтары; сол сөзге бастау, ұйытқы болған бір тілдің беделді болуы; (2)Бұл көрсетілген объективті себептердің барлығы да – экстралингвистикалық факторлар;

Ал тілдің ішкі мүмкіндіктерін пайдалану, яғни интралингвистикалық факторлардың қатарына мыналар жатады:

1. жаңадан пайда болған атаулар мен түсініктерге сол тілдің ішкі мүмкіндіктерінде балама , дәл сол мағынаны бере алатын сөздердің болмауы; Мысалы, плеер, хэпинг, импичмент және т.б. Біздің көзқарасымызша, бұл жағдаят кірме сөздердің игерілуі мен енуіне басты себеп болды.

2. бұрыннан қолданыста бар кірме сөздермен бірге сол сөзге пара-пар суреттеу, баяндау бағытында қолданылатын сөздердің енуі; Мысалы, автотуристерге арналған қонақ үйді – мотель, бұқаралық-ақпарат құралдарына арналған кішкентай конференция – брифинг, шаңғымен мәнерлеп сырғанау – фристаил, қысқа қашықтыққа жүгіру – спринт және т.б.

3. кейбір кірме сөздерге детальды анықтама беру, жаңадан пайда болған ұғымдар мен заттарға жаңаша түсінік беру қажеттілігі, яғни тек қана бір сөзбен аталып келген сөздерге қосымша атау беру қажеттілігі пайда болды; Мысалы, француз тіліндегі портье сөзі орыс тілі арқылы қазақ тіліне еніп орнықты. Сол сияқты қайнатпаның аса бір сортын көрсету мақсатында – джем сөзі қалыптасты.

4. экспрессивті құралдар арқылы кірме сөздерден жасалған стилистикалық синонимдер қатарының құралуы; Мысалы, қызмет көрсету – сервис, шектеу қою – лимит.

5. Егер де тілге енген кірме сөз тұрақтап, толыққанды сөз болып айналымда жүрген болса, кейін сол сөздің үлгісімен жаңа сөздер жасауда көп қиындық болмайды. Мысалы, ағылшын тіліндегі джентельмен сөзі қазақ тілінде ХХ ғасырда көнерген кірме сөз тетінде қолданылса, қазір бұл сөз белсенді қызмет атқаруда. Осы сөздің үлгісімен қазіргі қазақ тілінде спортсмен, полисмен, яхтасмен рекордсмен, бизнесмен, конгресмен деген сөздердің үлгілері де белсенді жұмсалады..

Бұл жағдай соңғы жылдары қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қоғамдық қызметінің өсуіне байланысты барынша қарқынды қалып алды. Бұл — заңды құбылыс;

Әдебиеттер

1. Ш.Құрманбайұлы. Ахмет Байтұрсынұлы және термин жасау ісі.// «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №7-8, 1997 ж./
2. Қ.Әбдуали. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, «Ана тілі», 1998, 303 бет.
3. Р.Сыздықова. Ахмет Байтұрсынов. А., 1990, 33 бет.
4. Ә.Т.Қайдаров. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. А., 1993.
5. А.В.Калинин. Лексика русского языка. -М., 1978, стр.64./
6. Ө.Айтбайұлы. Қазақ сөзі: қазақ терминологиясының негіздері. -Алматы, Рауан. 1997-240б.
7. Кеңесбаев І., Балақаев М., Қайдаров, Ә., Сарыбаев Ш. Қазақ әдеби тілі тарихының зерттелу жайы мен міндеттері.// Қазақ әдеби тілі тарихының проблемалары. -Алматы: Ғылым, 1987.
8. Н.Оралбаева. Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы. 2002ж.
9. Мемлекеттік тілді үйрету жолдары: теориясы мен тәжірибесі. Астана, 2004ж.
10. Қазақ грамматикасы Алматы, 2000 жыл
11. Ә.Қайдаров. «Тіл байлығы рухани қазына» «Қазақ тілі мен әдебиеті журналы» 1991 ж., №7, 3-10 беттер.
12. Латын әліпбиіне көшу: ғылыми- қоғамдық негіздер, даму процесі және басты мәселелер. Астана, 2018 ж.
13. Айтбайұлы Ө., Қажыбек Е., Жүнісбек Ә. Қазақтың ұлттық ен- танбасының (кодының) бірі – ұлттық жазу. «Ана тілі» газеті, 18 мамыр, 2017 жыл
14. «Ана тілі» газетінің 2017-2019 жылдардағы басылымдары

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы еліміздің ертеңі үшін қазірден бастап атқарылар барлық шараларға жол көрсетіп, бағытымызды айқындап тұрған темірқазығымыз болды. Мақалада айтылған ой-пікірлер елінің болашағын ойлаған, көзі ашық, көкірегі ояу әр адамды толғандырғаны анық. Мақалада ұлттық жаңғыру бағытында атқарылатын шаралардың бірі ретінде «қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек» деген сөзі жұртшылықтың, әсіресе, ғылыми қауым арасында кең қолдау тапты.

Өткен ғасырдың бас кезінде, кешегі кеңес үкіметінің құрылған алғашқы жылдарында, оның құрамындағы әр түрлі ұлт халықтардың тілдік кеңістігі мен жазуы да әр түрлі болды. Сондықтан ескі жүйеге төңкеріс жасаған жаңа биліктің бастапқы кезеңдердегі «мәдени революция», «революция әліпбиі» деген ұрандармен басталған саясатының астары өз қарауына енген барлық халықтардың жазуларын бірыңғайландыру және жаңарту болды. Осыған байланысты кеңес билігі ескі жазудан бас тартып, әсіресе, араб жазуындағы түрік халықтарына, латын жазуын енгізу мүмкіндіктерін қарастырды. Сөйтіп кеңес үкіметі қарауындағы «кіші халықтары» қолданып келген араб жазуын латындандыру ісі мәдени революцияның негізгі өзегінің біріне айналды. Түрік халықтары арасында алғашқы болып латын әліпбиіне өтуге белсенділік танытқандардың көшбасында әзірбайжан тұрды.

Біздің көтергелі отырған тақырыбымызда латын әліпбиін қолданысқа түсірген жағдайда, оны оқыту барысында қандай қиыншылықтарға кездесетініз сөз балмақ. Қазіргі қолданысқа түсетін латын әліпбиімізді айтпастан бұрын, тарихымызға шолу жасап, алғашқы латын әліпбиіне көшудегі ғалымдарымыздың сол кезде талқыға салған мақалалары төңірігенді әңгіме өрбітсек. Х.Досмұхамедұлының, Н.Төрөқұловтың, Қ.Жұбановтың, Т.Шонанұлының, Е.Омарұлының еңбектеріне шолу жасадық. Соның ішінде Н.Төрөқұловтың мақалар аясында латын әліпбиін қолданысқа түсіргеннен кейінгі қиыншылықтар мен артықшылықтарға сараптама жасадық.

Н.Төрөқұловтың «Бізге қандай әліпби керек», Х.Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», Қ. Жұбановтың «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы» атты мақалаларда латын әліпбиінің алғашқы қолданысқа түскен кезеңдегі мәселелер қозғалады. Н.Төрөқұловтың «Бізге қандай әліпби керек» мақаласында:

1. Оқыту жағынан көрінген міндері
2. Жазудағы қолайсыздық
3. Медицина, саулық жағының айыбы
4. Санмен қатар келгендегі қолайсыздық
5. Білім кітаптарын жазудағы оңайсыздықтар
6. Музыкада қолданып болмағандығы
7. Баспа ісінде бұл хәріптің жарамағаны
8. Жазу мәшинасы мәселесі т.б тақырыптар аясында
9. Еуропаның типография, баспа ісіне кіргізетін жаңалықтары
10. Еуропа тілдерін үйрену мәселелері тақырыбында талдаулар жүргізілген [2].

Сонымен қатар, жазудың емле жағы қазақта бітейін деп қалған. Атақты тарихшы Нажиб Асим (Нәжип Ғасым) «Түрік» деген сөзді баяғыша «трк» түрінде емес, «түрік» деп үйрету үшін жыл ұрынды, «т»-дан соң «хәрпі» керек дегені үшін көп заманға шейін «Нажибесімді» «уаули түрік» деп Стамбул келеке қылды, тағдырға шүкірлер болсын, Байтұрсынұлы Ахмет мұнан 10 шақты жыл бұрын қазақ емлесін тілге туралап түзеткенде барлық жұрт керектігін біліп, қабыл алады дейді.

Мектептегі оқытушы да, балалар да нүкте-ирек бөлесіне қалып, қиналды. Кеңседе отырған кісі асығып жазғанда жазу тура болсын деп барлық, нүкте-иректерді санап жазайын десе, болмайтын болды. Қазақ тілі үкімет тілі болды дегенге бір жыл бола жаздады-жазу машинасы жоқ. Қазақ тілі кеңсеге кірмеген. Хәріптің қандай міндері бар дап сұрасаңыз, ол міндерін кезекпен санап берейін.

Оқыту жағынан көрінген міндері атты бөлімінде әріптің бір түрін емес, 3-4 түрін үйрету керек деген мәселені талқылайды. Бір-біріне жақын ұқсас әріптерді кешенді әдіспен үйрету керек дегенді айтады.

Жазудағы қолайсыздықтың есеп-саны жоқ денеді айта келе, тілді бұзатын жаман әдеттері, тез жазу емлеге жау.

Медицина, саулық жағының айыбы бөлімінде әріптердің түрі бір-біріне жақындығын сөз етеді. Бір-біріне жақын, көзге қиын оқылатын сөздер көзді бұзатындығы, ауруға шалығады деген пікірлер айтады.

Санмен қатар келгендегі қолайсыздық бөлімінде: Бұрын біз былай жазушы едік: I, r, e, l, y . Сан белгілері тастағанмызға 3-4-ақ жыл болды. Енді 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 0 деп жазамыз. «Көз-көр», «арғын-азғын» болуып қалуы жеңіл болғандай, /100 (бір жүз)-дің жанына шыбын отырса, түртіп қойсаң, /1000 (бір мың), бір нүктені қырып қойсаң, /10 (он) болып тұра беретін еді. Дәптер ашып, дебит, кредит деп жазып, кеңсенің бухгалтериясын ескі таңбалармен жазу мүмкін болмайтын еді... /0000000000 (жүз миллиард) оқығанда қандай ескішіл болмасын, кісінің көзі ойнақшып кетеді. Оның үстіне сөйлемнің аяғында сөз біткенде нүкте қою бар. Бұл нүктеден соң/0 деп жазсаң, жүз болып тұра беретін. Емле нүкте, хәріште нүкте, санда нүкте-дүниені нүкте топаны басатын болған еді деген пікір айтады.

Білім кітаптарын жазудағы оңайсыздықтар бөлімі бойынша медицина, алгебра, геометрия кітабындағы формулаларды арабша әріппен қалай жазуға болады деп сұрақ қояды. Сонымен қатар, дүниедегі барлық мәдениетті ұлттарға ортақ болып танылған бұл пән, техника кітаптарын жазғанда осы біздің білім ордамыз (Орынбордағы «Ақа» центр) қайсы жолға бастамақ? Мәдениет жолына ма, ия Сәкеннің «Азия»-сына ма? Біз ойлаймыз, ескішілдік пердесін жыртып, көздерінен алып тастауға бата алса, акацентріміз тарихтың бізге көрсеткен үлкен мәдениет жолына бастаса керек. Жеңілдіктен қашуда не пайда бар? Бірақ естуімізге қарағанда (өсек болмаса), Орынборда жазылып жатқан білім кітаптары жалпы мәдениет дүниесіндегі формалдармен жазылған емес. Бұл рас болса (егер шын болса), мұнда қабыл етіп, жалпы жазуда онан тұра қашудың не «сауабы» бар дегенді де қоса айтады.

Музыкада, баспа, жазу машинасында қолданысқа түскен латын әліпбиінің болашақта кездестін қиыншылықтар мен қолданысқа түскен кездегі мәселелер қарастырылады.

Нәтижесінде төмендегідей мақсат қояды: сөз хәріпіміздің кітап басу жағынан көрінген міндері үстінде еді. Типография, машина жанына өмірінде жуымаған кісілердің де көзі ашылсын деген оймен ең түсінікті мысалдардан бастаймыз дейді. Жазу машинасы мәселесі үлкен мәселе екенін және Қазақ арасында бұл мәселеге қатты кіріскен кісі жоқ екенін, жазу машинасының мәселесі түбінде қандай пайда, зиян береді, оны да ойлаған кісі жоқ, бірақ бұл мәселенің бұл шеті техникаға байлаулы болса да екінші шеті Қазақ республикасының саяси өсуіне байланған екенін айтады.

Н.Төрәқұлов Еуропа тілдерінен қазақ-қырғыз баласы үшін ең әуел орысша оқу бар. Латыншаны білгеннен соң, әліпбиін тану жеңіл болуына орысшаның өзінің латыншаға қарай еріп жасалғандағы себеп. Бұл жазулардың түрің тәртібі, солдан оңға қарай жазылуы бір. Арасындағы бар айырма шамалы. Орысшаны білудің керегі жоқ, зияны бар десеңдер, онда сөзім жоқ. Бірақ ондай сөйлейтін кісі қазақ-қырғыз арасында болмаса екен деймін. Сондықтан өз жазуымыз да түзелсе, орысша тану жа жеңілденсе, пайда болмас деп кім айтар?! Әрине, бұл әліпби мәселесін шешкенде “орысша тану жеңіл болады” деген оймен шешу керек емес. Біздің айтуымыз ол емес. Біз тек латынша алынғанда өз-өзінен осындай да пайда болмақ деп өз ойын қысқаша баян етеді дегенді айтады. Мақалада көрсетілген мәселелерге шолу жасай келіп, қазіргі біздің қолданысқа түсіргелі отырған латын әліпбиімізді оқыту барысында қандай да қиыншылықтарға кезігуіміз мүмкін. Әліпбидің

алғашқы нұсқалары түскен кезде студенттер арасында әр түрлі формада әліпбиімізді оқытуға байланысты жұмыс түрлері жүргізілді. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3-курс студенттері арасында диктант, таңбаларды жатқа жазу, латын әліпбиінде эссе, әңгіме жазу жұмыстары жүргізілді. Студенттер арасында жұмыс түрлері нәтижесінде қолданысқа түскелі отырған латын әліпбиін оқыту, қолданысқа түсіру барысында еш қиындық болмайды деп қорытындылап отырмыз.

Тіл жанашырларына, студенттерге қазақ жазуының өткен тарихында латын әліпбиіне көшу ісі қалай жүргізілгені, сол тұстағы қазақ зиялыларының бұл шараға қатысы мен олардың көзқарастарын таныту мақсатында құрастырылып отыр. Өткенді білмей, болашаққа бағдар жасау оңай емес, сондықтан аталған мақалада жазуымызда алғаш қолданылған латын графикасын оқыту мәселелесі тұр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. -448 б.
2. Төреқұлов Н. Шығармаларының көп томдық жинағы. 1-3 том. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. -288 б.
3. Шонанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. -255 б.
4. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы еңбектері. – Астана: «Астана- Полиграфия», 2008. -400 б.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: «Кие», 2010. -581 б.

Латын әліпбиі – жарқын болашақтың бастауы

Байжанова Рауза Набиевна, Кобдабаева Ботакуз Жадигеровна

*Ақтөбе жоғары политехникалық колледжінің
қазақ тілі және әдебиет оқытушылары.*

Ақтөбе қаласы

. bkobdabaeva@mail.ru

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылдың аяғына дейін латынша қазақ әліпбиінің жобасын әзірлеуді ұсынып, үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырды. Ал 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет. Осылайша алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізіледі.

Сондай-ақ, Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек.

Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті. Біздің қазіргі кирилл әліпбиіндегі

қазақ тіліміз – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, соның ішінде қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдерімен бірге қыпшақ-ноғай тармағына жатады. Сонымен қатар қырғыз, татар, башқұрт, қарашай-балқар, қырым, құмық тілдеріне жақын. Қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшырады. жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен.

Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Бұл бізге таңсық дүние емес. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Латын әліпбиі б.з.б. VII ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. I ғасырда қалыптасқан. Орта ғасырда латын әліпбиі Еуропаға тарады. Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланады. Қазіргі латын әліпбиінде 25 әріп бар. Дауысты дыбыстар е әрпі созылыққа және қысқа.

«Президентке ұсынылған қазақ тілінің латын қарпіне негізделген бірыңғай стандартының жаңа жобасы халықтың күткеніне жауап болды. Алдында таныстырылған бірінші нұсқаға қатысты кейіннен көптеген ұсыныстар жасалғаны белгілі. Оның барлығы біздің әліпбиге, мемлекеттік тілге деген үлкен жанашырлықтың көрінісі. Осы орайда ғалымдар мен тіл мамандарының айтқан пікірлері қамтылып, талқылауға емін-еркін мүмкіндік берілді. Екіншіден, шынын айтқанда, мемлекеттік тілді Қазақстанда тұратын барлық азаматтардың білгенін қалаймыз ғой. Сондықтан кеше таныстырылған жоба қолайлы әрі тиімді деп ойлаймын және халықтың көңілінен шығады деген сенімдемін.

Оның сөзіне қарағанда, қазақ тілін басқа ұлт өкілдері тезірек меңгеруі үшін әліпби барынша әмбебап болуы тиіс.

Қазақ жазуын латын әліпбиі негізіне ауыстыру – әбден пісіп жетілген қазақ тілінің дамуына қажетті мәселе. Әліпбиді ауыстырудың ең маңызды, ең салмақты нәтижелері – жаңа әліпби тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ жазуының кемшіліктерін жоюға мүмкіндік береді, тілдің дамуына, қолданысын кеңейтуге күшті әсер етеді, қазақ тіліне айрықша мән беріп, қайтадан жаппай оқуға себеп болады. Сондай-ақ, тіліміздің таза табиғи қалпын сақтап қаламыз.

Қазіргі қазақ жазуында қолданылып жүрген әліпбиді латын әріптерімен ауыстыру мәселесіне алаңдаушылық тудырып отырғандар бар. Бірақ бұл болашаққа батыл қадам жасап, елімізді төрткүл дүниеге танытып келе жатқан Елбасының тағы бір маңызды бастамаларының бірегейі және дер кезінде қозғалған тіліміздің болашағы үшін жасалған ғылыми маңызды шара деп есептейміз. Тәуелсіз елдің негізгі белгілерінің бірі ретінде жазудың маңызы өте зор. Латын әліпбиіне көшу, сайып келгенде, ана тіліміздің болашағын ойлап, қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге мүмкіндік жасап, тіліміздің ішкі табиғи әліпбиіміз арқылы жазудың айтуға жасап келе жатқан қиянатын болдырмай, қазақы айтылым (орфоэпия) мен жазылым (орфография) талаптарын жүйеге түсіру деп түсіну керек. Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл-ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы-қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», -деп атап көрсеткен болатын. Тіліміз өз тарихында бірнеше кезеңдерді бастан кешірді. Атап өтер болсақ, 1929 жылға дейін араб әліпбиі қолданылса, 1929-1940 жылдар аралығында латын әліпбиі, 1940 жылдан бастап

кирилицаға негізделген әліпбилерді қолдандық. Сөзіміздің дәлелі облыстық мұражайдан алынған мына төмендегі құжаттар бола алады. Сонымен бірге, бұл тарихи құжаттар латын әліпбиінің бізге соншалықты жат дүние емес екендігін, керісінше тарихи құндылықтарымыз екендігін ашып көрсетеді. Оған дәлел мына басылым беттеріндегі мақалалар болып табылады.

Елбасымыздың «Әлеммен бірлесу» деген сөзіне назар аударатын болсақ, латын әліпбиін қазіргі таңда көптеген мемлекеттер қолдануда. Соның ішінде: Өзбекстан, Түркіменстан, Түркия және Әзірбайжан мемлекеттері қолдануда. Енді осы мемлекеттер қатарын Қазақстан да толықтырмақ. Латын графикасына көшу ешқандай саясатқа негізделмеген. Ең басты қажеттілігін тілдің өзі талап етіп отыр. Тілдің ішкі-сыртқы жағдайы қазіргі жазудың (орфография) айтылымға (орфоэпияға) кері әсер етіп, өзге тілден кірген сөздердің салмағы арта түсіп, кірме дыбыстардың төл сөздеріміздің фонетика-грамматикалық талаптарын бұза бастауы секілді түрлі жағдайлар әліпби өзгерту мәселесін алға тартты. Демек, әліпби өзгерту тек кирилл әріптерін латынмен алмастыру ғана емес, жазу саласында да реформа (қайта қарау) жасау қажеттілігін талап етеді. Яғни, кирилл әріптерінде қалсақ, осы әліпбидің емле-ережелері де қапталдай жарыса кедергі келтіруін қоймайды. Себебі, біз, қазақтар, орыс тілін өз ана тіліміздей меңгерген, сөздерді араластырып айта беруге де үйренген, тіпті кейде қай тілде сөйлеп, қай тілде тыңдап отырғанымызды өзіміз де аңғармай қалатын дәрежеге жеттік. Бұрынғы жазбаларда: «Қазақтар сөйлегенде ән салып тұрғандай» деп тамсанған екен. Мұның себебі тілімізде сөздің қос дауыссыздан басталмауы, бір дауысты бір дауыссызды соңына ертіп немесе бір дауыссыз бір дауыстыны соңынан ертіп әуезді айтылуында. Сондықтан да болар, бұрынғы ата-бабаларымыз «кровать, стакан, стол, трактор» деген дауыссыз дыбыстардың арасына дауысты дыбыстарды қосып, «қазақы» түрде әндете айтқан. Ал қазір керісінше, қазақ тіліндегі сөздер арасындағы дауысты дыбыстарды жеп қою жиі ұшырасады. Ал бұл келеңсіздікті жоюдың басты жолы-латын әліпбиі арқылы тіл тазалығын сақтап қалу. Қазақстан Республикасы Президентінің 26 қазандағы 569 жарлығымен бекітілген латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде 32 таңба бар. Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына негіздеу арқылы біз мына нәрселерден ұтамыз. Біріншіден, жат дыбыстарды таңбалайтын әріптер қысқарып, тіл тазалығы сақталады. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан кезде басы артық таңбаларға қажетті емле, ережелер қысқарып, оған кететін уақыт пен қаржы үнемделеді. Үшіншіден, латын графикасына негізделген әліпбиге көшу- қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына мүмкіндік береді. Төртіншіден, түркітілдес елдермен, мәдени, рухани және экономикалық қарым-қатынасты нығайтуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, тіліміздің қолданыс аясы кеңейіп, тар бұғаудан босайды және жаһандандудың жұмырында жоқ болып кетуден сақтайды. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, ұлтымыздың ұлы ұстазы А.Байтұрсынұлы «Ел-бүгіншіл, менікі-ертең үшін» деп айтқанындай, елбасымыздың ел ертеңін ойлаған сындарлы саясатын қолдап, латын графикасына негізделген әліпбиіміздің өркендеуіне үлес қоса берейік,- дегім келеді.

Біз жазуымызды жаңғыртпақшымыз. Жазуды жаңғырту – тілді жаңғырту. Тілді жаңғырту – елді жаңғырту. Қазақ жұрты әліпби ауыстыру мәселесін егемен ел атанған алғашқы жылдардан-ақ ойластырған болатын. Бірақ біз өзге ағайындар сияқты бұл іске дереу кірісіп кеткен жоқпыз. Ойландық, толғандық. Еледік, екшедік. Бәрін таразыға салдық. Сөйтіп барып, енді ғана осынау аса маңызды, аса жауапты іске бел шешіп отырған жайымыз бар. Біз бүгінгі Парламенттік тыңдауды мәселенің өзін талқылауға емес, бұл міндетті ойдағыдай шешу жолдарын талқылауға арнап отырмыз деп білеміз. Өйткені бұған дейінгі негізгі жұмысты Ұлттық комиссия атқарып шықты. Бұл мәселе талқылау кезеңінен негізінен өтіп болғанын ашық айту керек. Егемендіктің елең-алаңында-ақ басталған пікір алмасуларды былай қойғанда, қазақ жазуын латын жазуының негізіндегі жаңа әліпбиге кезең-кезеңімен көшіруге кірісу ниеті «Қазақстан – 2050» Стратегиясында жария етілгеннен кейін де бақандай бес жыл өтті. Рухани жаңғыру мәселелері бойынша құрылған Ұлттық комиссияның жұмыс істей бастағанының өзіне бірнеше айдың жүзі болды. Ғылыми ортада да, баспасөз бетінде де, экран мен эфирде де, әлеуметтік желілерде де сан түрлі, қым-қиғаш ойды емін-еркін ортаға салуға толық мүмкіндік берілді. Жаңа ғана

баяндамада бұл кезеңде осы тақырыпта шыққан мақалалардың ұзын санының өзі 2 мыңнан асқаны еске салынып өтті. Қысқасы, қазақылап қайырсақ, айтылатын сөз армансыз айтылатындай-ақ болды. Асықпау керек дейміз. Дұрыс. Асықпаған жақсы, кешікпеген одан да жақсы. Бұл мәселенің – қазақ жазуын латын әліпбиіне ауыстыру қажет пе, қажет емес пе деген мәселенің басы ашылған. Неге олай дейміз? Адам қателесуі мүмкін, қоғам да қателесуі мүмкін, тіпті заман да қателесуі мүмкін. Ал уақыт қателеспейді. Уақыттан өткен данышпан болмайды. Уақыт өз сөзін айтып үлгерді. Латын жазуы уақыттың сан ғасырлық сынынан өтіп болды. Қазір әлемдегі халықтың 80 пайызы латын графикасын игеріп, пайдаланып отыр, әлемдегі ақпараттың 70 пайызы осы таңбамен таратылып тұр. Бұдан өткен аргументті келтіру қиын шығар. Демек, латынға көшу – прагматизм талабы. Ендігі бар түйін жаңа әліпбиге көшуді нақты қалай жүзеге асырамыз дегенге тіреліп тұр.

Күні кеше Президент ел өмірі үшін маңызды қандай шешімді де халықпен ақылдасып барып қабылдау керектігін тағы еске салды. Жүйелі жұмыс жүргізе отырып, мемлекеттік тілдің жаңа әліпбиінің Ұлттық комиссия мақұлдаған жобасын халықтың таразысына тарту, сөйтіп, ғылыми қауымның, зиялы ортаның, жалпы жұртшылықтың түпкілікті қолдауына қол жеткізу шарт. Алфавитін асығыс ауыстырған ағайындардың кейбірі айналасы ширек ғасырдың ішінде жаңаша жазуға бір емес, екі емес, үш рет өзгеріс енгізіп үлгергені белгілі. Біз ол істен сабақ алуға тиіспіз. Сондықтан да бірыңғай стандартты бекітердің алдында жаңа әліпби жобасын тағы да қайта-қайта қарау, әбден иін қандыру керек екендігі түсінікті. Бұл жер – жеті рет өлшейтін жер емес, бұл жер – жетпіс жеті рет өлшейтін жер. Сондықтан да біз қазірше асатпай жатып құлдық демей тұрмыз. Бірақ бұл айтылғаннан жалпы қазақ жазуын латынға ауыстырудың қажеттілігіне, орындылығына тіпті де күмән тұмақ емес. Латын жазуына ауысу тек қазақ тіліне ғана қатысты, таза лингвистикалық мәселе екендігі, ап-айқын айтылғаны құптарлық іс. Соңғы сексен жылғы тарихымызда қазіргі қолданыстағы алфавит халқымыздың білім деңгейін, ғылыми қарымын, әдеби әлеуетін арттыруға мол мүмкіндік жасады. Бұл әліпбидің өтпелі кезеңде латиницамен қатар қолданылатынын, ал орыс тіліндегі жазудың, оқудың кириллицамен жүре беретінін де ескереміз. Бұл алфавит біздің қолымызды білім мен ғылымның, мәдениеттің бұрын жасалған және енді жасалатын орасан қазынасына емін-еркін жеткізетіні өте маңызды.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу – ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін. Сондықтан, латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңызды мәселе.

Рухани жаңғырудың жарқын жолы – латын әліпбиіне көшу

*Ербатыр Бәтима Өтесінқызы - аға оқытушы,
Сабитбекова Майраш Муратовна - қазақ тілі мен әдебиеті магистрі,
Утарғалиева Шуга Шаденовна - гуманитарлық ғылым магистрі,
Молдашева Лиза Жумабаевна - филология магистрі.*

Қазақстан Республикасы. Ақтөбе қаласы.

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, erbatyr60@mail.ru

Қай кезеңде де тіл мамандары ел мүддесі үшін алдыңғы шепте жүретіні баршамызға анық. Біраз жылдық тәжірибемнен байқағаным, тәуелсіздік туралы жарыса жазып қуанғанымыздай қазақ мектептерін ашуға зиялы қауым қол жинап, халықтың қамы үшін қанша еңбектенді. Жоғарыдан келген нұсқау, Жарғылар орындалуы үшін мұғалімдер, оқытушылар мен дәрігерлер талмай үлес қосты. Қазіргі түсіндіріліп жатқан латын қарпі де бізге тікелей қатысты. Осы салада еңбек етіп жүргендіктен, әліпбидің жаңа нұсқасының Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазанда № 569 жарияланып, кейін 2018 жылдың 19 ақпандағы қосымшасы арқылы № 637 Жарлығымен бекітілендігін

білеміз, енді бұл Жарлықты жүзеге асыру үшін зиялы қауым жан-жақты жұмыстануда. [1.2]. Қазақ әліпбиінің негізгі емлелік ережелерін түсіндіруде туындаған өзекті мәселелер мен әдістемелік ұсынымдар туралы пікірлесіп, жүзеге асыру жолдарын қарастырады.

Әр уақытта жаңалықтың жүзеге асуы маңдай терді қажет етеді. Көптеген қарсы пікір ақпарат беттерінде болғаны баршаңызға аян. Енді Заңмен бекітілген латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиін меңгеру жолдары, емле ережелерін меңгерту тіл ғалымдарының еншісінде.

2018-2021 жылдар аралығында мемлекеттік тілді латын әліпбиіне көшіруге дайындық кезеңінде барлық сала мамандарын латын әліпбиін еркін әрі сауатты қолдана білуге үйретіп, ғылыми-әдістемелік жағынан қолдау мақсатында жұмыла еңбектеніп, тіл ғалымдарына төмендегідей міндеттерді шешу көзделеді:

- мектеп мұғалімдері мен мемлекеттік қызметшілерді, барлық сала кадрларын оқыту, іс жүргізуді үйрететін қысқа мерзімді курстар (онлайн семинарлар) ұйымдастыру;

1929 жылға дейін Қазақстанда араб жазуы пайдаланылды. XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлының ұсынысымен қазақ фонетикасының ерекшеліктері ескеріліп жасалған, араб графикасына негізделген «төте жазу» пайдаланылған. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеді. Мысалы, айта кетсек, қазақ тілі үшін әр кезеңдерде және әр аймақтарда келесі жүйелер Қазақстан Республикасында - кирилл жазуы негізінде, ресми түрде Қазақстанның бүкіл жерінде және Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында пайдаланылған.

Сонымен қатар Түркия, Германия, АҚШ т.б. батыс елдерінде қазақ диаспорасы әртүрлі қалыпты емес латын қарпін қолданады.

- Латын әліпбиі біздің жыл санауымыздан 800 жыл бұрыннан келе жатыр. Жоғарыда аталған латын әліпбиі туралы дереккөздерді келтіре отырып, қазақ қоғамына, халқына латын әліпбиінің қаншалықты маңызды екенін аңғаруға болады. Бұл жайында Елбасымыз биылғы Жолдауында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшу туралы ойларын таратып айтты. «Бұл ой еліміз тәуелсіз алғаннан кейін мені жиі мазалады. Бірақ біз көп ұлтты халықпыз. Әр ұлттың ой-пікірі бар. Қазіргі кириллица арқылы қазақтардың да, қазақстандықтардың да бірнеше буыны тәрбиеленіп, білім алды. Өмірді таныдық, дүниені көрдік. Сондықтан латын қарпіне көшкен жағдайда да кириллица көпке дейін қатар қолданылады, екеуі біразға дейін бірге пайдаланылады деп ойлаймын».

Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ.

Бұқаралық ақпарат деректеріне сүйенсек, бүгінде әлемнің 70 % елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда. Біздің елде XX ғасырдың 20-жылдары қазақ зиялылары латын әліпбиіне көшу мәселесін көтерді. Қазақ тілінің табиғатына сай әліпби үлгісін жасап, қолданысқа енгізген болатын. Қазақ тіл білімінің, әліпбиінің негізін салған бірегей ғалым А.Байтұрсынұлы: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білу керектігі одан да артық», - деген болатын. [2.]. Қазір жазудың маңызы бұрынғыдан бірнеше есе өскен заман. Сондықтан, әлемдегі елдердің басым бөлігі, соның ішінде туыстас түркі халықтары қолданатын латын әліпбиіне көшу – жаһандану дәуіріндегі рухани жаңғырудың алғашқы да маңызды сатысы болмақ..

Қорыта айтқанда, латын қарпі ғылым мен техникаға икемді болғандықтан бір қадам алға басу жолдарын ұйымдастырып, білген әріптерімізбен хат-хабар болса да жазып, жалпы халықтық диктантқа қатыстық, бұл студенттерді қызықтырып, бұл қаріпті меңгере алатындығын көрсетті.

Латын әліпбиі негізіндегі «Қазақ емлесінің негізгі ережелерінің» жобасын сараптап, қарауға ұсынылған «Қазақ емлесінің негізгі ережелерінің» жобасы бойынша оқытушылар өз ойларын айта келе, төмендегі параграфтарға ұсыныстар жасалды. [3 ,12.] .

| № | Сараптама талаптары | Жоба бойынша пікір |
|----|----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық сауаттылығы | «Латыннегізді» дегеннің орнына «латынға негізделген қазақ әліпбиі» деу ұсынылады. |
| 2 | Прагматикалық сауаттылығы (адресаттардың қабылдауына икемділігі, жеңілдігі т.б.) | Алғы сөздегі «ентаңба» сөзі қабылдауға икемсіз, қиын. «Код» болып қала берсе... |
| 3 | Құрылымдық сауаттылығы: тарау, параграфтардың реттілігі мен тәртібінің уәжділігі | Талапқа сай |
| 4 | Жобаның әрбір параграфы бойынша мақұлдау немесе ескертудің негіздемесі: | |
| 5 | §2. | Ескертуде берілген «жай», «шай» сөздерін неге «ә» арқылы жазылса, ұлттық төлтума бітімі сақталар еді, өйткені қолданыстағы ережеде осы заңдылық айтылғанмен, оны көпшілік, тіпті газет-журналдарда да, кейбір оқулықтарда да ә әрпі арқылы жазады. Қолданыстағы «Орфографиялық сөздікте» (2007ж.) «шәйнек» емес, «шайнек» болып берілген, ал бұл жерде осы жобадарғы ереже сақталмай отыр. |
| 6 | §15 | Ереже нақтыланбаған. Қолданыстағы «Орфографиялық сөздікте» (2007ж.) <i>ауыл, ауылы, аулы</i> деп берілген, сондықтан қай кездері <i>ы, і</i> әріптерінің түсіріліп, қай кезде сақталатындығын ашып көрсету ұсынылады. |
| 7 | VIII тарау. §94, 95 | Ескерту бойынша ұсыныс: кейбір шетел тілдерінен енген сөздердің бұлай жазылуына кейбіреулер күмән келтіруі мүмкін, сондықтан ережеге қай тілден алынғаны көрсетілсе, дұрыс болар ма еді? Әйтпесе орыс тілінен енген нұсқаларына үйренген халыққа қабылдау қиындық келтіреді. |
| 8 | §101 | Осы параграфтағы ереже ескертуде берілген сөздерге де қолданылса... Мысалы: <i>premer – premier</i> . |
| 9 | §105 | Қайта қарау ұсынылады. |
| 10 | §114 | Сөз соңындағы –нг әріп тіркесінің орнына –нк әріп тіркесі жазылса, үйлесімді секілді. |
| 11 | §119 | Осы тарауды нақтылап, қайта қарау ұсынылады. |

«Қазақ емлесінің негізгі ережелерінің» жобасы бойынша жасалған ұсыныстар «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл - Қазына» ұлттық-ғылыми практикалық орталығы» КЕАҚ қарауына ұсынылды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елбасы «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын ... туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына ... №569 Жарлығына өзгеріс

енгізу туралы. ҚАУЛЫ ЕТЕМІН: 1. «Қазақ тілі ... Президенті Н.Назарбаев Астана, Ақорда, 2018 жылғы 19 ақпан № 637.

2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. -448 бет.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру міндеттерін іске асыру мақсатында қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру міндеттерін іске асыру мақсатында қазақ тілінің латын графикасындағы емле ережесінің жобасын сараптау мен байқау сынамасын Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазақ» ұлттық-ғылыми практикалық орталығы ұйымдастырылған семинар материалдары.

Латын – тіліміздің өркендеу дәуіріне апарар бастау

Зиноллаева Аяжан Қанжарбайқызы

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті Филология факультеті,
«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4-
курс студенті*

*Ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының кандидаты, доцент Айтбенбетова Айгүл
Қадыржанқызы
Ақтөбе қаласы, ayazhan.zinollaeva@mail.ru*

Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметнің кеңеюіне тығыз байланысты [20, 7]. Тіл – қай ұлтта, қай елде болсада қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Тіл білімінің алыбы, негізін салушылардың бірі де бірегейі бола білген Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл тазалығы дегеніміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу» деген сөзі бар. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Еліміздің басшысы Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде «біз бүкіл қазақстандықтардың басын біріктіретін басты фактор – Мемлекеттік тіл – қазақтардың туған тілін дамыту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауымыз керек», - деген болатын.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев 2017 жылғы 12 сәуірде жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы мақаласында «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек», - деген болатын [5, 15]. Елбасының рухани жаңғыру бағытында баяндалған мақаласындағы қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы ұстанымдары мәңгі елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі іс, маңызды тарихи оқиға ретінде халықтың зор ықыласына ие болды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығы бойынша «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізіліп, жаңа әліпбиіміз бекітілді [6].

1. Қазақтың төл дыбыстары: *a, ә, б, в, г(ғ), д, е, ж, з, й, і, к(қ), л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ш, ы*. Барлығы 26 дыбыс. Қабылдануға тиісті кірме дыбыстар: *в, ф, х, һ*. Барлығы 4 дыбыс. Осы кірме дыбыстарды қазақ тіліне қабылдау тілімізді тек қана байыта түсетіні сөзсіз. Бұлардың барлықтары таза дыбыстар болып табылады;

2. *Ч, Ц* дыбыстарын қазақ тіліне қабылдауға болмайды: 1)

Бұл дыбыстар таза дыбыс емес, *ч-тиш, ц-тс* дыбыстарының құрандысы. 2) Бұл дыбыстар қазақ тілінің табиғатына сай келмейді, төл қазақ тілі таза әрі жұмсақ дыбыстардан құралады. 3) Бірқатар түркі тілдеріндегі [*ч*] дыбысы қазақ тілінде [*ш*] болып келеді, м: *чана-шана, ача-аша, чай-шай, қач-қаш*. Егер біз [*ч*] дыбысын қабылдасақ түркі тілдері арасындағы осы сәйкестік заңдылығы бұзылып, тілдік алшақтауға соқтырады; 3.

Қазақ тілінде, тіпті А.Байтұрсынұлының «Төте жазу» әліпбиінде [*и*] дыбысы болмаған

Шынтуайтында орыстың [u] дыбысы қазақтың [i] дыбысымен орны сәйкес келуі керек еді. Бұл дыбыс өзбек, ұйғыр, татар, түрік, қырғыз, қарақалпақ тілдерінде [u] болып келеді, яғни қазақтың [i] дыбысының орынына оларда [u] дыбысы қолданылады. Түркі тілдері арасындағы бұл дыбыстық сәйкестікті сақтап қалғымыз келсе тілімізге артық [u] дыбысы мен таңбасын қазақ тілінен шығарып тастағанымыз жөн;

4. Ү–қазақшадағы дауысты-дауыссыз [ü] мен [u] ге бірдей қолданылады. Латын және ағылшын тілдерінде бұл дауыссыз қысқа [ü] дыбысына қолданылады. Қазақ тіліндегі «r» «w» «y» «z» дыбыс таңбаларының алдында табиғи түрде [i]-[ы] дыбыстары жасырын сақталған. Сондықтан бұл таңбалардың дауыссыз дыбыстарымен [i]-[ы] дыбыстарынсыз тікелей тіркесіп келулеріне болады. Алайда, тіліміздің нақтылығын арттыру үшін, түбір сөздердің бірінші буынында жуан-жіңішкеліктері мен еріндік езуліктерін дәл көрсетіп жазған жөн. М: *svylvk, uw, uwvs, kiyw, jetisw, Jetisuw, swret, tvuyvm, kelw, aedeby, kvlytym, Atraw, kvzvl, karz, traektr, t.b.*;

5. С – «Codex Cumanicus» әдебиетіндегі қолданылуы қыпшақ тіліндегі [u] дыбысы болды. Жаңа әліпте де [u] дыбысы осы таңбамен берілген. Өзі ықшам болғандықтан шш тіркесін беруге қолайлы әрі көп орын алмайды. Тағы бір жақтан тіліміздегі *u* дыбысы түрік тілінде *ç* дыбысы болып келеді. Ал түрік тілінде *ç* дыбысын *ç* таңбасымен белгілейді. Ал бұл өз кезегінде *c* таңбасымен көріністе біршама жақын. Сондықтан онымен [u] дыбысын белгілеген жөн;

6. X – классикалық түрінде [ks] немесе ұяң түрде [gz] болып дыбысталады. Бізде ондай дыбыс жоқ. Бір жағынан біз кириллицаның «x» әрпіне үйреніп қалғанбыз. Сондықтан бұл әріпті [x] фонемамызға қолданғанымыз жөн. М: *xalvk(халық), asxana(асхана), Abvlayxan (Абылайхан)*;

7. H – қазақ тіліндегі [h] дыбысын белгілеуге арналды. Бұл дыбыс қазақ тілінде сирек қолданылғанымен, құрама дыбыстарды жасауда өте қажет дыбыс таңбасы. Сондықтан бұл дыбысты қысқартуға немесе басқа дыбысқа пайдалануға болмайды. М: *sh, th, ch, ph, q, kh, zh*;

8. Тіліміздегі [к], [г] дыбыстарына жеке таңба арнауға болмайды, оларды [к], [г] дыбыстарымыздың жуан сыңары деп қарап, ортақ таңба арнауымыз керек. 1) Бұл дыбыстар тілімізде парықтау рөлін ойнамайды, м: *қара-қара, қыпшақ-қыпшақ*. 2) Бұл дыбыстар жоғалып кеткеннің өзінде тіліміздің грамматикалық құрылымдары мен фонетикалық заңдылықтары бүліне қоймайды. 3) Егер оларды жекелей таңбалсақ, арап, парсы, европа тілдерінен үндестік заңымызға бағынбайтын сөздер көптеп еніп, тіліміздің үндестік заңын бүлдіруі мүмкін, м: *қәхвә, қәбилә, қәйерде, гәнибет, категория, компания т.б.* 4) Ортақ таңбалау арқылы европа тілдерінен тіпті арап-парсы тілдерінен сөздерді тіліміздің заңдылықтарына бағындырып қабылдауға жол ашамыз, м: *математика (математика), грамматика (грамматика), қәхвә (қәхвә), қәбилә (қәбилә), логика (логика)*. Тағы бір жақтан түрік тіліне жақындай түсеміз. Осындай тәсілді пайдаланған қырғыз, түрікмен тілдері қазірге дейін пайдасын көріп келеді. Олар орыс, европа, арап, парсы тілдерінің сингармонимсіздік ықпалын осы жол арқылы сәтті тойтарып келеді.

9. Q – классикалық түрінде тек қана "u" таңбасымен тіркесіп келіп *qu* деген дыбыс береді, өзі дара қолданылмайды. Ал біздің [ң] дыбысымыз еш қашан [q] дыбысымен тіркесіп келмейді. Сондықтан бұл таңбаны [ң] дыбысына қолданғанымыз ана құрлым тиімді болмақ, м: *vqgaylv, aqcvlvk, jaqvlvs, jeqilis, soqgv*;

10. Латын тіліндегі дауысты дыбыстар: *a, o, u, i*. Бұдан байқалатын заңдылық латын дыбысының дауысты дыбыстары қысқа әрі ықшам таңбалармен белгіленетіндіктерінде. Ерте тарихтағ "v" таңбасы да дауысты дыбыс ретінде қолданылған болатын. Сондықтан қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар да осы тәрізді таңбалармен белгіленуі керек: *Aa[a], Oo[o] Uu[u], Vv[v], Ii[i]*. Қазақ тілінде *i*-ы дыбыстары өте көп қолданылады. Бұл дыбыстар қысаң дауысды дыбыс болып білінер-білінбес түрде сөз құрауға қатысады. Ал *i, v* таңбалары өте ықшам болғандықтан осы білінер-білінбес дыбыстарды таңбалауға өте ыңғайлы болып сөздердің жазылу көлемін ықшамдата түседі, м: *kvsvlvqkv (қысылыңқы) tvgvlvsvqkv (тығылысыңқы), kiyim (кіім), kvuyvm (қыуқым)*.

11. Универсал әліпбидің ықшам түрінде бір дыбысқа бір таңба қолданылады: *Ää [ə], Öö [ø], Üü [y], м: Äset (Aeset), saqlak (saqlak), Öskemen (Oeskemen), Ürimci (Uerimci), ülken (uelken)*,

üstel (uestel) t.b. Стандартты 26 таңбамен жазудың тәртібі: 12. Бір буындағы бір дыбыс беретін екі дауысты дыбысты диграф деп атайды. Олар: «*ae*» [ə] (*aera* [əpa] мыңжылдық), «*oe*» [ø] (*roena* [nøna] жаза) және «*ue*» [y] (*true* [tpy] шындық). Егер әріптер тіркесін яғни диграфтарды бөлек оқу қажет болса, олардың арасына айыру белгісін «'» қойу арқылы бөлек оқуға болады. М: *po'eta, po'ema, a'edon, m.б.* Латын тіліндегі қос таңбалы (диграф) «*ae*», «*oe*», «*ue*» дыбыстарының дыбысталуы қазақшадағы [ə], [ø], [y] дыбыстарының дәл өзі. Бұл дыбыстар қазақ тілінде көбінесе бірінші буында келетіндіктен, диграф арқылы бейнелеу сөздің көлеміне онша әсер ете қоймайды. М: *oezen, koel, daerya, kuen, tuen, Aebic, Aeset, aedemilik, oeskeleq m.б.*; 13. Бір буындағы екі дауысты дыбыс дифтонг деп аталады. Латын тілінде екі дифтонг бар. Олар: «*ai*» [ay] және «*ei*» [ey]. М: *Europa* [eyropa], *causa* [kauza] себен; 14. Орыс тілінен енген «*e*» [üe] дыбыс таңбасы латыншада «*ue*» болып жазылады. М: *Sanszbayebh, Yelyena Yevgyenyi, Kazanbayebha, Aytbayew, Tsaryebha, Yekatyeriyuna t.b.*; 15. Орыс тілінен енген сөз не қосымшадағы «*y*» дыбыс таңбасы дауысты дыбыс, латыншада «*u*» болып жазылады, м: *universitytet* [университет], *ukaz* [указ], *kurs* [курс], *turnyr* [турнир], *Turan* [Туран], *.yurt*[юрт]; 16. Орыс тілінен енген сөз не қосымшадағы «*v*» дыбыс таңбасы латыншада «*w*» болып жазылады, м: *Aewezow, Myedwedew, Atambayewa, Abvlayewna, wogzal, Wengrya, Wyetnam, lawryat, Ewropa, Saratow, Moskwa, Kawkaz, wagon,wiktorya*; [15]. Бұл жоба бойынша қазақ тілінің ерекше дыбыстарын таңбалауды келесі кестемен көрсетуге болады: «*Ə ə*» дыбысы тіліміздің лексикалық көне қабаты бір буынды сөздерде кең тарамаған, олар көбінесе кірме сөздер: *ән, сән, тән, пән, әл, әр, әк m.б. сөздер.* Оларды келесідей беруге болады: *än (ean, a'n), sän (sean), tän (tean), pän (pean), äl (eal, a'l), är (ear, a'r).* Ал, екі, үш буынды сөздерді көбінесе қос буын ережесін тімді қолдана отырып, келесідей жазуға болады: *әлем, әсем, мәлім, тәрбие, сәбіз, әліпби* т.б. сөздерді келесідей береміз: *alem, asem, talim, tarbiye, sabiz, alipbiy.* Бұнда ерекше таңба «*ä*» әрібін қолданып қажеті жоқ себебі сөздің құрылысы бойынша сөздің жіңішке дыбысталатындығы анық көрініп тұр. Ерекше әріптер 29 әріптік жоба. Мысалдар 26 әріптік жоба. Мысалдар 1 *Ə ə Ä ä än, sän EA ea ean, sean,* 2 *Ө ө Ö ö ör, tör EO eo eor, teor,* 3 *Ү ү Ü ü Ümüt, EU eu eumut,* 4 *Ұ ұ U u kubur U u utkur,* 5 *У у (дифтонг) UW uw tuw UW uw tuw,* 6 *У у (қысқа) W w taw awur,* 7 *Қ қ /К к K k kala / keme K k kola/ kilem,* 8 *К к С с (тек жуан дауыстылармен) capitán Canada Africa C c cofe concert,* 9 *F ғ GH gh ghalim GH gh ghilim,* 10 *Г г G g tiginshi G g,* 11 *Ы ы Y y/I i tynis Y y/I i ydis,* 12 *I i I i ilim I i ilmek,* 13 *И и (дифтонг) Iy iy/ Yi yi iyrek syilik Iy iy/ Yi yi syigha syi, syragha bal,* 14 *И и (кірме сөздерде) I i kino, Damir I i Iman, Islam.,* 15 *Ш ш SH sh shash SH sh shaghala,* 16 *Ч ч CH ch chempion CH ch Chikago* «*Өө, Үү*» еріндіктері тілімізде бір буынды сөздерде жиі кездеседі олар: *өр, өс, өк, өн, өл, өт, төр, үр, үк, тұр, түк, түс* т.б. сөздер келесідей беріледі: *ör (eor, o'r), ös (eos, o's), ök (eok, o'k), ön (eon, o'n), öl (eol, o'l), öt (eot, o't), tör (teor), ür (eur, u'r), ük (euk, u'k), tür (teur), tük (teuk), tüs (teus).* Ал, екі, үш буынды сөздерде еріндіктер үндестігін сақтай отырып келесідей жазуға болады, мысалы: *өкіл – ökül (o'kul), өмір – ömür (o'mur), үтір – ütür (u'tur), бүкіл – бүкүл (buqul).* Бұнда, жоба бойынша *qu/gu* тіркестері жіңішке «*кү/гү*» тіркестерін беретіндігін есімізге алып, *ökül, бүкүл* сөздерін келесідей *o'qul, buqul* түрінде беруге болатындығын көрсетіп отырмыз. «*Ыы, Іі*» дауыстыларын бергенде ана тіліміздің үндестік заңына сүйенеміз, мысалы: *ыдыс – ydis, қымыз – kumiz, сызықтық – syziktik.* Ал, егер сөздің құрылысы бойыша сөздің жуан дыбысталатындығы көрініп тұрса онда «*у*» таңбасын қолданудың қажеті жоқ, мысалы: *ғылым – ghilim, баратыны – baratini.* «*Ң*» дыбысын таңбалау үшін кеңінен тараған *ng* диграфын қолданамыз. Бірақта «*ң*» дыбысы *nk, ngh* әріптері арқылы да беріле алады. Жалпы ереже: *n* таңбасы *g, gh, k* таңбаларымен қосарланғанда «*ң*» болып оқылады. Мысалы: *tang (таң), teng (тең), tenge/ten'e (теңге/теңе), janghak (жаңғақ), tungghush (тұңғыш), tankaluw (таңқалу), sunkar (сұңқар).* Бұған қосатынымыз ағылшын тілінен енген *bank* сөзі “*баңк*” болып оқылуы тиіс бірақта орыс тілінде “*ң*” дыбысы болмағандықтан ол “*банк*” түрінде құлағымызға сіңген. Сол сияқты *mango* жеміс атауын біз орыс тіліндегідей «*манго*» деп оқымауымыз керек, дұрысы «*маңго*» болады [16]. Қазіргі кезеңнің ең өзекті мәселелерінің бірі — мемлекеттік тілдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға арналып отыр. Заман талабына сай

елімізде үштұғырлы тіл саясатын жүргізудің қажеттілігі айқындалған соң, мемлекеттік тіл мәртебесіндегі қазақ тілінің әлемдік деңгейдегі барлық ақпараттық, ғылыми, мәдени байланыстар мен қарым-қатынастардың тілі, яғни халықаралық қатынас тілі ретінде қалыптасып, дамып отырған ағылшын тілімен және кедендік одақтың, еуразиялық одақтың ресми тілдерінің бірі ретіндегі орыс тілімен қатар қолданысқа түсетіні белгілі болды. Әрине, өзге екі тілмен салыстырғанда, мемлекет құраушы ұлттың тілі, Қазақстан халқын ұйыстырушы тіл ретіндегі мәртебелік тұрғыдан қазақ тілінің елімізде басымдыққа ие болатыны даусыз. Бұл мәселе ел басшылығы тарапынан да үнемі қолдау тауып отырады. Алайда бәрін мемлекетке артып, «бұл мемлекеттің айналысатын шаруасы» деген оймен, «еліміз мәңгілік ел болады екен, тіліміз мәңгілік тіл болады екен» деп, қол қусырып отыра беруге әсте болмайды. Бұл азаматтық іс, ардың ісі. Әркім өзінің білгенін ортаға салып, кеңесе отырып мемлекеттік тілдің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын, оның өміршеңдігін ұзартатын нақты іс-шараларды жүзеге асыруға атсалысуымыз қажет. Осы тұрғыдан бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселелердің біріне арналып отырған конференцияның құндылығы, қажеттілігі ешқандай дау тудырмайды. Онымен қоса, қолдаушылар ішіндегі әрбір азамат мемлекеттік тілдің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын іс-шаралар туралы айтқан болатын, белгіленген ой-тұжырымдардың нақтылы түрде жүзеге асырылуына өз мүмкіндігінше үлес қосуы керек. Біріншіден, тіл мемлекет пен қоғам өмірінің негізгі салаларында ұдайы қолданыста болмаса, оның дамуы баяулап, қолданыс аумағы азая бермек. Жеке тұрмыста да солай. Әр үйде, отбасы-ошақ қасында ата мен немере, әке мен бала өз ана тілін және мемлекеттік тілді қастерлемей, өзге тілде сөйлесе де дәл осылай болмақ. Мұны жұрттың бәрі де біледі. Бірақ әрқашан назарда ұстау керек. Екіншіден, осы қолданыстағы үш тілдің үшеуіне де қатысты «тіл тазалығы» мәселесін өмірлік ұстанымға айналдыру қажет. Олай болмаған жағдайда, үш тілдің ортасынан «қойыртпақ тіл» келіп шығады. Мұны да жұрттың бәрі біледі. Бірақ үнемі қаперде ұстап, ескеріп отырғанымыз дұрыс тәрізді. Бұл, әсіресе, жас ұрпақтың тәрбиесі үшін маңызды. Тілді әр азамат қолданып, дамытып отырмаса, ол өз-өздігінен дами алмайды. Сондықтан мемлекеттік тілдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру — әр азамат үшін ардың ісі. ҚР Білім және ғылым министрлігі Түркі академиясының президенті Шәкір Ыбыраев әліпбиді латынмен ауыстырғанда біздің ұтатын жақтарымыз деп мынадай пункттерді атап көрсеткен болатын: Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқартатыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оралбаева Н., Жақсылықова Қ. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі – Алматы: Ана тілі, 1996 – 208 б.
2. Жаңа ұлттық әліпби. Қазақ жазуын жаңғырту (ғылыми-тілтанымдық зерттеу), 2-кітап. – Алматы, 2017.
3. <https://massaget.kz/blogs/23280/>
4. «Тамыры терең әліпби: жалпы түркілік бірегейліктің мызғымас негізі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары 30.05.2017 ж.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың жолдары

Шарипова Б.К.

*№4 жалпы білім беретін орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
margulan0112@mail.ru*

Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында,
болашақты білімді ұрпақ айқындайды, ал жас
ұрпақтың тағдыры ұстаз қолында
Н.Ә.Назарбаев

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту басты міндет 2012 жылы 27 қаңтардағы Елбасының Н.Назарбаевтың «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында 5 жылдық ұлттық жоспарды қабылдау міндеті қойылған. Ең басты мақсат оқытудың жаңа инновациалық әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың сөйлеу әрекетін дамыту, тіл құпияларына жетелеу, сөйлеу әдебі мен мәдениетін меңгерту, оқушының тілге деген саналық көзқарасын қалыптастыру болып табылады[1].

Тілге қатысты функционалдық сауаттылық-тілдік ережелерді түсіну-тілдік нормаларды сақтау-әрекет тәсілдерін меңгеру болды. Тілді меңгеруде грамматиканың орны ерекше. Өйткені онсыз ойды жинақтап сөйлемге айналдыру, байланыстырып жеткізу мүмкін емес. Сондықтан грамматиканы толық қанды тілдесімге жетудің құралы ретінде қарастырылады.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым – қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда, функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – қазақ тілі сабақтарында оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытудың басты шарты. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – оқушылардың танымдық – қатысымдық қабілеттерін дамытуға дейін ішкі мүдделілігімен әлеуметтік сұранымды үйлестірудің жолы.

Жалпы функционалдық сауаттылық деген ұғымды таратып айтар болсақ, адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыру. Сонымен, функционалдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б.[2]. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Осыған орай Ұлттық жоспарды функционалдық сауаттылықтың төмендегідей негізгі механизмдерін бөліп көрсетеді. Ұлттық жоспардың жоғарыда аталған мақсат, міндеттерін жүзеге асыруда төмендегідей тетіктері нақтыланып, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін білім беру жүйесінде басшылыққа алынады. Олар:

-білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);
- оқыту нысандары мен әдістері;
-білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі ;
-мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;
- мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);
-барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;

-ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі;

Мұғалім мен оқушының іс-әрекетінің байланысын әр түрлі кезеңдерде функционалды сауаттылығының қалыптасуын мақсаттылық, жоспарлау, шешім қабылдау, орындау, нәтижеге баға беру арқылы жүзеге асыруға болады. Қазақ тілі сабақтарында алғашқы сауаттылықтың қалыптасу кезеңдерімен жүзеге асады.

1. Мақсат қою. Оқушы мәтінмен жұмыс істеу, тірек-конспектін құру, бағдарланған сұрақтар құрау, сызбанұсқаны, суреттерді оқу, жаңа сөздермен жұмыс істеу, түсініктердің жүйелігін құру және сөйлем құра білу.

2.Жоспарлау кезінде міндеттер қойып, проблемаларға талдау жасау. Ол үшін ақпарат көздерін таңдау қажет.

3.Шешім қабылдау үшін ақпараттарды пайдаланып, зерттеу жүргізу.

4.Орындалуы. Ол үшін білім беру объектісімен жұмыс істей отыра орындау және оны өңдеу.

5.Нәтижелерді бағалау үшін жасалған жұмыстарға талдау жасау және егер қателіктер болса себептерін анықтау, өзіндік талдау, өзіндік бағалау жасау.

6.Білім объектісімен жасалған жұмыс нәтижелерін қорғау және нәтижелерді бағалауға қатысу.

Осы кезеңдер арқылы оқушының іс-әрекеті анықталады.

Шәкірт білімнің сапалы болуы сабақ жүйесіне, әр сабақтың ішкі мүмкіндігіне, оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасап, біліктіліктері мен дағдыларын іскерлік пен дамытуына байланысты. Үйрену адам баласына белгілі заңдылықтарды, білімді меңгеру негізінде қалыптасады.

Осы орайда қазақ әдебиетінің зиялысы Ж. Аймауытовтың мына бір қағидасын басшылыққа алсақ, функционалды сауаттылықтың төртінші механизмі жүзеге асқан болар еді. Ағартушы: «Балаға ең қымбат, ең жайлы, жақын нәрсе - туған жері, туған жерінің құбылыстарын білу балаға өте қызық». Мұндай оқыту жүйесі жергілікті өмірге, табиғатқа терең мазмұн беріп, оларды баланың санасында жандандырып, оларға баланың махаббатын арттырады, бала әлеумет тұрмысына, төңіректегі әлемге терең көзбен қарап үйреніп, жолығатын қиын мәселелерді оңай шешетін болады, бұрынғыдай мектептен шыққан соң, бала үйренген білімін ұмытып қалмайды, қайта білгенімен өмір жүзінде пайдаланатын болады[3].

Оқушылардың білімге ықыласын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі-сабақта ойындарды қолдану. Ойын - әрқашан кішкене білім, кішкене білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Ойынды алданыш және жеңіл көңіл көтеру деп ойлайтындар қазақ тілі сабағында мынадай әдіс тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, сауатты болуға дағдыландырады.

«БББ» кестесінің алғашқы екі кестесін, яғни «не білемін», «не білгім келедіні» оқушылар жаңа тақырып басталмас бұрын толтырады. Жаңа білімнің маған берер пайдасы қандай болмақ деген сұрақтарға жауап беруге ұмтылады. Жұптағы ой қозғау. Оқушылар қандай да болмасын ақпарат туралы бар білгендерін жазбаша келтіреді. Бұл тапсырманы орындауға берілген уақыт 2-4 минут қана, оқушылар өз жұптарымен жазғандарымен бөліседі, сұрақтарға жауап береді, тізімдерін толықтырады. Тағы бір тәсіл еркін жазу-оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын қағазға түсіруді талап ететін тәсіл. Оқушылар берілген уақыт аумағында 5-7 минут тоқтамай жазуы керек. Сабақтың негізгі бөлімінде мұғалім оқушыларға білім алудың белсенді тәсілдерін ұсынып,

олардың өздігінен жаңа мәліметті жан-жақта қарастырып, зерттеп, игеруіне мүдделі. Оқушылар жекелей, жұппен, топпен жаңа ақпаратпен танысып, ол туралы өзіндік пікір қалыптастырады.

Жеке тұлғаны анықтау атты ойынның да тиімді жағы көп. Жүргізуші (мұғалім) әдебиет ғалымдардың портреті жапсырылған беттерді таратады. Оқушылар ғалымның фамилиясын, әдебиет саласындағы өмірін, жаңалықтарын есімімен байланысты оқиғалар т.б.еске түсіру керек. Талдау ұзақтығы 5 минут. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке оқушыны дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Ортақ Отанымыз – Қазақстанның одан әрі Мәңгілік Ел болып өркендеуі үшін, жан-жақты дамуы үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту нәтижелерінде талай асулардан абыроймен өтеміз деп және мұғалімдер тек қана адал салиқалы еңбек етіп, функционалдық сауаттылығы бар тұлға тәрбиелеп шығарамыз деп уәде етеміз.

«Білімнен қымбат нәрсе жоқ.

Көңілде жатса баспай тот » дегендей оқушылар алған сапалы білімдерін, тәрбиесін, бойға дарыған өнерлерін үнемі жаңғыртып, жетілдіріп оны ғылыми жетістіктерімен толықтырып отруы тиіс.

Қорыта айтқанда, функционалдық сауаттылықты дамыту жолдарының басты міндеті – оқушылардың теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолдануымен қатар тәуелсіз еліміздің келешегіне үлкен жауапкершілікпен қарауға үлестерін қосу болып табылады. Осы ретте, жаратылыстану бағытындағы пәндерін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев. Қазақстан әлеуметтік жаңғыртылуы. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. « Егемен Қазақстан » газеті. 10 шілде. 2012.
2. Е.Иманғалиев. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары « Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы ». 2012 жыл 6-9 бет.
3. Оразханова Н., Кенжебаева Г.М. - « Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары » ғылыми мақаласы, 2012.- Б. 42-47.

Ұлттық тіл және латын графикасына көшу мәселесі

Абдирасилова Айкерим Қалыбаевна

Педагогика магистрі

Қазақ технология және бизнес университеті,

*Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық кафедрасының
аға оқытушысы.*

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы

aikerim70@mail.ru

Камиева Гульмира Камиевна

Педагогика ғылымдарының кандидаты

Қазақ технология және бизнес университеті,

*Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық кафедрасының
қауымдастырылған профессоры.*

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы

gulmir_kk@mail.ru

Ұлттық идеологияның өзегін құрайтын тіл, діл, дін, тарих, туған жер елдік ен таңбасы. Ұлттың басынан өткерген сындарлы сәттерінің баяны осы аталған құндылықтардың желісінде бой тартып жатады. Қазақ халқы қоғамдық дамудың бел-белестерінде сан тарау қиындықтар мен жойқын басқыншылықтарға тап болды. Төл

руханиятымыздағы ақтандақтардың басым бөлігі сол тарихи факторлармен тығыз байланысты. Мәселен біздің сөйлеу тіліміздегі дыбыс үйлесімділігі заңдылықтарының бұзылуы күні кешеге дейін дәурені жүрген еуроцентризмнің салдары екендігін тілші ғалымдарымыз жеріне жеткізе айтып келеді. Бұл орайда әсіресе көрнекті ғалым Сапархан Мырзабековтың бағалы ой-пікірлері ғылыми тереңдігімен, ұлттық мазмұнымен оқшауланады. Ғалым кирилл әліпбиінің қазақ халқының ұлттық сипаттағы артикуляциялық базасына тигізген залалын барынша ашып көрсетті. Расында да көне түркілік мағынасы сақталып қалған «көкө» сөзінің айтылу барысында да, жазылу барысында да «көке» болып өзгеруі табиғи болмысымызға жат әліпбидің нәтижесі екендігі сөзсіз [1].

Тілдік қорымыздағы туыстық мән-мазмұндағы сөздердің қойырtpaқталуында да сыртқы әсерлердің ықпалы орасан. Сөзіміздің дәлелі ретінде түпкі арнасы «ақ» және «ие» деген сөздерден бас құрай келе, аса терең мазмұнды ұғым тудырып тұрған «әке» атауын келтіруімізге болады. Бұл жердегі «ақ» сөзі – құт мағынасында. Әдетте өмір сүру салты төрт түлік малмен тығыз байланысты болған қазақ сүт өнімдерін жалпылама түрде «ағарған» деп атаған. Ағарғанды қасиет тұтып, аяқ асты етуден барынша сақтанған текті халқымыз оны бейберекет шашып төгіп, ысырап қылуды обал санайды. Ал енді отбасындағы ер, басие, ұрпақ иесінің қадір-қасиеті «акпен» байланыстырыла бейнелеуі де тегін емес. Қасиетті Құран Кәрімде «мен сені бір тамшы харам судан жараттым» деп айтылғандай, адам затының ата тектік ұрығы еркектің омыртқасына ұйытылған. Демек «акие» (айтылу барысында әке болып қысқарып кеткен) - құттың түп негізі, ұрпақтың иесі деген мағынадағы сөз. Міне, сол жаратылыстың сыры терең астарланған асыл мағыналы сөзімізден гөрі өзге жұрттың сөздік қорындағы «папа» сөзін қолдануды негізге алып келеміз. Шындап келгенде, бұл атау сөз біздің дәстүрлі дінімізбен де, ұлттық дүниетанымымызбен де еш сәйкеспейді. Бұл православ, католик діндеріндегі діни қызметкердің лауазымына байланысты қолданылады. Ал ислам дінін ұстанатын біздің қазақ халқының дәстүрлі отбасылық қарым-қатынасында бұл атаудың үстемдік алуы бір бүгіннің көрінісі емес. Осы жағдайдың өзінен-ақ біздің ұлттық санамыздағы бүліншіліктің зардабы қаншалықты тереңге бойлап жатқандығын сезінуге болады. Расында дін атаулы барынша өзгертіліп, діни сауаттылықтан күштеп аластатылған алдыңғы ұрпақ буынының бұл қателігіне түсіністікпен қарағанымыз әділ шығар. Бірақ ендігі тәуелсіздік бесігінде еркін тербеліп, діни мен ділін түзеуге құлшына бетбұрыс жасап отырған ХХІ ғасыр қазағының әлі де өз туған әкесін «папа» деп атау салтынан бой тартпауының жөнін қалай түсіндіруге болады. Бұл да тілдің – ұлттық болмыстың бірден бір жанды бөлшегі, айнасы екендігінің айғағы [2].

Сондай-ақ бұрынғы кездері еліміздің солтүстік аймақтарының ғана лексиконындағы «тәте» сөзінің қазіргі кезде кеңінен етек алуында да тарихи өткеніміздің әсері жоқ емес. Өйткені тың игеру науқаны, әр түрлі өндіріс орындарының ашылуына байланысты кезінде Қазақстанның солтүстік және орталық аймақтарына сырттан келген славян ұлтының өкілдері көптеп шоғарланды. Олардың туыстық мағынадағы «тетя» сөзін әйел затына қарасты қолданатындығы мәлім. Кеңестік дәуір кезеңіндегі жалпыға ортақ интернационализм, «орыстану» салтының ықпалымен біз де ежелден қолданылып келе жатқан «әпке» атауын «тетяға» алмастыруды сәнге айналдырдық. Ал асыл тегінде «әпекей» яғни бауырмашылдық, татулық, бауырлардың арасындағы өзара қамқорлық, сыйластық мағынасына негізделген бұл атаудың да астарлы мазмұны аса бағалы. Бірақ та ол жағын ескеріп жатпастан орыстың «тетя» сөзіне еліктеуден «тәте» сөзін туындаттық. Содан бастап қазақтарда әйел затын «тәте» деп атау белең алып кетті. Ал тарихи сана тұрғысынан тоқталатын болсақ, түркі халықтарында «тәте» сөзі ер азаматқа бағытталған. Мысалы «Китаби дәдәм Қорқуттағы» «дәдә» сөзінің көне түркілік мағынасы данышпан, ақылман. Ал жаратылыстың заңдылығы бойынша «ақыл» еркектің еншілігінде. Абай айтқандай, «Малда да бар жан мен тән, Ақыл сезім болмаса» деп, «ақыл» еркектің, «сезім» әйелдің жаратылысына тән қасиеттер. Сондықтан да қазақ әуел бастан әйелді емес, ер адамды «тәте» деп атайтын болған. Демек кейінгі кездері белең алып кеткендей әйел затын «тәте» деп атауымыздың өзі біздің дәстүрлі дүниетанымыздан қаншалықты

алшақтығымызды көрсетеді. Міне осы келтірілген бірлі жарым мысалдардың өзі ұлттық тілдің идеологиялық мәнінің қаншалықты зор екендігінің дәлелі [1].

Ал бұның алдындағы араб-парсы басқыншылықтарының кесірінен төл сөздеріміздің қаншасы күресінге тап болғандығын есептеп жатудың өзі мүмкін емес. Ұлтымыздың тілдік қорын мейлінше ойсыратып тастаған бұл тарихи құбылыстың жаңғырығын Шәкәрім қажының бір кездері газет бетіне жариялаған мақаласынан терең аңғаруымызға болады. Автор ел арасында ескіше, яғни ай, күн атауларының көне түркілік үлгісін білетіндер болса газет бетіне жариялап, жұртшылыққа таратуын сұраған болатын. Ұлттық тілдің жанашыры ретінде жазылған мақаласында Шәкәрім халқымыздың небір сөз асылдарының араб-парсылық тасқынның тасасында қалып кеткендігіне өкініш білдіргені бар. Ұлт жанашыры бола білген Шәкәрім сынды ұлылардың ұлағатты ұстанымы тәуелсіздік заманындағы рухани жаңғыру дәстүрінде жалғасын табуда [2].

Ана тілі - елдігіміздің ен таңбасы, ұлттығымыздың уызы. Талай жылдар бойы өз елімізде өгей баланың күйін кешкен ана тіліміз тәуелсіздіктің арқасында заңды түрдегі мемлекеттік тіл мәртебесін иеленді. Ұлы Даланың абыройын асырған ұлылар ұлағатына адалдығын таныта білген Елбасымыз Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде екендігін баса атап көрсетті. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің мәртебесі асқақтап, өрісінің кеңеюіне, заман ағымына сай кемелденіп, дамуына барынша қолдау көрсеткен көшбасшымыз көптеген мүмкіндіктерге жол ашып берді. Сондай бағдарлы бағыттың бірі – қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру.

Осыдан жиырма жыл бұрын қозғау салынған латын әліпбиін қабылдау мәселесі назардан тыс қалған емес. 2006 жылдың 24 қазанында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта қозғау салған Елбасы «Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес» деп, бұл мәселенің ұлт тағдыры мен мемлекеттің дамуындағы стратегиялық маңызының зор екендігін айқындап өтті. Рухани астанамыз - Түркістанда өткен зиялы қауыммен кездесуінде де бұл мәселеге арнайы тоқталды. Онда да латын әрпіне көшудің тыңғылықты даярлықты қажет ететіндігіне байланысты зерттеу жұмыстарын мұқият қолға алумен қатар бірте-бірте көшудің ғылыми-методологиялық жүйесін жетілдіруді тапсырған еді [4].

Әлемдік дамудағы бұл мәселенің қаншалықты маңызды екендігін терең сезіне білген Елбасымыз «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында да, отандық БАҚ өкілдерімен кездесуіндегі сұхбаттарында да латын қарпіне көшу жайын алдыға тартып отырды. «Латын қарпі бізге дүниежүзінің халқымен, әлемнің ғылым-білімімен қарым-қатынас үшін керек. Егер латын әліпбиін енгізуге ақылмен келе алсақ, біз компьютер тіліне көшеміз, балаларымызға және бізге экономикалық және ғылыми кеңістікке еруге оңайырақ болады. Бұдан қашып құтыла алмаймыз, бұл – келешектің талабы. Сондықтан біз осыған ұмтылуы тиіспіз. Бірақ бұл мақсатқа біз үлкен байыптылықпен келуіміз керек» деп, бұл бетбұрыстың заманауи өзектілігін байыптап түсіндірді. Жалпыұлттық сипаты басым бұл бастамаға еліміздегі әрбір саналы азаматтың белсенді түрде атсалысуы арқылы ғана жемісті нәтижеге қол жеткізе алатындығымыз Елбасымыздың нақты дәлелдерге негізделген ойларында жүйелі түрде көрініс тауып отырды [4].

Жалпы біздің әліпбиіміз – қоғамда орын алып отырған сан қилы тарихи-әлеуметтік құбылыстарға орай әр алуан жазу нұсқаларына (араб, латын, кирилл жазуы) бағындырылғандығы мәлім. Негізінде біздікі фонематикалық принципке сүйенетін дыбыстық жазу. Қазақ халқының әр кезеңдердегі пайдаланып келген дыбыстық жазу түрлерін ескі дәуірлердегі көне түркі (руна) жазуынан бастап, ұйғыр, араб және парсы жазулары, Ахмет Байтұрсынұлы жасаған төте жазу, латын графикасы негізіндегі қазақ жазуы, орыс (кирилица) графикасына негізделген қазақ жазуының үлгілері құрайды. Ұлттық жазу, яғни графика мәселесінде ұлы ағартушымыз, қазақтың тіл білімі ғылымының негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлының үлесі теңдессіз. Бірақ қазақ халқының түбегейлі жазу таңбасы ретінде сақталып қалады деп саналған төте жазудың латынға ауыстырылуына

түрколог ғалымдардың пәрменді ықпал еткендігі сөзсіз. Ашығын айтқанда төте жазудан қол үздіру арқылы халықты өткенінен алыстатуға болатындығын ең алдымен тілді зерттеуші ғалымдар терең түсініп білді.

XIX ғасырдың белгілі түркологы В.В.Радлов: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауызекі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздері ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таңқаласың» - деп жазды [3]. Қазақ тілінің сұлулығын, халқының тілге ұсталығы мен сөз саптау, сөйлеу мәнеріндегі әуезділігін танытатын бұл пікірдің мазмұнынан тағы бір жайтты аңғаруға болады. Автордың танданысын тудырған бұл ұлттық ерекшелік сол кездегі қазақ халқының жазу әліпбиімен де байланысты екендігі, яғни ол кезде ұлтымыздың артикуляциялық базасы өзінің ұлттық қалыбынан әлі айни қоймаған болатын. Ойды жеткізудің тәсілі сөйлеу тілі арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан ең әуелі қарым-қатынас құралы ретінде тілдің коммуникативтік сипаты басым. Сонымен қатар тіл – тәрбиенің де тетігі. Дүние есігін ашқаннан өз ана тіліндегі тәлім-тәрбиенің уызын бойға сіңірген ұрпақтың ойлау жүйесі де, жады да ұлттық сипатта қалыптасары анық. Ал ұлттық ойлау дегеніміз – ұлт жандылықтың қозғаушы күші, жанды қайнары. Тіл арқылы кемелденіп, кеңейе беретін ойлау жүйесі тұлғаның сана-сезімін ұлттық таным-түйсікке, ұлттық көзқарасқа, ұлттық ұғым-түсінікке бейімдеп бекітеді. Тіл мен мәдениетті бір-бірінен бөле жарып қарауға келмейтін егіз ұғым ретінде қарастырған Мағжан ақын тіл – «атадан балаға ауысып келе жатқан басты мұра болып табылады» деп әуелете бағалаған екен. Осы заңдылықты терең сезіне білген ұлт көшбасшысы ел болашағының бағдарлы жүйесіне негізделген идеяларын ұлттық тіл мәселесімен өзектестікте өрістетіп келеді [3].

Оған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Елбасымыздың қазақ әліпбиін біртіндеп латынға көшіру жайына қайта тоқталуы нақты дәлел. Бұл жаңашыл бастаманың зымыран заман сынағына лайықты түрде төтеп бере білу қажеттілігінен туындап отырғандығына кеңінен тоқтала келе: «Осыған байланысты, мен алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынамын. Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» - деген сөзімен бұл қадамның байсалды түрде ізерленгендігін танытты [4].

Елімізде латын әліпбиіне көшуге қажетті алғышарттар талай жылдардан бері қарастырылып келеді. Ең бастысы бір әліпбиден екінші әліпбиге көшу тәжірибесін бірнеше дүркін бастан өткердік. Қазақстанның 1929 жылы араб графикасынан латын әліпбиіне көшу жағдайы бас-аяғы үш аптаның көлемінде жүзеге асырылғандығынан хабардармыз. Латыннан кирилицаға ауысу 1937 жылы басталып, 1940 жылы толықтай мәресіне жетті. Міне осы тәжірибелердің тиімді тұстарын мұқият сараптаған ғалымдарымыздың бүгінгі қол жеткізіп отырған нәтижелері айтарлықтай [3].

Латын әліпбиі – тілдік ерекшелігімізді сақтау, әлемдік интеграция, ақпарат кеңістігіндегі мүмкіндіктерімізді арттырудың заманауи тетіктерінің бірі. Өйткені латын жазуы қазіргі таңда әлемдік ауқымда қанаттанған ағылшын тіліне жуықтаса алатын тамыры терең әліпби. Сондықтан да 2025 жылға қарай латын қарпіне көшіруге тегіс бетбұрыс жасауда мақсатты нәтижеге қол жеткізу үшін, ең бастысы латын әліпбиін меңгерудің озық үлгідегі әдістемесін жасауды жетілдіре беруіміз керек және ол әдістемеде отбасы, балабақша, бастауыш және орта мектеп, орта арнаулы, жоғары оқу орындарында оқытудың өзіндік ерекшеліктеріне сай басымдықтарға жете мән беруіміз қажет. Сонымен қатар төл дыбыстарымызға байланысты туындайтын қиындықтарды болдырмаудың методологиялық жолдарын да қарастыру бүгінгі тілші-мамандардың алдында тұрған аса жауапты міндет.

Қазіргі электрондық қоғамға бетбұрған жағдайда әсіресе, латын графикасындағы қазақ әліпбиі мен ағылшын тілі графикасындағы өзіндік ортақтастықтар мен айырмашылықтардың жайы да саралана келе, латын арқылы ағылшын тілін еркін, әрі тез меңгерудің методологиялық жүйелері қалыптастырылуы бүгінгі күннің басты міндетіне аналып отыр.

Қорыта айтқанда, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «... Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқы болған – оның ғажайып тілі. Кезінде қазақ тірі болу үшін бірікті, енді ірі болу үшін бірігуі керек» деп өршіл рухтың тұтануына түрткі болатын жалынды ой үзігінің мазмұнын әрбір жас өреннің санасына терең ұялату жалпыұлттық міндетіміз. Сонда ғана өскелең ұрпақ мемлекеттік тіл – өркениеттің биік белестерін бетке ұстаған тәуелсіз еліміздің рухани тұғыры екендігін терең сезінетін болады [4].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нұрланова Қ.Ш. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің философиясы // Қазақ даласының ойшылдары (XVIII-XIX ғғ.) / Жауапты ред. Ә. Нысанбаев. Алматы, 2004ж.
2. Рысқалиев Т.Х. Даналық пен түсініктің үлгілері. - Алматы: Ақыл кітабы, 1999ж.
3. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы, 2014ж.
4. <http://go.mail.ru>. Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы.

Сөз қысқартудың сөзжасамға қатысы туралы

*Мұхтаров Сабыржан Сағидоллаұлы,
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.Жұбанов ат.Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Ақтөбе қаласы
fakultet_prof_tvor@mail.ru*

Қазақ тілі білімінде сөзжасамның жеке саласы ретінде танылып, қалыптасқанына көп уақыт бола қойған жоқ. Алғашқы кезде қазақ тілінің сөзжасам мәселесіне арналған жеке мақалалар жарық көре бастаса [1], кейіннен бұл ізденістер күрделі зерттеу жұмыстарына ұласып, сөзжасамның теориялық мәселелері барынша толық қамтылған көлемді еңбектер жарық көрді.

1990 жылы сөзжасам жоғары оқу орындарының оқу жоспарына кіріп, кейіннен бағдарламасы, оқулығы басылып шықты, қазір қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша сөзжасам жеке пән ретінде оқытылып келеді. Дей тұрғанмен, сөзжасам теориясына қатысты кейбір мәселелер әді де болса анықтай түсуді қажет етеді, осы жайлар оқыту процесінде білгілі дәрежеде қиыншылықтар туғызады. Соның бірі – аналитикалық тәсілге байланысты сөзжасамның негізгі мәніне қатысты жайт.

Негізге әдебиеттерде сөзжасамның аналитикалық тәсілінің бір түрі ретінде сөзқосым, қосарлау, тіркестірумен қатар сөз қысқарту да беріледі. «Бір кездерде тілімізде **ССРО – Советтік Социалистік Республикалар Одағы, ...ҚазПИ – Қазақтың педагогикалық институты** сияқты қысқарған сөздер ауызша, жазбаша түрде де қолданылған болатын. ... бұлардың бәрі сөзжасамның аналитикалық тәсілінің қысқарту түріне жатады» [2.99] «Қазақ тілінде аналитикалық тәсіл жиі қолданылатын, өнімді тәсіл болуымен бірге оның іштей бірнеше түрі бар: 1)сөзқосым, 2)қосарлау, 3)тіркестіру, 4)қысқарту сияқты аналитикалық тәсілдің төрт түрі бар» [3.37]. «Тілдің сөзжасам жүйесі біршама тұрақты болғанымен, ол қатып қалған құбылыс емес. Қазақ тілінде синтаксистік (аналитикалық) тәсілдің көлемі ұлғайды, оған сөздерді қысқарту тәсілі қосылады» [4.197]. Цитата алынып отырған әдебиеттерде айтылған тұжырымдарға мысал ретінде адам аттарын қысқарту (Жәке, Садуақас – Сәке, Айнагүл-Айнаш, т.б.) мен БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы), АҚШ (Америка Құрама Штаттары, т.б.) секілді қысқарған сөздер берілген. Біздіңше, сөзжасамның аналитикалық тәсілінің бір түрі ретінде танылып отырған сөз қысқарту айқындықты, нақтылықты, дәлелдей түсуді қажет етеді. Көрсетілген әдебиеттерде сөз қысқартуды, сөзжасамның аналитикалық тәсілінің бір түрі ретінде жан-жақты дәлелдеу жетіспейді, сөзқосым, қосарлау, тіркесумен салыстырғанда көлемі жағынан да, мазмұны

жағынан да мардымсыз мәлімет қана берілген, ал негізгі мәселе – сөзқысқарту сөзжасам тәсіліне не себепті жататындығы сөз болмайды. Және осы сөз қысқартуды сөзжасам тәсілі деп танудың аталмыш еңбектердегі сөзжасамның жалпы теориясына, оны (сөзжасамды) жеке сала деп тануға негіз ретінде ұсынылатын тұжырымдарға қайшы келетін тұстары да бар. Мысалы, осы еңбектер сөзжасамды, ең алдымен, туынды сөздің жаңа лексикалық мағынасындағы өзгеріспен түсіндіреді, бұл жайт сөзжасамның тілдің басқа салаларымен байланысын, ерекшелігін көрсетумен қатар, сөзжасамның басқа мәселелерін баяндаудан да анық байқалады: «Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды түбірлердің мағынасы оның құрамындағы негіз сөзге байланысты. Негіз сөз, яғни негізгі морфеманың мағынасы туынды түбірдің мағынасына арқау болады. Сондықтан оның мағынасы мен туынды лексикалық мағына байланысты болады. Бұл тек туынды түбірлерге, синтетикалық тәсілге ғана қатысты мәселе емес, ол- жалпы сөзжасамға қатысты қалыптасқан, толық, қатал сақталатын заңдылық» [4.204], «Туынды түбір жасаушы жұрнақтың да атқаратын өзіндік қызметі бар. Оның негізгі қызметі – туынды лексикалық мағына жасау. Сондықтан көпшілік сөзжасамдық жұрнақтар лексикалық жаңа мағына жасайды. Сөзжасамдық жұрнақтың ішінде сөздің лексикалық мағынасын мүлде өзгертпей, негіз сөздің мағынасын түрлендіретін жұрнақтар да бар. ... Сондықтан сөзжасамдық жұрнақтар екіге бөлінеді:

1) лексикалық мағына жасайтындар жұрнақтар,

2) лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақтар [3.36]. «Аналитикалық тәсілде екі (я онан да көп) сөз бір – бірімен тіркесіп, жаңа лексикалық мағыналы сөз жасайды. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөз күрделі сөз деп аталады» [4.205]. Міне, осындай тұжырымдар айта отырып, қысқарту процесінің нәтижесінде пайда болған, тек формалық өзгеріске ғана ұшырайтын, лексикалық мағынасында ешқандай өзгеріс болмайтын қысқарған сөздерді сөзжасаммен байланыстырудың қаншалықты негізі бар екендігі екіұшты пікір тудырады. Белгілі ғалым Н.Оралбаева бұл жағдайды «мағынаның теңбе-теңдік қатысы» деп атайды, алайда не себепті сөзжасам тәсіліне жататынын түсіндірмейді. Кезінде бұл пікірдің, яғни сөз қысқартуды сөзжасамның аналитикалық тәсілінің бір түрі ретінде танудың қате екендігін тағы да бір белгілі ғалым, марқұм С.Исаев атап көрсеткен болатын. Сөзжасамның негізгі белгісі сөздің лексикалық мағынасындағы өзгеріс деп танытын бұл автор: «Сөйтіп, сөздерді біріктіру, тіркестіру, қосарлау (сөзжасамға қатысты) жеке-жеке сөзжасам үлгілері болып табылады. Сөздерді қысқартып алу соңғы кездері сөзжасам тәсіліне қате қосылып жүр. Сөздерді қысқартып алуда сөзжасамдық сипат жоқ. Бұл (сөзді қысқартып қолдану) тілімізге кейін келген, орыс тілінің әсерінен болған құбылыс екенін былай қойғанда, күрделі атаулар мен оның қысқарған түрі арасында ешбір семантикалық айырмашылық жоқ. Қазақтың мемлекеттік университетін ҚазМУ деу, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын ТМД деу, т.б. күрделі атаудың мағынасына ешбір өзгеріс енгізбейді, әрқайсысы бөлек-бөлек мағына бермейді, тек көп сөзді ұзақ атауды қысқа айту ғана», -дейді [5.280]. Бұл 1998 жылы айтылған пікір болатын. Алайда, сөзжасамның жалпы теориясына негізделген осы әділ пікір қазақ тілі білімінде ескерусіз қалды, 1989 жылы баспа көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесіндегі» осы қателік 2002 жылы жарық көрген Қазақ грамматикасында Н.Оралбаеваның «Қазақ тілінің сөзжасамында» жоғарыда біз келтірген цитаталардағы пікір қайшылығы түрінде қайталанып берілген. Жалпы, аталмыш екі еңбекте де сөзжасам деп тану үшін сөздің лексикалық мағынасында өзгеріс болуы керек пе, жоқ па деген сұраққа тікелей жауап жоқ. Ал, бұл сөзжасамның ең негізгі мәселесі болуы керек, осы сұрақтың жауабына сәйкес тек сөз қысқарудың сөзжасамға қатысы ғана емес, сөзжасамның жеке сала ретінде танылуының негізі шығады, яғни, сөз мағынасындағы өзгеріс ескерілмейтін болса, сөзжасамды жеке сала ретінде бөлудің, жеке пән ретінде оқытудың маңызы әлсірейді, басқаша айтсақ, тек сөздің түрі ғана ескерілетін болса, сөзжасам мәселелерін морфологиядан бөліп алудың принципті қажеттілігі бола қоймайды. Ал, біздіңше, сөзжасамды морфологиядан бөліп шығарудың принципті негізі бар, ол, ең алдымен, морфологияда ең негізгі нәрсе, сөз бойындағы жаңа туынды лексикалық мағынаның ескерусіз қалуы, тек тұлғалық қана өзгерістің назарда болуы. Бұлай болмаған жағдайда, яғни, бірінші, басты назарға мағына шығарылмаған жағдайда, сөзжасамның жеке сала

ретінде морфологиядан айырмашылығы азайып, нағыз мәндік ерекшелігінен айырылар еді. Сондықтан, сөзжасамды морфологиядан бөліп шығарудың ең басты себебі сөздің лексикалық мағынасындағы өзгеріс болуы керек те, сөзжасамның басқа мәселелері (сөзжасамдық бірлік, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық тәсілдер, сөзжасамдық тип, т.б.) осы негізгі құбылысты тілде жүзеге асырушы, оқытуда түсіндіруші жайлар ретінде танылуы қажет. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ тіліндегі сөз қысқартудың адам атына қатысты (түрлі мағыналық реңк үстелуі) жағы болмаса, мағыналық жағынан ешқандай өзгеріске ұшырамайтын (БҰҰ, ТМД. Т.б.) түрін сөзжасамға телу қиынсыз болып шығады.

Әдебиеттер:

1. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі // Қазақ ССР ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1984, №3, Қалиев Ғ. Сөз тудыру – жеке сала // «Қазақстан мектебі», 1984, №6, Жанпейісова Е., Нұрхапов С. Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл, Әдебиет сериясы, 1985, №4, т.б.
2. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, Ғылым, 1989. – 367 б.
3. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, ТОО «АБ» 2002. – 192 б.
4. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
5. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, Рауан, 1998. – 266 б.

«Қаһар» романындағы топонимикалық атаулардың жасалу жолдары

ТУРЫСТЫЕВА А.Д.

*№1 Алматы қазақ мемлекеттік педагогтік-гуманитарлық колледжі
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м., оқытушы Шәріпбек Ф.С.*

МАРАТҰЛЫ Ш.

Қазақ Спорт және Туризм Академиясы «Туризм» мамандығының студенті

Топонимжасамның негізгі құралы – сөз. Топонимдердің өзіндік ерекшеліктері олардың сөзжасамдық-топонимжасамдық қабілетінен көрінеді.

Сөзжасам саласындағы басты мәселе – туынды сөз, ол сөзжасамның айқындалған амал-тәсілдер арқылы лексикалық мағына жасайтын тілдік үдеріс екендігін танытады [1, 263-б.]. Топонимдер сөзжасамның лексика-семантикалық, синтетикалық, аналитикалық тәсілдер арқылы жасалады.

«Қаһар» романындағы географиялық терминдер сан жағынан бай да алуан түрлі. Олар ғасырлар бойы қолданысқа түсіп,

«Қаһар» романындағы жер-су атауларының жасалуында сөзжасамның осы үш тәсілі де кездеседі:

Аналитика-семантикалық сөзжасамның негізгі үш қалыбы қалыптасқан: бірігу, қосарлану, тіркесу. Бұл тәсіл жаңа сөз жасаудың жолдары мен қалыбын белгілейтін процесс. Демек, олардың сөзжасамдық қалып болып қалыптасуы нәтижеінде кейбір себепші негіздер бірігеді, кейбіреуі тіркеседі, яғни сөзжасамдық процессті жүйелеп, негіздеп бір қалыппен өргізетін тілдегі кешенді жүйе саналады [2, 261-б.].

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдердің сөзжасамдық үлгісі:

1. Романдағы **біріккен тұлғалы топонимдердің** өзін іштей бірнеше типке бөліп қарастырсақ болады:

1) Жалқы есім+апеллятив: Баян+ауыл.

2) Зат есім+апеллятив: Қамыс+қорған, Шым+қорған, Ор+тау, Бас+көл.

3) Сын есім+апеллятив: Ақ+мола, Қызыл+жар, Қара+өткел, Ақ+тау, Ұлы+тау, Ақ+мешіт, Қос+қорған, Қара+тау, Кіші+тау, Көкше+тау, Жаңа+қорған

4) Сан есім+апеллятив: Үш+өзен, Үш+бұлақ, Мың+арал, Төрт+көл

5) Зат есім+зат есім: Құс+мұрын, Аман+қарағай, Әулие+ата, Жар+қайық.

6) Сын есім+зат есім: Сары+су, Қызыл+су, Қара+қойын, Қара+қалпақ, Қанды+ағаш

- 7) Сан есім+зат есім: Жеті+су.
- 8) Сандық ұғымды сөз+зат есім: Қос+қорған
- 9) Етістіктердің қатысуы арқылы: Теріс+аққан, Оқ+жетпес
- 10) Кірігу арқылы: Ая+гөз (Ая+көз), Орын+бор (Орын+бол), Қазы+ғұрт (Қазы+кұрт).

2. Аналитикалық тәсілдің екінші түрі – **қосарлану арқылы** жасалған топонимдер: Қара-Ақтымбет, Қорсын-Керней, Қояншы-Тоғай.

3. Тіркесу арқылы жасалған топонимдер: Қара Кеңгір, Сары Кеңгір, Ақ Жайық, Рын құмы.

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдерге Арал, Үстірт, Сырдария атауларын жатқызамыз. Бұл топонимдер бір кластан екінші класқа атау болған, яғни Арал теңіз атауы болса, Үстірт елді-мекен атауы, Сырдария өзен атауы.

Ежелден келе жатқан тарихи этнографиялық құбылыстың бірі кісі есімдерінің топонимдерге ауысуы романда аздап кездеседі: Баян тауы, Әзірет, Қалқаман топонимдері. Ал Арқа, Құсмұрын, Оқжетпес (оқ жетпейтін биік тау) атаулары ұқсату арқылы (метафора) жасалған топоним болып табылады.

Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдер:

- 1) –лы, –лі, –ды, –ді, –ты, –ті жұрнақтары арқылы жасалған топонимдер: Тал+ды, Тобыл+ды, Бестаңба+лы, Байда+лы, Тына+лы, Қашар+лы;
- 2) –лық, –лік: Қазы+лық.
- 3) –ек: Желек.
- 4) –стан: Түркістан;
- 5) –ық, –ік: Жай+ық,

Түбір топонимдерге Ор, Иман, Шу, Сыр, Нұра, Тобыл, Арқа т.б. атаулар жатады.

«Әдебиет пен топонимика тақырыбы қай халықтың көркем сөз өнерінде болса да, көрінісін, сөз етілу себебін, кейіпкер әрекет ететін географиялық ортасы мен табиғатқа қарым-қатынасын белгілі дәрежеде білдірмей тұра алмайды. Бұл айтулы ерекшелік – тек есте жоқ ескі замандар қойнауында туындаған халық ауыз әдебиетінен бастап, дәл бүгінгі көркемдік сананың биік деңгейіне көтерілген жазбаша әдебиет үлгілеріне дейін қанат жайған, ортақ құбылысқа айналған ерекшелікті танимыз [3, 228-б.].

І.Есенберлиннің «Қаһар» романында 110-нан аса топонимдік атаулар жиналды, оларды өз ішінен екі топқа бөліп қарастырдық:

- 1) Макротопонимдер (гр. «макро» - үлкен, ірі) - халыққа кеңінен танылып, ресми тұрғыдан белгілі болған ірі физика-географиялық объектілерді атаулары [4, 82-б.]. Мәселен, Қытай, Россия, Иран, Индия (мемлекет), Петербург, Көкшетау, Семей, Атырау, Орынбор, Ташкент, Ақтау, Шымкент (қала).
- 2) Микротопонимдер (гр. «микро» - кіші) белгілі кіші территорияға тән ұсақ физика-географиялық объектілердің, яғни өзендер, көлдер мен көлшіктер, бұлақтар, бастаулар, құдықтар, жылғалар, жыра, сай-салалар, жоталар, төбелер, қыраттар, шабындықтар, қыстаулар, жайлаулардың атаулары [4, 84-б.]. Мысалы, Үшбұлақ, Шәмсі, Рын құмы, Ұратөбе, Қаржас, Бестаңбалы, Жәміш, Иман.

«Қаһар» романындағы топонимдік атауларды топонимнің түрлеріне қарай бөліп қарастырдық:

1. Гидроним – өзен, көл, бұлақ, құдықтардың атаулары [5, 35-б.]. Романда кездесетін гидронимдерге: Балқаш, Талды, Аягөз, Үшбұлақ, Сарысу, Төрткөл, Баскөл, Елек, Ақ Жайық, Жем, Тобылды, Ор, Иман, Шу, Сыр, Ом, Ертіс, Арал, Есіл, Нұра, Тобыл, Қызылсу, Шәмсі, Ырғыз, Орхон, Қара Кеңгір, Сары Кеңгір жатады.
2. Оронимдер – тау, жота, қырат, қыр, төбе, бел, асу, шың, құз сияқты географиялық нысандардың атаулары [5, 35-б.]. Оларға Ұлытау, Жетісу, Баян, Рын құмы, Мұғалжар, Құсмұрын, Қаратау, Қазықұрт, Тарбағатай, Оқжетпес, Кішітау сияқты географиялық нысандарды жатқыздық.
3. Ойконим – елді-мекен аттары, қала, қалашық, ауыл, село атаулары [5, 36-б.]. Қаржас, Бестаңбалы, Үшөзен, Қызылжар, Омбы, Жәміш, Аманқарағай, Үшбұлақ, Арқа, Сібір, Туринск, Қараөткел, Ақтау, Қоқан, Қараменді, Мыңарал, Қандығаш, Қорасан, Ұратөбе, Қашғария, Ақмешіт, Жаңақорған, Желек, Қамысқорған, Шымқорған, Қосқорған, Сайрам,

Созак, Бұхар, Әулиеата, Әзірет, Қарақалпақ, Терісаққан, Қарақойын, Қашарлы, Байдалы, Қойлыбай, Шағыр, Жанай, Қалқаман, Тенеш, Тыналы, Жеңбай, Шақшақ, Қара Ақтымбет, Қорсын-Керней, Қояншы-Тоғай, Қарақойын, Қашарлы, Ортау, Қазылық, Жарқайық, Сахарный.

4. Урбоним – үлкен қала атаулары [5, 36-б.]: Ақмола, Көкшетау, Семей, Орынбор, Ақтау, Ташкент, Созак, Шымкент, Атырау, Шәмсі, Түркістан, Петербург.

5. Хороним – үлкен мемлекет атаулары [5, 36-б.]: Қытай, Иран, Индия, Россия.

Қорытындылай келе, «Қаһар» романында 110 топонимдік атау кездесті, оның 11 ороним, 28 гидроним, 53 ойконим, 2 дримоним, 12 урбоним, 4 хороним кездесті. Олардың ішінде микротопонимдер жиі ұшырасады. Романдағы жер-су атауларының сөзжасамдық ерекшеліктері бойынша, аналитикалық тәсіл арқылы, бірігу тәсілі арқылы жасалған топонимдік атаулардың көп екендігін байқадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы: Рауан, 1998. - 304 б.
2. Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1959.
3. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. - А. : Мектеп, 1985. - 256с.
4. Орталық Қазақстанның жер-су аттары. / ред. Т.Жанұзақов/. –Алматы: Ғылым, 1989.
5. Т.Жанұзақов. Жер-су атаулары: этимологиялық өздік. –Алматы: Өнер, 2011. -496 б.

Н.А.САДУАҚАС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.Ә.Имангазина

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің доценті, ф.ғ.к.

Қазақ алфавитінің латынға көшудегі маңызы мен мәні турасындағы мамандар пікірталасы әлі де толастаған жоқ. Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев латын графикасына көшу қажеттілігін ең алғаш рет 2006 жылы айтқан болатын. Ол Қазақстандағы этносаралық бірлік институты – Қазақстан халқы Ассамблеясы сессиясында айтылды. Арада көп ұзамай Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы өзінің жолдауында латын қарпіне көшу тақырыбын өрбітіп, оны 2025 жылы аяқтауды міндеттеді: «Біз әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруге, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады». Сондықтан тіл графикасына қатысты реформаны тек қана қазақ тілінің модернизациялануы деп түсіну керек.

Елбасының 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығымен өзгеріс енгізілген әліпбидің соңғы нұсқасы бұрынғыға қарағанда жетілдіріле түскені байқалады. Әліпбидің бұл нұсқасының ерекшелігі – апостроф орнына әріпүсті нокат алынуы. Әліпбиде 34 дыбысқа 32 әріп алынған, өздерінің жуан-жіңішкелігімен бір-біріне қарама-қарсы қойылатын дауысты дыбыстар «А» мен «Ә», «О» мен «Ө», «Ұ» мен «Ү» тек әріпүсті белгілермен ажыратылып, бірдей әріптермен берілуі өте дұрыс жасалған. Осы мәселеге байланысты өткізілген шараларда латын негізді қазақ тілі әліпбиіне алынатын әріптердің тіліміздегі дыбысқа сай келуін және қосымша белгілер алғанда ерекше мұқият болу туралы ұсыныстар айтқан ғалымдардың бірі ф.ғ.к., доцент Н.А.Садуақас болатын. Ол қазақ әліпбиінің «бір әріп – бір дыбыс» деген ұстанымға сай жасалуын жақтап отырды: «Мүмкіндігінше, «бір әріп – бір дыбыс» деген ұстанымда тұрсақ, оқу-жазуға жеңіл болады, себебі екі әріппен бір дыбысты таңбалау оқу-жазуға салмақ түсірді, ал оған қарағанда түрлі қосымша белгілермен (диакритикамен) өзгертіп алынған әріптер тиімді болды» [2].

Бүгінгі таңда әліпбиде әр дыбыстың өз таңбасы болмаса, олар жаһандану екіпініне қарсы тұра алмайтыны белгілі. Өзгеріс енгізілген әліпбидің соңғы нұсқасында қос әріппен берілген sh – [ш] дыбысы, бірдей таңбамен берілген I i – [и], [й] әріптері туралы доцент Н.А.Садуақас орынды пікір айтады: «Қазақ тілінде «ш» белсенді дыбыс ретінде жазуда көп қолданылатындықтан, оның екі әріппен берілуі жазуымызды қиындата түсуі мүмкін деп ойлаймыз. Кезінде профессор Қ.Жұбанов өзі ұсынған әліпбиінде «ш» дыбысын таңбалау үшін латынның «C» әрпін қосымша белгімен (Ç) қолданған еді. Әліпбидің бұрынғы нұсқасында I i – [и], [й] апострофпен берілсе, әліпбидің соңғы нұсқасында ешқандай белгісіз таңбаланған екен. Сонда әліпбиде 10-11 қатарда тұрған «і» және «и, й» әріптері ұқсас таңбаланған деуге болады. Бұл жағдай адамды шатастырып, оқу-жазуда қиындық келтіреді» [2].

Жалпы алғанда, әліпбидің соңғы нұсқасы талапқа сай, көңілге қонымды жасалғанмен әлі де жетілдіре түсуді қажет ететіні байқалады. Сол сияқты, Н.А.Садуақас әліпбидегі әріптер дыбыстардың өзіндік фонетикалық ерекшеліктеріне сай жүйелі таңбалануы тиіс деп, өздерінің жуан-жіңішкелігімен бір-біріне қарама-қарсы қойылатын дауысты дыбыстар «А» мен «Ә», «О» мен «Ө», «Ұ» мен «Ү» тек әріпүсті белгілермен ажыратылып, бірдей әріптермен берілгенімен, бірақ жуан-жіңішкелі «Ы» мен «І» дауыстыларының I i – [i], Y y- [ы] болып екі түрлі таңбамен берілуі осы жүйеге сай келмей тұрғанын айтады: «Бұл екі туыс дауысты да Y y – [ы], Y`y` – [i] болып, бірдей әріппен таңбаланып, басқа дауыстылар сияқты жүйемен, тек әріпүсті белгілермен ажыратылуы тиіс. Егер осылай алсақ, қазақ тіліндегі барлық тоғыз дауысты да жүйелі таңбаланар еді: A a – [a], A`a` – [ə]; O o – [o], O`o` – [ə]; U u – [u], U`u` – [y]; Y y – [ы], Y`y` – [i], E e – [e]. Сонымен қатар дауыссыз дыбыстар жүйесінде бір-біріне жақын дыбыстар да бірдей әріптермен таңбаланып, тек әріпүсті белгілермен ажыратылуы тиіс. Бұл талапқа сай N n – [n], N`n` – [ñ] және G g – [g], G`g` – [ɣ] әріптері де дұрыс алынған деп есептейміз» [2].

Қазақ жазуын жаңғырту үшін әліпби мен емлені тең ұстау керектігін, себебі әліпбиді өзгертіп, ал емле баяғы қалпында қалса – ештеңе өзгермейтіндігін сөз еткен ғалым Н.А.Садуақас қазіргі кезде әліпби құрамындағы дыбыстар мен жазу емлесіне қатысты мәселелерді өзара байланыста қарастырып, екі тізгінді тең ұстап, тіліміздің пайдасына ортақ ұтымды шешім қабылдайтын сәт келгенін айтады: «Жазу – әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол өткен мен бүгінді, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Сондықтан жазу, алфавит адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын байлығымыз» [3].

Ғалым мен ғылымның тойы астасып жататын мұндай сәттерде айтылар ізгі тілектер көп. Өнегелі еңбегімен, кісілік келбетімен үлкен-кіші арасында аса құрметке бөленген, талай бала-бұлақтың көзін ашып, білім нәрімен сусындатқан Нұрбол ағайды 60 жасымен шын жүректен құттықтаймыз, зор денсаулық, ұзақ та мағыналы өмір, бақыт, ырыс тілейміз. Шығармашылық шабыты тоқырамай, мерейі үстем болып, тіл ғылымының шоқтығын биіктете түсетін тың, жаңа еңбектері қазақ жұртын қуанта берсін дейміз!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Жолдауы. – Астана, 2012 ж.
2. Садуақас Н.А. Әліпби мен емлені тең ұстау // Emle.kz
3. Садуақас Н.А. Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің болашағы // Emle.kz

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ АЯСЫНДА КӨП ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

Деректі фильмдерді аударудың стильдік ерекшеліктері

Ж. Джанабергенова –

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық
университетінің магистранты*

А.Ф.Сембаева - ғылыми жетекшісі ф.ғ.к., проф.м.а.

Жыл сайын қазақ телеарналары экранында әлемнің әр түпкірінен жиналған киноиндустрия үлгілері тамашаланып жатады. Бұл әлемнің ең танымал режиссерлары ұсынған түрлі жанрадағы деректі фильмдерді қамтиды. Деректі фильмдер ауқымды аудиторияға көруге арналғандықтан, оны аудару үдерісі де соған сай біліктілік пен кәсіпқойлықты талап етеді. Кез келген кинофильм шетелде шығармашылық және коммерциялық жетістікке жетуі үшін сапалы аударманы қажет ететіні айқын. Қазіргі таңда көптеген шетел өнімдері қазақ тіліне аударылып экран беттерінде жарыққа шығып жатыр.

«Деректі» терминін алғаш рет, көркем фильмнен айырмашылығына көңіл аударту мақсатында, 1926 жылы ағылшын кинорежиссері Джон Грирсон ұсынды. Бұған дейін француз журналистері мен сыншылары деректі фильм деп саяхат түсірім материалдарын атаған болатын. Грирсон болса деректі фильмге «болмыстың шығармашылық талдамасы» деген анықтама берді.

Деректі кино алғаш хроникалық кадрдан бастау алып, түрлі жанрлық, стильдік өзгерістерге ұшырап, бүгінгі қалпына жеткенше өзінің адамзат тағдырында өзекті мәселелерді қозғап, маңыздылығын жоғалтқан емес. Алғашқы деректі түсірілімдер кинематограф пайда болған кезде жасалып бастады. Огюста мен Луи Люмьер ағайындыларының алғашқы фильмдері («Пойыздың Ла Сиота вокзалына келуі», «Люмьер зауытынан жұмысшылардың шығуы» 1895, Франция) тікелей өмірдегі іс-әрекеттерді жаңғыртады. Бұл фильмдерде уақыт және кеңістік қозғалысындағы шындықты көрнекі бекітудің әсері қолданылды. Люмьер ағайындыларының көмекшілері 1896 жылы түсірген әртүрлі елдердің өмірінен алынған кадрлар хрониканың бұқаралық ақпарат құралына айналуына бастау болды. Алғаш рет түсірілген күннен бастап осы күнге дейін ойынсыз кино өзектілігін жоғалтпай, телекоммуникация саласының маңызды бөлігі болып табылады.[1,41]

Қазақстанда 90 жылдары тәуір деректі фильмдер болса, олар тіпті отандық немесе шетелдік фестивальдерде ерекше аталып өткеннің өзінде (мысалы С. Дворцевойдың «Бақыт», А. Байғожинаның «Қызыл Империя», «Дінмұхаммед Қонаев. Өмірі мен ақырының жылнамасы», В. Тюлькиннің «Шыбындар билеушісі», «Айқыш тәжірибесі») көпшілік күткендей алға баспады [2,36]

Қазақстанда отандық және шетелдік документалистиканың тарихын кешенді зерттеу еңбектер жоқтың қасы. Осылайша, еліміздегі киноөнер саласы түбегейлі зерттелмеген, дамымаған. Өкінішке орай, біздің телеарналарда деректі фильмдер, бағдарламалар, журналистік зерттеулер, циклдік хабарлар қоры аз, сапасы да төмен. Бұл жайт ғарыштық технологиялар дәуірі жүріп тұрған кезде өте өкінішті жағдай. Осы орайда, осы кемшіліктің орнын толтыру үшін көрермендерімізге отандық арналарды тамашалау, отбасыларымен бірге отандық деректі фильмдерді көру үшін кинотеатрларға бару (осының өзін елестетудің өзі қиын екен...) мүмкіншілігін беруіміз керек сияқты. Сонымен қатар телевизиялық аудиторияның өзі өзгерді. Ол өте талапшыл, батыстың телевизиялық форматтағы бағдарламаларды сіңіріп алған телеарналардың көптігі мен олардың ақпаратты беру формасының сан-алуандығына құныққан, өте талғампаз көрермен. Олармен салыстырғанда, бірнеше жыл бұрын түсірілген өзіміздің деректі фильмдеріміз

тым ұзақ, реңсіз және ең бастысы – тым көркем, осының өзі көзге оғаш көрініп, талғамсыздық пен бейәдептіліктің қатарынан орын алатын.

Деректі кино саласындағы мәтін ұғымының қызметі ерекше. Кино аудармасында мәтін мен бейне бірдей ауқымда ақпарат жеткізеді, бұл қатарларды біріктіру үшін сценарий жасалады. Бұл кинодиалогты бейнеқатардан бөлек аударуға болмайтындығын дәлелдейді.

Сценарий мәтінінің стилі деректі фильмнің түрімен анықталады. Тәжірибе бойынша, білім беру мен ғылыми фильмдердің мәтіндері көбінесе ғылыми стильге, ал насихаттау, хабарлау немесе ақпарат беру фильмдерінің мәтіндері публицистикалық стильге негізделеді. Деректі фильмдер сирек жағдайда бірінғай стильде болады, себебі бір фильм әртүрлі мақсатты көздеуі мүмкін. Көрермендер ғылыми, публицистикалық және сценарий қарапайым адамдармен сұхбатты қамтуы мүмкін болғандықтан, тіпті ауызекі сөйлеу стилін де ести алады.

Деректі фильм мәтінін аудару кезіндегі тілдік ерекшеліктер: 1) сценарий мәтінінің жанры мен стилистикалық ерекшеліктері және 2) аударылған мәтінді ұсыну/дыбыстау әдісі болып ажыратылады. Деректі фильмнің аудармасы мәтіннің синтагматикалық, синтаксистік, лексикалық-семантикалық және стилистикалық деңгейлеріндегі тілдік ерекшеліктер есебінің жиынтығын талап етеді. Аудармашы түпнұсқа авторының ақпараттық және бір жағынан әсерлі де мағыналы ойын аударма тілі мен аудио және визуалды қатарды синхрондау талаптары арқылы жеткізуді басшылыққа ала отырып белгілі бір амалды таңдайды.

«Деректі фильм» терминін қазіргі заманның көптеген кино сыншылары мен кинотанушылары сынға түсіреді. Оның себебі, көптеген режиссерлердің пікірінше, кез келген адам камераны көрген кезде әлдеқандай дәрежеде ойнай бастайды, өзін жасанды ұстайды, нәтижесінде фильм белгілі бір дәрежеде қойылымға айналады. Осыған байланысты, көптеген сарапшылар деректі фильмнің бар екенін жоққа шығарады, оны тек көркем фильмнің бір түріне теңейді. Ал шынайы деректі фильм деп басынан аяғына дейін жасырын камерамен түсірілген фильмді санайды. Осындай, жасырын камерамен түсірілген фильмді олар «шынайы деректі фильм» деп атайды. Мұндай фильмдер заманауи кино өнерінің авангарды болып саналады және де қазіргі кезде киносүйгіштер арасында үлкен қызығушылық тудыруда. Қазіргі заманғы дат кинорежиссері Ларс фон Триердің айтуынша, «шынайы деректі фильмнің» мақсаты – деректі фильмге «адалдықты, әділдікті, нақтылықты және көрерменнің сенімін» қайтару болып табылады [3,66].

Сонымен, қолданылған түсірім әдістеріне қарай деректі фильмдерді келесі үш түрге бөлуге болады:

1. Шынайы деректі фильмдер.

2. Білім беру немесе оқу фильмдері. Бұл фильмдер мектептерде және басқа оқу орындарында көрсетілуге негізделген. Психологтар мен педагогтардың пікірінше, фильм түрінде ұсынылған оқу материалдары мұғалімнің ауызша түсіндіруіне қарағанда жақсы меңгеріледі. Білім беру фильмдерін көрсету тәжірибесі батыста, әсіресе АҚШ-та өте кең қолданылады. XX ғасырдың басы – ХХІ ғасырдың соңында білім беру фильмдері теледидардан жие көрсетіле бастап, аз уақыт ішінде өте танымал болды. Бүгінгі күнде, тек білім беру және ғылыми танымал деректі фильмдерді көрсететін арнайы телеарналар бар.

3. Жалған деректі фильмдер немесе мокьюментари (ағылшын тілінен *mockumentary*, *to mock* – «боямалау», «мұқату» + *documentary* – «деректі»). Бұл жанрдағы фильмдер сыртынан деректі фильмдерге ұқсас болып келеді, алайда олардың тақырыбы шынайы деректі фильмдерге қарағанда, жалған болып табылады. Кейде, мұндай фильмдерде атақты адамдардың немесе басқа да өмірде бар адамдардың қатысуы арқылы шынайы оқиғалардың елесі жасалады [3,7].

4. "Мокьюментари" термині алғаш рет АҚШ-та қолданылды (ағылш. *mockumentary*: *to mock* "жасанды жасалған", "келемеж ету" + *documentary* "деректі").

Деректі кино – күрделі жанр, ұзақ уақытқа созылған дайындық және жұмыстың жемісі. Бұл уақыт аралығында өмірлік деректердің негізінде құралған сценарий. Деректі фильмнің құрылымы сан-алуан: көрерменге деректі жеткізу үшін түрлі түсірілімдер мен

қойылымдар, табиғи және интерьерлік түсірілім, архив бейне, фотоматериалдар және репортажды түсірілім пайдаланылады.

Кинорежиссер және продюсер Ринат Халилуллиннің қазіргі заманның деректі фильмдерін сегіз негізгі жанрға бөледі: [4,89]

- 1) Кинохроника
- 2) Түрлі тақырыптағы көріністі фильм
- 3) Әңгіме
- 4) Монолог
- 5) Зерттеу фильмі
- 6) Сұхбат
- 7) Шолу
- 8) Биографиялық фильм

Кинохроника – ағымдағы оқиғаларды түсіріп алу, жедел ақпарат, қазіргі уақытта өзекті оқиғаларды түсіру (нақты оқиғалар ғана). Мұндай фильм автордың көзқарасын көрсете алмайды, ол тек қана болып жатқан оқиғаны көрсетеді. Көріністің белгілі бір бағыттанушылығын орнату үшін әртүрлі әдістерді қолдануға болады - арнайы ракурс, қайталану, композиция және т.б. Мұндай фильмдер тарихи маңызды оқиға кезінде түсіріледі, содан кейін оның шынайылығының дәлелі ретінде пайдаланылады (ең көрнекі мысал - әскери кинохроника).

Түрлі тақырыптағы көріністі фильм – бұл табиғат көріністері, ғаламшардың кез келген бір бұрышының географиялық, климаттық, этнографиялық сипаттамалары, халықтар, таңғажайып жерлер, қол тимеген табиғат туралы оқиғалар түсірілетін фильм болып табылады. Мұндай фильмдерде көбінесе натурадан түсіру әдісі қолданылады. Табиғи жағдайдағы (натуралық) бейнетүсірілімдер – фильмді жасау барысындағы ашық аспан астында, болмаса киностудияның түсіру алаңында даладағы көрініске ұқсас жасалған қойылым-көрінісі немесе табиғи жағдайларда жасалатын түсіру жұмыстары. Бұл фильмдердің ең көп таралған тақырыптары: саяхат, флора мен фауна тақырыбындағы ғылыми және білім беру желілері. Мұндай кино – басқа елдерге баруға, ғаламшарды документалисттің көзқарас тұрғысынан көруге, әлем сырларын білуге, адамдардың өздері бара алмайтын жерлерге «баруға» мүмкіндік береді.

Әңгіме – жиі қысқа бейнесюжеттер, фотоматериалдар қосылған, диалог немесе полилог түрінде түсірілген фильм. Әдетте мұндай фильм талқылауға алып келмейді және баяндау түрінде жүргізіледі. Бұл жанрдың екі негізгі түрі бар – әлеуметтік маңызды тақырыптағы фильмдер және белгілі тұлғалардың қатысуымен түсірілетін фильмдер (көбінесе ток-шоу түрінде). Мұндай фильмді түсіру өте қиын.

Монолог – бұл әңгіме-фильмнің бір түрі, әдетте, бірінші жақтан белгілі бір оқиға, тарихи кезең, факт, автобиография, басқа адам және т.б. туралы баяндау түрінде жүреді. Көп жағдайда монолог-фильмдер көрнекті тұлғаларға арналады және естелік түрінде түсіріледі. Мұндай фильмнің негізін басты кейіпкер айтатын мәтінінің үлкен бөліктері құрайды. Олар кадрдан тыс естілуі, кино- немесе фотоматериалдардың кірістірмелерімен қоса болуы мүмкін. Толық фильм кіріспеде, негізгі бөлімде және қорытындыда тұжырымдалған құрылымдық және мазмұндық айтылымдардан тұрады.

Зерттеу фильмі – белгілі бір ғылыми зерттеу үдерісінің, табиғи құбылыс мониторингінің, болып жатқан оқиға талдауының және т.б. бейнеленуі болып табылатын тар бағыттағы деректі фильм. Көп жағдайда бұл фильмдер құпияны ашады, түсініксіз жағдайларды түсіндіріп, мәнін ұғынуға көмектеседі [5,52]

XXI ғасыр – ақпараттық ауқымдылық, БАҚ-тағы жаһандану, ақпараттық технологиялар мен сандық тарату саласының ғасыры. Миллиардтаған адам күнделікті кәсіби күйбең-тірліктің құрсауынан шыға алмай жүргендер, көбірек пайда табу үшін теледидар экрандарынан берілетін ақпараттарды «сіңіріп» алады. Күйбелеңнен зеріккен адамдар әлемнің түкпір-түкпірінде болып жатқан жаңа, қызықты, өздері куә бола алмаған оқиғаларды, мәселен, Жапониядағы жойқын күшті цунами (Бір айта кетерлігі, тап осы жаңалық соңғы он жылдағы ең көп сұранысқа ие болған ақпарат болып табылды) сияқты тосын жаңалықтарды қабылдайды. Тарихқа айналған сол кешегі күнді боямасыз, нақты

мағлұматтармен өрнектеп бүгінгі замандастармен сырластыру, өмірде орын алған оқиғаларға куә кейіпкерлермен жүзбе-жүз сұхбат сыры, деректі фильмнің мазмұнын шындық пен ақиқатқа жақындата түседі. Сонымен, «сұраным ұсыныс тудырады» демекші, адамзат ақпараттық технологиялар саласындағы прогресс үшін миллиондаған қаржы жұмсайды.

Деректі фильм – шынайы оқиғалар мен тұлғаларға негізделетін кинематографтың түрі. Деректі немесе ойынсыз кино түрлеріне білім беру немесе оқу деректі фильмдері, шынайы деректі фильмдер және жалған деректі фильмдер немесе мokyюментари жатады. Әлемдік кинематографтың қарқынды дамып келе жатқанына байланысты, мұндай фильмдердің сапалы аудармасы ең көп талап етілетін салалардың бірі болып табылады. Деректі фильм үшін оның атауы – өте маңызды, себебі көзтартарлық атау – көрерменнің назарын аудартудың ең тиімді жолы. Фильм атауларын аудару кезінде аудармашы үш түрлі әдіс қолданады: тікелей аударма, атау трансформациясы және фильм атауын ауыстыру.

Нақты тақырыптағы деректі фильмдерді аудару үшін берілген тақырыпқа байланысты терминдерді білу, түсіну және меңгеру талап етіледі.

Деректі фильмдерді қазақ тіліне аудару барысында, негізінен, мәтін стилистикасымен тікелей байланысты лексикалық қиындықтар кездеседі. Сонымен қатар, ағылшын тілі мен қазақ тілі құрылыстарының әртүрлі болуының салдарынан грамматикалық сипаттағы қиындықтар көп кездеседі.

Қатысымды-прагматикалық эквиваленттілік – киноаудармаға қойылатын талаптардың ең маңыздысы болып табылады. Кейбір жағдайларда түпнұсқа мазмұнының жаңғыртылуы аудармадағы прагматикалық әлеуеттің берілуін де қамтамасыз етеді. Алайда, аударманы қабылдаушының басқа тілдік ұжымға, басқа мәдениетке жататыны жиі балама аударманың прагматикалық тұрғыдан барабар болмауына алып келеді. Мұндай жағдайда аудармашының мәтінге кейбір өзгерістер енгізіп, аударманың прагматикалық бейімделуіне сүйенуіне тура келеді.

Кино аудармасындағы коммуникация – екі тілді қолдану арқылы жүзеге асатын жай ғана коммуникация емес, түпнұсқаның аудармашы мен қабылдаушының өзара әрекеттесуін жүзеге асыратын қызметтен құралатын коммуникация. Бұл коммуникацияның негізгі нәтижесі аудармашының қызметіне тікелей байланысты болады. Ендеше, кино аудармасында түпнұсқа мен аударма, бастапқы негіз бен кейінгі туынды арақатынасы, олардың эквиваленттілігі туралы мәселелерді зерттеудің қажеттігі туындайды [6,14]

Пайдаланған әдебиеттер

1. М. Салаев. Основы документального кино. <http://media-shoot.ru/publ/64-1-0-403>
2. М. Садық. Деректі фильмнен үлкен киноға дейін. Астана-2004. – 276 б.
3. Сметанина С.И. Медиатекст в системе культуры - СПб., Издательство Михайлова, 2002
4. Матасов Р.А. Перевод кино/видео материалов: лингвокультурологические и дидактические аспекты: автореферат дис. ...кандидата филологических наук. – М., 2009. – 22 б.
5. Горшкова В.Е. Перевод в кино Текст./В.Е.Горшкова – Иркутск: МИГЛУ, 2006. – 125 б.
6. Ш.А.Нурмышева. Кинодискурс аудармасының коммуникативтік-прагматикалық сипаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы-2010 ж.

Практикалық сабақтарда қолданылатын мәтіндердің ерекшеліктері

Жетписбаева Орынша Багиевна

Қазақстан Республикасы

Ақтөбе қаласы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Оқыту бағдарламасының талаптарына сәйкес қазақ тілін оқытудағы мақсат – студенттердің қазақша сөйлеу іскерліктерін қалыптастырып, қазақша тілін дамыту, осыған байланысты мәтін материалдары арқылы сөйлеуге үйрету. Мемлекеттік тілді меңгерудің мақсаты – тілді өміріміздің әртүрлі салаларына еңгізу, сонымен қоса коммуникативтік ситуацияларда қолдануға жағдай жасау. Мәтін мәселесі қазақ тіл білімінде әлі де зерттеліп келе жатқан тақырып. Бұл ретте Б.Шалабай, А.Жұбанов, М.Серғалиев және т.б. еңбектерін атауға болады. Мәтін – тілді оқыту мен меңгерту процесінде басты құрал, үлкен орын алатын оқыту объектісі болып табылады. Кез-келген тілді оқытудың алғашқы кезіңі мәтінмен жұмыс жүргізуден басталады. Жаңа сөз, сөз тіркестерімен сөйлем құрастыру, одан кейін шағын мәтін құрастыру тапсырмалары барлық сабақта орын алады. Сол себепті бұл жұмысқа ерекше көңіл бөлінуі қажет. Мәтін - тіл білімі саласындағы өзінің мазмұны мен болмысына сай, сөйлемдердің жай ғана тізбегі емес, мағыналық-құрылымдық күрделі объект. Мәтін логикалық, грамматикалық, мағыналық байланыстарға негізделген, тиянақты мазмұнға ие біртұтас қарым-қатынас бірлігі екендігі анық.

Л.М.Лосева мәтіннің құрылымы мен оны талдаудың маңыздылығы жайында: «Изучение и анализ структуры текстов открывают широкие возможности для совершенствования связной речи учащихся, развивают у них способности и навыки целостного стилистического анализа художественных произведений. Изучение и усвоение многообразных средств связи между предложениями, структуры и употребления сложных синтаксических целых позволит учащимся осмыслить возможности родного языка, покажет органическую взаимосвязь и взаимодействие всех его уровней», - деп тұжырымдайды [1].

Мәтін - оқуға үйретудің құралы, сондықтан студенттің тілін, ойлау қабілетін жан-жақты дамытуға ықпал етеді, танымдық белсенділігін арттырады, шығармашылықпен жұмыс жасауға бағыттайды. Мәтіннің атқаратын қызметі туралы И.Р.Гальперин: «Текст-это произведение речетворческого процесса, обладающее завершенностью, объективированное в виде письменного документа, литратурно обработанное в соответствии с типом этого документа, произведение, состоящее из названия (заголовка) и ряда особых единиц (сверхфразовых единств), объединенных разными типами лексической, грамматической, логической, стилистической связи, имеющее определенную направленность и прагматическую установку»,- дейді [2]. Сондықтан студенттің танымдық іс-әрекеті де айырықша мән берелетін күрделі процесс. Ол іс-әрекет мақсатын, мазмұны мен нәтижесін, түрлері мен әдіс-тәсілдерін, деңгейлерін қамтиды.

А.Әбілқаев қазақ тілі сабақтарында пайдаланылатын текстерге қойылатын талаптар жайлы былай дейді: «Талдауға арналған текстер мына талаптарға сәйкес келгені дұрыс. 1) ғылымның әр түрлі салаларынан, әр кездердің және әр халықтардың әдебиеті мен өнерінен алынған фактілер, көркем шығармалардың кейіпкерлерін сипаттау, 2) табиғат өмірінен алынған фактілер, бір сөзбен айтқанда, оқушылардың ерлік пен батырлыққа, еңбекті сүйеге тәрбиелеуге әсерін тигізетіндердің бәрін алу, білімдерін байыту, қоғамды құрушы жаңа адамның талғамын, мінез-құлқын қалыптастыруға көмектесетіннің бәрін алу т.б. [3]. Мәтінмен танысу студенттердің оқу-танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу-танымдық әрекеті негізінде шығармашылық белсенділігі қалыптасады. Шығармашылық дегеніміз — студенттің белсенділігі мен дербес іс-әрекетінің ең жоғарғы түрі екендігі белгілі. Бұл ретте мәтіннің атқаратын орны маңызды. Мәтін мазмұны бойынша орындалатын тапсырмалар студенттен танымдық шығармашылықты талап етеді. Мәтіннің мазмұнын игеруде шығармашылық тапсырмалардың орны ерекше. Танымдық

шығармашылық бағыттағы тапсырмалар тіл үйренушінің білім деңгейін көтеруге жол ашады және оны дамытудың бірнеше жолдары бар. Танымның мақсаты – жеке тұлғаның санасындағы объективтік шындықтың бейнелеуі болып табылады [5,317].

Қазіргі уақытта оқыту процесінде кеңінен тараған және біз қолданып жүрген тіл үйренушінің сөйлеу әрекетінің төрт түрі, яғни оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым бір-бірімен өзара тығыз байланыста болатынын, сонымен қатар әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар екенін белгілі. Қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы ғалым Ф. Оразбаева: «Жалпы қазақ тілінде сөйлеп, жазуды үйрету – қоғамда қазақ тілінің мәртебесін жоғары дәрежеге көтерудің алғы шарты. Сондықтан қазақ тілі қатынас құралы ретінде мектепте жүйелі білім беру қарқылы ғана оқушыларды дұрыс сөйлеуге, адамдармен әдепті түрде қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелейді», - дейді [4,6]. Басқа тілде сөйлеуді меңгеру дегеніміз – адамның өз ойын айту, біреумен сөйлесе алу, пікірін жеткізе білу қабілетімен қатар басқа адамның сөзін, ойын тіке әңгіме барысында тыңдау, немесе радио, телефон, магнит таспадағы сөзді де тыңдап түсіну қабілеті, сонымен қатар түрлі құралдар арқылы, қазіргі ақпараттық технологиялар дамығын кезде SMS-хабарламалар, аудио-таспалар, әлеуметтік желілер мүмкіндіктерін пайдалану негізінде сөзді де тыңдап түсіну қабілеті. Арнаулы мәтін арқылы тыңдалымға тән белгілер мәтінде берілген қатысымдық және тілдік әрекеттер сөйлесу процесінде үздіксіз жетіліп отырады. Жалпы мәтінмен жұмыс хабарды түсіну дәрежесіне қарай әр түрлі мақсатты көздейді. Мәтіннің мазмұнын толық түсіну үшін оның құрамындағы жаңа сөздер мен терминдердің мағынасын анықтау қажет, содан кейін сабақ барысында мынадай тапсырмалар орындалады: мәтінді толық оқып шығу, берілген ақпаратты өңдеу, сараптау, негізгі ойды анықтау, мәтінді абзацқа бөліп оқу, мәліметті толықтыру, мазмұнына, құрылымына қарай мәтінді жіктеп бөлу, мәтінге тақырып беру, сұрақ құрастыру, оған жауап беру, сөйлемдерді толықтыру, мәтін құрамындағы сөйлемдерді логикалық байланыссыз түрде беріп, ол сөйлемдердің өз орнын табу, жоспар құру, сұхбаттасу, ситуациялық жаттығулар, іскерлік ойындар, эссе, шағын шығарма, сұхбат алу, диалог құру, және т.б.

Мәтін мазмұнын игеруде диалог құрастырудың маңызы зор. Коммуникативтік қызметі бойынша диалог барысында біреуден ақпарат алу, алынған ақпаратқа өз көзқарасын білдіру, екінші біреуге бір нәрсе туралы мәлімет беру немесе анықтау, нақтылау әрекеттері жүзеге асады. Диалог барысында сөйлеу этикетінің үлгілері қолданылады. Мәтіннің мазмұнын дұрыс және толық түсіну үшін сөздік жұмысын ұйымдастыру қажет, содан кейін оқылған мәтінді толық немесе ішінара аудару, материал бойынша алдын-ала әңгіме жүргізу, яғни сол материал жөнінде мәлімет беру, мәтінді оқу, оқылған мәтін бойынша жұмыс жасау. Ал оқудың дұрыстығы дегеніміз -орфоэпия ережелеріне сай, сөздер мен сөйлемдер арасында паузаны дұрыс қойып, дауыс ырғағымен оқу. Студенттердің мәтінді дұрыс оқуы олардың мәнерлеп, әрі жылдам оқуына жағдай жасайды. Сабақ барысында мәтін бойынша орындалатын кейбір жұмыс түрлері: Үлгі №1. Сабақтың тақырыбы: Уақыт және адам. Тапсырма: I.Мәтінді оқып шығыңыз. «Халықтың уақытты анықтау белгілері». ...Қазақ халқы уақытты анықтауда өзіндік бай тәжірибе жинақтап, оны қолданудың сәті мен жолдарын, оған лайықты сөз өрнектерін таба білген. *Жылды, тоқсанды, айды, аптаны, тәулікті* бөлудің шаруашылыққа сай реті мен ыңғайын ойластыра келтірген. *Мерзім, мезгіл* өлшемдеріне қатысты халық өлшемі мен атауы өте бай. Ұлттық ұғымда мерзім – уақыттың, мезгілдің шамасы мен ұзақтығын білдіреді (*мысалы: бие сауым, күн, ай, тоқсан т.б.*). Мезгіл сол уақыттың бір сәтін айқындайды (*мысалы: түс, кеш, түн ортасы т.б.*). Қыс, көктем, жаз, күз мезгіл өлшемдеріне жатады. Мерзім өлшемдері: *бір сәт, қас қағым, ә дегенше* (1 секунд), *сүт пісірім* (5-10 минут), *бие сауым* (1,5 сағат), *ет пісірім* (2,5-3 сағат), *жарты күн, тәулік* – бір күн, бір түн немесе 24 сағат, *апта* (7 күн), *ай* (30-31 күн), *тоқсан* (3 ай), *жыл* (365 күн немесе 12 ай), *ғасыр* (100 жыл). Адам өмірі де *жас* (1 жыл), *мүшелмен* (12 жас) есептеліп, *бір мүшел* (13 жас), *екі мүшел* (25 жас), *үш мүшел* (37 жас), *төрт мүшел* (49 жас) т.б. сол сияқты бөліне береді. Мерзім өлшеміне күн, ай аттары да жатады. Уақыт мезгілдерін анықтауда және оның жиіліктерін жіктеп, айыруда халық теңеулері мен өлшемдері әрі қызық, әрі анық, әр түрлі және өте бай (*мысалы: елең-алаң, таң сәрі* т.б.). Қазақ халқы бір кезде уақытты Күннің,

Айдың, Жұлдыздың қозғалысы мен тууына қарай болжап белгілеген, қажетті жағдайда оған табынған. Олар мезгілді күндіз көлеңкеге, түнде жұлдызға қарап анықтаған. (С.Кенжеахметұлы)

II. Мәтін бойынша сұрақтар:

1. Уақыт белгілерін қазақ халқы қалай айқындаған?
2. Мезгіл мен мерзімнің айырмасы қандай?
3. Өздеріңіз уақытқа байланысты қандай сөз орамдарын білесіздер?
а) Уақытты меңгеру үшін не қажет?

III. Берілген сөйлемдерге назар аударыңыз. 1. Уақытты саналы сезініп, өмір сүріңіз. Маңызды жұмыстар үшін уақыт табыңыз. 2. Еңбек ету үшін уақыт табыңыз, бұл табыс кепілі. 3. Ойлану үшін уақыт табыңыз, бұл - күш-жігер - бастауы. 4. Ойын үшін уақыт табыңыз, бұл - жастық құпиясы. 5. Оқу үшін уақыт табыңыз, бұл - білім негізі. 6. Достық үшін уақыт табыңыз, бұл - бақыттың шарты. 7. Армандау үшін уақыт табыңыз, бұл - жұлдыздарға барар жол. 8. Махаббат үшін уақыт табыңыз, бұл - өмірдің шынайы қуанышы. 9. Көңіл көтеру үшін уақыт табыңыз, бұл - жанның әуені.

Ә. Уақытымыздың жаулары: 1. түсініксіз мақсаттар; 2. тыңдай білмеу; 3. «жоқ» - деп айта алмау; 4. телефонмен ұзақ сөйлесу; 5. асығыс шешімдер; 6. Ұмытшақтық; 7. жұмыс уақытында кофе, шай ішуге кететін үзілістер; 8. жоспарлай білмеу.

Үлгі №2. Мәтінді оқыңыз. Әңгімені қандай сөйлеммен қорытындылауға болады.

Көктем мінезі. Жаңа ғана аспан шайдай ашық еді. Қайдан келгені белгісіз, аспанды бұлт торлап, жел соқты. Бір кезде шатыр-шұтыр найзағай ойнап, артынша нөсер төпеп берді. Шай қайнатым уақыт өтті ме, өтпеді ме, әлгі түнерген бұлттар жөңкіп ала жөнелді. Біраздан кейін тез күн ашылып сала берді....

2. Сөздерді есте сақтаңыздар.

| Сөздер | Синонимдер | Антонимдер | Орыс тілінде |
|-------------------------|-----------------|------------|--------------|
| Шайдай ашық | Бұлтсыз | | |
| Қайдан келгені белгісіз | Күтпеген жағдай | | |
| Нөсер төпеу | Жауын құю | | |
| Шай қайнатым уақыт | Лезде | | |
| Бұлт торлау | Бұлт қаптау | | |

Үлгі №3. Мәтінді әрі қарай жалғастырыңыз.

Салауатты өмір сүрудің шарттарын ата-ана жастайынан үйрету керек. Салауатты өмір салтын қалыптастырушы орта ретінде мектепті де айтуға болады. Бала күнінен жеке бас гигиенасын дұрыс ұстап дағдылану керек. Салауатты өмір салты әлеуметтік-экономикалық категория...

2. Мәтінді оқыңыз. Сіз домбыра туралы бұрын не білетін едіңіз? Мәтіннен қандай жаңа мәлімет алдыңыз? Түсінгенізді айтыңыз. Домбыра – қазақ халқының ертеден келе жатқан қос ішекті музыкалық аспабы. Қазақ тарихын, өмірін, тұрмыс-тіршілігін домбыраның қос ішегі арқылы баяндаған. Домбыра шанақ, қақпақ бет, ілгек, тиек, ішектен, пернелерден, құлақтардан тұрады. Оның қақпақ бетінде дыбыс ойығы болады. Домбыра халық арасына кең тараған. Себебі оны кез келген ағаштан ойып жасауға болады. Ал домбыраның ішегін, пернесін қойдың ішегінен жасаған. Домбыраны тартып үйрену қиын емес. Оны отырып та, түрегеліп тұрып та, ат үстінде де тартады. Домбырамен әнші, жыршы, термешілерді сүйемелдеуге болады.

3. Сіз халық музыкалық аспаптар мұражайындасыз. Жоғарыдағы домбыра туралы мәтінді пайдалана отырып, домбыра туралы өзіңіз бен саяхат жүргізушінің диалогын жазыңыз.

Үлгі №4. 1. Жақша ішінде берілген сөздердің қажеттісін таңдап, сөйлемді толықтырыңыз.

Қазақстан аумағы табиғатының бір шетінін, екінші шетінен үлкен (мәні, айырмашылығы, талғамы). Мысалы, оңтүстіктегі тау етектерінде шие мен өрік гүл атқан кезде, республиканың солтүстігінде әлі суық, соғып тұрады (антап, ыстық, қарлы боран). Қазақстан жерінде қатаң Сібір мен Орта Азия тоғысып жатқандай (суық, қапырық, боран). Географиялық орнына қарай республика жерінде орманды дала, шөлейт және қалыптасқан (жапырақтар, аңдар, шөл зоналары). Республиканың батыс шеті (46°30' ш.б.) Эльтон және Басқұншақ маңына, ал шығыс

нүктесі (87°20' ш.б.) Бұқтырма өзенінің бастауына сай келеді (*ойындар, көлдері, елдері*). Ендік бойымен батыстан шығысқа қарай, материк ішіне енген сайын, континенттігі арта түседі (*климаттың, ауланың, аспанның*). Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен шығыс таулы өңірлерінде ландшафттардың алуан түрлі биіктік зоналары байқалады (*көршілене, жайқала, күрделене түсетін*).
Үлгі №5. «Тылсым табиғатына тәнтімін» тақырыбы аясында пікірлесіп, парталас көршіңізден интервью алыңыз.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі сабағында шығармашылық жұмыс жүргізуге, ой-қабілетін арттыруға байланысты жүргізілетін жұмыстардың түрлері мәтін бойынша ұйымдастырылады. Студенттің пәнге деген сүйіспеншілігін арттыру, бағдарламалық материалды меңгерту, олардың ойлай қабілетін дамыту, танымдық, шығармашылық белсенділіктерін арттыруға, өз бетінше жұмыс жасауға дағдыландыруға бағытталған тапсырмалар түрлерінің тигізетін әсері өте мол.

1. Лосева Л.М. Как строится текст.-М.: Просвещение, 1980
2. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования, М.: Наука, 1981,-139 с.
3. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.- Алматы, 1995,-120 бет.
4. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.-Алматы:2005.-170 б.
5. Педагогика: Алматы: 2005.-430 бет

Көптілді білім беру – жаңартылған білім талабы

Ибраева Гүлзира Умирзаққызы
Ақтөбе қаласы № 51 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
ҚР, Ақтөбе қаласы
gulzira.ibraeva.1971@mail.ru

Қазіргі таңда болашақ ұрпаққа көптілді білім беруге ерекше назар аударылып отыр. Себебі көптілді білім беру – көптілді тұлғаны қалыптастырудың негізі, көптілді білу – бұл тілді, ойлау қабілеті дамыған, кез-келген ортада өзін еркін ұстап, нық сеніммен жүре алатын тұлға болып қалыптасу. Көптілділік – белгілі әлеуметтік ортада бірнеше тілдің қолданылуы, жеке адамдардың не адамдар тобының нақты қатынас жағдайында бірнеше тілде сөйлеуі [1.146]. Көптілді болу – уақыт талабы. Көптілді білім - көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Көп тіл білу тек жеке адамға ғана пайдалы емес, біздің мемлекетіміздің сыртқы халықаралық байланыстарын одан әрі терең дамытуға мүмкіндік беретін, экономика, білім-ғылым саласында, мәдениаралық және тұлғааралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Осы байланыстарды дамытуда көптілді мамандардың қажеттігі артып келеді. Кезінде ата-бабамыз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деп, оқыған, білімді, көптілді адамдардың артықшылықтарын айтқаны белгілі жай. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік[2]. Жалпы көптілді меңгеру деген ұғым қазақ дүниетанымында ежелден бар түсінік. Сондықтан әлемнің әр қиырына сапар шегіп, олармен тілдесу үшін көптілді болудың маңызы зор. Олар ғылым-білім қуып сапар шеккенде де ғылым сырларына терең үңіле зерттеу үшін де көптілді болу қажет болады.

Көптілді білім беру – ағылшын тілін білумен де байланысты. Себебі ағылшын тілі арқылы әлемнің барлық бұрышымен қарым-қатынас жасауға болады. Бүгінгі күнде елімізді мекендеп отырған барлық ұлттардың тілдерінің дамуына қолайлы жағдай жасалған. Осы орайда елімізде оқушыларға ағылшын тілін оқытуға, оның әртүрлі деңгейлеріне сәйкес оқытуда жаңа технологиялары, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған.

Қазіргі заманғы техникалық құралдарды игеру үшін шет тілін жақсы меңгеру қажет, сондықтан мемлекеттік тілмен қатар шетел тілдерін де меңгеру әрбір саналы азаматтың міндеті болып табылады. Көптілді адам әлемдік деңгейдегі іс-шараларға, түрлі халықаралық байқауларға, түрлі оқу-білім алу бағдарламаларына тұрақты қатыса алады, шет елдерде жұмыс та жасай алады. Шетел тілін меңгерген маман өзін әркез еркін ұстап, қандай жерге барса да, жаңа кәсіптік ақпараттар легіне тез бейімделе алады. Көптілділіктің негізі – ізденіс, өз бетінше көп оқу. Оқушы дайын ақпаратты қабылдап, ізденіссіз отырса, олар кейіннен білгенін тез ұмытып қалады, ал өздері қолмен жасап, ізденіп, керегін еңбектене тапқан жағдайда білімі де, қабілеті де арта түседі[3.148]. Сол сияқты көптілділік негізі оқушының өз бетінше көп іздене оқуы болып табылады. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерін білу жастардың әлемнің барлық бұрышымен қарым-қатынас жасауына, білім жолында ой - өрісін кеңейтуіне, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып қалыптасуына жол ашады. Көптілділік жастардың ұлтаралық қатынас мәдениетін, толлеранттілігін және ғаламдық деңгейде ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған кезеңде ағылшын тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында еркін пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару – қазіргі кездегі жаңартылған білім берудегі басты міндетіміздің бірі.

Тіл – адам өміріндегі ең шешуші рөл атқаратын, өзіңді қоршаған ортаны танудың, түсінудің, дамудың құралы. Қоғамның дамуы әрі өзгеруі, мәдениетінің өркендеуі тіл деңгейімен өлшенеді. Елдің ертеңі, кемел ойлы, өресі биік, дүниетанымы кең азаматтарды шығару үшін оларға қазірден бастап ұлттық рухани байлығымызды терең танытып, әлемдік озық ой-пікірлермен ұштастыра сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет деп есептейміз. Әр халықтың дүниеге көзқарасы, ұлттық болмыс – бітімі оның ана тілі арқылы көрініс береді. Адам өз ұлтының мәдени – рухани құндылықтарын ұлттық таным қорында жинақтаған тілдік таңбалары арқылы танытады. Әр халықтың жинақталған құндылықтары, салт – дәстүрі, ой – тәжірибесі, дүниетанымы, әлемге көзқарасын, т.б. тілі арқылы көрсетеді. Әр халықтың тілі сол ұлттың бүкіл рухани байлығын жинақтап, ұлтты біріктіру қызметін атқарады. Кезінде А. Байтұрсынұлы «тіл – таным қоймасы» десе, профессор Қ.Жұбанов тілдің ұлттық мәнін жете айтқан болатын[4.323]. Сондықтан көптілділік мәселесінде ана тілінің рөлін жоғары қоюымыз керек. Бұл туралы кезінде белгілі ғалымдар айтып, ұрпаққа ана тілін лұрметтеуді өсиеттеп кеткен болатын.

Қазіргі әлемнің басты мәселесінің бірі көптілділік болып табылады. Көптілділік адамдар арасындағы келісім мен өзара түсінушілікті шешуге көмектесетін, әртүрлі елдер арасындағы байланысты күшейте түседі. Бүгінгі таңдағы әлемдік жаһандану кезеңінде халықаралық тілдерді меңгерген тұлға еңбек нарығында басқалардан озық тұрады әрі жұмысқа тез орналасады. Жаңа технология мен қаржы-экономиканың тілі көптілділікті қажет етуі–заман талабы. Бұл бәсекеге қабілеттіліктің қатал қағидаттарының бірі болып табылады. Көптілді білім арқылы өзге елдің тілін білу арқылы өз еліміздің мәдениетін, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын әлемге паш етеміз, өз еліміздің экономикасын көтеріп еліміздің іргесін нығайтамыз.

Жас ұрпаққа саналы да мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің басты талаптарының бірі болып табылады. Көптілділіктің негізі ана тілінен бастау алады. «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тіл тірлік үшін» дегендей, көптілді азаматтың көп нәрсеге қол жеткізетіндігі, басқаларға қарағанда бәсекеге қабілетті, қалаған жерінде жұмыс істеп, қай елге барса да еркін сөйлеп, өзінің ойын айта алатындығын көрсетеді. Ата-бабамыз «Баланы – жастан » десе, ана тілі ананың сүтімен сіңеді, сондықтан бала кезден өз ана тілін жақсы меңгерген бала болашақта өзге тілдерді білсе де, барлық уақытта да өз тілін ұмытпай, дұрыс қолдана біледі.

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұнын жүзеге асыруда мектеп мұғалімдердің ерекше ізденіспен, жана әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жан-жақты дайындықпен жұмыс жасау керек болып отыр. Ол үшін жаңа педагогикалық инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана біліп, педагогикалық технологияны жете білу

керек. Қазіргі кезде көптілді білім беру бағдарламасын мектепте қолданылып жүрген педагогикалық технологиялармен байланыстырып, осы бағытқа қарай бейімдеп, көптілді білім беруге ерекше назар аударған жөн. Себебі бүгінгі таңда мұғалімдердің басты міндеттерінің бірі білім алушылардың толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік жасай отырып, жаңа технологияларды қолдануды үйрету арқылы олардың білімін сапалы ету, көптілді білім алуын қамтамасыз ету болып отыр. Мектепте бұрыннан оқу-білім үрдісінде қолданып жүрген жаңа педагогикалық технологиялар қатарында Хазанскиннің есептер шығару, Палтышевтың физика есептері, Шаталовтың тірек сигналдары арқылы интенсивті оқыту, Лысенкованың алдын ала оқыту, Л. Б. Эльконин, В.В. Давыдовтың Дамыта оқыту жүйесі, Эрдниевтің мәселелік оқыту әдісі, т.б. жатады. Ал кейінгі кезде оқытудың модульдік технологиясы, жаңа педагогикалық компьютерлік технологиясы еліміз мектептерінде белсенді қолданылып келеді. Осы педагогикалық технологиялар арқылы оқыту аясында көптілді білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуы тиіс. Жаңа ақпараттық технология оқушының өз білімін толықтыруы үшін өз бетімен деректер жинақтап, өзінше ізденуіне жағдай жасап, ізденіс нәтижесіне жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер көзі болып қана қоймай, көптілді білім беру бағдарламасын да жүзеге асырады. Себебі оқушы өз білімін толықтыру бағытында ізденіс үстінде көптілділіктің артықшылықтарын да сезінеді. Мұның өзі ақпараттық технология оқушының білім, қажетті дерек, дағдыны игеруіне ресурс болып табылса, сонымен бірге көптілді білім алуына да көмектеседі. Барлық білім беру мекемелерінде көп тілді білім беру мәселесін шешу үшін көптілді білім беру бағдарламасына сай тілді терең меңгерген мұғалімдер дайындау жұмысын да дұрыс шеше білуіміз керек. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларын жете меңгеру арқылы қоғамға көптілді, сауатты, жан-жақты мамандар дайындауға болады.

Мектепте көптілді білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін қазіргі кезде оқу үдерісінде белсенді қолданылып жатқан Кембридж университетінің әдіс-тәсілдерін негізге алып, білім беру үдерісін көптілді білім берумен байланыста жүргізу керек [4.323]. Мектеп мұғалімдері Кембридж бағдарламасының мазмұнын жеті модуль әдіс-тәсілдері негізінде қолданып жүр. Бұл жеті модуль әдіс-тәсілдері қатарында білім беру мен білім алуға жаңа әдіс-тәсілдер, білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, білім беруді басқару және көшбасшылық, дарынды балаларды оқыту, білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау деген бағытта жұмыс жүргізеді. Мұғалімдердің өздері де көшбасшылық жасап, біліктілікті арттыру бағытында барлық оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастырып, бағдарлама бойынша ең алдымен білімді, ойлау қабілеттері жоғары деңгейде дамыған, белсенді оқушыларды қалыптастыруға көңіл бөліп отырады. Көптілді білім беру оқу пәндерін бірнеше тілде аудармасыз оқыту, жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым-білім тереңіне бойлап, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең қажеттілік болып табылады. Қоғамдық қатынас жағдайында тұлғаның қалыптасу деңгейі адамның қабілетіне, көптілділігіне, оның өзін-өзі жүзеге асыра алуына, бәсекеге қабілеттілігіне және әлеуметтік ұтқырлығына тікелей байланысты. Сондықтан кез-келген оқу пәндері бойынша білім беру барысында жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын екі немесе одан да көп тілді білуіне назар аударып, әр пәндегі шетел терминдерін игеріп, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік жасауымыз ең басты қажеттілік болып отыр. Білім беру жүйесінде үш тілді, яғни мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау қазіргі қоғамның басты талаптарының бірі болып тұр. Демек, қазіргі заман көптілділік арқылы қазіргі оқу орындарына жаңа міндет, жаңа талап, жаңа мақсат қойып отыр. Сондықтан белгілі бір ғылым саласында өз білімін таныта білетін, өмірден өз орнын таба алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін, белсенді ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделіп кететін, көптілді жеке тұлға қалыптастыру міндетін алға тартады.

Көптілді білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында тіл тәрбиесі де қатар жүруі тиіс. Ғылыми анықтамалық әдебиеттерде «көптілді білім беру - білім беру мекемелерінде оқу пәндерін екі немесе оданда көп тілді аудармасыз оқыту» деген түсінік берілген. Қазақстанның бүгінгі жағындайда оқушылар білім мазмұнын жетік меңгеру үшін білімді оқыту тілінде қабылдауы тиіс. Еліміздің тіл саясаты бойынша жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген қабілетті жастарды анықтау, тілді меңгеруге деген қызығушылықты ынталандыру және қолдау бағытында жүргізіледі. Дегенмен аудармасыз оқыту мәселесі көп дайындықты қажет етеді. Еліміздің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптары көптілді, отан сүйгіштік және азаматтық сана сезімдері дамыған тұлға қалыптастыруды алға міндет етіп қойып отыр. Сондықтан жастарымыздың өзге елдің мәдени құндылықтарын бойына сіңіре отырып, өз халқының мәдени құндылықтарын жоғалтып алмауына ерекше назар аударып, көптілділік мәселесінде осы бағытта жұмыстануымыз қажет болып табылады.

Қазіргі жастар елімізді нығайтып, өз елімізді басқаға таныту бағытында көптілділікке бет бұрып, көп тіл білудің маңыздылығын алға тартқанымызбен де тілімізді, дінімізді сақтап әлемге паш ету үшін, барлық уақытта да ана тілімізді бірінші кезекте ұстауды ұмытпауы қажет. Сондықтан жастардың тіл байлығын дамыту үшін түрлі тілдік шаралар, семинар, әр түрлі тілдік сайыстар, деңгелек үстел, тілдік қарым-қатынасқа арнаған шаралар, өткізіліп тұруы керек. Шетел тілі мен жазуын меңгеру арқылы өз тіліміздегі ақпараттардан алшақ қалмауымыз керек. Себебі өз тіліміз арқылы халқымызға жақын тұрамыз. Өз кезінде қазақ тілінің әліпбиі мен жазуан фонология тұрғысынан қарастырған ғалым Қ.Жұбанов ана тілінің өзіндік заңдылықтарын терең тануға шақырғанын білеміз[5.170]. Сондықтан тіл тәрбиесінде шетел жазуы мен тілін еркін меңгерген жастарымыздың өз ана тілін ұмытып кетпеуін, ана тілінің мәнін тереңдігін тануына қол жеткізуіміз қажет. Тіл тәрбиесіндегі біздің ұстанымыз «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» қағидасы болуы тиіс. Көптілділік туралы деректерге сүйенсек, Әбу Насыр әл-Фараби жетпіс тілді білген десе, профессор Құдайберген Жұбанов он сегіз тілді білген екен. Сол көп тілдің меңгерудің нәтижесінде бұл адамдардың тілдік танымның жоғары болғандығын да байқаймыз. Бірақ бұл ғұламалар өз ана тілдерін әрқашан жоғары қойған екен.

Қорыта айтатын болсақ, жаңартылған білім – болашақтың кепілі, сондықтан жастарға көптілді білім беру бағдарламасы аясында болашақ ұрпақтың әлемдік деңгейде жеткен білімді еркін игеріп, әлемнің қай түпкірінде жүрсе де тіл мәселесінде кедергіге тап болмай, өзін еркін сезінуіне мүмкіндік жасаймыз. Көптілділіктің мақсаты бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру болып табылады. Көптілділікті мемлекетіміздің болашағы, халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың маңызды құралы деп білеміз. Тіл тек қана қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар шетелдік байланыстарды нығайтуға, әл-ауқатымызды дамытуға көмектесетін басты құралдардың бірі болып отыр. Көптілді білім беру – жаңартылған білім талабы. Қазірден көптілді білім беру арқылы шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне еркін қол жеткізуіне мүмкіндік бере отырып, оқушылардың халықаралық түрлі жобаларға қатысуына кең мүмкіндік беріп, олардың болашақта маман болған кезінде де шетелдік әріптестермен кәсіби, ғылыми байланыстарын нығайтуына даңғыл жол ашамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы. Фирма «Орнак» ЖШС, 2012. – 338 бет.
2. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Оқулық.-Алматы: Сөздік-Солварь, 2005.-272б.
- 3.Садуақас Н.А. Сабақ барысындағы топтық жұмыстардың маңызы//Орта білім берудің мазмұнын жаңарту: мәселелері және болашағы. Облыстық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2017. – 148-152 б.

4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999.-581 б.
 5. Садуақас Н.А. Профессор Қ.Жұбановтың фонетика-фонологиялық зерттеулері. Монография. – Алматы: Эверо, 2018.- 216 б.

Химия пәнін тілмен кіріктіріп оқыту

Альмуратова К.К.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік

мемлекеттік университеті

Қазақстан, Ақтөбе қ.

karluga@mail.ru

Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағытындағы мамандықтар үшін білім беру беру бағдарламаларын әзірлеуде үш тілде оқытудың қағидалары енгізілгені баршамызға белгілі. Үш тұғырлы тіл саясатын ұстану – жоғары мектеп түлектерін келешекте бәсекеге қабілетті ететін көрсеткіштердің бірегейі болып саналады. Осыған орай, үш тілде білім беруде жоғары оқу орындары айтарлықтай өз үлестерін қосып келеді. Әсіресе жаратылыстану пәндерін оқытуда ағылшын тілін кіріктіру мәселесі жүргізіліп жатыр.

Оқытудағы негізгі басымдық – болашақ химия пәнінің мұғалімдері өз кәсіби ортасында үштілде қарым-қатынас жасаудың мәселелерін, қиындықтарын, ерекшеліктерін түсініп, қолдана алатындай болуы қажет. Оған қоса, оқыту барысында екі мақсат көзделеді. Біріншісі пәндік мақсат болса, екіншісі тілдік мақсат болады. Ең негізгісі – пәндік және тілдік іргелі түсініктерді меңгере отырып, кәсіби білімінің ауқымын кеңейту болып табылады.

Білім алушы химик студент үшін химиялық элементтердің аталуын, химиялық формулалардың, теңдеулердің белгіленіп, оқылуын игеру аса маңызды болып табылады. Химиялық формулаларды оқу кезінде элементтердің атауын белгілейтін латын әліпбиі әріптері ағылшынша атауына сәйкес оқылады.

Элементтен кейінгі (төменгі бөлігінде) тұрған сан молекула ішіндегі атом санын білдіреді. Элемент атауының алдындағы сан молекула санын білдіреді. Мысалы: су молекуласы H_2O ['eit' 'tu: 'ou], азот қышқылы HNO_3 ['eit' 'en 'ou 'θri:] немесе HNO three, күміс нитраты $AgNO_3$ ['ei' dʒi: 'en 'ou 'θri:] немесе AGNO three болып оқылады.

Химия пәнінде жиі кездесетін мына белгілер былайша оқылады:

+ белгісі: plus, and, together with, react with.

- белгісі: бір байланыс немесе бір туыстықты білдіріп, оқылмайды.

= белгісі: give, form, produce.

→ белгісі: give, pass over, lead to.

↔ белгісі: forms and is formed from.

Су молекуласының түзілуінің реакция теңдеуі $2H_2 + O_2 \rightarrow 2H_2O$: two molecules of H two plus O two give two molecules of H two O ['tu: 'mɔlikju:lz əv 'eit' 'tu: pləs 'ou 'tu: giv 'tu: 'mɔlikju:lz əv 'eit' 'tu: 'ou] деп оқылады.

Реакция теңдеулері сөзбен (word equation) былайша жазылады:

Zinc + Hydrochloric acid → Zinc chloride + Hydrogen

Дәл осы теңдеуді символдармен, заттардың агрегаттық күйлерінің көрсетілуімен өрнектеуге болады:

$Zn_{(s)} + 2HCl_{(aq)} \rightarrow ZnCl_{2(aq)} + H_{2(g)}$

мұндағы, қатты -(s) for solid; сұйық -(l) for liquid; газ - (g) for gas; сулы ерітінділер -(aq) for an aqueous solution (solution in water).

Білім алушылардың химиялық және тілдік білімдерін дамытуға арналған жаттығулар коллекциясын көрсетуге болады.

1.Берілген сөйлемдегі бастауышты табыңыз:

As to the structure of carbon black there has been much controversy.

a) structure; b) controversy; c) there;

2.Берілген сөйлемдердегі баяндауышты табыңыз:

The great variety of chemical compounds formed on the globe owes its existence to processes called chemical reactions

a) called; b) formed; c) owes;

Silicon like carbon has the capacity to gain four electrons and form four covalent bonds.

a) like; b) has; c) to gain; d) form;

3.Қай қатарда барлық сөздер зат есім болып табылады:

a) peculiarity, representative, artificial, synthesis, information

b) framework, occupant, exception, reactor, situation, prospect

c) complexity, excellent, impressive, natural, preparation

4.Берілген күрделі сөйлемнің құрамына қанша сөйлем кіріп тұр:

In graphite, on the contrary, the carbon atoms are arranged in planes and the bonds between the planes are weak, that is why graphite is so soft and scales off so easily.

The number of chemical compounds we have got today will be out –of-date by tomorrow.

5.Қою қарамен белгіленген сөздерге сұрақтар қойыңыз

Diamond occurs **naturally**.

Graphite is a good conductor of **electricity**.

The hardness results from the **structure**.

The third crystalline allotrope is **fullerite**.

Graphite can be produced by **Acheson** process.

Carbon occurs **inorganic** compounds.

The layers are held together by weak **van der Waals forces**.

Diamond is extremely hard.

There are several **amorphous** forms of carbon: **carbon black and charcoal**.

Graphite is a **soft black slippery** substance.

6.Сөздерді дұрыс ретімен орналастырыңыз(put the words into the right order).

Is / conductor / a / electricity / heat / of / and / graphite / good.

Stable / two / there / isotopes / are.

Compounds / occurs / all / organic / in / carbon.

Can / produced / be / diamond / synthetically.

Is / graphite / in / solid / the / lubricants / used / production / of.

7.Сөйлемнің басын соңымен сәйкестендіріп қойыңыз (match the beginnings of the sentences and the endings)

Carbon is a a) naturally.

Graphite is used in b) by weak van der Waals forces.

All metals have c) non - metallic element.

There are two d) the production of solid lubricants.

All layers are held e) a unique ability to form covalent bonds.

Diamond occurs f) allows defining the age of an archeological object.

Carbon dating g) amorphous forms of carbon.

Carbon is h) is the 'lead' in pencils.

Graphite mixed with clay i) an essential element for all living organisms.

8.Төмендегі сөздерге түсініктеме беріңіздер: carbon, boiling point, melting point, graphite, diamond, conductor, equipment, charcoal, carbon black, carbon dating, covalent bond, fullerite.

Қорыта келгенде, жаратылыстану бағытына енгізілетін химия пәнін тілмен кіріктіріп оқыту білім алушылардың кәсіби дамуына айрықша ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Бірімжанов Б.А. Жалпы химия: Оқулық/ Б.А. Бірімжанов. - Алматы: ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 752 бет

2.Майер Н.Г. Английский язык для химиков: учебно-методическое пособие:Горно-Алтайск: РИО-ГАГУ,2010-88стр.

Шеттілдік білім беруде түпнұсқалы мәтіндердің артықшылығы

О. Б. Игдирова.

*магистрант, «6M011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі»мамандығы,
Абылай хан атындағы ХҚжәнеӘТУ, Алматы қ., Қазақстан.
oralay_igdirova@mail.ru*

Елімізде соңғы жылдарда халықаралық қарым-қатынас құралы ретінде ағылшын тіліне қызығушылықтың артуы байқалады. Қазіргі уақытта ешбір мұғалім балаларға ағылшын тілін үйренуге деген қызығушылықтың жоқтығына шағымдана алмайды. Біздің басты міндетіміз - бұл қызығушылық тұрақты болып қалуын қамтамасыз ету.

Шетел тілін оқытудың заманауи әдістерінде шеттілдік қатысымдарды және дағдыларды қалыптастыру мәселесі бар. Сондықтан әдіскерлер мен мұғалімдер шеттілдік қатысым және дағдыларын қалыптастырудың оңтайлы және тиімді жолдарын іздейді. Осындай тәсілдердің бірі ағылшын тіліндегі сабақтарда түпнұсқалық мәтіндерді қолдану болып табылады.

Шетел тілінде сабақ беру дәл қазіргі кезеңде өте күрделі болып келеді. Неге дейсіздерғой? Себебі қазір оқыту барысында тек бір ғана әдіс-тәсілмен оқыта отырып студенттің немесе оқушының тілдік деңгейін дамыту және студенттердің қызығушылығын арттыру оңай шаруа емес. Онымен қоса шеттілдік білім бере отырып тек қана білім беріп қана қоймай, шеттілдік құзыреттіліктер мен бірқатар іскерліктерді дамыту міндеттері мен атқарылатын қызметтер жетерлік.

Шеттілдік білім беруде мәтіндердің атқаратын қызметіне тоқтала кетсек, шетел ғалымдары басып шығарған оқулықтар, кітаптар немесе мақалалар оқып түсінуде мәтін үлкен қызмет атқарады.Мысалы: сол оқулықтарды, мақалаларды оқып, түсіну үшін біріншіден бізге шетел тілін жақсы меңгеру қажеттілігінде, сонымен қатар шетел тілінде жазылған мақалаларды немесе оқулықтарды оқып түсінуде шеттілдік білімің жоғары деңгейде болса, сол тілде жазылған ақпаратты түсінуге мәтін мазмұны үлкен септігін және рөзін атқарады.

Біздің зерттеу тақырыбымыз түпнұсқалық мәтіндер болып табылады.Олай болса шетел тілін оқытуда түпнұсқалы мәтіндердің алатын орны ерекше.Осы семестрде ғылыми зерттеу іс-тәжірибеден өттік, тәжірибе “Национальный центр инноваций в образовании” орталығында болған болатын. Бұл орталық арқылы өзімнің тақырыбым аясында бірнеше мәліметтерге, ақпараттарға көз жеткіздім.

Жоғарыда атап айтқанымыздай зерттеу тақырыбымыз шеттілдік білім беруде түпнұсқалы мәтіндер болғандықтан, менің тақырыбым аясында бірнеше жұмыстар атқарылды. Атап айтатын болсақ,“Жоғары Оқу орындарында Шеттілдік Білім Беруде” түпнұсқалы мәтіндерді талдау, синтездеу, мәтінді түсіну секілді бірқатар жұмыстар жүргізілді.

Шетелдік ғалымдар Marsh H. W және Dunkin M.J. Жоғар оқу орындарындағы шеттілдік білім беруде шетел әдебиетін оқу және эмпирикалық, тұжырымдамалық және теорияларды талдау, синтездеу арқылы қорытынды жасауды ұсынған.[1, 241 бет].

Жоғарыда аталған ғалымдардың ойын саралай келе, шеттілдік білім беруде қолданылатын шетел әдебиеттерін пайдалана отырып түпнұсқалы мәтіндермен жұмыс жасаймыз, осы арада қоса кететініміз, шетелдік білім беруде шетел тілін жетік меңгерту үшін де зор үлесін қосады.

Сонымен қатар шетелдік білім берудің сапасын көтеруде шетелдік ғалымдар өздерінің бірқатар әдістерін ұсынған. Олардың қатарына: Cooper H., Hedges L.V.Оларға тоқтала кетсек, мета-аналитикалық әдістер бір ғасырдан астам уақыт бойы қолданылған (мета-талдаулар тарихына арналған) мета-талдау зерттеудің ағымымен сандық нәтижелерді біріктіру үшін зерттеу әдісі ретінде шамамен 30 жыл бұрын танымал болды.

Мета-талдауды өткізу бастапқы зерттеу жұмыстарын өткізу сияқты студент белгілі бір доменнен зерттеу жұмыстарын жинайды (мысалы, оқудың әртүрлі әрекеттерінің әсерін зерттеу), оларды кодтайды және бастапқы деректерді талдауда қолданылатын статистикалық әдістерді пайдалана отырып берілген тапсырмаға талдау жасайды, олардан алынған нәтижелерді синтездейді. [2, 15 бет].

Жоғары оқу орындарында мета-аналитикалық құбылыстардың кең ауқымы үшін күшті және табиғи әдіснама бұл әдіс ретінде маңызды рөл атқарады. Сапалы, әдеби шолуды, мета-талдауды және жоғары оқу орындарында қолдана отырып, әсіресе мета-талдауды толықтырып, қол жетімді білім қорының сандық «көрінісін», сондай-ақ түрлі зерттеулер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсіндіруді ұсынады.

Аталған ағылшын ғалымдарының пікірлерін сараптай келе, шеттілдік білім беруде мәтіндерді талдау немесе синтез жасамас бұрыс студенттерге түпнұсқалы мәтіндер туралы кішкене болса да ақпарат немесе мәлімет берілуі керек деп есептейміз. Сонымен қатар жоғары аталған әдіс бұрыннан келе жатқан болғандықтан, шеттілдік білім беру барысында жаңа әдіс арқылы түпнұсқалы мәтіндермен жұмыс жүзгізуді ұсына аламыз.

Өйткені шетел тілін меңгеру барысында тек шетел тілін грамматикалық ережелер, фонетикалық, елтану, стилистика, лексикалогия секілді білімдерді игертіп қана қоймай, шетелдік авторлар жазған түпнұсқалы мәтіндер арқылы шетел мәдениетін, шетел салт-дәстүрін, болмысы, ерекшеліктерін, сонымен бірге мәдениетаралық қатысымын қалыптастыруы қарастырылуы қажет деп есептейміз.

Қазіргі уақыттың тән ерекшелігі, ағылшын тілінде қарым-қатынастың халықаралық тілі болып табылатын және бірқатар мемлекеттердің мемлекеттік тілі мәртебесіне ие болғаны барлығымызға белгілі. Оқу үдерісінде мәтіндердің түпнұсқалығы немесе оның түпнұсқалығы сияқты тұжырымдамаға үлкен көңіл бөлінді. Ағылшын тілінен аударғанда «authentic» деген сөз «түпнұсқа» дегенді білдіреді. Түпнұсқалы мәтін - бастапқыда педагогикалық мақсаттарға арналмаған мәтін. Ағылшын ғалымы түпнұсқалық мәтіндерді зерттеуші М. Брин түпнұсқалықтың 4 түрін анықтайды:

- 1) Оқытушылық қызметте қолданылатын мәтіндік материалдардың түпнұсқалығы;
- 2) Студенттердің мәтіндерді қабылдауының түпнұсқалығы;
- 3) Білім беру міндеттерінің шынайылығы;
- 4) Аудиториядағы әлеуметтік жағдайдың шынайылығы. [3, 60 бет]

Шетел тіліндегі дағдыларды дамыту тікелей осы тілдегі оқу мәтіндерінің саны мен сапасы байланысты. Оқу ауызша және жазбаша түрдегі шетел тіліндегі қарым-қатынас құралдарын белсенді меңгеруге ықпал етеді. Оқу үрдісінде шынайы түпнұсқалық көркем мәтінді қолданудың негізгі критерийі болып табылады.

- Студенттердің қызығушылығын ояту қабілетін дамытуға;
- Мәтіннің мазмұны, оқиғалары, актерлері, шындықтары күнделікті өмірге сәйкес болуы тиіс.
- Сондай-ақ рухани өмір құбылыстарында адамдар, өздерінің және оқып жатқан тілдің тарихы мен мәдениеті туралы жетік ақпаратпен қамтамасыз етілуі қажет.

Әрине, әдеби, түпнұсқалы фактілерді білмей, сөздің толық мағынасында мәдениетаралық қарым-қатынас жасау мүмкін емес. Өкінішке орай, ағылшын тіліндегі көркем әдебиет мәтіндері бойынша кітаптар мен оқулықтарда сирек кездеседі. Дидактикалық материал ретінде оқулықтардың авторлары жазған мәтіндер жиі кездеседі. Мұндай мәтіндер, әдетте түпнұсқалылықтан айырылады және олардың мазмұны өте біркелкі болып келеді.

Түпнұсқалық мәтін түсінуге өте қиын, әсіресе дайын емес аудитория үшін. Сондықтан түпнұсқалық мәтінмен ұтымды жұмыс жасау үшін әртүрлі факторларды ескеру қажет. Олардың ішіндегі ең маңыздысы - өнер туындыларын немесе олардың үзінділерін және фрагменттерін таңдау. Шетел тілінде сабақтарға арналған шеттілдік түпнұсқалық мәтіндерді таңдау, біздің ойымызша, келесі қағидалар негізінде жүзеге асырылады:

- Мәтіннің лингвомәдени-ағартушылық, көркемдік, эстетикалық және когнитивті құндылықтардың корреляциясы. Осы қағидаға сәйкес мәтіндерге енгізілген семантикалық ақпарат тілге сәйкес келеді. Шеттілдік білім беруде тілдік коммуникативтік құзыреттілігі,

олардың жас айырмашылықтары, гендерлік сипаттамалары, сондай-ақ олардың этникалық және психологиялық ерекшеліктері ескерілуі қажет;

- Сөйлеу және тілдік материалдарының шынайылығы. Осы принципке сүйене отырып, тыңдаушыларға мәдениетаралық қарым-қатынасқа шығу мүмкіндігін беретін, түпнұсқалы мәтіндер ғана қолданылуы керек. Түпнұсқалық мәтіндердің лексикалық мазмұны, грамматикалық пішіндері, пайдаланылатын тіл құралдарының жағдаяттылық жеткіліктілігі және түпнұсқалық қолданылу жағдайларын сипаттайтын шындықтар сипатталады. Мұндай мәтіндер логикалық тұтастық және тақырыптық бірлікпен сипатталады.

- Тақырыптық қағида: мәтіндер оқу жоспарының мазмұны негізінде таңдалуы тиіс.

- Өмірге – сәйкестік қағидасы. Мәтінде сипатталған мәселе студенттердің нақты өміріне мүмкіндігінше жақынырақ болуы керек және осы жағдайды түсінуі керек. Осы қағидаға сүйене отырып, коммуникаторлар үшін маңызды ақпаратты көрсететін түпнұсқалы мәтіндер таңдалады.

Түпнұсқалы мәтіндерді іріктеу қағидаттарына қосымша, келесідей нақты критерийлерді ескереді:

- Студенттердің жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, адамның мотивациялық және эмоционалды бағалауларына әсер ету;
- Мазмұнның және форманың болуы, яғни түпнұсқалы мәтіндердің студенттердің білім деңгейіне және тілдік деңгейіне сәйкестігі;
- Студенттерді дамытуға және тәрбиелеуге, олардың мінез-құлықтың, моральдық-этикалық нормаларын қалыптастыруға ықпал ететін құндылықты дамытуға бағытталуы;
- Оқу бағдарламасының талаптарына, оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес әдістемелік негіздеме сай болуы.[4, 15 бет]

Таңдалған түпнұсқалық мәтінді материалды әдістемелік ұйымдастыру кітапхана түрінде жүргізіледі - көркем мәтіндердің, іріктеу принциптері мен критерийлеріне сәйкес таңдап алынған нақты жиынтығы және құрамы, қажетті және жеткілікті біліктілікті дамыту үшін шетел тілі сабақтарында және қосымша сабақтарда қолданылуы тиіс деп санаймыз.

Түпнұсқа мәтіндер мен шеттілдік білім беруде түпнұсқалы шетел оқулықтарын кітапханасының түпнұсқалық мәтіндерді, яғни түпнұсқа көркем мәтіндердің толық мағынасын сол шетел авторлары жазған кітаптарды пайдаланғанда ғана тиімді болады, осылайша олар түпнұсқалық шетел мәтіндері болып табылады. Бірақ мұндай әрбір мәтінді аудиторияда жұмыс істеуге жарамайды. Мәтінді таңдау кезінде оның коммуникативті, мәнді және эстетикалық аспектілеріне назар аударған жөн, лексикалық және грамматикалық материалға, сонымен бірге көркемдік жұмыс тілі нормативтік және кең қолданылуы тиіс. Дегенмен, осы талаптарға сай келетін мәтінді әрдайым табу мүмкін емес. Мұғалімнің міндеті, қажет болған жағдайда, түпнұсқалық көркемдік оқулықты түпнұсқада үйрену, мазмұны мен формасы қол жетімділігінің критерийін ескере отырып, түпнұсқалы мәтіндермен жұмыс істеу алуыға үйрету болып табылады.

Таңдалған түпнұсқалық мәтін кейбіреуі өңдеуді қажет етпейді: бейімдеу, қысқарту немесе компресстеу. Осылайша, бейімделулер лингвистикалық және семантикалық мазмұндағы күрделі мәтіндерге бағынады. Бейімделу мәтіндер дегеніміз лингвистикалық құбылыстарды болдырмайтын немесе оларды ең таныс адамдармен ауыстырады; автордың ойларын неғұрлым қолайлы немесе жеңілдетілген нысанда беру. Кешенді синтаксистік конструкциялар жеңілдетілген немесе мәтін аудармамен немесе түсіндірме анықтамалар мен түсіндіріледі. Егер мәтіндер студенттер үшін түсінікті болса, бірақ тым ұзын болса, онда ол аббревиатураны немесе қысқартуды талап етеді: негізгі мазмұнға параллельді немесе қажетті мәтінінен үзінділерді алып тастау.

Мәтіндерді өңдеудің ең қиын түрі - бұл қысқарту. Қайталану, түсіндіру немесе бөлшектеу түріндегі артық ақпаратты қамтитын көркем түпнұсқалық мәтіндер қысқартуға ұшырайды. Бұл мәтіндерді өңдеу әдісі екі кезеңнен тұрады: оқуды түсіну, қайталау санын анықтау, түсіндіру үшін маңызды фактілер санын белгілеу.

Түпнұсқалық мәтінді таңдағаннан кейін, тақырыптық принципке және оны өңдеуге сәйкес, мұғалім осы мәтіндерде қолданатын әрекетті жоспарлаумен айналысады. Алдын ала мәтіндік кезеңде, түпнұсқалық мәтінді оқып шықпас бұрын, негізгі мәтіннің алдында

ұсынылған және қабылдау жағдайының пайда болуын қамтамасыз ететін метафет түрінде ұсынылатын орнату мәтінін жасау қажет. Тапсырма metatext - қызығушылығын тудырады, мұғалім мәтінді мұқият оқуға ынталандырады. Әдетте, метафора студенттердің тілдік деңгейіне байланысты ағылшын немесе орыс тілдеріндегі үш-бес қарапайым сөйлемнен аспайды.

Сонымен қатар, осы кезеңде мұғалім тілдік қиындықтарды жояды және түпнұсқалы мәтінді оқуды орнатуға мүмкіндік береді. Мәтіндік кезеңде оқушылар мәтінді оқып, мәтінді түсінуге бағытталған және оның әрі қарай пайдалануы ретінде, мысалы, сөйлеуді үйрену кезінде тапсырмаларды орындайды. Бұдан кейін мұғалім студенттерге бағытталған және коммуникативтік қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін ақпарат алу үшін ынталандыру ретінде қызмет ететін коммуникативтік тапсырманы қалыптастырады. [5,40 бет].

Коммуникативтік тапсырма студенттердің танымдық қызығушылықтарын және ауызша мінез-құлқын ынталандыратын оқу және сөйлеу жағдайының (URS) дәлелді, мақсатты компоненті болып табылады. Бөлшектерді анықтау URS - бұл мотив, мақсат және оның негізі - бұл мағынадағы етістікте айтылған коммуникативтік тапсырма, мысалы, сұхбаттасушыны көндіру, өтінішті жоққа шығару, мұражайға шақыру, досқа кенес беру, әріптеске түсіндіріңіз және т.б. Коммуникативтік тапсырма оқушыны ынталандырады диалогтық немесе монолог түрінде сөйлеген сөздерді оқып, әдеби түпнұсқалы мәтінді немесе көркем шығармадан алынған үзінділер сөйлеуді дамытудың негізі болып табылады.

Осылайша, коммуникативті ниет немесе мақсат пайда болады, ол қарым-қатынасқа саналы дайын шетел тіліндегі қарым-қатынас субъектілерінің өзара іс-қимылына бағытталады. Бұдан кейін оқытушы әмбебап құндылықтар мен мінез-құлықтың адамгершілік нысандары туралы алдын-ала әңгімелесуге барады.

Шеттілдік білім беруде жоғарыда аталған мәтіннің шынайылығына, яғни түпнұсқалылығына ерекше назар аударылады. Осы уақытқа дейін түпнұсқалық тұжырымдаманың бірыңғай ұғымы әзірленбеген, өйткені түпнұсқалылық тек белгілі бір шарттармен ғана шектелмейді, бірақ түпнұсқалықтың әртүрлі түрлері бар. Түпнұсқалықтың белгілі бір түрінің болуы немесе болмауы жеке байланыс жағдайына байланысты өзгереді. Дәл осы себепті мәтіннің түпнұсқалығы туралы мәселенің өте өзекті болып табылады. Педагогикалық процесті жүзеге асыру түпнұсқалық көздерден алынатын түпнұсқалы мәтіндік материалға негізделеді және бастапқыда білім беру мақсатына арналмаған. [6,18 бет].

Дегенмен, мұндай мәтіндердің студенттерге немесе оқушыларға әрдайым оқу жағдайларын және берілген педагогикалық тапсырмаларды қабылдай алмайтындығын түсіну өте қиын. Екінші жағынан, мұндай материалдар кейде лингвистикалық тұрғыдан тым күрделі екенін және нақты тапсырмалар мен оқу жағдайларына әрдайым жауап бермейтінін, сонымен қатар әдістемелік немесе түпнұсқалық мәтіндерді түрлерін көрсетуге тырысқан. Ал қиындықтар болса, оларды тыңдауға бермес бұрын алдын алу керек.

Түпнұсқалық оқу мәтіндерінің параметрлері бар. Олар ана тілінде қабылданған стандарттарға сәйкес келетін мәтіннің құрылымдық ерекшеліктерінің жиынтығын қарастырады.

Ғалымдардың пікірі бойынша, мұндай мәтін лексикалық мазмұнның және грамматикалық формалардың табиғи сипаттамасымен, пайдаланылатын тіл құралдарының жағдаяттылық жеткіліктілігімен сипатталатын түпнұсқалық мәтіндерді пайдалану жағдайларына бағытталған.

Түпнұсқалық оқыту материалдар нақты білім беру процесінің барлық параметрлерін және түпнұсқалық критерийлерін есепке ала отырып арнайы білім беру проблемаларын шешу үшін арнайы әзірленген материалдар болып табылады.

Ендеше түпнұсқалықтың негізгі өлшемі қызметтік критериясы болып табылады. Функционалдық тұрғыда өмірді пайдалану туралы түпнұсқалық материалдардың бағдарлануына, шетел тілін ойдағыдай меңгерудің негізгі факторы болып табылатын

табиғи тілдік ортамен қарым-қатынастың елесін жасау болып табылады. Функциональды түпнұсқалы мәтіндермен жұмыс жасау студентті тілдің нақты жағдайына жақындастырады, оны әртүрлі лингвистикалық құралдармен таныстырады және сөйлемдегі осы құралдарды өздігінен шынайы пайдалануға дайындайды. [7, 394 бет].

Қорытындылай келе, табиғи, қазіргі заманғы шетел тілін меңгеру тек қана қабылданатын және қолданылатын сөйлеу нормаларына сәйкес өздерінің мәдениетінің және менталитетінің ерекшеліктерін ескере отырып, ана тілін үйренушілердің өмірінен алынған мәтіндерді пайдалану арқылы ғана мүмкін болады. Әдіснамалық мақсаттар үшін жасалған табиғи сөйлеу өнімі болып табылатын осындай түпнұсқалық және оқу-түпнұсқалық материалдарды пайдалану сөйлеу белсенділігінің барлық түрлерін тиімді оқытуға, атап айтқанда, тыңдауда, сөйлеуде, жазуда сонымен қоса шетел әдебиеттерін талдау, синтез жасау іскерліктерінде дамытып, шетел тілінде табиғи тілдік ортада сіңіруге үлгілеуге мүмкіндік береді.

Түпнұсқалық мәтіннің нақты лингвистикалық ерекшеліктері бар және сөзсіз лингводидактикалық әлеуетке ие екендігін атап өтеміз. Біздің ойымызша, шетел тіліндегі коммуникацияны оқытуда түпнұсқалық мәтіндерді тұрақты пайдалану, атап айтқанда, студенттердің мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін шетел тілін оқуға деген қызығушылықты қалыптастыруға үлес қосады.

Бұдан басқа, ағылшын тіліндегі әдеби мәтінмен немесе ағылшын тіліндегі сабақтарда студенттердің ағылшын тіліндегі автордың толық жұмысын оқуға, студенттердің оқу мәдениетін енгізуге, олардың тілдік және мәдени көкжиектерін кеңейтуге, білім беру және когнитивтік құзыреттілікті дамытуға түрткі болады. Түпнұсқалы мәтін шетел тілі аудиториясына лайықты орынға ие болу керек деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Marsh, H. W. & Dunkin, M. J. (1997). Students' evaluations of university teaching: A multidimensional perspective. chapter 9. Effective teaching in higher education: research and practice (pp. 241–320). Agathon.
2. Cooper, H., & Hedges, L. V. (1994). The handbook of research synthesis. New York: Russell Sage Foundation.
3. Breen M. P. Authenticity in the Classroom. Applied Linguistics. 1985. № 6/1. P. 60–70.
4. Полушина, Л. Н. Текстотека учебника как основа формирования социокультурной компетенции : автореф. дис. ... канд. пед. наук : 13.00.02 / Л. Н. Полушина. – М., 1995. – 15 с.
5. Елухина, Н. В. Подготовка учебного текста для аудирования / Н. В. Елухина, М. Р. Каспарова // Иностранные языки в школе. – 1974. – № 2. – С. 40.
6. Аксенова Н. В., Шепетовский Д. В. Формирование языковой личности и развитие лингвострановедческих компетенций у студентов технического ВУЗа на примере разработанного занятия «Halloween» // Молодой ученый. — 2013. — № 12 (59). — С. 394–396.
7. Саланович Н. А. Обучение чтению аутентичных текстов лингво-страноведческого содержания // Иностранный язык в школе. – 1999.– № 1.– С. 18–21.

Латын графикасы көптілдік мәселесіне жол ашады

*Бектұрғанова Үміт Абдінағымқызы
Ақтөбе қаласы № 51 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
ҚР, Ақтөбе қаласы*

Қазақ әліпбиі мен жазуын латын графикасына көшіру – бұл қазақ тілінің жағдайын күшейтіп, жаңғырта түсу, сонымен қатар көптілдік мәселесін шешуге де ықпал етеді. Бұл тек мемлекеттік тілді әлемдік стандартқа сай келтіру ғана емес, қазақ тілі арқылы көптілдік мәселесіне де үлес қосу деп есептейміз. Сондықтан мемлекет басшысы

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы жариялаған бағдарламалық мақаласында латын қарпіне көшіру туралы тапсырмасы халық арасында бірден қолдау тапты[1.152]. Латын әліпбиінің артықшылықтарын түсіндіруден басталған алғашқы қадамдар қазіргі кезде латын негізді жаңа әліпбиді қабылдау, жазу емлесін дайындау сияқты толып жатқан мәселелермен байланысты қарастырылып жатыр. Латын әліпбиінің оқу-білім саласынан бастап, қоғамдық өмірдің барлық саласына енуі үшін кезең-кезеңмен атқарылатын шаралар да ойдағыдай жүріп жатыр. Қазіргі таңда елімізде қазақ тілінің әліпбиін латын графикасына көшіру бағытында маңызды шаралар жүзеге асырылып жатыр.

Жаңа әліпбиімізді қайта-қайта халыққа таныстырып, оны жұртшылықтың талқылауына ұсынып, жаңа әліпбиді халықтың өзі таңдауына жағдай жасап, маңыз беруі де көптілдік мәселесін шешуге де ықпал етеді деп білеміз. Сондықтан қазір қазақ тілінің әліпбиі мен жазуын латын графикасына көшіру бағытындағы атқарып жатқан барлық іс-шараларға еліміз болып ат салысып жатырмыз. Осыған дейін әліпбидің диграф, апостроф арқылы жасалған нұсқаларымен танысып, оны өздеріміз жазып байқаған болатынбыз. Ал қазір латын негізді қазақ тілі әліпбиінің өзгертіліп бекітілген соңғы нұсқасы көптілдік мәселесін шешуге де ықпал ететін, шетел сөздеріне де бейімді деп есептейміз.

Көптілдік мәселесі классикалық латын әліпбиіндегі 26 әріптен ауытқымауды жақтайды. Бұл дұрыс талап, себебі тілдің дыбысталу, сөйлеу жағына ғана қарап қоймай, оның жазу жағынан да оңтайлы болуын, көптілдік мәселесін шешуге де ықпал ете алуын қамтамасыз ету керек. Әліпби жасаудың қиыншылықтары да осында жатыр.

Әліпбидің бұрынғы нұсқасын талқылау барысында ғалымдар оның жетілдіре түсер тұсы ретінде, мүмкін болғанша, апостроф санын қысқартып, қазақтың төл дыбыстарын, шама келгенше, дәйекшесіз берілетін әріптермен таңбалауға назар аударған жөн деген ой білдірген еді[1.152]. Себебі жазуымыздың өткен тарихында дәйекші ұтымды жол болса, қазіргі жаһандану заманында, көптілділік бәсекесінде, адамның тез жазуға сұранысы өскен қазіргі кезеңде, апострофтың тиімсіз тұстары да болады. Сондықтан дәйекшімен берілетін әріптерді әлі де қарап, жетілдіре түсуге уақыт та, мүмкіндік те бар екенін айтқанбыз.

Көптілділік – белгілі әлеуметтік ортада бірнеше тілдің қолданылуы, жеке адамдардың не адамдар тобының нақты қатынас жағдайында бірнеше тілде сөйлеуі [2.146]. Көптілді адам әлемдік деңгейдегі іс-шараларға, түрлі халықаралық байқауларға, түрлі оқу-білім алу бағдарламаларына тұрақты қатыса алады, шет елдерде жұмыс та жасай алады. Көптілділіктің негізі – ізденіс, өз бетінше көп оқу. Оқушы дайын ақпаратты қабылдап, ізденіссіз отырса, олар кейіннен білгенін тез ұмытып қалады, ал өздері қолмен жасап, ізденіп, керегін еңбектеніп тапқан жағдайда білімі де, қабілеті де арта түседі[3.148]. Шетел тілін меңгерген маман өзін әркез еркін ұстап, қандай жерге барса да, жаңа кәсіптік ақпараттар легіне тез бейімделе алады. Көптілді білім беру – ағылшын тілін білумен де байланысты. Бүгінгі күнде елімізді мекендеп отырған барлық ұлттардың тілдерінің дамуына қолайлы жағдай жасалған. Себебі ағылшын тілі арқылы әлемнің барлық бұрышымен қарым-қатынас жасауға болады. Сондықтан елімізде оқушыларға ағылшын тілін оқытуға, оның әртүрлі деңгейлеріне сәйкес оқытуда жаңа технологиялары, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған. Қазіргі заманғы техникалық құралдарды игеру үшін шет тілін жақсы меңгеру қажет, сондықтан мемлекеттік тілмен қатар шетел тілдерін де меңгеру әрбір саналы азаматтың міндеті болып табылады.

Дүниежүзі елдерінің 80 пайызы латын қарпін қолданады. Латын әліпбиі тек қана қазақ тіліне, қазақ жазуына қатысты. Біз ағылшынды кириллицамен жазбайтынымыз сияқты, Қазақстандағы орыс тілінің оқулығы кириллицамен жазылады. Орыс мектептеріндегі балалар орыс тілін кириллицамен, қазақ тілін латынмен оқиды. Орыс тілі қазақтар үшін шет тілі болып қалады. Латын арқылы біздің сыртқы әлеммен қатынасымыз тек орыс тілі ғана емес, бірнеше тілді қолдану арқылы жүргізіледі. Бізде қазір барлық нәрсе орыс тілі арқылы. Ал латын әліпбиі көптілдік мәселесін шешуге де ықпал етеді[3.83]. Қазіргі әлемнің басты мәселесінің бірі көптілділік болып табылады. Көптілділік адамдар арасындағы келісім мен өзара түсінушілікті шешуге көмектесетін,

әртүрлі елдер арасындағы байланысты күшейте түседі. Бүгінгі таңдағы әлемдік жаһандану кезеңінде халықаралық тілдерді меңгерген тұлға еңбек нарығында басқалардан озық тұрады әрі жұмысқа тез орналасады. Жаңа технология мен қаржы-экономиканың тілі көптілділікті қажет етуі—заман талабы. Бұл бәсекеге қабілеттіліктің қатал қағидаттарының бірі болып табылады. Көптілді білім арқылы өзге елдің тілін білу арқылы өз еліміздің мәдениетін, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын әлемге паш етеміз, өз еліміздің экономикасын көтеріп еліміздің іргесін нығайтамыз. Қазір көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік[4].

Ғалым Н.А. Садуақас зерттеулеріне назар аударсақ, әліпбиіміздің соңғы нұсқасына төмендегідей талдау жасаған екен: Қазақстан Республикасының Президентінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығы бойынша «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізілді. Әліпбидің бұл нұсқасының ерекшелігі-апостроф орнына әріпүсті ноқат алынуы. Әріпүсті ноқат жазуға, қабылданымға оңтайлы екені байқалады. Бұл әліпбиіміздің жетістігі деп білеміз. Әліпбиде бұрынғысынша 32 әріп алынған. Оның ішінде кірме сөздердегі 6 дыбыс (и, в, ф, h, x, ч), және бір әріппен екі дыбысты таңбалап тұрған екі әріп бар, олар Н -[x], [h] және I-[и], [й], сонда барлығы 34 дыбыс таңбаланған. Әліпбидегі 6 дыбыс әріпүсті ноқат арқылы (ә, ө, ү, ғ, ң, у) таңбаланған. Сонымен бірге екі дыбыс қос әріппен (диграф) таңбаланған (Ch- [Ч], Sh[Ш]). Қазақ тілінде «Ш» дыбысы жазуда көп қолданылатындықтан, оны екі әріппен таңбалау жазуымызды қиындата түсуі мүмкін деп ойлаймыз. Кезінде профессор Қ.Жұбанов өзі ұсынған әліпбиінде «Ш» дыбысын таңбалау үшін латынның «С» әрпін қолданған екен. Әліпбидің бұрынғы нұсқасында I i -[и], [й] апострофпен берілсе, енді бұл жолы ешқандай белгісіз таңбаланған. Сонда әліпбиде 10-11 қатарда тұрған «i»және «и,й» әріптері ұқсас таңбаланған деуге болады. Бұл жағдай жазуда қиындық келтіруі мүмкін. Жалпы алғанда, әліпби талапқа сай, көңілге қонымды, жазуға ыңғайлы құрастырылған деп айтуға болады. Ғалым Н.А. Садуақас әліпбидің тағы бір артықшылығы туралы: «Бұл әліпбиіміздің қазақ тілінің табиғатына сай жасалғандығының бір дәлелі ретінде кирилл жазуындағы әліпбиімізде 42 әріп болса, енді одан 8 әріп(ё, ц, щ, ь, ъ, э, ю, я) қысқартылған», - деген пікір айтқан екен[1.156].

Жұртшылықтың қатысуымен өткізілген талқылаулар нәтижесінде әліпби нұсқалары жетілдіріле түсті. «Келісіп пішкен тон келте болмайды» дегендей, енді жаңа әліпбиіміз арқылы ғылыми талапқа сай жаңа емле ережелерімізді де дайындауға барлық мүмкіншілігіміз бар. Енді алдағы уақытта осы жаңа әліпби арқылы жазу емлесі де жүйелі жасалып, қазіргі жазуымызда қиындық келтіріп жүрген мәселелер оң шешімін табады деп ойлаймыз. Ендігі айтарымыз, осы әліпбиіміз еліміздің жазуына арқау болсын, көптілдік мәселесін шешуге де ықпал етсін деп, әліпбиімізге сәттілік тілейміз.

Көптілді білім беру жүйесінде үш тілді, яғни мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау қазіргі қоғамның басты талаптарының бірі болып тұр. Қоғамдық қатынас жағдайында тұлғаның қалыптасу деңгейі адамның қабілетіне, көптілділігіне, оның өзін-өзі жүзеге асыра алуына, бәсекеге қабілеттілігіне және әлеуметтік ұтқырлығына тікелей байланысты. Қазіргі заман көптілділік арқылы қазіргі оқу орындарына жаңа міндет, жаңа талап, жаңа мақсат қойып отыр. Сондықтан кез-келген оқу пәндері бойынша білім беру барысында жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын екі немесе одан да көп тілді білуіне назар аударып, әр пәндегі шетел терминдерін игеріп, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік жасауымыз ең басты қажеттілік болып отыр. Белгілі бір ғылым саласында өз білімін таныта білетін, өмірден өз орнын таба алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін, белсенді ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделіп кететін, көптілді жеке тұлға қалыптастыру міндетін алға тартады. Көптілді білім беру оқу пәндерін бірнеше тілде аудармасыз оқыту, жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын,

әлемдік ғылым-білім тереңіне бойлап, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең қажеттілік болып табылады.

Кез-келген әліпбидің міндеті графикалық, лингвистикалық, техникалық талаптарға сай болуы керек. Қазіргі таңда латын әліпбиі осы талаптар биігінен көрініп, үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Қазіргі әліпбиімізге байланысты жазуымызда орын алған қиындықтарды түзетіп, тіліміздің табиғи айтылымына қайшы келетін кемшіліктерімізден арылатын кез келді. Әр сөзді бабалар салған жолмен ұлттық үндесіміне қарай айтуымыз үшін жарыса қапталдап кедіргі келтіріп келген ескі әліпбиімізді латын әліпбиіне ештеңеден қорықпай алмастыра салуға мүмкіндік туды. Латын қарпі – өркениеттің жазуы, оқу құралы, өмір талабы [5.20]. Қазіргі жаңа заманда өмір сүріп, білім алу, еңбек ету, белгілі бір мамандықты игеру, т.б. адамның белсенді іс-әрекеттері мемлекеттік тіл мен ағылшын тілінен, оның жазуынан айналып өте алмайды. Латын әріптері өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі деп білеміз. Сондықтан жаңа әліпбиге өте байыппен қарап, барлық түйткілді мәселені жан-жақты ойластырып, сөздің дұрыс, сауатты жазылуына нұқсан келтірмей, емледе қайшылыққа жол бермей, тіліміздің ғасыр бойы қалыптасқан талаптарын бұзбай, ерекше дайындықпен көшуімізге барлық жағдай жасалып жатыр. Көптілділіктің мақсаты бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру болып табылады. Көптілділікті мемлекетіміздің болашағы, халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың маңызды құралы деп білеміз.

Қорыта айтатын болсақ, латын графикасы – көптілдік мәселесіне жол ашады, көптілді білім беру арқылы шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне еркін қол жеткізе отырып, жастардың болашақта маман болған кезінде де шетелдік әріптестермен кәсіби, ғылыми байланыстарын нығайтуына даңғыл жол ашамыз. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі, сондықтан жастарға көптілді білім беру бағдарламасы аясында болашақ ұрпақтың әлемдік деңгейде жеткен білімді еркін игеріп, әлемнің қай түпкірінде жүрсе де тіл мәселесінде кедергіге тап болмай, өзін еркін сезінуіне мүмкіндік жасаймыз. Тіл тек қана қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар шетелдік байланыстарды нығайтуға, әл-ауқатымызды дамытуға көмектесетін басты құралдардың бірі болып отыр. Көптілді білім беру – жаңартылған білім талабы, латын графикасы көптілдік мәселесіне жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Садуақас Н.А. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелері// «Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру: жаһандану жағдайындағы мемлекеттік тілдің дамуы» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Атырау: «Инфорсервис» баспа орталығы, 2018.-152-157 б.
2. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы. Фирма «Орнак» ЖШС, 2012. – 338 б.
3. Садуақас Н. А. Қазақ тілін латын қарпіне көшіру – заман талабы// Латынға көшу – өркениетке қадам / *Мақалалар жинағы* / Құрастырған: Кушкимбаева А., Матжан Ж., – Ақтөбе: Жұбанов университеті баспасы. 2017. – 75-85 б.
4. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Оқулық.-Алматы: Сөздік-Солварь, 2005.-272б.
5. Садуақас Н.А. Латын қарпі – өркениеттің жазуы, өмір талабы //Гуманитарлық зерттеу мәселелері (ғылыми мақалалар жинағы). №26. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, 2017. – 16-21 б.

Шетел тілдерін жеделдете оқыту барысында тілдік портфельді қолданудың ерекшелігі

С.Т.Төрешова.

*магистрант, «6М011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы,
Абылай хан атындағы ХҚЖӘНЕӘТУ, Алматы қ., Қазақстан.
toreshovas@mail.ru*

Қазіргі XXI ғасыр жаңа оқыту технологиялардың дамыған заманында шетел тілдерін білім алушыларға сапалы түрде үйрету үдерісінде көптеген оқыту әдіс - тәсілдері қолданылып, шетел тілдерін оқытуда көптеген жетістіктерге жетуде. Осындай тиімді оқыту әдістерінің бірі шетел тілдерін жеделдете оқыту әдісі болып табылады. 2018 жылдың 10 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған жолдауында " Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады. Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет. Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде. 2019 жылдан бастап 10-11-сыныптардағы жаратылыстану ғылымының жекелеген пәндерін оқытуды ағылшын тіліне көшіру басталатын болады. Нәтижесінде, біздің барлық түлектеріміз елімізде және жаһандық әлемде өмір сүріп, жұмыс істеуі үшін қажетті деңгейде үш тілді меңгеретін болады. Сонда ғана нағыз азаматтық қоғам құрылады." деп өзінің Қазақстан Халқына жолдаған жолдауында болашақ ұрпақтың жан - жақты жетіліп, сапалы білімен қаруландыру керектігін айта кетеді. [1, 1.]

Елбасымыздың көздеген мақсаты - еліміздің жастары сапалы да, дұрыс білім алып, болашақта Қазақстанның экономикасын көтеріп, дамытуда өз үлестерін қосып, алғыр да, тапқыр мамандық иесі болып шығуға көмектесу болып табылады. Ал, осы үлкен істерді жүзеге асыру үшін ең алдымен шетел тілдерін, соның ішінде ағылшын тілін жас ұрпаққа меңгертуге үлкен көңіл бөлініп, бала бақшадан бастап бүкіл білім алушыларға үйретіліп жатыр. Себебі, сапалы білімнің бастауы шетел тілдерін жетік меңгеріп, сол тілде өзінің ойын еркін жеткізе отырып, мәдениетаралық қатынасқа түсе алу қабілетін дамыту.

Осы тұста академик С.С. Құнанбаева XX- ғасыр соңында тілді меңгеру санасына қойылған әлеуметтік талаптарға жауап бере алу үшін ұтымды әдістемені іздеу тұйыққа тірелу дегенді көрсетпейді. Бұл бүгінгі әлеуметтік - тарихи жағдайлармен негізделген шетел тілін оқыту әдістемесінің алға дамуын көрсетеді. Жоғарыдай айтылғандай, өткен ғасырлардың 90 - жылдарында тілді мәдениет аралық қатысым құралы ретінде оқытуды талап ету, қатысымдық әдістеменің қалыптасып болмастан жаңа әдіске орын беруі, әдістеме эволюциясында мәдениетаралық - қатысымдық кезеңнің басталуына себепкер болады.

Шетел тілін оқыту әдістемесінің даму тарихы қалыптасқан объективтік жағдайлардың жаңа әдістемелік теориялары мен мүмкіндіктердің дамуына түрткі болғанын көрсетеді. Оқыту практикасы, оқытушылардың шығармашылықтары мен жаңаша ізденулері олардың ғылыми негіздемелерін басып озатынын көрсетеді. [2, 147.] Осылайша, ғалымның пайымдауы бойынша ғасырлар бойы шетел тіліне деген сұраныстың көбейуі мен сол сұранысқа сай мұғалімдердің жұмыс жасауы, яғни жылдар бойы шетел тілдерін үйрету барысында көптеген озық әрі жаңа да сапалы әдістемелердің ойлап табылуы мұғалімдердің жас ұрпаққа шетел тілдерін үйретуі одан ары қарай жетілдіріп, күннен - күнге сапасы артылып келуде.

Сонымен қатар шетел тілдерін білім алушыларға тез әрі сапалы, қандай да бір нәтижеге жететіндей, өзара қарым - қатынасқа түсе алатындай етіп оқыту барысында біздің зерттеу жұмысымызда жеделдете оқыту әдісін басшылыққа ала отырып, сол шетел тілдерін жеделдете оқыта отырып, тілдік портфельді оқушылардың білімін бағалау құралы ретінде қолданып, оларға шетел тілдерін тез әрі нәтижелі түрде үйренуге көмектеседі деп сенеміз. Сондай - ақ, зерттеу жұмысымыздың теориялық бөлімінде ағылшын немесе қандай да бір шетел тілін жеделдете оқыту барысында тілдік портфельді студенттің өзінің

білімін бағалау құралы ретінде қолдануын, шетел тілдерін үйрену барысында өз - өздеріне мотивация беру арқылы, үйреніп отырған тілге деген қызғушылығын арттыра отырып, өзіндік анализ жасай алу қабілетінде дамытуға болатының қарастырып кеткенбіз.

Жалпы шетел тілдерін жеделдете оқытудың негізі, яғни ең маңызды ескере кететін жағдай - ол оқыту процесінде жеке тұлғаның резервтік, бойындағы барлық тіл үйренуге қажетті мүмкіндіктерін ашу үшін арналған Болгар психотерапевті Георгий Лозановтың ұсынысы. Ресейде (КСРО) және шетелде ұсынылған тұжырымдаманың негізінде қарқынды оқытудың бірнеше әдістері пайда болды.

Интенсивті оқытудың анықтамасын Г. А. Китайгородская былай деп түсінік береді: «Когнитивті ойлау қабілетін байытуды тездету (субъектіні меңгеру) және адамның белсенді дамуын (моральдық-этикалық, шығармашылық және т.б.) пайда болған арнайы ұйымдастырылған оқыту коммуникациясы басқарылатын топтық өзара әрекеттер » [3, 178.] деп түсінік бере отырып, жеделдете оқытудың бірнеше тиімді жақтарын, шетел тілдерін үйретуде алып келетін нәтижелерін өз еңбегінде сипаттап, қалай қолдану керектігін айта өтеді.

Ғалымның айтуы бойынша жеделдете оқыту ол тек жылдам, қысқа уақыт ішінде шетел тілдерін оқыту ғана емес, бұл дегеніміз оқушыларға шетел тілдерін қысқа уақыт ішінде үйрете отырып, сол шетел тілдерінде бірте - бірте ойлауға үйрету болып табылады. Шетел тілдерін жеделдете оқыту мақсатында В.В. Петрусинскийдің "Кибернетикалық интегралды жеделдетілген әдісі" ересектерге шетел тілдерін жеделдетіп оқыту барысында дыбыстық - бейне техникалық құралдардың негізінде тілдерді оқыту болып табылады. Қысқаша айтқанда, ересектерге шетел тілдерін оқыту процесі техникалық құралдар көмегімен жүзеге асырылады. Қарқынды оқыту процесі кеінде білім алушыларға ұсынылатын материалдар үлкен көлемде ұсынылып, қысқа уақыт аралығында сол берілген материалды меңгертіп қана қоймай, бастапқы кезеңнен бастап жаңа кездескен сөздіктерді үйретіп, және берілген материалдарды автоматты түрде есте сақтатуға көмектеседі. Бастапқыда бұл жеделдетілген курсты 10 күннің ішінде бұрын сонды ағылшын немесе басқада шетел тілдерін оқып көрмеген жұмысшылар үшін ойлап табылған жеделдетілген әдістің бір түрі болып табылады. Бұл жеделдетілген курстың мақсаты - жұмыс қызметкерлеріне шетелде жұмыс іс- сапарымен болған кезде сол жақтағы басқада зерттеушілермен еркін қарым - қатынасқа түсу үшін ойлап табылған болатын, Бірнеше уақыттар өте келе бұл әдіс - тәсілдің ұтымды жақтары көп болғандықтан мектеп оқушыларына шетел тілдерін үйрету барысында қолданыла басталды. [4, 94.]

Бұл жеделдете оқытудың бұл түрі оқу процесін автоматтандырумен бірге оқыту бағдарламасымен және білім беру процесінің басқа қатысушыларымен қарым-қатынастың өзара байланысын анықтайды. Бірінші кезеңде оқушылар жеке бағдарламамен жұмыс істейді, топтық өзара әрекеттесу келесі кезеңдерде басталады. Ақырында, осы әдіспен оқыту кезінде мұғалім оқу процесіне тікелей қатыспайды, бірақ оны шет жағынан бақылай отырып, бағдарламаны дамытады, оқушылардың реакциясына байланысты оқыту курсы реттейді. Сондай-ақ, осы әдіс арқылы оқыту, қалыптасқан тілдік ортаға толығымен кіру, күн өткен сайын сол белгілі бір оқыту режиміне бейімделе отырып еш кедергісіз шетел тілінде қарым - қатынасқа түсе бастайды.

Білім алушының тілдік портфельін шетел тілдерін жеделдете оқытуда қалай қолдануға болатының көптеген ғалымдардың еңбегін зерттей келе түсінгеніміз, жеделдете оқытуда тілдік портфельді оқушының білімін, жетістіктерін сонымен қатар тіл үйренудегі қиындықтары мен қателерін түзету барысында қолдануға болады.

Зерттеуші Черепанова Л. В. өзінің зерттеуінде шетел тілдерін оқыту барысында тілдік портфельді оқушының рефлексиялық/танымдық қасиеттерін дамыту барысында қолдануға болатын таптырмас құрал ретінде қолдануға болатының айта кетеді. Зерттеушінің пікірінше тілдік портфельдің мақсаты - оқушылардың өзіндік білу қабілетін, яғни когнитивтік ойлау қызметіне бағытталған шетел тілдерін оқытуды қалыптастыру деп пайымдайды. Өзін-өзі бағалау мен мұғалімнің бағалауын салыстыра отырып, оқушы өз білімі мен дағдыларын бағалауда объективті тұрғыдан түсінуіне және мұғалімге оқушылардың сыни ойлау, рефлексия және өзін-өзі бағалауы қаншалықты

дәрежеде екенің, сандық және сапалық тұрғыдан алғанда оқушының оқу - танымдық қызметінің нәтижелерін бақылап отыруға бағытталғандығын түсінуге мүмкіндік береді деп айтады. [5, 56.]

Л.В. Баранников, Г.А. Голуб, Н.Ф. Коряковцева, Т.Г. Новикова и М.А. Пинская секілді ғалымдардың пікірінше "тілдік портфель" шетел тілдерін үйрету барысында білім алушылардың өздігінен білім алуға үйрете отырып, шетел тілдерін үйрену барысында өзін - өзін ұйымдастыруға көмектесу мен қатар сол тілді үйрену барысында өз білімдерін бағалау қабілеттеріне ие болады деп сене отырып, шетел тілдерін үйрету барысында таптырмас құрал ретінде өз еңбектерінде көрсетеді. [6, 153.]

Шетел тілін оқытуда өзіндік бағалау құралын жасау идеясы алғаш рет Швейцарияда он жыл бұрын пайда болған. Шетел тілдерін оқыту тәжірибесінде тілдік портфельді төмендегідей әртүрлі мақсаттарға байланысты тиімді пайдалануға болады:

- тілдік портфель шетел тілін меңгеру барысында оқушының жетістіктерін өзін – өзі бағалау құралы ретінде (**Self – Assessment Language Portfolio**);

- тілдік портфельді шетел тілдерін дербес үйрену құралы ретінде, яғни бұл жерде тілдік портфельді оқушының жазылым (**Writing Portfolio**), тыңдалым (**Listening Portfolio**), оқу (**Reading Portfolio**) және сөйлеу (**Speaking Portfolio**) белсенділіктерін дамыту барысында қолдану болып табылады;

- тілдік портфель шетел тілдерін меңгеру барысында әртүрлі мақсаттарды қамтитын, көп мақсатты тілдік портфель ретінде қолдану (**Comprehensive Language Portfolio**); [7, 15.]

Осы жоғарыда көрсеткен тілдік портфельдің бірнеше мақсаттарын талқылап, саралай келе біздің зерттеу жұмысымызға шетел тілдерін меңгеру барысында көп мақсатты тілдік портфель сәйкес келмек. Себебі, шетел тілдері ол тек жазылым, тыңдалым, оқу және сөйлей алу қабілеттерін дамыту ғана емес сонымен қатар өзінің бойындағы жинаған білімін дұрыс бағалай алу қабілеті болып табылады.

Шетел тілдерін үйрету барысында шетел ғалымдары, соның ішінде Pollari P. өздерінің зерттеу еңбектерінде "тілдік портфельді/портфолио" қарастыра келе, портфельді тілдерді және де басқа да пәндерді үйрету кезінде кез - келген салада қолдануға болатын икемді оқыту құралдардың бірі екенің айта отырып, шетел тілдерін үйрету барысында көптеген жетістіктерге жеткенін жазады. Сонымен қатар оқушылар тілдік портфельді қолдану арқылы өздерінің қызығушылықтарын аша отырып, шетел тілдерін жылдам әрі сапалы түрде үйренуге өздігінен ұмтылып отыратының айтып өтеді. [8, 105.]

Ғалым Щукин А. Н. өзінің шетел тілдерін оқытуға арналған әдістемелік кітабында тілдік портфолионы тілдерді меңгеру мен біліктілік деңгейінде оқушыларды жетілдіру құралы ретінде пайдалануға болатын икемді технологиялық құрал ретінде сипаттайды. Тілдік портфельді қолдану оқушының тілдік білімге баса көңіл аударудың «тілдік білім» тұжырымдамасынан «тіл мен мәдениетті игеру» ұғымына, яғни студенттің өз бетінше оқу іс - әрекетіне ауысуын көрсетеді. Сонымен қатар, тілдік портфолио осы шетел тілдерін оқыту процестің өзіндік «айнасы» ретінде қарастырыла отырып, онда студенттің рефлексиялық өзін-өзі бағалауы арқасында тіл меңгерудегі жетістіктері көрсетіледі деп пайымдайды.

[9, 256.]

Ғалымның пікірін саралай келе түсінгеніміз, тілдік портфельді тек қана шетел тілдерін үйретуде ғана қолданып, білім алушы ұрпақтың тілдік білімін жетілдіріп қана қоймай, сонымен бірге сол үйретіліп отырған тілдің мәдениеті туралы сауатын аша отырып, қазіргі таңдағы шеттілдік білім берудегі ең маңызды бағыттардың бірі болып келетін мәдениетаралық қатысымды да жетілдіреді деп айтсақ та болады. Себебі, білім алушы шетел тілдерін тілдік портфель арқылы оқып қана қоймай, күннен күнге сол тілдің мәдениеті туралы білімін жетілдіре отырып, кез - келген тақырыпта өз ойын білдіре отырып, қарым - қатынасқа түсу қабілетін үйретеді деп білеміз.

Қорытындылай келе, тілдік портфель шетел тілдерін жеделдете үйрету барысындағы жәй ғана білім алушылардың білімін тексеру құралы ғана емес, сонымен бірге оларға өздігінен білім алуға көмектесетін, әрі сол алынған білімді өздігінен саралай отырып, өздерінің осал тұстарын айқындауға көмектесетін құрал ретінде қолдануға болатының айта

кеткіміз келеді. Сондай - ақ, бұл шеттілдік білім беруде жеделдете оқытуда таптырмас көмекші құрал ретінде пайдалана отырып, білім алушыға шетел тілдерін үйренудегі білімін қызығушылықпен дамытатын, өзінің біліміне өздігінен баға бере алатын, өзінің жеткен нәтижелерін көрсететін құрал ретінде болса, мұғалім үшін студенттерінің білімін бағалайтын, өзінің де шетел тілдерін үйрету барысында істеген жұмыстарының нәтижесі мен қолданған әдіс - тәсілдерінің тиімділігін көрсететін тиімді әрі шетел тілдерін жеделдете оқыту барысында үлкен, оң нәтижелер әкелетін құрал ретінде қолдануға болатынына сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер;

1. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn/prezidenti-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar
2. Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. - Алматы: ҚазХҚжӘТУ, 2010 - 324 б.
3. Китайгородская, Г. А. Интенсивное обучение иностранным языкам. Теория и практика: Учебно-методическое пособие. М.: Высшая школа; Научно-образовательный центр «Школа Китайгородской», 2010 - 375 б.
4. Петрусинский В.В. Автоматизированные системы интенсивного обучения. - М.: Высшая школа, 1987, 192 с.
5. Черепанова Л. В. Дневник достижений учащегося по русскому языку 5 класса. - М.:Мнемозина, 2009. - 68 с.
6. Луферов Дмитрий Николаевич. "Языковое портфолио как технология организации самостоятельной работы студентов, изучающих дисциплину «Иностранный язык»" Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Педагогика, no. 4, 2017, pp. 152-163.
7. Кудрявцева Е.Ю. Использование языкового портфеля в изучении немецкого языка как второго иностранного. // Иностранные языки в школе. – 2007. – № 7 (22)
8. Pollari, P. «This is My Portfolio»: portfolios in Finnish upper secondary schools, IN Kennedy, Ch. Exploring Change in English Language Teaching. Macmillan Heinemann, p. 105
9. Щукин А.Н. Обучение иностранным языкам: Теория и практика: Учебное пособие для преподавателей и студентов. 3-е изд. - М.: Филоматис, 2007. - 480с.

Қ.Мырзалиев поэзиясындағы орыс тілінен енген сөздердің қолданысы

Р.Ж.Сисенбаева

Қазақ филологиясы кафедрасының
оқытушысы, магистр

М.Өтемісов атындағы БҚМУ

E-mail: raushan_sisenbaeva.71@mail.ru

Тілімізге басқа тілдерден, оның ішінде орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден еніп, сіңісіп кеткен сөздердің «басым көпшілігі ғылым мен техниканың, мәдениет пен әдебиеттің сан алуан салаларына байланысты терминдер» [1,152-б.] екені белгілі. Күнделікті сөйлеу тілімізде жиі кездесетіндіктен әдеби тілдік қорымызға да тез сіңіп кеткен. Өйткені, «сөздердің жаңа заттар немесе жаңа ұғымдармен бірге ену құбылысы тіл-тілде сөз алмасудағы басты және дағдылы құбылыс болып саналады» [1,152-б.].

Жалпы тілімізге өзге тілдерден енген кірме сөздер жөнінде айта келе К.Аханов: «Тілдің лексикасында ауызша енген кірме сөздер де (устные заимствования), жазбаша енген кірме сөздер де (письменные заимствования) бар» [1,154-б.],- дейді де, ауызша түрде енген сөздердің көпшілігі тұрмыс қажетіне байланысты зат атаулары да, жазбаша немесе кітаби кірме сөздерге көбінесе ғылыми-техникалық, әдебиет пен өнер т.б. арқылы енген және солардың белгілі бір саласына бейімдеп қолданылатын сөздер болып табылатындығын айтады. Ауызша түрде енген сөздерге тән ерекшеліктер – олар қабылдаушы тілдің дыбыстық (фонетикалық) заңдылықтарына, орфоэпиялық ерекшеліктеріне бағынып, бейімделеді де, жазбаша түрде енген сөздер көбінесе өркениет ұғымдарына телінген сөздер болғандықтан,

білдіретін ұғымы мен мәніне байланысты интернационалдық сөздер болуға икемделіп, тілден тілге ауысып, таралып отырады. Тілімізге орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген бұндай сөздер көбіне-көп өздерінің негізгі дыбысталу түрін сақтай отырып қолданылады.

Қ.Мырзалиев қолданысында да орыс тілінен енген *самолет, вертолет, завод* т.б. сөздерімен қатар, орыс тілі арқылы басқа тілден енген төмендегідей сөздер де осы аталған екі тәсілмен берілген:

1. Дыбысталу түрін сақтап қолданылған русизмдер (*музей, бюрократ, газет, завод, асфальт, диктатор, футбол, джунгли, артист, студент, фонтан, букет, парк, т.б.*).

Сол ұршықпен бір айналған қырық бұрым қуатты
Вертолеттің зырылдаған қалбағайы сияқты [2,279-б.].
Жағдай жоқ деп шағынба,
Жыр шарабын ішіп ал.
Жүнжіп кеткен шағында
Самолетпен ұшып ал!

Бірінші шумақта ақын аналитикалық тәсіл яки *сияқты* септеулігін қолдану арқылы биші қыздың бұрымын вертолеттің қалбағайына теңесе, келесі шумақта адамның мазасы жоқ кезінде босқа жүнжімей, жыр оқу арқылы самолетпен ұшқандай көңіл-күйінің биікке көтерілетінін көрсеткісі келген. Қоғам дамуына байланысты *самолет, вертолет* сөздері қазіргі уақытта қолданудан біртіндеп шығып, орнына тіліміздің сөзжасамдық тәсілдері арқылы *ұшақ, тікұшақ* деген жаңа сөздер пайда болып, қолданысқа енді.

Жамандықты көргенде жүзім суып,
Музейдегі қылыштай түнеремін! [3,22-б.]

Музей – *лат. Museum //гр. Museion* муза сарайы – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі [ескерткіштерді](#), өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, т.б. [мұраларды](#) сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын [мекеме](#) [4, 332-б.]. Қазіргі уақытта бұл сөз де сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған «*мұражай*» атауымен алмастырылған.

Арызбен кеп,
Бюрократ бастыққа

Бір кіре алмай қойған сорлы тәрізді [3,32-б.].

Бюрократ – *фр. bureaucrate* 1) азаматтардың мүддесіне нұқсан келтіріп, өз міндеттерін формалды түрде атқаратын қызмет адамы; 2) басқарудың [бюрократиялық](#) жүйесіне жататын ресми қызметтегі адам [4, 96-б.].

Мен өлгенде, ағайындар, **газетке**
Күліп тұрған суретімді беріндер! [3, 34-б.]

Газет - мерзімді, уақытша не бір рет қана шығатын басылым. Ежелгі Шығыс қалаларында көпшілік орындарға ілінетін хан жарлықтарынан бастау алады. 16 ғасырда [Венецияда](#) «жаңалық жазушылар орталығы» құрылып, арнаулы ақпараттарын «газета» (италияша *gazzetta* – базар нарқы туралы ақпарат сатып алуға арналған ұсақ ақша) деп аталатын тиынға сатты. [1631](#) ж. француздық «*La gazzette*» мерзімді басылымының шығуына байланысты «газета» термині осы заманғы мағынасына ие болды.

Арық қайда ағатұғын қылқылдап,
Алып **завод** алады дем ыңқылдап [3, 288-б.].

Завод - өндіріс процестері механикаландырылған [өнеркәсіп](#) орны [58, 54-б.]. Қазіргі таңда дыбыстық өзгеріске түсіп, «*зауыт*» формасында қолданыста.

Бірақ шындық қараға бояла ма?!

Көнбейді оған батыл ұл,
Оялы ана.
Сөйлетпесе сөйлетпес **диктаторлар**,
Ойландырмай халықты қоя ала ма?! [3, 41-б.]

Диктатор – (*лат. Dictator*) [шексіз](#) билікке ие болып, басқаруда өзінің қалауын іске асыратын басшы [4,168-б.].

Футболға жұрт келсе-дағы түстенбей,
Отырмайды желпінбей, не тістенбей.

Доп зу етіп торға түссе, гулейді ел,
Дұшпанының басын қағып түскендей! [3,300-б.]

Футбол - (*ағылшын football* <foot аяқ+ ball доп) спорттың командалық ойын түрі, әлемге аса танымал ойындардың бірі [4, 557-б.].

Селқостық көрсе бетінен
Қояды ел сезіп табанда.
Адамның бәрі шетінен

Артист боп кеткен заман ба! [3, 51-б.]

Артист – *фр. Artiste* (франц. *artiste*, лат. *ars* — өнер) — **опера** мен **балет** партияларын орындаушы, драм. спектакльдерде рөл ойнаушы, цирк ойын-сауығы мен эстрадалық концерттерге қатысушы. Кең мағынасында театр, **музыка** т.б. өнер саласында шығармашылық іспен айналысатын адам [4, 55-б.]. Қадыр ақын бұл өлең жолдарында кей адамдардың бірқалыпты, тура болмай, құбылып отыратын әдеттерін артистке ұқсатқан.

Барлық уақыт өзінменен өтеді,
Бақырғаның бір қиянға жетеді.
Сен шыңғырып,
Біз айқайлап әндетіп,
Үйдің іші **джунгли** боп кетеді [3, 121-б.].

Джунгли – **ағылшын jungle**, хинди мен мартхиша джангал — **орман**, ну орман — қалың, көбінесе **шырмауықтармен** шырмалған **бамбуктер** мен биік шөптер аралас өскен **ағашты-бұталы (жыңғыл)** ормандар. Кең мағынада джунгли деп өтуі қиын, жиі өскен ормандар мен бұталарды да атайды [4,163-б.]. Ақын бұл жолдарда балалы үйдің шуылын ормандағы түрлі үндерге ұқсатып *джунглимен* алмастырған. Бұл метафора өлеңге нақтылы мағына қосып, ойдың дамуына, семантикалық процеске серпіліс беріп тұр. Ол заттардың адам байқамайтын қасиеттерін байқауға көмектесіп, сол арқылы адамның ойлау дүниесінде күтпеген батыл ассоциациялар жасалады. Бұндай күтпеген, кенеттен болған салыстырулар тілге, сол арқылы шығармаға ерекше көркемдік беретіні сөзсіз.

2. Қазақ орфоэпиясы заңдылығына бағынып, өзгеріске түсіп қолданылған русизмдер (*бөшке, пәуеске, бөтелке, т.б.*):

Одан кейін – шүкіршілік,
Ол болса,
Баспанаға жарап жатыр **бөшке** де! [3, 53-б.]

Бөшке – орысша *бочка* - сұйық зат құю үшін ағаштан не темірден белдеу салып жасалған үлкен ыдыс. Ақын бұл өлең шумақтарында көне грек философы Диогеннің бөшкесін мысалға ала отырып, адамды шүкіршіл, қанағатшыл болуға шақырады.

Маңына шаң жуытпай,
Мінсең де сен **пәуеске**,
Мұның бәрін ұмытпай,
Марқайғанда ал еске,
Әлди, бөпем, әлди-ай! [3, 231-б.]

Пәуеске – орыс тілінде повозка, төбесін, сырттан былғарымен жапқан, ою-өрнек сап сәндеп жасаған күймелі жеңіл арба. Бай болсаң да өткенінді, тегінді ұмытпауың керек деген имандылық пен адамгершілік тәрбиені ақын бесік жыры арқылы әжеге айтқызады. Қадыр да басқа талант иелері сияқты халық ауыз әдебиетінен, халықтың ой-мәдениетінен, халықтың ұлттық сипатынан, дәстүрінен көп үйренген. Ақын бұл жерде дәулетті адамның бейнесін жасауда метонимия тәсілін /пәуескені ауқатты, байлар мінген/ тапқырлықпен қолданған.

Ойыншыға көңілі елдің толғанда
Бөтелкелер шыға келер босап-ақ! [3, 300-б.]

Бөтелке – *поляк butelka*, Сұйық зат құю үшін арнайы жасалған шыны ыдыс.

Толтырып ап **ләмпәсиге** қос қолды,
Тапсам сені, менде көңіл қош болды [3, 132-б.].

Ләмпәси - **Монпансье** (*фр. Montpensier*) – түрлі-түсті өткір хош иісті уақ мұз кәмпиттер.

Дюманың атақты романындағы Гранд Мадемуазель деген атпен белгілі герцогини Монпансьенің есімінен шыққан. Бұл атау боялған ірі бейнелі (аю, этеш т.б.) мұз кәмпиттер мен тік бұрыш немесе дөңгелек пішінді (түссіз, барбарис, театральные, мятные) мұз кәмпиттерден ажырату үшін Ресейде қабылданған [5].

Ақын шығармаларындағы осындай сөздердің кездесуі бірінші жағынан, сол ақын өмір сүрген кезеңдегі әдеби тіліміздің орыс тілі элементтерімен толыға түсіп, тілдік қор құрамының даму эволюциясына әсер еткен кезеңдер белгісінің көрінісі болса, екінші жағынан, ақын қолданысында олар өзгеріп, түрленіп, мағыналық, дыбыстық жағынан құбылып, көріктеу құралдары ретінде де стильдік, функционалдық қызмет атқаратындығымен ерекшеленеді.

Қорыта айтқанда, Қ.Мырзалиев поэзиясының тілдік қабаттарына шолу жасау арқылы біз оның қазақ тіліне тән тілдік байлықтың қай түрін болса да еркін пайдалану арқылы, заманға, замандастарына деген көзқарасынан туындаған ойын тыңдаушысын тәнті етер небір оралымды сөз қолданыстары арқылы дәл жеткізе білгенін аңғарамыз. Бұл жағынан келгенде, ақынның өз замандастарынан озық тұстарын да, кейбір ортақ ерекшеліктерін де байқауға болады. Ал мұндай тілдік ерекшеліктерді теориялық тұрғыдан тереңірек зерттеп, ғылыми айналысқа түсіру алдағы уақыттың еншісінде деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 496 б.
- 2 Мырза Әли Қадыр. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2001. – Т.3. – 392 б.
- 3 Мырзалиев Қ. Көш. – Алматы: Жазушы, 1973. – 306 б.
- 4 Словарь иностранных слов. – Москва: Русский язык, 1988. – 624 с.
- 5 <https://kk.wikipedia.org>

Жаңартылған білім беру жағдайында өзге тілді оқушыларға қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың тиімді әдістері

Жаксыгулова Алима Каиржановна

қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, «Шаңырақ» мемлекеттік емес білім беру мекемесі» оқу кешені, email <alim_zh64@mail.ru>

Мектептің басты міндеті - оқушыларды берік білім, біліктілік және дағды алып, оларды өз тәжірибесінде қолдана алатын дәрежедегі өз бетінше өмір сүруге дайындау. Соңғы жылдары білім беру мазмұнында болған өзгерістер жалпы оқыту әдістемелерінің өзгеруіне алып келді. Оқу процесін дараландыруға, оқу мотивациясы мен оқу дербестігін арттыруға ықпал ететін оқытудың өзге тәсілдерін қолдану қажеттілігі туындады.

Орыс тілді мектепте қазақ тілін оқытудың өз ерекшеліктері бар. Бұл жұмыста қойылған мақсаттар - қазақ тілін үйренудің коммуникативтік тәсіліне сүйене отырып, ауызша сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру.

Біз әрбір бала жеке тұлға, шығармашылық тұлға екенін білеміз. Сондықтан оның талантын дамыту, шығармашылық тұлға ретінде тәрбиелеу - уақыт талабы. Әдебиетке оқушылардың назарын қалай аудару керек, шығармашылық белсенділікті қалай дамыту керек? Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиетіне өзге тілді оқушылар арасынан қызығушылық танытқан балалар саны тым көп емес екенін ескерсек, бұл бағыттағы жұмыс мұғалімнен тек білім мен тәжірибені ғана емес, сонымен қатар батыл бастамашылық пен үлкен күш-жігерді талап ететіні сөзсіз. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесін жетілдіруді ойлаудың креативтілігі мен стандарттан тыс жағына қарай бағыттау қажет.

Креативтілікті дамытуға ықпал ететін кең интеллектуалдық әлеуеті бар тұлғаны дамыту қажеттілігі жаңартылған оқыту бағдарламасы бойынша талаптарда көрсетілген. Аталған талаптарда мұғалімдердің оқушылардың білімі мен дағдыларын дамытуда ғана емес, сонымен қатар олардың жеке қалыптасуына, даралану маңыздылығын назарға ала отырып оқушылардың білім алу жолдарына дағдылануын қалыптастыруға жеткілікті уақыт бөліп, өз құзыреттіліктерін көрсетуі тиістілігі айқындалған. [1.132]

Осыған байланысты қазіргі уақытта қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңартылған бағдарламаның (сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиялары) тәсілдерін қолдану ерекше өзектілікке ие.

Орыс тілді аудиторияда жұмыс істейтін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі үшін педагогикалық қызметтің негізгі мақсаты-мемлекеттік тілді іс жүзінде меңгеруді қалыптастыру. Оқу іс-әрекеті кезінде әртүрлі әдістемелік тәсілдерді қолдану оқушылардың танымдық қызметін жандандыруға, оқыту мен тәрбиелеуде гуманистік тәсілдерді практикада іске асыруға, оқушылардың білім деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақ тілі мен әдебиетінің заманауи сабағы қандай болу керек? Білім алушыларға қазақ тіліне деген қызығушылықты қалай арттыруға болады? Бұл мәселені, егер оқытудың дәстүрлі емес түрлерін, балаларды өз бетінше білім алуға белсендіретін жаңа тиімді әдістер мен тәсілдерді кеңінен қолдану арқылы шешуге болады. Өз қызметімнің негізгі нәтижесі ретінде, балалардың пән бойынша берік білім, біліктілік және дағды алуы, оларды тәжірибеде қолдана білуі деп есептеймін. Егер білім алушылардың білімі мен іскерліктері қатаң бірізділікпен, бірте-бірте, білім алушының қиындықтар мен күрделілік сатылары бойынша көтерілу ретімен меңгерілсе, білім беруде табысты нәтижелерге қол жеткізуге болады. Бұл үшін әрбір жаңа сабақ алдыңғы сабақтарға негізделуі, сабақтарда әрбір оқушы белсенді және қызықты жұмыс жасауына барынша қамқорлық жасалуы қажет.

Орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында келесі тәсілдерді қолдану жақсы нәтижелерге мүмкіндік береді; олар: "Миға шабуыл", "Бақылау сұрақтары әдісі", "Фантазиялар биномы", "Ассоциациялар әдісі", "Синквейн", "Сараптама", "Қатені тап", "Жұмбақ", "Әйлер шеңбері", "Қалай ойлайсыз?" ойыны, "Инсерт", "Кластер", "Болжау ағашы", "Суретті жандандыр", "Зигзаг", "Борттық журнал", "Аялдамалармен оқу", " т. б.", "Иә – жоқ" ойыны, "Судағы шеңберлер", "Дұрыс – бұрыс", "Сөздік карта" ойыны. Аталған технологиялар ақпаратты меңгеріп қана қоймай, оны сыни бағалауға, ұғынуға және қолдануға мүмкіндік береді.

Мен қазақ тілінің мұғалімі болғандықтан, басты міндет балаларды оқуға, жазуға, грамматикалық ережелерді қолдануға үйрету ғана емес, балаларды сөйлеуге үйрету, олардың коммуникативтік дағдыларын дамыту болып табылады. Сондықтан, өз жұмысымда мен оқушылардың диалогқа, бірлескен әңгімеге қатысуына аса мән беремін. Выготскийдің пікірінше, білім оқушының диалогқа, бірлескен әңгімеге тартылуы нәтижесінде пайда болады. Оқушылардың сыныптағы бірлескен әңгімесі өте пайдалы, себебі оқушыларға тақырыпты түсінуіне мүмкіндік береді, олардың адамдарда әртүрлі ойлар болуы мүмкін екенін түсінуіне көмектеседі, оқушылар өз ойларын дәлелдей отырып мұғалімге оқушылардың оқу процесінде қандай сатыда екенін түсінуге көмектеседі. [1.213] Әдетте, жаңа тақырыпты оқыту білім алушылардың бар білімдеріне негізделеді. Осыған байланысты тақырып бойынша балалардың нені есте сақтайтынын анықтауға мүмкіндік беретін дәстүрлі сұрақтардың орнына "инсерт" әдісін қолдануға болады.

Теориялық материалдармен өз бетінше танысу кезінде оқушылар "V" – білемін, "+" – Мен үшін жаңалық" - " - Басқаша ойлағанмын", "?" - «Түсінбедім, сұрақтарым бар» белгілерін қояды. Содан кейін бұл жұмыстың нәтижелерін барлық оқушылар талқылайды. Бұл әдіс оқушылардың біліміндегі кемшіліктерді жоюға көмектеседі.

Оқылған (сыныпта немесе үйде) материалды жинақылап көрсету де маңызды тәсіл. Бұл іскерлікті дамытуға "кластерлер" әдісі көмектеседі, ол мәтіннің мағыналық бірліктерін бөліп көрсету үшін белгілі бір тәртіппен графикалық безендіру болып табылады. Кластерлер жүйесі әдеттегі жазбаша жұмыста қамтуға болатын көп ақпараттарды

камтиды. Көркем мәтіндерді талдау кезінде өзара оқыту жүреді, ал бұл тілдік тұлғаның қалыптасуына жағдай жасайды. Сондықтан өз тәжірибемде коммуникативтік-топтық әдіске артықшылық беремін. Әр түрлі білім деңгейі мен шығармашылық мүмкіндіктері бар 5-6 оқушыдан тұратын топ құрамына әр түрлі жұмыс түрлерін ұсынамын, олар: дискуссиялар, рөлдік ойындар, мәтінді талдау.

Сабақта мұғалімнің шығарма жазу, сөзжұмбақтар жасау, шығармашылық зертхана, мәтінді талдау сияқты әр түрлі жұмыс түрлерін қолдануы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жақсы ықпал етеді.

Шығармашылық дегеніміз не? Шығармашылық – бұл білімнің, шеберліктің жаңа комбинацияларын қалыптастыруды ұйымдастыру негізінде бұрын болмаған жаңа білімге қол жеткізу. Ол жаңа білімге, ойға деген қажеттілікті қозғайды, адамды іздеу атмосферасына енгізеді.

Әр тұлғаның шығармашылыққа қабілеттілігі оның креативтілігінің белгісі болып табылады (лат. creato-шығармашылық). Сондықтан тәрбие, білім беру ісінде "шығармашылық" ұғымы әдетте "қабілет", "даму", "тұлға", "дарындылық" ұғымдарымен байланыстырылады. Барлық уақыттарда кез-келген іске ерекше, стандарттан тыс жолмен қарай білетін адамдар бағаланып, шығармашыл тұлғаның қалыптасуы өзекті мәселе болып қала береді.

Шығармашылық танымдық процесті жандандырып, белсенді саналы тұлғаны қалыптастырады. Оқылатын көркем шығармаларды қабылдау кезінде, оларды талдау, қайта болжау, драматургиялау кезінде балалар шығармашылығы ерекше көрініп, әдебиет арқылы оқушылардың рухани байлыққа бой ұрғаны байқалады.

Ал орыс тілді оқушыларды оқытудағы басты мақсат - қазақ тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне деген қызығушылықты ояту, оқушылардың сөздік қорын толықтыру.

Ойын технологиялары да тиімді әдістердің бірі болып табылады. Мұнда тапқырлық пен парасаттылық білім алуда шешуші сәттер болады. Ойын барысында өз бетінше ойлау, зейінді дамыту және білімге ұмтылу қабілеті қалыптасады.

Ойын сәттері оқу іс-әрекетін белсендіруге ықпал етеді. Білім алушылар белсенді жұмыс істейді, тілдік қорлары дамиды. Олар сөйлеуде "менің ойымша", «менің түсінігімше» деген сөздерді қолдана отырып өз пікірлерін батыл айтады.

Аталған технологияларды пайдалану оқу-танымдық құзыреттілікті қалыптастырады және дамытады, пәнді оқуға оқушылар ынтасын күшейтеді. Білім алушылардың оқу деңгейі жоғарылайды, коммуникативтік қабілеттері дамиды.

Әдістемелік дұрыс ойластырылған ойын, бір жағынан, оқушылардың оқылатын тілге қызығушылығын оятады, сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектеседі, сөйлеу қызметін табиғи нормаларға жақындатады, ал екінші жағынан –тілдік материалмен жемісті жұмыс істеуге көмектеседі және оқытудың коммуникативтік бағытының талаптарына жауап береді. Жаңа тілдік материалды таныстыру, өткен лексикалық және грамматикалық материалдарды бекіту және белсендіру кезінде ойын жағдайлары жиі пайдаланылады. Олар оқушылардың қазақ тілінде сөйлеу деңгейін көтеруге ынталандыруға, лексикалық бірліктер мен грамматикалық құрылымдарды есте сақтау мен практикалық іс-әрекет барысында тілдік материалды меңгеруге көмектеседі. Сабақта ойнаудың өз ерекшеліктері бар, оны ұйымдастыру кезінде келесі жағдайлар ескерілуі тиіс. Ойын қатысушыларға қол жетімді, олар орындай алып, қолдайтындай болуы тиіс. Және де тілді меңгеруге себеп туғызуы үшін ойын қызықты болғаны жөн, ойын барысында жақсы жағдай, өзара көмек пен бір-біріне қолдау көрсету атмосферасы, таным мен соңғы нәтижемен қанағаттану қуанышы болулары тиіс.

Балалар синквейндерді де қуана жазады. Мұндай жұмыс, оқушылардың эмоционалдығын білдіруден басқа, сөзжасау тәсілдерін қолдана отырып, сөйлеудің әртүрлі бөліктерін көрсете отырып, лексикамен жұмыс істеулеріне мүмкіндік береді. Бұл әдісті "синонимдер, антонимдер, омонимдер" тақырыбын оқу кезінде табысты қолдануға болады. Жұмыстың мұндай түрі балалардың танымдық қызығушылығын арттырады, бұл оқушылардың оқу үрдісінде шығармашылық белсенділігін дамытуға және тілді терең меңгерулеріне үлкен мүмкіндік береді. Бұл әдіс тіл үйренудің кез келген сатысында

сөйлеудің лексикалық жағы бойынша жұмыс істеу кезінде өте тиімді. Ол оқушылар жадында оқыған лексикалық бірліктерді белсендіруге мүмкіндік береді және жадының әр түрлі түрлерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, лексикалық бірліктерді енгізу үшін тақырып бойынша жұмыстың бастапқы кезеңінде де, рефлексия кезінде де қолдануға болады.

"Сөздік карта". Бұл әдіс жаңа лексиканы меңгерудің тиімділігін арттыру және өткенді бекіту үшін қолданылады. Сөздік карталарымен жұмыс істеуге біз оқу жылының басынан бастап кірісеміз. Барлық сыныптарда оқумен және оқылғанды түсіну үшін аударманы орындаумен байланысты күрделі мәселелер пайда болады. Сондықтан сөздік қорын толықтыру біздің күнделікті жұмысымыздың ажырамас бөлігіне айналады және мәтінмен жұмысты жеңілдету үшін біз оқушылармен сөздік карталарын толтырамыз.

"Миға шабуыл" – бұл әдісте оқушылардың қойылған сұраққа кез келген жауабы қабылданады. Бұл әдісте айтылатын көзқарасқа бірден баға бермеу, барлық жауаптарды қабылдау және әрбір адамның пікірін тақтаға немесе қағаз парағына жазу маңызды. Және де қатысушылар олардан негіздемелерді немесе жауаптарды түсіндіруді талап етілмейтіндігін білуі тиіс.

Белгілі бір мәселеге қатысушылардың ақпараттылығын, көзқарасын немесе қатынасын анықтау қажет болған кезде "миға шабуыл" әдісі қолданылады. Осы жұмыс түрін жетістіктер туралы куәландыратын кері байланыс алу үшін де қолдануға болады. [1.223]

"Миға шабуыл" аяқталғаннан кейін (орта есеппен 4-5 минут уақыт алуы тиіс) жауаптардың барлық нұсқаларын талқылау, басты және екінші дәрежелі жауаптарды таңдау жүргізіледі.

"Миға шабуыл" келесі жағдайларды тиімді әдіс болып табылады:

- даулы мәселелерді талқылау;
- талқылауға қатысуға сенімсіз білім алушыларды ынталандыру;
- қысқа уақыт ішінде көптеген идеялар жинау;
- аудиторияның дайындығын анықтау.

"Суретті жандандыр" әдісі білімді жүйелеу үшін әмбебап құрал болып табылады. "Жандандырумен" жұмыс істеу кезіндегі қиял шексіз, сондықтан бұл оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытудағы таптырмас әдіс деп батыл айтуға болады. Бұл әдістің мәні - оқушыларға қандай да бір сурет көрсетіліп, суреттен туындаған ойлар мен сезімдер туралы сұрақтар сериясына жауап беру ұсынылады. Сонымен қатар, жауаптар автордың немесе көрерменнің пікірін ғана емес, осы суретте бейнеленген нысандардың сезімдерін де көрсете алады. Мысалы, "отбасы" тақырыбына сурет және сұрақтар беріледі. "Бақылау сұрақтары әдісі". Бұл әдіс қойылған тапсырманы шығармашылықпен шешуге мүмкіндік береді. Бұл репродуктивті формаларға қарсы жұмыстың белсенді түрі. Ол зерттелетін пән немесе объект туралы ақпаратты сұрақтар арқылы алуға, өз ойларын қысқаша білдіруге, бір-бірін тындауға және естуге, тақырыпты зерделеудің жаңа (шығармашылық) тәсілдерін іздеуге мүмкіндік береді. Тапсырманы шешу барысында бақылау сұрақтары қолданылады. Олар жұмыс процесін жеңілдетеді және оқушылардың ойлауын ықтимал жауап беру саласына бағыттайды. Алайда, бұл жұмыс әдісін сөйлеу үшін лексикалық қор жеткілікті болған жағдайда тақырып бойынша жұмыстың қорытынды кезеңдерінде қолдану керек.

"Жұмбақ" тәсілі қазақ тілін үйренудің кез келген сатысында сөйлеудің лексикалық жағы бойынша жұмыс істеу кезінде өте тиімді. Ол оқушылар жадында оқыған лексикалық бірліктерді белсендіруге мүмкіндік береді және жадының әр түрлі түрлерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл әдісті лексикалық бірліктерді енгізу үшін тақырып бойынша жұмыстың бастапқы кезеңінде қолдануға болады. Мысалы: "жануарлар" тақырыбы. Кез келген жануардың суреті "жасырылады". Бұл нені болжау қажет. Бағыттайтын кеңестер беріледі (Ол орманда болады. Ол айлакер. Түлкі)

"Аялдамалармен оқу (қарау, тындау)", бұл тәсіл проблемалық мазмұнның мәтінін оқу кезінде, сондай-ақ аудио және көрнекі құралдармен жұмыс кезінде тиімді. "Аялдамалармен оқу" әдісі материалды егжей-тегжейлі өңдеуге көмектеседі. Сонымен

қатар, оқушылар қиялдау, фактіні немесе оқиғаны сыни бағалау, өз пікірін айту мүмкіндігіне ие. Бұл жерде материалды түсіну кезеңінде сыни тұрғыдан, сондай-ақ оқиғаларды болжау кезеңінде шығармашылық тұрғыдан да оқыту жүргізіледі. Және де барлық лексика-грамматикалық дағдылар талап етіледі, себебі оқушылардан байланысты монологиялық пікір талап етіледі. Мұндай мақсатта оқушылардың сөйлеу қызметін нақты грамматикалық арнаға бағыттауға болады.

Мысалы, кез келген ертегіні, қойылымды немесе мультфильмді қазақ тілінде аялдамалармен көруге болады, оларды оқушылардың түсіну деңгейін мазмұн бойынша сұрақтар қою жолымен тексеруге болады.

Белгілі әдіскер ғалым Қ.Бітібаеваның еңбектерінде қазақ әдебиетін оқыту әдістері мынадай түрлеріне бөлінген. [2.24]

Баяндау әдісі. Әдебиет сабақтарында баяндау әдісі деп мұғалімнің монологті сөзі арқылы оқу материалдарының түсіндірілуін айтады.

Түсініктеме бере отырып оқу әдісі. Бұл әдіс көлемі шағын шығармаларды немесе қысқа үзінділерді мәтіннің мазмұн жігіне қарай бөліп оқи отырып, жол-женекей талдау жасап отыру мақсатымен қолданылады.

Әңгіме әдісі. Әңгіме әдісінде қойылатын сұрақтар үш жүйеге бөлінеді.

Шығарманың тақырыбын, жоспарын, кейіпкерлерінің, образдарының құрамын, сюжетін айқындауға арналған сұрақтар, шығарманың жалпы идеялық мағынасын, образ-характерлерін, олардың өзара байланысы мен қарым-қатынасын, композициялық құрылысын, тіл ерекшеліктерін айқындауға, талдауға арналған сұрақтар, шығарманың қоғамдық, әдебиеттік

маңызын ақын, жазушының стилі мен көркемдік шеберлігінің ерекшеліктерін, жалпы шығарманы талдау жұмысын жинақтап, қорытындылауға арналған сұрақтар.

Аталған әдістерді атап көрсете келе жаңартылған білім беру технологияларының негізгі құндылығы оқушылардың қазіргі әлемде сұранысқа ие бірқатар біліктіліктерін (құзыреттіліктерін) қалыптастыруы болып табылатыны атап көрсетуге болады, олар:

- рефлексивті біліктіліктер;
- іздеу (зерттеу) шеберлігі;
- ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдысы;
- менеджерлік біліктер мен дағдылар;
- коммуникативті іскерліктер.

Орыс тілді оқушыларды оқытудағы басты мақсат - қазақ тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне деген қызығушылықты ояту, оқушылардың сөздік қорын толықтыру екендігін атап көрсете келе келесі жағдайларға тоқталған жөн. Қазақ тілі мен мәдениетіне қызығушылықты арттырудың аса тиімді жолы ретінде аталған оқушыларды қазақ тіліндегі сыныптан тыс жұмыстарға көптеп қатыстыру жолын қарастыруға болады. Мысалы, өз тәжірибемдегі «Тілдер күні», «Тәуелсіздік күні», «Наурыз мерекесі» салтанаттарына арналған қазақ тіліндегі мерекелік қойылымдарға орыс тілді оқушылардың, оның ішінде өзге ұлт өкілдерінің қатыстырылуы нәтижесінде жалпы мектеп бойынша оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне деген қызығушылықтарының ерекше артқанын айта кеткенім жөн деп ойлаймын. Аталған шараларға дайындық кездеріндегі орыс тілді оқушылардың қазақ тіліндегі «тілдік ортада» болуы, оларға ерекше әсер қалдырып қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне деген ынталарының көтерілгенін ерекше атауға болады. Мұның дәлелі ретінде әрбір келесі осындай қазақ тіліндегі мерекелік шараларға қатысуға тілек білдіруші өзге ұлт өкілдерінің санының барған сайын арта түсуін мысалға келтірер едім.

Қорытындылай келе айтқым келетіні, әрбір бала жеке тұлға, сондықтан оның талантын дамыту, шығармашылығын шыңдау жолында балаларды өз бетінше білім алуға жетелейтін жаңа тиімді әдістер мен тәсілдерді кеңінен қолдану арқылы оқушылардың берік білім, біліктілік және дағды алып, оларды өз тәжірибесінде қолдана алатын дәрежеге жеткізу жолында еңбек ету - бүгінгі ұстаздар қауымына жүктелген абыройлы міндет деп

білемін және әріптестеріме осы еліміздің жарқын болашағына бағытталған ұлағатты қызметте абыройлы табыстар тілеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Мұғалім үшін нұсқаулық»
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.г Алматы: «Рауан», 1997.

Мәдениетаралық коммуникативтік қатысым құзыреттілігін қалыптастыруда рөлдік ойындар сипаттамасы, ерекшеліктері

У.Д.Сарманова

*Магистрант, «6M011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы»
Абылай хан атындағы ХҚжәнеӘТУ, Алматы қ., Қазақстан
Ulpan_95-95@mail.ru*

Ойын педагогика мен психологияда жеке тұлғаны дамытудың ықпалды факторы деп танылған.

Ойындарды жүйелі зерттеуді ең алғаш XIX ғасырдың неміс ғалымы К.Гроссом қолға алған. Неміс психологы К.Бюлер ойынды «функционалды қанағат» -қа жету үшін бағытталған іс – әрекет деп сипаттаған. Фрейд ойын іс-әрекетін терең инстинкт түсінігінде қабылдайды. Д.Б. Эльконин ойынды мінез – құлықты басқаруды қалыптастыру және жетілдіру іс- әрекеті деп есептеген [1]. Ойында білім алушының әлеуметтенудегі еркіндігін жетілдіруге, белгілі бір халыққа тән рухани құндылықтары мен нормаларын, білімдерін игеруге ықпалын тигізеді. Ойындар қоғамдағы мінез – құлықтың типтік дағдыларын қалыптастырады, топтық немесе жеке іс –әрекетке, бәсекелестік немесе ынтымақтастыққа бағыттайды, этникалық ұқсастықты, қарым – қатынастағы стереотиптерді қалыптастырады.

Ойын іс – әрекетінде білім алушы өзін тұлға ретінде дамытуға ұмтылады, себебі, оған нәтижесінен гөрі, ойын барысы маңыздырақ. Ойын білім алушының өзбетінше, еркін тұлға ретінде іс-әрекет жасауына мүмкіндік беретін әлеміне айналады. Ойынның мұндай қызметін жоспардың орындалуы немесе ниеттенуі деп атауымызға болады.

Ойын – оқыту әдісінің түрі. Тілді үйрету мен дамытуда ойын - мақсатты іс әрекет болып есептелінеді. Ойынның мақсаты – білім, білікті және дағдыларды қалыптастыру, тиянақтау және бекіту, қимылдарды қайталау немесе тексеру сипатында болады.

Білім алушылардың танымдық қызметін және мәдениетаралық коммуникативтік қатысым құзыреттілігін дамытуда сөздік жаттығулар, рөлдік ойын түріндегі жаттығулар орын алады. Осының бәрін тілдік ойындарға жатқызуымызға болады. «Тілдік ойындар (языковая игра) – тек тіл ғана көрініс тапқан ойын емес, онда өмірлік ахуалдар бар, тіл арқылы көрініс беретін шындық» деп орыс ғалымдары В.П.Руднев те, Витгенштейн де санайды. Себебі, тілдік ойындар арқылы білім алушылар өзара қарым- қатынасқа түсу барысында түрлі жағдаяттарды, қоғамдық мәселелерді жан – жақты қарастырып, талқыға салады.

Отандық және шетелдік әдебиеттерде шетел тілінде қарым – қатынас жасауға үйрету мақсатында оқытудың барлық белсенді технологияларының ішінде жиі рөлдік ойындар технологиясы пайдаланылады. Рөлдік ойын шетел тілін оқытуда қолданылатын ең қызықты әдістердің бірі болып табылады. Ол ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі, студенттерге жаңа тіл мен мінез – құлық іскерліктерін дамытуға және жаттықтыруға ықпал етеді.

Бұл ойын арқылы балалар өздерінің негізгі әлеуметтік қажеттілігін - үлкендермен бірге өмір сүруге ұмтылысын қанағаттандырады, өйткені бұл қажеттілік олардың еңбегіне қатысудың негізінде қанағаттандырылуы мүмкін емес. Өзімен-өзі жүрген балалар өзара бірігіп, қоғамдасып, үлкендердің әлеуметтік қатынасы мен еңбек іс-әрекеттерінің негізгі белгілерін қайталайтын ойын ұйымдастырып, өздері үлкендердің ролін орындауды алады.

Сөйтіп, өндіріс пен өндірістік қатынастардың күрделіленуіне байланысты баланың қоғамдағы ерекше орнына олардың үлкендермен ортақ өмірінің ерекше формасы ретінде біреудің рөлін ойнау пайда болады.

Рөлдік ойында заттың іс-әрекеттерді жаңғырту екінші кезекке ығысады да, қоғамдық қатынастар мен еңбек функциясын жаңғырту бірінші кезекке шығады. Сол арқылы баланың үлкендермен байланыс жасауы мен ортақ өмірінің қоғам мүшесі ретіндегі негізі қажеттілігі қанағаттандырылады.

Рөлдік ойын – оқу мақсатында қолданылатын сөйлеу жағдаятын ұйымдастырудың бір формасы. Рөлдік ойын негізінде оқушылардың өзара бөлістірілген рөлдері мен қарым – қатынас жағдаятына сәйкес ұйымдастырылған коммуникативтік қарым – қатынас алынады. Оқытудың бұл формасын зерттеу бірнеше бағытта жүзеге асырылады. Ерте жаста іс әрекеттің рөлдік ойын формаларын зерттеу (Д.Б.Эльконин, Н.Я.Михайленко), шетел тіліне оқытуда оқу сөйлеу жағдаяттарын қолданудың әдістемелік негіздері (Е.И.Пассов, В.Л.Скалкин, Г.А.Рубенштейн, Е.И.Матецкая, Г.В.Рогова), жағдаяттық рөлді әдістемелік ұғым ретінде анықтау (М.Л.Вайсбурд, М.А.Ариян), сөйлеу әрекетін әдістемелік категория және оқу процесін ұйымдастыру формасы ретінде анықтау (А.М.Стойновский, Е.И.Пассов), шетел тілінде қарым- қатынас жасауға оқытудың интенсивті әдісі (Л.Г.Денисова, С.М.Мезенин, Ф.М.Рабинович, Т.Е.Сахарова), рөлдік қарым- қатынасты қолдана отырып, диалогтық сөйлеуге үйрету тәжірибесін жалпылау (Н.К.Склярченко, Т.И.Олейник) [2]. Берілген бағыттар бойынша бірқатар ғалымдардың жұмыс жасағанын көреміз және олардың барлығы шет тілін үйретуде рөлдік ойындарды қолданудың тиімділігін атап көрсеткен. Себебі рөлдік ойындар негізінде білім алушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдысы қалыптасады, тілді мәдениетаралық қарым- қатынас жасаудың басты құралы ретінде қолдану мүмкіндігіне қол жеткізеді, қолданыста жиі болатын тілдік бірліктерді, лексиканы жаттайды, үйреніп жатқан тілдің грамматикасын танып және сауатты қолдана білуге үйрету, диалогты, пікірталасты, іскерлік әңгімелерді жүргізе алу қабілетін дамиды, қолда бар білімді, тәжірибені, әртүрлі жағдайдағы қарым-қатынас дағдыларын пайдалану мүмкіндігіне ие болады.

Рөлдік ойындар оқытудың әртүрлі сатысында шетел тілін зерттеуге ғана көмектеспейді, сонымен бірге оқушының жоғары психикалық даму сатысына көшуінде рөл атқарады.

Рөлдік ойындардың көптеген теорияларының ішінде оның психологиялық ерекшелігін ашып көрсетуде Л.С.Выготскийдің болжамы маңызды болып табылады. Рөлдік ойынның ең басты сипаттамасы оның пікірінше: «баланың ерекшеліктерінің рөлін қабылдауында және оның рөлдік ойын әрекетінде орындауында қамтылатын жағдаяттардың ең аз санын құру» [3]. Психологтар (Зимняя И.Я., Леонтьев А.Н., Королева Н.В. және т.б.) рөлдік ойындар адамдардың қызмет саласына және олардың арасындағы қарым- қатынасқа өте жақын екендігін айтады. Сондай ақ Выготский Л.С. рөлдік қарым- қатынас барысында студенттің пациент ретінде жылап, ойыншы ретінде күлетіндігін және рөлдік қарым – қатынасқа түскен кезде өзіне берілген рөлді орындауға деген қызығушылығының минут сайын артатындағын көрсетеді [4, 189 б.]. Көріп отырғанымыздай рөлдік ойындағы қарым-қатынас өмірде орын алған қарым-қатынастарды қайталайды, сол себепті де мұндай ойындарда қоғамда кең етек алған проблемалар мен оларды шешудегі тиімді әрекеттерді меңгеруді мақсат тұтады. Мұнда студенттер пікірталастағыдай өз түсініктері мен көзқарастарынан туындаған позицияларды ұстанбай, өздерін басқалардың орнына қояды. Сонымен қатар өзге тілді меңгеру кезінде сөз жаттау дағдысын қалыптастыруға және шетел тілінде тілін дамытуға бірден-бір таптырмайтын құрал болып табылады. Психологтар рөлдік ойынның құрылымын былайша көрсетеді: ең алдымен рөлдер, екіншіден, жалпылама және қысқартылған сипаттағы ойын әрекеттері, үшіншіден, заттарды ойын барысында қолданылуы және ең соңғысы рөлдік ойынға қызығушылықтарын арттыратын рөлдік ойынға қатысушылардың шынайы өмірдегі өзара қарым – қатынастары.

Психологиялық зерттеулерге сәйкес рөлдік ойынның негізгі бірлігі рөл болып табылады. Ол «әлеуметтік тәжірибе меңгерілдетін қоғамдық қарым- қатынастардың

элементі болып табылады. Рөл өзін өзі рөлдер арқылы көрсетуге деген қызығушылық пен мотивацияны қамтамасыз ететін ұйымдастырушы кіріспе болып табылады. Бұл өз кезегінде жеке тұлғалық күйзелістерді туындатуға деген ынтаны туғызады, және осылайша, студенттердің шетел тілін оқуға деген қызығушылығын жоғарлатады. Психологиялық талдаулардың шеңберінде рөлдік ойынның сюжеті мен оның мазмұнын ажыратып қарастыру қажет.

Сюжетті – бұл рөлдік моделдеуге ақиқат шындықтың қатысушылар жүргізетін ауданы болып табылады. Рөлдік ойынның сюжеттері шетел тілі пәндерінің тақырыптары бойынша анықталады.

1) Мазмұны – бұл рөлдік ойынға қатысушылардың іс – әрекеттің орталық мезеті ретінде орындалатын аумағы [5].

Рөлдік ойын өзінің ішкі мазмұны бойынша әлеуметтік болып табылады, себебі ол өзінің табиғаты бойынша да әлеуметтік сипатқа ие. Оқушылардың жеткіліксіз өмір тәжірибесімен социумда өзін – өзі таныстыруға ұмтылуын есепке ала отырып, рөлдік ойынның тек қана шетел тілін оқытуда ғана емес, сонымен қатар өмірлік мңызда қажеттіліктерді қанағаттандырудан тиімді құралдардың бірі ретінде қызмет ете алатындағын айқындауға болады.

Рөлдік ойын процесінде қисынды ойлау, қойылған сұрақтарға жауап іздеу қабілеттілігі, сөйлеу, сөз этикасы, бір-бірімен қарым-қатынас жасай білу қабілеті дамиды. Сондықтан шетел тілі сабағында рөлдік ойынды пайдалану оқу процесінің тиімділігін көтереді. Білімгерлердің тілге деген қызығушылығын оқытудың барлық сатыларында сақтауға көмектеседі. Рөлдік ойындар міндетті түрде тіл үйренушілердің өзара әлеуметтік рөлдік қатынастары қалыптасады.

Рөлдік ойынды оқу үрдісінде қолдануды өз кезінде Парсонс Т., Шибутани Т., Липтон Р. Сияқты әлеуметтанушылар мен әлеуметтік психологтар қарастырған әлеуметтік рөлдер теориясы арқылы қолдау тапқан болатын. Бұл теорияның өкілдері тұлғаның оны қоршаған ортамен байланысы сол тұлғаның белгілі бір әлеуметтік рөлді атқаратындығымен анықталатынын көрсетеді. Көбіне бір тұлға бірнеше рөлдерді, мысалы: әке, күйеу және жұмысшы рөлін атқаратындығын айтқан. Осы көзқарас бойынша шетел тілі сабағы әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылады. Мұндағы сынып аудиториясы – бұл оқытушы мен оқушылар бір- бірімен белгілі бір әлеуметтік қарым- қатынасқа түсетін белгілі бір әлеуметтік орта [6]. Әлеуметтік ортаның құрылуы өз алдына болашақ маманның өзін-өзі ұстай білу қабілетін, мамандыққа қатысты терминдерді қолдана білу деңгейін дамытады. Сөйтіп, рөлдік қарым- қатынас – сауатты сөйлеу, дұрыс тыңдап – түсіну деңгейлерін жоғарлататын, қатысымдылыққа жетелейтін құралдардың бірі болып табылады. Ол – үйренушілерді шетел тілінде сөйлету құралы.

Әлеуметтік (рөлдік) қарым – қатынастар симетриялы және ассиметриялы деп бөлінеді. Симетриялы қарым- қатынастарды коммуниканттар бір әлеуметтік рөлдің өкілдері болып табылады, мысалы: оқушы- оқушы, мұғалім – мұғалім, аға- аға және т.б. Қарым – қатынастың бұл түрінің жағдаяты бірдей рөлдердің өкілдері арасындағы түсіністік қарым- қатынасты орнату, жалпы әлеуметтік тақырып аясындағы мәселелерді талқылау қабілетін дамытуға бағытталған. Ассиметриялы қарым-қатынаста қатысушылар арасындағы қарым- қатынас әртүрлі әлеуметтік белгілері бойынша сипатталады. Мысалы: жұмыс беруші – қызметкер, оқушы – оқытушы [7]. Осы аталған фактілер рөлдік ойында білім алушының мінез құлқында едәуір өзгерістер пайда болатындығын дәлелдейді. Ол шығармашыл бола бастайды.

Шетелдік және отандық әдебиеттерге талдау жасай келе педагогикалық тәжірибеде рөлдік ойындар шынайы өмірді үлгілеп, әлеуметтік мәнін ашуға мүмкіндік береді. Рөлдік ойын кезінде білім алушылар еңбек әрекетін, сонымен қатар өмірдің жеке қырларын еліктеп көрсетеді. Қарым- қатынасқа түсушілерде шынайы материалдық заттар және еліктеп көрсетілетін әрекет құралдары болмайды, олардың орнын елестету алмастырады. Нәтижесінде рөлдік ойын әдісін қолдану кезінде оқушылардың елестету, қиял және шығармашылық қабілеті дамиды [8]. Американдық ғалым Landousse G.P. «рөлдік ойын – бұл тарихтан, қилдан немесе қарапайым әдебиеттен алынған қандай да бір жағдаятты

жаңғыртуға талпыну» деп тұжырымдайды [9, 57 б.]. Алайда, рөлдік ойындар студенттердің болашақ мамандығының ерекшелігімен толығырақ танысуына да септігін тигізеді. Зерттеушілердің пікірінше, «рөлдік ойын, оның табысы көп жағдайда оқытушыға байланысты. Ол оқытушының рөлдік ойынды ұйымдастыру және өткізу қабылеттеріне байланысты». Дегенмен ғылыми әдебиеттерде рөлдік ойын және жағдаяттарды модельдеу терминологиясына байланысты бірыңғай пікір жоқ. Рөлдік ойында қатысушы күнделікті өмірдегі белгілі бір образдардың аналогын көрсетуге ғана тырысып қоймай сонымен қатар, ақиқат өмірдегі жағдаяттарды қалыптастырады.

Рөлдік ойын сөйлеу мәдениетін дамытуға да өз септігін тигізеді. Ариан М.А., Мильруд Р.П. Филатова В.М. сияқты көптеген зерттеушілер рөлдік ойындарды білім алушының коммуникативтік құзырттіліктерін дамытады деген көзқараста. Колесникова О.А. рөлдік ойынды студенттердің қажеттіліктерімен, қызығушылықтарымен және мотивациясымен байланыстыра отырып рөлдік ойынның сөйлесу серіктестігінде тепе – теңдік жағдайын тудырып, оқытушы мен студент арасындағы дәстүрлі қарама-қайшылықтарды жояды дейді. Оның ойынша рөлдік ойын өзіне өзі сенімсіз, әлсіз және ұяң оқушыларға өзін өзі толығымен көрсетуге мүмкіндік береді.

Мильруд Р.П. - ның пікірінше рөлдік ойындар шетел тілін тәжірибе жүзінде қолдана алу дағдысына жаттықтырудың белсенді әдістерінің бірі. Автор рөлдік ойындарды оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес ұйымдастыруды қарастырады [10]. Рөлдік қарым-қатынас бұл оқушылардың шетел тілінде қарым- қатынас жасауында кездесетін коммуникативтік қарама қайшылықтарды жоюға көмектесетін жеңіл және еркін дискуссия, мұнда білім алушылардың сөйлеу тәжірибесінің көлемі ұлғайтылып, қатысушылардың барлығына өз пікірін жоспарлауға көмектесіп, шын мәнінде қарым-қатынас жасауға жағдай тударып, сөйлеу әрекетін дамытады.

Оқытудың бұл әдісіне тек қана сөйлеуші ғана емес, сонымен қатар тыңдаушы да белсенділік танытып, серіктестік болуына мүмкіндік туындайды [11].

Барлық көрсетілген зерттеулер мен пікірлер бойынша келесідей рөлдік ойынның мәнін ашуға болады:

- а) тіл үйренушінің сол тіл арқылы қатынас жасауына деген қызығушылығын арттырады;
- ә) ойын барысында тілдік қатынастар ерекеше маңызға ие болады;
- б) тіл үйренушінің шетел тілі пәні бойынша біліктілігі мен белсенділігін арттырады.

Сонымен қатар, оқу ретіндегі ойын тиімділігі мынандай бірқатар талаптарды сақтауға байланысты, яғни олар: білім алушылар әрекет ететін қиялдағы жағдайдың, жоспардың болуы және балалардың ойын нәтижесін, ойын ережесін міндетті түрде түсінуі. Ойын бұл жерде тұжырымдық көңіл көтеру емес, ол оқытудың барлық міндеттеріне қол жеткізудің негізгі тәсілі, сондықтан ол қандай дағды және икемділікті талап ететіндігін, баланың нені жасай біледі және ойын барысында неге үйренетіндігін білу қажет. Ойын оқушылардың ойлау қабілетін күшейту қажеттілігін алдында қоюы керек.

Рөлдік ойын басқа тілде қарым- қатынас жасау, сөйлесу саласын кеңейтуге, білім алушылар пікір айтуда мазмұнды жағына назар аударуға мүмкіндік беретін тиісті дағдаларды дамыту және машықтандыру жаттығуларындағы тіл материалдарын алдынала меңгеруді болжайды. Сабақта жиі қолданылатын рөлдік ойындардың түрін төмендегі кестеден көре аласыз.

Рөлдік ойын түрлері

| Рөлдік ойын түрлері | Рөлдік ойын қасиеттері |
|----------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|
| Бақыланатын | Оқушылар қажетті сөздерді алады |
| Белгіленген деңгейде бақыланатын | Оқушылар сюжеттің жалпы сипатын және өз рөлдерінің сипатын алады |
| Еркін | Оқушылар қарым – қатынас жағдайын алады |
| Эпизодтық | Жекелеген эпизод ойнайды |
| Ұзақ | Ұзақ уақыт кезеңінде эпизодтар сериясы ойналады (мысалы, сынып өмірінен) |

Бақыланатын рөлдік ойындар әлдеқайда қарапайым түр болып табылады және диалог немесе мәтін негізінде құрылуы мүмкін. Бірінші жағдайда оқушылар бардық диалогпен танысады және оны өңдейді. Содан кейін олар мұғаліммен бірге диалог мазмұнын талқылайды, сөйлеу эпизоды нормаларын және қажетті лексиканы өңдейді.

Белгіленген шекте бақыланатын рөлдік ойын әлдеқайда күрделі болып табылады, онда қатысушылар сюжеттің жалпы сипатын және өз рөлдерінің сипаттамасын алды. Мәселе мынаған негізделеді: рөлдік мінез – құлық ерекшеліктері тек орындаушыға ғана білгілі болады. Қалған қатысушылар олардың әріптесі қандай мінез – құлық көрсететіндігін табу маңызды және өзінің жауабы туралы тиісті шешім қабылдауы тиіс.

Еркін рөлдік ойыды жүргізген кезде оқушылардың өздері қандай лексиканы пайдаланғаны дұрыс, әрекет қалай дамуы тиіс екендігін шешу тиіс, мұғалім рөлдік ойынның тақырыбын ғана алады, ал содан кейін оқушылардан осы тақырыптың әртүрлі аспектілерін қозғайтын түрлі жағдаяттарды құрастыруды сұрайды.

Н.И.Гез рөлдік ойынды жүргізу барысында оқытушының тікелей қатысуымен және оқулықтар мен басқа да оқыту құралдарын қолдана отырып, оқушылардың іскерліктерінің оқытылып жатқан тілдің әлеуметтік мәдени шындығымен тығыз және белсенді түрде байланысты жүзеге асырылуы тиіс деп есептейді. Н.В.Остроумова рөлдік ойындарға мынандай анықтама береді: "Ролевые игра – одна из форм группового общения, отличительной чертой которой является формирования у учащихся навыков и умений творческой и мыслительной активности, их тесное взаимодействие в учебных целях, а также совместная коллективная деятельность, направленная на достижение поставленной цели» [12]. Рөлдік және іскерлік ойындар негізінен сабақтың дәстүрлі емес түріне жатады. Бұл ойын қызығушылықты тудырып, шетел тілін меңгеру кезінде қолдануға үлкен септігін тигізеді. Ойында ойыншының кәсіби-педагогикалық ойлау образына енуі, ойынның басты талабы болып табылады. Мұндай ойынның мақсаты – проблемалық тілдік жағдаяттарды тудыру және оларды әртүрлі проблемалық рөлдік жолмен шешудің жүйесі болып табылады. Ойында образға кіру ерекшелігі басқа ойындармен салыстырғанда проблемалық жағдайларды шешуші фактор ретінде қарастырылады. Ойыншы белгілі ережелерді қолдана отырып, ойынның толық мағынасын түсініп, талдау жасай отырып, алда болатын өзгерістерді жобалай білуі қажет. Әртүрлі педагогикалық тілдік жағдаяттарды моделдеу арқылы тіл меңгеруші меңгеріп жатқан тілінде әрбір ойын кәсіби түрде толық жеткізе білуге бағыттайды. Осылайша ойлау қабілеті нәтижесінде ойыншылар педагогикалық образдарға толығымен ене отырып, қандай өзгерістердің болатынын түсіне алады. Ойыншыларда педагогикалық үрдіс моделінің біркелкі образы ойында болған әртүрлі жағдаяттар негізінде қалыптасады. Бұл модель жеке тұлғалық сипатқа ие болады және ойын кезіндегі ойыншының жасаған іс-әрекетінің шеңберінде ойыншының өзін-өзі ұстай білуі, үйреніп жатқан тілінде өз ойын еркін жеткізе білуін және де әр ойыншының өзіне ғана тән ерекшеліктеріне байланысты да қалыптасады. Сонымен қатар, іскерлік ойындардың барысында әр ойыншыда өзін басқалардың көмегімен, яғни сырт көзбен қадағалау және де басқаларды да танып білу қабілеті де қалыптасады. Өздеріне берілген тапсырмаларды бірігіп шешу жоланда өзіндік нәтиже шығарумен қатар басқалармен де бірігіп жұмыс істеу және ой тудыру әрбір ойыншыда қалыптасатын жайт. Яғни кезінде кеңес үкіметіндегі: «Біріміз үшін бәріміз, бәріміз үшін біріміз!» - деген ұран сияқты, тіл үйренушілер ойын барысында бір-бірін қолдаудау арқылы тілді меңгеруі мақсат етеді. Сонымен қатар, ойынның негізгі шартты моделдері ойын арқылы және ойын барысында жинақталған іс-әрекеттер негізінде тілге деген жақындықтарын сезініп, қолданыс аясын кеңейте бастайды.

Іскерлік ойында ойыншыларда екі түрлі көзқарас қалыптасады. Біріншіден, ойыншы образға кіріп, ойын образын жасайды яғни осы образды толық сіңіреді, басқалармен осы образда қарым-қатынаста болады. екіншіден, бұл ойыншылар арасындағы нағыз қарым-қатынас орнығады, себебі әр ойыншы образды өзі деп есептейді. Образға кіру жолында ойын шарты тез ұғынылады сондай-ақ төзімділік, басқалардың ойын құрметтеу, бірігіп жұмыс атқару, жауапкершілік қалыптасады.

Білім алу үрдісі, оны толықтыру, негізін түсіну екі кезеңнен өтеді:

- ойын барысында: образ арасындағы қарым-қатынас кезеңі;
- қорытындылау кезеңінде: пікірталас кезеңі.

Ойын шартында ойыншыларға таныс жайттар көп кездессе және олар образға толық кіре алса ойын қызықты да мағыналы болып өтеді.

А.А. Вербицкий өзінің еңбегінде рөлдік ойындарды маманның болашақтағы кәсіби жұмысының пәндік және әлеуметтік мазмұнын қалыптастырудың мазмұны ретінде қарастырады [13, 98 б.].

Жалпы қорытындылай келе рөлдік ойындардың психологиялық, әлеуметтік тұсы, рөлдік ойындардың маңызы мен мәні барлығы коммуникативтік құзырлықты дамытуға бағытталады.

Б.Г.Ананьевтің пікірінше, коммуникативтіліктің даму салдарынан білім алушыларда жоспарлау, тіл табысу қабілеті, жалпы ережелерді жасау, бірлескен іс-әрекетті алдын-ала жоспарлау, келісу іскерліктері қалыптасады, яғни ынтымақтастыққа және диалогқа ұмтылысы көрініс табады. Қарым-қатынас функциясынан басқа коммуникативтік іс-әрекет баланың өзіндік түсініктерінің және әрекетінің жанама түрдегі мағынасы және мәні болады. Қарым-қатынас бұл балаға өзін таным іс-әрекет, әлеуметтік қатынас субъектісі ретінде ұғындыратын іс-әрекет. Студент өзін басқалардың түсінетіндігі үшін ұмтылуы қажет, ал ол қарым-қатынаста сөйлесу арқылы жүзеге асырылады.

Әлеуметтік қатынастарды меңгерудің бірден-бір тиімді формасы басқа адамдармен белсенді қарым – қатынас болғандықтан, олардың ішінде әлеуметтік қатынастардың субъектілерінің бірін-бірі түсінуге септігін тигізетін коммуникацияның барынша тиімді формасы диалог болып табылады. Ал диалогты құру өз кезегінде ойын, нақтылай айтқанда рөлдік ойын негізінде қалыптастыру тиімді.

Рөлдік ойындар оқушылардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруға, толеранттылығын, шағын топта жұмыс істеуін, ойлауда өзбеттілігін қалыптастыруға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Молдажанова. Тіл үйренуде ойынның түрлерін пайдалану. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №6(130). 2010. Б. 279-282.
2. Олейник Г.И., Склярова Н.К. Обучение диалогической речи с использованием ролевой игры в 7 классе // ИЯШ, 1985. – №1. – Б.67-72.
3. Семенова Т.В. Ролевые игры в облучении ИЯ. ИЯШ, №1, 2005.-Б.13-14.
4. Зимняя И.Я. Педагогические аспекты обучения говорения на иностранном языке. М.: Просвещение, 1985. – 268 б.
5. Ариян М.А. О ролевом компоненте заданий при обучении иноязычной устной речи в средней школе // Сборник научных трудов. – М., 1984 – Б.11-14.
6. Колесникова О.А. Ролевые игры в обучении иностранных языков. ИЯШ, 1989, №4. – Б. 14-16.
7. Игры, обучение, тренинг, досуг... Под.ред. В.В.Петрусинского. – Москва: 1994. -198 б.
8. Лившиц О.Л. Ролевая игра на уроках английского языка в 8 классе. ИЯШ, №5.- 1987. –Б. 87-89.
9. Landousse G.P. Role play / G.P. Landousse. – Oxford: Oxford University Press, 2005.- р.136
10. Мильруд Р.П. организация ролевой игры. ИЯШ, 1987, №3.-Б.8-13.
11. Ермакова М.А. Ролевая игра как как средство формирования коммуникативных навыков. ИЯШ, 2008. №5. – Б.6- 7.
12. Рабинович Э.Э. Ролевая игра – эффективный прием обучения говорению //ИЯШ. - №3.- 1986. – Б.22-26.
13. А.А. Вербицкий Активное обучение в высшей школе: контекстный подход: Метод. Пособие. – М., Высш.шк., 1991. -145 б.

Үштілділіктің қажеттілігі

Садулова Ж.К., Құрманова Б.Ж.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің
п.ғ.д., профессор, I курс докторанты, Қазақстан, Ақтөбе қ.

e-mail: Sadulova2017@mail.ru

Үштілділік – жастардың әлемді тануға жол ашатын, білімнің тереңіне үңілуге ұмтылдыратын, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күннің ең басты қажеттілігі.

Multilingualism is a way of youth to learn the world, it gives chance to show ability.

Еліміздің тәуелсіздігі нығайып, қоғамдағы демократияның өрісі кеңейген шақта адамның та, тұлғалақ та рөлі жаңа сипатқа ие болып отыр. Соған орай рухани құндылықтар жаңарып, адамның зияткерлік әлеуетін қалыптастырудағы білімнің маңыздылығы туралы қағидалар түбегейлі өзгерді. Білім беретін мекемелерде оқытылатын әрбір пән оқытушы жеке тұлғаны жетілдірумен қатар оның шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Оқушының жан-жақты білім алуына бағыт-бағдар беруші оқытушы мәдениеттілік, шығармашылық, инновациялық тұрғыдан ойлай алатын және бірнеше тілді білетін маман болуы шарт. Бүгінгі технология және жаһандану заманында жас ұрпақты көпмәдениеттілікке тәрбиелеу үдірісін іздестіру қарқынды жүргізіліп отырғанын байқауға болады. Қазіргі таңда тәуелділігі басым әлемде жас ұрпақты бәсекелестікке дайындаудың бірден бір жолы үштілділік болып табылады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған дәстүрлі «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауын жариялады. Елбасымыз мынандай басым бағыттар бойынша: «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Барлық дамыған елдердің сапалы бірігей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс», деп бірқатар білім мәселелерін атап өтіп, оны шешудің жолдарын көрсетті.[1]

Қазіргі замандағы нарықтық экономиканың даму, бизнес саласының ауқымының кеңеюі, әртүрлі елдер арасындағы саяси-экономикалық қарым-қатынастың өсуі бұл адамдардың алдына жаңа ізденістер, талаптар, жоспарлар қояды және адамдардың көптілді меңгеруі бұл заман талабы екені ақиқат. Тілдерді дамыту- еліміздегі мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Тіл мәселелерін оңтайлы шешу – ұлтаралық қатынастар үйлесімділігін, халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың түп қазығы болып табылады. Елбасымыз «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын тыңғылықты жүзеге асыруды ұсына отырып, қазақ елін әлемдегі үш тілді қатар меңгеретін білімді, саналы ел ретінде танытуымыз қажет екенін атап өтті. Біздің мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі, орыс тілі-ұлтаралық қарым-қатынас тілі және жаһандық экономикаға табысты кірігу тілі -ағылшын тілі болуы тиіс екенін ерекше атап көрсеткен.[2]

Әр адамның рухани-адамгершілігін арттыру үшін, бүгінгі тез өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп, еңбек ету үшін жан-жақты болу қажет. «Өз тілің бірлік үшін, өзге тіл тірлік үшін» деген нақыл сөздегідей көптілді адам қалағанын алады, көп нәрсеге қол жеткізеді, бәсекеге қабілетті, әлемнің қай жерінде жүрсе де еркін сөйлеп, өзінің ойын айта алады, материалдық жағынан да моральдық жағынан да жоғары тұрады.

«Өзге тілдің бәрін біл өз тіліңді құрметте» дегендей, өз тілің бұл ана тілің, өз анаңды қалай құрметтесең, ана тіліңді де солай құрметтеуің керек. Бұл тек қана өз тіліңді біл деген сөз емес, заман талабын да ескеру қажет. Қазіргі бәсекелестік заманда үштілділікті меңгеру бұл әлемді тану деген сөз[3].

Ал үштілділік - бүгінгі заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқалармен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр қилы әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің күллі ерекшеліктерін, барша құндылықтарын сезінуге болар еді. Бұл ретте ойымызды орыс тілінде сабақтасақ, стремление к трехязычному образованию является самым перспективным и полностью соответствует тенденции в странах Европейского союза. Изучение несколько языков поможет интеграции Казахстана в экономическую и культурную сферы мирового сообщества. Существует очень мудрое и актуальное в настоящее время изречение: чем на большем количестве языков вы говорите, тем больше раз вы человек. Владея языками, люди способны понимать друг друга, сотрудничать и взаимодействовать. Турасын айтсақ, екінші бір тілде сөйлеу өзге тілді пайдалану ғана емес, басқа ұлттық мәдениеттің, психологияның аясына сыналап енуді де аңғартады.

Үштілділік білім- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінгі таңда үш тілде оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқытудың негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен ағылшын тілін білу тұлғаның ой- өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толлеранттілігін және ғаламдық деңгейде ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Қорыта айтатын болсақ, үштілді білім беру бағдарламасы аясында тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Елдің ертеңгі өрісі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Біз Тұңғыш Президентіміздің сенімін ақтауға бар күш-жігерімізді жұмсайтын боламыз. Іргесі бекіп, қуатты даму жолына түскен Қазақстанды әлемдік аренада танытатын ұрпақ екенімізді жадымыздан шығармаймыз. Мәңгілік ел болу жастардың қолында екеніне ешкім шүбә келтірмесі анық. Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2007 жылғы 28 ақпан.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 18 қаңтар.
3. Орта мектепте оқыту процесінде көптілділікті дамыту мәселелері. Әдістемелік құрал. –Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013.-85 б.

Инновации в образовательном процессе

Сулейменова Замзагуль Есеновна
кандидат филологических наук
Актюбинский региональный
государственный
университет им. К.Жубанова
Казахстан, Актобе
zamz@inbox.ru

Наше государство уделяет особое внимание подготовке будущих учителей. В этой связи хотелось бы подчеркнуть Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев интеллектуальные школы», который проводит обучение преподавателей в контексте семи модулей. В Центре педагогического мастерства преподаватели изучают новые подходы в преподавании, обучение критическому мышлению, оценивание. Преподаватели, принявшие участие на курсах повышения квалификации должны внедрять новейшие методы обучения на занятиях с целью обучения студентов - будущих педагогов. Студенты, обучившиеся

новым методикам преподавания должны применять свои знания на практике и в дальнейшей профессиональной деятельности. Преподаватели разных вузов обмениваются идеями, перенимая друг у друга методы и приемы работы на занятиях, активно участвуя в дискуссиях о новых подходах, предполагающих предоставление возможности обучающимся продемонстрировать свои знания по изучаемой теме; подвергать сомнению отдельные положения; формировать новое понимание. Также хотелось бы отметить Республиканский институт повышения квалификации руководящих и научно-педагогических работников системы образования Республики Казахстан Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» где преподаватели могут пройти повышение квалификации, получить новую информацию с целью внедрения новых знаний в учебный процесс.

Педагогам нужно совершенствовать навыки проектирования и моделирования профессиональной деятельности в преподавании, научном исследовании и умении пользоваться потоками информации. Особый акцент в преподавании уделяется интерактивным методам, ориентированным на более широкое взаимодействие обучаемых не только с преподавателем, но и друг с другом и на доминирование активности обучающихся в процессе обучения. Место преподавателя в интерактивных уроках сводится к направлению деятельности учащихся на достижение целей занятия. Важное отличие интерактивных упражнений и заданий от обычных в том, что выполняя их обучаемые не только и не столько закрепляют уже изученный материал, сколько изучают новый. Требования времени обуславливают введение инноваций в образовательный процесс, которые выражаются, в первую очередь, введением интерактивных форм обучения. Такие формы работы, как работа в малых группах, ролевые игры, имитации, деловые игры и образовательные игры, социальные проекты и другие внеаудиторные методы обучения, изучение и закрепление нового материала обсуждение сложных и дискуссионных вопросов и проблем, интерактивная лекция, работа с наглядными пособиями, видео- и аудиоматериалами, разрешение проблем, интерактивная лекция и др. представляют собой целый арсенал для преподавания при умелом использовании в учебном процессе.

В моей профессиональной практике – преподавании английского языка – использование интерактивных методов позволяет качественно улучшить обучение студентов. Возможность неформальной дискуссии, свободного изложения материала, инициатива студента, наличие групповых заданий, которые требуют коллективных усилий, постоянный контроль во время семестра, наличие самостоятельной работы СРС. Диалог не только между преподавателем и студентом, но и между студентами. Преподаватель и студент, как мы знаем равноправные партнеры и преподаватель выступает как координатор. Организация учебного процесса, фундаментом которого является использование интерактивных методов обучения, включает в познавательный процесс всех обучаемых, все 100% аудитории участников. Ни один студент не остается без внимания, интерактивные методы позволяют вовлечь в процесс работы всех учащихся. Чаще студенты работают в группах и парах. Метод «Галерея», который я использую, на своих занятиях дает возможность каждому студенту внести свою лепту в общую работу, студенты делятся идеями и их всех объединяет одна цель – как можно лучше презентовать свою работу. Метод «Кювертка» дает возможность студентам работать в паре. При этом развиваются навыки письма, аудирования, говорения и каждый студент задействован. С использованием интерактивных методов педагог забывает о проблеме, когда он не успевает опросить всех студентов.

Особо сильные студенты-лидеры имеют возможность приглашения на «горячий стул» в конце обсуждения урока, когда у студентов есть еще вопросы по теме. Лидер приглашается на «горячий стул» и вся остальная аудитория может задавать ему вопросы или попросить объяснить тему.

Организация таких видов деятельности как индивидуальная работа, парная работа, групповая работа, проектная работа по темам «Карьера учителя», «Образование», «Здоровье», «Охрана окружающей среды» и др. рекомендованными типовыми программами способствует мотивации студентов, так как интерактивные методы обеспечивают создание среды образовательного общения, которая характеризуется: открытостью; взаимодействием

участников; равенством аргументов участников; накоплением совместного знания; возможностью взаимной оценки и контроля.

Педагог должен рассматривать обучение аналитически, развивать новые подходы к учебному процессу с новым взглядом на расширение интеллектуальных сил студентов, поощрения студентов думать критически и творчески, учить студентов понимать, решать и ставить сложные проблемы. Использование кейс-стади позволяет обучить студентов анализу и оценке, решению проблем и принятию решений. Целью кейс-стадии является обучить студентов совместными усилиями группы проанализировать ситуацию – case, возникающую при конкретном положении дел, и выработать практическое решение; окончание процесса – оценка предложенных алгоритмов и выбор лучшего в контексте поставленной проблемы. Использование кейс-стади на уроках английского позволит студентам применять полученные знания на практике, повысят мотивацию к обучению. На занятиях я предлагаю кейс-стадии на тему «Sport». Студенты изучают поставленную проблему и стараются решить задачу. Для того, чтобы справиться с заданием студентам приходится работать не только с грамматикой, лексикой, но и в задание входит посещение спортивных клубов для объективной оценки ситуации в городе. Думаю, что этот метод заставляет студентов пополнить словарный запас по английскому языку и критически оценивать проблему.

Говоря об одной из проблем – проблеме оценивания, необходимо заметить, что модель оценивания предполагает сотрудничество между субъектами. Взаимодействие учителя и обучающихся не прерывается и поощряется. Оценка осуществляется непрерывно. Оценивается сам процесс движения к качественному результату. Обучающийся самостоятельно и осознанно определяет свои пробелы. Обучающийся вместе с преподавателем работает над их устранением. Часть контроля переходит к обучаемому, трансформируясь в самоконтроль и самооценку, оценивание предполагает информирование обучаемых о целях обучения и критериях оценки, вовлечение обучаемых в самооценивание основанное на критериях, обеспечение обратной связи, помогающей обучаемым определить их дальнейшие шаги и способы их осуществления. Современное оценивание должно быть гибким, многоинструментальным, понятным, психологически комфортным, двусоставным: сочетать в себе суммативное и формативное оценивание. Процесс оценивания результатов обучения включает в себя формативное и суммативное оценивание. Оценивание всегда давалось сложно. Для объективного оценивания необходимо определять критерии оценивания. На своих занятиях я знакоблю обучающихся с методикой постановки целей SMART. В результате ее использования студенты учатся, что ставить цель нужно: конкретную, измеримую, достижимую, значимую, определенную во времени. Необходимо максимально четко сформулировать цель, в ней не должно присутствовать размытых формулировок. Можно проанализировать себя, ответив на вопрос: как я пойму, что достиг цели? В чем измеряется достижение цели? Цель д.б. амбициозной, но тем не менее достижимой.

С целью прозрачности нужно привлекать студентов к процессу оценивания, чтобы оценивание было объективным, гибким, понятным, психологически комфортным и бесспорным. Думаю, сложно приходится сегодня преподавателям, в век новых информационных технологий, знания устаревают, расширяется диапазон международного сотрудничества, активно внедряется академическая мобильность, как преподавателей, так и студентов. Мы еще раз убеждаемся, что процесс оценивания – один из важнейших элементов современного преподавания и учения и от правильной организации оценивания во многом зависит эффективность управления учебным процессом.

Основными инновационными методами работы, которые я использую в своей практике, являются: кейс-стади, проблемное обучение, метод критического мышления, горячий стул, Джигсо и тд. На занятиях необходимо обучать студентов критическому мышлению, чтобы они могли применять свои знания в различных жизненных ситуациях. С целью обучения критическому мышлению я часто использую видео на уроках. Одной из тем было «Детские дома». Студенты смотрели видео о детях, оставшихся без родителей. До просмотра видео студентам были предложены вопросы об их родителях, роли родителей в их

жизни, были ли конфликты, недопонимание со стороны родителей. После просмотра фильма студенты получили задание решить ситуацию с детскими домами. Одна из групп решила, что не должно быть детских домов, что не должны люди оставлять своих детей. Студенты предложили несколько путей решения проблемы.

Также на занятиях я предлагаю студентам SWOT анализ по теме урока. Студентам приходится критически подходить к решению задач. Обдумывать сильные и слабые стороны проблемы, возможности и угрозу. Использование SWOT анализа на уроках позволяет студентам применять данный метод и в реальной жизни когда необходимо принимать ответственные решения.

Задачи, решаемые студентами на занятиях должны иметь прагмапрофессиональную направленность. «Инновационно-технологические методы, используемые в кредитной технологии в условиях иноязычного образования, позволяют реально ощутить степень важности адекватного ведения межкультурно-коммуникативного общения в профессионально-базируемых ситуациях во время практикумов, обеспечиваемых с помощью социальных партнеров, заказчиков (национальные и зарубежные компании, фирмы, банки, предприятия и т.д.), контактно и on-line (дистанционно), и способствуют профессиональной базированности занятий по самостоятельной работе (СРС), их прагмапрофессиональной направленности» [1, 252]. Задания на уроках должны быть максимально приближенными к тем условиям, в каких будут работать студенты после завершения учебы. Много внимания уделяется на уроке методу рефлексии. Метод рефлексии представлен как «решение профессионально-значимых проблемных ситуаций-кейсов» [1, 253].

Главной задачей методики обучения иностранным языкам является обучение коммуникативной деятельности. Мы должны обучать студентов «реальному общению с использованием вербальных и невербальных средств»... «на первом месте стоит диалогическая устная речь со сменой ролей «говорящий-слушающий» (теория дискурса), а затем письменная речь (теория текста)[2, 140].

Преподавателям необходимо активно использовать новейшие технологии обучения в учебном процессе, что является мощным стимулом к саморазвитию и самосовершенствованию. В этой связи хотелось бы отметить, что ППС университета ежегодно может принимать участие в университетском конкурсе «Лучшее интерактивное занятие». Я принимала участие в этом конкурсе и заняла третье призовое место в 2018 году. В 2019 году принимала участие в качестве члена жюри этого конкурса. Могу смело заверить, что преподаватели университета активно внедряют интерактивные методы обучения. Студенты с удовольствием принимают участие на занятиях. Им приходится принимать решения, критически подходить к изучаемой проблеме, анализировать. Это мотивирует студентов. Самое главное, они учатся применять знания в реальной жизни.

Использование инновационных методов на уроках английского языка позволяет целостно решать задачи по качественной подготовке специалистов, соответствующих требованиям государственного стандарта и рынка труда.

Использованная литература

1. Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. Алматы.2010.-344 с.
2. Карлинский А.Е. Методология и парадигмы современной лингвистики. Алматы. 2009.- 350 с.

«Шешен сөйлеймін десең ...» тақырыбындағы шеберлік сабағының фрагменттері

А.С.Қыдыршаев, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жанындағы «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Республикасы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының екі мәрте иегері

Н.Н.Ғазез, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ІІ курс магистранты («Филология: қазақ тілі» мамандығы)

Қазақстан Республикасы, Орал қаласы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
e-mail: kdirshaev_abat@mail.ru

Шеберлік сабағының мақсаты – жоғары оқу орны студенттерін шешен сөйлеуге баулу. Біздің тәжірибемізде тап осы мақсат үдесінде сөз сөйлеуші ритор кәсіби маманның сөз мазмұны төмендегіше болмақ:

1. Шешендік – жастар көркі. 1. «Шешендіктің сәні жоқ, Сөзіне ел сүттей ұйып, Қолтығына ел сыйып, Басына бақыт қонбаса» (*Дулат Бабатайұлы*) тұжырымына назар аудару; 2. Шешендік – өнер. Сол өнермен қарулансаң ғана шешендікті игеруің мүмкін; 3. Шешендік мәні тек шешенде ғана емес, қалыптасқан жағдайға да байланысты. Шешендік сөздің әкесі – шешен, анасы – аудитория. Тек аудитория ғана оны қалыпқа келтіріп, жан бітірмек [1; 2; 3; 4].

2. Шешен сол – сөйлер сөзден қиналмаса. 1. Өте жақсы сөз айтқандар – дана ғой, Білімді сөз – білімсізге сана ғой (*Жүсіп Баласағұни*); 2. Кімде-кім риторика ілімінің қағидаларына бейім болса, сол ритор саналмақ; 3. Шешендік – шексіз білімнен, терең ойдан, асқан парасаттан туатын нәрсе (*Академик жазушы Зейнолла Қабдолов*) [3;5].

3. Шаршы топта сөз бастау қиын. 1. Шешендікке бостандық қажет. Сөйлеуші көпшілік алдында ақиқатқа жүгіне ойын еркін айтуы керек; 2. Белгілі болса, жолдан жаңылмас, Білімі болса, сөзден жаңылмас (*Махмұд Қашқари*); 3. Сын айту үшін, шын айт. Шын айтпай, сын айтпа (*Бауыржан Момышұлы*) [5; 6].

4. Сөз сөйлеуге даярлық – демосфендік дағды. 1. Бір рет айтудан бұрын екі қайтара ойлап алсаң, екі есе жақсы айтарыңды ескеру; 2. Алдында үйренері бардың, артындағыларға үйретері де табыларын айқан сезіну; 3. Кімде-кім өз сөзін алдын-ала дайындаса, сол – халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық – сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік (*Демосфен*) [7; 8; 9].

5. Шешеннің тілі – шебердің бізі. 1. Сөзді сенімді сөйлеуді, сонда тыңдаушыларға әсері жайында қам қылудың қажеті болмайтынын айту; 2. Құрғақ сөздің ғұмыры қысқалығын әркез ескеру; 3. Айтқан сөзің қандай болса, еститұғын жауабың да сондай боларын білу [5; 10; 11].

6. Әр сөздің айтылуына қарай мың мағынасы бар. 1. Аяқталмай және жүйелі айтылмай қалған ойдың мәні, ырғақсыз айтылған сөздердің сәні болмасын білу; 2. Бақырып сөйлегеннің сөзі естілер де қаларын, ақылды сөйлегеннің сөзі көкейге келіп қонарын ескеру; 3. Ағылшындар айтқандай, сөз семсерден бетер сілейтеріне ойлана қарау [5; 12; 13].

7. От сықылды жылы болсын жүзіңіз бен сөзіңіз. 1. Даналардың әр сөзі тең ғой бейіш үнімен, Бет ажары әрқашан тапса үйлесім тілімен (*Жүсіп Баласағұни*); 2. Сөз бен қылық суық көңілді жылытарын, жылы көңілді суытарын сезіну; 3. Үздік шешеннің тілімен бірге жүзі сөйлерін ескеру [5; 14; 15].

8. Ұстамды әрі орынды сөйлеу ділмәрлықтан көп артық. 1. Орнын тауып мәдениетті сөйлей білсең, әр сөз сұлу, орнын таппаған әр сөз бұжыр (*Ғабиден Мұстафин*); 2. Өз басыңды өзің ажалға душар етпес үшін, сөзіңе сақ бол. Өз тісінді өзің сындырмас үшін,

тіліне сақ бол (*Жүсіп Баласағұни*); 3. Құлаққа түрпідей тиетін құнарсыз сөзден бір ауыз айтқан асыл сөз артық (*Шәкәрім Құдайбердіұлы*) [5; 16; 17].

9. *Ең қысқа сөз – мағыналы көзқарас.* 1. Қымбат сөз қысқа қайырыларын есте ұстау; 2. Санаулы сөз салмақты боларын білу; 3. Көсіліп ұтқыр сөйлеу – тапқыр ақылдың сыйы, тұжырымды ықшам сөйлеу – даналықтың белгісі (*Ф.Ларошфуко*) [18; 19].

10. *Үндемегеннің өзі де жауап.* 1. Бойда – қайрат, ойда – көз, Болмаған соң айтпа сөз (*Абай*); 2. Пайдасыз сөзді көп айтпа, пайдалы сөзді аз айтпа (*Әлішер Науаи*); 3. Өзінің тіліне күші жетпеген адамның сөзінде шынайы шындық болмайды (*М. Ганди*) [20; 21].

11. *Сөзге сақ болу – шешендіктен де биік.* 1. Сүйрең тіл – сүйір тіл (*Ағылшын халқы мақалы*); 2. Шабыстыратын сөз айтпа, Табыстыратын сөз айт (*Мұзафар Әлімбаев*). 3. Тілінді бақсаң, құныңды сақтарсың [5; 22; 23].

12. *Ірі сөзге ізетті жауап.* 1. Тілден шыққан сөз тістен де таза болғанға не жетсін! 2. Адамды ештеңе де ізгі сөздей серпілтпейді; 3. Жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін, рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін, рухани байлық керек (*Әбіш Кекілбайұлы*) [5; 24; 25].

13. *Көңіл – қазы, көз – таразы.* 1. Көңіл сырын көз білдірер, ойлы сөйлеп, мәнерлі жеткізуде дауыстан кейінгі орынды бет-жүз алмақ, ал ол көз арқылы көріктенбек (*М.Т.Цицерон*); 2. Жанардың жарығы да жанға түседі – ойдың жанарға жеткен жалтылындай (*Асқар Сүлейменов*); 3. Беттің әрі айнадан көрінерін, адамдықтың әрі сөзден көрінерін әрдайым есте ұстау [5; 26].

14. *Ымға түсінбеген, дымға түсінбейді.* 1. Ишарат – айтайын деген мағынасы бар әрекет. Іс-қимыл арқылы жеткізілмеген ой әлсіз; 2. Ыммен, ишаратпен сөйлеу – өте-мөте өзіндік құбылыс, ол шешеннің ой-сезім толқындарымен етене [3; 5].

15. *Мадақтар болсаң, шын асылды мадақта.* 1. Өзі өзгеше боламын демектің түбі – мақтан (*Абай*); 2. Мақтау – алтын мен алмас сияқты сирек болғанда ғана құнды; 3. Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, Әуре етеді ішіне қулық сақтап. Өзіңе сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап (*Абай*) [3; 5].

16. *Барлық жеңіс өзіңді-өзің жеңуден басталмақ.* 1. Мәдениеттілік арқылы табысқа жетуге болады, тіпті күшпен ештеңе шеше алмаған жағдайда да; 2. Бәрінен күшті адам – өзіне-өзі ие болатын адам (*Сенека*); 3. Өзін-өзі тапқан адам – бақытты, жоғалтпаған – бақыттырақ одан да (*Қадыр Мырза Әли*) [3; 5].

17. *Тыңдай білу – ұлылық.* 1. Арғымақтың баласы аз жусар да көп жортар, Адамзаттың баласы аз сөйлер де көп тыңдар (*Махамбет*); 2. Сөйлеген егерін, тыңдаған орарын білу; 3. Тіл үйірер сөз болса, Тыңдаушы құлақ кез болар (*Араб халқы мақалы*) [3; 5].

18. *Ауызында әзілі жоқтың қолында шоқпары бар.* 1. Қалжың сөз де тұз сияқты, шамадан тыс асып кетсе, дәмі бұзыларын ескеру; 2. Күлкі – шабуын білмесең, өз тірсегіңді өзің қиып түсіретін наркескен қылыш сияқты қатерлі қару (*Әбіш Кекілбайұлы*); 3. Юмор – өмір толқындарындағы құтқарушы шеңбер [3; 5].

19. *Сөйлесу – бірлескен күш-жігермен салынатын гимарат.* 1. Жақсылық жайында жасқанбай сөйлеген жөн; 2. Өзара әңгімені әңгімелесушілердің әрқайсысы одан пайда көріп, көп білім алатындай етіп жүргізген дұрыс-ау; 3. Ақылды жауап алғың келсе, ақылмен сұра (*И.Гете*) [3; 5].

20. *Естіге айтқан тура сөз – шыңға тіккен тумен тең.* 1. Тура сөздің тоқпағы мықты боларын түйгейсің; 2. Қарны тоқ қаса надан ұқпас сөзді, Сөзді ұғар көкірегі болса көзді (*Абай*); 3. Естіге айтқан тура сөз, Шыңға тіккен тумен тең. Езге айтқан тура сөз, Құмға сіңген сүмен тең (*Майқы би*) [3; 5].

21. *Ақылды адам сөзді нақылсыз айтпайды.* 1. Ұлы іске ұлағатты сөз керек (*Орыс халқы мақалы*); 2. Білімдінің сөзі – оң, Білімсіздің сөзі – тоң; 3. Нақыл сөздер көп болғанымен, айтар адам аз. Нақышымен нық қадап түбіне жеткізе сөйлеген адам – шешен адам (*Құтып*) [3; 5].

22. *Дәлелсіз сөз желмен тең.* 1. Ішсең, тұнықты іш, Жесең, піскенді же, Сөйлесең, шындықты айт (*Курд халқы мақалы*); 2. Әділ сөз асауды да ауыздықтарын білгейсің; 3. Айқындық – сөздің басты артықшылығы (*Аристотель*) [3; 5].

23. *Жүйелі сөз – киелі*. 1. Дүниеде екі ғаламат нұр бар: біреуі – күннің нұры, екіншісі – сөздің нұры (*Қадыр Мырза Әли*). 2. Құнды сөз – құнарлы ойдан туады (*Л. Н. Толстой*); 3. Керексіз сөз күйдірет от сияқты (*Жүсіп Баласағұни*) [3; 5].

24. *Адамның ұқпағаны – бойына жұқпағаны*. 1. Шешен елге түсінікті болу үшін, бүкпесіз ашық болуы тиістігін ескеру; 2. Тіл шеберлігінің құны түсініктілігінде, өйткені сөз түсініксіз болса, көздеген мақсатына жетпейді (*Аристотель*); 3. Қымбат сөз құлақтарға құйылған сайын құны арта түсерін сезіну [3; 5].

25. *Сөз тапқанға қолқа жоқ*. 1. Өзі шілдей, сөзі мірдей (*Ауған халқы мақалы*); 2. Шешендік сөздердің құндылығы тек шындығында емес, ойының тапқырлығында. Қиядан жол, қиыннан сөз табу – шешеннің бағалы қасиеті; 3. Ойды ойдағыдай жеткізу үшін оралымды, икемді тіл қажет. Нағыз шешен қапияда ой тауып немесе ойлап, ойша сөйлеп, лайықты тапқыр тілмен өрнектеп жеткізеді [5].

Түйін сөз. 1. «Шешендер туа пайда болмайды, жүре пайда болады» қағидасын ұстану. *Мәселен, Демосфен, Жиренше шешен тәжірибесі*. 2. Данышпан ғұламалардың үздік ойларымен танысу – таңғажайып ой жаттығуы іспетті. Ақылды құнарландырып, ойды сындарлы етеді. Демек, бұлардың жасқа да, жасамысқа да қажетсіз болуы мүмкін емес; 3. Абай ғұламаның «естілердің сөзін ескеріп жүрген адамның өзі де есті болады» деуі қандай орынды; 4. Қазір қайсысымызға да ақша да, басқа да қат болғанымен, ең басты қат нәрсе – ақыл. Жанашыр достың ақылы. Көргені көп кемелдің, жеткені көп беделдің немесе солардың тереңіне бойлай білген зерде мен зейіннің айтатындары (*Әбіш Кекілбайұлы*).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С. *Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері*. Монография. – Алматы. 2000. – 270 б.
2. Қыдыршаев А.С. *Шешен-лектор профессиограммасы*. – Орал: БҚМУ баспасы, 2004. – 56 б.
3. Қыдыршаев А.С. *Шешендік тағылымы*. Орал, 2006. - 146 б.
4. Қыдыршаев А.С. *Шешендіктану*. Орал, 2015. – 230 б.
5. Қыдыршаев А.С. *Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары)*. Оқу құралы. – Орал, 2017. – 364 б.
6. Борохов Э. *Энциклопедия афоризмов*. М.: Мысль, 2003. – 686 б.
7. Душенко К.В. *Большая книга афоризмов*. М.: Мысль, 2006. – 1056 б.
8. Шаймерденұлы Е. *Қазақ афоризмдері*. Алматы, 2008. – 304 б.
9. *Энциклопедия мудрости. Литературно-художественное издание. Издательство «РОССА»*, 2007. – 814 б.
10. Назарбаев Н. *Ақыл – парасат кітабы*. Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2015. – 316 б.
11. *Шығыс халықтарының мақал-мәтелдері*. (Құрастырған, аударған Н.Ондасынов). Қазақстан, А., 1977. – 208 б.
12. *Афоризмы и крылатые изречения об ораторском искусстве*. Сост.: Г.М.Порубова, Н.Н.Порубов. – Минск, 1977. – 66 с.
13. *Ақыл-ой антологиясы (Қазақ афористикасы: бағзыдан бүгінге шейін)* (Шаймерденұлы Е., жинап-құрастыру, редакциялық өңдеу, тәржіма, анықтамалық). – Алматы: «Өлке» баспасы, 2012. – 536 б.
14. *Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы (8675 мақал-мәтел)* (Құрастырушы Жәрдем Кейкін). Алматы: «Аруна» баспасы, 2016. – 632 б.
15. *Шыңжаң қазақтарының мақал-мәтелдері*. Жинақтап құрастырған Долда Кенешұлы. – Алматы: «Атамұра», 2008. – 208 б.
16. *Қазақ мақал-мәтелдері*. Құрастырған Ж.Малайсарин. Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2008.- 184 б.
17. *Лучшие афоризмы великих людей. Формула успеха (Составитель А.П.Кондрашов)*. - М.: РИПОЛ классик, 2010.- 640 с.
18. *Афоризмы о власти. Предвидеть – значит управлять / Сост. Л.Н.Мартыанова*. - М.: ЗАО Центрполиграф. 2007.- 383 с.

19. Қазақ мақал-мәтелдері.-*Казахские пословицы и поговорки (Құраст. және ауд. М.Аққозин).* – Алматы, «Алматыкітап», 2007. – 272 б.
20. Андреа В. Звезды говорят. 4000 золотых афоризмов на каждый день / Валерия Андреа; пер. с англ. И.И.Комаровой. – М.:РИПОЛ классик, 2006. – 448 с.
21. Пословицы, поговорки и загадки калмыков России и ойратов Китая. Составление, перевод Б.Х.Тодаевой. Элиста: ЗАОр «НПП» «Джангар», 2007. – 839 с.
22. Кемел Мырзагелді. Ақыл қалта. Астана, «Аударма» баспасы, 2013.-616 б.
23. Трамп Д. Лидерство. Золотые правила Дональда Трампа/ Дональд Трамп, Мереди Мак Ивер. – М.: Эксмо, 2013.- 224 с.
24. Саттон Р.Искусство быть хорошим руководителем.Руководство для тех, кто управляет людьми/ Роберт Саттон ; пер.с англ. Е.Милицкой.- М.Манн, Иванов и Фербер, 2013.-352 с.
25. Бальдон и Дж. Быть лидером. 50 способов добиться впечатляющих результатов / Джон Бальдони; [пер.с англ. Е.Деревянко]– М.: Эксмо, 2014.- 288 с.
26. Қыдыршаев А.С., Төлегенова Д.Қ. Іскерлік шешендіктану қағидалары. Оқу құралы. – Орал: «Ағартушы» мемлекеттік тілді оқыту орталығы, 2007. – 68 б.

Роль полиязычного образования в казахстане

Утельбаева Гульжан Укматовна

к.п.н., доцент Актюбинского регионального
государственного университета им. К.Жубанова
gulzhan0402@mail.ru

На сегодняшний момент глобализация оказывает большое влияние на значительные изменения в языковой сфере. Это можно объяснить тем, что характер и темп трансформации политической и экономической систем во многом зависят от языковых, этнокультурных, социальных условий, которая специфична для каждой страны.

Сейчас наше государство переживает сложный и противоречивый период своего культурно-языкового развития. Об этом свидетельствует сложившаяся языковая ситуация, которая дана в Концепции языковой политики Республики Казахстан. Следует отметить, что опорной идеей политики является необходимость овладения несколькими языками. К примеру, русский язык определяется в Концепции языковой политики как основной источник информации по разным областям науки и техники. Вместе с тем, интеграция в мировое экономическое пространство требует знание мировых языков, а в частности, английского языка. В связи с его интенсивным изучением можно обозначить как многоязычную.

В Казахстане идея триединства языков впервые озвучена Н. Назарбаевым ещё в 2004 г. В октябре 2006 г. на XII сессии Ассамблеи народа Казахстана Первый Президент вновь отметил, что знание, как минимум, трех языков важно для будущего наших детей.

Именно с этого момента и начинается отсчёт новой языковой политики Казахстана. Полиязычное образование было закреплено следующими законодательными актами: Конституция Республики Казахстан, Закон Республики Казахстан «О языках», Закон «Об образовании», Государственная программа функционирования языков в Республике Казахстан на 2001-2010 гг., Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан и другими, которые и составили его правовую основу. Перечисленными выше документами определены роль и место полиязычного обучения, принципы создания современной эффективной системы управления полиязычным образованием.

На сегодня в объективном реалии складывается, что свойственный для казахстанского общества билингвизм, начинает сменяться полиязычием. Поэтому объективно возникла необходимость по-новому осмыслить сложившиеся в концепции языковой политики языковые ситуации.

Основная проблема применительно к сложившейся языковой ситуации современного Казахстана отражена в Послании Первого Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Новый Казахстан в новом мире», где в целях обеспечения конкурентоспособности страны и ее граждан предложена поэтапная реализация культурного проекта «Триединство языков», по которому необходимо развитие трех языков: казахского как государственного языка, русского как языка межнационального общения и английского как языка успешной интеграции в глобальную экономику.

В рамках обновленного образования необходимо полиязычное образование.

Полиязычное образование – это целенаправленный, организуемый, нормируемый триединный процесс обучения, воспитания и развития индивида как полиязыковой личности на основе одновременного овладения несколькими языками как «фрагментом» социально значимого опыта человечества, воплощенного в языковых знаниях и умениях, языковой и речевой деятельности, а также в эмоционально-ценностном отношении к языкам и культурам. То есть, полиязычное образование развивает индивида как полиязыковую личность.

Полиязыковая личность – это активный носитель нескольких языков, представляющий собой: личность речевую – комплекс психофизиологических свойств, позволяющих индивиду осуществлять речевую деятельность одновременно на нескольких языках; личность коммуникативную – совокупность способностей к вербальному поведению и использованию нескольких языков как средства общения с представителями разных лингвосоциумов;

личность словарную, или этносемантическую, – симбиоз мировоззренческих установок, ценностных направленностей, поведенческого опыта, интегрировано отраженных в лексической системе нескольких языков.

Выбор средств осуществления полиязычного образования должен быть основан на научно-дидактических концепциях. В этом смысле наиболее значимыми представляются разработки в области лингводидактики, дидактики иностранного языка, методики обучения конкретному языку (частной методики), мульти лингводидактики.

Независимо от того осваивается ли язык в родной (естественной) или искусственной (целенаправленно организованной образовательной) среде, он всегда является этническим, поэтому есть полное основание говорить об этнолингвистических особенностях процесса передачи и усвоения языка, т.е. об этнической специфике лингводидактики. Эта специфика характеризует образовательную среду как этнокультурную. Естественная среда и специально организованная образовательная среда в своей совокупности создают образовательное пространство.

Разработанный педагогический тезаурус полиязычного образования, представляет собой терминологический фонд для его теоретико-методологической концептуализации, потому что:

- категории, понятия и термины, имеющие непосредственное отношение к полиязычному образованию, упорядочены в соответствии со структурой педагогических систем;
- категории, понятия и термины, включенные в данный тезаурус, отобраны в соответствии с методологически значимыми для полиязычного образования теориями в области педагогических и лингвистических наук;
- категории, понятия и термины, систематизированные в данном тезаурусе, в своей совокупности рассматриваются нами как более сложная структура по отношению к полиязычному образованию.

Следующая часть теоретико-методологической концептуализации полиязычного образования закономерно вытекает из канонов диалектической логики, в частности изучающей переходы от одной системы знания к другой, более высокой. При этом неизбежно выявляются диалектические противоречия, возникающие на «границах» такой теории, которая исчерпала свои объяснительные возможности, и требуется переход к новой. Этот переход предполагает разрешение противоречий между известной теорией и системой неизученных фактов. В контексте полиязычного образования такую систему новых фактов выдает реальная языковая ситуация, которая требует ответа на многие вопросы, связанные с проблемами соизучения разных языков.

Лингводидактика как общая теория обучения языку, исследует его общие закономерности, специфику содержания, методов, средств обучения определенному языку в зависимости от дидактических целей, задач и характера изучаемого материала, условий монолингвизма (однойязычия), этапа обучения и интеллектуально-речевого развития учащихся, т.е. в ее задачи не входит специальное изучение проблем полиязычия, в частности параллельного овладения несколькими языками.

Вместе с тем, в плоскости пересечения с новой языковой ситуацией эти науки сближают свои предметы к полиязычному образованию. Дело в том, что одновременное и параллельное изучение и овладение данными языками должно учитывать их принадлежность к разным группам: казахский язык относится к тюркским языкам, русский – к славянским, английский – к германским. Это, во-первых. Во-вторых, независимо от принадлежности к той или иной группе все языки по природе своей этничны. Это значит, что первый из названных аспектов проблемы является предметом изучения лингводидактики, а второй аспект находится в фокусе исследования этнодидактики.

Выделение объекта этнолингводидактики основывается на теоретическом сопоставлении объектов смежных наук. Так, объектом лингвистики является язык, дидактики – способы обучения и учения, объектом лингводидактики выступает языковое образование,

этнодидактики – научно-эмпирические знания этнопедагогике. В таком случае, объектом этнолингводидактики является полиязычное образование как целенаправленный процесс формирования полиязыковой личности на основе параллельного овладения тремя и более языками.

В силу объективно присутствующих особенностей исследуемого явления методы, которые актуализируются и активизируются особым образом в рамках этнолингводидактического подхода, должны быть специализированы. Также, рассматривая вопрос методов в педагогике, следует учитывать не просто их классификацию, а конкретизированную классификацию, т.е. четко помнить, идет ли речь о методах педагогического исследования, или же о методах обучения, методах воспитания, методах педагогического управления (менеджмента). В связи с этим представлена совокупность методов, которая отражает все вышеперечисленные группы. С опорой на это в данную совокупность методов нами включены:

- 1) метод восхождения от абстрактного к конкретному;
- 2) методы мотивации и стимулирования использования различных языков в соответствии с потребностями и интересами взаимодействующих в этнокультурном образовательном пространстве;
- 3) методы организации образовательного процесса по изучению языков (прежде всего, государственного и официального) в соответствии с социолингвистической ситуацией конкретного региона.

Метод восхождения от абстрактного к конкретному – это универсальный метод познания. Тем не менее, было необходимо включить его в состав этнолингводидактического подхода. Как метод исследования объекта, состоящий в переходе от абстрактного и одностороннего знания о нем ко все более конкретному его воспроизведению в теоретическом мышлении, он позволит познать и объяснить природу полиязычного образования.

Методы мотивации и стимулирования использования различных языков в соответствии с потребностями и интересами взаимодействующих в этнокультурном образовательном пространстве – это группа методов, направленная на формирование и закрепление положительного отношения к учению и стимулирование активной познавательной деятельности, т.е. к методам научного исследования проблем полиязычного образования они имеют косвенное, опосредованное отношение. Без доли условности данная группа методов относится к методам обучения и воспитания.

Методы организации образовательного процесса по изучению языков (прежде всего, государственного и официального) в соответствии с социолингвистической ситуацией конкретного региона связаны с тем, что несмотря на унитарность Казахстана как

государственного образования, он в силу своей территориальной целостности охватывает очень разнообразный географический ландшафт, который во многом обуславливает специфику ментальности тех, кто расселяется и обитает в нем. Следовательно, в разных регионах (областях) он создает и разную языковую ситуацию. Связана эта ситуация, в первую очередь, с характером билингвизма: русско-казахским и/или казахско-русским. Полиязычное образование, являясь следствием социокультурной трансформации современной языковой ситуации в Казахстане, предстает как инновационный процесс, который в педагогике понимается как управляемый процесс создания, восприятия, оценки, освоения и применения педагогических новшеств. В связи с этим научно-методическое обеспечение полиязычного образования должно разрабатываться с позиций научно-методического сопровождения инновационно-педагогической деятельности его субъектов.

Список литературы:

1. Концептуальные аспекты профессионального образования в условиях полиязычия // Научно пространство на Европа-2008: Материалы международной науч.-практ.конф. (15-30 апреля 2008 г.) / София, том 13. – Болгария: Изд-во «Бял Град-БГ» ООД. – 2008. – С.57-62.
2. Методологические аспекты полиязычного образования // Поиск. – Серия гуманитарных наук. – 2008. – №3(2). – С.298-304.
3. Социально-педагогические условия становления полиязычного образования в Республике Казахстан // Ұлағат. – 2008. – № 6. – С.16-24.
4. О категориях этнолингводиактики // Вестник развития науки и образования. – М.: Изд-во Наука, 2008. – № 6. – С. 42-50.
5. Педагогические индикаторы полиязычного образования // Сибирский педагогический журнал. – 2008. – № 13. – С. 269-273.
6. Современная языковая ситуация как фактор полиязычного образования // Актуальные проблемы современности. – Международный научный журнал. Серия «Педагогика». – 2008. – № 11(28). – С. 38-42.
7. Историко-педагогические предпосылки становления полиязычного образования // Профессионал Казахстана. – 2008. – № 12 (67). – С.58-60.
8. Педагогический тезаурус полиязычного образования // Этнопедагогика в системе образования. – 2008. – № 5. – С. 12-15.
9. Казахстан: образование в условиях полиязычия // Педагогика. – М. – 2008. – № 6. – С.124-125.
10. Полиязычное образование: теория

Национальная специфика речевого общения билингва в условиях полиязычного образования

Садретдинова Татьяна Александровна
Магистр гуманитарных наук
Актюбинский региональный
государственный университет им.К.Жубанова,
преподаватель кафедры
русской филологии и межкультурной коммуникации
tan220584@mail.ru

На сегодняшний день современный человек характеризуется как личность, свободно владеющая многими языками, осознающая принадлежность к собственной национальной культуре, понимающая и уважающая самобытность культуры собеседника, умеющая участвовать в межкультурном диалоге. При этом любой язык – это культурный код, который формирует философию жизни человека, его систему ценностей, стиль поведения, образ

мышления. Имея мооязычное образование на трех языках, мы формируем три не соприкасающихся друг с другом стиля жизни будущих поколений.

Особую роль в передаче социального опыта индивидам играет язык и другие знаковые системы. В рамках этого опыта социальные нормы поведения, являясь одним из устойчивых фрагментов культуры, представляют собой специфически «национальную форму проявления универсальной и «организационной» функции культуры» [2, 76].

Социальные нормы поведения являются необходимым условием существования общества, регулируя социальное взаимодействие людей в процессе их практической деятельности. Своеобразие практической деятельности конкретной нации обуславливает национальное своеобразие её культуры и, в частности, социальных норм. Поэтому дальнейшее развитие национальных черт культуры так же прогрессивно, как и развитие интернациональных.

Национальная специфика общения проявляется как в социальном взаимодействии собеседников, реализующих в каждом акте общения социальные связи, так и в речи, «обслуживающей» это социальное взаимодействие. Социальный опыт в вербальной форме посредством языковых значений опосредует познавательную деятельность. В психологии общепризнанным является представление о мышлении как познавательной деятельности.

Национальную специфику речевого выражения мышления на фазе ориентировки удобно показать на анализе языковых сравнений. Дело в том, что в языковом сравнении происходит перенос обобщенного языкового знака на новый предмет, если в этом предмете обнаруживается объективное содержание данного знака. В языковом сравнении тождество информации в сравниваемых объектах является основой для переноса языкового знака на анализируемый объект или явление. Содержанием языкового сравнения является вербальная фиксация определённых элементов мыслительной деятельности, иногда сводимых к логическим операциям анализа и синтеза.

Два слова в двух разных языках, обозначающие один и тот же предмет в культуре двух народов и являющиеся переводными эквивалентами, неизбежно связываются с нетождественными содержаниями. Это позволяет говорить о «национальных смыслах» языковых знаков. Наличие не совпадающего в разных языках содержания и слов, соотносимого с тождественными реалиями, определяется национальной спецификой деятельности и возникающими на её основе социальными отношениями.

В условиях современного, стремительно меняющегося мира многоязычие, скорее норма, чем исключение. Наиболее распространённой формой языковой ситуации в глобальных масштабах является, конечно, ситуация двуязычия (билингвизма), вызванная тем, что «уже невозможно разойтись «по национальным квартирам» – слишком тесен стал мир, сильна миграция, интенсивно смешение рас и народов, взаимозависима экология» [3, 98].

Казахстан всегда был многонациональной страной, эта ситуация равновесного проживания людей разной национальной принадлежности, по всей видимости, имеет перспективы, и проблема двуязычия не потеряла своей актуальности, хотя и обнаруживает несколько иные тенденции.

Оценивая реальное соотношение языков, сложившееся на территории страны, можно утверждать, что преимущественной формой двуязычной коммуникации явился казахско-русский билингвизм. Казахско-русское двуязычие на территории Казахстана – почти повсеместное явление, обусловленное социально-историческими факторами. Двуязычие достаточно успешно исследуется с позиций психолингвистики.

При всей справедливости мнения о невозможности существования двух родных языков, мы не можем не согласиться с тезисом о том, «что способом организации когнитивных процессов и структур может быть только один язык, усвоенный в процессе биологического отчуждения от матери и переходе к социальному общению» [5, 17], ибо практика свидетельствует о другом: в сознании ребёнка, формирующегося в условиях двуязычной среды, не обнаруживается отклонения в восприятии и адекватной передаче знаний о мире. Таким образом, мы объективно наблюдаем, что «билингвы и мультилингвы

не имеют никаких сдвигов в своём сознании относительно картины мира, которая представлялась им в зависимости от языка, на котором они ... общаются» [4, 92].

Целое поколение казахско-русских билингов, являясь маргинальными, не может считаться потерянными для развития этноса, ибо вносит своё мировосприятие в формирование общеэтнической картины мира. Формирование картины мира каждого билинга является индивидуальным и зависит не только от уровня владения тем или иным языком, меры погружённости в ту или иную культуру, но и от ряда объективных факторов – характера взаимодействующих языков, их способности к репрезентации той или иной части реальной действительности, социолингвистических условий – степени распространённости второго языка, охвата им различных социальных сфер.

Феномен двуязычия, по У.Вайнграйху, связан с попеременным использованием двух языков: Л.В.Щерба обращал внимание на то, что двуязычие – это способность тех или иных групп населения объясняться на втором языке; другие авторы определяют двуязычие как «соприкосновение двух языков в определённом географическом районе», как «употребление индивидуумом нескольких языков, каждый из которых выбирается в соответствии с конкретной коммуникативной ситуацией». В разнообразных определениях двуязычия фиксируются самые разные стороны этого явления, однако самыми существенными для характеристики являются: степень владения вторым языком, характер существования двух языков в когнитивной системе билинга.

Языковые процессы, в том числе процессы межъязыкового взаимодействия, не поддаются прямой регламентации; это очень сложные, противоречивые процессы, чутко реагирующие как на объективные, так и на субъективные факторы национально-языкового развития. Этническое самосознание является сильным и действенным фактором, особенно наглядно проявляющимся при языковом планировании и строительстве.

Двуязычная ситуация чаще всего представлена в несбалансированном виде, ибо полное и автономное владение двумя языками превышает психические возможности обычного человека. В индивидуальной речевой практике и социуме наблюдается функциональная специализация языков (преимущественное употребление того или иного языка в зависимости от сферы общения, темы, собеседника, среды). Формирование языковой личности как истинно национального феномена возможно при полном погружении в родной язык, именно с его помощью осуществляется сложное взаимодействие национально-культурных традиций, этнопсихологических особенностей склада народа, приводящих к формированию национального характера. Не в меньшей степени интерферирующие явления обусловлены спецификой ментального мира носителя двух языков, который формируется на пересечении концептуальных сфер двух этносов с их прошлым и настоящим опытом материальной и духовной культуры, ценностными ориентирами, стереотипами мышления.

Таким образом, структура картины мира билинга отличается от подобной структуры монолингва по следующим параметрам:

1. Когнитивная система билинга сформирована на базе двух языков. Поэтому в картине мира билинга в разной конфигурации, обусловленной индивидуальными особенностями двуязычия, будет представлена разница в организации лексики двух языков на уровне «семем, слова, семантической группы, значимостей» [1, 3], выраженная, в частности:

- в различном семантическом объёме слов (наличие – отсутствие тех или иных сем, семем);
- в различной функционально-стилистической характеристике;
- в разнице внутренней формы слов и словосочетаний;
- в наличии межъязыковых лакун, связанных с различным членением окружающего мира и разницей предметного содержания;
- в разнице парадигматических и синтагматических связей слов.

2. В когнитивную систему включается и весь комплекс знаний о мире: «энциклопедические» знания или «внеязыковые» знания. По мнению В.И.Герасимова и В.В.Петрова, «в состав базы знаний» входят, по меньшей мере, следующие компоненты:

1) языковые знания:

- а) знание языка – грамматики (с фонетикой и фонологией), дополненное знанием композициональной и лексической семантики;
 - б) знания об употреблении языка;
 - в) знание принципов речевого обращения;
- 2) внеязыковые знания:
- а) о контексте и ситуации, знания об адресате;
 - б) общефоновые знания (т.е. знания о мире) – знания о событиях, состояниях, действиях и процессах [1, 11].

Концептуальное содержание в картине мира билингва представляет наибольший интерес с точки зрения контрастивного исследования, ибо в целостную картину мира билингва обязательно вплетаются общефоновые знания, несущие на себе национально-специфический отпечаток.

Национально-культурная память представляет собой основную составляющую в содержании национального самосознания. Это кладёшь сведений, эмоций, фактов, откуда мы в нашей повседневности и обыденности черпаем данные для ответа на сакраментальные вопросы. Это не история в чистом виде, а то, как прошлое представлено в нашей сегодняшней мысли и как оно вписывается в наши знания о современном мире.

В предисловии к четырёхтомнику французских историков «Места памяти» справедливо отмечено: «Память есть жизнь, носителями которой являются живые группы людей, и потому она постоянно эволюционирует в открытой диалектике воспоминания и забвения - диалектике бессознательной в её непрерывных смещениях и искажениях, уязвимой во всех её применениях и использованиях, долго пребывающей в сокрытости, но всё же способной к внезапному оживлению... Память коренится в конкретном: в пространстве, жесте, образе и объекте...».

Национальная память представляет собой в действительности огромное сооружение, не очень хорошо организованный склад материальных и духовных ресурсов, которые один человек или даже группа близких по духу людей не может удержать в воспоминании. Ассоциативный тезаурус языка и заключённая в нём ассоциативно-вербальная сеть является репрезентантом состава и устройства системы языка и одновременно субстратом языковой способности носителя. Сеть квалифицирует составляющие её единицы и их связи по трём уровням: семантическому (вербально-грамматическому), когнитивному (знаний о мире) и прагматическому, отражающему позицию человека в мире и его взаимоотношения с миром. Единицы, конституирующие когнитивный уровень (а именно: имена собственные, прецедентные тексты культуры, жесты и т.д.), и явления, относимые к уровню прагматическому (пресуппозиция, дейксис, оценка, рефлексия, игра слов), весьма разнообразны по своей природе и функционированию. Но в их числе есть большая группа объектов, которые отвечают критериям «мест памяти», частично отражают содержание национального самосознания людей и во многом определяют особенности ментальности.

Наиболее обосновано на роль «мест» национальной памяти могут претендовать некоторые имена собственные, прежде всего топонимы и антропонимы, которые отражают соотносимые с историей народа и его культурой, внеязыковые, экстралингвистические данные. Проведённый нами ассоциативный эксперимент позволил нам выявить специфическое национальное видение мира на культурном фоне.

Так, например, при воспроизведении ассоциативно-вербального ряда испытуемые часто используют этнонимы (названия народов). Как известно, этнонимика – раздел лексикологии (от греч. *ethnos* – племя, народ и *опута* – имя), изучающий названия племён и народов.

С этнонимом «казах» ассоциируются Сакен Сейфуллин, Сырым Датов, Чингиз-хан, Алихан Букейханов, Кожанасыр, Шара Жиенкулова. Это связано прежде всего с тем государством, на территории которого они проживали. Их имена символизируют гордость казахского народа.

Александр Солженицын, Иван Сергеевич Тургенев, Александр Сергеевич Пушкин, Владимир Владимирович Путин, ассоциируются с этнонимом «русский». На такое

восприятие повлияло то, что эти великие деятели творили на территории России и, многие, находясь за рубежом, оставались верными своей Родине.

Этноним «*киргиз*» связан с ассоциациями, вызванными Чингизом Айтматовым. Чингиз Айтматов является народным писателем Киргизии, который писал на русском и киргизском языках.

Важно отметить, что очень часто знаменитые личности ассоциируются с датами, которые так или иначе сыграли важную роль в их жизни или называют эпоху, в которой творили известности.

С именем лётчика-космонавта Юрия Гагарина связана дата – «*12 апреля*», «*1961*». Именно в этот день впервые в истории человечества Юрий Гагарин совершил полёт на космическом корабле «*Восток*».

«*10 апреля*» ассоциируется с именем великого русского писателя Николая Васильевича Гоголя. В апреле 1836 года в Петербурге состоялось первое представление комедии «*Ревизор*», которую демократически настроенные критики приняли восторженно.

Имя Виктора Пелевина связывается с «*XXI веком*». Эта ассоциация объясняется временем творения произведений и жизнью писателя. И в наше время Пелевин радуется своим новыми изданиями.

«*1937 год*» ассоциируется с Султанмахмутом Торайгыровым. В 1937 году писатель вместе с другими известными личностями был репрессирован.

Содержание национального самосознания людей определяет особенности ментальности. Специфическое видение мира носителями русского и казахского языков связано с «*местами памяти*», которые живут в сознании.

Следовательно, в картину мира билингва вплетаются общефоновые знания, несущие на себе национально-специфический отпечаток, который включает в себя индивидуальный культурный опыт, запас знаний и навыков, круг ассоциаций.

Список литературы:

1. Герасимов, В.И. Петров В.В. На пути к когнитивной модели языка / В.И. Герасимов, В.В. Петров // Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1988.
2. Гудавичюс, А.И. Принципы построения и содержания сопоставительной семасиологии / А.И. Гудавичюс. – М., 1989.
3. Маркарян, Е.С. Очерки теории культуры / Е.С. Маркарян. – Ереван, 1969.
4. Мечковская, Н.Б. Социальная лингвистика / Н.Б. Мечковская. – М., 1996.
5. Сулейменова, Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики / Э.Д. Сулейменова. – Алматы, 1996.
6. Шарков Ф.И. Основы теории коммуникации / Ф.И. Шарков // Академия труда и социальных отношений. – М., 2002. – 245 с.
7. Шахнарович, А.М. Родной язык: онтогенетический подход / А.М. Шахнарович // Русский язык в СССР. – М., 1991.

Шетел мәдениеті-шет тілінің бір бөлігі

Тұрмағамбетова Г.Н.
Аға оқытушы
Қ Жұбанов атындағы АӨМУ
bekz77@mail.ru

Бүгінгі таңда жас ұрпақтың сапалы білім алуы басты мәселе болып отыр. Білім саласының даму көшінен қалмай ілгеілеу басты мақсатымыз. Сол көшке ілесе алмасақ-бізге сын. Еліміздің ертеңі жас ұрпақтардың қолында. Қазіргі заман талабына сай болашақ ұрпақтың оқып білім алуын еліміз бірінші орынға қойып отыр. Білім беру мен білім алудағы

атқарылатын қарқынды жұмыс ұстаздардың еншісінде айтпаса да белгілі. Осыған орай ұлы педагог Ушинскийдің «Бала-балқыталған алтын» деген қанатты сөзі бірден ойға келеді. Балаға қалай бағыт берсең, солай өседі. Сондықтан баланың бойындағы жақсы қасиеттердің болуына, оның жан-жақты дамуына рухани бай тұлға қалыптастыра білу басты міндетіміз. Оқытудағы жаңа тәсілдерді пайдалана отырып, оқушы бойындағы сенімділік пен жауапкершілікті дамыту керек. Қазіргі кезде заман талабына сай қоғам өмірінің жаңа сапасының негізін құрайтын жан-жақты білімді, жоғары мәдениетті, қабілетті мол тұлға қажет

Бүгінгі таңда шетел тілін оқытудың басты мақсаттарының бірі- мәдениаралық қарым-қатынасқа қабілетті, шетел тілін сол тілде сөйлесуші ұлттық тілдік және әулеметтік –мәдени ерекшелектеріне сай, дұрыс қолдана алатын, білімді де мәдениетті мамандар даярлау болып табылады. Бұл мақсатқа жетуде тіл-ұлт-мәдениет үштігін өзара тығыз байланыста қарастырудың, студенттердің бойында әулеметтік-мәденибіліктілікті қалыптастырудың маңызы зор. Шетел тілін оқытуда студенттердің бойында тілін үйреніп отырған халықтың салт-дәстүрі, наным сенімдері, тарихы жайындағы білімді қалыптастыруды талап етеді. Шетел тілі-бұл әлемді тану кілті. Басқа әлем елдерінің миллиондаған адамдары еркін өз тілдерінде Шекспирді, Байронды, Гетені, Пушкинді, Абайды, Әуезовті, Аймаутовты және т.б. оқи алады, идеялық-эстетикалық ой өрістерін кеңейтеді, тәрбиелеуде және білім беруде үлкен мағына береді. Халық туындылары арқылы шет ел мәдениетін танып білуге болады. Шағын әдеби шығармалар, әңгіме, эссе, новелла, публицистикалық, көркем мәтіндер, деректі және көркем фильмдер тарихи материалдар қолдану тиімді болып келеді. Жаһандану кезінде, Қазақстанның түрлі елдермен байланыс кезінде экономика, саясат және мәдени салаларында тіл ролі көтерілді, өйткені тіл ынтымақтасты, қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Мәдени құндылықтармен алмасу шетел тілін оқыту арқылы жасалады. Жастарды өз тілін құрметтеу мен қатар шетел тілін де құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Тілдер қарым-қатынас құралы емес, сонымен қатар қоғамға қажетті құрамдас бір бөлік. Шетел тілін болашақ мамандарға оқыту мен тәрбиелеу тығыз байланысты.

Мемлекеттік тілді білу-парыз, өзге тілдерді үйрену-құқық. Қазіргі таңда жаңартылған бағдарлама бойынша шетел тілі 1 класстан оқытуда. Негізінен шетел тілін ерте жастан оқытудың басты мақсаты- оқушылар шетел тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ерте жастан шетел тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттыру, қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілде сөйлеуге мүмкіндік береді. Қазір шетел тілін білу- заман талабы. Шетел тілін оқытудың тиімділігі тек ғана білім алушыларға байланысты емес, оқыту стратегиясына байланысты. Бұл мақсатқа жету үшін ең басты факторлар мыналар: мұғалімнің студентке немесе оқушыға деген педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігін жетілдіру және сабақтағы әулеметтік қарым-қатынас. Тілді үйренуде оқушылардың тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын дамыту сабақ барысында жүзеге асыру, жазудан гөрі тыңдап түсінуге, сөйлеуіне көбірек назар аудару. Тек оқушылардың сабақ уақытында шет тілінде айтылым, оқылым, жазылым болып қана қоймай, мұғаліммен немесе бір-бірімен жанды, белсенді қарым-қатынас болуы керек. Балалардың шет тіліне деген қызығушылығын арттыру үшін оқу үрдісінде сабаққа деген белсенділігін жақсы ұйымдастыру керек.

Тілді білу арқылы адам өзге ұлттың өзгешелігін, мәдениетінің қаншалықты терең екендігін ұғынады. Шетел тілді оқыту күрделі әрі қиын үрдіс, шет ел тілін үйретуде студенттердің өз өмірлерінде болып жатқан құбылыстарға зейін қою арқылы қабылдауын арттыру. Шетел тілін оқытуда студенттің мәдениеттінің диалогқа еркін қатыса алуға себеп болатын тұлғалық қасиеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Тіл мамандарын дайындауда мәдени диалог оқытушылар мен мамандардың ізденудің ұтымды жолы. Оқу үрдісінде «окультурация» жүреді, бұл тәсіл мамандардың дайындығын тиімді етуге, маңызды мөлшерде шекарасын кеңейтуге мүмкіндік береді, тілдік дағдыны және шеберлікті байытуда, сол елдің әдет-ғұрпын және дәстүрін оқуда қолданады. Шетел тілін оқыту барысында тіл арқылы әлемдік мәдениетті тану, тіл арқылы әрбір студент өз кезегінде ұлтаралық келісім, өз мәдениетін, ұлттық мәдениетін, құндылығын бағалайды. Ғылым мен білімнің тығыз сабақтастығы отандық және әлем мәдениетіне баурау қазақ халқы және басқа

халықтардың оқыту мәтіндері, тарих, әдет-ғұрып, дәстүр, мемлекеттік тіл мен орыс тілі, шетел тілдерін білу арқылы жасалады. Көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет

Қорыта келгенде, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірде қажетке асыра білуі керек. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болуы үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренерміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған білім — болашақтың кепілі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Маслова В.А. Лингвомәдениеттану: Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық.-2-басылым, стереотип. – М.: «Академия» баспа отралығы, 2004.-276.
2. Милосердова Е.В. Ұлттық-мәдени стереотиптер және мәдени аралық қатынастар проблемалары.// Ғылыми-әдістемелік журнал ИЯШ. 2004. №3. –
3. Смагина И.П. Шетел тілін оқыту мәдениаралық қатынастың маңызды негізі.// Ғылыми-педагогикалық журнал Білім. 2008. №4.
4. Барышников Н.В. Мультилингводидактика// Ғылыми-әдістемелік журнал ИЯШ. 2004. №5.

Инновационные педагогические технологии в обучении

Умирзакова С.Е.

АРГУ им К.Жубанова
старший преподаватель
Казахстан, Ақтобе,
saule05111966@mail.ru

Целью образования в настоящее время становятся не просто знания и умения, а определенные качества личности. Сегодня востребован член общества – личность самостоятельная, инициативная, ответственная, активная, высоконравственная и творческая, способная гибко адаптироваться к изменяющимся условиям жизни, стремящаяся к непрерывному образованию и самосовершенствованию.

Новые требования общества к уровню развития и образованности личности, новые условия жизни должны менять содержание, средства и методы педагогического процесса. В этой ситуации возникает потребность в новых технологиях обучения (педагогических инновациях).

С одной стороны, технология обучения – это совокупность методов и средств обработки, представления, изменения и предъявления учебной информации, с другой – это

наука о способах воздействия преподавателя на студентов в процессе обучения с использованием необходимых технических или информационных средств.

Современные педагогические технологии – это такие педагогические технологии, которые могли бы не только обеспечить эффективное усвоение предметных знаний, но и способствовали бы формированию у учащихся навыков самостоятельного получения знаний.

В методической науке разработано множество разнообразных технологий, которые тесно взаимосвязаны между собой. Нам бы хотелось рассмотреть эффективные в данном отношении педагогические технологии обучения иностранному языку на неспециальных факультетах.

Техническая база образовательного комплекса нашего университета позволяет широко использовать **компьютерные технологии** во время аудиторных занятий и внеаудиторных мероприятий. Компьютерные технологии – процесс подготовки и передачи информации обучаемому, средством осуществления которого является компьютер. Электронные конспекты лекций, видео-лекции могут быть полезны как во время аудиторных занятий, так и в процессе самостоятельной работы студентов. Мультимедиа курсы являются, несомненно, перспективным дидактическим средством, которое при определенных условиях может значительно повышать эффективность учебного процесса. Демонстрация фильмов, анимация, фотографии, таблицы, выделение значимой области текста при помощи цвета и шрифта – всё это позволяет представить учебный материал как систему ярких опорных образов, наполненных структурированной информацией, обеспечивают более глубокое погружение в материал. В этом случае задействуются различные каналы восприятия, что позволяет заложить информацию не только в фактографическом, но и в ассоциативном виде в долговременную память обучаемых и увеличить скорость и качество усвоения материала.

Проблемное обучение — это тип развивающего обучения, которое предполагает создание под руководством преподавателя проблемных ситуаций и активную самостоятельную деятельность учащихся по их разрешению, в результате чего и происходит творческое овладение знаниями, навыками и умениями и развитие мыслительных способностей. Проблемное обучение предполагает следующие последовательные операции: постановка вопросов преподавателем, анализ грамматического явления студентами, самостоятельное формулирование правила студентами под контролем преподавателя.

Всё большую популярность приобретает технология современного **проектного обучения**. Актуальность проекта заключается в следующем: продуктивный способ сбора, изучения и анализа информации, что способствует формированию информационной культуры студентов, эффективный путь развития творческого мышления и совершенствования устной речи, опыт публичного выступления. Метод проектов формирует у учащихся коммуникативные навыки, культуру общения, умения кратко и доступно формулировать мысли; развивает умение добывать информацию из разных источников, обрабатывать её с помощью современных компьютерных технологий; создает языковую среду, способствующую возникновению естественной потребности в общении на иностранном языке. Учащиеся расширяют свой кругозор, границы владения языком, получая опыт от практического его использования, учатся слушать иноязычную речь и слышать, понимать друг друга при защите проектов.

К современным технологиям относится и **обучение в сотрудничестве** (cooperative learning), обучение в малых группах. Одни студенты быстро «схватывают» все объяснения преподавателя, легко овладевают лексическим материалом, коммуникативными умениями, другим требуется не только значительно больше времени на осмысление материала, но и дополнительные примеры, разъяснения. Такие ребята, как правило, стесняются задавать вопросы, а подчас просто и не осознают, что конкретно они не понимают, не могут сформулировать правильно вопрос. Если ребята будут работать фронтально, то слабые студенты рискуют так и не понять, почему нужно выполнять задания так, а не иначе. Если работа будет организована индивидуально, то тем более слабые студенты не смогут самостоятельно разобраться в новом материале. В малых же группах, организуемых так, чтобы в каждой группе, состоящей из 3-4 человек, обязательно был сильный студент,

средний и слабый, при выполнении одного задания на группу, учащиеся ставятся заведомо в такие условия, при которых успех или неуспех одного отражается на результатах всей группы. Поэтому слабые учащиеся стараются выяснить у сильных то, что им непонятно, а сильные учащиеся стремятся, чтобы слабые досконально разобрались в задании, а также имеют возможность проверить собственное понимание вопроса, дойти до самой сути. Таким образом, совместными усилиями ликвидируются пробелы.

Таким образом, обучение в сотрудничестве способствует развитию каждого учащегося, развитию навыков взаимопомощи, студенты приобретают опыт работы в команде.

Список литературы:

1. Гальскова Н. Д. Современная методика обучения иностранным языкам - М.: АРКТИ 2000.
2. Нестерова Н.В. Информационные технологии в обучении английскому языку// Иностранные языки в школе.-2005.-№8.-
3. Ареско А.Р., Праго А.Д. Инновации. – К.: Инфо., - 2008. – 465с.
4. Малашова Г.Р. Инновационные технологии современности.- к., -2010.- 465с.
5. Давыдов В.В. Научное обеспечение образования в свете нового педагогического мышления.М.: 2009
6. Панфилова А.П. Инновационные педагогические технологии: Активное обучение: учеб.пособие для студ.высш.учеб.заведений/ А.П.Панфилова.- М.: Издательский центр «Академия»,2009.-192с.

ЖОО-да білім мазмұнын жетілдіру

Албытова Н.П.

п.э.к., профессор

*Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан республикасы, Нұр-Сұлтан қ.*

nalbytova@mail.ru

Білім беру жүйесі біртұтас және синергетикалық жүйе ретінде өскелең ұрпақты қазіргі және болашақтағы сын-тегеуріндерге дайындау ісінде қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындауға бағытталған, оқушылардың 21 ғасырда өмір сүруге қажетті тиісті білімдерін, іскерліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қалыптастырады. Ал, білім беру жүйесінің қызмет етуінің негізгі принциптерінің бірі ретінде білім беру жүйесінің барлық буындарының сабақтастық принципі болып табылады. Бұл мектепке дейінгі, бастауыш, орта, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша кәсіптік білім берудің барлық деңгейлері бір-бірін байыта және толықтыра отырып, синхронды режимде дамуы тиіс дегенді білдіреді.

Білім беруді жаһандандыру жағдайында қазіргі заманғы жалпы білім беретін мектепке педагогикалық инновацияларды енгізуге қабілетті, ұлттық және адамзат тәжірибесінде жинақталған құндылықтарды іске асыруға технологиялық жағынан кәсіби құзыретті, креативті педагогтар қажет. Осыдан педагогикалық жоғары оқу орындарының алдында кәсіптік оқытудың инновациялық және тиімді әдістері мен технологияларын іздестіру және оқу процесін жүзеге асырудың тиісті ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларын жасауға қатысты мәселелер кешені тұр.

Бүгінгі уақытқа дейін педагогтарды даярлауда базалық және бейіндік циклдің пәндері көлемі жағынан мәнді және мазмұны жағынан болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау құрылымында маңызды орын алды. Әрбір пән педагогикалық білім берудің теориялық және практикалық компоненттеріне ие болып келді.

Педагогикалық білім берудің даму тенденциялары дуалды кәсіби білім беру жүйесін іске асыру контексінде практикалық-бағытталған білім беру процесінің басым болу қажеттігін көрсетеді. Демек, бүгінгі уақыт талабына сәйкес білім беруде барлық деңгейдегі білім беру мазмұнын айқын анықтау, жетілдіру қажеттігі туындап отыр.

Білім беру мазмұны – қоғам дамуының кез-келген кезеңінде дидактиканың өзекті мәселесі болып келеді. Білім мазмұны – жас ұрпақтың өркениетті, демократиялық қоғамда өмір сүруі үшін оған қазіргі кезеңдегі білім жүйесі мен дүниетанымды игерту. Білім мазмұны жаңа ақпарат ағымын саналы түсіну, оны бағалай білу, кез келген жағдайда шығармашылық шешім қабылдау, рухаи адамгершілік қағидаларды игерту бағыттарын белгілейді [1,59].

Білім мазмұны – бұл арнайы іріктеліп алынған және қоғамда қабылданған, білгілі бір сферада қызмет атқару үшін меңгеретін адамзат тәжірибесінің элементтер жүйесі. Сондай-ақ, ол білім, іскерлік, дағды және дүниетанымды мен жалпы тұлғалық қалыптасу деңгейі көрінетін түпкі нәтиже ретінде қарастырылады.

Білім мазмұнын анықтау өте күрделі міндеттердің бірінен саналады. Дидактикада білім мазмұнын анықтауға әсер ететін негізгі объективтік және субъективтік факторлар бар. Объективтік фактор қоғамның, ғылым мен техниканың дамуын, субъективтік фактор қоғамдағы саясат, идеология, ғалымдардың методологиялық позицияларын белгілейді. Білім мазмұнын анықтауда формалды және материалды білім беру теориялары негізге алынады. Формалды білім беру теориясы – Джон Локктан (XVIII ғ.) бастау алып, Песталоцци, Кант, Гербарт т.б. (XVIII-XIX ғ.) жалғасын тапты. Олар рационализм философиясы теориясын ұстанды, яғни тілдерді меңгеруді білім алушыны дамыту құралы деп есептеді, әсіресе, ертедегі грек, латын тілдерін, математиканы үйретуді таңдады. Есесіне химия, физика жалпы табиғатты тану ретінде меңгерілді [2].

Материалды білім беру теориясы – XVIII ғ. аяғы – XIX ғ. өріс алып, шаруашылық пен ғылыми-техниканың дамуы ғылыми-жаратылыстану, техникалық тәжірибесі мол мамандарды дайындауды талап етті. Бұл теорияны жақтаушылар эмпиризм (грекше «тәжірибе») философиясын ұстанды. Осыдан ғылыми-жаратылыстану ғылымдарын меңгерту өріс алды да нәтижесінің өлшемі ретінде білімнің өмірге қажеттілігі есептелді. Дегенмен, бұл екі теория да біржақтылық танытып, кезінде К.Д.Ушинский осы теорияларды қатты сынға алғаны белгілі [3].

Ғылыми зерттеулерде, педагогикалық оқулықтарда көрсетілгендей, педагогика ғылымындағы білім берудің ғылыми мазмұнын анықтау теориялары және оны жетілдіруге қойылатын ғылыми талаптар жүйесі төмендегідей:

- Тәрбиенің негізгі мақсатына бағытталуы – жан-жақты дамыған адамды тәрбиелеу, адамды өмір сүруге дайындау;

- Білім мазмұнын ғылыми негізде құру;
- Ғылыми жүйенің логикалық құрылуы;
- Пәнаралық байланысты сақтау;
- Теория мен практиканың байланысы, өндіріспен ұштастыру;
- Білім алушының жас ерекшелігімен сәйкестендіру [4].

Білім мазмұны - өкімет арнайы таңдап анықтаған белгілі салада жұмыс істеу үшін қажетті адамзат тәжірибесінің бөлшегі. Ол - оқытудың нәтижесі болатын білім, білік, дағды, тұлғалық қасиеттер жиынтығы. Олай болса, оқыту – білім беру, тәрбиелеу, дамыту мақсатына бағытталған алдын-ала жоспарланған іс-әрекет.

В.А.Сластениннің пікірі бойынша мұғалімдік қызметке қойылатын жалпы талаптардан туындайтын мұғалімдік мамандықтың профессиограммасы мыналарды қамтиды.

- 1) қоғамның саяси ұстанымы;
- 2) әлеуметтік-психологиялық, этикалық-педагогикалық және ұстаздың жеке басының сапалары;
- 3) психологиялық және педагогикалық даярлық;
- 4) мамандық бойынша даялық;
- 5) пән бойынша даярлық [5].

Қазіргі постиндустриалды қоғамда білім мазмұнын жаңарту, тұғырлардың алмасуы, өзгеше қарым-қатынас, құқық, педагогикалық менталитет т.б. білім парадигмасын өзгерту қажеттігінің туындауы заман талабы.

«Парадигма» латын тілінен аударғанда «үлгі» деген мағына береді. Бүгінгі педагогикада ол білім берудің концептуалдық моделі ретінде қолданылып келеді. Білім беру парадигмаларының көптеген түрлері бар. Бүгінгі таңдағы байқалған педагогикалық ғылымда тұғырдың өзгеруі, ең әуелі, педагогикалық зерттеуде ғылымнан тәжірибеге көшу кезеңдеріне жатады.

Шетелдік психологиялық-педагогикалық ғылым шеңберіндегі білім беру парадигмасы мәселесіне байланысты еңбектерді талдасақ, шетел педагогикасында білім беру парадигмасы түрлі тұжырымдамалар арқылы беріледі: дәстүрлі білім парадигмасы; технократтық (прагматикалық) парадигма; бихевиористік (іс-әрекеттік) парадигма; гуманистік парадигма; теологиялық парадигма; биопсихологиялық парадигма т.б.

Білім беру жүйесіндегі негізгі қарама-қайшылық - дүние жүзіндегі білімнің қарқынды өсу темпі мен индивидтің оны меңгеруге мүмкіндігінің шектеулі болуы арасында. Осындай қарама-қайшылық тұлғаны абсолютті білімді идеал ету (тұлғаны жан-жақты дамыту) сияқты педагогикалық теориядан бас тартып, жаңа идеалға - адамның өзін-өзі реттеуі мен өз бетімен білім алу қабілетін максималды дамытуға көшуді талап етіп отыр. Бұл инновациялық білім беру тұғырларын анықтап алуды талап етеді. Инновациялық оқыту – ең алдымен, білім беру, өз бетімен білім алу негізінде тұлғаның қабілетін дамыту.

Фундаментальдылық, тұлғаның қызығушылығын қанағаттандыру мақсаттылығы және бағыттылығымен қатар білім берудің жаңа парадигмасының көрінісі.

«Фундаментальді ғылыми-жаратылыстану және гуманитарлық білім адамға дүниенің қазіргі таңдағы біртұтас ғылыми-жаратылыстану картинасы туралы түсінік беруге, кәсіби қызметті бағалау үшін ғылым іргетасын қалап, тұлғаның шығармашылығын дамытуға және өз мүмкіндігі, қабілеті, қажеттілігін тану арқылы өмірлік бағдарламасын жасауға мүмкіндік тудыруы керек» (ЮНЕСКО-ның халықаралық меморандумы).

Егер, 1960-1980 жылдары білім беру «бәрінен аз ғана білу» формуласымен сипатталса, 1990 жылдары «Жаңа жағдаяттарды тану үшін барлық ұсынылған мазмұнның мәнін білу» - ге көшті. Барлық пәндердің негізгі мәнін білу арқылы ортақ ақпарат жинақтау білім алушыға әсіресе, студентке болашақ маман ретінде қойылатын негізгі мақсат. Оқытудағы мәндік тұғыр (сущностный подход) жаратылыстану, гуманитарлық және техникалық ғылымдар синтезін құрайды. Оқытудағы мәндік ұстаным – бұл оқытушылардың студенттің қабілетін дамыту бағытында пәнаралық байланыс негізінде олардың (пән мазмұнының) мәнін жүйелі ұғынуға жағдай жасайтын жүйелі, синергетикалық («синергия»- грекше серіктестік, екі адамның бір бағыттағы бірлескен әрекеті) ұстаным.

Акмеологиялық тұғыр инновациялық білім беруде мәндік тұғырмен тығыз байланысты. «Акмеология» (грекше «акме» - шың, биіктік, жоғарғы деңгей) – зерттеу нысаны (объектісі) өмірдің кез келген сферасындағы өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзінің қол жетер мүмкіндігін жүзеге асыру динамикасындағы адам болып табылатын ғылыми білімнің жаңа аймағы, ғылыми пәндер кешені. Бұл ұғымды ғылыми айналымға Н.А.Рыбников (1928) енгізді, оларға жастық пісіп-жетілу психологиясын немесе ересектілікті белгілейді. Акмеологияны ғылыми проблема ретінде Б.Г.Ананьев («Адам таным мәселесі», 1969) тұжырымдады, оны А.А.Бодолев («Акмеология оқу және ғылыми пән ретінде», М.,1993) дамытты. *Акмеология пәні* – адамның шығармашылық әлеуеті, субъектінің шығармашылық деңгейге жету заңдылықтары мен шарттары, өзінің мүмкіндігін шарықтау шегіне жеткізуі. Акмеология міндеті - іс-әрекет субъектісін кез-келген әрекетте, сондай-ақ, өзі таңдаған мамандықта үлкен жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін білім және технологиялармен қаруландыру. «Акме» - бұл кәсібилік шыңы – тұрақты жоғары нәтижелер, келешекке сенімділік. Шығармашылық – кәсібиліктің қажетті компоненті. Өзін-өзі дамыту – кәсіби шыңға жету жолы. Барлық білім алушылардың бойында өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өз бетімен білім алу, өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастыру қажет, бұл «акме» жағдайына жету факторлары. Акмеологиялық зерттеудің негізгі саласы адам дамуының жоғары дәрежесі ретінде кәсібилікті оқытумен байланысты. Акмеологияның нысаны -

адамның кәсіби педагогикалық, инженерлік, медициналық, әскери, спорттық және юасқа қызметтері. Мұндағы оқытушы міндеті – студенттердің оқу мотивтері мен қажеттіліктерін қалыптастыру болып отыр [6].

Сонда білім мазмұны тұлғаның жан-жақты дамуына және құзыреттіліктерінің қалыптасуына негіз болып табылатын әрбір білім беру деңгейі бойынша білім жүйесі (кешені). Мұндағы «құзырет» білім беру жүйесіне берілетін әлеуметтік тапсырыстарды құрайтын жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында нәтижелі іс-әрекеттерге қол жеткізу үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді жаңғыртуға дайындық болса, «құзыреттілік» оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны және қызметтің әмбебап тәсілдерін меңгеруі көрінетін білім берудің нәтижесі.

Қазақстан Ресубликасының даму перспективалары халықтың тұрмысының жоғары деңгейіне қол жеткізіп, оның әлемдік қауымдастықтағы мәртебесін арттыру болып табылады. Жоғары технологиялар мен цифрландыру дәуірінде білім беру жүйесі болашақтың көкжиегін анықтайды, мемлекеттің тұрақты дамуы мен зияткерлік қуатын қамтамасыз етеді. Қазақстанды бәсекеге қабілетті адам капиталы бар елге айналдыру үшін, білім берудің заманауи модельдері және экономикалық өмірдің жасампаз нысандары бүкіл қоғамның игілігіне айналуы тиіс. Осы орайда жаңаша ойлайтын педагог кадрларды даярлаудың орны ерекше. Сондықтан білім берудің ұлттық жүйесінің еліміздің адам ресурстарын дамытуға үлесінің тиімділігін арттыру үшін, жоғары білім берудің «Білім беру» мамандықтары тобына Білім бағдарламалары дайындалуда.

Білім мазмұнын анықтайтын басты құжат ретінде құрастырылу барысындағы Білім бағдарламалары дуалды кәсіби білім беру жүйесін іске асыру мақсатында практикалық-бағытталған білім беру процесінің басым болуын көздейді. Сондықтан білім бағдарламаларын құрастыруда бірнеше сұрақтарға ғылыми – практикалық жағынан нақты, айқын сұрақтарды белгілеп алу керек:

- Біріншіден, бүгінгі таңда өндіріске қандай мамандар қажет болып отыр, яғни түлек қандай құзыреттілікке ие болуы керектігін нақты шешу;
- Екіншіден, осы белгіленген құзіреттілікке қол жеткізу үшін студент қандай білім, іскерлік, дағдыларды меңгеруі тиіс екендігін белгілеу;
- Үшіншіден, студенттің меңгеруге тиісті білім, іскерлік, дағдылары қандай пәндер негізінде іске асатындығын таңдап, іріктеу.

Білім бағдарламасын дайындауда білім беру жүйесінің барлық буындарының сабақтастықта болуы принципі, яғни мектепке дейінгі, бастауыш, орта, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлері бірін-бірі мазмұндық жағынан жетілдіріп, толықтырып, дамытуы бағдарламаның нәтижелі болуының шарты болып саналады. Маман даярлау мақсатында аталған білім беру жүйесінің әрқайсысы Білім беру бағдарламаларын даярлау кезеңінен бастап, курстың толық аяқталуына дейін өндіріспен тікелей әрі тең құқылы байланыста болады.

Білім бағдарламасын дайындау барысында оқу бағдарламасында берілген мазмұнды терең меңгеру мақсатында пререквизиттер мен постреквизиттер көрсетіледі. Жоғары оқу орны студентінің білім мазмұнын меңгеруде ескеретін жайлардың сол пәнді меңгеруге дайындығын анықтау және осы пәнді меңгерудің келесі пәнді меңгерудегі орнын білу болып табылады. Олай болса, өз кезегінде білім бағдарламасын дайындайтын мамандар пререквизиттер мен постреквизиттер туралы жан-жақты білулері қажет. Пререквизиттер оқылатын пәнді меңгеруге қажетті білімдер, іскерліктер, дағдылар мен құзыреттіліктер тізімі де постреквизиттер келесі оқытылатын пәндерді меңгеруге қажетті білімдер, іскерліктер, дағдылар мен құзыреттіліктер тізімі.

Сонымен, мектептердің заманауи талаптарына жауап беретін педагогтарды даярлауда жоғары оқу орындарында білім мазмұнын жетілдіруде төмендегі мәселелерді ғылыми-практикалық жетілдіре түсу қажет деп есептейміз:

- Жоғары кәсіби педагогикалық білім беру тәжірибесін жинақтау және қазақстандық білім беру жүйесіне сәйкес саралау;

- Жоғары педагогикалық білім беру мазмұнын 21 ғасыр дағдыларын меңгеруге қажетті құзыреттіліктерге бағыттап жетілдіру;
- Кәсіби білім беруде білім беру жүйесінің сабақтастық принципін және өндіріспен байланыста ұстану.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі (Педагогика және психология). Алматы.- Мектеп, 2002.-251 б.
2. Краевский В.В. Методология педагогики: новый этап: учеб. пособие для студентов высш.учеб. заведений.- М.:Академия, 2006.-400 С.
3. Бабанский Ю.К. Педагогика.- Москва: Просвещение, 1983.-608 С.
4. Шалғынбаева Қ.Қ., Албытова Н.П., Сламбекова Т.С. Жоғары мектеп педагогикасы. Электрондық оқулық.- РЖООАЭК, Алматы, 2016. 233МГц; 64МБ
5. Иргебаева Н.М. Психология (Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін мамандықтарға арналған оқулық).-Алматы, Нұр-Принт.-2015.-527Б.
6. Қазақша түсіндірме терминологиялық сөздік (Педагогика). Алматы, 2007.

Жарнама тілі және оның заманауи әлемдегі мағынасы

Амирова Айнура Аманбаевна

Аға оқытушы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе Өмірлік Мемлекеттік Университеті,

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

ainur.amirova.82@mail.ru

XXI ғасырдағы өмірді жарнамасыз елестету мүмкін емес. Қазіргі заманғы жарнама - бұл ғылымның түрлі салаларында мамандар: лингвистер, психологтар, мәдениеттанушылар және әлеуметтанушылар назарын аударатын көп қырлы құбылыс. Жарнама тілі жаңа идеялар мен оқиғалардың пайда болуына дереу жауап береді және өмірдің кез келген саладағы өзгерістер жарнамалық мәтіндерде сөзсіз көрінеді.

Жарнамалық қызметке қызығушылықтың өсуі, өз кезегінде, зерттеушілердің басты жарнамалық өнімге - жарнамалық мәтінге және тиісінше жарнама тіліне қызығушылығын тудырды. Жарнама тілін зерттеумен Д.Э. Росенталь, Н. Н. Кохтев; А.Н. Баранов айналысты. Прагматикалық және лингвистикалық тұрғыда жарнаманың ерекшелігі (Т.Н. Лившиц), жарнамадағы сөйлеу әсері және манипуляциясы (Ю.К.Пирогов), жарнамалық мәтіннің құрылымы (Л.Г. Фесченко), жарнама мәтінаралық феномен ретінде (М.В. Терских), жарнамалық тілдегі мәнерлі синтаксистік конструкциялар (Ю.Ф. Оковития) ретінде қаралды.

Заманауи жарнама болашақ тұтынушылардың белгілі бір өнімге қатынасын ғана емес, сонымен қатар жарнаманың тіліне, атап айтқанда, тілдік нормаларға тікелей әсер етеді. Жарнамалық мәтіндерде қазіргі заманғы барлық өзгерістер айқын көрінеді.

Жарнама тілі тек қана лингвистикалық, экстралингвистикалық сөйлеу құралдарының жүйесі болып табылмайды, бұған бұқаралық қарым-қатынас ережелері, содан кейін жалпы әдеби ережеге бағынатын, сондай-ақ белгілі бағыттаушысы бар тілдік ортаның әлеуметтік-лингвистикалық, психологиялық-лингвистикалық және лингвомәдени ерекшеліктерін ескере отырып, адресаттың белгілі бір ақпаратын қабылдауды қалыптастыратын тіл құрылымы. Жарнама тілінде әсер етуді арттыру қажет болса, тілдің нормасын бұзуға жол берілуі мүмкін. Жарнамалық тілде өрнек - бұл норма. Жарнама мәтінінде өрнек құруды тудыратын норманың бұзылуы (әдеби, этикалық, заңдық және т.б.) заманауи жарнамалық мәтіндердің

тән ерекшелігі болып табылады. Жарнама тілінде грамматикалық және лексикалық нормалардан ауытқулар жиі кездеседі.

Жарнамалық қызметке қызығушылықтың өсуі, өз кезегінде, зерттеушілердің басты жарнамалық өнімге - жарнамалық мәтінге және жарнама тіліне қызығушылығын тудырды. Жарнама тілін зеттеумен Д.Э. Росенталь, Н. Н. Кохтев; А.Н. Баранов айналысты [1].

Жарнама (франц.reclame, латын тілінен Reclamare - жарқырау) – бір нәрсе туралы ескертуге арналған түрлі шаралар,мысалы кез-келген кәсіпорын және кез келген басқа ұйым ұсынатын тауарлар, шоу-бағдарламалар, қызметтер [2].

Жарнаманың тарихы бірнеше жыл емес, мыңдаған жылдар бойынша есептеледі. Осындай экономикалық санаттың «тауарлар» ретінде пайда болуынан және тауар өндірісін құрудан бастап жарнаманы өнер ретінде дамыту басталды. Сыртқы жарнама жарнаманың көне түрлерінің бірі болып саналады.Оның тарихы жазудың пайда болу және таралу уақытына келеді. Коммерциялық хабарламалар сауда жолдары бойындағы жартастарда жасалды. Ежелгі Мысырдың Мемфис қаласын қазбалау кезінде ең ежелгі сыртқы жарнамалық үлгілердің бірі - « Мен,Рено,Крит аралынан, құдайлардың еркімен түс жоримын » деп жазылған тас ескерткіш табылды.Помпейдегі қазба жұмыстары кезінде бір жарым мыңға жуық қабырғадағы жарнамалық жазбалар табылды. Олардың біреуі: «Жолаушы , осы жерден он екінші мұнараға қарай жүре беріңіз. Онда Сирипус шараптық жетпеле ұстайды.Сонда қараңыз. Кездескенше». Басқа жазбада былай жазылған сіз «жақсы және жақсы салынғын вилланы жалға ала аласыз. Жалға алушы хабарласу керек ... »

Сауда-саттықты дамыта отырып, жарнаманың да тұтынушыға әсер ету жолдары жаңартылды. Ежелгі көшелерде жарнамалық көріністер бейнеленген граффитиді жиі кездестіруге болады . Олардың бірі, мысалы, былай деп хабарлады: «Помпейде 20 жұп гладиаторлар 6,5,4,3 күн бойы шайқасады және сәуір айының басында, сондай-ақ аң аулау барлық ережелерге сәйкес ұсынылатын болады және шатыр тігілетін болады». Көріністер мен ішетін орындарды жарнамалаудан басқа, монша қызметтері де жарнамаланды: «Фаустинаның кірісі үшін ванна қалалық әдет-ғұрыппен жуындырады және барлық қызметтерді ұсынады». Көптеген сыртқы жарнамалардан шаршаған ежелгі римдіктер ежелгі Рим қалаларының көшелерін кезіп жүрді [3]. Ежелгі Помпей қаласы, ол су астында қалған лаваның арқасында, бізге осындай жазбалардың мың жарымынан астамын әкелді. Олардың арасында заманауи құрылымдарға сәйкес жарнамалық мәтіндер бар. Ежелгі мәдениетпен таныс емес қазіргі жарнама теориясы жарнама қызметінің дамуы тек типографияның пайда болуымен ғана басталатынын айтады. Ол XV ғасырдың ортасынан ерте емес. Бұнымен келісу мүмкін емес. Бұған жарнамалық объектілердің көптігі мен функционалдық әртүрлілігі, ежелгі жарнамаға тән техникалар мен құралдардың байлығы дәлел болады. Онда жарнамаланған заттар өмірдің барлық салаларын қамтиды.

Әлемдік үстемдікті анықтау ұзаққа созылды, солтүстіктен варваршылар қауіп төндірді, ал Рим қалаларының қабырғаларындағы ретсіз граффити көшелердің көрінісін бүлдірді. Ежелгі қалада жарнамалық және басқа да бұқаралық ақпарат процестерінің қарқындылығы ең жиі баратын аудандарда арнайы белгіленген жерлерді талап етті. Қалалық билік: «Бұл жерде жазуға тыйым салынады, осы жерде аты-жөні көрсетілген адамға қасірет болады. Мүмкін, ол бақытты емес. Көптеген тыйымдар ештеңеге алып келмеді, нәтижесінде билік жарнама үшін арнайы орындарды құру туралы шешім қабылдады.

Көп адамдар болған жерлерде ағартылған және тор болып сызылған қабырғалардың бөліктері пайда болды, кейін олар "альбумстар" деп аталған. Осы "стендтерде" көмірмен түрлі хабарландырулар жазылған, олардың үстіне жаңалықтар да жазған. "Амблимумсті" плакаттардың ата-бабасы деп санауға болады, кейіннен олардан біз күнде кездестіретін сыртқы жарнама пайда болды. Қарапайым жарнаманың түрлері "біздің заманымызға дейінгі" уақытта қолданылды. Мәселен, осы күнге дейін жеткен жарнаманың бір үлгісі мысырлық папирус саналады. Фараондар заманында бұл құрал құлдарды сату туралы жұртшылыққа хабарландыру үшін қолданылған. Көне заманда гүлденген Ежелгі Грекия мен Рим, ағаш тақтайша, мысқа немесе сүйекке ойып жазылған жарнамалық хабарландырулар пайдаланған, олар алаңдарда және басқа да халық көп жиналатын жерлерде жарияланған. Антикалық мәдениет өркендеуімен жарнамалық қызмет "ыстық" ақпаратқа сүйене отырып, неғұрлым

күрделі пішіндерге ие болды. Енді жарнама – жарнамаланатын нысан белгілі бір бейнесін (имиджін) құруға бағытталған, ауызша, дыбыс, жазбаша және бейнелеу өнері тәсілдерін қамтитын кешен. Әрине, мұндай нысанды жарнаманың мүмкіндіктері көп: әлеуетті клиенттерді тарта отырып, олардың назарын және қызығушылығын оятып, жарнамадан күтілетін іс-әрекетке апарды - сатып алу.

Кітап бастырушылықты ойлап шығыру жарнама дамуының сапалы кезеңі келгенін анықтады.

Ресейде жарнама ісі Х-ХІ ғғ. дами бастайды. Сонда орыс көпестері ұсынатын тауарлар сату үшін әр түрлі тәсілдерді қолдана бастады. Сол уақытта саудамен айналасатын адамдар үшін өз тауарларының қадір-қасиетін әрлендіріп сатып алушыны алдау қалыпты жағдай болғанын мойындамауға болмайды. Шын мәнінде, Ресей баспа жарнамасы Петр І-ші (ХVІІІ ғ. басы) кезінде шығарылған "Ведомостарда" кездеседі. Алайда, баспа жарнамалық хабарландыруларының дамуы ХІХ ғ. тиесілі, тауарлардың баспа жарнамасы кең пайдалана бастаған кезде, сәл кейінірек "Санкт-Петербургские ведомости" Ғылыми академиясының шығарумен итермешілік алған. Уақыт өте келе, "Санкт-Петербургские ведомости" газетіндегі жарнама тақыраптарға бөлініп, одан сайын дифференциалды бола түсті, мысалы: банкротқа ұшырау туралы хабарламалар, несие берушілердің айыппұлды вексельдер арқылы өндіріліп алуы, соның ішінде мемлекет қазынасының мүлігінің ұрланып, соның себебінен пайда болған залалды өтеу үшін ұйымдастырылған жекеменшік қожалықтарды мәжбүрлеп жаппай сатылуы жөнінде жариялап, экономикалық өмірдің даму күйін қамтып, көрсететін болған. Сонымен қатар, газет бетіне төмендегідей жеке ақпараттар шығатын: «Қолданыста болған оқа және шашақтармен көмкерілген тебінгі сатылады, жорық кереуеті де бар, ішінен жылжып шығарылатын кереуеті бар былғарымен қапталған, жолға шыққанда өте ыңғайлы болып келген орындықтар да сатылады. Бұл бұйымдар туралы білгіңіз келсе, атты гвардияға бет алып, Таврикалық бақшаға тиіп тұрған тас үйдегі қойманың дәл үстінде тұрып жатқан тұрғындарға хабарласуға болады».

1861 жылғы басыбайлық құқықтың жойылуы мен капиталистік өарым-қатынастың қрқынды дамуының салдарынан жарнамалық қызмет өз өркендеуінің сапалық жағынан жаңа сатыға көтерілді. Орыс журналистикасы үшін өте маңызды болып келетін жайт: баспасөздегі алдын-ала цензураны жоққа шығарып, жариялылыққа жағдай жасап ынталандырған, бұл – уақытша болып қабылданып, бірақ тез арада енгізілген баспаөз жөніндегі заңдар жинағы. Бізді қызықтыратын тақырып бойынша айта кетсек, бұл 1863 жылыгазет пен журналдарда шығатын коммерциялық хабарландыруларға шектеу қоятын талаптардың заңды күштерінің жойылғандығы.

Жарнамалық мәтіндердің эволюциясы олардың мазмұнының және өзара әрекетінің дифференциациясы, таңбалық құралдардың өзара байыту жолымен жүріп кеткен, ол : дыбыс, сөз, қимыл, сурет, түс, қаріп және т.б. Ресейдегі ақпараттандыру және жарнамалау институттарының тең бөлінуі ХІХ ғасырдың бірінші жартысында өткен. Ресейдегі журналистиканың бүкіл ХІХ ғасыр бойына созылған эволюция, Батыс Еуропада аталған ғасырдың ортасында дамыған күйінің өз мәресіне жетті. Жаңадан қадам басып жатқан ХХ ғасырдың бас кезінде бейнелеу жарнамасының кіші формалары аса таңдаулы болып қалыптасқан: пошта ашықхаттары, талғампаздықпен дайындалған меню және театрлық бағдарламалар, әртүрлі этикеткалар мен қаптау материалдары.

Фотография Ресейде де Батыс Еуропадағы сияқты уақыт өте келе, жарнама құралдарына енген. Оның қолданысқа енуі – өз уақытындағы баспада пайдаға асырылған гравюра мен графикалық сурет сияқты, бұл – бірбеткей, турашыл көрнекі жарнамадан экспрессиялы, эстетикалық жағынан мінсіз жарнамаға дейін әртүрлі қолданылу жолдарын өзі арқылы өткізген.

Қазіргі заманның жарнамалық плакаттың «әкесі» болып саналатын тұлға, бұл - график және сахна әсемдеушісі, 1866 жылы Париж қаласында кішкене ғана литографияның негізін қалаушы - француз Жюль Шере. Қазіргі заман плакатының - қарама-қайшы және ашық түстер арқылы көзге түсу, плакаттағы бейнені бір көргеннен қабылдап алу, ықшамдылығы, көрермен назарын басты фигураға қарату сияқты негізгі принциптерін де осы адам негізге келтірген. Жюль Шере мыңнан астам плакат жасап шығарды, олардың негізгі тақырыбы

кафе-шантан, маскарадтар және көрмелердің жарнамасы. Оның көңілді кейіпкерлері көпшілікке де, кәсіби дизайнерлерге де ұнады. Ол жиі импрессионисттерге ұқсас мәнерде жұмыс істеді. Тулуз-Лотрек сол жылдары париждік жаяужолдарында пайда болған жарнамалық парақтардың арқасында көпшілікке танымал болды. Олардың біріншісі 1889 ж. даудың ортасында жүрген танымал Ла Гулю ("Қанағатсыз") атты бишімен ашылған "Мулен Руж" плакаты көпшілікті таңғалдырды. Өтіп бара жатқандар адамдар жабыстырылып жатқан жерлерде суретшінің қол таңбасын көру үшін шоғырланды. Плакаттарды үйлеріне апару үшін жұлып жүрді [4].

Ғасырлар бойы жарнамалық суретшілері бірнеше рет өзекті көркем стильдерді пайдаланған. Стиль ұғымы дегеніміз "тіл мен композицияның жекелеген шығармаларының, жазушының шығармашылығын, әдеби топтардың немесе бағыт пен мінез-құлқының, өмір салттың мен адамның өзін-өзі таныту тәсілінің, әлеуметтік топтың, әлеуметтік қабаттың немесе тіпті халықтың ерекшелігін және ерекше әдісін баяндау". Жарнама-суретшілердің белгілі бір стильге бейілділігі олардың жұмыстарын халық түсіне алатынын және жетістікке жету мүмкіндігі бар екенін білдірді. Жарнаманың стилі бұл жарнамалық материалдардың сол немесе өзге дәуірінде жасалған, сол немесе өзге адамдарға, сол немесе өзге мақсатпен, сол немесе өзге автордың жалпы ерекшеліктері. Стиль туралы әр текті материалдардың арасында, оларға тән жалпы бейнелерді, композиция принциптерді, сурет техниканы, сызықтарды, түс үйлесімділіктерді нақты бөлген кезде ғана айтуға болады. Жарнаманың стильдік ерекшеліктерін талдау ой шабыт қоғамында, құндылықтар жүйесінде, мақсаттарда басым болған жарнамалық технологиялар мен дәуірлердің әлеуметтік процестерінің байланысын неғұрлым терең зерттеуге мүмкіндік береді. Нақты осы контексте жарнаманы қарастыру қажет [5].

Жарнама бұл өндіруші, дистрибьютор және тұтынушы арасындағы маркетингтік коммуникация құралы, бұл диалог, ол арқылы сатушы тауар сатуға ниетін, ал сатып алушы оны сатып алу қызығушылығын білдіреді. Кең мағынасында жарнама қызметі ұғымына кіреді:

- Оларға жарнамалауға тура келетін тұтынушыларды, тауарды немесе қызметті зерттеу;
- Мақсаттарды қою мағынасында стратегиялық жоспарлау, нарықтың шекараларын анықтау, шығармашылық тәсілдермен және жарнама құралдарын пайдаланумен қамтамасыз ету;
- Хабарландыруларды құру, мәтін жазу, макетті дайындау, көркем безендіру, және оларды өндіру;
- Сол немесе өзге де нақты маркетингтік мақсаттарда жарнаманың қажеттілігін және пайдалану орындылығын зерттеу;
- Жарнамалық өнімдерін өндіру мен жарнамалық іс-шараларды өткізу;
- Жарнаманың әртүрлі арналар бойынша өрлеуін талдау және оны жекеленген тұтынушы топтармен қабылдауын зерттеу;
- Жарнаманың тиімділігін және оған шығындарын бағалау [5].

Қазіргі таңда жарнама біздің өміріміздің ажырамас бөлшегіне айналды. Жарнаманың негізгі міндеттерін төмендегідей топтастыруға болады: беделді, тауар мен фирманың имиджін қалыптастыру кезінде пайда болатын; коммерциялық, оларға сауданы ынталандыру, тиімді серіктестерді іздеу жатады.

Жарнаманың негізгі мақсаттары:

- Информативті – тауар бар екендігі туралы жалпылау, оның негізгі қасиеттерімен, мәліметтерімен, қайда және қай уақытта тауар сатылатыны туралы танысу.
- Психологиялық – өзін-өзі бағалау сезіміне, беделіне, көзқарастарына және тұтынушылардың талғамдарына, олардың ұмтылысына әсер ету.
- Ынталандырушы – ескерту, сатып алуға қозғау, байланыстарды орнату және т.б. [6]

Совет тұтынушының өмірінде жарнаманың болмағандығы туралы факт маңызды рөл атқарды. Қайта құрылыстан кейінгі алғашқы жылдары жарнама дұрыс нәрсе ретінде қабылданған. Бірінші жарнамамен бірге біздің өмірімізде алғашқы бұрын қол жетімсіз және белгісіз болған шетелдік тауарлар пайда болды. Адамадар жарнамаға сенген, оған сенгісі келген. Онжылдықтардан кейін жағдай түбегейлі өзгерді. Кейін жарнама әдемі бола бастады,

онда шытырман пайда бола бастады. Ағылшын жарнамаға стандарт болған нәрсе Ресейде да пайда болды [6].

Ағылшын және Ресей жарнамаларының ортақ ерекшелігі – жарнама бизнестің құрамдас бөлігі [7]. Ресей және Ағылшын жарнамаларына тән ұқсас белгілері: қатысушылардың коммуникативті актінің болуы – хат жолдаушы және хат алушы; объектінің болуы; коммуникативті актінің шарттарының бірдей болуы; ақпараттылығы; таңдау; тілдік қанықтылығы; жоғары экспрессивтілік. Алайда, ресейдің жарнамасы көбінесе батыс, американдық, мәдениетінің ықпалымен қалаптасқанына қарамастан, олардың арасында бірқатар ерекшеліктер бар. Ағылшын жарнамасы толығымен бизнестің құрамдас бөлігі, ал ресей жарнамасы алдымен мәдениеттің, содан кейін бизнестің құрамдас бөлігі болып келеді. Ресей жарнамасында ережелер әлі де орнатылуда, ал американдық жарнамасында орнатылды. Ресей жарнамасы, ағылшын жарнамасының қатаң сегменттелгенінен айырықша, нарықты толығымен қамтуға тырысады [8].

Қалай да болмасын, кез-келген жарнама әлеуетті тұтынушының назарын жарнамалау объектісіне аударуды мақсат болып қояды. Жарнама науқанының тиімділігі белгілі бір дәрежеде жарнамалық ұранның лингвистикалық рәсімдеумен байланысты. Ұранды сәтті пайдаланған кезінде ол жарқын жарнамалық кейпін құруға ықпал етеді және әлеуетті тұтынушыға әсерін арттырады. Жарнамашылар жарқын, адамдар жылдар бойы еске алатын жарнамалық ұрандар шығарады, олардың кейбіреулері мәдениеттің бір бөлігі болып қалыптасады.

1909 жылы АҚШ-та «Лорд энд Томас» атты ең ірі жарнамалық агенттігі болды. Сол агенттік үшін мқтіндерді құрған Клод Хопкинс айтқан - «Мен жарнаманы сауланың көркем нысаны деп есептеймін. Жарнама әдеттегі дәлелдерден күшті болуы тиіс, көрініс шынайы өмірден жарқын болғандай». Хопкинс, Рэймонд Рубикем, Стенли және Хелен Резор сияқты адамдардың арқасында, жұртшылық "М-энд-М" - "қолда емес ауызда ериді", жаңа "Роллс-ройспен" сапар кезінде "жылдамдығы сағатына 100 шақырымда да, электр сағаттары барлығынан күштірек шулайды" дегенді білді [9].

Жарнаманың басты өнімі – жарнамалық мәтін, белгілі бір функциялары бар, ауызша немесе жазбаша түрде іске асырылатын, адресатқа белгілі бір ақпаратты жеткізуге бағытталған, басымды коммерциялық мақсаты бар ерекше мәтін түрі – адресаттың назарын сол немесе өзге тауардың түріне немесе қызметке аудару және жарнамаланатын компания және брендтің, тауарының немесе қызметінің пайдасына таңдау жасауға итермелеу. Жарнамалық мәтін түсінікті, сыйымды, оңай есте қалатын, көңіл қонымды және сенімді болуы қажет.

"Ұран" термині орыс тіліне ағылшын тілінен енген, бастапқыда американдық жарнамашылардың арасында қолданылған. Сөздің өзі, алайда, өте көне, ол "жауынгерлік ұран" деген мағынаны білдіретін гаэль тілінен (slaugh-ghairm) шыққан сөз. Қазіргі заманның мағынасында бірінші рет 1880 жылы қолданылды [10;128].

Ұран тиімді болу үшін:

- Қысқа және есте қаларлық;
- Ешкімге ұқсамайтын;
- Шығармашылық жарнаманың стратегиясына (марканың жайғасына) сәйкес келу;
- Марканың атауы болуы тиіс.

Ұран тек қана есте қаларлық емес, сонымен қатар ол жаңа және мезі болмауы тиіс. Сол кезде ол тұтынушыларды қызықтырады да, назарларын аударады, бәсекелердің арасында өнімді бөліп көрсетеді. Ұранды, тақырып сияқты, жиі оқиды, сондықтан ол кенетті болып, оқырманға әсер етуі қажет. Ең дұрысы, таныс нәрсенің ерекше қырынан көрсету [11;167].

Жарнамалық ұрандардың тілі өзіндік ерекшеліктердің қасында сипатталады. Ұранда ақпаратты және эмоционалды құрамдас бөліктерін анықтауға болады. Ұранда ұсынылған ақпарат тауардың әр түрлі сипаттамаларын қамтуы мүмкін. Бұл жарнамалық объектінің түрі болуы мүмкін: Carlsberg – probably the best beer in the world; тауардың айрықша сапасы: Satellite and GSM combined. At least you maybe truly mobile; өнімнің хабары: Libero – the best friend of your child; пайдаланудың тиімділігі: You can. Cannon.

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Медведева Е.В. Рекламная коммуникация / Е.В. Медведева. - Изд. 3-е. - М.: URSS : Изд-во ЛКИ, 2008. – С. 277
2. Лингвистический энциклопедический словарь. М.: Сов. энциклопедия, 1990. С. 685
3. Грилихес И.В. К вопросу об изучении рекламных текстов // Лингвистика текста и обучение иностранным языкам. Киев: Вища шк., 1978. С. 64-68
4. Амири Л.П. Язык рекламы: лингвистические и психологические особенности// Язык и мышление: психологические и лингвистические аспекты: Материалы 4-й Всероссийской научной конференции (Пенза, 12-15 мая 2004г.)/ Отв. ред. проф. А. В. Пузырев.- М.; Пенза: Институт Языкознания РАН; ПГПУ имени В.Г. Белинского; Администрация г. Пензы, 2004.- С. 111-112
5. Коршунова А.В. Стилистический аспект функционирования рекламного слогана // Вестн. Челябин. гос. пед. ун-та. - Челябинск, 2007. - № 7. - С. 238-247.
6. Гольман И.А. Рекламное планирование. Рекламные технологии. Организация рекламной деятельности. Записки московского рекламиста. М.: Гелла-принт, 1996. С. 320
7. English-Russian Dictionary of Advertising and PR. Saint-Petersburg: Politechnika, 1998. 272p.
8. NTC's Dictionary of Advertising. Illinois, Chicago: NTC Publ. Group, 1993. 222 p.
9. Довыденкова О.А. Сопоставительный анализ русских и английских рекламных слоганов // Научный ежегодник Института иностранных языков. Тамбов, 2008. –Вып. 1. – С. 5962.
10. Шазо А.А. Рекламный слоган как тип текста // Научно-методическое обеспечение преподавания иностранных языков на неязыковых факультетах в свете теории и практики межкультурной коммуникации: Материалы международной научной конференции. – Майкоп, 2007. – С. 128 – 131.
11. Сорокина Е. Русский рекламный слоган в этнокультурном и лингвистическом аспектах // Язык и стиль нашего времени. - М., 2005. - С. 167-183.
12. Амири Л.П. Новые приёмы в российской рекламе как средство осуществления межкультурной коммуникации в современном мире// Межкультурная коммуникация и перевод: Материалы межвузовской научной конференции (Москва, 27 января 2005г.)- М.: МОСУ, 2005.- С. 119-123.

Qazaq jazýyn jetildirýdegi a.baitursynulynyñ róli

MURATBEK BAĞILA QURMANBEKQYZY

Filologia g'ylymdarynyn' kandidaty, docent

Qazaqstan respublikasy, Aqto'be qalasy,

Q.Jubanov atyndaǵy Aqtóbe ónirlik memlekettik ýniversiteti

baglash@mail.ru

Á.Baitursynov – qazaq jazýyn qalyptastyrýǵa sebepker bolǵan birden-bir adam.

Оıǵа алǵан маqsattaryна Совет ókimetiniñ kómegimen ǵана qol jetkizýge bolady degen senimmen Ahmet Baitursynuly da Совет úkimeti jaǵyna shyǵyp, 1920 j. Qazaqstannyñ halyq aǵartý narkomy bolyp taǵaıyndalady. Árine keinnen partııanyñ qatarynan da, basqarý organynan da alastatylady.

1920 jyldan bastap, A.Baitursynuly ǵylymı-pedagogıkalyq jumyspen analysty, qazaq grammatikasyn (“Til qural”) jazdy. Úsh kitaptan turatyn bul eñbeinde qazaq til biliminiñ qazirgi kezde qoldanysta júrgen kóptegen terminderin qazaq tilinde qalyptastyryp úlgerdi.

Bastayysh, baiandayysh, shylay, zat esim, etistik, t.b. terminderdi, ana tili, jabyq majilis, ashyq hat sınaqty nominatsıalangan qoldanystardy dúniege keltirdi. Ádebiet, mádeniet, tarihqá baılanysty jazǵandary, tóte jazýdy pıdalanyp, “Qazaq” gazetın shyǵardıdaǵy eńbegi qazaq halqynıń mádenı ómirindegi baǵa jetpes úles ekeni daýsyz. Onyn shyǵarmashylyq ómiriniń jetilgen kezeńi osy jyldarǵa tap keledi.

A.Baitursynuly arab grafikasyına negizdelgen qazaq alfavitin túrlendirdi. Ol túrlendirgen alfavitti belgili túrkolog E.D. Polıvanov uly jańalyqtardyń qataryna jatqyzdy. N.F.Iakovlev, K.Menges, B.Komrı sınaqty sheteldik ǵalymdar “Baitursynov alfavitiniń” jetilgen alfavit ekenin moıyndady. Orys ǵalymdary alfavittiń qundylyǵyn: “...joǵary bilim almaǵan jáne óziniń pármendi is-áreketiniń aqyryna orys tili mamandarymen baılanys ornata alǵan Baitursynovtyń aldyńgy qatarly ǵylymмен bir deńgeıge jete alǵanyn atap ótpese bolmaıdy”,- dep baǵalady [1; 61].

A.Baitursynuly – aǵartýshy. Aǵartýshylyq qyzmetiniń **úsh qyry** bar: birinshiden, A.Baitursynuly oryssha nemese tatar, noǵai moldalary oqytyp júrgen musulmansha oqytó túrleriniń ishinde qazaq balasy úshin eń kerektesi ana tilinde bilim alý ekenin jáne onyń mindettiligin kórsetip, qazaq tiliniń bolashaqtaǵy damý baǵytyn belgilep berdi.

“Ári ustaz, ári aǵartýshy retinde A.Baitursynulunıń kónilin bólip, qatty alańdatqan ekinshi másele – mekteptiń qurylymy bolsa, úshinshi másele – oqytý júesin jetildirý, oqytýshylardyń pedagogikalyq talaptarǵa saı bolýyna nazar aýdarý”. (Momynova B.)

A.Baitursynuly búl jóninde : “Bu kúnde qazaqsha oqýda kemshilik kóp. Áyeli oqý quraly, kitaptar joq. Noǵaısha oqý quraldary qazaqqa úlespeidi. Ekinshi , qazaq mektebine túzelgen baǵdarlama joq, onsyz oqý bir jónnen shyqpaıdy. Úshinshi, bala oqytý ǵylymnan habardar muǵalimler az”, - dep, oqýǵa aýyrtpalyqtar ákelip, bóget jasap otyrǵan qıyndyqtardan shyǵýdýń joldaryn belgilep , qandaı sharalar oryndaý kerektegin kórsetip beredi.5

”Qazaq uǵymına syrtqy nysany, aıtylyy, ishki mazmuny beumálim atalymdardy halyqtyń ulttyq bitimine tán obrazdy oılay, logikalyq oılay qalybynan ótkizip baryp jazba tilge usynǵan A.Baitursynuly bilim men ǵylymnyń taralıyna múmkindiginше yńǵaıly jol ashty, aǵartýshylyq isti barynsha jedel órkenDETýge úles qosty”. (A.Aldasheva)

A.Baitursynuly álipbi jayında: ***“Álipbi degen tildiń negizgi dybys taryna arnalǵan tańbalardyń jumaqy. Neǵurlym til dybystaryna mol jetse, arnaǵan dybysqa dál kelse, oqýǵa, jazýǵa jeńil bolsa, úiretýge ońai bolsa, zamanyndaǵy óner quraldaryna ornatýǵa qolauy bolsa, soǵurlym álipbi jaqsy bolmaq”***, - deıdi.

Álipbidiń durystyǵyn kórsetetin basty belgilerine:



- 2) *Til dybysyna jetkilikti- jetkiliksizdigi qansha?*
- 2) *Qaisysymen basylǵan ıa jazylǵan sóz ónai oqylady?*
- 3) *Qaisysymen jazý, jazylǵandy oqý jeńil?*
- 4) *Qaisysy baspaǵa qolaily?*
- 5) *Úiretýge (sayat ashýǵa) qaisysy óntaily?*
- 6) *Kórkemdik pen kózge jailylyq*

Arab álippesin jaqtaýshylar A.Baitursynuly, M.Dýlatuly, E.Omarov, A.Baitasuly, I.Ahmetuly, M.Buralqyuly, P.Ǵalymjanuly bolsa, latyndy qoldaýshylardyń qatarynda Á.Bardildáuly, T.Shoqanuly, N.Tórequlov, O.Jandosuly, M. Joldybaev, I.Qaimenuly júrdi.

1929 jyly 24 qańtarda Qazaqstan Ortalyq Keńes komiteti prezidıymy men halyq Komissarlar keńesiniń "Jańa alfavit týraly" qaýlysy shyqty. Bul álipbide 29 árip boldy. Osy jyldardan bastap A.Baitursynulynyń basyna qaýıp tóndi, onyń oqytýshylyq- aǵartýshylyq qyzmeti de toqtady, naǵyz qýǵyndaý bastaldy.

Aqtalǵan soń A.Baitursynuly esimimen Almatydaǵy úlken kósheniń biri ataldy, onyń esimi Ğylym akademiasynyń Til bilimi Institutyna berildi, muralary jnaqtalyp jaryqqa shyǵa bastady, bir sózben aıtqanda Ahmettaný bastaldy.

A.Baitursynuly 1910 jyldardan bastap arab jazýyn qazaq tiline yńǵaılastyryp, jaqyndatýdy qolǵa aldy. Ol : " qazaqsha oqý degende men osy kúngi musulmansha oqyp júrgen jolmen oqytýdy aıtpaimyn, qazaqtyń tilimenen oqýdy aıtamyn" – dedi [2; 46]

1912 jyldan bastap A.Baitursynuly oqýlyqtary, "Qazaq" gazeti (1913-1919 j.) osy álipbimen jazylp, el arasynda tez tarai bastady. Tek álipbi resmı túrde 1924 jyly ǵana qabyldandy.

A.Baitursynulynyń áipbi jasaýdaǵy eńbegi men onyń mańyzyn orys ǵalymdary men túrkitanýshylar jáne árıne qazaq oqyǵan zııalylary joǵary baǵalady. Mysaly, E.D.Polivanov " Novaia kazak-kirgizskaia orfografiia " degen maqalasynda bylai deidi: " Etý poslednýıy formý,

kotorýý priniala kazak-kirgizskaia grafika v 1924 qodý ia vo vsiakom slýchae ýje ne schitaýý je ne nýjdaýsheiv popravleniiah ı predostovliaýshei posledshei nas v istoricheskom formirovaniı natsionalnoi grafiki, kotorym s polnym mogýt gorditsia kirgizskie deateli prosveshenie-sozdateli reform, kak krýpnym kýl'týrnym zavoevaniıam " degen [3; 76]

A.Baitursynov usynǵan álipbıge pikir aıtqan ǵalymdar:

| | |
|-------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| T.Shonanov: | "Bolashaq urpaqty moldalardyń dúmshe dym bilmestigine, missionerlerdiń jańashyldyǵynan qutqarý úshin Ahań jalǵyz kúresti. Ol qazaq tilinde qoldanylmaıtyn múldem qajetsiz 12 arab árpin álippen alyp tastady. Bul jazý emlesindegi kóptegen qı'yns'ylyqtardy joidy. Sondyqtan da Ahmettiń jańa alfaviti men jańa álippesi bizdiń mádeni órkendeýimizge zor pайдасыn tıgizetin qubylys edi. Jańa alfavit álemdi mádenietpen aralasa túsý jolyn jeńildete tústi". |
| M.Dýlatov: | " Arab áripterińiń ózgerip otyrǵany ras. Biraq qalai ozgerilgen ángime sonda boly kerek qoi. Arab áripterińiń14 ǵana buryńǵyssha bola, ózge oıdan shyqqandary jurta jat bolý kerek qoi. Oıdan shyǵarylǵan áripterdı jurta úretip, oqytyp jatý kerek edi ǵoi. Bul emleni tosyraqap túsınbeimiz, oqı almadyq degen eshkimdi estigenimiz joq. "Qazaq emlesin" musulman medreselerinde, orys shkoldaryndaǵy shákirtter, ýchıtelder, muǵalimder jabyla qabyl etkendigi byltyrǵy "Qazaq" nómirleriniń kóbinen kórinedi. Bul eki jyldyq qana qyzmet, inshalla munan keiin artpasa kemimes degen úmit zor". |
| Q.Jubanov: | "... Bul júte qazaq tiliniń ereksheligine ábden laıyqty, qazirgi alǵan jańa álipbimizge de óte qolaily, óitkeni arab jazýyn tańbalaý tabıǵatyna munyń esh qatysy joq jáne dál sondaı-aq alfavit bitkenge birdei úlesimdi". |

N.F.Iakovlevtiń álipbı jasaýdaǵy matematikalyq formýlasyna negiz bolǵan basty printspter tikelei A.Baitursynovtyń ǵylymı eńbegimen bailanysty ekenin, A.Baitursynulynyń 1912 jyly qazaq tilinde jarnalaǵan eńbekteri men N.F.Iakovlevtiń 1926 jyly jazylp, 1928 jyly jarnalanǵan maqalasynda uqsaityn pikirler, ǵylymı tuıjrymdardyń kezdesetinin bylai qatar sóilete otyryp dálelderdi:

| | |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| A.Baitursynuly: | N.F.Iakovlev: |
| "...daýysty dybystar jýan aitylsa olardyń qataryndaǵy daýyssyz dybystar da jýan aitylmaqshy, daýysty dybystar jıńishke aitylsa daýyssyz dybystar da jıńishke aitylmaqshy". | " tverdost glasnyh v etih primerah vseгда doprovajdaetsia tverdostıy privedennyih soglasnyih ı miagkost glasnyih zvykov – miagkostıy soglasnyih |
| "... sóz eki túrli bir túri - jýan, ekinshi túri - jıńishke. Jýan sózdiń ishindegi dybystardyń bári jýan bolady, jıńishke sózdiń ishindegi dybystardyń bári jıńishke bolady. Jalǵyz túrli aıtylatyn dybystar eki túrli sózdiń bir aq túrine kiredi". | "... kak glasnyie, tak ı parno razlichaemye po priznaký tverdosti, mjagkosti soglasnye zvykı v granitsah odnogo ı togo je slova mogýt byt v razıke etogo tıpa ili tolko tverdymı, ili tolko miagkimı, ı naoborot". |

A.Baitursynulynyń álipbıiniń quramy men emlesi.

A.Baitursynulynyń álipbінде 24 árip, 1 dáıekshe boldy. Al dybys sany - 43. **Grafemanyń 5-i** daýysty: a,o,u,y,e .

17 daýyssyz: b,p,t,j,sh,d,r,z,s,ǵ,q, k, g,ń,l,m,n.

2-i jarty daýysty: ý,i.

Al fonemanyń:

9 daýysty: a,á,o,ó,ú, u,y,i,e; 34 daýyssyz.

Sóitip, galym til dybystaryn bir jarym ese az árip tańbaǵa sydyryp, óz kezeńinde eń únemdi álipbı túrin jasady. Álipbı teoryasynda árip sany fonema sanynan az álipbı jetilgen jazý sıpatyn kórsetedi degen qaǵı'dany qalyptastyrǵan **A.Baitursynulynyń tóte jazýy** dep ataýǵa bolady.

A.Baitursynuly alǵash ret qazaq jazýyndaǵy árip-dybys qatynasy, "y", "u", "ú", "y" fonemalarynyń orfografiıalyq erekshelikterin, qazaq orforografiıasynyn' negizgi printsıpterin aıqyndady.

Degenmen, alǵashqy álippeniń olqylyqtaryn da bilgen jón. Olar mynalar:

1) "y" tańbasy "ı" tańbasymen beınelendi;

2)"u" dybysy men "ý" dybysy bir ǵana tańbamen "u" men beınelendi: oqu quraly, tuuady (týady) t.s.s;

3) basy artyq "a" tańbasy qystyrylyp júrdi: áúlken (u'lken),áúchún (úshin);

4) y,i, dybystary jazylmai qalyp otyrды: jatr (jatyр), br(bir), jrtyq (jyrtyq);

5) qazaq álippesinen shyǵaryp tastalǵan arab áripteri shet tilden (arab, parsy) aýysqan sózderde áli qoldanýdan shyqpady [4; 35].

A.Baitursynuly reformalaglǵan qazaq álipbiniń erejeleri men printsıpteri. Bul másele alǵash 1924 jyly 12-18 maýsımynda Orynbor qalasynda ótken "Qazaq bilimpazdarınyń tuńǵysh sezinde" koterildi. Sezge A.Baitursynuly, Á.Bókeıhanuly, E.Omarov, M.Dy'latuly, H.Dosmag'ambetuly, N.Tórequlov, T.Shonanuly qatysty. Onda qazaq orfografiıasynıyń negizgi printsıpi dybys júesinshe dep anyqtaldy. Buǵan saıkes emes, qat-qaby, dop-doby sózderindegi "b-p" dybysynıyń asyly "p" emes, "b" fonemasy, jelp-jelpi, serp-serpi degendeги dybystıyń asyly "p" fonemasy, biraq qazaq emlesi dybys júesinshe b-p, q-g' ózgerisin tańbalaidy delindi.

Emlege qatysty baıandama jasaǵan E.Omarov qarý, kelý sózderi qarúy, kelúy emes, qaryý, keliý, qaryýy, keliýi dep jazylatynyn olardıń qa-ryý, ke-li-yı bolyp býyndalatynynan izdeý kerek dedi. Avtor "qazaq tili túrik tilderinen jigi ashylyp, **u** dybysy **y** - men aıtylatyn bolǵan. Bul qazaq tilinde óz erkimen bolǵan ózgeris" dedi [5; 27]

Sezde mynadai máseleler sóz bolyp, sheshimin tapqan:

- qysań ezylikter barlyq pozitsııada jazylsyn;

- **q-k, ǵ-g** fonemalary arıay tańbaların belgilensin, óitkeni " arqai'sysy aýyzdyń ar jerinen sgyǵatyn dybys" (A.Baitursynuly); "qanıkei', qatkende, biraq syqyldy úndestik zańyna kelmeitin sózderdi bólip dáıekshemen jazý qıyn" (E.Omarov);

- **h,f,sh** áripteri álipbiden shyǵarymyn, **sh** ornyna ózge túrki tilderinen alshaqtamas úshin **ch** alárpi qoldanamyn (E.Omarov) degen usynys bolǵanmen "**sh**" fonemasy **sh** árpimen berildi;

- **á** árpi sóz aiaǵynda aitylmaıtynyn bildirý úshin jıńishke túbirge paz, ýar kirme jurnaqtary jalǵanǵanda defispen jazylsyn (E.Omarov) degen pikir bolǵanmen, sóz defissiz dárekshemen jazylp, sóz aiaǵyndaǵy **a [á]** bolyp oqylmaıdy delindi;

- jalǵay men shyłaýdy aıyrýda ekpin qyzmeti pıdalanyldy;

- qaryz, muryń sózderiniń túbir tulǵasynda da, táyeldeýli tulǵasynda da **y, i** áripteri tańbalansyn;

- **ý,ı** - dybystary úlken pikir-talastan, jeke komıssııa músheleriniń qarayynan keıin daýyssyz dybys dep tabyldy.

Sóitip, arab grafikasyına negizdelgen **qazaq jazýynyń emle erejeleri 1924 jyly Orynbor sezinde qabyldandy.**

A.Baitursynovtyń til bilimindegi alatyn ornyn belgili ǵalym **N.Ýali'** bir sózben bylaı dep túıgen edi: " Jalpy til bilimde tuńǵysh fonolog dep ádette álipbilı túzýshilerdi ataıdy. Olaı bolsa qazaq til bilimindegi alǵash fonolog - A.Baitursynuly".

Emle printsipi. Eń birinshi, A.Baitursynuly jazýdyń negizi ekeý, al júesi tórteý dep kórsetken. Bul jalpy jazý teoriıasyndaǵy jazý tipi men jazý túrlerine saıkes keledi. Mysaly, L.V.Zınder jazýdyń tegi semasiografiıalyq nemese ideografiıalyq jáne fonografiıalyq bolyp bólinedi deıdi:

Al tańba júeli emle,

tarih júeli emle,

týys júeli emle,

dybys júeli emle dep orfografiıasyndaǵy tarihı printsıp, etimologıalyq printsıp, morfologıalyq, fonetikalyq printsıptardi ataǵany [5; 42]

Qazaq jazýynyń alǵashqy kezeńi emle printsipin aıqyndap alý qıyndylyǵymen ólshendi desek, bul sheshýshi mindetti ǵalym "týys júeli emleniń de, dybys júeli emleniń de túkpirine qınalmai ótetin, ekeýiniń arasyнан jol taýyp beretin" tómenдеgi usynystar arqyly sheshken:

- 1) Árbir óz aldyna túbiri bar sóz ońasha aitylǵandaǵy estilýinshe jazylý;
- 2) Azǵan sóz azǵan kúindegi estilýinshe jazylý;
- 3) Úilestikpen dúdáma'l estiletin bolǵan dybystar aıqyn oryndardaǵy estilýinshe jazylý;
- 4) Qosymshalar qosylatyn sózdermen birge jazylý;
- 5) Qosalqy sóz, qos sóz, qosar sóz, qosyldy sóz - bári de qosarlyq belgimen jazylý;
- 6) Jalǵaylyqtar bólek jazylý oryndaryнан basqa jaǵy jalǵay erejesinshe bolady;
- 7) Úiir aitylatyn syn esim men zat esim bólek jazylý;
- 8) Kosemshe, komekshi etistikter bólek jazylý "

... A.Bartursynov múldem jańa grafika jasaý máselesin kótergen joq. Ol arab grafikasyn qazaq tili dybys júesiniń statıkalyq jáne dinamikalyq erekshelikterine saıkes reformalandyrý máselesin kóterdi. Iaǵnı, qazaq jazýynyń grafikalyq bazasy baiag'y - arabsha, biraq buǵan jańa kózqaras endirý arqyly árip pen dybystyń qarym-qatynasy singarmo-fonemagrafiıa uǵymyna negizdelip, qazaq álipbii men orfografiıasy qazaq sósesim protsesiniń barlyq qasıetterine beıimdeledi. Alfavitke qosymsha tańbalar endiriledi. Olardyń qazaq kózimen qabyldanýy dástúrli (arabsha) bolýy kerek. Qazaq alfaviti men qazaq orfografiıasyn jasaǵanda osyndaı sharttardy medeý tutý mindettiliginiń sebebi - arab jazýynyń qazaq dalasyna dinmen birge kelgendiginde. Jazý jáne din halyqtyń sana seziminde bólshektenbeitin bir bútin uǵym, sondyqtan qazaq eline búginde basqa grafikany nemese basqa grafikanyń elementterin endirý múmkin emes. Sol sebepten eń obektivti, eń utymdy sheshim - arab grafikasyn qazaq dybys qorynyń qasıetterine beıimdep, qazaq alfaviti men qazaq orfografiıasyn jasaý.

Paidalang'an a'debietter:

1. XX g'asyrdag'y qazaq a'debi tili. - Astana.Elorda,2000
2. Momynov.B. Qazaq a'debi tilinin' tarixy. – Almaty: Qazaq y'niversiteti, 2010
3. O'mira'live Q. XY-XIX g'asyrlardag'y qazaq poeziasynyn' janry men stili. – Almaty, G'ylym, 1983
4. . O'mira'live Q. XY-XIX g'asyrlardag'y qazaq poeziasynyn' tili. - Almaty, G'ylym, 1976
5. Jumaliev Q. Qazaq a'debi tarixynyn' ma'seleleri ja'ne Abai poeziasynyn' tili. Almaty. 1960 ja'ne 2010 jyly qaita `qazaq til biliminin' antologiasy` seriasymen arnaiy basyldy.

МАЗМҰНЫ

| | | |
|------------------------|----------------------------------------------------------------|----|
| <i>Әзи Е.А.</i> | Абзал аға | 3 |
| <i>Исакова С.С.</i> | Жаны жайсаң, мінезі көркем ғалым | 5 |
| <i>Садирова К. Қ.</i> | Н.А.Садуақастың зерттеушілік және ағартушылық қызметі | 8 |
| <i>Балтабаева Ж.Қ.</i> | К. Қондыбаева еңбектеріндегі ықшамдалу заңдылығының мәселелері | 12 |

I БАҒЫТ

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ – ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

| | | |
|-------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <i>Наренова А.Б.</i> | Критериалды бағалаудағы дескрипторлар | 16 |
| <i>Алдашева Г.Х.</i> | Мазмұнды жаңару аясындағы педагогтің ролі | 20 |
| <i>Сарқұлова С.Қ.</i> | Жоғары оқу орындарындағы бағалаудың тәсілдері | 23 |
| <i>Албытова Н.П., Шолпанқұлова Г.К., Сламқұлова Т.С.,</i> | Жоғары оқу орындарындағы білім беру мазмұнының интегративтік сипаты | 27 |
| <i>Адильшинова З.У., Амантай А.А.</i> | Роль обновленной образовательной программы в подготовке будущих специалистов в высших учебных заведения | 32 |
| <i>Қыдыршаев А., Нәзік Фазез</i> | Білім беру жүйесінде ұлттық шешендік дәстүрге баулу – рухани құндылықтар негізі | 34 |
| <i>Хасанов Ғ.Қ.</i> | Әдістемедегі блум таксономиясы моделі | 40 |
| <i>Сисенбердиева А.Ж.</i> | ЖОО-да жеке іс әрекетті зеттеу (ACTION RESEARCH) жолдары | 45 |
| <i>Қондыбай К.Ә.</i> | Жаңартылған білім беру бағдарламасының білім берудегі орны | 47 |
| <i>Күштаева М.Т.</i> | Студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі | 51 |
| <i>Отарбекова Ж.К.</i> | Қазақ тілі пәніне арналған электрондық тапсырмалар дайындау жайында | 54 |
| <i>Әкімгереева А.Ә.</i> | Бастауыш сынып оқушыларының танымдық | 59 |

| | | |
|-----------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| | қызығушылығын жаңартылған білім беру негізінде дамыту | |
| <i>Коянбаева А.Ж.</i> | Жаңартылған білім беру – білім берудің жаңа мазмұны | 61 |
| <i>Масабаева А.Б.</i> | Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» | 66 |
| <i>Меделбаева Н.К.</i> | Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы басымдықтар | 70 |
| <i>Өмірзақ Г.Ж.</i> | Жаңартылған білім – нәтижеге жетудегі қадам | 72 |
| <i>Кушкимбаева А.С.</i> | Бірлескен топтық жұмыстардың студенттердің өз бетінше білім алудағы маңызы | 75 |
| <i>Сабирова Ж.С., Ельжанова А.М.</i> | Обновленное содержание образования глазами молодых специалистов | 78 |
| <i>Шырдабаева Л.Е.</i> | Жаңартылған білім беру жағдайында тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі | 83 |
| <i>Жұбаева Қ. Е , Картмагамбетова Б.К</i> | Жаңартылған білім мазмұны арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру | 85 |
| <i>Кунирбаева Б.У, Әбілдаева Ә.Ж.</i> | Жаңартылған білім мазмұны оқыту ерекшелігі | 88 |
| <i>Садирова К. Қ.</i> | Жаңартылған білім бағдарламасымен білім алушыларды бағалау мәселелері | 92 |
| <i>Куспанова Г.Д.</i> | Жаңартылған білім беру мазмұнының өзіндік ерекшеліктері мен маңызы | 95 |
| <i>Маденова Л.М., Насипова М.М.</i> | Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша SMART оқытудың тиімділігі | 97 |
| <i>Әбдірова Ш.Г.</i> | Жаңартылған білім мазмұнымен дайындалған оқулықтардағы ұлттық кодтың қамтылуы | 101 |
| <i>Мұхамади Қ.</i> | Адам капиталын қалыптастырудағы жоо оқытушысының кәсіби құзыреттілігі | 103 |

II БАҒЫТ
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ
ӘДІСТЕМЕСІ

| | | |
|-------------------------|------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Берікболова А.Ж.</i> | Қазақ тілін қысқа мерзімде оқытудың дидактикалық негіздері | 107 |
| <i>Әбдіғалиева А.Қ.</i> | Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны | 109 |

| | | |
|-----------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Әбдіқалық А.Ә., Аймағамбетова А.Ж.</i> | Жаңартылған білім беру жағдайында тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі | 111 |
| <i>Бекниязова Д.Д.</i> | Жаңартылған білім негізінде қазақ тілі сабақтарында оқушыларды шығармашылыққа баулу | 115 |
| <i>Алашбаева Г.С., Адилканова Г.Б.</i> | «Кәсіптік қазақ тілі» пәнін қашықтықтан оқытудың әдістемесі | 117 |
| <i>Оразахынова Н.А.</i> | «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының заманауи білім берудегі рөлі | 120 |
| <i>Жолшаева М.С. Ақбанбай А.Б.</i> | Жазылым дағдысын танытатын тапсырмалар түрлері | 124 |
| <i>Макешова Ж.</i> | Жаңартылған тәрбие білім беру жағдайында Б.Момышұлы шығармаларын оқытудың тәрбиелік мәні | 130 |
| <i>Сабыр М.Б.</i> | Жоғары оқу орнында «қыпшақтану» ғылыми курсының оқытудың өзекті мәселелері | 133 |
| <i>Мұсаев А.</i> | Т. Нұрмағамбетов әңгімелерінің кейіпкерлері бүгінгі заман контекстінде | 136 |
| <i>Есенова Г.С.</i> | Жаңартылған білім беру бағдарламасында тілді меңгеруде жаттығу жұмыстарын жүргізу әдістемесі | 141 |
| <i>Алдашев Н.М., Айтбаева Г.М.</i> | Көркем шығармаларды адам есімдерінің мағынасы | 145 |
| <i>Тәшімбаева С.Ж.</i> | Әдеби сын жанрының зерттелуі | 148 |
| <i>Жазықова М. Қ.</i> | Қ. Жұбановтың «Қазақ грамматикасы» оқулығының қазіргі оқытудың жаңғыру жағдайындағы маңызы | 155 |
| <i>Амангазиева М.К. Таңсықбай А.</i> | Лексикографиялық құралдардағы «жұлдыз» атауының берілу жолдары | 160 |
| <i>Сұлтанғалиева Ж.С.</i> | Жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану | 165 |
| <i>Қаңтарбай С.Е.</i> | Қысқа мерзімді сабақ жоспарының ерекшеліктері | 169 |
| <i>Турезак К.С.</i> | Қазақ әдебиеті сабағында жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану | 172 |
| <i>Койшигарина Ж.</i> | Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа бағыттары | 175 |
| <i>Жаметова Ж.А.</i> | Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарындағы тиімді әдіс- | 177 |

| | | |
|-----------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| | тәсілдер жүйесі | |
| <i>Тәжіғалиева С.О.</i> | Ш.Мұртаза романдарындағы тарихи шынды | 181 |
| <i>Алдашев Н.М., Жақасова Г.Т.</i> | Әбіш Кекілбаевтың шығармаларындағы рухани құндылық негіздері («Дүние ғапыл» кітабы хақында) | 187 |
| <i>Арызгулова Б.К., Ормаханова Л.К.</i> | Жаңартылған білім беру негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру | 186 |
| <i>Жұмағалиева Р.Р.</i> | С.Торайғыров шығармашылығын жаңа әдіс-тәсілдермен оқыту мәселелері | 194 |
| <i>Абдіқалықова С.С., Мұғаддем Г.М.</i> | Жаңартылған білімнің маңыздылығы | 197 |
| <i>Курбангазиева Р.</i> | Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы фразеологизмдер мен қос сөздердің қолданыс ерекшеліктері | 200 |
| <i>Мүтиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө.</i> | Сатыбалды Даумов шығармаларының тарихилығы және көркемдік шешім («Жалын ғұмыр» поэмасы мысалында) | 204 |
| <i>Тілеуова А.З., Тәңірбергенова Г.К.</i> | Қазақ әдебиетін оқытуда ұлттық-танымдық тапсырмалар жүйесінің маңыздылығы | 211 |
| <i>Ниязғалиева А.Ә.</i> | «Диалектілік сипаттағы кәсіби сөздер» тақырыбын меңгерудің жаңартылған білім мазмұнына сай әдіс-тәсілдері | 214 |
| <i>Тәңірбергенова Г.К.</i> | Қазақ әдебиетін оқытуда интербелсенді әдістердің тиімді тұстары | 219 |
| <i>Аманғалиева Ж.Ф.</i> | Жаңартылған білім бағдарламасы:қазақ тіл мен әдебиетін оқыту мәселелерінде лирикалық шығармаларды талдаудың тиімді жолдары | 222 |
| <i>Муканова Г.Н.</i> | Жаңартылған білім бағдарламасы: қазақ тіл мен әдебиетін оқыту мәселелерінде Lesson Study арқылы оқушылардың қабілетін ашу жолдары | 226 |
| <i>Халина У.Ж.</i> | Жаңартылған білім бағдарламасы: қазақ тіл мен әдебиетін оқыту мәселелерінде білім мен білікті жаңғыртатын жаңа бағдарлама және критериялды бағалау | 229 |
| <i>Нагимова Б.Ж.</i> | Жаңартылған білім бағдарламасы: қазақ тіл мен әдебиетін оқыту мәселелерінде диалогтік оқытудың тиімділігі | 232 |

| | | |
|----------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Орынбасарова Г.М.</i> | Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқыту – ұлттық құндылықтарды ұлықтаудың тиімді жолы | 236 |
| <i>Қонысбайқызы Л.</i> | Жаңартылған білім беру жағдайында тіл мен әдебиетті оқытудағы тиімді әдіс – тәсілдер | 242 |
| <i>Кульжанова Шарапат Мухамбет-Рашидовна</i> | Жаңартылған мазмұн аясында қазақ тілін оқытуды ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану | 249 |
| <i>Кенжебекова Н.Ә.</i> | Жаңартылған білім беру жағдайында бастауыш мектепте тілдік құзіреттілігін дамыту | 251 |
| <i>Камиева Г.К., Абдирасилова А.Қ.</i> | Сыныптан тыс жұмысқа қойылатын педагогикалық талап | 255 |
| <i>Сәдірова Ә.С.</i> | Құрмалас сөйлемді оқыту мәселесі жөніндегі алғашқы әдіскер-ғалымдардың тұжырымдары | 259 |
| <i>Аманжолова Ж.А.</i> | Жаңартылған білім – оқыту сапасын жетілдіру кепілі | 263 |
| <i>Әжімкі А.С.</i> | Жаңартылған тиімді тапсырма – оқу сапасының кілті | 267 |
| <i>Садуақас Н.А.</i> | Қазақ тілі фонологиясының мәселелері | 271 |
| <i>Карагулова Б.С.</i> | Оқытудың тиімді әдістері | 276 |

III БАҒЫТ

ЖАҢАРТЫЛҒАН ЛАТЫН ӘЛІПБИІ НЕГІЗІНДЕГІ ЖАҢА ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

| | | |
|-------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Жексенғалиев Б.</i> | Жаңа қазақ әліпбиі мен емлесінің өзекті мәселелері | 279 |
| <i>Muratbek B.Q.</i> | Qazaq jazýyn jetildirudegi A.Baitursynulynyń róli | 283 |
| <i>Алдашев Н.М., Бурибаева Г.Қ.</i> | Қазіргі қазақ тіліндегі кірме сөздердің ғылыми-танымдық негіздері | 288 |
| <i>Айтбенбетова А.Қ</i> | Латын әліпбиін оқыту: қолданысқа түсу тарихы | 291 |
| <i>Байжанова Р.Н., Кобдабаева Б.Ж.</i> | Латын әліпбиі – жарқын болашақтың бастауы | 293 |
| <i>Ербатыр Б.Ө., Сабитбекова М.М., Утарғалиева Ш.Ш., Молдашева Л.Ж.</i> | Рухани жаңғырудың жарқын жолы – латын әліпбиіне көшу | 296 |
| <i>Зиноллаева А.Қ.</i> | Латын – тіліміздің өркендеу дәуіріне апарар бастау | 299 |

| | | |
|------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| <i>Шарипова Б.К.</i> | Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытудың жолдары | 303 |
| <i>Абдирасилова А.Қ., Камиева Г.К.</i> | Ұлттық тіл және латын графикасына көшу мәселесі | 305 |
| <i>Мұхтаров С.С.</i> | Сөз қысқартудың сөзжасамға қатысы туралы | 309 |
| <i>Турыстыева А.Д., Маратұлы Ш. Имангазина А.А</i> | «Қаһар» романындағы топонимикалық атаулардың жасалу жолдары Н.А.Садуақас және қазақ әліпбиі мәселелері | 311 313 |

IV БАҒЫТ

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ АЯСЫНДА КӨП ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

| | | |
|--------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Джанабергенова Ж.</i> | Деректі фильмдерді аударудың стильдік ерекшеліктері | 315 |
| <i>Жетписбаева О.Б.</i> | Практикалық сабақтарда қолданылатын мәтіндердің ерекшеліктері | 319 |
| <i>Ибраева Г.У.</i> | Көптілді білім беру – жаңартылған білім талабы | 322 |
| <i>Альмуратова К.К.</i> | Химия пәнін тілмен кіріктіріп оқыту | 326 |
| <i>Игдирова О. Б.</i> | Шеттілдік білім беруде түпнұсқалы мәтіндердің артықшылығы | 328 |
| <i>Бектұрғанова У.А.</i> | Латын графикасы көптілдік мәселесіне жол ашады | 332 |
| <i>Төрешова С.Т.</i> | Шетел тілдерін жеделдете оқыту барысында тілдік портфельді қолданудың ерекшелігі | 336 |
| <i>Сисенбаева Р.Ж</i> | Қ.Мырзалиев поэзиясындағы орыс тілінен енген сөздердің қолданысы | 339 |
| <i>Жаксыгулова А.К.</i> | Жаңартылған білім беру жағдайында өзге тілді оқушыларға қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың тиімді әдістері | 342 |
| <i>Сарманова У.Д.</i> | Мәдениетаралық коммуникативтік қатысым құзыреттілігін қалыптастыруда рөлдік ойындар сипаттамасы, ерекшеліктері | 350 |
| <i>Садулова Ж.К., Құрманова Б.Ж Сулейменова З.Е.</i> | Үштілділіктің қажеттілігі | 353 |
| <i>Қыдыршаев А.С. Фазез Н.Н.</i> | Инновации в образовательном процессе | 354 |
| <i>Утельбаева Г.У.</i> | «Шешен сөйлеймін десең ... » тақырыбындағы шеберлік сабағының фрагменттері | 358 |
| <i>Утельбаева Г.У.</i> | Роль полиязычного образования в казахстане | 361 |

| | | |
|-----------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Садретдинова Т.А.</i> | Национальная специфика речевого общения билингва в условиях полиязычного образования | 364 |
| <i>Тұрмағамбетова Г.Н.</i> | Шетел мәдениеті-шет тілінің бір бөлігі | 368 |
| <i>Умирзакова С.Е.</i> | Инновационные педагогические технологии в обучении | 370 |
| <i>Албытова Н.П.</i> | ЖОО-да білім мазмұнын жетілдіру | 372 |
| <i>Амирова А.А.</i> | Жарнама тілі және оның заманауи әлемдегі мағынасы | 376 |
| <i>Muratbek B.Q.</i> | Qazaq jazýyn jetildirýdegi a.baitursynulynyń róli | 381 |

**«ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫ:
ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ»**

*республикалық ғылыми-әдістемелік
конференция материалдары*

19 сәуір, 2019 жыл

Тапсырыс № 1154

Көлемі 20,4 баспа табақ. Таралымы 100 дана

Қ. Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің
«Жұбанов университеті» баспа бөлімі
(Ақтөбе қ., Ә.Молдағұлова даңғылы, 34)